
ҚАЗАҚ
МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
АЛМАТЫ · 1959

沙比特·木卡諾夫

巨人的步伐



М84


Сәбит Мұқанов

Алыптың адымдары


5474

012





СӘБИТ МҰҚАНОВ.



Бірінші тарау

ҚЫТАЙҒА САЯХАТ

I. ҚЫТАЙҒА ҚҰМАРТУ СЕБЕБІМ

1956 жыл. Майдың 14-і...

Алматының көшелеріне қатарлана қалың өскен сәулет орманының биік емендері, төртінші этажда тұратын менің жұмыс бөлмемнің терезесінен бойын асыра қарайды да, төңіректері емшектене біткен жалпақ жапырақтарының алақандарын тарбайта жайып, «тағы да қандай шығарма жазып жатырсың?» деген сұрау бергендей болады.

Мен жаңа ғана, күн сайын көшелерде жүріп қайтатын сөскелік серуенімнен оралып, жеңілдеу тамақтан аздап жүрек жалғағаннан кейін, жазу столының қасына отырдым да, тереземе төнген еменнің жасыл бұйра жапырағына ара-тұра қызыға қарап қойып, жазып жүрген еңбегімнің жалғасына кірісе бастадым...

Бұл — мен үшін аса шабытты шақ. Олай дейтінім, «қырда өскен құланмын, мезгілсіз жусап өрермін» деп бір жырда айтқандай, өмірдің «елу» аталатын жотасына шыққанға дейін қызмет және жазу жұмыстарында «мезгілсіз өретін» және оны елемейтін адамның біреуі болу-

шы едім. Енді өмір өрінің арғы еңісіне бет алғаннан бастап қызметке де, жазуға да уақыт талғайтын, күй талғайтын болдым. Бұрын ұйқы қанып, тамақ тойса, басқа бөгеттің біреуін де елемей жорта беретін ақыл-ойым, енді тыныс іздеп, күніне бір мезгіл ғана жақын жерге шоқытып түсуге айналды. Мен үшін мұндай шақ — таңертеңгі серуен тынысынан кейінгі төрт-бес сағат, одан арғы күнделік қызмет,— газет-журналдарды, кітаптарды қарау ғана.

«Ай-айдың аты басқа» деп қазақ айтқандай, бойында өркендеу қуаты бар табиғаттың бәрін де қоздыратын, қозған табиғаттың бар көркі бетіне шығатын май айы мен өзге айлар бір емес, әрине, жазушыны «сезім адамы» десек, теңдесі жоқ сәнімен, оның да сезім толқынын түптүгел сыртына шығарып, бар көркімен шешек аттыратын да осы май!

Май айы, оның әсіресе, бүгінгі таңы, мен үшін де солай болды. Өткен түні төпей жауып, ашық терезелі бөлмеде тоңазыта ұйқытатқан жаңбыр, таңертең кешірек оянсам басылып, бұлтынан арылған аспан майдаланған көк кәукер тастай мөп-мөлдір бола ғапты; жас жапырақтар да кешегі құрғақ күннің шаңынан тазарғандай, жасыл жақұттай жарқырай ғапты; тез жуынып, тез киініп... дегендей, жылдам тысқа шықсам, «Шаңданбайды жолдағы, сыбдырламас жапырақ» деп Абай ағам айтқандай, түндегі дауыл тұншыға тынып, шаңсыз дымқос көшелер де, оларды бойлай өскен түрлі түсті гүлдер мен түрлі тұқымды ағаштар да, ашыққа жарқырай шыққан күннің жылы сәулесіне елтігендей, момақансып мұлги қалыпты; денесін түгел жапқан қысқы қар көктем бастала төбесіне қарай өрлей түскен, кейінгі күндері ол қар ақжағалданып қырқасында ғана қалған Алатау, аспаннан арылған бұлт қоюлана басына шөккеннен кейін тіпті биіктеп, сүйір шыңдары қоңырқай бұйра бұлтты жырта, аспанның әлдеқайдағы асуына асқақтап кетіпті; түндегі нөсердің тау жотасындағы қалың қарды ерітуінен болу керек,— көшелердегі арықтарды бойлай ағатын бұлақтар да бүгін ерекше екпінмен саулап, бұрқана тасқындап жатыр; майдың мына көркін мадақтағандай, әр ағаштың қалың жапырағына сүңгі сайраған бұлбұлдардың тәтті үндері құлақ құршын қытықтай қандырады...

Қоңыр-жай таза ауада жанды жадырата дем алып,

майдың тамаша көркіне көзді тойдырғаннан кейін, бойға жиналған бүгінгі күш-қуатты да атқарып жатқан еңбектің қажетіне жұмсау үшін, жоғарыда айтқандай, жұмыс столының қасына қондым...

Шығармалық еңбектің қызуына құныққан шақта, өзге дыбыс я сыбдыр былай тұрсын, ең тәтті үн,— бұлбұлдың сайрауы да бөгет. Қалам мен қағаз алып қызметіме кірісе бастаған маған бөгет жасағысы келгендей, таңдайынан бал тамған бір бұлбұл, терезе алдындағы еменнің жапырағына жасырына қонып алды да, махаббат күйі сияқты нәзік бірдемені шерте жөнелді. Бұл тәтті үнге қызығарымды да, жұмысыма бөгет болуына ренжірімді де білмей, бұлбұлды бүркеген еменге қадала қарай қалған шағымда ту-сыртымнан есік қағылды. Қапелімде естілген дыбыстан селк етіп жалт қарадым да, «кіріңіз!» дедім.

Почтальон екен. Қолында маған деген телеграмма. Ашып оқысам: Одақтық жазушылар ұйымынан, «Москваға тез ұшыңыз, бір топ жазушылармен Қытайға саяхатқа барасыз» депті.

Бұл хабарға мен қуанып кеттім. Өйтуіме екі себеп болды; б і р і н ш і с е б е п — советтік Отанымыздың көп жерін көрген менің Қытайға бұл баруым — шет мемлекетке бірінші шығуым, оның да бізге, әсіресе жазушыға қажет екендігін бұл арада дәлелдеудің керегі жоқ, е к і н ш і с е б е п — өзге шет елге емес. Қытайға бару маған ерекше қуаныш!..

«Неге?» деген сұрауға менің берер жауабым төмендегі: мен өзімді коммунистік партияға саналы ықласпен кіріп, саналы ықласпен қызмет атқарып жүрген адамдардың біріне санайтын кісімін. Коммунист — коммунизм құрылысын бастаушы адам.Осы іске белсене қатынасып жүрген оның түпкі арманы — коммунизм бағының жер шарында түгел гүлдеп, түгел жемістеуі.

Пролетариаттық революцияның, социалистік құрылыстың алғашқы жылдарында мекемелерде, клубтарда, алаңдарда «митинг» аталатын жиналыстар көп болатын, сол көп жиналыстарда айтылатын көп ұрандардың біреуі: «Жасасын жер жүзінің революциясы!» Ол кезде жалпы білімім де, саяси сауатым да аз маған бұл ұран, егер шақырсаң, қыр астынан қылт ете түсетін, жақын жердегі қимылдың үні сияқтанатын.

Кейін «жасым да, ой-санам да марқайды-ау» деген

шағымда қарасам, жер жүзінің революциясы жақын да жерде емес екен, оңай да жұмыс емес екен. Сол бір тұста Маркс пен Энгельстің еңбектеріне үңіле қарап жүрдім де, «Хаттары» аталатын қалыңша кітапта Марксгің Энгельске 1858 жылы 8 октябрь күні жазған хатын кездестірдім. Маркс бұл хатта капитализмнің өркендеу жолдарын, оның созған қолы шығыс елдеріне де жетіп, оларда да «буржуазиялық өркендеу» аталатын өрттің тұтана бастауын айта кеп, бір жерінде: «Біз үшін қиын мәселе төмендегідей: континентте революция болуы қашса құтылмайтын іс және ол табан аузында социалистік қалыпқа түседі. Сонда, өлшеусіз кең өлкелер буржуазиялық қоғамның жолымен биіктеп өркендей берсе, азғантай аумақта жасалған революцияны жаншып тастамай ма?» депті. (Москвада 1947 жылы ОГИЗ шығарған «Таңдамалы хаттардың» 106-бетін қараңыз).

Марксгің «азғантай аумақ» деп отырғаны Европа да, «өлшеусіз кең өлке» деп отырғаны Азия мен Африка, әсіресе Индия мен Қытай. Олай демегенде ше?.. Индия мен Қытай адам саны жағынан жер жүзіндегі халықтардың үштен бірі емес пе? Егер олар да капитализм жолымен кетіп, империализм жолына шықса не болмақ?..

Марксгің әлгі сөзіне еленбеп қалған менің есіме, Ленинның коммунист партиясы басқарған жерде капитализм дәрежесіне жетпеген елдер де оны аттап өтіп, социализмге жетуі туралы ашқан теориясы, ол теорияның Совет Одағында өз көз алдымызда іске асуы түсті. Ендеше, феодалдық шығыс, оның ішінде Қытай мен Индия неге бара алмайды осы жолмен?..

Мен тарихи материалдарды да байқай жүретін адамның бірімін. Марксгің жоғарыда аталған хатын оқығаннан кейін, бұрын да аздап шолған шығыс тарихына, әсіресе Қытай тарихына мен біраз уақыт шұқшия қарадым.

«Әсіресе Қытай тарихына» дейтін себебім, сол кездегі мәлімет бойынша, Қытай — жарты миллиард[1] халық, ол — бүкіл адам баласының төрттен бірі. Осынша көп

---

[1] Кейін баспасөзде; «Қытайдың 100 миллион халқы есепте жоқ екен, енді олар есепке алынған соң, Қытай 600 миллион адамы бар халық» деген мәлімет жарияланды.

халықтың не капитализм, немесе социализм жолымен кетуі немқұрайды мәселе емес.

Маркстің аталған хатын мен жиырманшы жылдардың аяқ шенінде оқыған едім. Содан кейін тарихына үңіле бастасам, жер шарындағы ең ескі халықтың бірі саналатын қытай, Айсадан әлденеше мың жыл бұрын мәлім болып, талай заманның талай сұрапыл дауылдарын басынан кешірген екен. Бірақ, бұдан 102 жыл бұрын Шоқан Уәлиханов айтқандай,— көрші халықтар Қытайды талай рет жаулап ап билеген, одан тек Қытайдың әкімдері ғана ауысып, халқы мызғымастан, қытайлық қалпын бұзбастан тұра берген, жаулап алушылар қытайды өзіне айналдырудың орнына, өздері оның терең теңізіне батып, Қытай боп кеткен.[1]

Тұтастығын, халықтығын солай сақтап келген Қытайда соңғы екі-үш мың жылдың ішінде талай патшалықтар ауысып келді де, 1911 жылы монархиялық құрылыс біржола жығылып, республика құрылды. Гоминдан партиясы басқарып, буржуазиялық принципте ұйымдасқан бұл республика, соңғы жүз жылда жартылай колониялық жағдайда жасап келе жатқан Қытайға тәуелсіздік, азаттық әперудің орнына, шет елдік қожаларымен ауыз жаласып кетті. 1949 жылға дейін өкімет басында болған Гоминдан, 1927 жылдан бастап, революцияға қарсылық жолдан табанын аударған жоқ.

Халқын сатқан Чан Кай-ши Гоминданының бұл қылығына ренжи жүре, Қытай тіршілігіне құлағын түрік ұстайтын адамдарға жиырманшы жылдың басынан, көңіліне қуаныш отын да тұтататын хабар естілді, ол 1920 жылдан ұйымдаса бастаған Қытай Коммунист партиясының 1921 жылдың 1 июль күні бірінші съезі шақырылуы. Сол хабарды газет бетінен оқыған күннен бастап, жолдас Мао Цзе-дун бастаған партияның жыл санап қарқындай өскен теориялық және практикалық істеріне баспасөзде жарияланған материалдардан құмарта қарап жүрдік те, Қытайдың Коммунистік партиясы құрған революциялық армия 1947 жылдың июнь айында қорғанудан шабуылға шыққаннан кейін, шыдамсыздық ынтамен тез жеңіп шығуын күттік.

Бұл үмітіміздің алтын сәулесі 1949 жылдың 26 апрелі

---

[1] Шоқанның баспасөзде әлі жарияланбаған, 1856 жылы жазған күнделігінен.

күні жарқ ете қалды,— сол күні баспасөз бетінде, Қытай Коммунист партиясының және халқының көсемі Мао Цзе-дун мен революциялық армияның бас қолбасшысы Чжу Дэ қол қойып, Қытайдың социалистік мемлекетінің құрылуы туралы декларация жарияланды. Ол жылы Қытайдың бірнеше өлкесінде ғана құрылған халықтық үкімет екі жылдан кейін, Қытайдың Тайвань мен Гонконг аралдарынан басқа кең жерінен қарулы жау атаулыны қуып шығып, ұлы ел біржола жаңа өкіметінің қарамағында тәуелсіз, азат, социалистік бағытта тіршілік жасауға кірісті. Жаңа өкімет құрылған күннен бастап ұлы қытай халқының экономикасы да, мәдениеті де, бұл елдің кәрі тарихында болмаған қызу қарқынмен алға басуын баспасөз бетінен көріп, қуанып жаттық. Одан кейінгі арман — коммунизм жолына түскен аса ұлы елдің ісін енді көзбен көру болды.

Бүкілодақтық Жазушылар ұйымының «Қытайға саяхатқа барасыз» деген телеграмы маған, мен Қытайды көруге осылайша құмартып жүрген шақта келді. Оған қуанбауға бола ма?...

II. ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҰЛҒАСЫНАН

Москвадан Қытайға үш жазушы аттандық: орыс жазушысы Вера Казимировна Кетлинская, украин жазушысы Вадим Николаевич Собко және мен.

Көлігіміз — «Ил-12», маршрутымыз — Москва, Свердлов, Омбы, Новосібір, Краснояр, Иркут, Улан-Батор, Пекин.

Біз мінген самолет, қонған уақыттарын есептемегенде, бұл жырақтыққа 22 сағат ұшады екен. Москвадан түн ортасы ауа көтерілген ол, ұзақ ұшқан жолаушыларын шекарада тынықтыру мақсатымен, Иркут қаласында түнейді екен, ертеңіне сәскеде ұшып, Пекинге түс болмай жетеді екен.

Москвадан бастап, отанымыздағы ауа жолының теріскей торабымен тартатын самолет, Иркутскіге дейін Сібірдің қалың жынысының үстінде қалқыды да отырды. Жолда қонған Свердлов, Омбы, Новосібірді бұрын да талай рет көргендіктен, уақыт мүмкіндігі бола тұра, қыдыра қойған жоқпыз. Тек Красноярда ғана Кетлинская екеуміз аэропорттан такси алып, Саян тауының қойнауындағы бұрын көрмеген сұлу қаланы тамашалап қайттық. Кәзіргі күйінде ол да Новосібірге ұқсап, орталық

көшелеріне салтанатты зәулім үйлер совет заманында ғана орнап, шет жақтары бұрынғы Сібір саудагерлерінің асты кірпіш, үсті қарағай, терезе-қақпалары әшекей оюмен сырланған шағын көлемді үйлерін сақтаған екен.

Менің ойымды Красноярқаласынан гөрі, Енисей өзені бөлді. Отанымыздың ең жалпақ, ең ұзын, суы мол өзендерінен саналатын осы асыл өзеннің жағасында, шымырлаған екпінді ағысына қарап тұрып, осындай өзендерді қазақтың шөл даласына бұрып әкелу туралы совет инженерлері жасаған және мүмкіндігін дәлелдеген жоспарын еске түсірдім де.

— Сен де келсең менің туған өлкеме, ұлы өзен! — дедім даусымды шығарып.

— Ол не сөз?— деді Вера Казимировна маған жалт қарап.

Мен оған аталған жоспарды аз сөзбен баяндап ем,

— Таудың аржағындағы іс емес екен ол,— деді Вера Казимировна, болашақ зор құрылыстың совет шындығына берік сүйенген идеясына әсерлене қалып,— қол тиген шақта, бір бесжылдықтың ғана ісі екен...

— Бұл өзі, болашақта бір үлкен роман тудыратын тамаша тақырып екен!— деді Вера Казимировна, кеудесін кере дем алып.

Красноярдан ұшқан біз, Иркутке кешке жеттік те, қондық. Самолет ішінде бізге шекара әскерінің өкілі келді де, қалтамыздағы жалғыз документті,— шетелдік қызыл паспортты жинап алды. Өзіміз жолаушылар мейманханасына орналастық. Сол жерден бастап, отанымызға оралғанша тегін көлік мініп, тегін мейманханада тұрып, тегін тамақ ішуге ауысады екеміз. Оған, әрине, біздің қарсылығымыз жоқ...

Көп жыл армия қатарында болған, Ұлы Отан соғысының бар қиыншылығын басынан кешіріп, оң жақ аяғын түгелімен «садақаға» берген, кеудесіне әлденеше орден қадап, полковниктік дәрежеге жеткен, көңілді халқы украинаға тартқан аққөңіл, қалжыңшыл, сол жылы 44 жасқа шыққан Вадим Собко, тәртіпті түрде мәжіліс жасап, аздап жұтып отыруды да жақсы көреді.

Шет елге бұған дейін де сапар шегіп көрген ол, шекарадағы байқаудың «көзін алдап», байқауға жатпайтын үлкендеу портфеліне жоғарғы сортты коньяктің үш-төрт бутылкасын салып апты. Бірақ біз, барын біле тұра, ол

бутылкаларға тиген жоқпыз, өйткені қалтамызда қалған өз еліміздің ақшасынан шет елге бір тиын да апаруға тиіс емеспіз, сондықтан соңғы түнеп отырған өз қаламыз — Иркутте артық ақшаны керегінше жұмсауға мәжбүрміз де, қалғанын шекаралық комиссияға тапсырып, кейін оралғанда қайтып алмақпыз.

Біз түскен мейманханада Чехословакияның Қытайға сапар шеккен бір топ мәдениет қызметкерлері жатыр екен. Тілінің негізі орысқа ағайындас, славян тұқымдас бұл адамдар, бізбен тілмәшсіз-ақ түсінісе кетті. Олар да, біз де социалистік мемлекеттің адамдары болғандықтан, тез шүйіркелесіп, тез достасып алдық.

1906 жылы Ленинградта туған, саналы өмірі пионерліктен комсомолдыққа ауысып, 1927 жылдан бастап партия қатарына кірген, жазушы атағы 22 жасынан бастап шыққан, одан бері бірнеше роман жариялаған, бар шығармасын социалистік құрылыс ісіне арнаған, бірнеше шығармасы совет халықтарының да, шет елдердің де тілдеріне аударылған, әйелдік кінәмшылдығы жоқ, совет жанды, жайдары қылықты, адамгершілігі зор, жолдастығы жарқын Вера Казимировна Кетлинская да, кейбір адамдай өтірік сыныксымайды, әліне қарай шарап та ішеді, әдеп көлемінде сөзден де тартынбайды.

Чехтарды біз қонаққа шақырып, түн ортасы ауып ресторан жабылғанша мәжіліс құрдық... Самолет ертеңіне күн шыға көтерілмек. Серіктерім оған дейін ұйықтамақ. Ал, менің ниетім — таң сіберлей тұру да, таксиге мініп қала аралап қайту, өйткені жобалауым бойынша, отанға ораларда мен бұл беттен емес, Синьцзянь жақ беттен Алматыға шығу, сондықтан қайтып кеп көруім екі-талай Иркут қаласының іші-сыртын сырттай болса да шолып түскім келді.

Бірер сағат аралаған менің көңілімді Иркуттің бір сыдырғы әдемі қаласынан гөрі, ол кезде сыртқы долбары ғана бітіп, ішкі егжей-тегжейі түгелденбеген, әшекейі орнамаған Ангар құрылысының гигантық көрінісі көбірек бөлді. Атақты Байкал көлінен шығып, қаланың күнгей шығысын орай, Мұз теңізіне екпіндей ағатын бұл ұлан-байтақ өзеннің жағасында «Ангар құрылысы» деген атпен Совет Одағындағы ең үлкен электр станциясы салынып жатқанын мен баспасөзден бұрын оқыдым да. Енді қызу қарқында жүріп жатқан сол құрылыстың қасына келіп қалыппын!

Не істеу керек? Уақыт аз!... Білек сағатыма қарасам — самолеттің ұшуына сағаттан аз-ақ артық уақыт қапты. Машинамен жүргенде, аэропорт бұл тұстан жарты сағатқа жақын жер болу керек. Оған дейін, шет-пұшпақтап болса да, ұлы құрылыстың бірдемелерін көргім келіп, таксидің шоферімен күте тұруды келістім де, құрылыс төңірегіндегі қоршаудың қақпасынан әрі-бері ағыла жүріп жатқан көп адамның ішіне қосыла кеттім.

Құрылыста бір аз айналсоқтап жүріп уақтымды өткізіп алыппын.

Машинаны шоферға асықтыра айдатып аэропортқа келсем, серіктерім бұлан-талан екен. Өйтпегенде ше?.. Самолет қаңтаруға шыдай беретін ат пен түйенің біреуі емес. Және ол өз жерімізде ұшып-қонатын самолет емес, шетке кетіп бара жатқан самолет,— Иркуттен 50—60 километр шықсаң — атақты Байкал көлі, оны баса-көктей өтсең — Монголия, аржағы — Қытай... Оның үстіне жиырма төрт орындық самолетке мінетіндердің бәрі де шетке кетіп барады. Сонша жанды сабырсыздыққа түсіріп тостырудан, самолетті жүріс сағатынан бөгеуден ұят не бар?..

Ұятын былай қойғанда, уақытында кетпек болған самолетті Вадим әрең деп 30 минутке кідіртіпті, ол мерзім де таусылуға жақындап, самолеттің ұшуына бес-алты минут қапты.

Мен жеткенде өзге жолаушылар самолетке отырып, мінер басқыштың алдында, мұңайған кескінмен, балдағына сүйеніп жалғыз Вадим ғана тұр екен. Үлкен көгілдір көзді, сұлу кескінді ол, аэропорттан жүгіре шыға келген мені көргенде күлерін де, кейірін де білмей сасып қалған бейнемен басын шайқап:

— Мін, тез! — деді басқышты нұсқап.

— Мен...

— Сөзді қой! Мін, тез!... Төрт-бес минутте аспанға көтерілеміз!..

— Өзің мін онда алдымен!

— Жоқ, сен мін! Әйтпесе, тағы да қалып қоярсын!..

Біз де міндік, самолеттің зырылдауығы да айнала жөнеліп, аз уақытта аспанға көтерілді...

Иркуттен Байкал самолетке әпсәттік қана жер екен. Мен қатар отырған Вадимге, әлгінде неге кешіккен себебімді қысқаша айтып болғанша, Байкалдың жағасына таянып та үлгірдік.

«Байкал!.. Байкал!..» деп терезелерге үңіле шуласқан көппен бірге мен де үңілсем, таусылмақтау тұманды өлкенің әр тұсынан жалтырай көгерген су көрінеді.

— Байкал осы! — дейді әркімдер.

— Ені қанша бұл тұсының? — деген сұрауға

— Қырық-елу километрден кем болмас,— деп жауап береді білемін деген біреу.

Дәл қанша екенін кім білсін, ал біз, көлдің бұл тұсындағы енін баса, недәуір уақыт ұштық. Осы бір шақта көлдің беті мен төңірегінде, көзге сиқыр әлемін елестететін ғажайып бір көрініс тұрды; біз көл шетіне кірген шақта көл бетінде ақ-бұлттанып, қап-қалың боп шөгіп жатқан бұйра тұман, көл көркін ақырындап ашқысы келгендей, әр тұстан сөгіле көтерілді. Аз уақыттан кейін аспан да, көл беті де ала-бұлттана, төбедегі бұлт таудың аржағынан аспанға биіктей тарамданған күн сәулесінен күреңдене боялды да, сол бояудың елесі Байкал көліне шағылысқанда біздің самолет, адам ауызбен сипаттап жеткізе алмайтын сиқырлы суреттің ішіне сүңгіді де кетті... Көлден көтеріле бастаған тұманның кейбір бөлшектері көл жағасында, алыста мұнартып бұлдыраған жоталардың салаларына қонып, әдетте аласа таулардың қатарына қосылатын ол жоталар тұманның құшағында көтерілгендей, тұман арасынан сорайған шоқылары аспанға шаншыла шырқап кетті...

Сол бір мезгілдің, сол бір тұстың тамаша көркіне тамсана таңданумен қатар менің көңілім Байкал көлінен де бөлінген жоқ.

Ұзын тұрқы 650 километрге, енінің кең тұсы 80 километрге, тереңдігі 2000 метрге жақындайтын, көлемінің кеңдігі мен тереңдігін алғанда дүние жүзінде теңдесі жоқ, суының мөлдірлігі меруерттей, тәттілігі балдай, «балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған» бұл ғажайып көлдің таулы жоталармен көмкерілетінін, оның төңірегін географиялық әдебиеттен біз жақсы білеміз.

Көркем әдебиетте Байкал көлінің атын бірінші рет татардың «қалқамшырақ» өлеңі мен әнінен, балалық шақта естігем. Менің туған жеріме жаз айларында келіп, уақ-түйек сауда жүргізетін Минхабир атты татар, ымырт жабылып, кең даланы қою қараңғылық жапқан шақта, ауылдан алысырақ жерге тіккен шатырының ішіне кіріп ап, бір тілді сырнайын безілдете ойнап, жіңішке дауы-

сын мұрнынан шығара, халқының әртүрлі күйін жырлайтын. Сол көп жырдың арасында, ерекше әнімен:

Байкал күлі тирән икән,
Буйлағаным юқ иді,
Бу хәсрәтні курәмін дип
Уйлағаным юқ иді,—

деген жырды айтқанда былай да мұңды үні тіпті қайғыланып кететін.

Кейін, есейіп, орыс тілін біліп, орыс өлеңін айта бастаған шақта, «Славное море, священный Байкал» деп басталатын орыс халқының тамаша әніне дауысымыз жеткенше өзіміз де қосылып жүрдік. Бұлардан басқа да баспасөз бетінен Байкал туралы алған бірталай мәліметтеріміз бар. Міне енді, бұрын ертегі сияқтанатын сол Байкалдың бетін өрлей ұшып келеміз!..

Мен совет адамымын, ендеше, ұлы Отанымыз — Совет Одағының барлық жері — менің жерім, барлық суы — менің суым, бар байлығы — менің байлығым, бар көркемдігі — менің көркемдігім! Ендеше, Байкалдың да бар көркемдігі мен бар байлығы менікі!..



Осы мақтанышты үстінде менің есіме Сәкен Сейфуллиннің «Советстан» поэмасынан:

Атпен жүрсе алты айлық жол жерің
бар.
Советстан, сан рулы елің бар,
Сан рулы,
Заң құрулы,
Бір-ақ тулы,

Бір-біріне туысқандық сенім бар! —

деген бір ауыз өлең түсті. «Бүкіл совет шындығының бойдағы бар қасиетін бетіне айқын түсірген не деген тамаша өлең!» деп хайран қалдым мен.

III. МОНҒОЛ АСПАНЫНДА

Байкалдың арғы жағасынан Бурят-Монғол республикасының жері бассалуын, бірақ ол тұсының ені

тар боп, тез уақытта (әсіресе — самолетпен) Монғол халық республикасына шығып кететінімізді біз географиялық әдебиеттен жақсы білеміз.

Бурят-Монғолияның да Чита жағы мен теріскейі қалың орманды Сібірге тұтасып кеткенмен, біз баса-көктеп ұшатын тұсы Байкалдан бастап-ақ тықыр белесті дала боп кетеді екен. Монғолияда да сондай: біздің Қазақстанның Бетпақ даласына ұқсаған таусыз, өзенсіз, ормансыз, белестенген кең дала, тек әр тұсында ғана төгілген үңгіге ұқсап, әр формалы бірдемелер ағараңдайды, бұлар тұз байлана бастаған сортаң көлдер болуы керек, кейбір тұстарда арқандай шұбатылып жылтыраған бірдемелер көрінеді, бұлар өзен-сымақтар я бұлақтар болуы керек, өйткені,— су бар жерде өмір бар,— сол төңіректе жыпырлай қонған ауылдар, шашырай жайылған малдар көп кездеседі, шоғырланған қалалар мен селолар анда-санда бір-ақ ұшырайды. Не деген адамы аз кең дала!..

Көзді талдыратын шетсіз-шексіз кең дала Монғолияның астанасы — Ұлан-Батордан әрі қарай басталады. Ол, өзімізге белгілі, «Гоби» аталатын шөл. Бүкіл жер шарында көлемі мен құнарсыздығы жағынан арабтың «Сахара» аталатын шөлінен кейін екінші орын алатын бұл Гоби, Қытай мен Монғол халық республикасын тұтастыра, күнгейден теріскейге қарай көсіле жатыр екен. Анық мәліметі әлі күнге дейін тұрақталып болмаған бұл шөлдің ұзын тұрқы, бір мәліметте төрт мың километрден, көлденеңі мың жарым километрден асуға тиісті. Егер бұған, бір жобалауда айтылатын Такла-Маканның құмдық шөлін қоссақ, Гобиміздің көлемі қанша боп кететінін «құдайымның» өзі білсін.

Гоби «тастақ», «құмдақ» боп екіге жүйеленеді ғой. Біз баса ұшқан тұсы — тастағы болу керек. Мезгіл әлі майдың аяқ шағы болғанмен, қар суымен тебендеген көгі, бұл тұста соңғы кезде басталуға айналған ыстықтан қурап ұшқан болу керек.— кең шөлдің беті түгелімен сұп-сұр, тек қадақ-құдақ саяндарда ғана тар көлемді жасақ жерлер ұшырайды, ол — бұлағы бар жерлер болу керек, себебі мал, жан... деген сияқты, тіршілік барын аңғаратын қимылдар көрінеді.

Әкімшілік билеу жағынан монғол халқы екі мемлекетке бөлінеді ғой: Монғол халық республикасы және Қытай мемлекетіне қарайтын Ішкі Монғолия. Жер жағдайынан бұлар тұтас,— екеуі де Гоби шөлінің төңірегі

мен ішінде. Сондықтан аспанда ұшқан адам, тұрғын елі сирек шөлде, екі Монғолияның қай тұстан бөлінетінін шамалай алмай қалады екен. Көзді талдыратын осы кең шөлге қарап отырғанда адамға келетін ой:

«Жарықтық монғол халқы-ау, бұдан жеті ғасыр бұрын, өзің көшіп жүріп және аз халық бола тұрып, жанжағыңдағы елдерді жаулап алуға кірістің де, айналасы жүз жылдың ішінде бүкіл Қытайды, бүкіл Орта Азияны, Россияның көп жерін, Кавказ бен Қырымды, Европаның шығыс жағын түгел қаратып, Пекинде — «Ақ ордаңды», Самарқанда — «Көк ордаңды», Еділ бойына (кәзіргі Саратов маңында) — «Алтын ордаңды» тігіп, жер көлемі жағынан да, ел саны жағынан да орта ғасырларда дүние жүзіндегі ең зор империя болдың. Ақыры, экономикаңның да, мәдениетіңнің де төмендігінен, 16-шы ғасырдан бастап, ұлы мемлекетің ыдырауға айналды да, жүз жылдан кейін быт-шыт боп бөлініп кетіп, өзің мен өзің ғана болып қалдың. Сонда тапқан, тұрақтаған мекенің осы — Гоби шөлі мен соның құнары аз төңірегі ме?.. Мұнда да тұтастығыңды сақтай алмай, соңғы екі жүз жылдың ішінде әлденеше бөлшек боп кеткен жоқсың ба? Басыңнан бағың тайғаннан бастап, сен көрмеген құғын, сен жемеген таяқ қалды ма?! Сол тепкіден сені тек Ұлы Октябрь социалистік революциясы ғана құтқарған жоқ па? Осы революцияның арқасында ғана Совет Одағы құрылған жоқ па? Соның қолдауымен ғана сен империализм мен өз феодалдарыңның ғасырларға созылған құлдығынан босап, 1921 жылы халықтық республикаңды құрдың. Сол күннен бастап сенің елдігің де, мемлекеттігің де, экономикаң да, мәдениетің де аспандап шарықтау жолында!.. Қытайда реакция үстем боп тұрған кезде Ішкі Монғолия да құлдықта еді. Бұл ұлы мемлекет социализм жолына түскен күннен бастап оның да бағы ашылды, ол да бостандық, теңдік аясында қызу қарқынмен өркендей бастады. Осы бетіңмен биікке өрлей бер, Монғолия халқы!..»

IV. АЛЫП АСТАНА

Гобидің көз талдыратын кең даласына қарай, оның өткенін, кәзіргісін, болашағын ойлап отырып қалғып кетіппін. (Жақшаның ішінде айта кететін сөз, соңғы жылдарда етженді адамдардың бірінен саналған мен, жүре-

5474

гімнің жақсылығынан, жердегі машиналар былай тұрсын, су үстінде пароходтың, аспанда самолеттің ешбір шайқауына ешуақытта мазасызданып көрген адам емеспін. Отыру я ұйықтау үшін олардың іші де маған әрдайым өз пәтерімнің бөлмесіндей).

— Сәбит, оян! — деген дыбысқа көзімді ашсам, түртікілеген Вадим екен. Менің оянғанымды көрген ол, жалма-жан терезеге үңіле бастап,— Қытайдың ұлы қамалы! — деді.

Самолеттегілердің бәрі де терезеге үңілді, мен де үңілдім.

Ұлы қамал!.. Дүние жүзіндегі ең ірі, ең атақты, ең ұзын қамал!.. Нелер хикая естімедік ол қамал туралы? Енді міне, оның да үстін баса ұшып барамыз!.. Сол бір жер таулы болу керек,— терезкейден күнгейге иреленде шұбалған, шеті-шегі көрінбейтін қамал, кейбір тұсында еңкейе, ылдиға кетіпті де, кей тұсында шалқая қайқайып биікке өрлепті.

Аспанның жүрісі қызық қой: жерге қарағанда, мініп келе жатқан самолетің аспанда тұсап қойғандай, бір орыннан жылжи алмай тұрған сияқтанады да, аздан кейін қарасаң, әлгінде ғана көз тіккеніңнен әпсәтте өтіп кетесің! Қытай қамалынан да сөйттік,— үстінен қалай тез өткенімізді білмей де қалдық. Енді оны, сәті түссе, қасына барып көруіміз қажет. Әзірге айта кетеріміз, әдетте, «қытай халқы бұл қамалды көршілес көшпелі елдердің (монғолдар мен түріктердің) шабуылынан қорғану үшін салды» деседі. Ол да рас. Менімше, бұған қоса айтатын сөз,— бұл қамалды қытайлар тек көшпелілерден ғана қорғану үшін емес, құнарлы жерін желкесінде шұбай жатқан Гоби шөлінің аңызақ желі мен жылжымалы құмынан қорғау үшін де салған болу керек. (Жақша ішінде күнібұрын айта кетеріміз — Қытайға бертінде қосылған Гобиді. Синцзянды, Тибетті қоя тұрып, Қытайдың бағы заманнан бергі ата мекенін алғанда, топырағы да барлық өлкесінде аса құнарлы, суы да барлық өлкесінде сарқылмас аса мол екен. Дүние жүзіндегі ең ескі және ең көп халықтың бірі саналатын ұлы қытайдың бұл мекеннен тырп етіп қозғалмай, тастай бекіп қалуына да себепкер — жер-суының осындай құнарлылығы болу керек).

Қытай қамалына жақындай бере көзге ұшырай кеткен бұл әдемілік, одан аса бере тіпті сәнденіп кетті: қай

жағына қарасаң да, бұйраттанған түкті аласа таулар (үлкен Хинганнің сілемдері деседі), бұралаңдап жалтырай аққан өзендер, салалары да, жазықтары да ығы-жығы боп қалың қоныстанған тұрақтар, олардың арасы шахмат тақтайы сияқтанып текшеленген түрлі түсті егін. Біздің Совет Одағында қала, селолардың ең жиі тұсы Орталық Россия ғой, ал Қытайдың қала, селолары одан әлдеқайда жиі екен, бізде де егінге тығызшылық жерлер бар ғой, ал Қытайдың егіс өлкесі одан әлдеқайда тығыз екен,— бұнда егіс, көп жерде, қалалардың, селолардың көшелеріне, алаңдарына кіріп кетіпті...

Қамалдан өте жиіленген қалалар мен селолар, біз ілгері ұшқан сайын тығыздана түсіп, бір мезетте тұтаса қалыңдап кетті.

— Пекин — деді сол шақта бізбен бірге келе жатқан жолаушының біреуі.

Пекин!.. Қытайдың халық республикасының астанасы! Қытай мемлекетіндегі Шанхайдан соңғы ең зор қала!.. Біз бұл қаланың үстін баса ұштық. Өз астанамыз — Москваның төбесінде ұшқан шағымызда бойы сорайған биік үйлер жиі кездесуші еді, кейбір кең проспектілері оқтай түзу тартылып, асфальтті көшелері жалпая жарқыраушы еді. Пекинде биік үйлер де, түзу, кең көшелер де аз сияқты, үйлері мен көшелерінің көбі ығы-жығы сияқты. Өсімдік жағынан бұл да жасыл қалаға ұқсайды. Москвадан бір айырмашылығы,— табиғи ма әлде тоған ба,— әр тұсында жарқыраған көлдер көрінеді. Батыс жағында аса көлемді көл бар сияқты...

Пекиннің аэропортына қонған бізді, ішінде жазушылары бар, қытай мәдениетінің өзге жүйесіндегі қызметкерлері бар,— бір топ адам қарсы алды. Аэропорттың бір этажды, жатағандау үйінің кең залдары лық тола сапырылысқан жан екен. Көпшілігі — қытай. Өзге түсті адамдардың кескін-кейпіне, тіл жобаларына қарағанда талай мемлекеттерден жолаушылап жүрген қонақтар бар сияқты.

Бізді қарсы алуға келген топтың басқарушысы — қытайдың ақыны, Қытай Жазушылар ұйымының қасындағы шет ел жазушыларымен байланыс жасау комиссиясының бастығы Чэнь Бай-чэнь деген жолдас екен. (Жақша ішінде айта кететін сөз, орысша «ц», «ч», «ж» аталатын әріптер қытай тілінде де бар сияқты, бірақ, бұл әріптердің айтылуы орыс әріптерінен бәлкім басқашалау

сияқты, бұл бір; екінші, орыс әрпіндегі «э» мен «ы», қытайдың айтуында бір-біріне ұқсас; үшінші, қытайда «ң» әрпі бар, осы себептердің салдарынан «Чэнь Бай-чэнь» — «Цынь Бай-цынь» боп та, «Чэң Бай-чэң», «Цың Бай-цың» боп та айтыла береді).

Толық орта бойлы, қалың ерінді, томпақ көзді, қоңыр кескінді Чэнь Бай-чэнь орысша білмейді екен, ал оның қасында, өзін «Наташа» деп, «сіздерге аудармашы болам» деп таныстырған талдырмаш денелі, жұқа, сыпайы кескінді, жас әйел, аздаған акценті болмаса, «р»-ды «л» сияқтылау етіп айтқаны болмаса, орысшаға ағып тұр. Оның аты-жөні — Ли Цзюн-цзинь.

Қытайда қонақты ең алдымен шәймен сыйлау салты бар. Аэропортта да сөйтіп, қытайлық достар бізді оңашалау бөлмеге апарып, термостағы ыстық шәймен сыйлады. Шәй үстіндегі танысу кеңесінде Наташа бізге қытайлар ұлттық атын «хансу дейтінін, «цзу» яки «су — «ұлт» деген сөз екенін, мысалы, «қазақ ұлты» дегенді «қазақсу», «монғол ұлты» дегенді «монғолсу» дейтінін, «хансу» дегені — «хан ұлты» екенін, «Хан» дегені — біздің дәуірден екі-үш ғасыр бұрын дәурен сүрген Қытай патшалығы екенін, мемлекетінің атын қытайлар «Джунго» дейтінін ескертті.

Пекин аэропорттан сегіз километр екен. Асфальтті кең жолдың екі жағына қатарлана тарбиып, біздегі қарағаш тәрізді жуантық, қалың бұтақты ағаштар өсіпті. Алшақ орнатылған олардың арасынан бидай өскен егіс даласы көрінеді. Оның келбетіне кейін ораламыз.

Аэропорт пен қала арасында, біздің қалалар мен аэропорт арасындағыдай, ерсілі-қарсылы үздіксіз ағылған машиналар тізбегі жоқ. Бұл жолдың бойында автомашина қадақ-құдақ кездеседі. Оның себебін білгіміз келуін бет бейнемізден байқағандай, шофермен қатар отырған Чэнь Бай-чэнь, артында отырған бізге күлімдей қарап қояды да, Наташаға өз тілінде ұзақтау сөйлеп бірдеме дейді. Наташа оның сөзін бізге тез аударып:

— «Совет Одағында мен болғам» деп отыр Чэнь Бай-чэнь, «сіздің табын малдай өрген көп машиналарыңызды көргем» деп отыр. «Бізде ондай көп машина әзірге жоқ, себебі, машина өндіретін заводымызды салып үлгірген жоқпыз. Осы жазда бітеді бір ірі заводымыз. Әр үш минутта бір машина шығарады ол. Алғаш,

әрине, грузовиктер. Жеңіл машина содан кейін. Ол да тез уақыттың ісі. Кейінгі жылдарда басқа заводтарымыз да болмақ. Мақсатымыз: он-он бес жылда Англиядан озу,— оны өмір көрсетеді. Әзірге мініп жүрген машиналарымыз екі жүйеден: бірі — жаулардан тартып алғанымыз, екіншісі — достардан сатып алғанымыз» деп отыр,— дейді.

Бұл жолдың бойында автомашина аз болғанмен, ерсілі-қарсылы ағылған екі, үш доңғалақты велосипедтер көп екен. Және бәрі түгелімен кісі я жүк тасып барады.

— Әзіргі транспортымыздың бір түрі осылар,— дейді Чэнь Бай-чэнь,— Пекинде бұлардың саны жүз мыңдай болу керек. Көпшілігі кооперативке тартылғандар.

Жолшыбай, ара-тұра, есекке, қашырға я өгізге жеккен арба транспорты да ұшырайды. Жүк сүйреген көп көліктерде көзге түсе кететін бір нәрсе — бір жағын арбаның алдына, екінші жағын көліктің құйрық астын ала бөксесіне байлаған, атқа жем салатын кенеп-қайық сияқты бірдеме бар. Чэнь Бай-чэньнен:

— Бұл не? — деп сұрасам.

— Бізде егіндік жерді өңдейтін материал әзірге тым тапшы, ондай материалды өндіретін заводтарымыздың іргесі жаңа ғана қаланып жатыр. Бұл мәселеде халжайымыз әзірге солай болғандықтан, ата-бабаларымыздан келе жатқан салт: үй хайуандарының тезегін шашпай жинаймыз, жолға шыққан көліктің тезегі бөксесіне байланған ыдысқа жиналады, бір көлік бір күнде бір қапқа жақын тезек толтырады,— деп жауап береді.

Кеңесіп отырған бізді бөгетсіз тегіс жолды бойлай зымырап келе жатқан автомашина, төбесі иіле бұрылған, қалыңдығы 25—30 метрдей, сұрғылт түсті кірпіштен қаланған қамалдың қақпасына алып кірді.

— Қаланы айнала қоршаған қорған еді,— деді Чэнь Бай-чэнь, қақпаға кіре,—көп ғасыр жасаған бұл қалың қорған астанамыздың кеңи өсуіне бөгет жасайтын болған соң, соңғы жылдарда бұзылды да, тек әр тұста осы сияқты қақпалары ғана қалды. Қала қақпаның табалдырығын аттай сала басталады.

Пекиннің біз кірген көше жағында бір, екі этаждан биік үй жоқ екен. Бізге белгілі тарихының өзі бес мың жылдан асатын, дүние жүзіндегі ең көненің бірінен саналатын бұл қаланың біркелкі жатаған үйлерінің түсі

де, мындаған жылдардың күйелі шаңы басқандай, түптүгел қара-сұр.

Шоқан Уәлихановтың бұдан жүз жыл бұрын айтқан бір сөзі Пекиннің көшесінде алдымнан шықты.

«Құлжадағы қытай адамдарында,— деп жазыпты Шоқан, әлі күнге дейін жарияланбаған 1856 жылғы «күнделігінде»,— көше жағында не сауда, не іс, не шеберлік дүкені салынбаған бір де үй жоқ».

Пекинде де солай екен. Тек қана Шоқанның айтпағаны: Пекин үйлерінің көше жақ бетіне орнаған әртүрлі дүкендердің бағандары, жақтауы, маңдайшасы, жарнама жазатын тақтайлары... дегендей, түгелімен не шымқай сарыға, не шымқай қызылға, не шымқай көкке боялады екен. Өзге түсті бояулар сирек. Ал әлгі түсті бояулар, бүгін ғана сырлағандай, кіршіксіз, айнадай жалтырайды.

Біздің Россияның қалаларындағыдай жиі кездесіп отыратын орамдар Пекинде аса сирек екен. Орамсыз, қыңыр, тар, айналмалы жасалған шұбалаңқы көшелердің бір тәуірі — екі жиегі де көлеңкелері тұтасқан қазқатар ағаш...

Бір ғажабы: Қытайда, әсіресе қалаларында адам көп деп есітеміз ғой, Пекин жай ғана қаланың бірі емес, мемлекеттің астанасы ғой, ендеше, мұның көшелері құжынай сапырылысқан адам болу керек қой, бірақ Пекинде ондай ығы-жығы адам көрінбейді, іссіз бос жүрген адам атымен жоқ деуге болады, жұрттың бәрі іспен ғана шұғылдануда сияқты. Солардан симафор түбінде аратұра ошарылып қалатындар — машинамен, көлікпен, велосипедпен, жаяулы-жалпылы дегендей... жүк немесе кісі тасушылар.

Жүкті я кісіні жаяу тасушылар Қытайда көп екенін, оларды европалықтар «рикша» деп атайтынын әдебиеттен көргенім болмаса, көзбен көруім осы еді. Енді байқасам, рикшалардың біреулері екі доңғалақты жеңіл арбамен әртүрлі кісілерді, енді біреулері әр салмақты, әр көлемді жүктерді сүйреп барады. Ауыр немесе қомақты жүктер тиелген кейбір арбаларға бес-алты адамға дейін жегіледі екен. Сол күйлерінде олар аяңдап емес, жортып жүреді!.. Рикшаларға таңдана қараған бізге:

— Халықтық республика құрылғанға дейін (ол 1949

жыл ғой. С. М.) — дейді Чэнь Бай-чэнь салмақты кескінмен,— рикша өте көп болатын. Ол кездегі кейбір статистика екі жүз мыңдай болар деп шамалайтын. Халық өкіметі құрылғаннан біртіндеп жұмысқа орналаса бастаған олар, жыл сайын азайып, біразы кооперативтердегі велосипедке ауысып, кәзір, шамасы, жиырма мыңдай қалды. Ол да аз цифр емес. Бірақ, революциядан бұрынғы санынан әлдеқайда аз. Өкіметтің жоспарлауы бойынша, алдағы екі бесжылдықта рикшалық Пекинде ғана емес, бүкіл Қытайда бітпек.

— Халық өкіметі құрылғанға дейін халқының ең кемі 50 проценті жұмыссыз деп саналатын Қытайда рикшаның көп болуы заңды,— дейді Вадим маған, Чэнь Бай-чэнь бетін әрі бұрғанда,— кейінгі жылдарда жұмыссыздардың азаюы да заңды, өйткені бұл жылдарда мемлекеттің өндіріс күші қызу қарқынмен дамып келеді ғой. Дегенмен, рикшалар әлі де бар екен!..



— Ғасырлар бойы көбейе түскен рикша халық өкіметі құрыла сала қалай тез жойылып кетеді? — дейді Вера Казимировна. Бұл өкіметтің құрылуына биыл жеті-ақ жыл Осы аз жылда Пекинде бұрын болған 200 мың рикшаны 20 мыңға түсірсе, бұл ғажап зор жетістік екен!..

Біраздан кейін үйлері биік те, әдемі де көшеге келіп шықтық. Бұл — революциядан бұрын шет ел капиталистері тұратын орам екен. Халық өкіметі ол үйлерге кәзір мемлекеттің басқарушы ұйымдарын орналастырыпты.

— Мұндай орамдар Пекинде әзірге азғантай,— деді Чэнь Бай-чэнь. Бірақ, көбейеді олар. Аз жылда ескі Пекиннің орнына социалистік жаңа Пекин өседі. Ол — дүние жүзіндегі ең сұлу қаланың бірі болады.

— Әрине,— деді Чэнь Бай-чэнь, Пекиннің болашағын тым жылдам баяндап кетуін асығыстық көргендей,— жаңа Пекинді төрт аяғынан түгел бастыру бірнеше бесжылдықтың ісі.

— Тарихи бағасы қымбат үйлер, әрине, сақталатын болар? — деді Вадим.

— Әрине! Түгелімен! Сол қалпында!.. Бүлінгені түзетіліп!... Тарихи түрінен өзгермей!.. Ондай ескерткіштер бұл қалада да, басқа қалаларымызда да көп. Уақыттарыңыз жеткенше аралатамыз біразын!..

Қашан көзімізбен көргенше ол ескерткіштер бізге шешуін тез тілейтін жұмбақ сияқтанды.

«Шешпеген несі қалды? — деп көңілімізді көншіттік біз,— Қытайдың астанасына, міне, енді кірдік. Ертеңнен бастап мұны да, елін де аралаймыз!...»

Біз көшелеріне терең сүңгіген сайын Қытай астанасының кең денесі жалпая түсті.

— «Алып астана» деген сөз рас екен,— деп қойдық біз өзара күбірлесіп,— не деген жалпақ қала?!

V. АЛҒАШҚЫ КӨПІР

Бізді басқарушыларымыз «Синь Цяо» (Жаңа көпір) аталатын мейманханаға апарып түсірді. Жуық арада ғана салынып болған алты этажды көркем үй екен, тегі, шеттен келетін меймандарға арналған болу керек,— кіріп, шығып жатқан адамдардың түр-түсі әр қилы...

Маған 489-номер тиді. Іші сәнді жиналған салтанатты жарты люкске жайғасып бола берген шақта есік қағылды.

— Кіріңіз!..

— Эми Сяо!..

— Эми!..

Екеуміз құшақтасып көрістік. Өйтпегенде ше? 1931 — 33 жылдары Москвада, Қызыл профессорлар институтының әдебиет бөлімінде екеуміз бір столда қатар отырып оқығамыз. Менен төрт жас үлкен ол (1896 жылы туған), мектептес шағында жігерлі жас жігіт болатын. Жоғарғы ернін жиектей қырқатын мұрты мен шалқайта қайыратын жұқа шашы әлі де көмір-қара бояуын өзгертпегенімен, бет бейнесі қалың әжімденіп, бұрын да таразы денесі нәзіктеніп, жылтырлау сұрғылт өңі күкылданып қапты. Ажарының сынықтау жайын сұрасам:

— Сырхаттықтан,— деп жауап береді Эми Сяо. (Бұл ат оның псевдонимі. Өз аты — Сяо Сан).

Сырхаттанбағанда ше?! Он тоғыз жасынан отанындағы революциялық істерге араласқан, жиырма төрт жасынан Қытай Коммунист партиясының мүшелігіне өтіп, ауыр революцияның бар қиыншылығын отыз жылдай

бағыттас серіктерімен бірге көтерісіп, халықтық өкіметті қолынан құрысқан адамның денсаулығы бүтін бола ма?..

— Оқасы жоқ,— дейді Эми саулығының нашарлығын айта кеп,—арманына жетпей өлген жолдастар да көп. Денсаулықты азайтқанмен, арманыма жеттім,— халықтық өкімет құрылды, халқым социализм жолына түсті, қалған саулықты соның бақытына және бала-шағаның игілігіне жұмсаудан басқа тілек жоқ.

Аздап тынығып, жол киімін жаңартқаннан кейін Наташа екеуміз шаштаразға түстік. Бұндай ұсақ егжейді жазуымның мәні бар: толықша, жасамыстау қытай, мені отырғызған жұмсақ, ауыр бұлғары креслоны шалқасынан жықты да, шалқамнан жатқан бетімді, жылтыраған әлде не жаққан екі алақанымен ысқылай бастады. Бізде, әдетте, қыратын бетке сабынның көбігін жағады ғой. Қытайдың шаштаразы оны істеместен, бетімді алақанымен аз уақыт ысқылағаннан кейін, жүзі жұқа, жетесі қалың ұстарамен қыруға кірісті, қасымдағы креслоға қатар жатқан араб кескінді адамға көзімнің қиығын жүгіртсем, оның хром бұлғарыдай жылтыраған басын да екінші шаштараз, маған қолданған әдіспен қырып жатыр екен.

Майда қолдан жүгірген өткір ұстара, рахат сезімде сақалымды қырып болғаннан кейін шаштараз бетімді дымқос ыстық орамалмен сүртті де, исі жақсы майдан бетіме алақанымен аз ғана жағып, құрғақ орамалмен тағы бір сүртіп, «болдым, тұрыңыз!» — дегенді ишарат қылды. Бұл әдіспен қырудың себебін кейінірек сұрасам,— Сабынды көпірту, жұпарды бүрку сияқты істерді біз, материалды көп кетіру деп есептейміз,— деп жауап берді шаштараз,— оның аты — ысырап. Біз қытайлар — ысырапқа үйренбеген халықпыз. Біздің үйренгеніміз, әр нәрсені қажетті және пайдалы мөлшерінде жұмсау.

Одан кейін асқа кеттік. Бізді Чэнь Бай-чэнь мен Эми Сяо бастап апарды.

— Біздің үлкен ресторандарымызда екі түрлі кухня болады,— деді Чэнь Бай-чэнь асқа түсер алдында, бірі — европалық, екіншісі — қытайлық. Қайсысын қалау еркі сіздерде.

«Ішіне жыланды, көлбақаны қоса, қытайлар құрғақтың да, судың да талай мақлұқтарын жейді-мыс» де-

ген қауесет біздің де құлағымызды шалған. Содан ғой деймін, Чэнь Бай-чэньнің әлгі сөзінен кейін:

— Бізге бәрібір, — деген болды Вера Казимировна дипломаттық жасап,— дәмдірегіне апарсаңыз болады.

— Қай астың дәмдірек екендігін айту қиын,— деді Чэнь Бай-чэнь, өйткені әр ауыздың татымы басқа. Біреуге жаққан астың біреуге жақпайтыны бар. Сондықтан, қытайдың я европаның тамағын таңдау еркі сіздерде. Тек қана ескертерім,— деді Чэнь Бай-чэнь күлімсіреп, аспаздық ғылымымен шұғылданушылардың сөзіне қарағанда, европалық кухня астың түрін елуге дейін ғана жасайтын сияқты, ал қытай кухнясы тамақ түрін бес жүзге дейін апарады,— ең сыйлы қонағына жүз ыдыспен жүз түрге дейін тамақ береді...

— Онда қытай кухнясынан ішеміз! — деді Вадим.

— Сіздер жеп көрмеген тамақтар да болуы мүмкін,— деді Эми, көңілдеріңізге кірбің алмау үшін, әр тамақты өздеріңізден сұрап ап, ұнатқандарыңызды ғана беруге болады.

— Ол болмайды! — дедім мен,— қазақта «сұрап бергенше соғып бер» деген мақал бар. Сұрап берудің қажеті жоқ. Мен өзім алдыма не әкелсеңдер соны жей берем.

Қытай кухнясының ресторан залы қытай нәрселерімен, қытай өрнектерімен әшекейленген екен. Залдың сәні фантазиялық түрде әдемі! Аэропортта, мейманханада байқағаным,— қытайдың орындықтары да, диваңдары да, соларға сәйкес, столдары да аласа, жатаған. Орындықтарына адам малдасын құруға жақын отырады. Қытайлық ресторанда да солай екен.

Адамы толып жатқан қытайда аспаз да, официанттары да түгелімен қытай екен және басым көпшілігі — еркек. Бәрі де ұршықтай үйірілген епті және шапшаң.

Қытай ешбір тамақты да үйе-төге көп қып бермей, аздан әкеледі екен де, бірінен соң бірін үздіксіз ауыстыра береді екен. Асының көбі құрғақта және суда шығатын, адамның жеміне қолайлы және пайдалы ыстықты-суықты шөп-шаламдар екен, солардың ішінде малдың я су жәндіктерінің етінен жасаған тағамдар да жүреді. Астың бәрі аса дәмді, сондықтан дағдыланбаған бірдемеңді атап айтпаса, не әкелсе де соға беретін түрің бар.

Қытай кухнясының сұйық тамағын ішуге қасық, қою тамағын жеуге қытайша куайзэ (сапқы) аталатын, ұзың-

дығы бір қарыстай ғана жіңішке екі шыбық беріледі. Осы қуайзэмен тамақ жегенде қытайлардың ептілігі сондай,— тарының дәні сияқты ұсақ бүртіктерді де тауықтың тұмсығынан жылдам қағып алады! Біз онымен баттиған кесек асты да ұстай алмай азаптанған соң, күлкілі қалжыңның ілгіш сөздеріне шыдап, өздерінің рұқсатымен, асты европалық саймандармен алып жедік.

Қытайда арақ ішіп мас болу салты атымен жоқ екен. Оның көп жерін екі айдай қыдырып, талай қала, селосында, талай асханасында болғанымызда, арақты не көп ішетін, не мас боп жүрген бір де бір кісі көрген жоқпыз. Осы салтын оқыған адамдары да берік ұстап, қонақ күткен шақта арақ-шарапты өздері тамшылап қана татады да, қонақтарын қандырып ішкізуге тырысады. Сонда қолданатын әдісі — европа тілінде «тост» аталатын хошемет сөздердің балын тамызу. Менімше, бұндай сөз айтуға қытайдан шебер жан дүние жүзінде болмауға тиісті...

Қытайларға қарап арақ-шарапты біз де сыздықтай тартып, тамшылап қана ұрттадық. Тамақ жағынан да тепе-тең түстік. Дәмді көп тамақтан менің алғаш іркіліңкірегенім — «трифанға» аталатын теңіз жәндігінен даярлаған ас. Пісіріп әкеп, жылы қалпында берілетін бұл тамақтың түрі, қымыздың өнезі сияқты жылбысқа, түсі қоңырлау-жасыл болады екен, сондықтан үйренгенше жеу біраз қиындау болды.

Тамақ жайына бұл очеркте орала бермеу үшін, жылан етін жеген бір жайымды айта кетейін. Ол — Эми Сяоның үйінде болған оқиға. Қонақ боп отырмыз. Қытайдың бірталай жазушылары, артистері, басқа да мәдениет қызметкерлері мәжілістес болып отыр. Тәтті астар кезектесе келіп жатыр...

Бір сәтте қуырған ет сияқты бірдеме келді. Өзгелер одан тарелкелеріне жапыр-жұпыр салып жатқан соң мен де өз сыбағамды алдым. Асты татып көрсем — тілді үйірген тәтті, шайнап көрсем — еттен гөрі жұмсақтау, балықтан гөрі қатқылдау. Жобасы — малдың бүйрегі тәрізді ет!.. Нешің еті екенін білмеген тәтті тамақты жұртпен бірге құмарта соға бердім. Осы тамақтан кейін үзіліс жарияланып, қора ішіндегі баққа шықтық.

Алақандай нәрседен адам айтқысыз әдемілік жасайтын қытайдың шебер қолы, аумағы азғантай ғана қораның ішіне нелер ғажап өсімдіктерді өндіріп, бәрі де ше-

шек ата жайнап тұр екен. Ежелгі асырандысындай, сол сәнді бақшаға бұлбұл да қонып, қонақтарына ерекше құрмет көрсеткендей, тым тәтті сайрайды! Осы әдемілік-тің ішінде менімен қолтықтаса серуендеген Эми бір сәтте:

— Сәбит, саған біздің соңғы тамағымыз ұнады ма? — деді.

— Одан тәтті тамақ болуға мүмкін емес! — дедім мен.

— Тағы да берсек жер ме едің? — деді Эми күліп.

— Әрине!..

— Ендеше, жылан етінен жасалған тамақ сол!..

Астан кейін біраз уақыт дем алған біз, Пекин қаласындағы Совет өкілдігіне кеттік.

Өкіл — отанымыздағы белгілі әдебиетшіміздің және белгілі елшілеріміздің бірі — Павел Федорович Юдин жолдас екен. Ол менің мұғалімдерімнің бірі: 1930—35 жылдары Москвадағы Қызыл профессорлар институтында сабақ оқығанымда, совет әдебиетінің курсын осы кісі жүргізген; қырқыншы жылдары Бүкілодақтық Орталық партия комитетінің аппаратында идеологиялық істерде қызмет атқарған ол, соғыстан кейін Демократиялық Германияда, елуінші жылдардың басынан Қытайда елшілік міндеттер атқарып жүргенін баспасөзден естігем. Он жылдан астам көрмеген мұғалімнің ажарына қарасам, дауылды жылдардың өткен лебі кескініне іздерін түсіріп, жирендеу ажарлы беті әжімденіп, бұйралау қалың сарғылт шашы сиреп қапты; бірақ мінез-құлығы — жайдары, сабырлы, жұмсақ қалпы.

Бірер сағатқа созылған әңгімесінде Павел Федорович біздің алдымызға Қытайдың бүгінін де, болашағын да жарқырата жайып салғандай болды. Ол сөздер біздің Қытай туралы бұған дейін білетін мәліметтерімізге көп жаңалықтар қосты.

— Бұлардың бәрі сөз ғана, — деді Павел Федорович тарқар алдында,— сіздер жазушысыздар. Жазушыға ең жақсысы,— ойға алған объектісін көзімен көру.

— Сөйту үшін келдік қой бұл туысқан Қытай еліне,— деді Вера Казимировна.

— Мақұл болған оларыңыз,—деді Юдин,— бірақ уақыттарыңыз тым аз екен: бір-ақ ай!.. Қытайды «мұхит» десек, аталған мерзімде сіздер оның шет-пұшпағын да түгел көріп үлгірмейсіздер.

— Олай болған шақта,— деді Вадим жымиып,— жетпеген уақытты созуға жәрдемдесерсіз, Павел Федорович?.

— Оны уақытында көрерміз. Әзірге жер иелерімен келісіп, ойға алған өлкелеріңізді аралай тұрыңыздар.

Мейманханаға біз кешірек оралдық та, кешкі астан кейін өзді-өзіміздің номерлерімізге тарастық. Мен жазып жүрген күнделігіме бүгінгі күннің үлесін қосып қоюға кірістім.

Түн... Күндізгі көп шудың бәсеңдеуіне қарағанда, қала түнгі тынысына бейімделе бастаған сияқты. Жазу столы қарсаңындағы кең тереземнен, «қаланы қақ жара жүреді» деген болашақтағы бір зор каналдың әлі тәртіпке келіп болмаған арнасына салынып жатқан көпір жырағырақта, қиғашынан көрініп тұр. Қала ұйқыға бейімделгенімен, көпірдің ұйықтау түгіл қалғыр да түрі жоқ сияқты: өн-бойын электр шамдарының әппақ ноқаттары жапқан жаңа көпірдің құрастырған бөлшектерін әр тұсында қайната қабыстырған автогендердің бұрқырай шашыраған көгілдір тогы дамылсыз жарқ-жұрқ етуден тынар емес!..



Эми Сяоның айтуынша, астынан транспорт, үстінен жаяу адам жүретін бұл екі этажды зор көпір алдағы жылы салынып бітпек те, қызметіне кіріспек. Көлем жағынан ол, азиялық қалалардың ішіндегі ең зор, ең көркем көпірдің бірі болмақ.

Жақын күндердің біреуінде әдейілеп көрмек болған жаңа көпірге аз уақыт көз тігіп отырғаннан кейін күнделігіме үңіле бастадым. Оны ұзақ шимайлауға кәзір материалым да аз және өйтудің қажеті де жоқ,— «асыққан ас шала піседі». Дегенмен, күндіз көргендерді қағазға қысқаша түртіп болғаннан кейін, «бұл күннің әсерін не деп қорытам? деген ойға келдім.

Ойыма өз мейманханамның аты түсті. Оның да қытайша аты жаңа көпір сияқты, «Синь Цяо» екенін жо-

ғарыда айттық. Қытайдың меншігіне жататын үйлерден, бұл біздің ең алғаш кіріп отырғанымыз. Біздің саяхатымыз қытайлық өзге үйлерге, оның отанына осы үйден басталады. Ендеше, біз үшін оның аты ғана «Жаңа көпір» емес, Ұлы Қытайдың ұлан-байтақ өлкесіне кіргізетін алғашқы басқышымыз, бұрын көзбен көрмеген дүниемізге өткізетін алғашқы көпіріміз.

VI. ҚЫТАЙДЫ ҚЫДЫРУ

Ертеңіне бізді Бүкілқытайлық Жазушылар бірлестігінің председателі Мао Дун жолдас қабылдады. Республикалық Мәдениет министрлігін де сол басқарады екен.

Совет Одағында талай рет болған, совет жазушыларымен сан рет кездескен бұл жолдас, советтік мәдениет қызметкерлерінің ішінде жазушылардың Қытайға жиі қатынаса бастауына қуанышын айта кеп, біздің бұл елге келудегі мақсатымызды сұрап алғаннан кейін:

— Уақыттарыңыз аз екен,— деп жалғастырды сөзін,— территория жағынан дүние жүзіндегі мемлекеттер ішінде Совет Одағынан соңғы ең кең өлке — Қытай екенін жақсы білесіздер. Оның бәрін бір айдың ішінде сіздер, өзге көлік түгіл самолетпен де аралап бітіре алмас едіңіздер. Және сіздердің мақсаттарыңыз тоқтаусыз қыдыру емес, біздің елдің тіршілік объектілерінен кейбірін тоқырап көру ғой. Олай болса, бір айда қыдырып үлгіре алатын объектілерді белгілеуіміз керек. Ол үшін өз тілектеріңізді білгім келеді.

— Ұлы Қытайды уақыт жеткенше аралап шығудан басқа тілегіміз жоқ,— деді Вадим,— қандай объектілерді көрсету еркі өздеріңізде.

— Капиталистік елдерден келген, буржуазиялық идеологиядағы жазушылар болса,— деді Мао Дун жымиып,— біздің көрсететін де, көрсетпейтін де жерлеріміз болады. Себебі,— деді ол күлкілі кескінін салмақтандырып,— мыңдаған жылдар феодализмнің тепкісінде, жүз жылдан артық империализм тепкісінде отырған елдің тіршілігі барлық жағынан да жарқырап тұрған жоқ. Оның әлі күңгірт, қараңғы жақтары көп. Құрылуына биыл жеті-ақ жыл болған Халықтық өкіметтің халық пайдасына атқарып келген қызметі елеулі болғанымен, үл-

гірген ісінен үлгірмеген ісі әлдеқайда көп. Бұрын бәрін дос емес елдің жазушыларына көрсете беруге болмайды...

— Сіздерге болады!— деді Мао Дун тағы да жымиып,— өйткені сіздер өз кісімізсіз ғой!.. Біз совет адамдарынан ешнәрсемізді де жасырмаймыз, қайта олардың, ескі дүниеден қалған жақсы-жаман жақтарымызды түгел көргенін тілейміз. Жасыратыны жоқ, жаңа ғана өркендеуге бет алған социалистік экономикамыз бен мәдениетімізді тиісті дәрежеге көтеру жолында Совет Одағының бізге көрсетіп отырған жәрдемі ұшан-теңіз!.. Соның бәрі, біздің хал-жайымызды Совет Одағының жақсы білуінен деп ойлаймыз, сондықтан жетістігімізді де, жетпейтінімізді де совет адамдары көрген үстіне көре берсе екен дейміз.

Қай жерде нелерді көру үшін ақылдасқанда, Мао Дун төмендегідей сұрақ қойды:

— Қытай мемлекетінде қырықтан аса ұлт бар, соншалық ұлт аудандары бар, олардың ішінде, халқы миллиондап саналатын монғол, тибет, дунген (қытайша аты орысша ыңғайсыз естілетін болғандықтан, өз тіліміздегі аталуын алдым. С. М.), ұйғыр сияқты елдер де бар, халқы мыңдап қана саналатын яо, сибо, ли, и сияқты елдер де бар, Джунго (Қытай) мемлекетіндегі ең көп халық (91 процент) хансу (қытай) екенін білесіздер, қытайлықтар мемлекетіміздің барлық өлкесінде де болғанымен, бірыңғай қытайлар жеріміздің орталық өлкелерінде, ал ұсақ ұлттардың көпшілігі жеріміздің күнгей, батыс, теріскей жақ жиектерін ала орналасқан, осылардың қай өлкесіне барамыз десеңіздер де еріктеріңіз.

— Менімше,— деді Вадим,— ең алдымен қалың қытайды аралауымыз жөн, өйткені көптігімен қатар, бұл мемлекеттің ең көнесі де, ең мәдениеттісі де, ең шешушісі де хансу (қытай) халқы ғой, сондықтан аз уақытымыздың көбін хансуларды көбірек көруге жұмсауымыз мақұл болар, қалғанын уақыт болса көрерміз, болмаса амал нешік!..

— Дұрыс!— дедік Вера Казимировна екеуміз.

— Онда былай болса қайтер еді?— деді Мао Дун аз ойланып ап,— Пекин қытайдың ең ескі қаласы және кәзіргі астанасы, сондықтан әуелі осы Пекиннің іші-сыртынан ең қажеттілерін көрсеңіздер (олай дейтінім, түгел көркем болсаңыздар, Пекиннің бір өзі командировкалық барлық уақыттарыңызды жеп қояр еді). Пекин — солтүс-

тіктің қалаларына жатады. Күнгей жақ шеттегі қаламыз — Кантон. Шығыс жақ шеткі қаламыз — Шанхай. Осыдан Кантонға, одан Шанхайға барып, жолшыбай Ханькоу, Нанкин сияқты қалаларға соқсаңыздар, Қытайдың әр тұсындағы бірнеше қаласы туралы, олардың арасындағы айырмалары туралы бірталай әсер алар едіңіздер.

— Мақұл! — дедік біз.

— Онда,— деді Мао Дун,— Кантонға сіздер кешікпей ұшуға тырысыңыздар. Олай дейтінім: Кантон «тропинка» аталатын өлкенің жиегінде екенін білесіздер, июнь айын орталай ол өлке тым ысып кетеді, Совет Одағында да ыстық өлкелер барын білем, кейбірінде болғаным да бар. Кантон өлкесі олардан әлдеқайда ыстық, сондықтан қайнаған ыстық басталмай барып қайтқандарыңыз жөн.

Осы ақылды алдық та, Пекиннің іші-сыртымен аз күн танысқаннан кейін, Кантонға ұштық. Бізді қытай жазушысы Гун Мо бастап әкетті. Екі тілмәш ерді: бірі — жоғарыда аталған Ли Цзюнь-цзинь (Наташа), екіншісі — Ху Дэ-жень, оны біз «Миша» деп кеткеміз.

Таразы талдырмаш денелі, нәзік-сезімтал жанды, сыпайы жұмсақ мінезді, әдепті аз сөзді Наташаға, мінезқұлық жағынан Миша қарама-қарсы адам. Ол жүзіктің көзінен өткендей жылпос, ақпа аттай шапшаң, ұршықтай үйірілген епті. Түр-тұлғасы жас қыз сияқты Наташа екі баланың анасы екен: үш жасар ұл, біржарым жасар қыз, екеуі де піскен қарақат сияқты қоп-қоңыр, топ-толық, жып-жылтыр әдемі-ақ. Және өздерін әке-шешесі бүлдіршіндей ғып киіндірген.

Ал, Миша, жас жағынан Наташамен құрдас бола тұра (екеуі де 22-де), әзір үйленбеген. «Неге?» деп сұрасаң қылжақты мінезіне бағып, «әзірге көп қыздың қайсысы ұнар екен деп сынаудамын» деп күле жауап береді.

Кісі алдында сүйреңдемеу, өзі аз сөйлеп, өзгені көп тыңдау бүкіл қытай атаулы адамның ата дағдысы болу керек. Гун Мо да сондай: қалың бетті, дүрдек ерінді, томпақ көзді, толық орта денелі, ол сөзге сараң, аз ғана сөзіне орнықты, ақылды, тапқыр, халқының бұрынғысын да, бүгінгісін де жақсы білетін оқымысты.

Хұрметті оқушы!

Сізден кешірім сұрап, осы очерктің осы тұсына дейін қолданып келген жазу әдісімді бұдан кейін өзгертпек

болып отырмын. Бұған дейінгі әдісім — жол-жөнекей көрген-білгенді тізбектей сипаттау болса, бұдан былай қолданғалы отырған әдісім — аралаған көп жерде көрген-білгендерді жентектей жүйелеп, тақырыптарға бөліп талдау.

Өйтетін себебім: Пекиннен самолетпен аттанған біз, осы бетімізде Ханькоуға, Кантонға, Шанхайға соғып, үлгіргенше олардың іші-сыртын, төңірегін аралап, Пекинге қайттық. Мао Дун жолдас айтқандай, осы «аз» объектілердің өзі біздің бір айлық командировкамызды жеп қойды.

Енді не істеу керек? Әдейі арнап келген Қытай мемлекетінен біздің бір айда көріп үлгіргеніміз — көп болса,— мыңнан бірі ғана. Дегенмен, осы аз аралаудың өзінде, үстірт түрде болса да, хансу халқының қаладағы, селодағы тіршілігінен, бұған дейін ешбір кітаптан оқымаған жаңалықтарды көрдік. Көбірек көрмеуімізге өкіне тұра, бір сапарға осының өзін де қанағат қыла тұрарлық жайымыз бар. Арманымыз Қытай мемлекетінің құрамына кіретін ұлттардың ең болмаса бірнешеуін көре алмау!..

Біз бұл арманға да жеттік. Қытайдағы өкіліміз жолдас Юдин Москвамен сөйлесті де, командировка уақытын тағы бір айға кеңітіп берді.

Қайда баруды ақылдасқанда, аз кісілі біздің бригада екіге бөлінетін болды: Кетлинская мен Собко — орыстар мен қытайлар көбірек араласқан Мукден мен Харбин жағын, мен — ұйғыры мен қазағы көп Синьцзянді аралайтын болдым.

Өйтуіме себеп — мен көп жылдан бері Шоқан Уәлихановтың өмірі мен ісін зерттеп, осы тақырыпта роман жазуға жиналып жүрген адаммын. Бұрын «Қашқария» немесе «Шығыс Түркстан», кәзір «Синьцзян» аталатын өлкеге Шоқан 1858 жылы барып, кейін ол жайлы көп еңбек жазған адам. Синьцзяндағы өмірін, ісін сипаттау үшін Шоқан көрген жерді көру менің көп жылдардан бергі арманым болатын.

Енді сол арманға жететін болдым, Москва берген қосымша бір айды Синьцзян өлкесін аралауға арнамақ болдым. Бұл пікірімді серіктерім де қостады.

Синьцзянға мен июньнің 19-ы күні ертемен ұштым да, жолда екі-үш жерге тоқтап, сол күні кешке Ланчжоу қаласына жетіп қондым. Бұл — «достық» деген атпен са-

лынып жатқан Ақтоғай-Ланчжоу темір жолының тірелетін жері.

Жаңа жолдың құрылысымен, қала және оның төңірегімен аз күн танысқаннан кейін Синьцзяннің шығыс жақ шеттегі қаласы Құмул (қытайша «Хами») арқылы, Синьцзян орталығы — Үрімші қаласына бардым.

Синьцзяннің қала, даласын толық бір ай аралағаннан кейін, 21 июль күні Құлжа қаласынан шықтық та, біздің елдің шегінде тұрған Қытай қаласы — Қорғасқа (орысша «Харгос», қытайша «Чимпанзе») қондық.

Машинамен жүріп, жолдан аздап шаршап келген мен, мейманханада қонған бөлмем оңаша және жайлы болғанымен, стол басына шоқиған қалпымда ол түнді өткізіп, таң білінген шақта ғана қалғыдым.

Түні бойғы ермегім — күнделік орнына қолданған қалта книжкелерімді ақтару болды. Қытай мемлекетінің шегіне Иркут жағынан кіре, көрген-білгенді ұмытпау үшін аз сөзбен ғана күн сайын түрте жүрген мен, енді Құлжа жағынан шығар күні, жазған қойын дәптерімді ақтарсам, қап-қалың үшеуін толтырыппын, бет саны — 496.

Осының бәрін оқып шықсаң, Ұлы Қытайды нығыз екі ай аралағанда, бұған дейін «көргенім аз» деген ойда жүрсем, енді қарасам, аз уақытта ұлы мемлекеттің өмірінен көп нәрсе көріп тастаған сияқтымын.

«Енді осыларды көрген көлемде кеңіте жазу керек» деп ойлаған мен, ол ойды іске асырғанша екі жылдай уақыт өтіп отыр.

«Неге?» деген сұрау туады бұл арада.

Оған бірінші себеп,— күнделік өмірден туатын өзге жұмыстардың килігіп бөгет жасауы болса, екінші себеп,— Қытай сияқты бұрынғы тарихы да, бүгінгі ісі де аса зор мемлекет туралы жазудың өте қиындығы.

Бұл қиындықты жеңудің бір ғана жолы бар сияқтанды маған, ол — көзбен көргенге қанағаттанбай, Қытай туралы біздің елде жазылған әдебиетті біраз ақтарып шығу. Кезек күткен күнделік жұмыстың арасында, мен бұл ойымды іске асырып, Ұлы Қытайдың бұрынғысы мен бүгінгісі туралы бұрын-соңды жазылған әдебиеттің бірталайын ақтарып та шықтым, ақтарған сайын ұлы ел туралы білгенімді қомсына түстім. Сөйтіп жүріп біраздан кейін ойласам, бұл қалпыммен Қытай туралы ешуақытта ешнәрсе жаза алар түрім жоқ!

Бірақ жазу керек!.. Екі ай бойына достық сый-құрметін көріп, шын ықласымен берген адал дәмін татқан елдің дәм-тұзын ақтамауға бола ма?! Ұят емес пе ол? Ендеше, оның тарихы мен тұрмысынан көрген-білгенді, білген мөлшерде, жазу қажет. Бірақ, қалай?..

Осы арада есіме Абай ағамның: «Азат басың болсын құл, қолдан келмес іске ұмтыл!» деген сөзі түсті. Қытай туралы оқыған әдебиетті есіме түсіріп көрсем,— адамзаттың тарихынан Тынық мұхиттай кең орын алатын ұлы елдің төңірегіндегі шалшығы ғана сияқты. Ендеше, оның тереңіне қалай малти алам мен?..

Ұлы Қытайды толық сипаттауға күшім келмейтінін көргеннен кейін, «көп құрысса қалпына барады» дегендей, менің жазушылық «қалпыма құрысқым» келді, яғни, көрген-білгенімді жазушылық көзбен шолу есебінде сипаттағым келді.

Сипаттауды бір ғана мәселенің төңірегіне иіргім келіп отыр менің, ол — хансу халқының сансыз көптігі, сол көптіктің бұрын не бітіргендігі, кәзір не бітіріп жатқандығы.

Көптік туралы аз сөз: «Қытай мемлекетінің халқы кәзір алты жүз он миллион оның 94 проценті хансу (қытай), бұл дүние жүзіндегі бүкіл адамзаттың төрттен біріндей» деп жүрміз ғой. Осы цифрдың дәлдігіне де адам кейде күдіктенін қалады, себебі, Ұлы Отан соғысының аз-ақ алдында баспасөз бетінде, «Қытай бұған дейін бес жүз миллион халық деп есептелетін еді. Соңғы санаққа қарағанда, жүз миллион есепке алынбаған екен, кәзір ол алты жүз миллион болып шықты!..» деген хабарды оқыдық. Ендеше, жүз миллион халқы есепте болмай келген Қытайда (осының өзі Франция мен Италияны қосқанда, екеуінен он миллион артық қой!), тағы да бірнеше миллион халық есепке әлі де кірмей жүруі ғажап емес. Тропикалық ормандарда, асуы қиын тауларда есепке кірмеген бірталай адам барға да ұқсайды.

Мынадай бір қызық оқиғаны оқушыларға ескерте кетейін. Пекинге қайтып оралған сапарда біз Қытай өкіметінің премьер министрі Чжоу Энь-лай жолдастың қабылдауында болдық. Көркем кескінді, жатық мінезді бұл жолдас бізбен ақ-жарқын бейнеде көңілді сөйлесіп отырды. Бір сәтте оған біздің Вера Қазимировна, Қытайда кәзір жыл сайын туатын баланың санын сұрады.

— Халықтың күн көрісі түзелуімен байланысты ғой

ол,— деп күле жауап берді Чжоу Энь-лай.—Халықтық өкіметіміз құрылумен байланысты, халқымыздың басым көпшілігі — еңбекшілердің де әл-ауқаты жыл сайын жақсарып келеді, сондықтан баланың тууы да жыл сайын көбеюде. Мәселен, өткен — 1955 жылы Қытайда жиырма үш миллион бала туды!..

— Орташа бір мемлекеттің халқы ғой бұл! — деді Вадим,— Польшаның халқына теңдес қой бұл!...


Бұрынғы Қытайдың да, бүгінгі Қытайдың да көптігін біз босқа сөз ғып отырған жоқпыз. Қазақта «көп қорқытады, терең батырады» деген мақал бар.

Бұдан жүз екі жыл бұрын жазған күнделігінде Шоқан Уәлиханов: «Қытайды әр заманда, көрші елдерден әркімдер жаулап алып жүрді, бірақ аз уақыт өкімет басында отырғаны болмаса, олардың ешқайсысы да қытайдың халықтығын өзгерте алған жоқ, өйтудің орнына, мұхиттай кең қытайдың тереңіне батып, өздері қытай боп кетті» дейді. «Қытай,— дейді Шоқан одан арғы сөзінде,— әзір тұнумен, асылын түбіне жинаумен келеді. Бір кезде бұл ұлы мұхит толқиды, өзінің кім екенін ол сонда көрсетеді».

Шоқан «әулие» екен. Оның жүз жыл бұрын айтқан болжалы дәл келді. Көп жылға созылған ауыр күрес арқылы 1949 жылы Халық үкіметін құрып, Совет Одағымен және демократиялық елдермен достасып социализм жолына түскен ұлы Қытай, коммунизмнің мызғымас берік тірегінің бірі екенін күшімен де, ісімен де бүкіл әлемге танытып отыр, қазақтың «көп қорқытады, терең батырады» деген мақалының өмір шындығынан шыққанын тағы бір рет дәлелдеп отыр.

Осындай ұлы халықтың бұрын-соңды атқарып келе жатқан ұлы істерінің бейнесін біздің оқушылардың көзіне аз да болса елестету мақсатымен, әуелі қалың Қытайдан көрген-білген туралы, одан кейін Қытай мемлекетінің бір бөлшегі — Синьцзяннан көрген-білген туралы қысқаша әңгіме айтпақпын.





Екінші тарау

ҚЫТАЙДЫҢ ҰЛЫ ҚАМАЛЫ

Пекиннің төңірегін аралау туралы сөз болғанда, мен «Қытайдың Ұлы қамалынан» бастауды өтіндім.

Ойтпегенде ше?..

Бұл қамал туралы естіген ертегілеріміз де, шындық әңгімелеріміз де толып жатыр. Өте алмайтын бірдемені «Қытай қамалы» деу, қиын болғанымен өтуге мүмкіндігі бар бірдемені—«Қытай қамалы емес» деу дүниежүзілік әдебиеттің көпшілігінде және барлық дәуірінде, барлық тілде кездеседі.

Сонша атаққа шыққан қамалды көруге құмартып жүрген біз, кеше ғана самолетпен төбесін баса ұштық та, көз шалар тұсына дейін ғана алыстан болжап, жақын барып көруді арман еттік.

Сол арманға бүгін жетіп, Пекиннен батыс-теріскейге қарай тартқан асфальтті кең жолмен, жеңіл машинамен айдап барамыз. Машинамыз екеу: Гун Мо, Наташа, мен,— үшеуміз бірге мініп алда келеміз, Вера, Вадим, Саша үшеуі артта келеді. Ауа райы қоңыр-жайлау, ас-

пан маңқай ашық. Жолдың екі бетінде жиі қоныстанған селолар лек-легімен үйме-жүйме боп қалып жатыр, он бес-жиырма километр шамасында, биік мұржаларынан будақтай шыққан түтіні аспанға шұбала өрлеген ірі завод та сол жақ бетте қалып барады. Оларға біздің тоқтағымыз келгенмен:

— Іркілмейік,— дейді Гун Мо,— Ұлы қамалдың біз баратын тұсы таулы жерде. Жауыны да болып тұрады оның. Қамалға ашықта жетіп үлгірейік!

Отыз километр шамасында біз тауға іліктік; аласа, орман жамылған түкті тау, тақыр, қия тас жер аз кездеседі, бұлақ, өзеншік сияқты сулар жиі ұшырайды, сайсаланың бәрі жыпырлаған село, оның қытайша аты «цунь», цуньдардың тұрғын халқы түгелімен қытай, көптігі — илеудегі құмырысқа сияқты, бірақ, іссіз бір де бір адам байқалмайды, цунь мен цуньнің арасы түгіл, әр цуньнің көшесіне, алаңына егіндер, жеміс бақтары өскен, үй маңайындағы тілдей жердің бәріне, біраз фанзалардың (жер үйлердің) төбелеріне, терезе алдына, есік алдына ғажап түсті гүлдер өнген...

Әдебиеттен көруімізше де, әңгімелерден естуімізше де, Қытайдың мыңдаған километрге созылатын Ұлы қамалы бір ізбен шұбала бермей, көп жерінде әлденеше тармаққа бөлініп, қабаттасып кетеді ғой. Гун Моның айтуынша, қамалдың біз бара жатқан тұсы жеті тармақ боп қатар жарысады да, ұзап барып түйіседі. Сыртқы негізгі қамалға жету үшін осылардың алты қақпасынан өтуіміз керек.

Таудың бір биігінен әрмән қарай аса бергенде, алдымыздағы сайдың оң және сол жағындағы өрлерден ылдиға қарай қатарласа шұбалған әлденелер көзімізге ұшырай кетті.

— «Қамал» дегеніміз осылар! — деді Гун Мо, шұбалғандарды қолымен нұсқап.

Оң жақтағы биік таудан жарыса шұбалған қамалдың қабырғалары, қырқа-жоталарды қуалай сайға түсіп, алдымызды көлденең кесе, сол жақтағы биікті қиялай, төбесінен әрі қарай асып кетіпті!...

Осы көріністі тамашалай отыра, қалыңдығы жиырма отыз метрдей алты қақпадан өттік те, жетінші қақпаға кеп тірелдік. Ол ара қаптаған машина, сапырылған қалың адам екен.

— Соңғы қақпа осы,— деді Гун Мо, машинадан түскеннен кейін,— бұдан әрі өтуге ерекше пропуск керек.

Іргесінен қарағанда байқадық: қақпа да, қамалдың екі жақ қанаты да биік екен,— Вадимның шамалауынша, қақпаның биіктігі — он бес, қабырғаның биіктігі он метрдей бар. Қабырғаның да, қақпаның да сырт жағы гранит тасымен қапталған.

Ашық күнде жеңіл киінген көңілді жұрт, «ішкі саты» аталатын әлденеше қуысты бойлай, қамалдың төбесіне де кетіп жатыр, төмен де түсіп жатыр.

Басқышты бір қуысқа біз де кіріп, иректеле жоғарылаған, граниттен жасалған, мыңдаған жылдар бойы шығып түскен миллиондаған адамның аяғы тайғанақтарлықтай ғып мүжіген баспалдақтармен ентігіп барып «мұнара» аталатын төбесіне әрең шықтық. Кеңдігі үлкен киіз үйдей төбесі ашық мұнараның жан-жағы терезе орнындай үңірейеді, одан алыстағы төңірек көрінеді. Мұнарадан қамалдың екі жақ қыр арқасына шығатын есік бар. Содан шығып байқасақ, «арқа» дегенің жап-жалпақ дүние екен: екі жақтауы гранит тасымен адам бойына жақын биіктеп қаланған, олардың ортасына да жалпақ гранит тасы төселген, оның кеңдігі он метрдей.

Біз көтерілген мұнараның тау жақ өрінде, аралары адақтаған екі-үш мұнара көрінеді. Гун Моның айтуынша, әрбір екі мұнараның арасы мың метр болуға тиісті. Таудың биігіне қарай өрлеген мұнаралардың арасына гранитті басқыштар жасалған, олар кей тұста тайпақ, кей тұста тік.

Жұрт сол басқыштарды өрлей биікке де шығып, төменге де түсіп жатыр. Таудың алыстағы биігіне кеткен адамдарға қарасақ, қуыршақтай ғана боп көрінеді.

— Сонау, ең биікте тұрған мұнара бұл тұстан қанша жер екен? — дейміз біз биікке қарап.

— Кемінде бес-алты километр болу керек. Әрине, алыс! — дейді Гун Мо.— Бірақ, көргісі келгендер алыс-ынбайды, одан да әрі кететіндер, азығын арқалай жүріп, әлденеше күн қыдырып қайтатындар болады.

— Біз қайтеміз? — дедім мен Вадимге.

Олай деуім — аяғының кемтарлығын еске алуым. Әлгінде қамалдың үстіне қиналып шыққан ол, таудың биігіне қалай өрлейді? Өрлей алмаса, біз оны тастап, қалай кетеміз?

Бұл ойымды түсінгендей, ақ-жарқын мінезді Вадим,

үлкен көк көзін күлімдете төңкеріп бір қарап қойды да:

— Біз де көтерілеміз! — деді нық дауыспен.— Жеткен жерімде мен отыра тұрармын, сіздер де жеткен жерлеріңізге барып қайтарсыздар?..

Тәуекелге бел байлап бізбен бірге көтерілген Вадим, көп жерге дейін барды. Одан әрі Вера, Гун Мо үшеуміз тағы да біраз жер көтерілдік, бірақ шоқыға жете алған жоқпыз,— тік көтерілген биік сатылар санымызды талдырып, біраздан кейін аяғымыздың сіңірін қарыстырып тастады. Вера Кетлинская маған «сенен гөрі жасырақ, жеңілірекпін» дегендей, мен шаршаған тұстан әрі қарай тырмысып көрді де, аздан кейін, жоғарырақ тұстан «шаршадым!» деп айғай сап, біраз дем алған соң кейін қайтты.

«Ойнасақ та біраз шаптық» деп бір қазақ айтқандай, тыныстай көтеріліп, біз көп жер барып қалған екеміз. Биіктің шығуынан түсуі қиын болатын әдеті,— әсіресе саны талған адамға!..

Кейін оралған біз, Вадимға әрең жеттік. Мана Гун Мо тамақ салған сумкасын көтере шығып, Вадимның қасына тастап кеткен. Енді, бір жағынан аздап ауқаттанып, екіншіден, ашық күнде төңіректі тамашалай қарамақ боп, биіктеу бір орынға отырдық. Ас үстіндегі кеңесіміз — Қытайдың өзіміз қырқа жонында отырған Ұлы қамалы. Біз ол туралы жазылған кітапшаны тағы да ашып, мәліметтерін қарай бастадық.

Кітапшаның айтуынша, бұл Ұлы қамал негізінен біздің дәуірден (Айсадан) екі-үш ғасыр бұрын салынып болған.

— Сонда, бұл қамал қашаннан бастап ірге тепкен? — деген сұрауға, Гун Моның айтуынша, жауап берер жан жоқ...

— Тегі,— дейді, Гун Мо, жорамалдап,— бұл қамал хансу (қытай) халқымен бірге жасап келе жатқан болу керек. Хансудың тарихта Айсадан бес-алты мың жыл бұрын белгілі екенін әдебиеттен өздеріңіз білесіздер.

Белгілі тарихының өзі Айсадан екі-үш мың жыл бұрын басталатын бұл қамал, сыртқы елдермен (Гун, Монгол, Манжур т. б.) соқтығысқан шақтарда кейбір тұстарында қирай жүре, Мин патшалығының кезінде (14—17 ғасырлар) көзір белгілі тұсы салынып болған, одан кейін жалғаспаған.

Әдеби мәліметтің айтуынша, Ұлы қамалдың тұтасқан

ең ұзын бір жүйесі 1800 километрге созылады. Бірақ, жоғарыда айтқандай, бұл қамал көп жерінде талай рет тармақталып айрылады да, талай өлкелерді қыдырып, біраздан кейін қайта қосылады. Солардың бар тұрқын тұтас алғанда бір мәліметте 5000, енді бір мәліметте 6000 километр деседі.

— Дәлін айта алмайтын себебіміз,— дейді Гун Мо,— Ұлы қамалдың барлық тармағын түгел көрген ешкім де жоқ. Іздеген адамға оның бұрын белгісіз тармақтары да табылатын сияқты. Оған бір мысал, осы ғасырдың бас кезінде, Англияның белгілі археологі Стейн, қамалдың Гоби құмы жағынан, бұрын ешбір тарихта аталмайтын, тұрқы жүздеген километрге созылатын бөлшегін тапқан. Сондай болшектер әлі де табыла беруі мүмкін...

Ұзын тұрқы осынша мол қамал, құрылыс материалы жағынан екіге бөлінеді екен: таулық тұсы — тас, далалық тұсы — қарабура.

Әуелі тастан қаланған жағына тоқтайық. Биіктігі тоғыздан он бес метрге дейін көтерілетін, ені алтыдан он екі метрге дейін жалпаятын қамалдың екі қабырғасы да төбесінен іргесіне дейін шым-гранит тасынан өріледі екен де, ортасына ылайға араластырған ұсақ тас құйылып, қыр арқасына мрамор тасы төселеді екен. Жалпақ қақпаларының жақтаулары мен төбесі ашық мұнаралары түгелімен гранит я мрамор сияқты жел-суға төзімді тастан қаланады екен. Сол тастардың кейбірінің ауырлығы бірнеше тонналық!.. Сонда, кәзіргі техниканың бірі де жоқ қытай, сол ауыр тастарды бұдан екі-үш мың жыл бұрын қалай көтеріп шығарды екен?! Әсіресе биік мұнараларды қалауға? Ұлы қамалдың өн-бойында ондай мұнаралардың саны 60 мың деседі!

Гун Моның айтуынша, жалпы тұрқы кейде бес, кейде алты мың километр саналатын Ұлы қамалдың төрттен үші осындай тастан қаланған, оның аты үш-төрт мың километр деген сөз! Бір инженердің есептеуінше, қамалдың әрбір километріне 42 мың текшеметр тас кеткен, сонда, 3 я 4 мың километрге қанша тас кетпек?!

Тағы бір хайран қаларлық нәрсе,— қамалдың құрылысына жұмсалған бұл тастардың көпшілігі, әсіресе мраморлар, осы маңдағы тауда аз кездесетін көрінеді, көбі Қытайдың алыстағы басқа өлкелерінен әкелінген дейді. Әңгіменің осы тұсында Вадим блокнотын алды да, әлденені есептеп:

— Бір жүз алпыс сегіз миллион! — дейді.

— О не? — дейміз біз.

— Қамалдың құрылысына жұмсалған тас!.. 168 миллион текшеметр!.. Кәзіргі техника жоқ кезде тас қазып алынатын карьерлерде бір текшеметр тасты қопару бір адамның бір жұмалық нормасы болған, сонда 168 миллион текшеметр тасты неше миллион адам қанша мың күнде қопарған?!

— Қопаруын қопарған болар-ау,— дейді Вера Казимировна.— Құлдықтың заманы!... Құлдар әлі жеткенше қопарады да, әлі таусылғанда өледі, оның орнын тағы бір құл басады. Миллиондаған құлдар мыңдаған күндерде қопарған тас қой бұл. Менің хайран қалатыным ол емес...

— Енді не? — деймін мен.

— Соны айтқалы келемін ғой. Ол кезде кәзіргі техникалық транспорттың бірі де жоқ. Гун Мо жолдас мына кесек тастардың көбі алыстағы аудандардан тасылды деп отыр. Сонда, осынша ауыр тастарды немен әкелген және осынша көп тасқа көлік қалай жеткен?

— Ия! — дейді Вадим желкесін қаси жымиып,—көне заманның ақыл жетпейтін ісі бұл!.. Оған тағы бір дәлел,— ертедегі Мысырдың (Египет) пирамидалары ғой.

— Тәйірі, пирамиданы айтады ғой,— дейді Вера кейіп, — Қытайдың жалғыз осы қамалының өзі мыңдаған емес, миллиондаған пирамидаға татымай ма?!..

— Рас! — дейміз біз.

Қарабура туралы. Хұрметті оқушы жолдас! «Өз сөзін өзі мысалға алады» деп мені сөкпеуіңізді өтінем. «Қарабура» дегеннің не екенін «Сыр-Дария» романында сипаттағам. Сол сөзді бұл жолы да еске түсіре кету қажет болып отыр.

Романда ол әзен суын бөгеуге қолданатын құрал еді ғой. Оның жасалу тәртібі былай еді ғой: жас қоғажайдан ұзын арқан есіп, араларын метр шамасындай ғып қаз-қатар жаяды; оның үстіне қалыңдығы қарыстай ғып көлденең қамыс төсейді, қамыстың үстіне қалың ғып құм араласқан құрғақ топырақ шашады да, оның үстіне су себеді, шаң түгел дымқылданып болғаннан кейін арқанға жайған қамысты, арқандарын ішіне қоса, шетінен киізше шиыршықтап бүктейді, бүкіл жайма бүктеліп болған кезде — ұзын және жуан бөрене болып шығады,

«қарабура» дегеніміз осы. Тұмсығын судың ағысына қарсы келтіре, осы қарабураларды бірінің үстінен бірін тығыздай, үстін судың бетінен биіктете шығарып төсесе, өзенді бөгейтін тоған боп шыға келеді. Қазіргі цемент, темір-бетон сияқты суға берік материалдар жоқ кезде судың бөгесініне қарабура ең мықты материал болған. Егінді суарумен ғана шығаратын барлық шығыс елінде өзен суын бөгеп пайдаға асыруда қарабура барлық жерде де қолданылған.

Сол қарабураны қытайлар өзінің Ұлы қорғанына да қолданыпты. Қорғанның батыс-күнгей жағы құмдақты немесе тақыр далаға шығып кетеді екен, ол бөлшектің ұзын тұрқы 800 километрдей екен. Бұл тұста тастақ жер аз кездесетіндіктен, кездескен тасы борбас (известняк) болғандықтан, ол жел-суға тез тозатындықтан, қытайдың көне замандағы данышпандығы ең төзімді материал деп, Ұлы қамалының құрылысына қарабураны қолданған.

Қытайлық жолдастардың айтуынша, Көне Қытайдың сенімін қарабура ақтап, шөл далада да жел мен суға бой бермей, сыртқы жаулар қасақана бұзған тұстары болмаса, өзге тұсы, қамыстарының үші кірпінің тікеніндей түксиіп, әлі күнге дейін қарап тұр!...

Осы сөз рас боп шықты. Пекиннен Үрімшіге ұшқан бетте мен мінген самолет, Ланчжоудан шыға, Гоби шөлін жиектей отырып, Богда тауы жақ беттегі Жю чуань аэропортына қонды. Оған қонар алдында, тақыр шөлді қақ жара, ирелеңдей шұбалған бірдеме көрінді. Бұл бетке бастап келе жатқан Ню Чань-чинь жолдастан сұрасам, Ұлы Қытай қамалының Гоби шөлін кезе шыққан қанаты осы екен.

Аэропорттан қамалдың ең жақын тұсы 18-ақ километр боп шықты. Ұзақ ұшқан самолет ол арада сағат жарым бөгеледі екен. Аэропорт начальнигі Бао Чинь-чань жолдасқа осыны айтып, Ұлы қамалды көріп қайту тілегімді білдіріп ем:

— Хұп болады! — деді ол.

Үш кісі машинамен тартып кеттік. Ұнтақталған қоңыр тас жамылған жап-жазық, төсеген тақтайдай теп-тегіс, бетінде бір қылтақ түгі жоқ, ұшы-қиыры көрінбейтін тап-тақыр дала! Не деген кең дала!.. Миллиондаған самолет қонса да еркін сиятын! Ұнтақтала жентектелген

тастарына мал түгіл трактордың да тұяғы із түсіре алар емес!..

Қамалға жеттік. Бүлінбеген тұсы екен. Мыңдаған жылдардың желі қағып, жаңбырының суы шайып топырағын түсірген, қабаттаса жатқан қарабуралардың түксиген тұмсықтары домалана, үйіле жатқан миллиондаған кірпілерге ұқсайды.

Ол тұстың қақпасы мен мұнарасы да сақталған екен. Мұнара төбесіне шығып жан-жаққа қарасақ, шетсіз-шексіз кеңдіктен басқа іштеңе көрінбейді. Тек батыс жақта, аса алыстағы көгілдір күңгірт далада, көкжиектен бөлкім жоғарырақ, шөкім бұлттай ғана әппақ бірдеме бұлдырайды.

— Бұлт болар бұл? — десем,

— Боғда тауының сағымға көтерілген қарлы шокысы болар,— дейді Ню Чан-чинь.

Төңіректі аз уақыт шолып болғаннан кейін, уақыттың аздығын еске алдық та, кейін оралмақ болдық. Сонда ғана менің ойыма бір өкініш түсті: бұл арадағы мұнара да тастан қаланған екен, оның өн-бойы әр замандағы түрлі тілдегі жазудан шұп-шұбар. Солардың арасында менің жазуым қыстырылғандық та тар орындар көрінеді, бірақ немен жазам? Қарындашпен бе, қаламмен де? Қаншаға шыдайды ол жазу? Бұндағы жазулар түгелімен сырлы бояу. Менде ол жоқ! Осы өкінішімді айтқанда:

— Бояу бар! — деді Ню Чань-чинь жымиып.

— Қайда? — дедім мен қуанып кетіп.

— Мұнда! — деді де, Ню Чань-чинь портфелін ашты.

Қағазға оралған кішкене қалбырдағы көк түсті сыр. Кистасы қасында.

— Бұны неге алдыңыз? — дедім мен қуанғаннан не дерімді білмей.

— Сіз үшін! Осы арада сізге қажет болар деп...

Не алғыс айтуға білмей қалдым мен. Бұл іске хайран қалған менің іштей айтқан сөзім: «Өзің қозғамасаң өздігінен саған іштеңе айтпайтын, әр сөзің өлшемді, аз және бос сөз емес, істің сөзі, үндемей жүріп алысты болжайтын және боска болжамай, тигізетін нысанасына дәлдеп ататын қытай-ай, бұл жолы да сол қалпыңа бақкан екенсің!».

Ню Чань-чиньнің айтуынша, бұл мұнараның тасында, қытайдың ешуақытта өшпейтін бояуымен сырланған

мыңдаған жылдардың жазуы бар. Солардың ішіне мен де қыстырылып, Ню Чань-чиньнің өшпейтін бояуымен, қытай иероглифымен және кәзіргі қазақ әрпімен бұл араға келген күнімді, аты-жөнімді айқын ғып бояттым.

Тақырыбымызға оралайық, ол — Қытайдың Ұлы қамалын жалпы суреттеу еді ғой. Қамалдың жалпы көлемін, жұмсалған материал мен күштің мөлшерін жоғарыда келтірген мысалдармен шамаладық.

Ал енді, осы қамалды Қытайдың салу мақсатына келсек,— сыртқы жауынан қорғану ғой. Бұдан келіп туатын сұрау,— осынша материал, осынша күш жұмсап, әлденеше ұрпақтың еңбегін сарып қылған Ұлы қамал хансу еліне қорған бола алған ба?

Бұл сұрауға жауап беру үшін, қысқаша түрде болса да, Ұлы Қытайдың тарихына үңіліп көрейік.

Қытайдың дүние жүзіндегі ең көне халықтың бірі екенін, оның алғашқы рулары тарихта Айсадан төрт-бес мың жыл бұрын мәлім болғанын, бытыраңқы қытай руларының басын қосып тұтастыруға кіріскен «Инь» немесе «Шан» аталған мемлекет Айсадан мың жарым жыл бұрын дәурен сүргенін біз әдебиеттен жақсы білеміз.

Инь түгел тұтастыра алмаған Қытайдың көне өлкесін, Айсадан үш-төрт ғасыр бұрын құралған Цинь патшалығы жинайды. Россиядан басқа елдің бәрі «Қытай» демейді, «Чинь» дейді, қазақ та ерте кезде бұл елді «Шін» деп атаған, атақты қазақ әншісі Естайдың «Хорлан» дейтін әнінің қайырмасындағы «шін-машін» де осы «чинь», бұның бәрі «Цинь» мемлекетінің атынан туған. Россияның «Китай» деп атауы Қытайдың Россияға шектес «Кидан» деген руы болуынан көрінеді. «Кидан» — «китай» делініп кеткен.

Айсадан екі ғасыр бұрын Қытайда «Хань» патшалығының дәуірі басталады. Оның алғашқы патшасы Лю Бан қытай тұқымдас рулардың басын түгел құрастырып, бүкілқытайлық ұлы мемлекет жасайды. Қытай халқының күні бүгінге дейін өзін «хань ұлты» яки «хансу» атауы сондықтан.

Хань заманынан кейін, кейде бөлшектеніп, кейде тұтасып дәурен сүрген Қытайды 1234 жылы монғол Шыңғыс хан жаулап алды да, «Ақ орда» деген атпен ұлы мемлекетінің бір бөлімін құрады, астанасы — Пекин болды. Шыңғыстың немересі Қобылай хан оны «Ханбалық», яғни «ұлы астана» деп атайды. Бұл оқиғада бірін-

ші хайран қаларлық нәрсе — көшпелі монғол елі шабуыл жасағанда, қанша ұзын, қанша берік, қанша биік болғанмен, Ұлы қамалдың бөгесінге жарамауы болса, екінші қайран қаларлық нәрсе — әрі отырықшы, әрі қамалы мен қорғаны көп қалалары бар, халқы әлдеқайда көп, әлдеқайда мәдениетті Қытайдың мәдениетсіз, көшпелі аз ғана монғолдан жеңіліп, билік тізгінін оның қолына беруі. Тарихшылар бұған Қытай князьдарының сол бір тұста өзара қиян-кескі боп жауласып жатуынан басқа себеп таба алмайды. «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» деген қазақ мақалы өмір шындығынан тууы осы арада тағы бір рет расталады.

Төрт ғасырдай монғол хандығы билеген Хансуды 1644 жылы теріскей жағындағы көршілесі — Манжур мемлекеті жаулап алады. Ол да Қытайдың оннан бір бөлшегіндей ғана ел. Манжур де Қытайдың Ұлы қамалын аттап өтеді, оған да ұлы хансу төтеп бола алмайды. «Цин »аталған бұл патшалық XX ғасырдың он бірінші жылына дейін дәурен сүреді де, соңғы «патшасы» бес жасар Пу И-дың құлауымен аяқталады. Осымен, ұзын тарихы екі жарым мың жылға жақындайтын қытайлық монархия біржола бітіп, Қытайда республикалық дәуір басталады. Бірақ, қандай?..

Империализмнің қанды қолы Қытайға өткен ғасырдың орта тұсынан бастап кіргенін, содан бастап «Қытай патшасы» деген адамдар шет елдік капиталистердің қолындағы қуыршақ қана болып қалғанын біз тарихи материалдардан білеміз.

1911 жылы бес жасар «патша» — Пу И құлап, монархияның орнын республика алғанмен, оның өкімет басты-ғы — Юань Ши-кай хансу халқына емес, Чжунго (Қытай) мемлекетін бірге талап отырған Англия, Франция, Америка, Жапония және Россия империалистеріне қызмет қылып, барлық әрекетін солардың пайдасына бағындырды. Бұл қылмысқа қарсы тұрған гоминдан, әкімшілік Сун Ят-сеннің қолына тиген шақта (1917—1925 жылдарда) прогрестік роль ойнады да, Сун Ят-сен өлгеннен кейін өкімет билігін қолына алған Чан Кай-ши тұсында (1927—1949 жылдары) реакциялық жолға түсіп, халық бостандығына, революцияға қарсы шығады, 1937—45 жылдары Қытайға өктемдігін жүргізген жапон басқыншыларымен ауыз жаласады.

1921 жылдан, Мао Цзэ-дун жолдастың бастауымен, Қытайда Коммунист партиясы ұйымдасады да, аз жылда революциялық істерге жетекшілік ететін ұлы күшке айналады. Қатары жыл санап көбейген, халық арасында беделі жыл санап артқан Қытай Коммунист партиясы, ұлт тәуелсіздігіне, ұлт бостандығына 600 миллион Қытай халқын түгел көтере алады да, 1949 жылы ішкі-сыртқы жауларын жеңіп, бұл ұлы мемлекеттің күнгей-шығысындағы үлкен аралы — Тайвань мен күнгейіндегі кішкене аралы — Гонконгтен басқа барлық өлкесіне, баяғы Хань заманынан кейін, Қытай тарихында бірінші рет Ұлы Қытай мемлекетін құрады.

Бұндай мемлекет құру қытай халқына да, оны басқарушы Коммунистік партияға да ауыр күреске түскенін біз баспасөз мәліметтерінен білеміз. Қытай елін аралаған адам бұл күрестің қызық іздерін көреді.

Қытайдың аспанында ұшқан адамның көзіне, кездескен таулар мен төбелердің шоқтығына салынған үйлер, қорғандар шалына кетеді. Бұндай қорғандар мен үйлер, Синьцзян өлкесінде де көп. Бірталайы Қытайдың Советке шектесетін қырқаларына да орнаған.

Буларды алғаш көргенде біз: «бұрынғы князьдардың мекені болар» деп жорамалдағамыз. Артынан білсек, бәрі де Чан Кай-шидің революциялық күштен қорғану үшін жасатқан қамалы екен. Не деген көп қамал!.. Не деген көп материал, не деген көп күш кеткен!..

Бірақ, революциялық күшке бұл қамалдың ешқайсысы да бөгет бола алмаған. Коммунистік партия басқарған халықтық армия ешбір қамалға бөгелмей, қытай жерінен ішкі-сыртқы жауды түп-түгел түріп шығып, жоғарыда аталған екі аралдан басқа өлкесіне халықтық өкімет орнатқан.

Екі арал туралы аз сөз: 1949 жылы біржола құлаған Чан Кай-ши өкіметі, Қытайдың кең жерінен қуылған соң, Тайвань аралына қашып тығылды да, Америка империализмінің панасына кіріп, соның қорғауымен, әлі күнге дейін аралды иемденіп келеді. Қытайлықтардың айтуынша, Чан Кан-шидің Тайвань аралынан қуылар шағы алыс емес! Ал, Гонконг ше?

Тайваньмен салыстырғанда, оның көлемі титімдей-ақ. Өзі, Қытайдың күнгейлік қаласы — Кантонның қасында. Сол тұстағы «Қытайдың Оңтүстік теңізі» аталатын суға, Кантон қаласын қақ жарып өтетін «Меруерт өзені» құя-

ды, өзеннің теңізге құйылысын қытайлар «Жолбарыстың аузы» деп атайды.

Кантонға барған сапарымызда біз кememен «Жолбарыстың аузына» да кірдік. Одан әрі теңізге шығуға болмайды екен, себебі: Гонконг ағылшындардың қолында.

Міне ғажап! Жүз жылдай билеген, Қытайдың жалпақ жерінен қуылған ағылшын империалистері, аумағы алақандай ғана аралда не бітірем деп отыр?!

— Түк те бітіре алмайды! — дейді кемеде менімен қатар отырған қытай ақыны Чень Лю-тинь,— жүз жылдай дәнін сорған Қытай жерін қимаудың ісі бұл!.. Бұрын бұл арада Қытай үшін жолбарыстың аузы болса, енді Англия үшін жолбарыстың аузы, енді Гонконгтен бір адым бері аттаса-ақ,— жолбарыстан жаман шайнаймыз. Гонконгтан қуылар күні де жақын!..

Қытайдың Ұлы қамалы туралы сөзімізді енді қорытайық. Қамалдың қыр-арқасында отырып, ол туралы біраз уақыт философия соққаннан кейін:

— Күн де кешкіріп барады, мүмкін, енді кейін оралармыз? — деді Гун Мо бізге.

— Мақұл! — дестік біз.

Орнымыздан көтеріле берген бізге:

— Жолдастар,— деді Гун Мо,— тарихи ескерткіштік жағынан бұл қамалдың да, басқаша қымбат мұраларымыздың да көруге қызық екені рас. Бірақ, қанша ұзын, қанша биік, қанша берік болғанымен, бұл қамал Қытай елін сыртқы жауынан бұрын да қорғай алған емес, әлі де қорғай алмайды. Халықтық Қытайды енді ешуақытта ешбір жауға алдырмайтын жалғыз ғана берік қамал бар, ол — ленинизм!.,

II. МИННІҢ МОЛАСЫ ҚАЙДА?

Пекин төңірегін аралаған күндердің бірінде біз «Мин патшаларының моласы» деген бағытқа сапар шектік. Ол — Қытайда 1368—1644 жылдары дәурен сүрген патшалық. (Жақша ішінде айта кететін сөз; «патшалық» деп отырғанымыз — «династия». Ол — бір тұқымнан тараған ұрпақтың біріне бірі жалғаса патшалық құруы. Қытайдың тарихында бұндай династияның он шақтысы ауысқан. Династиялардың астанасы әр қалада болған. Мин династиясының астанасы — Пекин, ол династия

патшаларының моласы Пекин төңірегінде болатын себебі де сол).

Қытай ескілігінен нелерді көру сөз болғанда:

— Мин патшалығының моласын көрулеріңіз де жөн,— десті, қытайлық достар.

— Неге — деген сұрауға:

— Күнібұрын айтса қызығы кетеді, көзбен көргендеріңіз жөн, біздің әзірге айтарымыз: барғанға өкінбейсіздер,— десті қытайлар.

Асфальтты жолмен зымыраған біздің машинамыз теріскей-батысқа қарай жөн тартты. Тағы да екі жеңіл машинада жеті-сегіз кісіміз.

Жиі цуньдардың (село) жігі қайда екенін бойы сорайып, сап-сары, жап-жалпақ басы күнге қарай қисайған қадақ-құдақ күнбағыстар ғана айырады. Бітік егіндерді аралай созылған асфальтпен зымыраған машина, шамасы отыз-қырық километр жүргенде кең даңғылдан, ені тарлау, оң жақтағы жолға ойысты.

Қытайдың басқа жолдарындай, бұл жолдың да екі жиегі қаз-қатар өсіп тұрған, жапырағы сұрғылттау, бұтақтары кең жайылған қарағаш пен жиделер.

Алдыңғы машинада келе жатқан менің көзіме, машина бұрылыс жолға түсе бере-ақ, алдыңғы беттен ағарандап, тас үйдің биік қабырғасы сияқты бірдеме елестей кетті. Оның не екенін білмесем де, қасымдағы қытайдан сұраған жоқпын, өйткені бұрын көрмеген нәрсе Қытай жерінде өте жиі кездеседі де, «о не?.. бұ не?..» деп сұрай беруге адам ұялады.

Ағарандағанға жақындаған шақта, «үйдің қабырғасы» дейін десем — біріншіден, өзге қабырғалары жоқ, екіншіден,— орта тұсындағы биік есігінен басқа тұлғасы тікейген бағаналар сияқты, олардың арасы да, биік қақпаның маңдайшасы да керіп қойған ақ түсті жалпақ кружева сияқты боп бұлдыраған бірдеме. Бұл не?

Жақындап кеп тоқтасақ, ақ мрамордан әшекейлей оюлап жасаған қақпа екен!..

— Мин патшалығының моласы бар жерге жету осы қақпадан басталады,— деді Гун Мо.— Бұл қақпа, сол молаға кіргізетін соқпақтың бергі бетіне әдейі салынған.

Қақпаны түсіп көруге тура келді. Өйтпегенде ше? Түр-тұрпаты көркем өнердің ғажап нұсқасы сияқты!..

Айнала жүріп көрсек, шынында да бұл ғажап нұсқа

екен! Ең алдымен, қақпаның жалпақ ені он бір метр, биік тұрқы тоғыз метр. Осынша мол қақпаның әрбір бөлшегі, әрбірі бірнеше тонна тартатын кесек мрамордан құралған! Кәзіргі техниканың бірі де жоқ Қытай, бұдан бес-алты жүз жыл бұрын бұл ірі тастарды бұл араға қайдан әкеп қалай көтеріп қойған?!

Одан да кереметі,— жіктері білінбей құрастырылған мрамор тасының бетіне, будда дініндегі көк құдайының бейнесі — айдаһардың иреленгеген жуан денесі, ғажап зор шеберлікпен, тамаша көркем боп ойылған!


Тасқа, сүйекке, ағашқа нелер түрлі нәзік оюларды түсіруде Қытайға дүние жүзінде таласар шебер ел жоғы мәлім. Соның бір куәсі — осы қақпа. Бұның өн-бойында да нелер ғажап оюлар бар. Мраморға сонша нәзік оюлар отырғызуға қандай өткір құрал табылды екен, ол қол мен ол құралға сынбай, кетілмей тас қалай көнді екен?!

Қақпадан әрі біз жаяу кеттік. Өйтпегенде ше? — Арғы бетте, жақын жерде, көркем өнердің тағы да ғажап нұсқалары бар екен: бергі бетте, екі арасы он метр жерде, біріне-бірі қарсы қарай шөгіп, ақ мрамордан жасалған екі арыстан жатыр, денелерінің үлкендігі кәдімгі тірі арыстаннан бір жарым есе, және өзі құраусыз тұтас мрамордан ойылған түр-тұлғасы тірі арыстаннан еш жері де аумайды!

Одан әрі он метрде — құйрығынан шоқия отырған екі арыстан, одан әрі сондай жерде түрегеп тұрған екі арыстан, одан әрі, осы бейнеде алты піл, алты түйе, алты ат, алты есек, одан әрі, араларының алшақтығы сондай мөлшерде екі солдат, екі офицер, екі генерал, екі кіші имам (священник), екі орта имам, екі лама (хазрет), одан әрі — патша, патшадан әрі, ламадан бастап шөккен арыстанға дейін, араларының алшақтығы да, түр-тұлғалары да біркелкі фигуралар қайтадан басталып кетеді!..

Қаз-қатар қойылған бұл ғажап көркем мүсіндердің (статуя) бергі басынан арғы басына дейін алты километр жер алады дседі. Біз бұл алшақтыққа жаяу жүріп, фигуралар екінші рет қайталанғанмен, бастан-аяқ түптүгел көріп өттік. Өй, тамаша!..

Мүсіндердің аржағында төрт-бес километрдегі «Мин патшаларының моласы» аталатын алап, таусымақ, орманды өлкенің бергі етегінен басталады екен. Бұл



Мин династиясының молаларына баратын жол.

алап та қалың, биік қорғанмен қоршалып, қай тұстан сақиналанары белгісіз қабырға, таудың екі жақ қанатына өрлеп шығып кеткен. Қорғанның аласалау қақпасы да мрамордан әшекейленіп жасалған.

Қақпаға кірсек, бұнда да қытай стилі екен: бірінен шықсаң біріне кіретін, төбелері қайықтай қайқаң келген, көлденең тұрған көркем үйлер; бәрінің де басқыштары, есіктері, олардың төңірегінде әр тұсқа орнатқан құдайлардың суреттері, басқа әдемі мүсіндер түгелімен оюлы мраморлармен әшекейленген; зор үйлердің залдары кең, биік және «пагода» аталатын будда мешітінің түрінде салынған, іштері толған будда құдайлары.

Пагоданың бірнешеуінен өткеннен кейін, биік төбенің етегіндегі біреуіне келдік. Тікшілдеу басқышпен жететін есігінің алдындағы қуыста, семіз денелі будданың зор ғып жасалған (үш метрдей) толық мүсіні тұр. Бұл үйді біраз аралап, ғажаптарын тамашалағаннан кейін:

— Үй астында тағы бір жол бар, бірақ оған кіруге болмайды,— деді Гун Мо.

— Неге?

— Патшалардың қабырына кететін жол.

— Оған неге ұлықсат жоқ?

— Болар еді ұлықсат,— деді Гун Мо жымиып,— егер белгілі қабыр болса!..

— Неге белгісіз болады ол?

— Өзім түсіп көрген емен,— деді Гун Мо,— түсушілердің айтуына қарағанда, осы үйдің астынан басталатын қараңғы үңгір, әлденеше тарамға бөлініп, ол тарамдар әлденеше рет тоғысып, әлденеше рет тарап, қар жауған кезде шұбырған малдың ізіндей шым-шытырық шиыр боп кететін көрінеді. Ол шиырлардың қанша тарамға бөлініп, қайда барып тұйықталуын бұрын да білген ешкім жоқ, кәзір де ешкім білмейді.

— Не үшін жасалған ол үңгірлер?

— Мин патшаларының өздері мен тұқымдарын көму үшін.

— Өзге көрмегенмен, көмушілер де көрмеген бе патшалардың қабырларын?

— Тірі қалса көреді ғой олар, егер өлсе ше?

— Қалай?!

— Естігенімді айтайын: мин патшалығының алғашқы патшасы — Чжу Юань-чжан деген кісі екен. Көршілес елдермен жауласқан ол бір жорықта көп адамды қолға түсіреді де, солардың ішіндегі бір сұлу қызға ғашық боп үйленеді. Әрине, бұл — зорлықтың үйленуі. Патшаның бұрын да көп әйелі болады, патша олардың бәрінен де безіп, көңілін әлгі сұлуға біржола бөледі. Өзге әйелдері күндеп, сұлуды өлтіреді. Оған кектенген патша, өлтірушілерді де өлтіреді.

— Бұл молаға алғаш көмілген сол сұлу екен,— дейді Гун Мо.— Аңыздың айтуынша, патша сүйген ғашығын үлде мен бүлде сияқты асыл маталарға бөлейді, алтын, күміс сияқты асыл металдармен, қымбат тастармен табытын толтырады, осы асылдарды біреу ебін тауып ұрламасын деп, таудың етегінен түбіне қарай шым-шытырық үңгір қаздырады да, сұлуды қиын тұстағы біреуіне жерлетеді, өзге әйелдерін басқа үңгірлерге көмдіреді...

— Қатал екен! — деді Вера Казимировна тітіркеніп, — рахымсыз екен!

— Одан да жаман рахымсыздығы бар,— деді Гун Мо.— Сұлуды көмуге апарғандар, көмген жерді айтып қояды деп, көміп болған оларды күнібұрын әзірленген үңгірмен жібереді де, тоскауылда тұрған жендеттер оларды түгел өлтіреді, ол өлтірушілерді тағы бір тоскауылда күткен жендеттер өлтіреді, сөйтіп, өлтірушілер де

бірін бірі тосып өлтіріп, патшаның өз тұқымынан басқа бір адам да бұл үңгірден тірі шықпайды!..

— Жауыздар! — деп қалды, сабырлы Вадим да мына зұлымдықты естуге төзе алмай.

— Бұл қылмыс жалғыз осы уақиғамен ғана тынбаған,— деді Гун Мо.— Патша тұқымынан одан кейін өлгендердің бәріне де осылай көму салт боп кеткен.

— Патшалар солай көмілсе, шаруасы нашар адамдар, мезгілдің қыс сияқты ауыр шағында өлген адамдарын көмуге күші келмей, жағдайы келгенше өз үйінің іргесіне көме тұратын болған. Жағдайы келмесе, сол орында шіріп қалған.

— О да аянышты екен,— дедік біз.— Патшалармен бірге көмілген асылдарды кәзір іздеп табуға болар ма еді?

— Табу үшін тауды қопару қажет болар еді,— деді Гун Мо қуланып. — Оған жұмсаған уақытты, геологтеріміз іздеп тапқан қымбаттарымызды қазып алуға жұмсасақ болмай ма?!

— О да жөн екен,— дедік біз.

Демегенде ше?

Пекиндегі алған мәліметіміз бойынша, жер астының кені көптігі жағынан Қытай дүние жүзіндегі ең бай мемлекеттің бірі. Менделеев системасына кіретін кен атауларынан Қытай жерінде табылмайтыны жоқ және бәрінің де қоры сарқылмайтын мол. Қытай жеріндегі мұнай мен көмірдің де молдығы сондай. Бұрын шет ел капиталистері шет-пұшпақтап қана пайдаланған бұл мол байлыққа, азаттыққа қолы жетіп, халық үкіметін құрған Қытай білегін сыбана кірісіп, бұрқырата игеріп жатыр. Осынша мол байлық шебер елдің қолымен түгел іске асса, мәдениет биігіне Қытай шарықтамағанда кім шарықтайды? Оның аз жылда капиталистік елдерді экономикалық және техникалық жақтан басып озып, социалистік күшті мемлекет болуына да кепіл осы байлығы емес пе?

Қытайдың жер байлығына да, еңбек сүйгіштігіне де, шеберлігіне де көзіміз жеткендей болған біз, Мин моласының өлкесін біраз тамашалағаннан кейін, кештетіп Пекинге оралдық. Қайтып келе жатқан жолда:

— Патша билеген заманда халықтың қолынан туған игілік кеше көрген Ұлы қорған мен бүгін көрген мола маңы ғана емес,— деді Гун Мо,— сіздер әлі Қытайдың өзге қалалары түгіл, Пекинді де сұғына аралап көрген

жоқсыздар. Егер араласаңыздар, бүгінгі ұрпаққа ескіден мұра боп қалған салтанатты қымбаттың да, сиықсыз арзанның да талайын көресіздер.

III. ТЫЙЫТЫҚ КӨШЕЛЕРІНДЕ

Ертеңнен бастап біз Пекин қаласының іші-сыртын сүзе аралап кеттік. Бұл қала «ішкі», «тысқы» боп екіге бөлінеді екен.

«Ішкі» дегені — патша сарайы орналасқан алап. Айнала кірпіш қорғанмен қоршалған бұл төртбақ алаптың ұзын тұрқы сегіз, көлденеңі бес километр деседі. Бірнеше ғасырдың бойына, бірнеше патшаның заманында үстеле сәнделген сарай алабы кейінгі ғасырда кемеліне келіп болғанға ұқсайды.

Ең алдымен, сарай қорғанының іші қалың бақша. Бізді бастап жүруші адамның айтуынша, тропикалық жақтағы болмаса, бүкіл Қытай жеріндегі ағаш түрінен бұл бақшада шықпайтыны жоқ. Бұрын көргені де, көрмегені де көп ағаш түрлерін тамашалап жүргенде, бастаушымыз біздің көңілімізді «Қытай кедры» деген ағашқа ерекше бөледі. Бұтақтарына қатқыл қабықты жаңғақ қаптап қалың шығатын, қарағаймен аталас бұл кедрдың өзге түсті кедрлерден айырмашылығы — мың жылдап жасауы болса керек. Расы ма, әлде ойдан жасалған жорамал ма,— діңгегіне екі-үш кісінің құшағы зорға жетерлік, кең жайыла өскен түпкі бұтақтарының жуандығы анау-мынау жуан ағаштардан толық бір кедр ағашты бастаушымыз: «Біздің дәуірдің үшінші ғасырында жасаған Вэй династиясының патшасы Чжугэ Ляньның өз қолынан отырғызғаны» дейді. «Өнуіне мың жарым жылдан асқанмен,— дейді бастаушымыз,— бұл ағаш әлі күнге дейін жеміс береді».

Тағы да сол бастаушымыздың түсіндіруінше, қосымша үйлерді есептемегенде, бұл қорғанның ішінде, ордасы, храмы аралас, жетпістен астам басыбайлы сарайлар бар. Ол сарайлар, іші-сыртын әшекейлеген қымбат тастардың түсіне қарап: ақ, сұр, көк, жасыл, сары... деген сияқты аттарға бөлініп кетеді. Солардың ішінде я төңірегіне орнатылған неше түрлі тұлғалардың, мүсіндердің, өрнектердің бағасы аса қымбат. Мәселен, «Тоғыз айдаһар» аталатын жалпақ, биік қабырғаның екі бетін тұтас жапқан айдаһарлар мен оларды қоршаған дуалда көр-



Тоғыз айдаһар дуалы.

кем табиғаттың бейнелері түгелімен әр түсті, ең асыл тастардан құрастырылған. Ақшаға шаққанда бұлар миллиондаған сом алтынға бағаланатын көрінеді!

Қытайға таудың орнын көл, көлдің орнын тау ғып жіберуден оңай нәрсе жоқ. Бұл тақырыпқа алда да талай ораламыз. Әзірге айтарымыз — төңірегі биік, берік қорғанмен кең қоршалған сарай алабының батыс жағы, ол шеті мен бұл шетіне көз жетпейтін «Теріскей теңізі» аталатын көлмен көмкеріледі. Көлдің сарай жақ жағасы, үстіне қалың орман өскен, ылдиы да, өрі де көп, алыстан мұнарта көрінетін тау, ең биік шоқысында үлкен көлемді, әппақ түсті күмбез.

— Аты не ол мұнараның? — деген сұрауға:

— Бүкіл қытайға әйгілі Аққүмбез осы,— деді бастаушымыз.

Сарай сыртындағы көл жағасына машинамен жеткен біз, одан әрі жаяу кеттік. Серуен жолы тарам-тарам болғанмен, негізгі даңғылы екеу екен, бірі — тауды аралап кетеді, бірі — көлдің қырқа жиегін жағалап кетеді.

Біз әуелі жиекті жағалап кеттік. Ол — сақинадай дөңгеленбей, иректеле, иіріле жүріп отырады екен. Ұшы-қиыры көрінгісіз осы ирек жолдың өн-бойына, астынан майда тас төселіп, үстінен қаз-қатар діңгекке отырғызған шатыр салыныпты. Жолдың әр тұсында орманға, гүлге бөленген, төбесі шатырлы тыныс үйлері, ойын-сауық орындары, ішімдік-жемдік орындар. Жол бойында да, тоқтау орындарында да ерсілі-қарсылы сапырылған, сыпайы киінген, кескіндері көңілді, қимылдары пысық халық.

Көл жағасын біраз аралап, көрікті дүниеге көзімізді біраз тойдырғаннан кейін бастаушыларымыз бізге екінің бірін таңдатты: шаршасақ — келген ізімізбен кейін қайту, шаршамасақ — тауға өрлеп, Аққүмбезді көре кету.

Біз ақылдастық та, соңғысын таңдап, жоталар мен шоқыларды қиялаған жолдармен жоғары өрлей бастадық. Жасаған ісіне ұқыптылығын Қытай бұл жолдың бойында да көрсетіп, тікшіл жердің бәріне де тастан басқыш орнатыпты, ентігіп шығатын өрлерге орындықтар қойыпты.

Біз өрлеген тау, сыртқы бейнесінде тұтас көрінгенмен, ішкі құрылысында әлденеше бөлшектеніп, сай-саласын айқыш-ұйқыш каналдар кезіп кетеді екен. Олардың бәрінде де мөлтілдей толып, шымырлай ағып жатқан су. Таудың шоқылары каналдардың арасындағы аралға ұқсайды. Канал арқылы бір шоқыдан екінші шоқыға өтетін, темір мен тастан мәңгілік қып жасаған көпірлер. Олардың көптігінде сан жоқ сияқты.

Сансыз көпірлер арқылы өтіп, сансыз шоқыларға өрлей отырып, шаршаңқыраған шақта Аққүмбезге де жеттік. Сүттей әппақ мрамордан жасалған, іші-сыртының құрылысы киіз үйге ұқсайтын, бірақ одан бес-алты есе биік, он бес-жиырма есе кең, іші-сырты тамаша оюлармен әшекейленген, ғажап сұлу күмбез!..

Мұнараның әуелі ішін, одан сыртын тамашалап жүріп, төңірегін де түгел көріп алдық. Ең алдымен, бұл шоқыдан бүкіл Пекин алақанындағыдай көрінеді екен: сарайы да, қаласы да, төңірегі де.

Таудың өз бейнесіне бұл арадан көз жүгіртсең, ішін айқыш-ұйқыш кесіп өткен каналдардың арасында, әрбір шоқысы ауға іліккен нән балықтай көрінеді. Каналдардың түп тамыры шалқар көлде. Көл мен каналдарды

тұтас алғанда, көл жағы өлшеусіз зор қаракөк бүйіге, одан тараған каналдар — тарбайта жайған аяқтарына, айқыштанған каналдар — құрған ауына, таудың шоқылары мен сарай өлкесіндегі аралдар — ауға түскен шыбындарға ұқсайды!

Сарай өлкесі бұл арадан, іші — суы жылтыраған каналдармен айқыш-ұйқыш бөлінген орман сияқтанады, орман ішіндегі үйлердің бойы жасыл бақшаға көміліп, көгілдір зағфранмен жабылған қайқақ шатырлары жасыл толқынның ішінде жүзіп жүрген кемелер мен қайықтарға ұқсайды.

«Қалалық өлке» дегеніміздің бейнесі — бұл арадан қарасұрланған түспен үйме-жүйме боп жатқан бірдеме. Өзге қаланы, мәселен, біздің елдегі Қырым, Кавказ сияқты өлкелерде тау саласына орнаған қалаларды биік шоқылардан қарасаң, қоралары, көшелері, орамдары, алаңдары айқын көрініп, жіктеліп тұрады ғой. Аққүмбезден қарағанда, Пекиннің «қала» аталатын бөлшегі олай емес. Ол — тақыр таулардың етегіндегі ығы-жығы тас сияқты, жүйесіз-жіксіз, тұп-тұтас. Қаланың бұл бөлшегіндегі көшелермен жүргенде, екі бетке өскен сәулет ағаштары көп сияқты еді, мына шоқыдан қарағанда олар да көрінбей, қала бейнесінің қара-сұр толқынына батып кеткен...

Қала төңірегінің әр тұсында мұнаралары шошайған храмдар, бақшалар және европалық стильде салынған я салынып жатқан үйлердің тік көшелері, орамдары, кең алаңдары көрінеді.

— Бертінде, Халықтық үкімет құрылғаннан кейін салынған үйлер: оқу орындары, жұмысшылар орамдары, кейбір дипломатиялық корпустар, ипподром сияқты, динамо сияқты тыныс-сауық орындары,— дейді бізге бастаушыларымыз.

Бұл қаланың да әр тұсында түтіні будақтаған биік мұржалар сорайғанмен, өзге елдердің астаналық қалаларындай көп емес. Оның себебін сұрасақ, бастаушымыз:

— Күні кешеге дейін, яғни 1949 жылы Халықтық үкімет орнағанға дейін феодалдық қала боп келгендіктен, завод, фабрикалары аз, олар енді ғана құрылып жатыр,— деп жауап береді.

«Барымыз осы екен деп қалар» дегендей,

— Ірі өндіріске толы қалаларымыз да көп,— дейді бастаушымыз бізге,— оларды да көрсетеміз!

Аққұмбездің өзін де, төңірегін де біраз уақыт тамашалағаннан кейін біз енді төмен түсуге ыңғайландық. Сол кезде, бізге айтпаған бірдемесі қалғандай, бастаушымыз аздап қипаңдаған сияқтанды. Сол халын сезген Вадим:

— Бірдеме айтайын дедіңіз бе? — деді оған.

— Айтатын көп нәрсе жоқ,— деді бастаушы,— тек қана ескертейін дегенім: анау шалқар көлді, мынау ылдыи-өрі көп, орманға бөленген тауды, оның сай-саласын кезіп, арғы шеті сарай алабын аралап кеткен каналдарды сіздер табиғаттың өз сыйы деп тұрсыздар ма?

— Осы сұрауды сізге мен де бергелі тұр ем,— деді Вера бастаушыға.

Бастаушы жауабын айта жөнелді:

— Табиғаттың сыйы емес, адамның сыйы, яғни қытай халқының сыйы. Төрт мың жылдық тарихы бар, соның үш мың жылында қытай халқының солтүстік патшалығына астана болған бұл қалада он бесінші ғасырға дейін, біз төбесінде тұрған тау да, анау Бәйхай аталатын көл де болмаған деседі, бұлардың орны — егістік жазық дала екен дейді. Он бесінші ғасырдан бастап сол орынға қолдан көл жасалып, тау үйіліп, каналдар қазылып, екі жүз жылдан астам уақытта осы біз көріп тұрған түрге келсе керек. Халықтың, оның шеберлерінің қолынан жасалған бұл іс Қытай тарихындағы қымбат мүліктердің бірі.

— Әрине,— дейді бастаушымыз,— патша заманында, патша тұқымы мен олардың нөкерлері ғана болмаса, немесе осы тауда олар қамауда ұстаған аңдар болмаса, басқа тірі жан бұл өлкеге аяғын аттай алмаған. Енді, Халық үкіметі орнағаннан кейін, тау да, көл де, сарай аумағы да еңбекші халықтың демалу, серуендеу, мәдени көңіл көтеру орнына айналды!..

— Онда,— деді Вадим қуланып,— осындай рахат дүниесін жасап кеткен патшаларға рахмет айту керек екен!

— Патшаға емес, халыққа! — деді бастаушы, Вадимның ойын сөзін шын көрген сияқтанып.— Себебі, бұл игіліктің бәрі еңбекші халықтың қолымен ғана жасалды да, ақыры, айналып, соның мәңгілік меншікті мүлкі болып қалды.

Ертеңіне біз еңбегімен және жазушылық шеберлігімен «Қытайдың Максим Горькийі!» аталған, шығармаларының көпшілігі орыс тіліне аударылған Лу Синьнің (1881—1936) музейіне айналған үйге бармақ болып жөн тарттық.

Лу Синьнің музейі «Сыртқы қала» аталатын бөлімде екен. Қытайдың ескі феодалдық қаласы қандай екенін біз осы бөлімді аралап жүргенде көрдік: көшелері қарсы ұшырасқан екі арба жанасып өте алмастай тар, кедір-бұдыр тас төселген көшелердің ілуде біреуінде ғана бірлі-жарымды кәрі ағаш бар, үйлері аласа, қара-сұр, көпшілігінің көше жақ бетінде сауда бұйымының немесе шеберліктің кіп-кішкене дүкендері бар; орамдары қисық, аралары алшақ, машинамыз қысыла-қымтырыла әрең жүріп, қисық орамдарды, тар көшелерді бірталай кезгенмен, қаланың бұл тұсында не әдемі үй, не әдемі храм, не әдемі мұнара кездеспейді, сиықсыз көріністерден қонақтарының көзі талып, көңілсіздік күйге түсті ме дегендей:

— Патшалар мен бектердің де тұрақтарын көрдіңіздер,— дейді бастаушымыз.— Міне енді, қанаушы тап үстемдік құрған шақта еңбекші халықтың қалай тұрғанын көріп келесіздер. Аса таршылықта, аса жағдайсыздықта тұрып келді халық. Мыңдаған жылдарға ұласқан бұл таршылық пен мәдениетсіздік, Халық үкіметі құрылғаннан бастап, жыл сайын аз да болса кеңи, мәдениеттене түсті. Тұрақ мәселесі біздің халықтық Қытайда да әлі шешуін тілеп тұрған ауыр іс. Бірақ біз ол мәселені ұзамай шешеміз, себебі ендігі үйді халық бұрынғыдай қожасы үшін емес, өзі үшін салады...

Бір мезетте бастаушымыз машинаны тоқтатты да:

— Лу Синь музейіне осы тұстағы қақпадан жаяу кіреміз, бұдан әрі машинаға жол жоқ,— деді.

— Мақұл! — дедік біз.

Қақпадан кірсек, бізше «қора» аталатын алап, ішін тіресе ығы-жығы салынған үй екен, бәрі де көшелерде жаңа ғана көрген үйлерімізге ұқсайды, бірталайы олардан да сиықсыз.

Үй-үйдің арасындағы бұлтарысы көп тар жолмен бірталай уақыт қиқы-шойқы жүріп, іштегі бірнеше қақпа мен есіктен өткеннен кейін, бастаушымыз бізді тәртібі тәуір ұсталып тұрған қорасымаққа кіргізді. «Сымақ» дейтін себебім, бойы мен ені үш-төрт метрдей ғана қора-

да тал, акация, арша, бірер алма ағашы бар, олардың арасына әдемі гүлдер өскен екен.

Бастаушымыз, «Лу Синь музейі осы үй» деді де, бізден орындыққа отыра тұруды өтініп, өзі музей қызметкерлерін ертіп келуге кетті. Кешікпей оған еріп екі адам келді: сирек, ұзын ақсақалды қарт, ол музей директоры Ди Ю-юй екен, екіншісі, талдырмаштау денелі, көркем кескінді жас әйел — Сю Тинь-мэн, музейдің ғылми қызметкері екен. Қолдасып танысқаннан кейін ол екеуі бізге музейді таныстыруға кірісті.

Сол қолдағы қоңырша кішкене үй Лу Синьнің тұрақ жайы екен, есіктен кіре ұшырасатын тарлау бөлме — асхана, сол жақтағы екі кровать әрең сиятын бөлме — тыныстайтын орны, оң жақтағы тар бөлме — кітапханасы мен жазу орны. Үш бөлменің кеңдігі көп болса жиырма шаршы метрдей ғана бұл үйде жалтырағаң жасау, жылтырағаң асыл сияқты нәрсе көрінбейді, сәкіге қойылған, қабырғаға ілінген нәрселердің бәрі қара-дүрсін, қоңырқай, жұпыны дүниелер, сонымен қатар бәрі де аса шебер қолдан өте нәзік жасалған.

Бұл үйдің ішіндегі мүліктерден көзді ерекше тартып, көңілді ерекше ұйытатын нәрсе — шкафтардың ішіне, столдардың, скамейкалардың үстіне қатарлана жиналған сұрғылт қағазды, әр түсті мұқабалы кітаптар мен иероглифпен шимайланған қолжазбалар.

Директор Ди Ю-юйдің айтуынша, қытай тілін және бүгінгі тілі ғана емес, атам заманнан бергі тілін, ең жақсы білушілердің санына қосыла тұра, Лу Синь жапон, ағылшын тілінде де таза сөйлеп, таза жазатын адам екен. Өз бетімен оқу нәтижесінде ол орыс әдебиетін де түсініп, пікір жобасын жорамалдарлық халға жеткен.

Сю Тинь-мэннің қолдағы шыбығымен нұсқап көрсетуіне қарағанда, Лу Синь кітаптарын тіл түрлеріне қарай топтап жинайды екен, сонда ең көбі иероглифпен жазылғандар, олай болатын себебі — сөздері басқа бола тұра, қытай, жапон, корей сияқты елдердің иероглифтік жазуы бірдей болады екен де, бірінің кітабын бірі оқығанда мағна жобасына шамалы дәрежеде болса да түсінеді екен. Сан жағынан екінші орын алатын кітаптар — ағылшын тілінде жазылғандар. Орысшадан көп жинағаны Некрасовтың, Чеховтың, Горькийдің шығармалары.

Әріппен түсірілетін жазулардың ішінде таңбасы сұ-

луы немесе нашары болатындығы сияқты, иероглифті де әдемі я сәнсіз сызатындар болады екен. Лу Синь сұлу жазатындардың қатарына қосылады екен. Иероглифті ең әдемі түсіретін құрал — үшіне шүлен қойдың түбітін байлаған кисть болса керек. Лу Синьнің кисты сақтаулы екен. Ұштаған жүні сонша нәзік кистпен Лу Синь жазған иероглифтер ғажап әдемі түсірілген деседі.

Лу Синьнің тұрақ үйімен танысып болғаннан кейін Ди Ю-юй бізді қарама-қарсы жақтағы қабылдау үйіне апарды. Онда жиналған мүліктерге, айтылған сөздерге қарағанда, Лу Синьнің үйі еңбекші халықтың, халықтық интеллигенцияның жиі келетін орны болған. Қанаушы таптар, империалистер үстем боп тұрған шақта қорлық-зорлық көріп жаны жүдегендер осы үйден ақыл сұрауға дамылсыз шұбыратын болған, Лу Синь оларға білген ақылын айтудан тартынбаған да, шаршамаған да.

— Сонда, үкімет қужамаған ба оны? — деді Вера Казимировна.

— Әрине қужаған. Талай рет қашуға, жасырынуға тура келген. Сүйетін халық оны еш жерде жауына ұстап бермеген.

Атқарған еңбек мөлшеріне, жазу жобаларына қарағанда, Лу Синьді қытайлар «біздің Горький» деуі әділеттікпен айтылған сөз екен.

Қораның шығар жақ беттегі есігінің босағасында Лу Синьнің жалпақ сұр мрамордан ойылған барельефы, оның астында иероглиф жазуы тұр. Бастаушымызға оқытып және орысшалатып көрсек, жолдас Мао Цзэдунның Лу Синь туралы айтқан сөзі екен:

«Лу Синь жаңа мәдениет армиясының туын мызғымай көтерген аса зор батыр адам. Лу Синь ұлы әдебиетші ғана емес, ол ұлы ойшыл және ұлы революционер... Лу Синь ғана халқына ең әділ, ең берік... ең түгел берілген, ең жалынды, ең ұлы ұлттық герой. Халық көпшілігінің атынан, әдебиет майданында жау қамалына қырата шабуыл жасаған да сол!»

Қытай халқының ұлы көсемінен осынша зор баға алған Лу Синьді біз де шын жүректен хұрметтеп, аруағына басымызды ие, хасиетті қақпасынан шыға бердік. Сол бір кезде бастаушымыз қуланып:

— Шығар жолды, мүмкін, енді өздеріңіз табарсыздар? — деді.

— Неге таппаска? — деді Вадим намыстанғандай.

— Бастаңыз ендеше!

Тәуекелге бел байлаған Вадим, екі биік қабырғаның арасынан өтетін тар, қисық жолмен жөн тартып еді:

— Ұзаққа бұрып әкетесіз! — деді бастаушы, тұрған жерінен қозғалмай.

— Енді қай жақ?

— Оны өзіңіз табыңыз!

Ұзын сөздің қысқасы, Вадимнің де, менің де бастамақ болған жолымыздың бір де біреуі тұзуге әкетпейтін болды, қалай беттесек те адасатын болдық. Вера біздің орынсыз тәуекелімізге араласпай, адасқан қылығымызға күлді де тұрды. Ақыры, бір жөніміз де тураға шықпаған соң, еркімізді бастаушыға бердік. Ол бұлталақ-сұлталақсыз, ілезде, мана машинамызды қойып кеткен алаңға шыға келді.

— Жаңағы ізбен әлгі үйді табар ма едіңіз? — деп сұрады бастаушымыз Вадимнен, машина қасына келгеннен кейін.

— Ешқашан да! — деді Вадим, түңілген бейнемен қолын сілтеп.

Бастаушымыз «ал мінейік машинаға!» дегенмен, Вадим келген ізіне көзін тігіп тоқтай берді, оған алаңдап біз де кідірдік.

— Отырыңыздар! — деген өтінішін қайталаған бастаушыға:

— Бір сұрау,— деді Вадим.

— Айтыңыз!

— Лу Синь бұдан қолайлы пәтер таба алмаған ба, әлде осындай орынға әдейі тұрған ба?

— Әдейі тұрған.

— Неге?

— Еңбекші халықтың қалың ішінде, солармен сапырылыса араласып тұру үшін. Шанхай, Нанкин, Кантон тағы бірнеше ірі қалаларда Лу Синь үнемі осындай орындағы пәтерді таңдаған.

Сыртқы Пекиннің іші-тысын аралап жүріп, біз күнді кешкіртіп алдық та, аздап жал алуға мейманханаға қайттық. Тыныстан кейін, қаланың төңірегіміздегі көшелерін жаяу аралап кеттік. Орала, бұрала, қисая жүрген көшелер бізді әлден уақытта, Пекиннің ең орталық, ең жалпақ көшесі — Тянь Ань-минге алып шықты.

Айсыз қараңғы түн. Бірақ, көше бойында жыпырлай



С. Мұқанов пен қытай жазушысы Эми Сяо.

жанған электр сәулесінен кең көшенің өн-бойы сүттей жарық. Жаяулы, көлікті адамдардың күндізгі абыр-сабыр жөңкілуі басеңдеп, аздаған көліктілер болмаса, жанулар сиреген...

Бұл көше бұрын ішкі — сарайлық қаламен, сыртқы — халықтық қаланы екіге жіктеп, сарайдың кең аумағын құшағына қаусырып тұрады екен. Қазір Тянь Ань-минің бұрынғы қисық көшелері енді түзеліп, алдында бөгет болатын сырт қаланың сиықсыз ескі үйлері қиратылып жатыр. Бастаушымыздың айтуынша, кәзіргі тік тартқан Тянь Ань-мин, құрылысы жасалып болғаннан кейін кеңдік, тіктік, ұзындық жағынан дүние жүзінде бірінші көше болмақ.

— Қала ше? — деген сұрау қойдық біз бастаушымызға.

— «Бірінші қала болады» деу мақтанға соғар еді, себебі дүние жүзінде әдемі қала көп қой. Біздің мақсатымыз — Пекинді солардың қатарына қосу. «Сыртқы қала» аталатын жағы негізінен өзгертіледі. Бұрынғы феодалдық, аласа, тығыз үйлердің орнына, маңында қорасы, алаңы бар зәулім үйлер салынады. Бұл, әрине, асығуды тілемейтін, байыптылықты, шеберлікті керек ететін, көптеген жылдың жұмысы.

— Мысалы, қанша жылдың? — деді Вера.

— Мемлекеттік жоспар бойынша, көп болса жеті я он екі [1] жыл кетуге тиісті.

— Онда көп емес екен.

— Одан да азайтамыз ба деген дәмеміз бар.

Кеңесе аяңдап отырып, уақыттың қалай тез озуын байқамай да қалыппыз. Оны, қаланчаның сағаты он екіні соққанда ғана байқадық. Осы тұстан кейін қарай ойыстық. Бұл кезде қалада қимыл тіпті азайып, бірен-саран машина болмаса, кең алап жүрістен босап қалды. Көшесінде түнде жүріп көрмеген, салты танық қалада біз елегізіңкірей аяңдап келеміз. Жұрттан, әсіресе өзіміздің өкілдікте көптен бері қызмет атқаратын адамдардан естуімізше, бүкіл Қытайда, оның ішінде осы Пекинде кісі өлтіру, тонау, ұрлау сияқты бұзықтық іс атымен жоқ.

— Мәселен,— деген кеше бізге бір бастаушымыз, — Гоминдан билеп тұрған кезде, жұмыссыз, үйсіз адамдардан Пекин, Шанхай, Нанкин сияқты үлкен қалаларда күніне жүздеген адам аштан өлетін. Сол аштар, қасында есігі ашық тұрған азық дүкенінің ешнәрсесіне тимейтін. Кәзір аз да болса еңбек ақы таппайтын адам сирек. Бұзықтықпен күн көргісі келетіндер қытай жерінде кәзір де жоқ. Оған куә — бұйым және азық дүкендерінің есігі түні бойы жабылмауы, әрі көбінің күзетсіз тұруы.

Расында да солай болып шықты: жолшыбойғы дүкендердің бірен-саранында ғана сауда-саттығын түнде де жүргізіп отырған азын-аулақ қана адам кездеседі, өзге дүкеннің көбінде кілт те жоқ, күзет те жоқ.

Тағы бір ғажабы — Пекинді күндіз де, түнде де, ортасын, ішін, шетін, төңірегін аралап, бірнеше асханаларда, ресторандарда болып, біз не ішкілікпен шұрылданып отырған, не мастық белгі көрсеткен бір де бір адамға кездескеміз жоқ. Бастаушымыздың айтуынша, ішкілікке құмарды, маскүнемді Пекиннен ғана емес, бүкіл Қытайдан табуға болмайды. Бұл Қытайдың бүгінгі ғана әдеті емес, бағы заманнан келе жатқан әдеті. Себебін сұрасақ:

— Азын-аулақ феодалдары мен капиталистері болмаса,— дейді бастаушымыз,— қытай халқының басым көп-

---

[1] Жаңа Қытайдың шаруашылық түйінді жылдарына «жеті» я «он екі» деген өлшем қойылады.

шілігі ешуақытта мол тұрып көрген емес. Шаруашылығының арылмайтын тапшылығы қытайды ысырапқорлықтан тиып, қолдағы болмашы күн көрісін арақ сияқты пайдасыз іске шашпай, ылғи үнемдеп ұстауға үйреткен. Бұл жағынан қарағанда, әрбір қытайдың семьясы өз алдына бір мемлекет: осы жылда қанша табысы болуын, ол табыстың нелерге жұмсалуын қытайдың үй-іші боп жыл басында кеңеспен шешеді де, келіскен тәртіпті бәрі де бұлжытпай орындайды, тәртіпке титтей нұқсан келтіруші болса, ол семьядан қуылады...

— Бұл түсінікті. Ал, ұрлық болмау себебі неде?

— Екі себебі бар, бірінші себеп: «еңбекпен таппаған тамақ арам» деген ұғым қытай атаулы адамның бойына атам заманнан бері сіңіп боп, дағдыға айналып кеткен, сондықтан еңбек сіңірерлік ісі болмаса амалы жоқ, ал егер болса, аш болсын, тоқ болсын, қашан орындап шыққанша қытай оны айналдыра беруден қажымайды да, шаршамайды да және не істі болса да асығыс атқару салты қытайда жоқ, ол не істі болса да асықпай, абыржымай, бабымен, ойдағы жеріне жеткізе, тыянақтап орындайды. Қытай шеберлігінен шыққан кейбір әдемі нәрселердің соңында «ата, әке, бала, немере» дегендей, әлденеше ұрпақ отырып, кемеліне келтірген кезде ғана жарыққа шығаруы осыдан. Қытай істің тез бітуіне емес, тыянақты бітуіне дағдыланған халық... .

— Бұ да түсінікті. Екінші себеп?

— Еңбекті сүйетін қытай, еңбексіздікті ешбір заманда ұнатқан емес. Ұрлық — еңбексіздіктің бір түрі. Оның тиымын қытай халқы оңай тапқан: ұрыны алғаш ұстағанда, сол арада оң қолының саусақтарын балтамен шауып тастайтын болған, екінші рет ұсталса — екі қолының басын түгел шапқан, үшінші рет ұсталса, көптің көзінше сол арада дарға асып тастаған!

— Өте қорқынышты, сонымен қатар, өте әділ жазалау екен! — дестік біз.— Бұндай жағдайда, әрине, ұрлық болмайды.

— Чан Кай-ши кезінде бұл тәртіп біраз бұзылып, ұры қол Қытайға да кіре бастап еді,— деді бастаушы. Халық үкіметі құрылғаннан кейін ұрлық қылмысын тыюды қолына жедел алды да, аз уақытта ұрлық пышақпен кескендей тиыла қалды, даладағы ел есік, қақпасын тағы да бекітпейтін болды...

Кеңесіп келе жатқан біз, Тянь Ань-мин көшесінің үкімет үйі тұсындағы деңгейіне келіп қаппыз. Бұл — белгілі деңгей: патша сарайларының кең, биік, әдемі үйінің бірі осы тұста қорған сыртына шыға салынған, сол үйдің төбесінде Қытайдың мемлекеттік туы желбірейді, мандайшасында мемлекеттік гербы жарқырайды, одан бері,— мейрам күндері үкімет адамдары әскери парад пен халық демонстрациясын қабылдайтын трибуна, одан бері,— ақ мрамордан жасалған көпір арқылы баратын сарай есігінің мандайшасында, қытай халқының сүйікті ұлы және председателі — Мао Цзэ-дун жолдастың портреті тұр.

Электр сәулесіне бөленген көрікті сурет, қасынан өтіп бара жатқан бізге көңілді кескінмен қарап, күлімдей сәлемдескен сияқтанды.

Не деген тиыш көше!.. Бұл тыныштық, жалғыз осы көшеге ғана арналған тыныштық емес, «Ұлы Чжунго» аталатын мемлекеттің өн-бойына түгел орнаған тыныштық. Ол тыныштықты, аралаған жерлерімізде өз көзімізбен де көріп жүрміз.

Ал, осындай тиыш уақытта, бұл ұлы мемлекеттің адамдары қайда? Ұйқыда ма түгелімен?

Жоқ! Олардың күндіз жұмыста болғандары ғана ұйқы тынысында да, болмағандарының басым көпшілігі істе. Қытайдың қалаларындағы ұлылы-кішілі завод, фабрикалардың, басқаша шеберлік орындарының бәрі күн тәулігіндегі 24 сағаттың төрт-ақ сағаттық уақытында тоқтайды екен де, өзге 20 сағатта үздіксіз қимылда болады екен. Қытайда еңбек күні он сағаттық. Бұған қызмет алдындағы бір сағаттық міндетті түрде оқу мен, қызмет ортасында бір сағат тән тәрбиесімен шұғылдану қосылады. Сонда, екі сменаға 24 сағат дәл бөлінеді.

Феодализм дәуірі, оның өзіне лайық өндіріс күші мыңдаған жылдар өмір сүрген Қытайда ірі индустрия жасау жұмысы жаңа ғана қолға алынып, іргесі қаланған нелер гигантгар әлі бітіп үлгірмегендіктен, бұрынғы завод, фабрикаларының басым көпшілігі кейінгі ғасырлардың жаңа техникасымен қаруланбағандықтан, бүгінгі Қытайды киім-кешек, азық-түлік, құрал-сайман... деген сияқты күнделік тіршілікке қажет нәрсемен қамтамасыз етудің бас тетігі көбінесе қолөнеріне байланысты.

Ал, сол Қытайда, «құдайға шүкірлік» дерліктей, мол жылына 23 миллион бала туатын, көзіргі саны 600 мил-

лионнан асып бара жатқан Қытайда қол күші жетпегенде кімде жетеді!

Осы мол қолдың басым көпшілігіне жұмыс табылған Халықтық Қытайда, ірі индустриялы елдерде машина өндіретін тіршілік мұхтаждарын адам қолы өндіріп, Қытай мемлекеті халқына қажет бұйым мен астықтың ешқайсысын шеттен тасымай, өз ішінде қамтамасыз етеді, бұндай нәрселерді шеттен әкелудің орнына, өз қажетінен артылғанын шетке шығарып жатады.

Қытайдың барлық қалаларындағы магазиндерде де киім-кешектік бұйым мол және олардың бағасы қымбат та емес. Қытайдың ақшасы «юань» аталады, ол біздің бір сом сияқты. Юань — қымбат ақша, оған мысал: биязы жүннен жақсы тоқылған костюмдік ең жақсы матаның метрі 20—25 юань, мақталық матадан тоқылған даяр костюм 10—15 юань, алтын сағат 70—80 юань, т. т.

Бірақ, ондай қымбат бұйымдарды Қытайдың өз ішінде алатындар аз, себебі — орта жұмысшының айлық еңбек ақысы 50—60 юань, ол тоқ тұрып, қарапайым киінуіне ғана жетеді, қымбатқа ұрынуына жетпейді.

Қытай магазиндерінде көңіл бөлетін бір нәрсе — осы мемлекеттегі халықтың бәрінің де әйелдік және еркектік тігулі киімдері сатылады. Қай ұлттың қандай адамы болса да ол магазиндерден өз ұлтының фасонында тігілген киімдердің қалағанын тауып киеді.

Тым жарқырап киіну қытайдың әдетінде жоқ. Олардың әдеті таза, сыпайы жүру ғана. Еркектерінің басым көпшілігі қоңыр түсті, жағасы жабық пенжак киеді, әйелдерінің басым көпшілігі шалбар және жұқа жібектен желбегейлеу кофта киеді, бәтеңкелерінің көбі биік өкшелі болады, шаштарын әйелдерінің көбі желкеден кеседі. Бұрынғы Қытайда қыздың аяғын кішкене күнінен қалыпқа сап, табанының ұзын тұрқын өсірмейтін салт болған ғой. Сол салттың куәсі сияқтанып, ара-тұра тобанаяқ кемпірлер кездеседі. Жасамыс әйелдерде ондайлар аз, жастарда жоқ. Соған қарағанда, қытайлардың әйелді тобанаяқ қып өсіру салты біздің ғасырда қалған ғой деймін.

Азық-түлік магазиндері кәзіргі Қытайда тым толып тұрған жоқ. Нан, ұн, күріш, тарының талқаны, май сияқты бірінші қажет азық ол жылы (1956) Қытайда карточкамен беріледі екен. Гастрономдағы кейбір қым-

бат азықтарды алушы аз. Қытайлардың айтуынша, Халықтық Қытайдың әзіргі жетістігі — аштықтан құтылу. Молшылыққа олар енді ғана келе жатыр.

Жалпы алғанда, кәзіргі Қытайдың үсті де бүтін, ажары да жақсы.

Алты жүз миллион халықты тіршілігіне қажетті нәрсемен қамтамасыз ету үшін, одан артылғанын шетке шығару үшін, бұл жұмыстың көпшілігін қолөнеріне жүктеу үшін қанша еңбек атқару керек екендігі белгілі... Осынша көп жұмысты атқарып жатқан миллиондаған адамның бәріне ата-бабасынан мұра боп, денесіне әкенің мейірімімен, шешенің сүтімен сіңіп келе жатқан дағды: ешбір нәрсені шала-шарпы бітіре тастамау, барлық іске ұқыпты қарап, түрін де, мазмұнын да, ақылы, өнері жеткенше кемеліне келтіру. Бұл дағды завод, фабрика, мастерская сияқты қоғам боп атқаратын іс түгіл, әрбір семьяның да тіршілік салтына берік кірген. Әке жасап жатқан істі бала, шеше жасап жатқан істі қыз үйрене отырып, бірі шаршаған кезде бірі жалғастырып әкету, сөйтіп, жасалып болғанша дамыл бермеу — әрбір қытай семьясының мызғымас салты екен. Қытайдың қол өнерінен туған кейбір ғажап нәрселерді: «бұны ата, әке, бала, немере, шөбере... сияқты бірнеше ұрпақ біріне бірі жалғастыра жасап бітіріпті-мыс» деген әңгімелер осындай шындыққа сүйеніп айтылады екен.

Осынша шебер, осынша көп қолға баяғыдан бері жұмыс табылса ғой, Қытай ендігі аспанға шығар еді. Оның соры қайнағанда, қолы азаттыққа жетіп, Халық үкіметі құрылғанға дейін (1949 жыл) басым көпшілігіне жұмыс болмаған. Қытайлық әр семья өз қолынан келетін жұмысын атқарар еді — жасаған бұйымын өткізер жері болса. Ондай жер жоқ, шетке шығаруға мүмкіндігі жоқ.

Өткен ғасырдың орта кезінде Қытай жеріне әр тұстан империалистер қанды қолдарын сұғып, ұлы елдің көп қаласына капиталистік өндіріс ірге тебе бастаған соң, адамның қызметін күшті машиналар атқара бастаған соң Қытайда жұмыссыздық тіпті көбейеді. Мәселен, Халық үкіметі құрылардың алдында Қытай халқының 40 проценті, яғни 250 миллиондай адам жұмыссыз еді деседі.

Империалистер мейірімсіз қанағаң, оларға «компрадор» аталып өз буржуйлары қосылған қытай халқы талай рет қанды көтеріліске шыққан. Соның айқын бір

күәсі — 1842—1849 жылдары болған Қантон көтерілісі. Империалистер ол көтерілісті зеңбірек оғын жаудырумен әрең басқан. Сонда мыңдап құрбан болған халық өкілдерінің құрметіне, Қантон қаласының шығыс жақ шетіне Халық үкіметі ескерткіш орнатқан екен. Аумағы әлденеше гектар жерді алатын, төңірегі тас қамалмен қоршалған, ішіне сәулет ағаштары мен гүл бақшасы орнаған, бақшаның нақ ортасындағы дөңеске, Қантон құрбандарының атын жазған әрі биік, әрі көркем ескерткіш қойған қасиетті орынды біз әдейі барып көрдік.

Қантон — Қытайдың азаттық күрес жолында үздіксіз орталығы болған қалаларының бірі екенін біз тарихи материалдардан жақсы білеміз. Жүз жылдай осындай қызмет атқарған Қантонның талай көтерілісінде талай ерлер құрбан болған. Жоғарыда аталған ескерткіш солардың бәрін де еске түсіреді. Кейін, Гоминдан үкіметін құлатқан күресте (1949 жыл) құрбан болған халық ерлері де осы алаңға жерленіпті.

— Қантон көшелерінде жүз жылға созылған тиышсыздық, яғни халықтың азаттық күресі,— дейді бізді онда бастап апарған қытай ақыны Гун Мо,— Халықтық үкімет орнағаннан бері ғана тыныштады.

Қантон туралы аз сөз: Қытайдың күнгейіне, «Меруерт» аталатын өзеннің екі жағасына біздің дәуірден (Айсадан) үш ғасыр бұрын орнапты-мыс дейтін бұл қала, кейінгі жүз жылда империалистердің Қытайдағы ең зор ойнағының бірі болып, өзен жағасындағы орамдардың бәрі капиталистердің меншігіне айналып кеткен. Ол орамдарға европалық стильде сауда-саттықтың зәулім үйлерін салған империалистер, тұрақ жайларын Меруерт өзенінің мұхитқа құятын тармақтарының арасына салдырып, тамаша сұлу үйлерді тропикалық өлкеде ғана шығатын ғажап өсімдіктерге бөлеп, рахат құшағында өмір сүрген. Халық үкіметі құрылғанға дейін бұл орамдардың кіретін, шығатын көпірлері болады екен де, қытай халқына олар жабық екен. Жүз жылға жақын аяғын аттап көрмеген көпірден қытай халқы тек 1949 жылы, өз үкіметі құрылған соң ғана өтіп, капиталистерді түгелімен қуып, әдемі үйлердің бәрін меншікті мүлкіне айналдырып алған. Қазір ол үйлердің көбі балаларды тәрбиелейтін орын. Қантонда біз, бұл қаланың ең биік үйінің бірі, 15 этажды «Айцюнь» мейманханасында жаттық. Менің номерім он үшінші этажда болды. Ме-

руерт өзенінің нақ жағасына орнаған бұл үйдің мен жатқан бөлмесінің терезесінен қала аумағының көп жері алақандағыдай көрінеді.


Ысымаған шағында бардық дегенмен, тропикалық қала, тұрып дағдыланбаған біз үшін аса тишу болды. Сондай күндерде самал соқтыру үшін, номерлердің терезелері жылжымалы, қабаттасқан есік тақтайларының арасы жел жүрерлік жікті жасалған,төбелеріне тымықтан жел тұрғызатын зырылдауықтар орнатылған. Үйдің ауасы тишуланған шақта өзенге қараған терезелерді ашайын десең, биік этаждарға қалай көтерілетінін кім білсін,— өзен жағасының сары масалары ызың қағып кіре бастайды. «Олардың көбі — безгек масасы» деген де сөз бар. Содан қорғалап терезені жабайын десең, ыстықтан қапалай бастайсын!..

Әсіресе түнде қиын. Терезені ашпауға амалың жоқ,— масаның шағуы қапалап тұншығудан гөрі жеңілірек сияқтанады. Ондай халға түскен кезде табар саяң, кроватыңның үстіне төбеден салбыратып қойған үлбірек марля шымылдықты түсіріп жіберіп жату. Ол сені масадан қорғағанмен, ауаның еркін кіруіне аз да болса бөгет жасап, ішінде ұзақ тыныстасаң демің ауырлап, терлептепши бастайсың...

Кейбір түндері шымылдық ішінде де ұйықтауға болмайды. Бірақ оған ренжімейсің, себебі терезеден көшелерге я өзенге қарасаң, күндіз ала алмайтын ғажап әсерлерге бөленесің.

Кантон дүниежүзілік теңіз жолының ең ірі тоқтамының (порт) бірі екені мәлім. «Ұлы» немесе «Тынық» аталатын мұхитқа шыққан кеменің Кантонға соқпайтыны жоқ. Ол кемелердің біразы Меруерт өзенінің қолтығына кіріп тыныстайды. Қытайдың өз кемелері бұл өзеннің бойымен күні-түні жосылып, дамыл-тыныштық көрмейді. Осындай, кейі өзен бойына якорь тастап тоқтаған, кейі ерсілі-қарсылы жүзген кемелерге терезеден қарау, әсіресе түнде, барлық кеменің шамдары жыпырлай жарқырап, сәулесі судың асты-үстіне жиі жұлдыздай тұнып ойнағанда қарау,— ғажап бір көрініс! Одан да ғажабы «джонканың» өмірі...

Джонка — Қытайда жасалатын кеменің бір түрі. Бұрынғы Қытайда, су бойында жұмыс істейтін үйі-күйі жоқтар джонкаларда жатып-тұратын болған да, өздері «джонка» аталып кеткен. Азаттық жылының (1949 ж.)



Кантондағы «Айшюн» мейманханасы.

алдында, жалғыз Кантонның ғана төңірегінде екі жүз мыңнан астам джонкалар, яғни су үстінде ғана тіршілік жасайтындар болған. Жұмысшы табының бір түріне жататын бұлар, ғасырлар бойы рахымсыз қаналғандықтан, қанаушыларға қарсы талай рет қанды күреске шыққан. Мысалы, 1925 жылы жұмысшылардың Кантонда бірнеше айға созылған жаппай көтерілісінде джонкалар ең белді және сенімді күш болған екен. Қытайлық революцияның ең берік ұясының бірі — Кантонда, реакциялық күш басым кезде, халық көсемі — Сун Ят-сен де, Қытай Коммунистік партиясының көсемі Мао Цзэ-дун да, басқа революционерлер де саяси істерге басшылық еткен. Сондай қуғыны көп тар күндерде революционерлердің талайы джонкалардың арасында жасырынып жүріп қызмет атқарған.

Азаттықтан (1949 ж) кейін, Халық үкіметі бүкіл Қытайдағы, оның ішінде Кантондағы джонкаларды қабындай өсе бастаған өндіріс орындарына жұмысқа кіргізу амалын дереу қолға алған. Кантонның қалалық советінің председателі О Ян-шаньнің айтуынша, бұл маңдағы джонкалар азаттықтан бергі аз жылда он реттен артық қысқарып, бұрынғы 200 мың джонка кәзір 20 мыңға түскен. Бұлардың басым көпшілігі кооперацияға тартылып, қызметті бірлесіп атқарады екен.

Джонканың қызметі бұрын да жүкшілік болған, кәзір де жүкшілік. Олардың басым көпшілігінде кіші көлемді, төбесі шатырлы қайық бар. Бұл — қайық иесінің әрі үйі, әрі көлігі. Семьясымен осы қайықта тұрып күнелтетін джонка, бұрын өз бетімен, кәзір кооперативтің тапсырмасын орындап, түнгі тыныска дейін жүк тасиды екен. Семьяда жұмысқа жарайтындар күнұзын жүкшілік қызметін атқарғанда, кәрілер, балалар сияқты жұмысқа жарамайтындар да қайықтан қалмай, бірге жүзеді, өйткені басқа тұрар мекені жоқ, өзен жағасында күнұзын күнсіп отырып қалуға болмайды.

Тіршілігі қайық үстінде өтетін джонкалардың Кантонда арнаулы партиялық және советтік комитеттері бар. Партиялық комитеттің үгіт-насихат бөлімінің қызметкері Тинь Тун-тэнь жолдастың бастауымен, біз джонкалардың ішін де аралап, тіршілігін көріп шықтық.

Ең алдымен оқушыларды жеке қайықтағы джонка өмірімен таныстырайық. Қайықты тұтас алғанда, иесі оның іші-тысын сәндеп бояп, суреттер салып, құмырша-

ларға гүлдер өсіріп, шымылдықтар құрып, сәнді және таза ұстайды. Әрбір қайықта тұрақ жайына арналған жағы бар да, жүк артатын жағы бар. Аса сәндеп ұстайтыны — тұрақ жағы. Қайық кешке тынысқа тоқтағанда еркегі кем-кетігі болса түзейді де, әйелі жуып тазалауға, бояуы кеткен жерін майлауға кіріседі.

Джонкалар суға жүзуге құстан я балықтан кем емес. Бала аяғын апыл-тапыл басқанша, ноқта сияқты бірдемені қолтығының астын ала кеудесіне кигізіп қояды да, сабағын қайық төбесіндегі ілмешекке байлайды, оның ұзындығы, егер бала қайық кемерінен құлап кетсе, суға жетпейтіндей мөлшерде болады. Аяғынан жүре бастаған бала арқандалмайды. Оның арқасына, егер суға құласа батырмайтын, шарап бөтелкесінің тығынына қолданатын қабық сияқты жеңіл ағаш байлайды. Сондай арқалығы бар кішкене балалардың қайықтан суға құлап кетіп, батпай бетіне қалқып шыққанын талай көрдік. Джонканың баласы екі-үш жастан суға қалықтай бастайды. Бойы қол тоқпақтай ғана кішкене қызды шешесі біздің көзімізше екінші қайыққа жұмсап еді, арқалығы бар қыз қайықтан суға қарғып түсті де, екінші қайыққа жүзіп барып, арқанынан ұстап үстіне шығып, хозяйкадан сұрап алған сіреңкені аузына тістей, суға қайта қарғып, өз қайығындағы шешесіне құрғақ күйінде әкеп тапсырды. Осы қыз — бес жаста екен!..

Қанаушы тап үстем кезде, джонкаларды ешкім ұйымдастырмаған, олардың жұмыс табуына, күн көруіне көңіл бөлмеген, сондықтан джонканың қайықтары жұмыссыздықтың, нашар тұрудың, аштан өлудің қордасы болған. Ол кезде, мәселен, осы Кантон немесе Шанхай сияқты джонкасы көп қалаларда күніне мыңдаған адам аштан өлетін шағы болады екен, олардың бәрін полиция суға ағызады екен. Еңбексіз күн көру дағдысында жоқ қытай, сондай жағдайда да ұрлық қылмай, жұмыс табылмаса аштан өлуге бейіл екен.

Кәзір джонкалардың жұмыс тауып, оны орындауы да, еңбекпен тапқан ақысына тіршілігіне қажетті нәрселер алуы да үкімет және партиялық орындардың басқаруымен ұйымдасқан түрде жүреді. Кантон қаласында джонкалардан аудандық халық өкілдерінің советіне 80 адам, қалалық советке 12 адам сайланған. Олар су үстіндегілердің шаруашылық, мәдениеттік істерін басқарып, жұмыстарын жақсарту жөнінде қызмет атқарады.

— Бір ғажабы,— дейді Тинь Тунь-тэнь жолдас,— джонкалардың біразы қайық үстінде тұруға дағдыланып алған, пәтерге шық десең бармайды...

Джонкалардың жұмыс кезіндегі өмірі де, тыныс шағындағы өмірі де қызық. Қытай ән айтуды жақсы көретін халық. Жұмыс үстінде де оның аузы әннен босамайды. Ал, кеш болып, қайықтар мен кемелер өзен жағасына тыныска жиналған шақта, музыка мен ән көбейіп, кей тұста ансамбльға айналып кетеді.

Біз жатқан Айцюнь мейманханасының қасы күн сайын, әсіресе түнгі тыныс уақыттарында, сондай сауық.

Шанхай қаласында біз 14 этажды Цинь Цзэнь мейманханасының биігінде жаттық. Содан байқағанда, ондағы джонкалардың да күндізгі және түндегі тұрмысы Кантон джонкаларынан ауған жоқ.

Тыныштық тұрмыста бахытты өмірінің іргесін қалап жатқан Қытайдың біраз қала-селоларын аралап, июнь айының орта кезінде Пекинге оралсақ, Бүкілқытайлық Халық өкілдерінің Ұлы жиналысы ашылғалы жатыр екен. Оның алғашқы күнгі мәжілісіне бізге де ұлұқсат берілді. Бұрын патша сарайы болған бір тамаша үйдің жиналыс өтетін залы аса кең де, көркем де екен. Қорасы толған жеміс және гүл бақшасы. Осы бақшада, Чжунго (Қытай) мемлекетінің бар ұлтынан да келген, түрліше киінген, түрлі тілде сөйлеген қалың көпшіліктің ішінде біз де жүрдік. Социалистік құрылыстың әр майданында зор істерді басқарып жүрген, әр ұлттан құралған, бірлікшіл топтың ішінде Қытай мемлекетінің теңдес халқының бірі — қазақтан да өкілдер жүр...

Аздан кейін қоңырау қағылып, көпшілік залға кіре бастады. Оларға араласа біз де кірдік. Бұл залда Қытайдың Халықтық үкіметін танып, дипломатиялық қарым-қатынас жасап жүрген мемлекеттердің бәрінен де журналистер, корреспонденттер бар екен. Бірақ, олардың көбі залдың кейінірек тұстарына орналасты да, бізге орын президиум столына таяу жерден берілді.

Халық өкілдері және қонақтар орналасып болғаннан кейін, ішкі есіктен Мао Цзэ-дун бастаған президиум мүшелері шықты. Кинода көргеніміздей, Мао Цзэ-дун аяқтарын сабырлы қимылмен кең аттап, саябыр басады екен. Орындарынан ду көтеріле қол шапалақтап қарсы алған топқа екі алақанын айқастыра көтеріп, күлімсірей бас иген ол, алдыңғы қатарға сұғынбай, кейінірек тұсқа,

ұлт киіміндегі бір әйелдің қасына барып отырды. Мао Цзэ-дун биік, балуан денелі кісі ғой, қасындағы бас киімі қазандай, сырғалары үзеңгідей, мұрнындағы дөңгелек зересі аузын жаба иегіне түскен, көйлегінің кіндіктен жоғарғы жағы селдіреп, денесін көрсетіп тұрған, терісінің бояуы көмірдей қара, талдырмаш денелі әйелдің бойы Мао Цзэ-дунның белуарына ғана жетеді. Білетін адамнан сұрасақ, ол әйел «И» аталатын халықтан Халықтық жиналысқа келген өкіл екен.

Жиналыста бүкіл қытайлық бюджет мәселесі сөз боп кетті. Ол, әрине, қаптап тұрған цифр. Оның үстіне шешеннің сөзін тура ұқпайсың, аудармашының қысқартып айтуынан ғана түсінесін, сондықтан ықласың сөз тыңдауға емес, төңірегіңдегі бұрын көрмеген дүниені көзбен шолуға шабады. Сонда көргеніміз Мао Цзэ-дун қасындағы әйелмен әлденелерді қалжыңдасқан сияқтанып біраз отырды да, ерекше киінген тағы біреудің қасына барып, онымен де әлденелерді көңілді кескінмен сыбырласып әңгімелесті.

Үзіліс уақытында Мао Цзэ-дун жолдас жергілікті орындардан келген өкілдермен көбірек араласып, шүйіркелесе сөйлесіп, қалжыңдай күлісіп жүрді.

Ертеңіне басқа жаққа сапар шегетін біз, Халықтық жиналыстың ол күнгі мәжілісін көзден түгел өткердік те, кешкі мәжілістен іңірлетіп шықтық. Қысқаша түрде аудару арқылы тыңдағанмен, жиналыс Джунго мемлекетінің өркендегіш өмірінен, бізге бұрын білмейтін көп мәлімет берді.

Біз мейманханамызға Тянь Ань-миннің кең, ұзын, тыныш көшесінде тағы да біраз серуендеп оралдық.

Түн. Азын-аулақ жүкшілер болмаса, көшеде бейсауат жүрген бір де адам жоқ. Олардың тыныстағысы ұйқыда да, ояуы істе. Ұйқыдағысының да, ояуының да бір нәрсеге сенімі берік, ол — Коммунистік партиясы бастап, Халықтық өкіметі жәрдемдесіп отырған Ұлы Қытай халқының еңбегі мен тынысына енді ешкім де бөгет бола алмайды.

IV. ҚЫТАЙДЫҢ КЕЙБІР КЕРЕМЕТТЕРІ

Әдетте халық ұғымында алтын, күміс сияқты металдар, жақұт, кәукер сияқты тастар, жібек, мауыт сияқты маталар қымбат саналады ғой. Қазақ мақалының ай-

туынша, «арпа, бидай — ас екен; алтын, күміс — тас екен».

Ал Қытайға еңбек сіңіріп жасаған жұмыстың, халық игілігіне қызмет атқарған адамның бәрі де баға жеткісіз қымбат. Осы жайды айта кеп:

«Егер, мысалы,— дейді Шоқан Уәлиханов бұдан жүз жыл бұрын Қытай туралы жазған бір еңбегінде,— тарелкеңіз қолыңыздан түсіп кетіп бөлініп қалса, сіз оны көң-қоқырдың шұқырына тастай саласыз. Қытай ешуақытта өйтпейді. Ол ешбір сынған нәрсесін керексіз деп тастай салмай, жамап-жасқап пайдаға асырады. Мен өзім өн-бойына жүзден артық шеге қағып жамаған тарелкеден ас іштім».

Қытайдың қымбаты — жамау-жасқауында ғана емес. Оның сан жылдар сарылып отырып еңбек сіңіріп, сапасы аса жоғары жасалған, шеберлігіне адам хайран қаларлық нәрселерінде хисап жоқ. Оның бәрін тізбектеп сипаттауға уақыт жетпейді. Сондықтан біз бұл очеркте тек ұшы-қиырсыз көп қымбаттың кейбір елесін ғана береміз.

1. Сиқырлы дыбыс. Пекиннің төңірегінде «Аспанның күмбезі» аталатын, бірі үлкен, бірі кіші екі храм бар. Киіз үй тәрізді дөңгелене салынып, төбелері бүріле біткен бұл екі күмбездің радиусы жүз метрлік, биіктігі он бес метрлік дөңгелек қорғанмен қоршалған. Күмбездің үлкені «Хуан-То» аталады, ол «Аспанның дұғасы» деген сөз; кішісі — «Ти-Нянь», ол — «бай егіннің дұғасы» деген сөз. Қорғанның күнгей жағында, бар денесі ақ мрамордан жасалған, биік баскышпен шығатын, төңірегі қоршаулы, төбесі жайпақ алаң бар, аты — Шен-Е-Шу, ол — «Аспан күйінің кілті» деген сөз.

Ескі Қытайда бай егіннің болуын, яғни жаңбыр болуын аспаннан ғана тілеп дұға оқиды екен. Осы әдет бар шақта, дұға орнына арнап, үлкен күмбезді 1420 жылы Мин патшасы салдырған екен. Кейін, 1530 жылы, Цзя Цзин деген патша аспанның дұғасынан жер дұғасын бөліп, аспан дұғасын бұрынғы Хуан-То күмбезіне оқытқан да, жер дұғасына соның қасына кішірек қып салып, Ти-Нянь атанған күмбезде оқытқан. Дұға оқуға жиналған жұрт Шен-Е-Шу алабында сауық құрып, музыка ойнап, ән салып, би билейді екен, ол орынның «Аспан күйінің кілті» аталатын себебі де содан екен.

Адам баласының тарихында «құдай» атаулының ой-

дан шығарылуын, оған арналған «дұға» атаулының негізінде материалдық өмірдің ұшқыны жатуын біз марксизм ғылымынан жақсы білеміз. Аспаннан, яғни «төңіріден» жақсылық тілеп жаңбыр күту, дұға да оқу, сауық та жасау, белгілі тарихи жағдайда, барлық елдің де басынан кешірген әдеті. Ескі гректе — «дионисии», ескі римде «сатурнали», ескі иранда «наурыз» аталатын мейрамдар оған куә. Қытайдың «Аспан дұғасы» да соларға ұқсас.

Бұл арада бізге қажеті — Аспанның күмбезінде оқылатын дұға емес, оның төңірегінде естілетін сиқырлы дыбыс.

Күмбездің ішіне адам жерден он бес сатылы баскышпен көтеріледі. Ең жоғарғы — он бесінші сатыда тұрып алақаныңды бір соқсаң, жаңғырығы бір рет қайталайды, он төртінші сатыға түсіп алақаныңды бір соқсаң, жаңғырығы екі рет қайталайды, сол тәртіппен көбейе беріп, бесінші баскышта алақаныңды бір соқсаң, жаңғырық бес рет қайталанады. Одан төменгі баскыштарда бір рет соққаннан алақанның жаңғырығы бір реттен артық қайталанбайды.

Аспан күмбезінің төңірегіндегі сиқырлы дыбыстың бұл бір түрі болса, екінші түрі: күмбезді қоршаған қорғанның бір шетіндегі қабырғасына адам аузын тақап сыбырласа, екінші шетіндегі қабырғаға құлағын тосқан адам ананың дыбысын қасында тұрғандай естиді. Осы қалыппен екеуі сыбырласып сөйлесе алады. Ал, қабырғаға аузын тақамаса, бірінің бірі сыбдырын түгіл, қатты созін де естімейді. Қабырғада сыбырды жалғастыратын сым сияқты іштеңе де жоқ, ол тек сұп-суық тас қана!..

«Негізгі физика заңына жататын бұл дыбыстың нақтылы дәлелін физиканың ешбір ғалымы күні бүгінге дейін тапқан жоқ, бұл әзірге қытайлық қана құпия» деседі.

2. Сыры мәлімсіз сыр. Физиканың, механиканың заңдарын белгісіз атамзаманда біліп, тіршілік істеріне қолданған қытай, химия заңын да белгісіз заманнан біліп, тіршілік пайдасына жаратқан ғой. Мысалы, мылтыққа от беретін дәріні адам баласының тарихында бірінші рет жасап шығарушы қытай екендігіне ешкім таласпайды.

Химиялық істерде қытайдың оқ-дәріден де керемет қып жасағандары толып жатыр. Бұл жолғы біздің айтарымыз бір ғана керемет туралы.

Жасалуына мыңдаған жылдар өткен архитектуралық көркем шығармалар Қытайдың көптеген қалаларында кездесе береді. Солардың сұлулығына және қайталанбайтын даралығына хайран қалумен қатар, бір тамашасына ерекше көңіл бөлесің.

Кейбір үйлердің іші-сыртына қарасаң, сыр-өрнектерінің түсі күні кеше ғана боялғандай жарқырайды. Әдетте ондай түстердің көпшілігі — қытай сүйетін шымқай сары, шымқай көк, шымқай қызылдың біреуі болады. Ал, осы бояудың жағылған жылын білгің келсе, кейі жүздеген, кейі мыңдаған жылдардың тұманына сүңгіп кетеді.

Сонша көп заманды басынан өткеріп, талай ыстық-суыққа ұрынса да, талай қар мен жаңбырға шайылса да, жарқыраған түрі жаңа ғана боялғандай сақталып, не суға, не күн сәулесіне, не желге өңін бермейтін не қылған бояу бұл?

Бұл сырдың да сырын химияның ешбір ғалымы күні бүгінге дейін аша алған емес!

3. Шеберліктің шыңы. Тастан, сүйектен, ағаштан ойып, нелер ғажап өрнекті бұйым жасау — қытайдың бойына ата-бабасынан сіңген әдет. Бір ағаштың түбірінен, бір кесек тастан, бір домалақ сүйектен бүкіл бір деревняның немесе шаһардың ішкі-сыртқы бар көрінісін дәл өзіндей ойып келтіру қытай шебері үшін түк те емес.

Қытайдың біз аралаған қалаларының бәрінде де антикварлық магазиндер бір емес, талай жерде кездесті, соларда тастан, сүйектен, ағаштан, металдан, күріш, тары, бидай сияқты дәннен, тағы басқа заттан аса зор шеберлікпен, аса нәзіктікпен жасалған ғажап нәрселер тұнып тұрады.

Ухань қаласындағы антикварлық магазинде, үлкендігі торғайдың жұмыртқасындай суқабақтың сыртына микроскоптік сызу және бояумен шебер осы қаланың толық суретін салып шыққан. Үлкейткіш шыны арқылы қарасаң, кіп-кішкене суқабақтың бойынан, екі миллионнан астам халқы бар, мыңдаған жылдық тарихы бар, көптеген ғажап ескерткіші бар қаланың өз бейнесі толық көрінуі былай тұрсын, ортасын жара аққан Янцзы өзенін, төңірегін қоршаған белесті өлкені көресің!

Кантон қаласының халық өнері аталатын көрмесінде, қақпағы шыны қобдиға Лу Синьнің қалыңдығы төрт елідей үлкен романы қойылған, қасында, үлкендігі қойдың

жауырынындай ғана піл сүйегі, сүйектің бетінде күлдей ұсақ иероглифпен жыпырлата қондырған жазу. «Бұл не?» десек, әлгі қалың романның бар сөзін иероглиф жазуының шебері алақандай сүйектің бетіне түгел сиғызған! Бізді ертіп жүрген адам, үлкейткіш шыны арқылы, сүйек бетіндегі жазуды заулатып оқи жөнелді!..

Шанхайдағы бір көрмеде, кішірек терезеге ғана шымылдық боларлық көлемі бар кружеваға да тоқушысы үлкен бір романның сөздерін иероглифпен сиғызған!..

Ханькоу қаласында әрі ақын, әрі әнші әйел — Тянь Юнь-вэнь маған қолындағы піл сүйегінен жасаған желпуішін силады. Желпуіштің қауырсынға ұқсас жасаған қанатына ұсақ иероглифпен қондырған жазу бар. «Бұ не?» деп сұрасам, Айсадан бұрын жасаған қытай ақыны Цюй Юаньнің әлденеше мың жолдық поэмасы екен!..

V. ЦЮЙ ЮАНЬ КІМ?

Айсадан үш-төрт ғасыр бұрын жасаған бұл ақынның тұсында, халық батыры Чэнь Шэньнің бастауымен, кедей шаруалар қанаушы тапқа қарсы, оның патшасы — Цинь Ши Хуандиге қарсы көтеріліс жасайды. Осы қанды күреске халыққа қосылған Цюй Юань, көтерілістің жаршысы болады.

Қанаушы тап көтерілісті қан-жоса ғып басқаннан кейін, қашып құтылар жері жоқ Цюй Юань Янцзы өзеніне өзін өзі лақтырады...

Сол суға кеткен Цюй Юань туралы қытай халқының ұғымы қызық. Оның ұғымынша, Цюй Юань су түбінде әлі күнге дейін тірі жүр. Халқының түбінде бір азаттыққа жетуіне сенген Цюй Юань, бостандық сарайын сәндеуге арнап, су астынан меруерт, маржан сияқты асыл тастарды тереді!..

Цюй Юань суға июнь айының бесі күні[1] кеткен екен. Оны су астында да халық қамын ойлап жүр деп түсінетін қытай, сүйікті ақынының суға кетуіне екі жарым мыңдай жыл өткенмен, жыл сайын июньнің бесі күні еске түсіреді екен. Сонда істейтіні: бары — барша, жоғы — жоқша... дегендей, әркім хал-қадары жеткенше күріштен түшпәрә пісіреді екен де, таңертең ертемен жақын жердегі суға апарып тастайды екен.

---

[1] Бұл арада ескерте кететін бір нәрсе,— дүние жүзіндегі ең ескі, ғылми жақтан ең дұрыс календарьдың бірін қытай жасаған.

Су төңірегіне жиналған жұрт, ең жақсы киімімен барып, қолда бар асылын бойына тағынып, түшпәрәні суға музыка тартумен, қосылып ән салумен тастайды екен. Әнінің сөзінде, суда тіршілік ететін жәндіктердің бәріне: «Түшпәрә сендердің сыбағаларың!.. Біз сендерді сыласақ, сендер Цюй Юаньді сыландар, оған тимеңдер, жәрдемдесіңдер!» дейді екен.

Сөйтіп, Цюй Юаньнің суға кеткен күні — бесінші июнь мыңдаған жылдардың бойына, бүкіл қытайлық мейрам екен. Халықтық ұлға бұдан артық сый бола ма!..

Цюй Юаньның мейрамы болған шақта біз Ухань қаласының шығыс жақ шетінде, «Шығыс теңізі» деген атпен бертінде қолдан жасалған шалқар көлдің жағасында, демалыс үйінде едік. Сай-саланы қуалап кеткен бұл көлдің айналасы жүз километрдей бар деседі. Көлемі кең, суы терең көлдің ішіне көсіптік мәні зор балықтар жіберілген, олар аз жылда қаулай өсіп, көлді айнала мекендеген артельдер аулайды екен. Сұлу көлдің жағасында, орманға бөленген сұлу сайлардың ішінде көптеген демалыс үйлері де бар. Биіктеу бір жағаға орнаған кішірек көркем қаланы Ухань университетінің бөлімшесі деседі.

Тұрғын адамдардың айтуынша, жасалуына он жылға жетпегенмен, әрі балық аулау орны, әрі халықтың демалатын серуен орны болғандықтан, кең, көркем көлдің бетінде желкемі желпілдеген қайықтар күні-түні толады да жүреді. Рахат құшағында дем алған я еңбек атқарған адамдардың көбінің қолынан музыка түспейді, аузынан ән кетпейді, сондықтан төңірегі де, өзі де сұлу көлдің беті де, жағасы да, тамаша сахнада орындалып жатқан сиқырлы фантазиялық спектакльге немесе концертке ұқсайды.

Күн сайын осылай болып жататын көлдің беті де, төңірегі де, «ертең Цюй Юаньнің мейрамы болады» деген күні тіпті сәнденіп кетті. Моторлы қайықпен көл бетіне серуендеуге шыққан біз, жиі жүзген қайықтардың қайсысында балықшылар, қайсысында демалушылар барын айыра алмай қалдық: бәрі де барынша сәнді киінген, бәрінің де бетінде шаттық толқыны ойнайды, бәрінің де аузында ән, көбінің қолында музыка, жастарының бәрі бастарына гүлден венок орап, кеуделеріне гүл-шашақтар тағып алған.

Күндіз көз алдымызда жарқыраған бұл тамаша кө-

рініс, кеш болып сәуле көмескіленуден бастап, даланы ақырындай жапқан түн қараңғылыққа бөлеп болған шақта, шын мағнасындағы сиқыр сияқтанып кетті: ашық аспанда жиі жарқыраған жұлдыздардың сәулесі ме әлде қайықтарда жанған электр шамдары ма,— кең көлдің беті дірілдей, жыпырлай жылтыраған жарыққа тұнды да кетті! Сол кезде әр дауысты музыканың үні де, әні де молайып, тамаша сауық бүкіл дүниені мейірімді құшағына орады да алды!..

Көппен бірге осы құшаққа бөленген біздің топ та ол түні көздің шырымын алмай, рахат аясында, көрер таңды көзімен атырды.

Біз тыныстаған демалыс үйі «Шығыс теңізінің» жағасында екені есімізде. Үйдің жаға жағы — алды ашық веранда. Оған түнде шам жағайық десек, көл жағасының шыбын-шіркейі мазаны алатын және егер шам жақсақ, жарыққа құмар қараңғылық, ата дағдысымен төне қалады да, көз алдындағы дүниенің бәрін көмескілендіре бүркеп жібереді.

Уақытын бізге серік болуға арнаған қытайлық достар, бізді қараңғылықта отырғызғысы келмегендей:

— Мүмкін, бөлмелеріңізге кіріп тыныс аларсыздар? — десе:

— Өздеріңіз шаршамасаңыздар, біз шаршаған жоқпыз,— дейміз біз.

Отырып байқасақ, шаршар да, ұйқы келер де жай жоқ. Әнге, күйге, сиқырлы көркемдікке бөленген жаздың жанға рахат түнінде адам неге шаршамақ, ұйқы қалай келмек?!

Ол түннің бірталай уақыты Цюй Юаньнің сауық кешіне айналды. Қытайлық достардың айтуынша, ол тек қана ақын емес, композитор да, ғалым да болған. Қытайдың тілін, иероглифтік жазуын білуде, оның теориясын жасауда Цюй Юаньның алдына түсер адам Қытай тарихында күні бүгінге дейін аз көрінеді. Қытай поэзиясының ол жасаған дәні толық, түрі сұлу нұсқалары қытай ақындарына күні бүгінге дейін құмартып еліктерлік үлгі көрінеді. Ол шығарған ән-күйлерді қытай халқы күні бүгінге дейін сүйсініп орындап, сүйсініп тыңдайтын көрінеді.

Қытайлық достар түннің көп уақытын Цюй Юаньның шығармаларын орындаумен өткізді. Олар бір мезгіл «Лисао» поэмасынан ұзақ үзінділер оқыса, енді бір

мезгілде «Тоғыз әннің», тағы бір мезгілде «Тоғыз жан сазының» күйлерін тарта шертіп кетті.

Осы мәжілісте көңілімізді өзіне ерекше бұрған адам — ақын әйел — Тянь Юнь-вэнь. Талдырмаш бойы ортадан гөрі бәлкім төмендеу, томпақтау кішірек қара көзді, пістелеу мұрынды, қою қара қасты, сопақтау қоңыр бетті, балағы тарлау көкшіл шалбар киген, кішкене аяғына өкшесі биік кебіс ілген, екіқабат денесін жасырғысы келгендей, қытайдың сұлу мәнерлі қалыңдау жібегінен етек-жеңі молдау шапанша жамылған бұл сұлу әйел жұғыса, сөйлесе, сырласа кеткіш, аса ақжарқын мінезді адам.

Бір ретте оның алдында маған ұялып қалуға тура келді. Алғаш жолығып, сыр түйісіп болмаған шақта, кофе ішіп отырып әркім өз туған жерінің, өз туған елінің әнін айту басталды. Қытайлық достардың ішінде әр провинциядан адам бар екен. Олардың әрқайсысы өз жерінің әнін айтқанда, мінезі алғаш ұялшақтау сияқтанған Тянь Юнь-вэнь күмілжіп, ән айтуға ықласы жоғын білдіргендей болды. Біз онысын «аяғы ауырлығының» салдарына жорыдық. Вадим кезегінде жақсы даусымен «хохолынша», Вера шағындау даусымен орысша айтты.

Маған да кезек келді. Онсыз да саңғырап тұрмайтын даусым, сол күні көл бетінде көбірек жүргендіктен, қарлығыңқыраған еді. Шама-шарқымша айтпай құтылмауымды көргеннен кейін, даусым жеткенше «Дудар-айды» айта жөнелдім. Міндетімді өтеп болған шағымда өзге қытайлар даурыға қол шапалақтап еді, күлімсіреген кескінді Тянь Юнь-вэнь алақандарын жұмсақ қана соқты да, салқындау кескінмен, серіктеріне әлденені өз тілінде айтты.

— Сіздің бұл әнді Тянь Юнь-вэнь мақтап отыр,— деді маған Наташа.

— Жақсылап айтпаған әннің несі жақсы? — дедім мен күліп.

— Сіздің айтуыңызды емес, әннің өзін мақтайды,— деді Наташа қалжыңды кескінмен.

— Бұл кісі ол әнді біле ме екен?

Тянь Юнь-вэнь «Дудар-ай» әнін білетін боп шықты.

— Онда орындауыңызды өтінеміз! — дестік шуласып.

Біраз уақыт қынжылғанмен, көпшіліктің өтінішінен шыға алмаған Тянь Юнь-вэнь, ақырындау үнмен — «Ду-

дар-айды» айта жөнелді. Тілі басқа болғанмен, әннің орындалуында байырғы қазақша қалпынан ешбір айырма жоқ! Тіл жағына келгенде, тек «Дудар-ай» мен «Мария» деген екі сөз ғана қазақша айтылады, өзгесі қытайша. Қытай тілінде «р» әрпі болмағандықтан «Дудар-ай» — «Дудал-ай» боп, «Мария» — «Малия» боп айтылады.

Тянь Юнь-вэньнің үй-ішіндік қана даусы бар екен де, бірақ сол даусы күмістей сылдыраған аса таза, аса назды, аса нәзік екен. Мұндай мүлтіксіз болуына себеп,— даусы табиғатында әдемі жаралуының үстіне, Тянь Юнь-вэнь музыкалық мектепті өтіп, даусын мәдени қалыпқа түсіріп алған екен.

«Дудар-айдан» кейін ол, аса сәнді түрде, хансудың және Чжунго мемлекетіндегі бірнеше ұлттың әндерін орындады. Ең соңында, Тянь Юнь-вэньге «Дудар-айды» тағы да орындаттық. (Бұл ән бүкіл Қытайға Синьцзянь қазақтары арқылы тарапты).

Қытай халқының әдетінде сүйісу өте сирек кездесетін қылық екен, тек қана ата-ананың баланы сүюі сүйкімділікке жатады екен де, өзге жағдайда, басқалар былай түрсын, ғашықтардың да жұрт көзінше сүйісуі ұят екен.

Қытайдың осы әдетін біле тұра, әлдеқайда... қалың қытайдың ішінде... ешбір қазақ тұрмайтын жерде... қытай әйелінің өз тілінде қазақ әнін айнытпай орындауына жаным ниет кетті де, қытайлардан кешірім сұрап ап, Тянь Юнь-вэньді бауырыма баса құшақтап, құшырлана маңдайынан сүйіп-сүйіп алдым!..

Тянь Юнь-вэнь менің қалталық книжкеме «Дудар-ай» әнінің қытайша сөзін өз қолынан иероглифпен жазып берді.

Көңілді мәжіліспен отырған біз, таңның сіберлеуін аңдамай қаппыз. Шығыс жақ беттегі таусымақ белестің толқынды төбесі қылаңдауға айналғанын бәрімізден бұрын көрген Вадим:

— Ау, жолдастар-ау, таң ғой анау! — деп шығыс жақты қолымен нұсқады да,— Күн шыққанша аздап тыныстаймыз ба, қайтеміз? — деген сұрақ қойды.

«Күн шыққанша» дейтін себебі,— нақ сол кезде суға түшпәрә тастау салты басталады, оған әлі бірер сағат уақыт бар. Сұрастырып көрсек, түшпәрәні осы біз тұрған жағадан да тастауға әзірлік бар екен. Соны біле

тұра, Гун Мо екеуміз көлдің алысырақ жағасына кетпек болдық. Бармақ болған жеріміз — Цюй Юаньға салынған ескерткіш.

Біз тоқыраған демалыс үйінен, шамасы, екі-үш километрдей жерге, Халықтық өкімет 1951 жылы орнатқан ескерткішіне, Гун Мо екеуміз кеше кешке қарай, серуендеп жаяу барып қайтқамыз. Ол екі жағынан да басқышпен көтеріліп түсетін дөңес жерге, қытайлық стильде, мәңгіге сақталарлық материалдан жасаған дөңгелектеу кішірек күмбез үй. Күмбездің қабырғасында, төңіректі түгел көрерлік кең терезе тәрізді ашық орындар жасалған да, олар темір торлармен бекілген; күмбездің күнгей және теріскей жағында кіріп-шығатын екі есік, Қытайдың тарихында, Буддадан басқаның мүсіндік бейнесін салу әдеті болмаған, ондай әдет Халықтық үкімет құрылған соң ғана басталған. Цюй Юаньның күмбезінің ішіне қоладан құйылып, денесінің кеудеден жоғарғы жақ бейнесі қойылған,— бұл бүкіл Қытайдың тарихында, Цюй Юаньға арналып жасалған бірінші ескерткіш.

Кеше барғанда күмбездің екі жақ есігі де жабық еді, күзетшіден себебін сұрағанда, «Ертеңгі мейрамға даярлап, ішінің шаңы сүртіліп, сәкісі жуылып қойылған» деп жауап берген еді. Бірақ тордан сығалағанда, ақ мрамордан қаланған ішкі-сыртқы қабырғасы кіршіксіз жалтырап тұрғанмен, қара мрамордан жасалған төңірегі мен қызыл мрамордан жасалған сәкісі түрлі түсті тамаша гүлдерден құрастырған букеттермен жабылып кеткен екен.

Кеше сыртын түгел шолғанмен, ішін еркін көре алмаған ескерткішке Гун Мо екеуміз бүгін барсақ, төңірегі мен іші кешегіден де керемет боп кетіпті. Ең алдымен, үйден «бұл ескерткішке бұрын баратын біз ғана болармыз» деген оймен шықсақ, алдымызда сол жөнге беттей шұбалған ығы-жығы халық!

— Қайда барасыз? — деген сұрауға қайсысының болса да берер жауабы:

— Цюй Юаньнің ескерткішіне!..

Жолыққан адамның бәрінің де кескіні көңілді, бәрі де шама-шарқынша жақсы киінген, көпшілігінің қолында әдемі букет, қолтықтарына бетін сәнді орамалмен жапқан ыдыс қыстырған, Гун Моның маған тілмәш арқылы сыбырлауынша, ол ыдыстарда суға тастайтын

可爱的一朵瑰玫花
阿的瑪丽亚
可爱的一朵瑰玫花
阿的瑪丽亚
昨天我到山上打獵騎着馬
正当你在山下歌唱婉轉入云霞
歌声使我迷了路
我從山上滾下，啊呀呀
你的歌声婉轉入云霞

孩壯的青年哈薩克
伊文都尔达
孩壯的青年哈薩克
伊文都尔达
今天晚上請你过河到我家
騎上你的馬兒帶上你的冬不拉
等到月兒升上来，
撥彈你的琴弦，啊呀呀
我們相依歌唱在树下

江云 1956. 6.7. 武昌.

«Дудар-ай» әнінің қытайша сөзі.

түшпәрә!.. Таңның түрлі түсіне бояла бастаған аспанды жаңғырықтыра, шұбырған қалың көпшіліктің әр тұсында әр дыбысты музыка ойналады, жекеше де, хормен де әндер айтылады...

Көңілді қалың көпшілікке араласа аяңдаған біз, ескерткішке жақындасақ, төңірегі топтана қимылдаған қалың халық екен. Бұнда да музыка, бұнда да ән!.. Ескерткіштің іші-сыртына үйілген букеттерден ине тастар жер жоқ! Бұл — шығар күннің тармақтанған түрлі түсті сәулесі аспанға кең тарап кеткен кезі еді, мына ескерткіш төңірегіндегі ғажап букеттердің түрлі түсті бояуы сол күн сәулесінің бояуына шағылысып, аспан да, жер де түп-түгел гүлге оранып тұрған сияқты!..

Шығыс жақ беттегі тау-сымақ белестен алтын күннің жарқыраған жиегі көріне бастаған шақта, әндеткен, музыкалатқан қалың жұрт, ыдыстағы түшпәрәларын көлдің жағасынан суға серпіп-серпіп жіберді. Сол кезде кең даланы басына көтерген көпшіліктің әніне Гун Мо да қосылып кетті...

— Кімнің әні бұл? — дедім мен Гун Моға, аздан кейін.

Цюй Юаньдікі!..

— Сөзі?

Цюй Юаньдікі!..

Жүз миллиондаған қытай халқы, үш мың жылдан астам уақыт ұмытпай айтып келе жатқан не деген күшті сөздер, не деген күшті ән?!..

Ақын халқын сүйсе осылай сүйсін, халқы ақынын сүйсе осылай сүйсін!..

VI. ТІЛСІЗ ТҮСІНІКТЕР

Жалғыз Цюй Юань ғана емес, бүкіл тарихында болған жазу өкілдерінің бір де бірін бұрынғы Қытайдың да, бүгінгі Қытайдың да ұмытпай, барлық шығармаларын да жазылған кезіндегі мағынасымен түсінуіне бірден бір себеп — иероглиф қана.

«Қытайдың сауаты» деген атақ байланып, хат танудың дүние жүзіндегі ең қиын жолына саналатын иероглифті біз әдетте құбыжықтай көріп, сыртынан шошимыз. Ал ішкі сырына үңілсек, онда адамдық ақыл-ойдың, адамдық мәдениеттің хайран қаларлық сырлары жатады екен.

Мысалы, Пекиннің де, Кантонның да халқы — хансу (қытай) ұлты бола тұра, ауызша сөйлессе, бірінің тілін бірі түсінбейді. Ондай өлкелер Чжунго (Қытай) мемлекетінде толып жатқан көрінеді.

Бір атаның баласы бола тұра, тілдерінің түп тамыры бірге бола тұра, бірінің сөзін бірі шала түсінетін яки түсінбейтін халықтар дүние жүзінде толып жатыр ғой, мәселен,— славяндар, германдықтар, түріктер, тағы басқалар. Бұлардың көбі бірін бірі ауызша сөзде ғана емес, жазуда да қиын түсінеді, немесе түбірімен түсінбейді. Мысалы, славян тұқымына жататындар — орыстар, поляктар, чехтар, словендер; герман тұқымына жататындар — немістер, ағылшындар, фламандықтар, т. б.; түрік тұқымына жататындар — азербайжан, қазақ, чуаш, якут тағы басқалар...

Қытайда олай емес: ауызша сөйлескенде бірін бірі ұқпайтын екі өлкенің қытайлары, иероглифпен жазып сөйлессе ұқпайтын бір де бір сөзі болмайды.

Одан да ғажабы: қытайдың, жапонның, корейдің, тағы да жер шарының сол бір түкпіріндегі бірнеше халықтардың тілдері түбірімен басқа бола тұра, иероглифы бір болғандықтан, ауызша сөйлескенде бір де бір сөзін ұқпайды да, иероглифтық жазуларын оқығанда магынасына түсіне кетеді.

Бұның құпиясы неде?

Мен Пекинде, Джунго (Қытай) Ғылым академиясының әдемі бір залында, тіл ғалымдарының бірі Цюй Ань-дуньмен әңгімелесіп, иероглифтың сырларын сұрап отырмын. Маған қиын көрінетін мәселені Цюй Ань-дунь оп-оңай шешіп беретін сияқты.

Кеңсесінде болсын, үйінде болсын,— қытай қонағымен шәй ішіп отырып кеңеседі. Цюй Ань-дунь де менімен солай кеңесіп отыр. Иероглифтің сыры туралы сөз болғанда, Цюй Ань-дунь қытай өрнегімен жасалған әдемі шәйнекті орнынан көтеріп менің алдыма қойды да:

— Міне,— деді, оны саусағымен нұсқап,— бұл, белгілі түрі бар, белгілі мазмұны, қызметі бар бір нәрсе. Бұның төңірегінде қазақ пен хансу ғана емес, тілдерінің түбірі басқа: герман, славян, араб, негр, иран, фин... деген сияқты көптеген халықтың өкілдері отыр екеміз дейік. Бәріміз де осы шәйнекке қарап отырмыз. Әр халық бұны өз тілінде өзгеше атағанмен, барлық халық-

тың ұғымы бұл нәрсе туралы біреу-ақ,— ішетін шәйдің ыдысы. Рас па?

— Рас!..

— Сол сияқты: терезе, есік, бөлме, үй, қала, ағаш, жер, су, гүл, құс, аспан, бұлт, күн... деген сияқты сансыз нәрселердің әр тілде аталуы басқа болғанымен ұғымы біреу-ақ кой?

— Рас.

— Иероглиф те сол! Ол әрбір нәрсенің, көріністің мағнасын, суретінің елесін түсіру арқылы береді. Мысалы, иероглиф жазуында «күн» деген жазу — ортасында ноқаты бар дөңгелек сызық. Осы сызықты қақ жарса, тең-жарасы «ай» деген сөз, егер екі тең-жараны қайқы жағынан түйістірсе,— ол «күн» де емес, «ай» да емес, «қайың» деген сөз, яғни күндей жарқын да емес, айдай көмескі де емес, екеуінің аралығындағы түс, деген ұғымды береді...

— Әрине,— дейді Цюй Ань-дунь,— әрбір нәрсенің иероглифы дәл суретін ғана түсірсе, онда иероглиф — жазу емес, сурет болар еді, өйту мүмкін де болмас еді, өйткені дүниеде бірінің суреті біріне ұқсамайтын сан миллиондаған нәрсе мен олардың есепсіз көп құбылысы бар ғой. Оның бәрін даралап суреттеуге иероглиф жете ме?

— Әрине!..

— Иероглиф жазуы, сипаттайтын нәрсенің я көріністің табиғи елесін бере тұра, жазушының ой-пікірін баяндауға келгенде, жыпырлай тұтасып, айырып ұғуға қиындап кетеді. Мысалы хансу тілінде «еркек» деген сөздің және «әйел» деген сөздің екі түрлі иероглифы бар. Ал, осы екі иероглиф тұтаса жазылса, қосындысының мағынасы «еркек» те емес, «әйел» де емес, «жақсы», «рахат» деген сөздердің мағынасын береді. Мұндай мағынасы бар сөздердің қытай тілінде саны жоқ.

— Тағы бір ескерте кететін нәрсе,— дейді Цюй Ань-дунь,— қытай тілінде, жазылуы бірдей бола тұра, мағынасы бөлек сөздер де толып жатады...

Цюй Ань-дуньнің мысалдарына құлақ тігем де, қазақ тілінде де кездесетін сөздермен салыстырам. Мысалы, қазақтың «ту» деген сөзі, бір мағынасында «жалау» боп ұғылады да («Қызыл ту»), енді бір мағынасында «семіз» боп ұғылады («ту бие», «ту сиыр»); «құр» деген сөздің мағынасы үшеу: «құр» — құс, «құр» — жіп,

«құр» — мінілмеген көлік («құр ат», «құр өгіз»). Осылай жазылуы бір болғанмен мағынасы түбірінен басқаша қазақ сөздерінде бес мағыналысы да бар сияқты еді, оның не сөз екені кәзір есімде жоқ. Бірақ, қазақта мағынасы бұдан көп сөз жоқ сияқты. Ал, қытайда жазылуы бірдей кейбір сөздің мағынасы қырыққа жететін көрінеді.

Басы әр нәрсенің көрініс суретін елестетуден шыққан иероглиф, кейін біріне бірі қосыла келе, жақсылап зерттемеген, яғни әдейі арнап оқымаған адамға түсініксіз болған. Цюй Ань-дуньнің айтуынша, хансу тілі — дүние жүзіндегі сөзі ең көп тілдің бірі, ал әр сөздің өзіне тәуелді иероглифы бар. Мұнша көп иероглифты түгел білетін адам хансуда көп емес. Өзгелерді былай қойғанда, егер филология ғылымы факультетін бітірген студент хансулық иероглифтың тең-жарасын меңгерсе, бұл тілден көп нәрсе ұққан адамға саналады. Жұмысшы адамның ең қажетті ісін өтеуіне жүз елу, екі жүз иероглиф те жарай береді.

— Бұның бәрі түсінікті,— деймін мен, Цюй Ань-дуньге, — сонда, егер оқыған адам иероглиф суретінен шамалап қана білетін болса, иероглифпен жазылған кітап атаулыны қалай оқып, түгелімен мағынасына қалай түсініп кете алады?

— Бұндағы мәселе,— дейді Цюй Ань-дунь,— иероглифтің бәрін білуде емес, оның құралу принципін білуде. Егер принципін жақсы білсе, ол бұрын кездестірмеген иероглифты оқып та кете алады, түсініп те кете алады. Жат тілдегі иероглифтың мағынасын түсіну принципі осында.

Бұлай баяндаудың өзіне емес, алыста бұлдыраған елесіне ғана көзім әрең жеткенімен, сағаттап емес, күндеп, айлап емес, жылдап зерттегенде әрең білетін оқудың арғы жағын қазбалауды артық көрем де, елінің иероглифын ықласпен түсіндіріп отырған Цюй Ань-дуньді қинай бергім келмей, иероглифтың болашақ жайын сұрап кетем.

— Сіздің сөзіңізден аңғарғаным,— деймін мен Цюй Ань-дуньге,— ұғымы жеңіл болғанымен оқуға ауыр екен бұл иероглиф.

— Рас.

— Сонда, қытайлық хаттың бұл сурет салу принципін әріп принципіне көшіруге болмай ма?

— Әрине, болады. Қытай тілінде де әріп бар және оның саны көп те емес,— отыз шақты ғана. Латын алфавитінің негізіне құрған қытай алфавитінің жоспары кәзір жасалып та жатыр. Ендігі мәселе — жаңа алфавитке қашан көшуде.

— Оның да жоспары бар ма?

— Дәл жоспары жоқ. Болмауына себеп: кәзір иероглифтен біржола безіп, латын алфавитіне біржола көшсек, бірін бірі иероглиф жазуы арқылы ғана түсініп, ауызша сөйлескенде ұқпайтын хансу (қытай) өлкелері бірін бірі түсінбейтін әлденеше тілге бөлшектеніп кетер еді, оның аты — бір хансуды әлденеше ұлтқа бөліп жіберу болар еді, өйткені, тіл ұлттықтың негізгі тірегі ғой. Мыңдаған жылдардан бері жері бір, тұрмысы, тарихы бір, мәдениеті, психологиясы, жазуы бір ұлы халықты латын әрпі үшін бөлшектеу тарихи жақтан да дұрыс болмас еді, саяси жақтан да дұрыс болмас еді.

— Әрине! Ал, осы қиындықтан шығудың жолы бар ма?

— Бар. Бізде латын алфавитін қабылдаумен бірге, хансу елінің тілі бірлестігін жасаудың да мәселесі көтеріліп жүр. Бүкіл орысқа москвалық сөйлеу үлгі болуы сияқты, бүкіл Қытайға пекиндік сөйлеуі үлгі. Біз бұдан былай, латын алфавитін алумен байланысты, мектептерімізде, басқа да оқу орындарымызда, баспасөздерімізде «хансу» атына кіретін өлкенің бәрін де Пекин сөйлеуіне қарай епте икемдей береміз, сөйтіп, біраз жылда (мүмкін — он, мүмкін — жүз, мүмкін — одан да артық) бүкіл хансуды ауызша да бір тілмен сөйлейтін халға келтіреміз.

— Иероглифпен жазуды сонда ғана доғарасыздар ма? — деймін.

— Менімше иероглиф ешуақытта да жойылмауға тиісті,— дейді Цюй Ань-дунь.

— Неге?

— Иероглиф әлденеше мың жыл жасаған жазу. Ол жазуда қытайлық сан-алуан қымбат білімнің миллиондаған кітабы бар. Оның бәрі былай тұрсын, кәзіргі күнге аса керегін ғана латын әрпіне аударып қайта басу үшін, мыңдаған демейін, жүздеген жылдар керек болар еді. Ол кітаптарды қазіргі я болашақ ұрпаққа өз жазылуынша (иероглифше) оқытпау, хансудың бұрынғы бай тарихына ғана емес, бүгінгі мен болашақ тарихына да

кешірілмейтін хиянат жасау болар еді. Бұндай хиянатқа бармаудың бірден-бір жолы — мектептерде, басқа оқу орындарында латынмен қатар иероглифті де оқыту, ұрпақты екеуімен де сауаттандыру.

— Иероглиф ешуақытта да музейлік мүлік боп қалуға тиісті емес,— дейді Цюй Ань-дунь, әлгі айтқан пікірін шегелей түскісі келген кескінмен,— өйткені, онда хансу халқының мыңдаған жылдық тіршілігінің жанды тамырлары соғып тұр, оларды тоқтату хансу тарихын өлтіру деген сөз. Оны істеуге ешкімнің де әлі келмейді, ендеше, үйренуі қанша қиын болғанмен, хансу иероглифы бүгін ғана емес, болашақта да оқыла береді...

VII. ЖАННАН ДА ҚЫМБАТ МҮЛІК

Қытайдың материалдық мүлкінде де, рухани мүлкінде де баға жетпес қымбаттар толып жатыр. Олардан өз көргенімізді ғана сипаттап шығуға кітаптың көптеген беттерін толтыру керек болар еді, өйтудің бұл арада қажеті жоқ. Біздің мақсат — қытайдың қымбатын тізбектеу емес, сол қымбатты қытай халқының қалай қадірлеуін ғана көрсету. Енді, осы елестердің түйіні сияқты бір ғана мысалға тоқтайық.

Қытай ақыны Чжан Кэ-цзэның бастауымен біз Пекин қаласында, патша сарайындағы көркемөнер музейінің залдарын аралап жүрміз. Бұндағы жасалуы да шебер, бағасы да қымбат мүліктердің көптігіне адамның көзі сүрінеді.

Сан ғасырдың алуан шеберлері хайран қаларлық түрде жасаған бұл мүліктердің бәріне тоқырай берсе, бастаушымыздың айтуынша, осы музейдің бір өзін әлденеше күн аралауға тура келер еді, оған бізде уақыт жоқ, сондықтан тұнық суды жүзіп ішкен жылқыдай, талай тамаша нәрсеге кідірместен, сыдыра қарап өте шығамыз. Осылай жылжи қарап жүрген шағымызда Чжан Кэ-цзя әлденеге қадала қарады да:

— Тоқтаңыздар! Бері келіңіздер,— деді ол, ілгерірек кеткен бізге қолын бұлғап.

Оралып келген бізге:

— Мына кереметті көріңіздер! — деді Чжан Кэ-цзя, үңіліп тұрған нәрсесін саусағымен нұсқап.

Біз де үңілсек, түбі жуандау, ұшы сүйірлеу, ұзындығы метрге жақын тұтас сүйектен оюлап жасаған әдемі нәрсе.

— Бұ не?

— Пагода...[1] Пілдің жалғыз азуынан ойып жасаған... Тоғыз қабат үй... Әр қабатта, іші-сырты оюмен әшекейленген бірнеше бөлме бар. Ең төбесінде Будданың бейнесі. Кейбір нәзік оюлар өте ұсақ жасалғандықтан, көзге ілінбейді, оны үлкейткіш шыны арқылы ғана көруге болады. Міне ол шыны! — деп Чжан Кэ-цзя экскурсанттың қолындағы сабақты лупаны алды да бізге беріп:— әуелі көріп алыңыздар, қызық тарихын содан кейін айтам,— деді.

Лупамен көрсек, қарағанымыз шынында да ғажап нәрсе екен. Жалғыз азу тістен, еш жерін сындырмай, кетілтпей, ішінде бөлмелері көп, тоғыз этажды пагода (мешіт) жасау — хайран қаларлық жұмыс емес пе?! Мына тамашаға хайран қала тұра, ақылға сидыра алмағанымыз: сүйектің сыртына оюлап келтірген неше түрлі нәзік әшекейлерді жасауға болады екен дейік, өйткені қол баратын, қару-құрал жұмсай алатын орын ғой ол, ал сонда, сүйек ішіндегі не пышақ, не біз, не ине кіре алмайтын тар жердегі оюларды қандай қол, не құралмен соншалық әдемі ғып, нәзік қып жасай алды екен?!

Ақыл жетпейтін осы шеберлік пен көркемдікке хайран қалған менің есіме, қазақтың ауыз әдебиетіндегі сағатты жұмбақ қылған бір ауыз өлең түсті:

Дүниеде жаралыпты бір тіршем,
Шығады күнмен талас бір бүйірден.
Ішінде қылдан нәзік бір жібі бар,
Сол жіпті қолы сынғыр кім иірген?!

Бұл өлеңнің мені хайран қалдыратыны — соңғы екі жолы. Қытайдың қолымен пілдің жалғыз азуынан шебер жасалған пагоданы көріп тұрып, «қолы сынғыр, қандай шебер жасады екен мұны?!» дедім мен ішімнен.

Бірақ, оған таңданатын да іштеңе жоқ. Күріштің жалғыз дәніне адамның денесін ғана емес, отыратын бөлмесін, атқаратын қызметін түгел ойып сиғызған қытайдың қолы, бір тал шашқа ұзақ хатты иероглифпен сиғызатын қытайдың қолы нелер нәзік, нелер ұсақ істі шебер атқара алмайды дейсіз?! Қытай музейлерінде біз ондай кереметтердің талайын көрдік.

Бізді таң қалдырған пагоданың тарихы қызық боп

[1] Мешіт, шіркеу сияқты құлшылық үйі.

шықты. Оны жасап бітіруге екі-үш шебер ұрпақтың жүз жылға жақын уақыты кеткен. Ең соңғы шебер бұл істі ойдағыдай аяқтап болғаннан кейін, өткен ғасырда дәурен сүрген бір патшаның әйеліне сыйға тартқан.

Содан бастап, ұрпақтан ұрпаққа мұра боп, патша мүліктерінің музейінде тұра берген қымбат пагоданың басына, Чан Қай-ши билеп тұрған шақта қара күн туады. Халық бостандығына қарсы күрескен Чан Қай-ши, қаражаттан тарыққан шағында, ішіне біз сипаттап отырған пагоданы қоса, музейдің біраз қымбат мүлкін Америка империалистеріне алтынмен қымбат бағаға сатады. Бұны естіген музей қызметкерлері ол мүліктерді тығып үлгіреді. Шынын айтпаған оларды Чан Қайши ауыр жазаға бұйырып, әдейі жинатқан жұрттың көзінше, бірнешеуінің бастарын балтамен шабады. Өзгелері сонда да шындарын айтпайды...

— Сонша қымбатқа түскен бұл мүлікті,— дейді Чжан Кэ-цзя, ауыр әңгімесін қорыта кеп,— кейін, халық бостандыққа жетіп (1949 жыл), өз өкіметін құрған соң, музейдің тірі қалған қызметкерлері тыққан қымбаттарын аман қалпында түгелімен жаңа өкіметтің қолына әкеп табыс етті. Біздің халық, еңбек сіңіріп жасаған мүлкін осылай қадірлейді, ондай мүлікті қанынан да қымбат көреді.

VIII. ҚЫТАЙДЫҢ ОЙЫН-САУЫҚТАРЫ

Хансу халқының ішін толық бір ай аралағанда, сирек бір кештер болмаса, өзге кешіміздің бәрін де біз кино, концерт, спектакль сияқты ойын-сауықтарды көруге арнадық.

Қазіргі Қытай кино-картинаны дүние жүзінде ең көп шығаратын мемлекеттің бірі екен. Мәселен, біз барған— 1956 жылы толық және қысқа метражды кинодан 1200-дей картина шығарған. Бұлардың бәрі де түгелімен революциялық күреске және қазіргі қытайдың социализм құру жолындағы күрестері мен істеріне арналған. Картиналардың ішінде Қытайдағы ұсақ ұлттардың тұрмысына арналғандары да көп. Мәселен, Синьцзяндағы қазақтардың революцияға қатынасуын көрсететін «Хасен-Жәмилә» атты кино (авторлары Бухара Тышқамбаев және Ван Шюй-ху) қытай көрермендерінен зор баға алған.

Цирк — Қытай қалаларына кең жайылған өнер екен. Бұл жүйелі ойында қытайдың өнеріне дүние жүзінде пар келетін ел жоғы — барлық халықтың да ден қойған жұмысы. Қытай циркін біз өз отанымыздың да біраз қалаларында көріп жүрміз. Ал Қытайдың өз ішіне барып көргенде, мұндағы көргендеріміз «ойыншық» сияқты да, нақ ойынның өзі Қытайда сияқты. Әдеттегі цирктің ойындары да тамаша және қиын болғанымен, ойлап қарасаң ақылға сияды ғой, ал Қытайдағы цирктің кейбір ойындары қалай ойласаң да ақылға симайды. Бұған мыңдаған мысалдардың ішінен тек екеуін ғана алайық.

Бірінші мысал. Әдетте барлық хайуанның да, оның ішінде адамның да, бас жағы ауырлау, аяқ жағы жеңілдеу келеді ғой, сондықтан бас жағы төмен салбыраса-ақ, егер аяғынан байлап қоймаса, құлайды ғой. Әдеттегі, цирктерде кейбір ойыншылар велосипед, мотоцикл сияқты екі доңғалақты машиналарды қатты жүргізу арқылы дөңгелек қабырғалы үйлердің ішін айналып, жабығына дейін көтеріліп кетеді ғой, бірақ сонда олар, қиғаштау болса да, бас жағын жоғары ұстайды ғой. Қытай циркіндегі осындай ойыншылар осы әдіспен, дөңгелек қабырғалы биік үйдің төбесі жабық жабығына дейін барады да, одан кейін, бас жағын төмен салбыратып жіберіп, жабықтан зымырған машинаны шалқасынан жатып жүргізеді. Сонда машина да, өзі де құламайды!.. Ми жете ме осыған? Қимыл заңын жақсы білетін физиктер де бұл сұрауға жауап бере алмайды!

Екінші мысал. Уханьдағы бір циркте ойыншы сахнаға ұзындығы сала-құлаш жуан жыланды алып шығады да, көрермендердің көзінше, оны қолында біраз тулатып ап, аузына сап жұта бастайды. Басы ауызға кірген жыланның арт жағы тулай береді де, сол қалпымен ауызға сұңғи беріп, аздан кейін жоғалады. Жылан ішіне кеткен ойыншы, «ауыртып барады» дегендей қынжылып, өңешін, кеудесін, ішін алақандарымен уқалай бастайды. Оған қарап отырған кісінің зәресі кетіп, «бейшара» ойыншыны аяйды. Аздан кейін ойыншы құсуға ыңғайланғандай лоқсыса, қай жерде оралып үлгіргенін кім білсін,— жылан ойыншының аузынан бас жағымен шыға бастайды... Лоқси түскен ойыншы, басынан ұстаған жыланды ішінен шыжымдап тартып, ақырындап шығара береді де, аздан кейін жылан ауыздан бар денесімен салаң етіп шыға келеді! «Көзімізді алдап, киімі-

нің жағасына кіргізіп жіберетін болар» дейін десек, ойыншының кіндігінен жоғарғы денесі жалаңаш. Осы не?!

Біз қытай қалаларында көп спектакль көрдік. Оларға қытайдың атақты жазушыларының бірі, әрі Қытай мемлекетінің мәдениет министрі болып та қызмет атқаратын Мао Дун жолдаспен кеңесімізді қысқаша айта кетейін. Пекинде болған күндердің біреуінде бізді қабылдаған ол, қытай жастарының хал-жайын айта отырып:

— Сіздердегі, яғни европалық түрдегі театр бізде әзірге жоқ. Сіздерде «драмалық» аталатын театрларда ойынды сөйлеу арқылы ғана көрсетеді ғой. «Опера» аталатын театрларыңызда уақиға музыка мен ән арқылы ғана беріледі ғой. Музыкаға сүйенген би арқылы көрсетілетін ойынды сіздер «балет» дейсіздер ғой. Осылардың бәрі араласқан спектакль сіздерде «оперетта» деп аталады ғой. Жүйелі өрбіген уақиға болмай, жеке номерлі, қызғылықты сөзден, әннен, музыкадан құралған сауық болса, сіздер оны «концерт» дейсіздер ғой. Хайуандар ойнатылатын, адам дене өнерін көрсететін, қылжақ, күлкілер болатын орынды сіздер «цирк» дейсіздер ғой. Біздің «спектакль» аталатын ойынымызда бұл атағандарымыздың бәрі араласып, жіктері ашылмай бірігіп жатады. Оған айқын мысалдың бірі — Пекиннің классикалық операсы. Бұл сөз түсінікті болуы үшін оның спектакльдерін көрулеріңіз қажет,— деді.

— Мақұл,— дедік біз.

— Европалық түрдегі театрларды, әсіресе драма мен операны жасау ісіне біздің халық азаттықтан бергі жерде ғана (1949 ж.) кірісті,— деп жалғастырды Мао Дун сөзін,— Пекинде және тағы бірнеше қалаларда ұйымдасқан ондай театрларымыз да бар. Уақыттарыңыз мүмкіндік берсе көрулеріңізді өтінем. Күнібұрын ескертерім: «қытайлық» аталатын, яғни хансу халқымен бірге жасап келе жатқан театрларымыздың барлық спектакліне де, ешуақытта билет жетпей, халық театр үйіне үнемі симай кетеді, ал кейін, европалық түрде жасаған драмалық және опералық театрларымыздың кейбір спектакльдерінде орындықтардың біразы бос тұрады.

— Себеп? — деген сұрауға:

— Дәл жауап беру қиын,— деді Мао Дун,— бұған халықтың әлі дағдыланып үлгірмеуі де себеп болуы

мүмкін, қызғылықты пьесалар жаза алмай жүруіміз де мүмкін. Қайсысы себеп болса да, халық әзірге «халықтық» аталатын театрларға көп барады, «европалық» аталатын театрларға азырақ барады. Оның себебін ұғуға, аталған екі түрлі театрларымызды көргеннен кейін, мүмкін, өздеріңіз жәрдемдесерсіздер.

— Ондай міндетті атқара алмаспыз,— деді Вадим күліп,— мыңдаған жылдар бойына жасалған театрларды аз күн көріп баға беру, бері салғанда, жеңіл ақылдылық болар. Дегенмен, ойға келген пікірді айтармыз да.

— Тағы да бір ескертерім,— деді Мао Дун,— сіздерде бір кезде «пролеткульт» аталатын ағым болған ғой? Олар «ескінің бәрін жауып, тек пролетариаттық мәдениетті ғана қалдырайық» деген ғой? Дұрыс айтам ба?

— Дұрыс!

— Бізде де сондайлар болып, «классикалық операны тоқтатайық, европалық түрдегі театрларды ғана жасайық» десті. Бұл сөз бергі жерде ғана айтылмай, Мао Цзэ-дун жолдасқа да жетті. Сонда, сол мәселені алып барған солақай адамға: «Халық қай түрлі театрға көп барып жүр?» деген сұрау қойыпты Председатель. Анау: «Әрине, бұрынғы театрға! Өйткені, үйреніп қалған ғой оған!» депті. Сонда Председатель: «Театрлар не үшін керек бізге? Осы екеуміз сияқтылар үшін бе, халық үшін бе?» деген сұрау қойыпты. Анау: «Әрине халық үшін! Бірақ...» деп келе жатыр екен, Председатель оны тоқтатып: «Ойын-сауыққа бару-бармау еркі әркімнің өзінде. Олар ұнатқан ойын-сауығына барады да, ұнатпағанына бармайды. Ендеше, халыққа сүйген, яғни, жүрегін тартқан ойын-сауығын көрсетейік. Халықтың жүрегін не болса сол тарта бермейді, өз тіршілігіне тығыз байланысты ойын-сауық қана тарта алады» депті.

— Тамаша сөз! — дестік біз.

— «Қазіргі көрермендердің кім екенін естен шығармауымыз керек. Еңбекшілер олар. Азаттықтан бұрын олардың басым көпшілігінде ойын-сауықты көруге мүмкіндік болмады. Енді, азаттықтан кейін, мүмкіндік туған шақта, солар нені тілесе, біз соны көрсетуге тиістіміз» депті.

Пекиннің классикалық операсын және тағы бірнеше қалалардағы соған ұқсас операларды көргенде, Мао Дун жолдастың күнібұрын ескерткен сөздері расқа шықты.

Ең алдымен, бұл түрлі спектакльдердің бәрінде де театр залына адам симайтыны рас екен. Бұлай болу — хансу халқының көптігінен дейін десек, кейінгі кезде ұйымдасқан кейбір драмалар мен операларды қойғанда залдар олқылау болды.

Жаңа тақырыпқа жазылған опералардан ерекше орын алатыны «Лю Ху-лань» екен. Ол — қытайдың азаттық күресі кезінде ерекше ерлік көрсетіп, арпалыс үстінде өлгеннен кейін «Қытай халқының батыры» атағын алған қыз екен. Біз, мысалы, Зоя Космедемьянская мен Әлия Молдағұлова сияқты, отан қорғауда өлшеусіз ерлік істерімен аттарын халқымыздың тарихында алтынмен жазып қалдырған қыздарымызды қандай сүйсек, қытай халқы да өз қызы — Лю Ху-ланьды сондай сүйеді екен, ол туралы жазылған операның спектаклінде халық үнемі толық болады екен.

Классикалық операларда, Мао Дун жолдас айтқандай, европалық театр жанрларының бәрі араласып жатыр. Аса қызғылықты бұл спектакльдерде бізге алғаш жат естілгені — жезден жасалған дабылдардың қаңғыр-күңгір, паң-паң етіліп, үйренбеген құлақты тұндырып жіберуі. «Адам үш күннен кейін көрге де үйренеді» деп қазақ айтқандай, бірер спектакльден кейін біз бұл қаңғыр-күңгірге де үйреніп алдық.

Үйренбеуге мүмкін емес: спектакльдің қызғылықты ойыны ойынды өзгенің бәрінен бөліп, еріксіз тартып әкетеді. Ол ойындар туралы көрген-білгенімізді айтардан бұрын, қытайлық спектакльдердің бәріне тән кейбір өзгешеліктерді айта кетейік.

Декорация жасауға қытай шебер халық екен. Сахна арқылы даланы, орманды, тауды, суды... деген сияқты табиғат бейнесін көрсеткенде, жаңбыр, найзағай, боран, жел, көшпелі бұлт... деген сияқты табиғат құбылысын көрсеткенде, табиғи түрінен айнытпай түсіреді!

Классикалық операдағы спектакльдердің көпшілігі Қытайдың ескі өміріне құрылғандықтан, онда патшалар, феодалдар, ірі чиновниктер де қатынасатын болғандықтан, киімдері өте бай келеді. Және ол киімдердің көбі бертінде тіккендер емес, байырғы киімдер, яғни, бұрынғы патшалардың, феодалдардың, оларға жақын адамдардың киімдері.

— Қайдан алынған бұлар? — деген сұрауға театр директоры:

— Патшалық дәурен сүріп тұрған шақта, рольдерін атқаратын адамдар өздеріне дәл ұқсасын деп, артистерді патшаның, феодалдардың сарайлары киіндіретін болған, кейін, олар жойылған соң, қазнаға түскен мүліктерін Халықтық үкімет театрлардың қарамағына берді,— деген жауап айтады.

Қытай театрларының гримы қызық: артистер, әсіресе әйелдер, беттеріне бояуды қалың жағады, соның салдарынан әсіресе қуыршақ сияқтанып кетеді. Еркектерінде адамның табиғи қалпына лайықтап келтіретін сақалмұрт болмайды, оларды жылқының қылынан жасап, иегіне қалай болса солай байлай салады да, қозғалған шақтарында салақтап бос жүреді. Артистердің сахнадағы кейбір әрекеттері тым тұспалды: мәселен, басына қыл байлаған қамшы сияқты бірдемені алып шығу — атқа мініп шығудың тұспалы, артист қимылында сол «атты» мінген, түскен, байлаған, тұсаған сияқты әрекеттер жасап жүреді. Аңдардың роліндегі артистер, бас бейнесіне дейін, аяқтарына дейін сақталған аңның терісін киіп шығады.

Биі аралас келетін қытай спектаклінде ол рольді орындау өте қиын. Мәселен, жолбарыстың, арыстанның, аюдың рольдерін ойнағанда, солардың терісін жамылып, бас бейнесін бастарына киіп алып, қимылдарын өз қалпында көрсету аса ауырлыққа түседі екен, тұлып ішінде терлеп-тепшіп, тұншығып кете жаздайды екен. Антракт кезінде сахна сыртына барып, әдейілеп көргенде, ақ ролін ойнаған артистердің қара суға түсіп, ентіккен демін әрең алып жатқанын көзімізбен көрдік.

Қытай спектакльдеріндегі аскан екі шеберлікті атай кету қажет: бірі — жаңағы айтқан би, екіншісі — психологиялық әрекеттер.

Әуелі — би жөнінде. Қытайдың аса шеберлікпен көрсетілетін билерінің ішінде, мәселен, мынандай бір би бар. Аңшы тау аралап жүргенде, тоғыз жолбарыс қамайды. Аңшымен арпалысқан аңдардың бәрі де жолбарыс тұлыбындағы адамдар. Арпалыс аса қиын және шебер қимылдармен көрсетіледі: тырнақты, тісті, күшті аңдармен жалғыз алысқан аңшы, қолындағы найзамен кейбірін жаралайды, кейбірін өлтіреді, ақыры, қалжыраған аңшыны жолбарыстар жыртып жеуге таянып қалған шақта, аңшы аспанға секіреді де, көктен байлауы жоқ, жерден тірегі жоқ қалпында билейді. Көзімен

көрмегенге бұл нанбайтын іс. Ал біз осы кереметті өз көзімізбен көрдік!..

Психологиялық рольді ойнағанда, бет бейнесінің қимылын қытайша меңгеріп, қайғы-қуаныштың бәрін дәл табиғи қалпында, аса сенімді ғып көрсететін артистер өзге елдерде сирек болуға тиісті.

Қытай операларында тағы бір қызық жағдай бар екен. Бір халықтың әр өлкесіндегі әндерінде, күйлерінде болатын жергілікті өзгешеліктер қытайда да бар екен. Осы өзгешеліктерді театрларында көрсету қытайға атамзаманнан әдет боп кеткен екен.

Мысалы, қытайда да біздің «Қыз Жібек» сияқты, сюжеті шебер құрылған халықтық поэма бар екен дейік (ондай поэмалар қытайда көп). Біздің драматург Ғабит Мүсрепов «Қыз Жібек» поэмасын отызыншы жылдардың орта кезінде оралық пьесаға айналдырды да, оның «музыкасын Брусиловский жазған» болды ғой. Бірақ, Брусиловский жанынан тың музыка шығармай, қазақтың халықтық ән-күйлерін шебер құрастыру арқылы опера жасады ғой. Осылай жасауда Брусиловский қазақ ән-күйлеріне «өлкелік» көзімен қарамай, барлық өлкенің де таңдаулы ән-күйлерінен ала берді. Одан кейінгі «Таргын», «Жалбыр» тағы сондай көп опералардың музыкасы осылай жасалды.

Халықтық музыканы кең пайдалана отыра, Қытайдың опера жасауы Брусиловскийдің әдісінен басқарақ екен. Олар «Қыз Жібек» сияқты пьесасын Кантонда оңтүстіктің ән-күйімен, Шанхайда — шығыстың ән-күйімен, Пекинде — солтүстіктің ән-күйімен ойнайды екен де, пьесалық материалы бір бола тұра, ән, күй, би жағынан басқаланып, Кантонның, Шанхайдың, Пекиннің.., операсы аталып кете береді екен.

Жергілікті әндерді, күйлерді, билерді осылай қолдану, бір жағынан осы өлкенің ән, күй, билері тұрғылықты елді театрға көп тартады екен.

Қытай спектакльдерінің, әсіресе классикалық спектакльдердің мазмұны қызық құрылады екен. Оған бірнеше мысал келтірейік.

Героинясының аты берілген «Мын Ли-цзюнь» аталатын спектакльде жасамыс патша бір министрінің қызына сұлулығын сырттан есту арқылы ғашық болады. Патшаның ұзын құрығынан құтыла алмасына көзі жеткен сұлу, жігітше киініп, ретін табады да, патша үкіметінің

бастығы боп кетеді. Бұл қулықты артынан сезген патша, ғашық қызын ренжітпей, еппен көндіру әдісіне түседі. Драмалық жағы өте шебер құрылған бұл тартыстың үстінде қыз патшаның баласына ғашық болады. Ол да бұны сүйеді. Ақыры, патшаның қызға деген ызасын баласына деген махаббаты жояды да, санын соққан патша, екі жастың қосылуына бата береді...

«Жолбарыс аулау» операсында, аңшы кедей жігіт, биік таудың шыңдарын өрлеп жүріп, жолбарыс атады. Ауыр жараланған жолбарыс аса биік құздан төмен құлағанда, патшаның етектегі жеміс бақшасының ішіне түседі. Патшаның да баласы аңшы-сымақ екен. Ол «көктен түскен» мына олжаны меншіктене қойып, әкесіне «өзім атып әкелдім» деп мақтанады. Аңы қайда құлағанын көрген мерген, патшаның үйіне келіп, аткан жолбарысын сұраса, берудің орнына, балама жала жаптың» деп, патша оны зынданға салып қояды. Мерген арызын айтқан шақта, патшаның сұлу қызы оны көріп тұрып, сымбатты, көрікті жігітке ғашық болады да, амалын тауып зынданнан құтқарып, екеуі аңнан басқа жан жүрмейтін тауға қашып мұраттарына жетеді.

«15000 чэк» операсында, маскүнем кедей әке сұлу қызын бай саудагерге он бес мың «чэкке» (ақшаның өлшеуі, шамасы бір сомдай болу керек) сатпақ болады. Қыздың сүйген жігіті бар екен, оған әкенің рұқсатынсыз қосыла алмайды, себебі кәрі әкесінде өзінен басқа бала жоқ және он бес мың чэктің көбін борышқа алып ішіп қойған, оны төлемесе абақтыға алынады. Бұл қиындықты жеңу үшін қыз бен жігіт бірлесіп еңбек атқарады да, әкені борыштан құтқарады. Қызының мұнша қиналуына көзі жеткен әке, аяушылықтың үстінде арақ «ауруынан» жазылып, өзі де еңбек иесі боп кетеді. Спектакль еңбектің шаттығымен, сүйіскендердің қосылуымен, саудагердің мазақ боп қалуымен аяқталады.

«Ахи—Асьма» операсы — «са-ни» аталатын, Қытайдың күнгейіндегі Юньнань өлкесінде тауда тұрып мал бағатын, Чжунго (Қытай) мемлекетіндегі аз ұлттардың бірі екен. «Ахи—Асьма» осы халықтың, біздің «Қозы-көрпеш—Баян» сияқты лира-эпосы екен. Ахи — жігіт, Асьма — қыз.

Әуелі са-ни халқының өзі туралы аз сөз. Тибеттің Күнгей Қытай теңізі бетіндегі еңіс жағында атамзаман-

нан көшіп жүріп мал бағатын бұл аз ұлт, соңғы жүз жылдың ішінде асқар таудың қарлы төбесіне кетіп, содан түспей қойған, барамын дегендерді қиын тосқауылдардан тосып өлтіретін болған, өлмегені қашып құтылған.

«Неге олай?» деген сұраудың жауабы төмендегідей болып шықты: бұдан жүз жыл бұрын осы өлкені ағылшындар басып алады да, еріккен уақыттарында тауға шығып ақ аулаған капиталистер, аңға қоса, кездескен са-нилерді де ата береді. Осы сұмдыққа жаны түршіккен са-ни таудың биігіне қарай үркіп, ағылшындар аулауын сонда да қоймаған соң, қарсылық көрсетіп, атысатын болады. Осы күреста олар таудың жан жолай алмайтын жеріне бекініп, төменге қарай түспей қояды.

Жүз жылдай осылайша өмір сүрген са-ниді азаттықтан кейін ол бекіністен түсіру Қытайдың Халық үкіметіне аса қиындыққа түскен, себебі — өздерінен өзге адамның бәрін «жау» деп қарау сүйегіне мықты сіңген олар, жаңа үкіметтің не екенін түсінгенге дейін қытайлық ешбір адамды маңына жолатпай, жақындағанын өлтіріп отырған. Баспасөз арқылы үгіттеуге — ішінде хат білетін бір де адамы жоқ, өйткені өздерінде мектеп жоқ, мектебі бар жерге қатынаспайды.

Қытайдың халық арасына кіре білетін, қыбын таба білетін үкіметі бұл қиындықты жеңудің де жолын тауып, аса зор ауырлықтар арқылы, ақыры, са-ниді де таудың асқарынан төменге түсіреді, олардың балаларына мектептер ашады, үлкендерінің де сауатсыздығын жою ісіне кіріседі, экономикасын жаңа жолмен көтереді, осы саясаттың арқасында, аз жылда са-ниден де партиялық, үкіметтік, шаруашылық, мәдениеттік қайраткерлер шығып, халқын социалистік жаңа бағытпен бастауға кіріседі. Қазір са-нидің — өз автономиялы ауданы бар, баспасөзі, мектебі бар, шаруашылығын да, тұрмысын да социалистік қалыпқа қарай бейімдеп келе жатқан, Қытайдағы тең ұлттардың бірі.

Са-ни халқының тарихымен бірге жасап келе жатқан тамаша лира-эпосы — «Ахи — Асьманың» мазмұны төмендегідей: Ахи дейтін сымбатты, көрікті, мерген, батыр, бақташы кедей жігіт, тағы бір кедейдің аса сұлу қызы— Асьмаға ғашық болады да, екеуі қосылғалы жүрген шақта, жерінде жаз құрғақшылық, қыс жұт болып, Ахи баққан малын айдап, алыстағы жайылымға кетеді. Ась-

маның сұлулығын естіп, сыртынан ғашық болған патша, Ахидің алыста жүруімен пайдаланып, нөкерлерін жұмсайды да, қызды ұрлатып алады. Ырқына көнбеген қызды патша абақтыға қаматады. Бұл зорлықты естіген Ахи еліне келеді де, ғашығын кімнің әкеткенін естіген соң, шамасы келсе құтқармақ боп, әйтпесе, сол жолда өлмек боп аттанады. Жолшыбайғы елдің бәрі Асьма кеткен жөнді сілтеп отырады. Сол бетпен тартып келе жатқан оны, қалың таудың ішінде жолбарыстар қамап, арпалыста ауыр жараланып, зорға деп құтылады. Ахидің сондай қиындықпен қалаға келгенін естіген патша, қапысын тауып ұстатып өлтірудің шарасына кіріседі. Қамаған жаумен қарсыласқан Ахи, көп дұшпанын өлтіріп, Асьманы зынданнан құтқарады, екеуі жөніне тартады. Ахиді айламен де, күшпен де қолға түсіре алмаған патша, кетіп бара жатқан жолындағы сайда өзеннің бөгетін бұзып, тасқыны қатты суын үстіне құлатады, терең сайды ілезде толтырған су, екі ғашықты көміп кетеді.

Спектакльдің финалындағы сәуленің көрінісі ғажап: сайды толтырған терең судың астында, суға тұншыққан Асьманы құшақтап жоғары малтуға жанталасқан Ахи, көрерменге шын мағынасындағы судың астында жүргендей әсер қалдырады!..

«Ахи—Асьма» операсының әндері де, музыкасы да, билері де, түгелімен са-ни халқынікі. Поэманы пьесаға қытай драматургі Шу Чи-лянь айналдырған.

Уханьдағы «Хань» аталатын опера да спектакльдің драмасы да, музыкасы да, билері де, рольдердің ойналуы да, сахнасы да, костюмі де аса шеберлікпен жасалып, өте қызғылықты түрде көрінеді. Ахидің ролін 38 жастағы Ли Лю-ке, Асьма ролін — 20 жастағы Хуа Билянь ойнайды. Спектакльді қоюшы театрдың көркемдік жағын басқаратын Чинь Бай-хуа деген әйел. «Чинь»,— қытайша «әйел», «Бай» — «жүз», «Хуа» — «гүл» деген сөздер екен. Бәрін қосқанда «гүлі жүз құбылған әйел» деген мағына береді екен.

Біраз сөз — осы «жүз түсті гүл» туралы. Жасы отыз сегізге келген, сұлу кескінді, толықша сымбатты денелі, мінезі ақ-жарқын бұл әйел, спектакль болған күннің ертеңіне әдейілеп мені театрының да, өзінің де тарихымен толық таныстырды.

Оның және қытай театрларының жайын жақсы білетін басқалардың айтуынша, бұрынғы Қытайда «Пекиннің классикалық операсы» сияқты бірен-саран атақты театрлар ғана мемлекет қарамағында болған да, өзгелерін жеке капиталистер «ұйымдастырған». Олардың сондағы мақсаты, біріншіден,— ақшадай пайда табу болса, екіншіден,— көп әйел ұстаудың әдісі болған. Осы ниетпен «ұйымдастырған» театрлардың табысынан мол сыбағаны өзі алып, артистерге күнін зорға ғана көретін еңбек ақы төлейді екен. Екінші ниетін орындау үшін, сымбатты сұлу қыздарды балалық шағынан бастап жинайды екен де, ересек бола бастаған шағында, «жасырын жүрісіндегі» әйелдердің қатарына қосады екен.

Кедей семьяда туған Чинь Бай-хуа, осындай театрдың біріне сегіз жасында кіріп, актрисалық қызметін баланың ролін ойнаудан бастайды. Бүлдіршіндей әпәдемі, кіп-кішкене қызға сол шағынан-ақ көзі түскен капиталист, он алты жасқа шыққан жылы «жақының бол» деген ұсыныс жасайды.

— Екі себеппен ол ұсыныстан бас тарта алмадым,— дейді Чинь Бай-хуа ауыр күрсініп ап,— бірі, театрдан шықсам, күн көрерлік жерім жоқ, екіншісі, театрды аса сүйіп, кейбір басты рольдерді ойнауға айналған едім, халық ойындарыма сүйсіне қарайтын болған еді, осы ісімді тастап кетуге қимадым.

— Басқа бір театрға барсаңыз нетті?..

— Қайда ондай театр? Әр театрдың да сұлу қыздары жеткілікті... және театр ұстайтын капиталистер өзара құлақтас боп жүреді де, бірінен шыққан актерді, әсіресе актрисаны, олардың ішінде — жас қызды, екіншісі қабылдамайды.

— Азаттыққа осындай халде жеттім,— деп күрсінеді Чинь Бай-хуа,— азаттықтан кейін театр үкімет қарауына көшті. Мен театрдың көркемдік жағын басқаруға тағайындалдым...

— Еріңіз? — деймін мен асығып.

— Жасы да қартайды оның. Ақшасының күшімен тұсап ұстаған «сүйіктілері», еңбегімен күн көретін халға жеткен соң, одан безінді. Мен де солардың қатарына қосылдым.

Қазір театрда 37 актер қызмет атқарады, олардың ең құрметті адамдары — жасы жетпістен асқан соң пенсияға шыққан, қазір сексенді алқымдаған Ли Чюнь-си



Уханьдағы опера театрының көркемдік жағын басқарушы Чинь Бай-Хуа (оң жақта) С. Мұқанов және осы театрдың қарт артисі Ли Чюнь-си.

деген қарт. Оны бұл театрдың коллективі түгіл, қытайдың театрлық әлемі түгел құрметтейді екен. Орыс театрының тарихын білетін біреу оны «Қытайдың Щепкині» дейді.

Чинь Бай-хуа да қытайдың театрлық өмірінде төрдегі қатарынан орын алатын, аса сыйлы адамының бірі екен.

Дене сымбатының, бет ажарының көркі толық сақталған бұл сұлу әйелмен сөйлесіп отырып, қалжың ретінде:

— Кәрі капиталистен айырылған соң жас жар таппадыңыз ба? — десем,

— Сүйгенім барда қайтем ол жарды? — деп күлімсірейді ол.

— Кім ол сүйгеніңіз? — десем:

— Театр! —дейді Чинь Бай-хуа нық дауыспен.— Мен бойымда бар асылымды соған берген де, келешекте де сөйтуге белімді берік байлаған адаммын. Одан артық сүйерім болған да жоқ, болмайды да...

Қытайдың музыкалық өмірінен аз сөз.

Мен музыка сабағын оқыған кісі емеспін, сондықтан оның теориясын білмеймін. Бұл жөндегі менің ұстазым — құлағым ғана. Совет Одағындағы елдердің

ішінде ең жақсы көретін музыкаларымның қатарына мен татар музыкасын да қосам. Менің құлағыма моңголдың, корейдің, қытайдың әндері татар әні сияқтанып естіледі, сондықтан мен оларды да өте сүйем. Қалың Қытайды аралағанда талай операны, концерттерді тыңдай жүре мен хансу халқының ешбір ән-күйін жатырқай тыңдаған жоқпын, жатырқау орнына,— аса тәтті ләззәт ап, рахаттана тыңдадым. Осындай рахат сағаттарымның ішінен бірер ғана мысал келтірейін.

Кантон қаласында, менің өтінішіммен, қалалық филармонияның музыкалық капелласы, «Сун Ят-сен клубы» аталатын бүкіл Қытайдағы ең салтанатты, ең көркем, ең мол үйдің «репетициялық зал» аталатын әдемі, кең болмесінде музыкалық концерт тыңдау ұйымдастырды. Маған ерін барған тілмаш қыз бен (атын ұмыттым) екеуімізден басқа бұл болмеде бөгде кісі болған жоқ.

Капелланы басқаратын Цин Чжэ-иньнің айтуынша, музыкалық аспаптар жағынан қытай дүние жүзіндегі ең бай ұлттардың бірі.

— Сонда, түрлерінің саны қанша — деген сұрауға:

— Жүзден асады,— деп жауап береді Цин Чжэ-инь.

Ол аспаптардың көбі осы бөлмеде бар екен. Біразын қолға алып көрсем, ішінде өңгерген адамның алдына симайтын, дауысы боздаған түйедей жуан, «ар-ху» аталатын, қобыз зілті үлкені де бар, екі еріннің арасына қыстырып ойнайтын, көлемі тырнақтай ғана, бірақ шіңкілдеген әдемі дауысы құлағыңды жара жаздайтын, «тидзэ» аталатын сыбызғы сияқты кіп-кішкентайы да бар.

Қытай күйлерінің аттары: «Құстар қонса орманға», «Бамбукке дауыл тигенде», «Толқында балық ойнайды», «Жауын мен жапырақ тілдессе», «Бұлбұл мен гүлдің әзілі», «Қиядан қыран шаңқылы», «Айдынын аққу сағынса», «Балапан жанды қарлығаш» деген сияқты табиғат құбылыстарына, табиғат көркіне арналған әдемі келеді.

Күйлердің аттарына мазмұны да сай боп, драмасы күшті, жүйелі оқиғаға құрылады. Мәселен «Балапан жанды қарлығаш» деген күйде, қия тастағы ұясына жорғалаған жыланнан балапандарын қорғағысы кеп жанталасқан қарлығаштың шырылдаған дауысы, жүйткі ұшып айла іздегендегі қанат-құйрығының ысқырығы, жыланның ысылдауы, балапандардың шырылдауы, сол



Сун Ят-сен атындағы мәдениет сарайы.

шақта келе қалған аңшының жыланды өлтіруі, қарлығаштың оған қуануы, бейшара балапандарды ажал аузынан аман алып қалуына қуанған аңшының сыбызғы арқылы шаттық күйін тартуы... осының бәрі, әртүрлі музыка аспаптарының қосыла, жекелене шығарған тамаша нәзік күйлерімен беріледі. Күйлерден, «Толқындағы балықтың ойнауында» — сылдырай сапырылған судың, «Бамбуктың шуында» — дауыл мен ағаш сыбдырының, аққудың, бұлбұлдың, басқа құстардың үндері байырғы қалпы сияқты естіліп тұрады.

Музыкалық концертке менің қызыққаным сондай, — екі сағаттай тынысымды тұндыра, тырп етпестен отырып тыңдадым. Музыканттар маған барлық аспаптарын түгел қосып та, топтап қосып та, аздап қосып та, жекелеп те, қытайдың көптеген ән-күйлерін ойнап берді.

Біз сағат кешкі тоғызда жиналған ек. Тамаша музыкалардың тәтті үндеріне балбыраған сезімнің толқынында қалқып, сағатқа қарауды да ұмытып кетіппін. Бір кезде қабырғадағы сағатқа әлдеқалай көзім түссе,— қысқа жебесі он бірден бәлкім ауыңқырай бастаған екен. Мезгілдің кешкіре бастағаны сонда ғана есіме түсіп, Цин Чжэ-иньге көңілді концерт үшін рахмет айттым да, кетуге рұқсат сұрадым, өйткені енді 20 минут шамасында тағы бір мәжіліске үлгіруге тиістімін.

— Рұқсат! — деп орнынан түрегелген Цин Чжэ-инь, қолдаспақ болған маған, — бір минутке! — деді де, картаңдау музыканттың қолындағы мойыны ұзын, шанағы кішірек, пернесі жоқ, үш шекті, ысқышпен ойнайтын қоңыр түсті аспапты алып маған кеп, төмендегі сөзді айтты:

— Бұның аты — «чыц». Қытай тарихында бұдан үш мың жыл бұрын мәлім болған бұл чыц, ұлттық аспаптарымыздың ішіндегі ең көнелерінің бірі. Бұл аспап әрдайым қара ағаштан[1] жасалып, шанағы айдаһар жыланның терісімен қапталады. Совет халқын шексіз сүйетін біздің мына коллектив,— деді ол, түрегеп тұрған музыканттарды нұсқап, олар күрмет көрсеткендей бастарын иіп, он қолдарын кеуделеріне басты,— совет жазушысы — сізге, халқымыздың ең ескі аспабын мәңгілік достық белгісіне сыйға тартады!

Рахмет айтып, аспапты қолыма алып көрсем, ауырлығы — зілдей. «Темір я қорғасын қосқан жері жоқ па?» десем, «ағашының ауырлығы» деп жауап береді иесі.

Тамаша концерт пен қымбат сыйға өте риза болған мен, коллективтің бәріне де алғыс айтып, қоштасып жөнеле беріп ем, ізімді шала оркестр ойнап кетті, күй — «Айдынын аққу сағынса».

Не деген тамаша күй!..

Өзім музыканы зерттеуші адам болмағаныммен, сырт естуден де ұнатып жүрген, ішіне кіре одан да жақсы көріп кеткен қытай музыкасының өркендеу жолымен, үстірт болса да, танысқым келді. Мұндай мүмкіндік маған Шанхайда ғана туды.

Біздің отанда «консерватория» аталатын музыкалық жоғарғы мектеп толып жатыр ғой. Ал, бүкіл Қытайда оның саны жалғыз-ақ екен. Өткен ғасырдың аяқ кезінен бастап Тянь Цзинь қаласында ашылған, кейін Шанхайда бөлім ашқан ол консерваторияның кластарында азаттыққа дейін студенттерін европалық аспаптарға ғана үйретіп, қытайлық аспаптардың ешбірін сабақ есебінде қолданбайды екен. Қытайдың нотасы кәдімгі есептік цифрмен белгіленеді. Азаттыққа дейін ол нотаны халық композиторлары мен халық артистері ғана қолданады

[1] Үлкен өзендердің, теңіздердің жағасынан, жер астында қалып, тас сияқты сіресіп қатып қалған «қара ағаш» деген болады ғой, ол — ағаш заттылардың ішіндегі ең ауырына, ең қымбатына саналады ғой. Мынау — сол «қара ағаш». *С. М.*


екен де, музыкалық мектептерде де, консерваторияда да ол нота оқылмайды екен. Халық европалық музыканы қабылдамайды екен, сондықтан консерваторияны жылына аздап қана бітіретін қытайлар, қытай операларынан, қытай оркестрлерінен орын таба алмайды, шет елдерге барып орналасады екен немесе шетте жүріп концерт беруді кәсіп етеді екен. Бүкіл Қытайдағы жалғыз консерваторияның жергілікті халықпен байланысы осылай болғандықтан, оқушы аз түсіп, екі қалада қызмет атқаратын оның барлық студенті азаттықтан бұрын жүз адамнан аспайды екен.

Консерваторияның Шанхайдағы бөлімін басқаратын Тан Су-жэньнің айтуынша, 1927 жылдан бастап ұйымдасқан бұл бөлімде кәзір: фортепианалық, оркестр аспабындық, композиторлық, әншілік, ұлт аспабындық және дирижерлық аталатын алты факультет бар, оның бәрінде 1956 жылы 250 студент оқиды. Консерватория қасында үш жүз балалық орта мектеп бар. Оқытушының саны — 130, олардың ішінде Ленинградтан өткен жылы келген орыс әйелі — Дмитриевскаядан басқалары түгелімен қытайлар. Азаттықтан бұрын оқытатын ағылшын, америка адамдары кетіп қалған.

— Бірақ, оларды жоқтап отырған жоқпыз,— дейді Тан Су-чжэнь күліп,— қытайлық оқытушыларымыз да жететін және бәрі де дүние жүзінің ең мәдениетті консерваторияларын бітіріп, жоғары дәрежелі мамандық алып келгендер, олардың ішінде он жеті профессор бар.

Ескі қытайдың нотасы — иероглиф болады екен, оның үш мың жылдық тарихы бар екен. Цифрлы нота қытайға өткен ғасырдың орта тұсында жапоннан келіп, кең тарап кеткен. Иероглиф нотасын білетіндер кәзір сирек. Консерваторияда цифрлық нота да, европалық нота да қатар оқылады, иероглифтық нотаны қытай музыкасының тарихын зерттейтін адамдар ғана үйренеді. Қытай консерваториясының екі қаладағы бөлімдерін азаттыққа дейін бітіріп шыққандар — мыңға жақын адам, 1955 жылы 25 адам бітірген, 1956 жылы — 50 адам бітіреді.

Мен музыкалық мектеп пен консерваторияның оқу орындарымен де, тұрмыс жайларымен де толық танысып шықтым. Бұл орын қаланың күнгей жақтағы алысырақ шетінде, айқыш-ұйқыш каналдар кесіп өтетін сәнді бақшаның ішінде екен. Студенттер мен мектеп бала-



«Майра» әнінің Қытайша сөзі.

ларының музыкалық сабақты оқитын кластары қызық: ұзын қабырғаның екі жақ беті, қаз-қатар жасалған, есіктері оңаша бөлмелер, әр класта қолданылатын музыкалық аспаптар да, оқу құралдары да соның ішінде. Кластардың қабырғалары да, есіктері де тұмшалана жабылып, біріндегі дыбыс біріне естілмейді. Жалпы білімдік сабақ үлкен бөлмелерде, толық аудиторияда оқылады. Көпшілік алдында оркестр ойнайтын, концерт беретін залдары кең, зәулім үйлер де бар.

Жатақханалар оқу үйлерінен оғашырақ салынған. Олар әлденеше этажды корпустар. Студенттер мен шәкірттердің корпустары бөлек. Әзірге саны аз оқушыларға кубатурасы мол жете тұра, жатақ үйдің бөлмелері темір жол вагонының ішіне ұқсап, койкалары астылы-үстілі боп, қат-қабат жасалған. Жатақхананы таза ұстау міндеті оқушылардың өздерінде. Тазалық сақтауды бақылау түгелімен қыздарға тапсырылған. Біздің баратынымызды біліп әдейі күтінді ме, немесе дағдылы қалпы сондай ма,— жатақ бөлмелері өте таза, өте сәнді жиналған. Кластардың арнаулы күтушілері бар. Олар да өте таза.

— Оқушылар тамақты консерваторияның арнаулы асханасынан ішеді екен. Шәкірттердің алатын стипендиясы айына он екі юань, студенттердікі — жиырма бес юань, оқытушылар жүзден жүз елу юаньға дейін, профессорлар — екі жүз юань алады. Асхана іші тәртіпті, таза, астары дәмді. Кухня қызметкерлері түгелімен еркек. (Жалпы Қытайда, көпшілік жағдайда, әсіресе үлкен кухняларда, асты еркектер пісіреді). Жалпы Қытайдағы сияқты, біз консерваторияның өзге үйлері түгіл, асханасы мен кухнясында да жалғыз шыбын көрген жоқпыз.

Консерватория қарамағындағы үйлердің бәрі де суға, желге беріспейтін, сырт жағы эмальданған түрлі түсті кірпіштерден аса өрнекті боп қаланып, қытайлық стильде салынған.

Консерваторияның ішкі-сыртқы жайларымен асықпай танысып, иелерінің шақыруымен, асханасынан аздап «жүрек жалғап» алғаннан кейін, біз кейбір студенттердің музыка ойнауымен, ән айтуымен таныспақ болдық.

Концерт консерваторияның кішірек акт залында өтті. Бәрі де бірсыдырғы жақсы орындалған жиырма шақты

номердің ішінде маған ерекше ұнағаны екі адам: бірі — пианистка қыз У Лэ-и, екіншісі — әнші қыз Лю Цзу-ань.

У Лэ-идің пианино пернелерін бойлай, ұршықтан жылдам зымыраған нәзік, ұзын саусақтары европаның, орыстың, шығыстың, қытайдың нелер тамаша күйлерін ғажап түрде ойнап береді. Ол қыз консерваторияның фортепианолық факультетінің үшінші курсында оқиды екен.

Төртінші курста оқитын Лю Цзу-ань орындаған әндерді пианинода У Лэ-и қостады. Лю Цзу-аньнің дауысы көркем де, биік те екен. Ол әуелі қытайдың опералық және халықтық екі-үш әнін орындады да, одан кейін Бетховеннің, Штраустың, Чайковскийдің әндерін тамаша түрде айта кеп, «Синьцзян қазақтарынан келген ән» деп «Майраны» шырқап кетті. Сөзі қытайша болғаны болмаса, «Майраны» «Майла» деуі болмаса, әнінде қазақтан ешбір айырма жоқ!..

Маған бұл екі қыз — «қытай музыкасы» аталатын биік өнердің бұрынғысының да, бүгінгісінің де, болашағының да барлық әдемілігін бойларына сиғызған шарайнасы сияқты көрініп кетті...





Үшінші тарау

БІРЛІКТІҢ БИІГІНДЕ

Біз бұған дейін бұрынғы Қытайдың қолынан атқарылған еңбектер мен одан туған жемістер жайын сөз ғып келдік. Бұл тармақта бүгінгі Социалистік Қытайда атқарылып жатқан еңбектер мен одан туып жатқан жемістерден көз көргенді біраз әңгімелеп алайық.

1. СУДЫ ЖЕҢЕТІН ҚЫТАЙ

Қытайда «Су — атасы, жер — анасы» деген мақал бар екен. Олай дейтіні, қытайдағы егіншіліктің басым көпшілігі суармалы екен. Су болса — егін бар, су болмаса — егін жоқ.

Адам баласының тарихында Қытай ең ескі егіншілдің бірі. Мәселен, күріш дақылы бүкіл жер жүзіне Қытайдан тараған. Тарихшылар осындай дақылдардың бірнешеуін санайды.

Егіншілік ісінде алғашқы адымын жерді суарудан бастаған Қытай, сол кезден-ақ өзендерден, көлдерден, бұлақтардан егіс даласына су апаратын арықтар, каналдар қазуға, оларға шығарған суды еркіне бағындыру

үшін бөгеттер жасауға, тоғандар байлауға кіріскен. Қытайдың мыңдаған жылдарға созылған бұл еңбегінен, ұзынды-қысқалы талай арықтар, каналдар туып, олардан сусындаған егіс жерлері тұрғын елді ғасырлар бойына асырап келген. Осы жайды білетін біреу қытайдан:

— Сендерде қамал көп пе, канал көп пе? — деп сұрағанда қытай:

— Екеуінің де саны жоқ,— деп жауап беріпті.

Білемін деген қытайлардың айтуынша, каналға сіңірген еңбек — қамалға сіңірген еңбектен әлдеқайда көп, қазылған каналдың тұрқы салынған қамалдан әлдеқайда ұзын.

— Олай болуы заңды да,— дейді тарихшы және әдебиет теориясының өкілі Тянь Юань.— Қамал сыртқы қорғаныштың амалы ғой, канал ішкі өмірдің ісі. Өмірдің сыртқы ісінен ішкі ісі көп болу өмір сүрудің қашаннан бергі мызғымас заңы.

Талай асау өзендерді көптігімен еріксіз бөгеп, ешбір тамшы суын ысырап қылмай, керекті жеріне ғана пайдаланған қытайға кеше, 1949 жылы Халық үкіметі орнағанға дейін, екі-ақ өзен бағынбай келіпті: бірі — Хуанхэ, бірі — Янцзы. Оларды бағындыра алмайтын себебі, екеуі де өте ұзын, өте кең, сулары өте көп өзендер, талай тауларды, құмдарды, жазық далаларды аралап кететін өзендер, оларды бекітудің бұрынғы қанаушы тапқа қажеті жоқ, еңбекші халықтың өз бетімен күші келмейді.

Олардың күші енді, Халық үкіметі құрылғаннан кейін ғана келген. Коммунистік партияның бастауымен, Халықтық үкіметтің көмектесуімен қытай халқы соңғы сегіз жылда бұл екі өзеннің де мойнына бұғалықты берік салып, үйретуге кіріскен.

Бұл жолғы сөз — Янцзы [1] туралы, себебі, Хуанхэде жүріп жатқан жаңа құрылысты естуім болмаса, көзбен көрген жоқпын. Ал, Янцзының жағасында болып, ұлы құрылыстардың кейбір пұшпағын өз көзіммен көрдім.

Географтардың айтуынша, Совет Одағындағы ең үлкен өзеннің бірі — Еділ, тұрқының ұзындығы, арнасының кеңдігі, суының молдығы жағынан дүние жүзіндегі үлкен өзендердің арасында он тоғызыншы орын алады

[1] Қытайша толық аты — Янцзы-цзян.

екен. Янцзы — төртінші орын алады екен. Оның ұзын тұрқы алты мың километрден асады дейді, су арнасының кеңдігі кей тұсында сегіз километрге жетеді дейді.

Ең ғажабы: тұрқы осынша ұзын, суы осынша мол Янцзының жағасында бүкіл Чжунго (Қытай) мемлекетіндегі бар халықтың үштен бірі, яғни 200 миллион халық мекендейді екен, бұл — бүкіл дүние жүзіндегі адам баласының оннан біріне жақын!

Суы мол, төңірегіндегі өлкелердің топырағы құнарлы жағасын мекендеп келген қытай халқының ғасырлар бойына бақыты да болып келген, соры да болып келген. Бақыты болатын себебі, «Әлемнің шатыры» — Тибеттен басталып, жолында жүздеген өзендер мен бұлақтарды қосып алатын ол, мысалы, біздің Сырдария сияқтанып кей жылы мол боп, кей жылы олқыланып қалмай, кең арнасында әрдайым лықылдап толады да тұрады екен, жағасын мекендеген ел жүздеген канал, мыңдаған арықпен тартып ішсе де мол су сол қалпынан кемімейді екен, сондықтан оның суы жеткізілген жерде егін шықпау деген болмайды екен. Және бір ғажабы — Ніл дариясы сияқтанып, Янцзы да тасыған сайын суы жеткен жердің бетін лайымен жауып өңдеп кетеді екен де, құнары азаю деген ешуақытта болмайды екен. Сондықтан, егер қазақта «өзен жағалағанның өзегі талмайды» деген мақал болса, қытайда «Янцзының топырағы — өмірдің жапырағы» деген мақал бар екен. Азабы ауыр болғанмен, қанаушы тап үстем кезде де Янцзы төңірегінің егіншілері ешуақытта аштан өлмейді екен.

Янцзы өзенінің қытай еліне бақыт болатын себебі осы болса, сор болатын себебі,— Тибеттің төбесін мәңгіден бері қалың бүркеп келе жатқан қар мен мұз кей жылы мөлшерден тыс мол ерісе, Янцзы қатты тасиды екен де, кең аңғарына суы симай, сай-салаға жалпая жайылып кете барады екен. Бұлай тасу — жағасын мекендеген халық үшін сұрапыл апат екен: талай село, талай қала, талай жан, талай мал, талай егін суға кетеді екен. 1931 жылы қатты тасығанда, жалғыз Ухань қаласынан 60 мың кісі суға кеткен!.. Өзге науат болған адам мен дүниенің саны жоқ.

Янцзы бұрын қатты тасығанда, жағасын жайлаған елге өзінен басқа жәрдемші болмайды екен, ал өзі ғана қорғануға күші жетпейді екен. Кейін, Халық үкіметі құрылған шақтан бастап, жалғыз Янцзы тұрғындарына

ғана емес, өзге өзендердің бойында тұрғандарға да су тасу апаты туа бастаған кезде, үкіметтің басқаруымен мемлекеттің бүкіл халқы боп жәрдем беретін болған.

Бұған бір мысал, 1954 жылы Янцзы өзенінің тасу қаупі туады. Тасқын белгі бере бастаған кезден-ақ, Халықтық үкімет төтенше комиссия құрады да, сол комиссияның бастауымен, Янцзы жағасындағы қала, селоның адамдары қорғану жабдығына кіріседі. Адам күші оларда, әрине, жетеді, қажеті — құрал-саймандар, бекініс материалдары, транспорт. Бұлар Янцзы бойына мемлекеттің барлық тұсынан да тасыла бастайды.

Осы даярлықтың біз тек Ухань қаласының тұсындағы мөлшерін ғана алайық. Ойпаттау жерге орнаған бұл қаланы Янцзы тасыған сайын су баса беретін болғасын, ерте заманнан халық бекініс жасауға кіріскен. Жүздеген (мүмкін мыңдаған) жылдарға созылған халықтық істің нәтижесінде, қаланың су жақ бетіне, ұзын тұрқы 166 километрлік, жалпақтығы елу метрлік, биіктігі 29 метрлік бекініс соғылған. 1931 жылдың тасқынында су осы бекіністен де асып, қаланы басып кеткен.

Тағы да солай болмау үшін, 1954 жылы тасу қаупі туа бастағанда, жалғыз Ухань тұсында ғана 280 мың адам жұмысқа шығып, бекіністің бойын биіктете бастайды. Сол бір шақта, бекініс орындарына құм мен тас толтырып салу үшін, мемлекеттің түс-түсынан төмендегі санда ыдыстар жеткізіледі:

5 420 937 кенеп қап,
3 030 468 жөке қап,
807 405 талдан тоқылған корзина,
328 193 бомбуктан тоқылған корзина.

Бекініске тастай салуға даяр материалдардан жіберілгені:

3 800 000 цзинь[1] байланған шыбық,
2 502 600 цзинь буылған сабан,
531 184 чжан[2] қоғажай арқан,
1 732 құм қапқыш темір.

Осы жүктерді тасуға 2419 темір жол составы жұмсалып, бекініс материалдарын, қажетті адамдарды кезінде

[1] Цзинь — 0,6 килограмдық салмақ.
[2] Чжан — 3,2 м. тұрқы бар ұзындық.

тоқтаусыз жеткізіп тұрған. Тракторлар жеті мың арбаны жүгімен сүйреуден күні-түні тынбаған, оларға қосымша 1041 грузовик, 70 мың қайық қызмет атқарған.

Сол бір шақта жалпы Янцзы бойындағы бекініс жұмысында 25 миллиондай адам жұмыс істеді деседі!..

Халықтың, өкіметтің мұншама көп күш жұмсауына ерегіскендей, июньнің басынан көтерілуге айналған Янцзының суы күн санап биіктей береді. Қала жақ арнасынан шыққан ол үстеле кеп, аз күнде 25, 26, 27, 28 метрлерге жетеді.

Жанталаса қимылдаған халық бұл кезде бекіністің өресін отыз метрге көтеріп үлгіреді. Құрылысшыларды қысуы жетпегендей, су бір кезде, бекіністің бұрынғы бойынан асып, жиырма тоғыз жарым метрге барады!... Бұның аты,— егер бекіністің бойы көтерілмесе, қаланы түгелімен су басады деген сөз ғой!

Су тағы да көтеріле түсер деген қауіппен, құрылысшылар бұрынғыдан да қатты қимылдап, бекіністің бойын 31 метрге апарады. Биіктеген су, 30 метрге жетеді де тоқтайды. Сөйтіп, Уханьның халқы жаппай қырылу апатынан аман қалады.

Бұл жұмыстың төңірегіндегі халықтың ерлігі де, оның жеке адамдарының ерлігі де Қытай елінде ертегі сияқты әңгімеге айналып кеткен. Ақындар ол тақырыпқа өлеңдер, поэмалар; прозаиктер — әңгіме, повестер; драматургтер — пьесалар; композиторлар — музыкалар жазған. Үкімет алты адамға «Еңбек озаты» атағын берген, 15 мың адам наградталған.

Бұл арада еңбек озаттарының ішінен екі адамның жайына ерекше тоқтала кеткім кеп отыр, бірі — Ли Ю-цзин дейтін қыз, екіншісі — Янь Чжун-лян дейтін жігіт.

Әуелі — қыз туралы. Ол Ухань қаласының батыс жағына жалғаса орналасқан селода тұратын шала сауатты, он сегіз жасар қыз, қызметі — жұмыста жүрген, кооперативке мүше әйелдердің кішкене балаларына арналған яслиде тәрбиеші.

Тасқын қаупі туып, су көтеріле бастаған кезде осы қызметінде жүрген ол, бұрынғы бекіністен тасқын судың асу қаупі төнгенге дейін мазасызданбайды.

«Су тескіндік табады» деп орыс мақалы айтқандай, Янцзының арнасынан асқан су бекініске келіп тірелген шақта, біраз жылдан бері су көрмей қаңсыған, бекініс және жылан, тышқан сияқты жәндіктер ін қазып бекініс-

тің әр тұсындағы іргеден су кіре бастайды, қорғану комиссиясы бұған мән береді де, су кіретін жерлерді тауып, тез тығындайтын арнаулы отрядтар құрады.

Ли Ю-цзи осы бір шақта, бекіністің бергі жақ іргесінен су білінген жер көреді.

«Су жолын табады» деген мақал қытайда да бар екен. Соны да білетін және судың жол тапқыштығын өмір тәжрибесінде талай рет көрген ақылды қыз тескіндікті тез тығындау шарасына кіріседі.

Өйтпегенде ше? Қасында, қарға адым жерде балалар яслиі тұр. Балалар кәзір түскі уақыттың рахат ұйқысында. Олар ұйықтаған үй шұқырлау ойпатта. Жылап ақкан су жолын кеңітіп, бері ақтарылса-ақ, яслидің үйін әпсәтте көміп кетеді!..

Осы қатерді ойлаған қыз қауіпті жерді асыға бекітумен қатар, қызметтес қызына, ұйқыдағы балаларды бекініс төбесіне тез тасуды бұйырады. Маңайдағы жақын жерде одан басқа адам болмайды.

Серік қыз балалардың тең жарасын ғана биікке тасып болған шақта, тескін тапқан су бері қарай саулап ағуға айналады. Су саулаған тесікті бітерлік нәрсесі болмаған Ли Ю-цзи, денесін сазға көме жабады да, серігіне: «Балалардың ендігісін үйдің төбесіне тасы!» деп айғай салады. Жанталасқан серігі қалған балаларды төбеге әрең тасып үлгірген шақта, жол тапқан су, көмілген саз-мазымен Ли Ю-цзиді лақтырып жіберіп, лақ етіп құйылады да кетеді. Енді аз уақытта су сайға толып үйді көміп кететінін көрген екі қыз, үй төбесіне шығарылған балаларды, шұқыры толуға айналған лай судан жүзіп жүріп, бекініс төбесіне та-





Ли Ю-цзин.

сиды. Олар ең соңғы балаларды бекініс үстіне шығарғанда, су үйдің төбесінен асып кетеді... Сөйтіп, екі қыз бір баланы да суға кетірмей, бәрін де аман алып қалады. Бұл тамаша еңбегі үшін Ли Ю-цзиге үкімет «Еңбек озаты» атағын береді, серік қызын наградтайды.

Ли Ю-цзидің үлкен адамгершілік және ерлік ісіне риза болған біз, оның кескін-кейпін де көру үшін, сөйлесу үшін, әдейі үйіне іздеп бардық. Ол әлі сол қызметінде екен, жұпыны ғана, момақан ғана, ұялшақтау қыз екен, әлі тұрмысқа шықпаған. Кеудесінде Еңбек озатының алтын жұлдызы. Бұрын шаруа үйінде ғана орналасқан яслиге, тасқын оқиғасынан кейін үкімет кең, мәдениетті, әдемі үй салып берген. Селодағы бір мұғалім ер қызды шефке алып, аз жылда сауатты адам ғып шығарған. Ли Ю-цзи кәзір сауатты. Қызметінің үстіне ол, балалар тәрбиесі техникумында сырттан оқиды.

— Тұрмысқа неге шықпайсыз? — деген сұрауға, ұялшақ Ли Ю-цзи төменшіктеп;

— Несіне асығам?.. Осы балалардың бәрі менің балам емес пе? — деп күле жауап береді.

Расы да сол ғой! Егер Ли Ю-цзи болмаса, бұл балалардың бәрі де тасқын апатына ұшырар еді... Олардың тірі қалуы осы қыздың ғана еңбегі. Ендеше, олардың бәрі осы қыздан қайта туған жоқ па?!

Жап-жас бола тұра, оның үстіне қыз бола тұра, Ли Ю-цзидің бұл балаларды жақсы көретіндігі сондай,— олар демалған жерде шөп басы қимылдамастай тиыштық сақтайды.

Біз барған шақта балалар түскі ұйқыда екен. Оянуын күтуге бізде уақыт жоғын көрген Ли Ю-цзи:

— Асығыс болғандықтарыңыз үшін ғана кіріп шығуға болады,— деді бізге,— бірақ ұйықпен ғана кіресіздер, аяқ киімнің тықырына балалар оянып кетеді.

Тыныс бөлмелеріне ұйықшаң ғана кірсек, ақ кроватта-рда, ақ төсекке бөленген етженді бөбектер, мұрындары пысылдап, шыртұйқыда екен. Оларды оятқымыз келмеген біз, тынысымызды ішімізден алып аз қарап тұрдық та, еппен басып, кейін шығып кеттік.

Өз отанымызда да, Қытайда да талай тамаша яслилерді көрген бізге, Ли Ю-цзидің ерлігімен апаттан аман қалған мына балалардың яслиі өмірде естен кетпейтін ерекше тәтті әсер қалдырды!..

Ендігі сөз — Янь Чжун-лян туралы. 1921 жылы батырақ семьясында туған ол, кішкене күнінен алпауыттардың құлдығында болады да, жиырма жасында, Чан Кайши билеп тұрған жерден Халықтың Азаттық армиясына қашып барып, қатардағы солдат қызметінде, Қытайдағы ауыр азамат соғысының барлық қиындығын серіктерімен бірге көріп, Халықтық үкіметті қолынан құрысады. Одан кейін де тыныштық таппай, азаттығы үшін күресіп жатқан корей халқына өзі тіленіп жәрдемге кетеді де, оқдәрі таситын машинаға шофер болып орналасады. Сол қызметінде ауыр жараланып Қытайға қайтқан Ян Чжун-лян, шала сауаттылығына, оң қолының іске жарамауына қарамай, сол қолымен шимайлап күнделік жазады. Кейін, 1954 жылы Янцзы тасығанда қазаға ұшыраған бұл солдаттың күнделігі сақталған екен. Ол көп тиражбен жеке кітап боп шыққан екен. Уханьдық жазушылар бізге қытай тілінде басылған осы кітаптың бір-бір данасын сыйға тартты.

— Күнделік жазу түріне қарағанда,— деді олар,— Янь Чжун-лян жазушы болуға дайындалып жүрген жігіт сияқты. Біз оның күнделігін жазылу қалпынан өзгертпей жариялады.

Маған қытай тілінде басылған күнделікті орыс я қазақ тіліне өз бетіммен аудартып алудың сәті түспеді. Ауызша баяндалуы қызық күнделіктің ішкі сырын қалай түсінуге білмей өкініште жүрген шағымда, жуық арада Вера Кетлинскаяның «Бүгінгі және ертеңгі Қытай» деген кітабы шықты. Кетлинская Ян Чжун-ляннің күнделігін Б. Вахтин деген кісіге қысқартыңқырап аудартып, кітабының аяғына (364-394-беттер) қосқан екен. Мен оны тағы біраз ықшамдаған түрде қазақ тіліне аударып осы очеркке қосуды қажет көрдім.

1953 жыл, 16 январь

Мезгіл кешкіріп, салқындап барады, ал менің ілгері жүруім керек. Кешкі ұйқы қандай жайлы, қандай тәтті. Өткен түн, таң алдындағы ұйқыда, мен түс көрдім. Түсімде Кореяға тағы да оралып, ескі серігім — зеңбірек оқтарын артқан автомашинамен таудың қатерлі бұйық жолдарын өрлей, Шанганлинға асыға тартып барады екем. Қандай қуандым мен бұл түсімде! Жауларға тағы да «құрғақ тамақ» әкетіп барам! Аузымда, жуық арада ғана үйренген «Бұлақ жағасында» дейтін корей әні. Оның екі ауызын айтып бітірмей, алдымыздан қарсы келе жатқан машина жолықты. Ол көріне бере тез тоқтап шамын сөндірді де, ішінен екі адам шығып, бері қарай жүгірді. Олар: командир — Гао мен шофер — Ли екен. Құшақтасып сүйісе кеттік. Сезіміміз толқудан олардың да, менің де аузымызға сөз түспей қалды. Аз уақыттан кейін ғана, соғыс майданының алдыңғы қатарында не хал болып жатқанын сұрауға шамам келді. Гао жауап берудің орнына, қуанған кескінмен, менің машинамды алақанымен қағып-қағып жіберді. Айтпаса да түсіндім,— зеңбірек оқтарына зарыққан екен! Тарта жөнелдік. Сатыр-сұтыр атылған мылтық даусы естілді. Бір кезде, пышақ тығып алғандай, сол жақ иығым ду ете түсті. Айтпақшы, бұл түсім екен ғой! Шіркін, өңімде осылай болса!..

20 январь

Шіркін, біздің Отан не деген кең еді! Оның ұшы-қиырына көз жеткісіз даласы да, жалғаса біткен таулары да көп. Мен оның тамаша сұлулығын шексіз сүйіп, мадақтай жырлар едім. Оның құлазыған өлкелерінде заводтардың сорайған мұржалары да көбейді, заводқа ұқсас үйлер де жиіленді. Әне бір тұстағы село-сымақта, төбесін қышпен жалқан үш жаңа үй салынып та үлгірген бе?.. Поезымыз тоқтамады, пионер отрядының бізге гүл ұсынған кішкене қыздары қолдарын бұлғап жатыр. Оларға вагон терезесінен қараған шақта, дуылдаған басыма: «Мен осы қатты қуандым ба, әлде, қатты көңілсіздендім бе?..» деген ой келді. Не халде екенімді түсіне алмай тұрған менің көзімнен, балалардың алмаға ұқсас күлімсіреген кескіндерін көргенде, жас бұршақтап қоя берді. Қа-

рындасым менің!.. Інім менің!.. Қарғыс атқыр оң қолымның жараланuы отанның жүктеген міндеттерін маған орындатпады, әйтпесе мен әлі де соғыс майданының шабуылында жүрер ем!..

24 январь

Шаңқай түс кезінде дәрігер келіп жарамды көрді. Оң жақ иығым сынған екен. Бұдан әрі бұл жақ қолымның іске жарар түрі жоқ, ол маған, әрине, үлкен қайғы.

Өткен күндеріме көз жіберсем, мен өте артта қалған адам екем. Өзімді біраз мәдениеті бар адамға санайтын ем, оным бекер екен. Босқа тәкаббарсып, жұмысқа жалқауланып, оқуға салақсып, қиналудан, шаршаудан қорқып жүргенде, халыққа пайдасы аз адам болыппын да қалыппын. Менің негізгі кедергім, негізгі жауым осылар екен. Өзімді жаңадан тәрбиелеу үшін бұның бәрін есте, жүректе сақтауым қажет. Бұл қаталықтарым есіме бұрын да түсетін, бұрын да өкінетінмін, бірақ түзеп әкетуге батылдығым жетпейтін, ой-санамның өспеу себебі сол болатын. Соғыс жылында мен жауларды жақсы танумен қатар, революцияны да мықтырақ сүйдім. Бұдан былай қаталықтарымды батыл түзеуім қажет, сыңар қолмен-ақ халық пайдасына ынталана еңбек атқаруым қажет.

Менің бүгінгі басты міндетім — оқу. Емделу уақыттарын біліммен қаруланuға жұмсауым керек. Бұрын менде оқитын уақыт болған жоқ, сондықтан революцияның теориясын шалағай білем, оның жұмысқа бөгеті көп екенін іс жүзінде көрдім...

Соңғы екі күнде мен сол қолыммен жазуға үйрене бастадым. Күнделігімнің осы бір тұсын жарты күнде әрең жазып бітірдім, бірақ бұны алғашқы жеңісіме санап отырмын.

10 февраль

Бүгін селоға барып, шаруаларды жаңа жылымен[1] құттықтадым да, маған көрсеткен мейірбандықтары үшін алғыс айттым.

---

[1] Қазақтың жылды наурыздан бастауы сияқты, Қытай да өз жерінің көктемі саналатын февральдан бастайды екен.

Таңертең рота командиріне хат жазып, сабағымның барысынан есеп бердім. Үйге де хат жазып, Отанға оралғанымды хабарладым. Әкем қорқар деген оймен, жаралағанымды айтқан жоқпын.

15 февраль

Екінші Отаным — Кореядан кетуіме бүгін бір ай толды. Мен өз Отаным мен Кореяны бірдей сүйем. Отаным мені бейбітшілік пен бостандықты сүюге баулыды, Кореяда қанымды төктім...

Бұдан кейінгі күндерде әсерленген жайларын күнделігіне тізбектей жазған Ян Чжун-лян, бір сәтте, Николай Островскийдің қытай тіліне аударылған «Құрыш қалай шынықты» атты романын оқып шығуын айта кеп:

«Павелдың образы (ол, әрине, Островскийдің өзі) ерлігімен, қайраттылығымен, мықтылығымен, сенімімен, ауруға беріспей күресуімен хайран қалдырады. Бұндай күресімпаздарды ешбір дене кемтарлығы жеңе алмайды... Менің де кемтарлыққа қайғырмауым керек, Павкадан үлгі алуым керек» деп жазады.

16 март

Ротаның командирі «Қызыл гүлмен[1]» наградталған жауынгерлердің тізімін жариялады. Онда біздің палатадан үш адам бар екен, бірі — менмін. Ротадан алған адам саны —21. Мен өзімді мұндай атаққа ие болуға қорашсынам, олқымды толтыру үшін еңбегімді арттыра түсуге міндеттенем...

20 апрель

Мао Цзэ-дунның «Ұшқыннан өрт тұтануы мүмкін» деген еңбегін оқып шықтым. Бұл — теориялық шығарма. Мағынасын толық ұқпағанмен, кітаптың революциялық жағдайларды талдауы, революцияның жеңіп шығуын дәлелдеуі ашық көрініп тұр. Ертегіде Чжу Гу-лянды[2] болжағыш еді дседі, біздің революция көсемдері одан да болжағыш, өйткені бұлар дүниені марксизм-ленинизм

---

[1] Орден аты.

[2] Көне заманның ертегіге айналған батыры.

тұрғысынан көреді. Бұл — ғылымдық болжау және дәл болжау...

Ескі қоғамда мен соқыр отаншыл едім. Сондықтан да, туған өлкемді жапондар басып алғанда мен үйімді тастай қашып, алысқа қаңғырып кеттім. Сол уақытты кәзір есіме алсам, кек пен ызадан жүрегім өртеніп, тынысым тарылып кетеді. Чан Кай-ши мен жапон — бір топыраққа өскен жемістер. Олар солдат саудасын жасап, шет елдің «қамқорларына» тым арзан бағаға сатты. Менің жастық шағымды ескі қоғам жеп қойды. Кәзір жасым отызға тақалғанмен, Мао Цзэ-дун дәуірінде, мен жас адаммын. Үлкен жұмыстар қолымнан келмегенмен, заманның кішкене бір тетігі болуға әзірмін. Менің жұмысым — ақтық тынысым біткенде ғана доғарылады...

18 май

Міне енді қуанышты күн де туды,— госпитальдан шығатын болдым. Маған бастықтар: «Туған өлкеңе барасын» деді. Қандай қуанышты сөз!.. Ұшқан ұяма қайта барып қонам. Тек бір нәрседен ғана қымсынам. Үйден келген хатқа қарағанда, туған селомның тіршілігі түбірімен өзгерген, тұрмыстары жақсарған, әсіресе мәдениет жұмыстарында үлкен өзгерістер болған. Туыстарымның да жетістігі көп дседі, менімен бірге жалаң бұт ойнаған балалар кәзір белсенді болып, селоның басқару істерінде жүрген көрінеді. Ал, мен ше? Мен әлі де саясаттан кешеулеп келем, партия қатарына кірген жоқпын... Бұл қалыпта туыстарыма көріну маған ұят сияқты».

Госпитальдан шыққан Ян Чжун-лян, өзінің тіленуімен, Аньда қаласындағы санитарлық полкқа жіберіледі. Соған поезбен кетіп бара жатқан Ян Чжун-лян, күнделігіне төмендегі сөздерді жазады:

«Не деген тамаша еді Отаным!.. Таулар, ормандар, шаруалардың жерлері, кен ошақтары — қандай келісімді еді! Мен қанымды осы Отан үшін төктім ғой. Жанымды толғантқан жеріме арнап мен мына өлеңді жаздым:

«Ниньаньнан мен поезбен
Жөнелдім Аньда жағына,
Сұлу село, ормандар,
Заводтар қатар тізілген.
Жарысады ағыла.
Ақырын, поезд!.. Қарайын,

Мейірімді ананың
Жүзіне тағы, тағы да!..
Егіншілер жүр екен
Көктемде келіп бабына!..
Шәкірттер қолын бұлғайды,
Қызыл галстук тағына!..
О туған жер, тұрсын сен,
Тыныштықта тыныстап,
Көктемнің гүлін жамыла!..»

Күнделігінде Аньда қаласындағы өмірін сипаттап жазған Ян Чжун-лян, қызметімен қатар білімін де тереңдетіп, кітаптарға көп үңіледі. Ол оқыған кітаптардың тізімінде «Ұлы Юй тасқынды қалай тоқтатты» деген халық ертегісі, гоминдандықтардың азабында өлген коммунист Фан Чжи-миннің «Сүйікті Қытай» дейтін кітабы, Қытай Коммунист партиясы көсемдерінің бірі Лю Шаоцидің «Коммунистің өзін өзі тәрбиелеуі» дейтін кітабы, қытай әдебиетінің классигі, революционер Лу Синнің романдары, «Адамның еркі мен мінезін тәрбиелеу» дейтін кітапшасы бар. Тізімге қарағанда, Ян Чжун-лян Горькийден бастап, орыс әдебиетінен де көп шығармалар оқығаны байқалады.

25 июль

Соңғы күндері аспаздарға жәрдемдесіп су тасыдым. Алғаш иығым ауырып, алақаным қолдырап, тұла-бойым талып қалды. Сонша қалжырағаң мен, осы судан екі жүз кісі ішетінін ойлағанда, бәрін де ұмытып, тынығып кеттім...

Біздің отрядтың командирі Хуан Хун-ю ауыр жұмыстан қалжырап сырқаттанды да, бүгін опат болды. Кедей бақташының үйінде туған ол, он жасынан бастап, бар өмірін революциялық істерге арнады да, сол жолда өлді!.. Отрядқа соңғы бұйрығын жан кешер алдында берді... Адам қызметін сүйсе осылай сүйсін!..

5 сентябрь

Біздің атаққа шыққан мектепте[1] абыройлы жетістікке ие болу мүмкін-ақ. Бұрын менің кітап оқуым, жайнаған гүлге шауып бара жатқан аттың үстінен қарағандай,

[1] Ерте ашылып, революциялық бағытта көп кадр шығарған мектеп көрінеді. *С. М.*

өте үстірт еді, терең емес еді. Оның аты — оқуға жалқаулану ғой. Енді еш нәрсені де көзден өткізбеуім керек. Білудің аты — білу, білмеудің аты — білмеу. Оқуға қуланудың, жалтақтаудың, жалтарудың керегі жоқ. Кез келгенді оқу — біліміңді байытпайды, санаңа берік сіңбейді.

Математика — қиын сабақ, оның ережесін ғана жаттау — ахмақтық, жалпы негізін жақсы білу керек. Оқуды ұғудың әдісі — көп талдап, көп ойлануда. Осы семестрде оқудың озаты деген атқа ие болуым керек.

10 сентябрь

Бүгін есеп пен тілден емтихан бердім: тілден «беске», есептен «төртке». Олай болудың себебіне үңілсем, бөлшектеуді қайталап қарамаған екем, сондықтан тұтастан бөлшекті өрбіту амалына шорқақтау екем. Бұнымнан қатты ұялдым. Ашықауыздандай, уақ нәрсеге де көңілді жақсы бөлу керек екен.

1 октябрь

Жаңа Қытай жарияланған күнін мейрамдауға біз Тинсыцяоға бардық. Мектебіміздің директоры онда сөз сөйлеп, төмендегі қызметтерге заңның, ауыл шаруашылығының, заводтың іскер кадрларын оқытып шығару қажет екенін айтты. Оның сөзін тыңдағаннан кейін, мектепті бітірген соң, техникумға бармай-ақ, жұмысқа барғым кеп кетті. Оқуды сүйген кісі білімін іс үстінде де толықтыра алады ғой.

Соңғы кезде өзімді өзім сынап байқасам, білгеніме қанағаттанып, дандайсуға айналған түрім бар сияқты. Бұдан сақтануым керек екен. Есептен мен жолдастарым Чэнь мен Гаодан әлсізбін. Иероглифты мен сияқты оң қолы жоқ Пэн Сянь-хуа жолдастан нашар жазам. Пиңпоң[1] ойынына Сюй жолдас менен әлдеқайда ұтқыр. Осынша кемшілігім бола тұра, неменеме мақтанам? Мао Цзэ-дуннің «Үйренудің кесірі — менмендік» деген сөзін естен шығармауым керек екен.

---

[1] Кішкене допты қағу.

25 октябрь

Бүгін сауық кеші боп, оқушылардың халық әдебиетіне еліктеп жазған күлкілі шығармалары оқылды. Халқадарларынша тың түрде, құлаққа жағымды ғып жазған екен. Күлкіден шегіміз қатты.

...Кешке Сюнь Чжен-циннің үйлену тойы болды. Бұлар бірін бірі сүйіп қосылған теңдес жұбайлар. Қалыңдық жұмысшы адам. Олар бірін бірі бірігіп жұмыс істеп жүрген шақта сүйген.

20 ноябрь

Біздің мектеп Тинсыцяодан Учан ауданына көшті. Мен жүрегіме гүл өскендей қуандым. Не деген тамаша үй! Кластары кең, таза. Әр класта жазуға арналған екі қара тақта. Столдарының жалтыраған сырына айнадай, жүзің көрінеді. Іші былғарыдан, сырты тоқыма талдан жасалған орындықтары әрі жұмсақ, әрі айналмалы, қыс — жылы, жаз — салқын. Әр кластың төбесінде жанған тоғыз шамды люстраның жарығы күндізгідей. Жатақ бөлмелері кластан да сұлу. Екі этажды үйлердің әрбіріне екі мыңнан кісі орналасады. Бәрінде кір жуатын, дем алатын бөлмелер, дәретханалар бар. Жатақ бөлмелерде сегіз кроваттан, бәрінің де төсегі серппелі жұмсақ. Асхана мың кісілік. Төбесі шынымен жабылған. Терезелеріне жұқа перделер құрылған.

Біз бұл мектепті күтіп ұстауға уәделестік. Өйтпегенде ше?! Мен балалық шақта, жан-жағы опырылып жатқан құдайы үйде оқыдым. Оқытушы аз уақытта мені «оқу ақысын төлемедің» деп қуып жіберді. Қазір партия, Мао Цзэ-дун бізге мына сияқты тамаша мектеп сыйлады. Бұған алғыс айтпағанда қайда айтамыз?..

27 ноябрь

Максим Горький өте кедей семьяның баласы болғандықтан, жас шағында университетке түсе алмай, портта жұмыс істеген. Одан кейін нан пісіретін жерде үйренуші болған. Сөйте жүре ол білімін де көбейткен, революциялық ойын да бекіткен. Оған себеп — халықпен тығыз байланысып, кеңесіп тұрған. Ол бар ынтасын өз бетімен оқып білім алуға жұмсаған. Соның арқасында, универ-

ситетте оқымағанмен, тәжрибесінде, білімінде, көзқарасында университет бітірген адамдардан артық қорытындыларға жеткен. Россия тіршілігін жақсы білу үшін ол Россия өлкесін көп аралаған. Патша оны абақтыға да отырғызған, жер де аударған. Неғұрлым қиындық көрген сайын, солғұрлым орыстың қоғамдық тұрмысындағы әділетсіздікті терең түсініп, солғұрлым батыл күреске бекіне түскен. Ұлы адамның өмірі осындай! Сондай күрес қана ұлы ерді шығара алады!..

28 ноябрь

Маркс пен Энгельс үйренуді жақсы көрген. «Капиталды» жазуға кірісуден бұрын Маркс Лондон кітапханасында көп уақыт отырып кітап оқыған. Біздің осылай қадала оқудан үлгі алуымыз керек. Энгельс: «Адам кітаптың құлы емес, қожасы болу керек» деген. Мао Цзэдунның әдісі — карапайымдық пен еңбек сүюшілік.

8 декабрь

Адамға жас та, уақыт та мөлшермен берілген, сондықтан оны қуанышпен өткізіп, ойдағыдай өле білу керек. Өйтпесең өмір сүруде де, өлуде де мағына жоқ. Ондай өмір сүру — соқыр құртша жылжи беріп, өлімді басқа күту болады. Мен өйте алмаймын. Менің идеалым — ақтық демім біткенше бет алған ісімді орындау. Ол іс — отанымда социалистік қоғам құрудың күресі.

1954 жыл, 29 январь

Емтихан бітті. Енді оқудың өткен жолындағы ісін қорытуға болады.

Жетістігім: музыкадан басқа сабақтың бәрінен «төрттен» жоғары[1] алдым.

Жақсы жақтарым: оқуға ықласпен шұғылданам, сабақты ынтамен сарыла оқимын, өсуге тырысам, қиындықтан, қиналудан қорықпаймын, сүрінсем күйгелектенбеймін.

Кемшіліктерім: сабырым жете бермейді, шыдамдылы-

[1] Қытайдың оқуға бал қоюында «жартылық» баға да бар, мысалы $3^1/_2$; $4^1/_2$; бестен жоғары бал оларда да жоқ.

ғым аз, жекелену ді ұнатам, көппен араласып кете алмаймын, күн көріс рахатына көңілімді көбірек бөлем.

Емтиханнан кейін Ян Чжун-лян каникул уақытында туған селосына, үйіне барады. Бұл қуанышын былайша сипаттайды:

«Селоға[1] кіре бере, көршілерім мені қоршап ап, «Оралдың ба, Чжун-лян!» деп шуласты. Бәрінің кескінінде де шаттық пен күлкі. Айнала құшақтаған бір топ балалар — балалық шағымда менімен бірге ойнаған балалардың балалары боп шықты. Үйге кірген адамның тығыздығынан, төбеден түскен тамшы жерге жетпейтіндей болды. Біреулері өзгермепсін деп, біреулері толығыңқырапсың деп, біреулері ағарыңқырапсың деп, у-шу, азан-қазан болысып, күле сөйлеп жатыр...

Біздің үйге үш адам қосылыпты. Немере туыстар өсіп қапты. Үйге көгаршін ұялапты, ол, әрине, бахыт белгісі. Бұрын бойдақ үлкен ағам үйленіп, кішкене қызды болыпты. Екінші ағам мен немере апамның да әп-әдемі балалары бар. Үшінші ағам да үйленіпті. Оның келіншегі мені хұрметтеп, шешемдей жақсы көріп жүр. Әкемнің де дені сау екен. Маған қандай қуаныш бұл жаңалықтар.

Әсіресе апа-қарындастарым қуанышта. Дун-сян маған дәмді шәй әзірледі. Цзю-фын түшпәрә пісіріп, жуынатын су даярлап, киім-кешегімді тазалап, ұйығымды жамап... дегендей бәйік боп жүр!.. Адам ұмытарлық қылық па бұл?! Цзю-фын іс арасында қалжыңдап, «Енді ақша жинауың керек те, қалыңдық тауып үйленуің керек» дейді.

Үйінен мектебіне қуанышпен қайтқан Ян Чжун-лян, барлық ынта-жігерін оқуға жұмсап жүрген шақта, Янцзы өзенінің қатты тасуға бет алған хабары шығады. Ян Чжун-ляннің мектебі — Учан қаласының төңірегінде екені бізге белгілі. Оқушыларға бұл арада ескерте кететін бір нәрсе — Қытайдың «Ухань» аталатын қаласы өзара үшке бөлініп: Ухань, Учан, Ханькоу деп аталады, бұл үшеуінің арасын Янцзы өзенінің сол бір тұстағы тармақтары бөліп тұрады.

Янцзының қатты таситын белгілері көріне бастаған соң, «1931 жылғыдай, қала түбіндегі бекіністен асып ке-

[1] Қытайдың селосын біз әлі сипаттаған жоқпыз. Оны кейінірек сипаттаймыз. Әзірге айтарымыз — біздің орташа (мысалы 200 үйлік) селомызда ең көбі бір мың кісі болады десек, осындай көлемді жерді мекендеген қытайдың селосында ең кемі он мың кісі болады.

тер» деген қауіппен, қала халқы бекіністі биіктету жабдығына кіріседі. Бұл жұмысқа оқушылар да, олардың ішінде Ян Чжун-лян да қатынасады. Енді оның содан кейінгі күнделігіне үңілейік.

12—14 июль

Бұл күндері біз Учан қаласының Куайцзы-цзе көшесіндегі бекіністі [1] биіктеп жүрміз. Мен шамам келгенше ерінбей қимылдау әрекетіндемін. Бұл шын мағынасындағы соғыс майданы болды, ендеше майдандағыдай қимылдауымыз керек.

Демалыс уақытында бізге ойнаған балалар, емшек балаларын көтерген аналар келеді. Бәрі де көңілді. Сонда олар, бекіністің аржағында бұрқырай көтеріліп келе жатқан судың бері қарай ақтарылу қаупін білмей жайраңдап жүрген жоқ. Біледі олар!.. Біле тұра жайраңдауы — суға емес, қамқорларына сенгендік. Солардың бірі — менмін. Ендеше мен Корея халқы үшін қанымды төксем, бұндағы халық үшін терімді төгем!..

Шаруалар [2] біздің ісімізге аса риза. Жаңбыр төпеп тұрған шақта белшесінен сазға бата жұмыс істеген біздің жолдастарды көрген бір кемпір, күріштің сабанынан тоқыған бойрасын үйінен алып шықты да, бекініс үстіндегі сазға төсеп, жалбарынышты кескінмен қолын жоғары көтеріп, «Уа, аспанның атасы [3], көре-гөр, кемтарлардың бар ынтамен бекіністі бекіте түсіп жатқанын!.. Председатель Маоның [4] қамқорлығы ғой бұл! Егер ескі заман болса, 31-жылғыдай, ендігі суға тұншығып жатар ек қой!» деп жылап жіберді.

17 июль

Бұрнағы күні иықтағы жарамның аузы ашылды да, командир бекініс жұмысына шығуға рұқсат бермей қойды. Не деген өкініш бұл!.. Су күн сайын көтеріліп келе

[1] Ухань маңындағы бекініс, бір жотамен тарта бермей, қаланың су кетер деген саяндарын да қоршап, тармақталып кетеді.

[2] Қытайдың өзен бойындағы үлкен қалаларының да көпшілігі егін кәсібімен шұғылданатын шаруалар.

[3] «Тәңірі» мағынасында.

[4] Халықтық Ұлы Жиналыстың председателі болып сайланған Мао-Цзэдун жолдасты қытай халқы «Председатель Мао» деп те, немесе «Председатель» деп те атай береді.



Ян Чжун-лян

жатқанда, мен қол қусырып отырмақпын ба?

Жоқ, өйтпеймін мен! Жұмысшыларға жөкеден шәрке тоқимын, бекіністе сол іспен жәрдемдесем!

Жаңбыр бұрынғыдан да үдеп, жел катая түсті. Бекініс басында күні-түні болатындардың халі ауырлады.

21 июль

Бүгін Хушаньань бекінісін соқтық, бахытыма қарай маған да ол іске қатынасуға рұхсат берілді.

Таңертең жолды су басып кетті. Сабаннан тоқылған шәркелер киюге жарамай, жұмысты жалаң аяқ атқардық. Балшық жұмсақ, басуға ыңғайлы. Күндіз бұлт айықты, жол құрғады, енді құрғаған жерде жалаңаяқ жүру қиын болған соң шәркә кидік. Өрге көтерілетін соқпақтардың балшығы тас сияқты қатты болды. Сол жолда аяғым қажалып жүргізбейтін болған соң, мен төменде тұрып, зембілдерге топырақ салыстым. Оң қолым іске жарамаған соң, күшті сол қолыма салып ем, алақаным қолдырап қан шықты. Балақ пен жеңді түріп алғаннан кейін, күнге күйген[1] білегім мен сирағым қызарып кетті. Күннің өткір сәулесі жалаңаш арқамды да күйдіріп барады. Оған қарауға уақыт бар ма? Әсіресе көзіме құйылып удай ашытқан терден өлетін болдым. Ертең терімді сүртетін орамал ала келуім керек екен.

Үйге кеш қайттық. Жолдас Лю Ши-сюнь шапанымды, жолдас Чжан Си-гоу шалбарымды жуды, старостамыз жуынуға жәрдемдесті, біреуі төсегімді жайғастырып

---

[1] Жаз айларында өте ыстық болатын жер. *С. М.*

жатыр, өзім бөлмеге кірген шіркейлерді жойдым да, терезенің пердесін түсірдім. Жұрттың маған осынша қамқорлық жасауы неліктен! Оған мен ұялам. Бекініс жұмысына араласу — міндетім ғой менің? Ендеше, бұлары несі?..

•

22 июль

«Табиғат күшін жеңу туралы» деген кітапты оқыдым, сонда келген ой: «Сталин бізді табиғат күшін бағалауға, оған сүйенуге, пайдаланып іске жаратуға, қимыл-қуатын ауыздықтап бағындыруға, табиғаттың қиратқыш қуатын пайдалы жаққа жұмсауға, сөйтіп адамға пайдалы күш етуге үйретеді.

Бұл — сондай тақырыпта жазылған кітап. Бұның талдайтын мылқау күші: дауыл, тасқын, құрғақшылық, бұршақ. Кітап бізге осы күштерді қалай жеңуді баяндайды.

Біздің заманда саясат пен шаруашылықты ғана басқара білмеу керек, адамның қолы арқылы табиғат күшін де басқара білу керек. Мысалы, атомды түйедей жұмсап, айтқанды істету керек.

Хуанхэ, Янцзы — біздің күресетін тентектеріміз. Олардың басын идіре бағындыратын, пайдалы ісімізге жұмсайтын қуатымыз жеткілікті».

Күнделігінің бұдан кейінгі бір беттеріндө Ян Чжун-лян шаруалардың егінін жинасуға араласқан жайларын сипаттап кетеді. Жергілікті адамдардың айтуынша, ол жылы Янцзы жағасының егіні өте бітік шыққан. Тасқын қаупі туған кезде егін пісе бастаған, ендеше оны суға кетірмей жинап үлгіру керек. Бұл іске қала-селоның адамдары түгел қатынасқан. Сол бір күндері күнделігіне жазған бір сөзінде, тасқын қаупі күшті болғанмен, халықтың тіршілігі дағдылы қалпынан өзгермеуін айта кеп:

«Соңғы күндері үйлену тойы көбейіп кетті,— деп жазады Ян Чжун-лян,— үш күнде біздің мектептен ғана үш жігіт үйленді. Күн сайын кешке жас келіншектермен танысып, сауық құрамыз.

Үйленгендерді көргенде, менің есіме өз жүрегімнің жайы түседі. Өткен қыстың каникулында туған селома барғанда, үйленуге үш қыздың сәті түсті, бірақ мен ешқайсысына үйленбедім, бәрі де көрікті, сымбатты, мәдениетті жас қыздар болғанмен, помещик пен кулактың қыздары екен. Қысқа қарай оқуды бітірем де, жұмысқа

орналасам, содан кейін өз хиялымдағы қызыма үйленем. Оған деген киім-кешек пен төсек-орынды әзірледім. Қызым асығады, мен оған: «Алдағы қысқа шыда, арманымызға содан кейін жетейік» деймін...»

13 август

Сүйген қызым мені биге үйретті. Бұдан былай би болатын жерге тәуір киініп келуім керек екен, өйткені менен өзгенің бәрі жақсы киінеді.

— Өмір сұлу,
Тамаша!
Жеткенше жүзге
Өсейік,
Қартаюды
Білмейік,
Жылдан-жылға
Жасарып,
Шешек ата
Гүлдейік.
Мақтайық,
Балға,
Өленді,
Жасарсын жер,
Десейік,—

деп Маяковский айтқандай, жасым отыздан асқанымен, кемтар адам болғанымменен, тамаша өмірім мені шаттандырады, мен өзімді дені сау, жиырма жастағы жігіттей көрем!

16 август

Газеттен мен, «Янцзының суы 29, 63 метр көтерілді» деген хабар оқыдым. Бұл менің «Жаңа уақыт — жаңа әдіс» деген кітапты оқып бітірген шағым еді.

Соңғы сабақта біз трактормен таныстық. Бұл жазғы каникулдың тапсырмасы еді. Жаңалықты[1] білуге жастар міндетті. Қазір жаңалықты білмеу деген сөз — өзіңді ауыр халға қою деген сөз».

Ян Чжун-ляннің күнделігі осымен бітеді. Газеттердің

[1] Ол кезде Қытайдың өз заводында шығатын трактор жоқ, бар трактор шеттен, әсіресе Совет Одағынан алынған, сондықтан Қытай тарихының сол бір тұсында тракторды меңгеру — зор жаңалыққа саналған. *С. М.*

кейін хабарлауынша, 17 август күні Ян Чжун-лян бір топ серігімен Дунху көлінің жағасындағы Люхэцунь селосына барып, Пэн Юй-бинь дейтін жесір әйелдің егінін жинасып жүреді, сол кезде Янцзының бекіністі бұзған суы лақ етіп келіп қалады. Жанталасқан жұрт егіннің бауларын қайықтарға артып қырға шығаруға тырысады. Жолдастарымен Ян Чжун-лян қайыққа толтырған баулардың үстіне екі баласы мен жесір әйелді де отырғызып, өздері де мініп, қырға беттейді. Бұрқыраған тасқын олардың алдын орап алысқа әкетеді. Бір кезде қаңсыған қайықтың жіктерінен су кіріп, суға батып кету қаупі туады. Сол шақта, жүкті жеңілдетем деген оймен, Ян Чжун-лян суға қарғып түседі де, әрі қолы жалғыз, әрі шаршаған бейшара, батып жүре береді. Серіктері қарғып түсіп жәрдем бергенше есіл ер су түбіне кете барады...

Ұлы Қытайдың қатардағы қарапайым ұлдарының бірі — Ян Чжун-ляннің өмірі осындай! Менімше, оның күнделігіне сөз қосудың қажеті жоқ. Өзгеге қалай әсер етерін білмеймін, мен өзім аз сөзді бұл күнделіктен, оқығасы ғажап қалың романды оқығаннан кем әсер алған жоқпын. Менімше, бұл күнделік бір ғана адамның емес, бүгінгі Халықтық Қытайдың, оның адал ұл-қыздарының жан жүйесін де, ісін де, идеалын да түгелімен айқын, жарқын көрсетіп тұр.

Күнделігінің ертерек жазған бір бетінде, мектептес жолдасының партия қатарына өткенін сипаттай кеп, Ян Чжун-лян былай деп жазған екен:

«Оның пролетариат ісінде күресшімін деуге толық хақы бар. Бұндай адамдарды партияның өз қатарына алуы — қашса құтылмайтын іс. Менде де партиялық мәселелерде күйректік жоқ, сондықтан партия қатарына өтуге дәлелім толық. Сөйте тұра, арыз бермей жүрген себебім — партиялық сыннан әлі де өте түсуге бекінгендік».

Тегі Ян Чжун-лян қаза табар алдында партия қатарына кіруге арыз берген болу керек, өйткені ол апат болғаннан тоғыз ай кейін Хубэй аймағының партиялық комитеті оны өлі күйінде партияға мүше ғып өткізеді.

Үкіметтің қаулысымен Ян Чжун-лянға «Еңбек озаты» деген ардақты атақ беріледі.

Янцзының 1954 жылы қатты тасуы, мархұм Ян Чжун-лян айтқандай, Қытайдың халқын да, үкіметін де долы

өзеннің асау күшін ауыздықтап, халық пайдасына жұмсау керек деген ойға келтіреді.

Бірақ бұл оңай жұмыс емес. Білетін біреудің айтуынша, Янцзы өзенінің тізгінін қолға түгел алу үшін оның жағасында үш мың километрдей жерді бекіту керек, екі жағаны қатарымен алғанда, бұл алты мың километр деген сөз. Бекітетін тұстардың қей жері кең, жалпақ дала, кей жері өркештене үйілген құм, кей жері терең, жалпақ сайлар. Янцзының бір ерекшелігі — ағып жатқан арнасы, біздің Сырдарияға ұқсап, талай тұсында жер бетінен биік тұрады, кейде бұл биіктік 25 метрге дейін барады. Бұндай жағаларды бекіту үшін, бекіністің бойын көп биіктетіп көтеру керек, оған миллиондаған текшеметр топырақ, тас, құм, әлденеше миллион тонна қамыс, цемент, бетон сияқты материалдар керек, тастарды сындыратын, топырақ, құмдарды қазатын, цементті, бетонды әзірлейтін, оларды құрылыс орнына таситын мыңдаған машина керек.

Ол кездегі Қытайда бұлардың көбі жоқ. Бар күштің дені — тек адам ғана, оның күрек, кетпен, зембіл сияқты әлсіз құралы ғана. Техника күшін жетерлік дәрежеде даярлап алуға Қытай шыдағанмен Янцзы шыдай ма?..

Қытайдың қазіргі Халықтық үкіметінің тамаша бір ісі — не жұмысты болса да бастардан бұрын халыққа ақылдасып алады, халық мақұлдаған іс орындалып болғаннан кейін, қалай орындалғандығы туралы халық алдында есеп беріп отырады. Партиялық, үкіметтік, шаруашылық, мәдениеттік өзге мекемелердің бәрін былай қойғанда, әрекетінде құпия жағдайлар көп мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ететін саяси органның өзі әр тоқсанның аяғында, осы тоқсанда нендей оқиғалар боп, немен тынуы туралы халық алдында есеп береді.

Янцзыны ауыздықтау мәселесінде де осы принципін қолданған Халықтық үкімет, халыққа ақылдасқанда, ұлы өзеннің жағасын мекендеген халық түгелімен (оның саны Бүкіл Совет Одағындағы халықтай екені есімізде), «күтпейміз техниканы, кірісеміз бекініс ісіне, атқарып та бітіреміз техника жасалып болғанша!» деп шуласады.

Олай демегенде ше!! Жыл сайын апат күтіп қорқып отыру қалай?! Күш жетсе ұлы өзенді ауыздықтап ап, Ян Чжун-лян айтқандай, жұмсаған жаққа жүргізу қалай?!

Халықтың ризашылығын алған үкімет, Янцзы жағасын бекітуді тығыз түрде жоспарлай бастайды. Бұл жоспар-

дың ішіне, бекіген жағадан су қоймаларын жасау, егіс өлкелеріне су апаратын каналдар, олардан — арықтар тарту мәселесі кіреді. Кейбір су қоймаларының ернеуі мыңдаған километрге жететін болады. Оның бәрін түгел сипаттамағанда, үлкен су қоймаларының кейбірі көлем жағынан біздің Арал теңізіне теңдеседі! Көп каналдардың тұрқы жүздеген километрге созылып, арықтарын араластыра барлық каналды алғанда, әлденеше мың километр болып кетеді. Оның бәрі егіс өлкелерін суарғанда, Янцзы төңірегінен жиналатын астық көзіргісінен әлденеше жүз рет артады. Халық бұған күш салмағанда неге күш салады?

Янцзының жағасын бекіту жоспарына байланысты, тағы бір ғажап жоспар туады. Бұрынғы Қытайда электр күші жоқтың қасы екен. Енді экономикасын, мәдениетін тарихында болмаған жаңа қарқынмен үдету үшін оған ұлан-байтақ электр қуаты керек. Ондай қуаттың қайнар бұлағы Қытайда жеткілікті: ғылым иелерінің жобалауынша, Қытайдың өзендері жылына үш жүз миллион киловат шамасында электр қуатын бере алады,— мұнша мөлшама қуат Америкада да жоқ.

Түгел меңгеріп болған шақта, аталған қуаттың тең жартысына жақының жалғыз Янцзының өзі береді екен. Ол үшін, жағасын ғана бекітіп меңгеру жетпейді, табиғаттың өзі бекіткен жағаларды да толық меңгеру қажет. Ол не деген сөз?

Ұзын тұрқы мыңдаған километрге созылатын Янцзы, кейбір тұсында аскар тауларды да қақ жарып өтеді екен, таулы жердің кейбір тұсында аса биіктен сарқырама боп құлайды екен. Мәселен, Санься аталатын құзда, сарқырама мың метрден астам биіктен төгіледі екен!

Бірақ, «сарқырама» ма осы? Әдетте, «сарқырама» дегеніміз — тау төбесінде еріген қар мен мұздан төмен сарқырап жатқан, құз кездесе құлдырай құлайтын су ғой?

Янцзы ол емес қой. Аржағында кең даланы, таудың кең сайларын аралап еркін келген ол, Санься қақпасына келгенде, екі жақ шыңы аспанмен тірескен, көк мұздай шым граниттен жасалған тар жерден қысылып өтетін көрінеді. Әдетте ені сегіз километрге дейін баратын өзеннің бұл қыспақтағы ені жүз елу-ақ метрдей деседі!

Суы көп, ағысы қатты, күші сұрапыл, салмағы ауыр асау өзен, Санься тұсында мол денесінің тар қыспаққа

килігуіне қатты ызаланып, ерекше екпіндеп кетеді екен де, мың метрден аса биіктен, долданған қалпында, құлайды екен! Не деген күш бұл!.. Не деген қуат!... Білетін біреудің айтуынша, мұнша биіктен құлайтын, мұндай сарқырама дүние жүзінде жоқ! Өзеннің «Янцзы-цзян», яғни «Аспанның өткелі» аталған себебі де содан...

Осындай, жаратылысында өзінен өзі тізгінделіп тұрған, күш-қуатында мөлшер жоқ асауды пайдаланбауға бола ма?

Қытай үкіметі, Янцзының барлық жағасын бекіту жоспарына қоса, Санься сарқырамасының етегіне электр станциясын салуды да жоспарлайды. Бұл жоспар бойынша салынатын станция, өзге елдер түгіл, кәзір Америка мен Совет Одағында да жоқ.

Янцзының тау арасындағы ағысын ауыздықтаудың тағы бір мәні — су барған жерге қытайлардың өндірмейтін дақылы жоқ. Ол тұста бөгеттер жасалғаннан кейін, кең таудың аласа адырлары мен сай-саласын түгелімен егіс және жеміс бақшасы жауып кетеді екен!

Янцзыны меңгеруден үшінші бір зор мәселе келіп туған, ол — осы өзен арқылы көпірлер салу. Көпір жоқтықтың салдарынан, Қытайдың бұған дейінгі темір жол транспортын Ханькоу тұсында Янцзы екіге бөледі екен: теріскей жағынан келетін темір жолдар да Янцзыға тіреледі, күнгей жағынан келетіндер де Янцзыға тіреледі. Есепсіз көп жүк пен жүргіншілерді бір жағадан екінші бір жағаға пароходпен тасу қандай қиын! Және, техникасы артта қалып келген Қытайда пароход аз ғой. Осындай қиындықтың салдарынан ескі Қытайда, Янцзыға екі жағынан да келіп тірелген жүктер айлар бойына өте алмай, үйіліп жатады екен. Жүргіншілер де жұмалар бойына босқа тұсалады екен. Халық санасының өзге түрін былай қойғанда, бұл қиындық көркем әдебиеттен де кең орын алып, ұлы өзеннен бөгетсіз өтуді арман ететін талай өлеңдер, әндер шығарылған екен.

Халықты сол арманына жеткізу үшін Халықтық үкімет алдағы үш бесжылдықта Янцзы арқылы үш көпір салуды жоспарлайды. Жоспарлар 1954 жылдың екінші жартысында жасалып бітеді де, партияның, үкіметтің басқаруымен, Қытайдың Янцзы жағасын мекендеген халқы іске кіріседі.

Кейбір алғашқы табыстары көзге көрінгенмен, бұл әлі

мыңнан бірі игеріліп болмаған іс, сондықтан түгел сипаттау мүмкін емес. Дегенмен, ұлы жоспардың мөлшерлі уақытынан бұрын орындалуына кепіл боп тұрған кейбір көріністерге тоқтай кетпеуге де болмайды. Ондай көріністер кәзіргі күннің өзінде де толып жатыр, оның бәрін баяндауға орын тарлығын еске алып, бұл очеркте екі ғана көріністе қысқаша кідіріп көрейік.

Бірінші көрініс. Ухан қаласындағы Жазушылар одағының мүшесі, талдырмаш ұзын бойлы, ойнақы мінезді Ли Чжу-ай, тілмаш Сашка және мен — үшеуміз Янцзы жағасына жаңадан салынған бір бекіністі машинамен аралап келе жаттық та, бір тұсында сазға киліғіп қалдық. Әрі қарай машина жүрер емес: оң жағымыз дария-көл, сол жағымыз теңкие үйіліп, тегістелмей жатқан тау-тау топырақ, лайлы саз. Бірақ біздің ілгері баруымыз керек, өйткені, әрірек тұста көптеген адам бекініс жұмысында жүр, бізге олармен жолығу, сөйлесу қажет.

Аз ойланған Ли Чжу-ай, жұмысшыларға жетудің әдісін таба кетті. Оң жағымыздағы көлге шыққан құрақ пен қалың шалғынның арасында, судан қыр арқасы ғана көрініп, бірнеше қодас (як) оттап жүрген, олардың арасында әлдекімдер шомылып жатқан. Сиыр тұқымдас, алшақ мүйізі желкесіне қарай жантая өскен, денесіне жүн орнына сирек, қатқыл қылтаңдар ғана біткен, жон сүйегі пышақтың қырындай боп қырқаланған, үлкендігі — жуантық өгіздей жануарды көрген шақта мен: «Өзіне мініп көрер ме еді!» — деп арман еткем. Енді сол арманыма жететін болдым,— Ли Чжу-ай маған, саздан қодасқа мініп өтуді ұсынды. Мен, әрине, көне кеттім. Ли Чжу-ай суға шомылып жүрген адамдарға өз тілінде бірдеме деп айғай сап еді, біреуі үлкен қодастың біріне малтып барып үстіне мінді де, бері қарай келді.

Қодас қасымызға келгенде, күлімсірей қараған Ли Чжу-ай маған алдына мінуді ұсынды. Мінсе несі бар? Өгіздің аты — өгіз. Мінбеген көлігім бе менің ол? Танауын тесіп бұйда өткізген талай өгізге (асауына да, жуасына да) мініп, талай рет мал баққам. Қазақтың ұғымында, ат пен түйеден құлаудан өгізден құлау жаман, өйткені «ат жалын, түйе шудасын төсейді, өгіз мүйізін төсейді». Ат арқасының желкесіне жақын мінетін адам, өгіздің жаясына жақын, белдемесінің үстіне отырады, өйткені қандай семіз өгіздің арқа тұсы қырлы, отыруға жайсыз болады. Мына қодастың арқа сүйегі қылыштың

жетесі сияқты, қып-қырлы екен. Оған ер-тоқымсыз немесе басқа бір төсенішсіз отыра қою оңай жұмыс емес. Көніп қалғаннан кейін мінбеу де ұят, сондықтан ішімнен, «ңені көрмеген тақым» дедім де, қодастың иығына қарғып шыға келдім. Арқаның менің астыма ең өткір қыры ілекті, өйткені арт жағыма Ли Чжу-ай мен Сашка отырды. Бұйда менің қолыма берілді. Астым отыруға аса ыңғайсыз болғанмен «жат жерде сыр бермейін» деген намыспен, қырсаулау жануардың шалғын мен суға толып торсия томпайған бүйіріне бұйданың үш жағымен соғып жіберіп ем, ырқыма көніп, икемдеген жағыма аяңдай жөнелді.

Сазға тізесінен малтыққан қодас, жалқаулана аяңдап келеді. Қыр арқасы астыма батып барады. Жанбастай отырар жері жоқ, босқа қозғалу ұят, сондықтан, «қиналған жанның азабын әңгіме жеңілдетер ме екен» деген үмітпен, артымда міңгесіп келе жатқан қытайлармен кеңесем.

Азғантай бөгде сөз: баяғыда жолаушылап жүрген бір қазақ, әлде не ауылға кеп, әлдекімнің үйіне қоныпты. Мезгіл күздің суытқан шағы екен. Ауыл қалың ағаштың ішінде отырса керек. Шаруасы шағын үй иесі жолаушының қонағасысына салма берсе керек. Қарны ашып келген жолаушы ыстық салманы қасықпен қауып қалғанда аузы күйіп, түкіріп тастауға ұялып, жұтып жіберсе керек. Өңеші де күйіп, көзі жасаураған қазақ, не дерге білмей, шаңыраққа қарағанда, күлдіреуішінен үй қасындағы биік ағаштың бұтағы көрінсе керек. Сонда, не дерге білмей сасып отырған қазақ:

— Мынау қай жердің ағашы? — десе керек. Оның халын сезген сол үйдің бойжеткен қызы:

— Саздау жердің ағашы, сабырсыз ердің сазасы!— десе керек.

Сол қазаққа ұқсап, өгіздің арқасының қыры жанымды шығара астыма батқан шақта:

— Мынау көлдің аты не?— деймін мен Ли Чжу-айға, арғы жағасына көз жетпейтін дария-көлді қолыммен нұсқап.

— Аты жоқ көл,— дейді Ли Чжу-ай.

Оның жауабын, жоғарыда атаған қыздың аузы күйген қазаққа берген қалжыңды жауабы сияқты көріп, іштей жәбірленем де, онымды сыртыма білдірмей:

— Аты жоқ көл бола ма екен?! — деймін. Менің жәбірленуімді сезгендей:

— Өзге көлде ат болғанмен, бұл көлде жоқ,— дейді Ли Чжу-ай, салмақты дауыспен.

— Неге?

— Жаңадан ғана жасалған көл!

— Жаңадан?.. Қалайша?

Ли Чжу-айдың баяндауынша, бұдан бір жыл бұрын осы көлдің орнында тастақты, орманды үлкен тау тұрады екен. Янцзы жағасына жаңа бекініс салына бастағанда, экскаватор, бульдозер, скрепер сияқты техникасы жоқ, динамит, толь сияқты тас қопарғышы жоқ құрылысшылар, үлкен таудың қалың орманындағы ағаштарды қол арамен кесіп, тасын қол сүйменмен сындырып, топырағын күрекпен қазып, бәрін де зембілмен арқалай тасып, бекініс материалдарына пайдалана бастайды.

Қазақта «көп түкірсе көл болады» деген мақал бар. Қытайда «көп үрлесе тауды ұшырады» деген мақал бар екен. Сол мақал айтқандай, айналасы бір жылдың ішінде үлкен тауды қытайлар қолымен қопарып ап бекініске пайдаланады да, тау орнындағы шұқырға су жиналып, әлгі шалқар көл пайда болады!

Қытайдың көптігінің, көптің бірлігінің, бірліктен өнген ісі жемісті болуының бір түрі осындай! Бұл бетінде қытай жұмысты қалай шыдатады?!

Бекініс құрылысының кәзіргі кетіп бара жатқан қалпына қарағанда, жергілікті жолдастардың айтуынша, Янцзы үш бесжылдықта емес, екі бесжылдықта түгел ауыздықталып болатын түрі бар.

Екінші көрініс — Ханькоудағы көпір құрылысы. Бұл көпірдің жоспарын қытай инженері Тан Хуан-чэн жасаған да, оған совет инженері Константин Сергеевич Силин жолдас жәрдемдескен. Жоспар бойынша, көпір діңгектері су бетінен 18 метрге дейін көтеріліп, көпір астынан кемелер бөгетсіз өтетін болады, ұзын тұрқы 1700 метр көпір, екі қабат боп, астыңғы қабатынан поезд, үстіңгі қабатынан өзге транспорт және жаяу адам жүреді, көпір «кессонсыз» аталатын әдіспен салынады. Оқушылардан ол әдістің не екенін білу үшін Энциклопедиялардың біреуіне қарауды өтініп, біз әңгіме желісін үзбей жалғастыра берейік.

Құрылыс бастығы Пын Мин деген жолдас. Оның қызық өмірбаяны да, істері де Вера Кетлинскаяның жоға-

рыда аталған кітабында толық суреттелген, сондықтан мен жас инженер Сюэ Цуан-жэньнің жайына аздап тоқырамақпын.

Бұл арада тағы да бір бөгде сөз қажет болып отыр. Қытайдың Ұлы қамалын көруге барғанда, біз сол қамалдың теріскей жағынан Пекин қаласына созылған темір жолдың салыну тарихымен таныстық. Сонда, төмендегідей бір қызық оқиға келіп шықты.

«Тяньцзин — Шанхайгуань» деген атпен 1888 жылы темір жол салынып, құрылысын қытай инженері Чжань Тянь-ю басқарады. Ол темір жол ғылымын көбінесе өз бетімен оқу арқылы, істе ысылу арқылы үйренген кісі екен дейді. «Цин» аталатын қытай үкіметі бұл темір жолды Пекинге дейін созуға ойлағанда, Қытайды үлесе талап отырған Англия империалистері мен Россия патшалығы қарсы болады. Бұл жағдай Қытай үкіметі мен Қытайды талаушылардың арасында ұзақ уақыт дипломатиялық арбасулар жүреді де, ақыры Россия мен Англия: «Егер шет елден инженер шақырмай, Қытайдың ғана күшімен саламын десеңдер рұқсат» дейді.

Содан кейін 1905 жылы Қытай үкіметі Чжань Тянь-юге басқартып, «Пекин — Қалған» аталатын жаңа жолдың құрылысын бастайды. Қытайлар бұл іске кіріскен кезде Англияның газеттері: «Ондай жолды салатын қытай әлі туған жоқ» деп келеке қылады.

Бірақ, кәрі мыстан — Англия хателеседі, құрылыс жолында неше түрлі ауыр қиындықтарды қирата жеңген Қытай, нелер биік таулардың кей жерін кесіп, кей жерін тесіп, нелер терең сайларда жол танабын биіктетіп, нелер өзендер арқылы көпірлер салып, жаңа жолды жоспарлы уақытынан үш жыл бұрын бітіріп кетеді де, 1909 жылы жаңа жолдың бойынан жүріс ашады!

Талаушылардың ұғымында «шала сауатты» деп есептелетін Чжань Тянь-юдің бұл ісіне дүние жүзі хайран қалады. Одан кейін де бірнеше жаңа жол салған Чжань Тянь-ю, 1921 жылы, 59 жасында қайтыс болады.

Біз бейнелегелі отырған Сюэ Цуан-жэнь өмірбаяны жағынан да, атқарып жүрген қызметінің шеберлігін меңгеру жағынан да Чжань Тянь-юдің туған інісі сияқты. Бұл да халықтың қалың ішінен шығып, жап-жас қалпымен (21-де) темір жол ғылымын көбінесе өз бетімен оқу арқылы және жасамыстау орыс инженері — Дмитрий Григорьевич Костиннен үйрену арқылы шын мағнасын-

дағы инженер болып алады. Ханькоу көпірінің құрылысындағы кессонсыз әдістің техникалық жағын басқаратын сол екен.

Құрылысы 1955 жылы басталған бұл көпір, жоспар бойынша 1960 жылы аяқталмақ екен. «Жұмыстың өткен бір жылдық қарқынына қарағанда,— дейді құрылыс бастығы Пын Мин бізге,— көпірді жоспарлы уақытынан екі жыл бұрын бітіріп, 1958 жылдың аяғында үкіметке тапсырамыз ба деген үмітіміз бар».

Қытай халқының өндіргіш қимылы Пын Мин айтқан қарқыннан да озып, 1958 жылдың көктемінде бөспасөз Ухан көпірінің салынып болып іске кіріскенін хабарлады.

Қытайлық қарқын осындай! Осы қарқынмен Янцзы өзенін жоспарлы мерзімінен әлдеқайда бұрын бітіруіне ешбір күмән болмауға тиісті. Оған кепіл — Қытай халқының бірлік сүюі мен еңбек сүюі, атқарған еңбегіне ұқыптылығы мен шеберлігі.

II. ЖЕРДІ ЖЕҢЕТІН ҚЫТАЙ

Қытайда жер өлшеуінің бір аты «му». Ол — гектардың он алтыдан бірі.

Бұл өлшем Қытайда әлдеқалай шықпаған сияқты, оның терең тарихы бар сияқты.

Қытайда егіндік жердің басым көпшілігі суармалы екендігі жоғарыда айтылды. Ондай жерге су апару үшін каналдар, арықтар қазылу керек, оған жалшысы көп бай адам болмаса, кедей адамның күші келмейді. Алыстағы немесе биіктегі егінге қолайлы жерге каналмен су апаруға кедей түгіл байлардың да әлі келмейді, өйткені, бұрынғы қытай — техникасы нашар ел ғой, кетпен, күрек сияқты құралмен қазған канал қанша ұзаққа бара алады?

«Феодал» деген сөз европалық мағынасында «жер иелері» деген сөз екенін білеміз. Қанаушы тап үстем кездегі жер иелері, әрине, байлар. Осындай байлар, яғни феодалдар, Қытайда Айсадан бұрынғы кәрі заманнан бері жасап келе жатқан көрінеді. Европа феодализмі орта ғасырда ғана дәурен сүріп, кейінгі үш-төрт ғасырда капитализмге ауыса бастаса, Қытай феодализмі бостандық жылына дейін (1949 ж.) қаймағы бұзылмай, берік сақталып келген көрінеді.

Мыңдаған жыл дәурен сүрген Қытай феодалдары судың құнарын да, жердің шұрайын да өз қолында ұстап,

кедейдің басым көпшілігінде жер болмай, байларға жалшылық қызметін ғана атқарып келген. Россия жағдайымен салыстырғанда, Қытайдың жер иелену түрі де қызық: Россияда ең сорлы крестьянда бірнеше гектар жер болған ғой, помещиктер мыңдаған гектарларды билеген ғой, ал Қытайда жарты я бір му жері бар кедей шаруа — бақытты адам, өйткені көпшілігінде ол да жоқ; төрт-бес му жері бар адам — орташа, он шақты му жері бар адам — кулак, одан асса — помещик. Қырық му (яғни екі-үш гектар) жері бар помещик ірілердің қатарына жатады, жүз елу му (яғни он шақты гектар) жері болу тіпті асып кеткен байлық!..

Жердің осындай аса тапшылығынан, су жететін өлкеде қытайдың пайдаланбайтын жері болмаған. Суарылатын жер үйге төсеген сәкідей тегіс болу керек, егер ойлы-қырлы болса, тегіс суарылмай, егін ала-құла шығады. Ондай жерді тегістеу қытай халқы үшін түк те емес. Қантон маңында өрі, сайы аралас бір жерді қытайлардың тегістеп жатқанын өз көзімізбен көрдік: бір топ адам, өрлеу жердің балшығын кетпен, күрекпен ойып жатыр, бір топ адам ойылған балшықты зембілмен тасып, саяң тұстарға төгіп жатыр, бір топ адам сайға төгілген балшықтарды добал ағашпен түйгіштеп, нығарлап жүр, бір топ адам нығарлаған топырақтың үстіне дөңбек домалатып, кедір-бұдырын тегістеп жүр, бір топ адам тегістелген жердің бетіне қалыңдата қара топырақ жауып жүр... Білетін кісілердің айтуынша, осы әдіспен ғасырлар бойы еңбек атқарған Қытай, талай ойлы-қырлы өлкелерді теп-тегіс егін өлкесіне айналдырып жіберген.

Бірақ, тегістеуге ойлы-қырлы жердің бәрі бірдей көне бере ме? Биік адырларды немесе тау-сымақ жерлерді тегістеуге үнемі күш келе бере ме? Әсіресе, өндіріс күші нашар,— феодализм шағында?..

Қытай ондай өлкелердің де көбін егінге пайдаланудың әдісін тапқан. Атамзаманнан бері өмір тәжрибесін жақсы білетін қытай, талай таудың төскейіне, талай адырларға жолын тауып су жеткізген. Олар су жететін биікте талай жерді жоғарыда аталған әдіспен тегістеп егін шығарған.

Сондай жерлердің құрылысы мен көрінісі ғажап: кейбір биік адырдың не етегінде тұрып, не төбесіне шығып қарасаң, төменнен жоғары қарай саты-саты боп өсіп тұрған егінді көресің. Биік адырды түгел тегістеуге шамасы келмеген қытай,етектен бастап, мүмкіндігі жет-

кен көлемде (мудың бірнеше бөлшегінен бастап, әлденеше муға дейін) бір тегістеп алады екен де, жоғарырақ тағы да солай тегістеп, сол бетпен, су шыға алатын биікке өрлей береді екен. Ханькоу тұсындағы бір биік адырдың төскейінде біз оннан аса тегістелген сатыда су ішіп, жайнай өсіп тұрған бай шығымды күрішті көрдік.

Жердің тапшылығынан қытайда егін бір орынға үздіксіз себіле береді. Осындай жағдайда топырақтың құнарын жойып алмау керек қой, ол үшін жерді өңдеп, агротехникалық шараларды үздіксіз қолданып тұру керек қой.

Біздің Совет Одағында жер өңдейтін химикаттарды мыңдаған тонналап жасап жатқан жүздеген завод бар, Қытайда әзірге оның бірі де жоқ. Ондай заводтар Қытайда енді ғана салынып жатыр. Әзірге Қытайдың жер өңдейтін материалы екеу ғана: бірі — бүкіл хайуан атаулының тезегін төгу, (былайша ыңғайсыз сияқты көрінгенмен, жақша ішінде айта кететін сөз: Қытайда жер өңдейтін материалдың ішіндегі қымбатының бірі — адамның қиы, сондықтан дәретханалардың бәрі есепте болып, белгілі жоспармен пайдаға жаратылады); екіншісі — тың топырақ әкеп төгу, оны қытайлар таулы жерден, орман арасынан қапшықпен арқалап я зембілмен көтеріп тасиды.

Жер аз, топырақ қымбат болғандықтан, қытай егін сепкен жерден алуға мүмкіндігі бар жемісті шама келгенше мол өсіруге тырысады. Кантон өлкесі, қысы мен күзі жоқ, үнемі жаз болатын жақ қой. Осы жақта қытайлар жыл тәулігінде бір орыннан, кейбір дақылдарды ауыстыра егіп, жетіге дейін өнім алады екен және әрбір дақылды агротехникалық шара ретінде қолданады екен.

Жер жырту әзіргі Қытайдың көп жерінде ауыр. Ең алдымен, Қытайда трактор аз: Халық үкіметі құрылғаннан кейін салған бірінші трактор заводы, алғашқы аздаған тракторын 1956 жылдың жазынан бастап шығаруға айналды. Кейінгі бір мәліметте, Қытайдың трактор заводтары 1957 жылы түрлі маркамен жүз мыңдай трактор шығарған көрінеді. Бұл мол цифр болғанымен, Қытай егіншілеріне бұркуге жетпейді.

Екінші қиындық: Қытайдың «мулап» өлшенетін тар көлемді егістік жерлерінің көбінде трактор айналарлық орын жоқ, сондықтан соқаны қодас, қашыр сияқты көліктер тартады. Ал «соқа» дегенің біраз жерде, түрені

ғана темір, өзге жағы ағаштан жасалған «омаш». Омашқа қашырдан гөрі қодас қолайлы екен, егер тамағын тойдырса, ол «сорлы» ертеден қаракешке ауырлықты сүйрей береді екен; денесі жуантық, шомбал шіркін — мықты да болады екен: екі қашыр шіреніп әрең сүйрейтін омашты кодастың жалғыз өзі тырмыспай-ақ тарта береді, соның үстіне, көз ашып көргені жер жырту болғандықтан божысыз, ноқтасыз жүре береді, тоқтар, бұрылар жерін айтқызбай біледі, иесінің оған күндіз тамағын тойғызудан, түсте суға жіберіп жүздіруден, түнде тыныстатудан басқа істер жақсылығы — жыртатын жеріне күнібұрын су жіберіп топырағын былқытып қою...

Біздің Россияда бұрын тек кейбір овощтың ғана тұқымын қолдан тігіп, өзгесін, әсіресе дәнді егістердің тұқымын жерге қолмен шашатын еді ғой. Кейін, техникасы өскен Совет заманында, жылжи жүріп, егіс тұқымын тиісті тереңдікке көметін машиналар шықты ғой. Ондай машиналар бұрынғы Қытайда атымен болмаған, кәзіргі Қытайда өте азғантай, — барлық егіншілерге бүркуге де жетпейді.

Астығы аз Қытайда, егіннің тұқымы да аса қадырлы болған, Қытай оның барлық түйірін түгелімен пайдаға асырған, сондықтан ешбір егіс тұқымын жерге құлаштап шашпай, жыртылған, майдаланған жерге әрбір дәнді өз қолымен тіккен.

Осы әдетін әлі де қолданатын Қытайда егіс даласының көрінісі қызық. Мәселен, бидай өсіп тұрған жерлерге қарасаң, бір сабақ пен екінші сабақтың арасы, шамасы, бес сантиметрдей алшақ, осы алшақ өскен сабақтарға қай жағынан қарасаң да, бір сызықтың бойына орнатқан телеграф діңгектері сияқты, қаз-қатар, түптүзу көрінеді және араларында жалғыз тал арам шөбі болмайды, сондықтан бидай собықтарының үлкендігі, қазақша айтқанда, торғайдай келеді! Қытайда барлық егіс дақылдары да осындай. Бұлайша шығымның дәнін жерге өз қолынан бір-бірлеп, арасын алшақтата, қаз-қатар тіккен күннен бастап, дәнін қашан орып алғанша, қытай күндіз-түні егін басынан кетпей, үнемі баптауда болады. Қандай әуе айналып жерге түскен ыстықта да, басында етегі кең қамыс қалпағы, бұтында шолақ штаны ғана бар, өзге денесі тырдай жалаңаш қытай, күріш егісінде — тізеден саз кешіп, басқа егісте — то-

пырақ иіскеп, егін арасында жүруден, баптаудан бір жалықпайды!..

Жұмыс кезінде қытайдың дем алғаны да, тамақ ішкені де қызық: әдетте, қытай шаруасы ішетін тамақтың басым көпшілігі — суға қайнатқан күріш. Осы күрішті ол жұмыс кезінде ешуақытта отырағап, немесе тоқтай ғап жемейді, жер жыртса — соқа соңында жүріп, басқа жұмыста да қимыл үстінде жүріп, қолындағы кесесіне салған күріштің піскен дәндерін, саусағына қыстырған кішкене екі шыбықпен жылдамдата шоқып ап, аузына дамылсыз қағады да, лезде тауысып қояды. Суқабаққа құйған сусыны белдігінде байлаулы жүреді, оны да жұмыс үстінде жүріп жұтады...

Қытайдың диқаншыларын әр жерде кездестіре жүре, біз екі селоның өміріне шұқшиыңқырай қарадық, біреуі Кантон маңында екіншісі — Ханькоу маңында.

Кантон маңындағы селоның аты — Саньлюаньли екен. Қытай мемлекетіндегі егіншілердің 96 проценті кооперативке тартылған ғой. Кооперативтің Қытайда «жоғарғы», «төменгі», аталатындары бар, «жоғарғысы» — жері, малы, құрал-сайманы түгел ортақтасқандар, олар біздің кәзіргі колхозға ұқсайды, «төменгісі» — адам күшін ғана біріктіріп, еңбек өнімін әркімнің жер мөлшеріне, құрал-сайманына қарай бөлу, ол бізде, жиырманшы жылдары, қазақша «мойын серік», орысша «Тоз»[1] аталған, колхоз құрылысының алғашқы сатысына ұқсайды.

Саньлюаньли кооперативі «жоғарғылардың» тізімінде екен. Оған біздің баруымызға Ли Ню аталатын жас әйел себеп болды.

«Неге?» деген сұрауға жауап беру үшін, Хунань аталатын бұл өлкедегі шаруалардың революциялық қозғалысқа қатынасуын айта кетпей болмайды. Хунань өлкесінің орталық қаласы — Кантон соңғы жүз жылдың ішінде ұлт азаттығы күресінің, революциялық күрестің Қытайдағы үлкен ошағының бірі болған. 1921 жылы ұйымдасқан Қытай Коммунист партиясы да алғашқы туын осы қалада тіккен. Партияның көсемі — Мао Цзэдун 1926 жылы осы қалада «Шаруалар курсы» деген атпен мектеп ашып, өзі онда сабақ берген. Қытайлық шаруалардың революциялық қозғалысын бастаған бірнеше

[1] Товарищество по совместной обработке земли.

көрнекті саяси қызметкерлер осы курстан шыққан. Курсты ашар алдында Мао Цзэ-дун Хунань өлкесіндегі бес уезді жаяулап жүріп, кедей шаруалардың тұрмысымен танысқан, олардың арасында революциялық үгіт жүргізген.

Біз сипаттағалы отырған Ли Ню ол кезде, батырақ семьясында туған үш-төрт жасар бала екен. Мао Цзэдунның саяси үгітімен оянған кедей шаруалардың сол кезден бостандық күресіне жинала бастауын ақылды Ли Ню кішкене күнінен аңғарады да, есі кіре, өзі де он төрт жасынан үгітші-насихатшылардың бірі боп, қытай селоларын аралап кетеді. Осы жұмыста жанын аямай қызмет атқарған ол, қытай халқының қолы 1949 жылы азаттыққа жеткенде бахыт туын бірге тігіседі.

Ли Ню кәзір партия мүшесі және туған селосындағы кооперативтің партия ұйымдастырушысы.

Ли Нюмен жолығуды бізге Хунань өлкелік партия комитетінің өкілі ұсынды. Жолыққан Ли Ню бізді селосын көруге шақырды. Ұзын тұрқы жарты километрдейақ жалғыз көшеге орналасқан бұл селода 750-дей үй, үш мыңдай жан бар екен. Енінің кеңдігіне қарама-қарсы келген арбалы екі көлік әрең сиып өтетін тар көшенің екі жағындағы үйлер бір-біріне жалғаса салынған. Әр үй сырт жағынан өз қорасының есігінен ғана шыға алады. Селоны көлденең кесіп орамға бөлетін көшелер бұнда атымен жоқ. Тұтасқан көп үй — шұбала салынған бір баракты тұтас қабырғасы сияқты. Әр үйді жеке алғанда, жалпақтығы көп болса жиырма метрдей-ақ. Үйінде не сауда, не іскерлік дүкені болу Қытайдың қала, селосына түгел сіңген әдет қой деймін, бұнда да солай: үйдің ішкі жақ қабырғасы, ашылып-жабылатын боп ысырмалы етіп жасалған, олардың бәрінде де не сатуға жайып қойған бұйымдар, немесе шеберлер жасап жатқан мүліктер. Бұл селода да ондай дүкенсіз бір де бір үй жоқ. Шоқанның: «Жебірейлер сияқты, қытайдың да сатпайтын нәрсесі болмайды» деген сөзі рас екен, алушы боп бағасы келіссе, қытай не нәрсесін болса да сатып жіберіп, орнын басқамен толтырады екен.

Көрік жағынан да, байлық жағынан да дүкен атаулының бәрі бірдей емес: әдемісі де, орташасы да, нашары да бар, соларға қарап иелерінің шаруа күйін де айыруға болады. Аса бір байы болмаса, қытай үйіне жасау-жиһазды аз жиятын халық екен. Село-қалаларда тұратын

халықтың басым көпшілігі, әрине, кедейлер. Олардың үйіндегі төсеніштің көбі — қамыстан я сабаннан неше түрлі әдемі түске құлпырта боялып жасалады екен де, кейбірі кілемге бергісіз тамаша болады екен. Бағы заманнан отырықшы боп келе жатқан қытайлар, үйінің ішіне, есік-терезесінің алдына гүл өсіруді жақсы көреді, қытай үйінің ең жақсы көркі осында. Бір уыс бос топырағы бар жерге бір гүл өсірмейтін қытай болмайды. Жері жоқ үйлер құмыршаға өсіреді. Қытайлар шетінен меймандос екен, үйіне басын сұққан кісіге титімдей жеміс болса да татырмай жібермейді, кідіретін болсаң шәй мен күріштің ботқасын береді.

Біз сипаттап отырған кооперативтің қарамағындағы бар жері 2800 му, яғни — 175 гектар екен. Бізше бұл өте аз жер сияқтанғанмен, Қытайға ұлан-байтақ көп жер боп шықты. Ли Нюдің айтуынша, үйі осы шамалас кейбір селода бұның жартысындай-ақ жер бар. Бұнда көбірек болатын себебі — помещиктер мен кулактар көп болған екен, село халқының он процентіндей олар жердің тоқсан процентін билеген екен.

— Бұндағы помещиктердің ең байы Ли И-мынь болды,— дейді Ли Ню,— оның бір өзінде 40 му жер болды!

Біз қарындаш пен қағаз алып, 40 муды гектарға айналдырғанда, екі жарым-ақ боп шықты!.. Ол цифрға біз күліп ек:

— Неге күлесіздер,— деді Ли Ню.

— Күлетін себебіміз,— деді Вадим, ыңғайсызданған кескінмен, бұрынғы жеке шаруалы Россияда бұндай аз көлемді жер ең кедей крестьянда да болмаған.

— Россия жағдайын да солай болуы мүмкін,— деді Ли Ню,— Қытай жағдайында олай емес. Аз көлемді деп отырған жермен Ли И-мыньнің еңбекші шаруаларды бұл селода қалай қанағанын мен сіздерге айтайын.

Ли Нюдің қызғылықты әңгімесін тыңдасақ, азаттыққа дейін Ли И-мыньнің кедей шаруаларды қанау түрі төмендегідей боп шықты: қарамағындағы жерінің алақандайына дейінгі топырағын түгел пайдаланатын ол, жұмыстарын түгелімен кедейлерге атқартып, «бір мудан 500 дзинь (250 килограмдай) күріш өндіріп бересін» деп міндеттендіреді екен, «одан артығы — еңбек ақың» дейді екен, ондай көлемді жерге ең көбі 600 дзинь күріш өнеді екен. Еңбек ақысына 500 дзиньнен асырғанын ғана алатын кедей, көбінесе жеткізе алмай сорлап, жетпегенін



Ауыл шаруашылығы кооперативі мүшелері жұмыс үстінде.

келешекте толтыруға борышты бола береді екен, бұл борыштан кедей өмір бойы арылмайды екен, оның үстіне, помещик кедейге жұмыс кезінде тамағын сатып беріп, борыш үстіне борыш жамала береді екен. Ал помещиктің өз сыбағасы қашан да толық: 500 дзиньге дейін шыққан өнім түгелімен онікі, өзінен кетер шығын жоқ, жантайып жатып қапшығын толтыра береді де, уақытының бәрін сауда-саттыққа жұмсайды.

Қытайлардың айтуынша да, шынында да, жер шаруашылығына байланысты қанауда бұл ең ауыр, ең жыртқыштық түр.

— Сонда, кедей сол қорлыққа неге барған? — деген сұрауға,

— Бармағанда амалы нешік? — деп жауап береді Ли Ню.— Басқа кәсіп табар жері жоқ, өз бетімен егін салуға күші жоқ, сондықтан жергілікті помещикке, пайда табам деп емес, борышқа батсам да тамақ асырайын деп жалданады.

— Онымен көбі тамақ асырап та жарымайтын,— дей-

ді Ли Ню күрсініп ап,— талайлар ауыр еңбек үстінде аштан өлетін. Мысалы, менің өз әкем аштан өлді!..

Кооперативке ұйымдасудың жайларын селодағы Советтің председателіне орынбасар, кескін-кейпі қазақтың халық артисі Ғарифолла Құрманғалиевтен айнымайтын Ли Су-тянь жолдас баяндап берді.

Азаттық бұл арада да 1949 жылы орнағанмен, жер реформасы 1951 жылдан басталады. Оған дейін еңбекші шаруалардың арасында үгіт-насихат жүреді де, кулактар мен помещиктер сында болады.

— Қандай сында? — деген сұрауға,

— Жер олардың өз қарамағында болды,— деп жауап береді Ли Су-тянь, батрақ жалдауға рұқсат берілді. Бірақ, олар батрақ өсірген егінді бұрынғыша түгел жиып алмай, 25 процентін ғана алды да, 75 процентін еңбек атқарғандарға бөліп берді. Осыған шыдау-шыдамауы бір сын болса, екінші сын,— біз оларға: «Бұрынғыдай жалшыны ғана жұмсап үйіңде жатпайсың, жұмысты бірге істейсің, әйтпесе егін өнімінен сыбаға алмайсың» дедік.

— Сонда, оның көретін пайдасы не? — деген сұрауға,

— Өнімнің 25 процентін алмай ма? — деп жауап берді Ли Су-тянь.— Мысалы селомыздағы ең бай помещик 40 му жердің әрқайсысынан орта есеппен 200 килодан жинап, сегіз тонна астық алған екен дейік, сонда оның жалғыз өзі, 25 процент есебіне, екі тонна астық алады ғой? Аз сыбаға ма ол?

— Әрине, аз емес,— дейміз біз.— Тағы қандай сындарыңыз болды оларға? — деп сұраймыз.

— Үшінші және соңғы сынымыз,— дейді Ли Сутянь,— олардың да арасында үгіт-насихат жүргізіп,— «үкіметке, халық тілегіне қарсы болмасаңдар, сендерге ешкім тимейді, социалистік қоғамның мүшесі боп кете барасыңдар» дейміз.

— Бұл мәселеге қалай қарады? — деген сұрауға,

— Басында 25 процент сыбаға алуға және оны еңбек істерімен терін төгіп алуға тұлаңқыраған помещиктер мен кулактар,— деп жауап береді Ли Су-тянь,— артынан көнген сияқтанды. Олар жер реформасы жасалғаннан кейін қатты тулады. Өйтпегенде ше?! Реформа тәртібі бойынша, жер селоның барлық халқына бір мөлшерде бөлініп беріледі. Осылай бөлгенде біздің селоның егістік жері жан басына мудың ноль бүтін оннан жетісіндей

мөлшерде келді. Бұрын гектарлап жер иеленген кулактар мен помещиктерге бұндай аз жерге ғана қарап қалу жеңіл боп па?! Оның үстіне, сол жылы ұйымдасқан кооперативке кірсе де ықтияры, кірмесе де ықтияры. Кірсе — көппен бірдей жұмыс істейді, кірмесе — жалшы жалдамай, өз сыбағасындағы жерге өз еңбегін ғана сіңіріп астық алады...

— Қиын болған екен оларға! — дейді Вадим күліп.

— Қиын болғанмен,— дейді Ли Су-тянь күлмей,— еңбек атқарса, күн көруге мүмкіндігі бар ғой! Азаттыққа дейін шаруаларда ондай да мүмкіндік болған жоқ қой.

— Жай қалжыңдаймын,— дейді Вадим де салмақтанып.— Ал, сонымен, помещиктер мен кулактар не істеді?

— Өз бетімен егін шаруашылығын жүргізе алмайтын болған соң көпшілігі көндігіп кооперативке кірді.— Біздің кооперативте «мүше», «кандидат» дегендер болады. «Мүшеге» белсенді еңбекшілерді аламыз да, жалқаулар мен кінәлілерді сыннан өткенше «кандидат» қатарында сақтай тұрамыз. Сын уақытында олардың жер үлесінде сыбағасы жоқ, өнім үлесін сіңірген еңбегіне қарай алады. Сын мерзімі үш жыл, сонда мүшелікке өтуге жараса өтеді де, жарамаса кооперативтен шығарылады, одан кейін қалай күн көру еркі өзінде. Жері өзіне беріледі.

— Жерімен шығарылса жаман емес екен,— деген сөзге,

— Жақсы да емес,— дейді Ли Су-тянь,— ерік өзінде дегенмен, кәзіргі жағдайда жеке шаруалы адамға біздің қытай селосында күн көру қиын. Қөлігі, сайманы жете ме оның? Адам күші жете ме? Сондықтан, жекешелікті сүйетін кейбіреулер, алғаш өз бетімен күн көрмек боп тырбанып байқайды да, жанына ауыр тиген соң кооперативке қайтып келеді. Қөптің аты — көп. Көп біріккен жұмыс жеміс бермей қоймайды. Бұған қытай шаруаларының көзі түгел жетті деуге болады. Кулак пен помещиктердің бірен-сараны, ретін тауып, Англия қарамағында боп келе жатқан жақын жердегі Гонконг аралына қашты. Тәртіпке, тәрбиеге көнбей қарсылық жасаған кейбірі еңбекпен түзеу орындарына алынды, өзгелері еңбекпен күн көру жолында.

— Көп пе бұндай шаруалар?

— Жүзден астам.

— Кооператив мүшелерінің пайдасын айтып берсеңіз!

Ли Су-тянь кооператив мүшелерінің еңбек өнімінен

алған табыстарын қытайша өлшеулердің салмағымен, қытайша ақшаның аттарымен тізбектеп кетеді. Қытайдың салмақ өлшеуінің де, ақшасының да толып жатқан аттары бар. Мысалы, біздің салмақ өлшеуімізде де «миллиграмм, дициграмм» деген ұсақ салмақтар да болғанмен, еңбек табысының өлшеуінде «грамнан» төмен есептелетін салмақ, тиыннан төмен ақша жоқ қой, ал Қытайда, «грамм» былай тұрсын, «дициграмнан» да ұсақ өлшеулер бар және ол өлшеулер еңбек табысының бөлісіне де араласады! Біздегі бір тиынның өзі Қытайда әлденеше бөлшек боп кетеді (кейін көрсем, Индия мен Цейлонда да солай екен).

Ли Су-тянь еңбек күніне берілетін осындай ұсақтарды да қытайша атымен санай бастайды, оның бәрін есте қалдыруға, бұрын ондай сандарға үйренбеген бізге қиын болғандықтан, әңгіме айтушыға:

— Ұзын сөздің қысқасын айтқанда, күн көрісіне жете ме? — деген сұрау береміз.

— Мәселе «жету деген сөзді қалай ұғуда,— дейді ақылды Ли Су-тянь философияға кетіп,— сіздің елге барып келген адамдардың айтуынша, баспасөзден байқауымызша, совет колхозшыларының тұрмысы мейлінше молшылықта көрінеді. Біз әзірге ондай халге жеткен жоқпыз. Біздің жеткеніміз: азаттыққа дейін осы село халқының жүзден тоқсан проценті өлмешінің халінде еңбек атқарушы еді, жыл сайын ондаған адам аштан өлуші еді, кооператив ұйымдасқалы аштан бір де адам өлген жоқ. Ықылық атқан тоқшылық болмағанмен, өзегі талып жүрген аш кісі жоқ. Әзірге қымбат киімге шамасы келмегенмен, бұрынғыдай далба-дұлба боп, бамбук ағашының ұзын тілді жапырағымен әбүйірін жауып жүрген де кісі жоқ. Осы халге жетуіміздің өзі біз үшін аса зор табыс. Енді осыдан әрі тәуірлене береміз ғой деген үміттеміз.

— Жақсы екен! — дейміз біз шын көңілден.— Ал, орталық қор ше?

— Әзірге жоқтың қасы. Қайдан болады ол? Бұрынғы қоғам құрылысы тастап кеткен аштықтан құтылғанымызға бірер жыл ғана болды. Өткен жылдан бері ғана еңбек жемісінен орталық қорға аздаған сыбаға бөліп, қалалардың, әсіресе Қантонның базарына сата бастадық. Сататын азықтарымызды ол қалаларға, әсіресе отыз бес километр жердегі Қантонға жеткізуіміз аса

қиын, өйткені машинамыз әзірге жоқ, аздаған қодастарымыз бен қашырларымыз селодағы жұмысқа да жетпей, жұмыстың көбі адам қолынан атқарылады, сондықтан, қалаға апарып сататын азығымыздың көбін жаяу адамдарымыз тасиды...

Ондай адамдарды біз мана, Қантоннан осында келе жатып, жол үстінде көргеміз. Сол бір шақта қатты жауын жауып тұрған. Төпеген жауынның астында, жүк көтерген жаяу адамдар лек-лек боп кетіп бара жатқан. Көбінің басындағы қамыс қалпағы мен дамбалынан басқа киімі жоқ — жалаңаш та, жалаң аяқ та. Кейбірінің ғана үстінде, бамбук жапырағынан аса шебер құрастырған жамылтқылары бар-ды.

Ал сонда, көтерген жүгінің түрі қандай деңіз? Жалаңаш мойындарына жалпақ иінағаш салады да, иығынан асқан имектеу екі басындағы шотаяққа, ішіне азық толтырған тоқыма үлкен екі корзинаны тұтқасынан іледі. Ол екеуінде ең кемінде елу, әйтпесе жүз килограмдық салмақ болады. Сонша ауыр жүкті алысқа жаяу апаруы аз болғандай, қапшыққа салған бірдемелерді төбесіне қондырып алады. Оны да қанағат көрмегендей, кейбір жүкші, иінағаштың екі жақ салмағын теңестіре, иығына бос салады да, екі қолына, ішінде жүгі бар екі корзина ұстайды! Жұмыс адамдарының көбі Қытайда арық. Сол арық адамдардың жоғарыда аталған салмақты қалай көтеріп жүруіне хайран қаласын! Және бір ғажабы,— ауыр жүкті жаяу тасыған олар, ақырын аяңдамай, желе жортып жүреді!

Бұның өзі де бір ғажап көрініс: иыққа артқан иінағаш, әрине, адамның аяғы басылған сайын қозғалып, солқылдап отырады, осы қозғалыс ырғағына аяңдаған адамның дене қимылы мен тізе қозғалысының ырғағы сәйкес кеп, көтерген адам қозғалған шағында, ауырлық басқан иінағаш иіліңкірей берсе, соның ырқына қарай адамның да денесі мен тізесі иіле бастайды, қыртысы алынбаған, еменнен жасалған күйенте, иіле түсіп жоғары көтерілсе, соның ырғағымен адамның да денесі мен тізесі жоғары көтеріледі. Иінағаш пен адам денесінің осылай иіліп-жазылған ырғағы үздіксіз сәйкес қалпынан ешбір айнымайды!..

Жолшыбай көрген жүкшілердің кімдер екенін біле алмаған, біз енді Саньлюаньли селосына келіп, басшыларымен кеңескеннен кейін ғана түсіндік.

— Сонша ауыр жүкті көтеруге міндетті ме? — деген сұрауға,

— Қанша көтеру еркі өзінде,— дейді Ли Су-тянь,— сөйте тұра, шамасы келгенше ауыр көтеруге тырысады, себебі,— сіздердің колхоздарыңыздағы еңбеккүн бізде де бар. Жұмысты неғұрлым көп істесе (әрине, сапасына да қараймыз), жүкті неғұрлым ауыр көтерсе, еңбеккүнінің саны да соғұрлым көбейеді. Әркімнің жақсы, орта, төмен тұруы бізде де еңбеккүніне қарай.

— Түсінікті... Сонда, неге желе-жортып жүреді олар?

— Біріншіден,— дейді Ли Су-тянь, ақырын жүрсе де, қатты жүрсе де өзі апаратын жүк болған соң, тиісті жеріне тез жеткізуге тырысады; екіншіден,— тез жеткізуде де мән бар: әдетте, қаланың базары ертемен басталып, түске дейін ғана қызады да, одан кейін бәсеңси бастайды, ендеше, сатуға апарған азықты алушының көп кезінде жеткізу керек; үшіншіден,— алушының түске дейін көп болатын себебі,— бұл араның жері ыстық, сондықтан кейбір азық түстен кейін бұзылып кетеді; төртіншіден,— базарға азық апарушылар көп болады, азық көбейсе, бағасы да арзандайды, сондықтан бағалы кезінде сату үшін ертерек апару керек.

Қытайдағы кооператив мүшелерінің әзіргі күн көрісі осындай. Бірақ, олардың бұл күн көрісі, бұрынғыдай алды қарашы күн көріс емес, жарық күн көріс, өйткені алдағы аз жылдың ішінде Қытай елінде де машина көбейіп, кәзір адам көтеріп тасып жүрген ауырлықтың бәрін солар көтеріп тасуына ешбір қытайдың күдігі жоқ. Оған кепіл — қытайдағы азат еңбек екенін, оған кепіл — Халықтық үкімет пен Коммунистік партияның басшылығы екенін қала-селоның жетекшілері халыққа түсіндіру жолында, солардың ішіне біз сипаттап отырған Ли Сутянь мен Ли Ню да кіреді.

Әңгімеміздің бұл тұсын тағы да аз уақыт Ли Ню жайына тоқтаумен аяқтайық. Азаттықтан кейін ғана хат танығаң, оған дейін ауызша ғана үгітші болған Ли Ню, кәзір өз кооперативінің партия ұйымдастырушысы ғана емес, ересектерді оқыту жұмысының да басқарушысы. Ли Нюдің бұл іске де ынта жұмсауының арқасында село ересектерінің сауаттылары азаттықтан бұрын бес-алты ғана процент болса, азаттықтан кейінгі аз жылда отыз процентке жеткен. Ли Ню, әсіресе әйелдер арасындағы саяси-әлеуметтік, саяси-көпшілік істеріне зер сал-

ған. Азаттыққа дейін әйелдер түгелімен үй жұмысында ғана болады екен, енді олар шаруашылықтың түздегі жұмыстарына да ерлермен бірдей араласады, бұрын түгелімен хат білмейтін олардың ішінде кәзір сауаттылары толып жатыр. Сана-сезімі оянған әйелдердің арасынан қоғамдық істерге, әсіресе мәдениет істеріне белсене қатынасатын сексеннен астам әйел шыққан. Солардың жәрдемімен селода әйел босанатын орын, балалар ясли, балалар бақшасы ұйымдасып, жұмыстағы әйелдердің жас бөбектерін түгелімен тәрбиеге алуды қамтамасыз еткен. Қәзіргі Қытайда Халықтық үкімет балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Ол мәселеге кейін толығырақ тоқтаймыз. Әзірге сипаттап отырған селомызды алсақ, балалар тәрбиелейтін орындар өте мәдениетті ұйымдасқан. Соларға риза боп қарап жүрген шағымызда, яслидің әдемі бөлмесінде ойыншықтармен алданып отырған бір топ кішкене балалар арасынан толық денелі, бет ажары піскен алмадай құлпырған, бір жас шамасындағы ұл, түрегеп, қуанған кескінмен «мама!» деп дауыстап қап, Ли Нюға ұмтылды. Кішкентай бала жығылып қалар дегендей, Ли Ню еңкейе беріп көтеріп алды да, қуанған кескінмен бауырына басты.

— Бұл не қылған бала? — дестік біз.

— Менің ұлым! — деді Ли Ню.

«Мәссаған,— деп ойлап қалдық біз,— іштей қыз деп жүрсек, келіншек пе еді бұл?!».

Сонда ғана сұрасақ,— келіншек екен, мемлекеттік қауіпсіздендіру мекемесінде қызмет атқаратын ері Кантонда тұрады екен.

— Сіз неге онда тұрмайсыз? — деген сұрауға,

— Ол ерік менде емес, партияда,— деп жауап береді Ли Ню,— бұл селода мен партияның жұмсауымен қызмет атқарып жүрмін.

— Бірақ, Кантон бұл арадан алыс емес,— деп қосарланады Ли Су-тянь қалжыңды дауыспен,— ері де жиі келіп-кетіп тұрады, өзі де жиі барып тұрады...

Барлық елдегі әке-шеше де жаңа туған баласының жақсы адам болуын тілеп, соған сәйкес ат қояды ғой. Қытайда да солай екен. Ли Нюдің бір жасар әдемі ұлының аты Цю Ко-чунь, ол «мемлекеттің батыры» деген сөз екен.

Мемлекет батырын қолына қуанышпен көтеріп алған Ли Нюдің аналық мейірімі мен махаббаты бетінде ойнап

тұрғанмен, баласын сүймеуі бізді хайран қалдырды. Себебін сұрсақ, бұл халықтың тіршілігінде «сүйісу» салты атымен жоқ екен. Өзгелер былай тұрсын, бір-біріне ғашық болған қыз бен жігіт те, қалыңдық пен күйеу де сүйіспейді екен, ата-аналардың балаларын сүймеу түгіл ниіскемеуі де осы ғұрыптың салдарынан екен.

— Неге? — деген сұрауға қытайдың берер жауабы,— — Ауру атаулының ұясы ауыз бен мұрын. Сол пәленің біреуі әлдеқалай жұқпасын деген қауіппен ғана сүймейміз, әйтпесе, жақсы көруге тиісті адамына біздің жүрегіміз де ешбір елдің жүрегінен кем елжіремейді!

Рас!.. Растығы Мемлекет батырын құшағына алған Ли Нюдің де кескінінен айқын көрініп тұр! Бұл кескінде ойнаған мейірім мен махаббат белгілері қандай ыстық сүюден де артық болмаса кем емес!..

Ухан маңындағы Чинь Хо селосына қысқаша тоқтап өтейік. Ханькоу қаласынан отыз километр жерде тұрады, председателі Сяо Хань-чинь азаттық армиясында көп жыл боп, оң аяғын жамбасынан жоғалтқан, ерлік істері үшін үкіметтен талай рет наград алған, көптеген жылдық партиялық стажы бар құрметті адам.

Мен бұл селоның тарихын сипаттауға да, кәзіргі халын сипаттауға да тоқталмаймын, өйткені, ондағы кооператив, барлық жағынан да жаңа ғана сипаттап өткен Саньлюаньлиге ұқсас.

Мен тек бұл арада, Сяо Хань-чинь айтқан қызғылықты көп әңгімелердің ішінен бір ғана мәселеге тоқтай кеткелі отырмын,— ол Қытайдағы азаттық армиясының құрылысшылық ролі.

Қытай Коммунист партиясы атқарған ғажап істердің бірі — азаттық күресі кезінде ұлы мемлекеттің еңбекші халқын түгелімен осы күреске көтере, қатынастыра білуі. Осындай жағдайда қимылдаған қытай халқының Азаттық армиясы, халық қосындарымен тұтас алғанда, жиырма миллиондай адамнан құралған.

Азаттық күресі бірнеше жылға созылғаны бізге мәлім. Осы кезде, бір жағынан қарулы жаулармен соғыса жүре, Азаттық армиясы, екінші жақтан, халық шаруасын өркендетуге де жәрдемдесіп, егіндерін себісе, әсіресе жинаса, шөптерін шауып үйісе, малдарын күтісе, үйлері мен қораларының ашық-тесігін бүтіндесе, жаңа қорақопсыларын салыса, канал-арықтарын қазыса, қалалар-



Сяо Хань-чинь.

дың да барлық шаруасына араласа, қала-даладағы жұмысшылардың киім-кешектерін тігісе жүрген.

Сяо Хань-чинь армия қатарында да осы жұмыстардың қалың ішінде болған. Ол, қазақша айтқанда, «он қолынан өнер таматын» жігіт екен: ағашқа да, темірге де, тасқа да, тері-терсекке де, матаға да аса мініскер, сайманы келіссе, қолынан келмейтін шеберлік жоқ. Оның кейде сайман тілемейтін де әдеті бар екен, мәселен жалғыз бәкімен ойып ағаштың жуан түбірінен жасаған селоның тамаша бейнесі адам хайран қаларлықтай әдемі!..

1949 жылдың жазында қытай халқы ішкі, сыртқы қарулы жауларын түгел жеңіп, Халықтық үкіметін құрғаннан кейін үкімет те, халық та бейбітшілік істерді қолға алып, азат елдің экономикасы мен мәдениетін жаңа социалистік қарқынмен өркендету жабдығына кірісе бастайды. Сол шақта Қытай үкіметі, азаттық күресі кезінде көбейген Халық армиясының санын, мемлекет қауіпсіздігін қорғау мөлшерінде ғана қалдырып, өзгелерін таратпақ болды, бірақ, қайда?

Ғасырлар бойы феодалдық тұрмыстың шырмауында келгендіктен, кейінгі жүз жылда империализм тепкісіне

түскендіктен, өз өнеркәсібі өркендемегендіктен, ауыл шаруашылығы артта қалғандықтан, бұрынғы Қытайда ұлы халықтың тең жарасына жақыны жұмыссыз болған. Империалистер, олардың бұрынғы Қытайда үргізіп қойған иті — Чан Кай-ши, Халықтық армияның жеңіп шығуына көзі жеткен соң-ақ, мемлекеттік кәсіпорындарын да (завод, фабрикалар, кен ошақтары, электр станциялары, тағы басқалар), ауыл шаруашылық қажеттерін де (каналдар, арықтар, тоғандар, көліктер, құрал-саймандар, тағы басқалар) түгел бүлдіріп, көбін жойып жіберген. Бұл қаскүнемдік, мемлекеттегі жұмыссыздардың бұрынғы санын көбейте түскен. Азаттыққа Қытайдың қолы осындай халде жеткен.

Енді жаңа өкімет, Халық армиясының керегінен артығын таратайын десе, былай да жұмыссыз адамдары көп елде олардың бәріне жететін іс жоқ, жаулар бүлдіріп кеткен өндіріс орындарының түзеле бастағаны олардың көпшілігін сиғыза алмайды, жұмыссыз қаңғыртып жіберуге және болмайды, өйткені олар отанын азаттыққа жеткізген адамдар.

Қытайдың ақылды, көреген партиясы мен үкіметі бұл қиындықтан шығудың жолын оңай табады. Қытайда жер жаралғаннан бері ел де қоныстанбаған, мал да жайылмаған, соқа-сайман да тимеген ұлан-байтақ тың жерлер бар. Көбінің топырағы құнарлы. Олардың пайдаға аспай келген себебі — техникасы төмен дәрежедегі ел, алыстағы шөлдерге су апаратын каналдар қаза алмаған.

Енді Қытай мемлекетінің экономикасы мен мәдениетін тарихында болмаған қызу қарқынмен өркендету жоспары жасала бастаған шақта, жаңа каналдар қазу арқылы шөлдерге су апарып, тың жерлерді түгел игеру де жоспарланады. Бұл жұмысты орындауға ең қолайлы күш — халық армиясының таратылуға ұйғарылған бөлшегі. Оларға үкімет пен партия басшылығының айтқаны:

— Беттеріңмен ыдырамаңдар! Жағдайына қарай армия, корпус, дивизия болып, тұтас қалыптарыңмен тың жерлерді игеруге барыңдар! Біз сендерге әзіргі шамашарқымызға қарай құрал-сайман берейік. Оған адам күшін қосыңдар да, каналдар қазып, шөлдерге жақын тұстағы өзендерден, көлдерден су апарыңдар! Сөйтіп, сондай шөлдерді меңгеріңдер де, мал, егін кәсібін өркендетіңдер!..

Азаттық армиясының адамдары бұл пайдалы ұсынысқа ризаласады да, үкімет жоспарлаған шөлдерге қосын-қосынымен аттанады. Бірақ, іс бұнымен ғана тынуға тиісті емес.

Патшалық Қытайда солдаттың армиялық қызметі қырық жылдық екен дейді, солдатқа алынған жігіт, егер тірі болса, еліне кәрі шал боп оралады екен дейді. 1911 жылы Қытайда республика құрылғаннан кейін солдат қызметінің мерзімі 20 жылға түскен, Чан Кай-ши де осы тәртіпті ұстаған. Бұлардың көбі өмірден үйленбей өткен. Азаттықтан жиырма жылдай бұрын құрылған Халық армиясы адамдары да үнемі арпалыс соғыс істерінде жүргендіктен, үйлене алмаған. Енді, бейбіт өмірде шаруашылық істермен шұғылдануға айналған оларды үйлендіру керек.

Бұрынғы Қытайдағы жұмыссыздардың көпшілігі әйелдер болған. Гоминдандық үкімет оларды жұмысқа орналастыру қамын жемегенмен, қылмысқа пайдалану жағына ынталы болған. Ол не деген сөз?

Буржуазиялық мемлекет билеген елдердің қала-селоларында ажарлы жас әйелдерді жинап, тәнін сататын үйлерде ұстау деген сұмдық бар ғой. Кейде «Қызыл шам», кейде «Сайқалдар үйі» аталатын осындай «үйлердің» кәзіргі буржуазия елдеріндегі қалаларда талайлары бар деседі. Гоминдан тұсында жалғыз Шанхайдағы осындай «үйлерде» жарты миллионнан астам әйелдер тұрған!..

Азаттықтан кейін Қытайдағы ондай «үйлер» түгелімен таратылған, Халықтық үкімет жұмыссыз әйелдерді іске қосудың жабдығына кіріскен. Бірақ, бәрін бірдей біржола орналастыра қоюға жұмыс жетпейді. Бұл қиындықты жеңу жолында табылған амалдың біреуі — тың жерді игеру ісі болған. Партия мен үкіметтің үгіт-насихаты арқылы, жұмыссыз әйелдер де тың өлкелеріне леклегімен аттанған. Тыңға барған армия адамдарымен араласа келе, олар қалаған кісісіне тұрмысқа шыға бастаған. Тың жерді игеріп, жемісті екенін көрген жаңа қоныс иелері, таныстарын, туыстарын шақырған. Сонымен, ұзын сөздің қысқасы, алғаш, 1954 жылы, он алты, он жеті миллиондай армия адамынан құралған тыңды игерушілердің саны біз Қытайға барған — 1956 жылы жүз миллионнан асқан!..

Қытайда «Госхоз» аталатын шаруашылық бар ғой.

Қытайға барғанға дейін, баспасөз бетінен оқығанда, мен ол шаруашылықты «біздің совхоз сияқты болар» деп ойлайтын ем. Қытайдың өз ішіне барып танысқанда, Қытайдың госхозы мен біздің совхоздың арасында елеулі айырмалар бар екен.

Бірінші айырма,— біздің совхоздың жұмысшылары әдеттегі азаматтан құралады ғой. Қытай госхозының негізгі жұмысшылары — армияның адамдары. Мысалы бір госхозда бір дивизия бар десек, оның полктары — біздің совхоздағы бөлімдер, роталары — біздің совхоздағы бригадалар сияқты. Біздегі совхозды директорлар, бөлім меңгерушілері, бригадирлер басқарса, Қытай госхоздарын генералдар, офицерлер басқарады. Солдаттар жұмысқа командамен шығады, командамен тарқайды.

Екінші айырма,— біздің совхоздар ұйымдасқан жылынан бастап үкіметке табыс береді ғой. Қытай госхоздары алғашқы жылдары өйте алмаған, олар алғашқы табыстарын ішкі күн көрістеріне (үй, қора-қопсы салу, тамақ, киімін қамтамасыз ету сияқты) жұмсаған. Көпшілігі әлі де солай көрінеді. Әзірге, үкіметке пайда келтіріп жатқаны аз, кейбірінің келтірген пайдасы әлі азғантай. Көп пайда келтіру ісіне олар енді ғана жақындап келеді. Оған үкімет ренжіп те отырған жоқ. Несіне ренжиді? Аз жылда жүз миллионнан астам жұмыссыздарға жұмыс тауып беру, олардың ішінде Халық армиясының он жеті миллиондай адамына жұмыс тауып беру, сөйтіп, бәрін де тіршілік мұхтаждарымен қамтамасыз етіп, алдағы аз жылда социализм құрылысының істеріне белсене араласатын жолға түсіру аз олжа боп па? Аса көп олжа емес пе бұл?

Госхоз Қытайдың көп өлкесінде ұйымдасқан екен. Қалың Қытайды аралап жүрген шақта, маған олардың ешқайсысына да соғуға тура келмеді. Мен тек кейінірек, Синьцзян өлкесінде ұйымдасқан екеуіне ғана соғып, тіршілігімен үңіле таныстым. Біреуі Такламакан құмының батысында, Ақсу қаласының маңында, екіншісі — Үрімшіден Құлжаға қарай жүргенде, «Манас» аталатын қаланың маңында.

Ақсу қаласының маңындағы госхоз «Жеңіс» деген атпен 1954 жылы құрылыпты. Оның негізін қалаған «Бесінші дивизия» аталатын әскерлік қосын. Алғашқы жылы жұмыс адамының саны он мыңдай екен, кәзір отыз мыңдай.

Ұзын тұрқы мың жарым километрге, көлденеңі жетісегіз жүз километрге созылатын, Памир мен Тяньшань тауларының аралығындағы ойпатты ала шөккен Такламакан құмын географиялық картадан да, Семенов-Тяньшанский, Шоқан Уәлиханов, Пржевальский сияқты саяхатшылардың сипаттауынан да жақсы білеміз. Бұл құмның төңірегінде бұрын «Шығыс Түркстан» я «Қашкария» деп аталған, кейін «Синьцзян» аталатын елдің бары да, оның негізгі халқы ұйғырлар екені де, олардың құмды айнала орналасқан алты қаласы бары да бізге мәлім.

Ол қалалардың жайында, Синьцзян өлкесін сипаттағанда толығырақ тоқтаймыз. Әзірге айтарымыз,— азаттыққа дейін өндіріс күші әлсіз боп келген ұйғырлар Такламаканның құнарлы шөлінің көбін меңгере алмай келген.

Жоғарыда атаған «Жеңіс» госхозы сондай шөлдің бір жеріне барып орнаған. Оның теріскей-батысында Тяньшанның «Мұзарт» аталатын мәңгілік мұз бен қар жамылған биік асқары бар, одан Такламакан құмына қарай ағатын, суы аса мол, Ақсу өзені бар. Ақсудың қаласы мен ауданының ішуіне бұл судың жүзден бірі де жетеді, қалғаны босқа ағып, көпшілігі құмға сіңеді де, азшылығы алыстағы Бағыраш көліне барып құяды.

Шөлге орналасқан «Жеңіс» госхозына үкімет бір миллион екі жүз мың му (яғни — 82 мың гектар) жер кесіп берген. Сонша кең шөлді игеру үшін, Ақсу өзенінен су тартатын канал қазу керек, оның негізгі магистралының ұзын тұрқы жүз километр, тарайтын арықтарды қосқанда, бәрінің ұзын тұрқы мың километрден де астам. Оның бәрін қолмен қазып шығуға көп жыл керек. Аз жылда бітіретін техника ол кездегі қытайда жоқ.

Не істеу керек, сонда?

Дивизия, саяси бөлімінің бастығы қарт коммунист Ли Джень-судың айтуынша, бұл госхоздың тез өркендеп кетуіне Совет Одағынан сатып алған техника себеп болған. Каналды қазған да,жерді жыртқан да, егін сепкен де, шыққан егінді орған да Совет Одағынан алынған машиналар.

— Көп техника мен көп адамның күші біріккеннен кейін,— дейді Ли Джень-су зор істің тез бітуіне қуанған кескінмен,— шыдата ма жұмысты?! Канал қазуда да, тыңды игеруде де госхоз бес жылдың жоспарын екі жылда орындап шықты. Ұзын тұрқы мың километрлік канал-

дар мен арықтардың елу проценті қазылып болды. Қазір қолда 110 тракторымыз бар. 1954 жылы үш мың гектар тың көтеріп ек, 1955 жылы он мың гектар, 1956 жылы он алты мың гектар тың көтердік. 1955 жылы үкіметке 175 тонна мақта тапсырдық. Биыл одан әлдеқайда көп беретін үмітіміз бар. Бұл күнге дейін өсірген егініміз госхозымыздың қажетінен аспаған еді, биылғы түсімнен үкіметке біраз өткіземіз бе деген ойымыз бар. Кейінгі жылдарда оны көбейте бермекпіз.

Ли Джень-судың айтуына қарағанда, еншісіне тиген 82 мың гектардың бәрін де госхоз алдағы бесжылдықта түгел игеріп болмақ, одан кейін егін шаруашылығынан халық қорына берер сыбағасы да ұлан-байтақ болмақ.

Бұл госхозда кәзірдің өзінде де көп мал бар екен: 130 мың қой, 3 000 сиыр, бес жүз жылқы, 80 түйе, 6 000 шошқа, 3 000 құс. Госхоз өткен жылы үкіметке жүз тонна[1] жүн өткізген. Етті алдағы күзден бастап өткізбек. Бұған дейінгі малдан бөлінген соғым госхоз адамдарының тамағына жұмсалған. Алдағы жылдарда мал басы бұдан да көбеймек.

Жүрісіміз асығыстау болғандықтан «Жеңіске» көп кідіре алмаған, шаруашылығын аралай алмаған біз, Үрімшіден Құлжаға машинамен кетіп бара жатқан сапарымызда Чиханзэ аталатын госхозға көбірек тоқтап, құрылысымен де, ісімен де молырақ таныстық.

Бұндағы армия қосыны — «Сегізінші дивизия» аталады екен. Жер көлемі де, күш-қуат мөлшері де «Жеңіске» шамалас.

Ең алдымен аз сөз Чиханзэнің орталық қаласы туралы. Ол, бұрын ел болмаған шөл далада, соңғы үш жылдың ішінде ғана орнаған жаңа қала.

Мен Совет Одағының көп өлкесіндегі бірнеше аса үлгілі совхоз орталықтарын көрген адаммын. Мына Чиханзэ госхозы орталық құрылысы жағынан да, үйлерінің көптігі, сұлулығы жағынан да совет совхоздарының ең мәдениетті орталықтарымен таласа алады. Жұмысшылар тұрағының үйлері де әдемі болуымен қатар, бұнда мәдениеттің ең соңғы тілегіне толық жауап берерлік клуб, мектеп, кино-театр, асхана, нанхана, монша, дене

---

[1] Бұл жерде госхоздың мемлекетке өткізген мақтасы мен жүні аз көрінуі мүмкін, бірақ госхоздың өнімдерін әзірінше негізінен өз керегіне пайдаланып жатқаны жоғарыда ескертілді.

мәдениетінің алаңдары, мейманхана, тағы сондай, көптеген қоғамдық үйлер бар. Село түгелімен электрленген, радиоланған. Қалалық үйлердің бәрінде де су түтіктері, канализация, бақшаларда атқан фонтандары бар. Бұдан үш жыл бұрын жалғыз түп шүрпісі де жоқ тақыр орынға көшелерді бойлай, қораларды, бақшаларды толтыра сәулет және жеміс ағаштары өсіп кеткен!..

Қытайдың аса мәдениетті бұл мекенін түгелге жақын аралап, сұлу бейнелерін тамашалағаннан кейін біз оның шаруашылықтарын аралап кеттік.

«Женістен» бұның бір айырмасы — шаруашылық түрлерінің санын да өсірумен қатар, сапа жағына да көңіл бөледі екен. Малдан өнетін азық пен шикі заттың да, егіннен өнетін азық пен шикі заттың да сапасын арттыру бұл госхоздың негізгі ұраны екен және жетістіктері де көп екен. Оның бәрін санап жатудың қажеті жоқ.

Чиханзэ госхозының егін кәсібінде ерекше көңіл бөліп отырғаны — мақта. Полк комиссары — Чжао Тань бізді егілген мақтасы қауызын аша бастаған бір кең өлкеге бастап алып барды, қасына, осы бір аумақтағы егісті басқарушы, Пекиннен келген 22 жастағы қыз — Вань Сю-лань ерді.

Мақта егілген аумақ, алысырақтағы биіктеу орманды таудың бергі беткейіндегі кең жазықта екен. Мақта егісінің жиегіне машинамен барған біз, ішіне жаяу кірдік. Мақта егісі менің жөнді білмейтін дүнием, сондықтан егін иелерінің бұл арада қай сортты мақта өсіп, әр қауызын жеке алғанда, гектарын алғанда қанша өнім беруін, ол өнімнің сапасы қандайлығын ықласпен баяндауы, аудармашым ынтамен түсіндірсе де, құлағыма қонып жатқан жоқ.

Оның орнына, беті желді күні көбіктене толқып жатқан теңіз сияқты, осынау бір кең алқапты толтыра керіп, айран-ала боп жатқан мақта өлкесі көзімді тойдырып, көркем сипаты сезімімді қытықтай, санама терең сіңіп жатыр!..

Күні кеше, яғни бұдан үш-ақ жыл бұрын, ерні кезере құп-қу боп жатқан шөлді мынадай сәнді түрге келтірген қытайдың өндіргіш, шебер қолы ұлан-байтақ кең өлкесінің талай шөлін осылай жайнатады!

Жайнай түс, ұлы халықтың ұлан-байтақ құнарлы жері! Бұл қарқынымен алдағы аз жылдың ішінде барлық

шөлін де осылай жайнатуына енді кім күдіктене алады?!

Күдіктенуге дәлелі жоқ! Аз жылда суын да, жерін де түгел игеруге мүмкіндігі толық Қытай, жер шарының кең бір қойнауында жердің тамаша көрікті жұмағының бірін сөзсіз жасайды.

III. ҮШ ЖАУЫН ЖЕҢГЕН ҚЫТАЙ

Біз Қытайдың қала-селоларын аралай жүре, бірен-саран ғана кездескені болмаса, ешбір жерде қаптаған шыбын көрген жоқпыз, қаптаған торғай көрген жоқпыз. Өздерінің айтуынша, Қытайда кәзір егеуқұйрық, қаптесер сияқты үй тышқандары да жоқ.

Қайда кеткен бұлар?

...Жоғарыда аталған Янцзы құрылысы жүріп жатады. Жолдас Мао Цзэ-дунның бір хасиеті — уақытының көбін халық арасында, құрылысшылар арасында өткізеді.

Бір сәтте, Мао Цзэ-дун ел аралап жүріп Янцзы құрылысына соғады. Жүріп жатқан жұмыстарды біраз аралап шаршаған ол тышқақпақ боп, жұмысшылардың бос тұрған шатырының біреуіне кірсе, қаптаған шыбын маза бермейді.

Оған істер айласы жоқ Мао Цзэ-дун, бос тұрған шатырлардың ешқайсысында шыбыннан дамылдай алмайтын болғасын, уақытын босқа өткізбей, құрылысшылардың азық-түлігін сақтайтын қоймаларды көреді. Онда барса — азық арасында жүгіріп жүрген тышқандар!

Бұған да ыза болған Мао Цзэ-дун, еркін ауада дем алмақ боп, сол бір тұстағы жеміс бақшасына кіреді. Онда барса — өсіп тұрған сан алуан жемістерді шоқып бүлдіріп жүрген торғайлар!.. Мао Цзэ-дун бұған да ренжиді.

Не істеу керек?

Тез күнде Пекинге қайтқан Мао Цзэ-дун, радио арқылы бүкіл Қытай халқына сөз сөйлейді.

— Сенің үш жауың бар,— дейді ол халыққа,— бірі — шыбын, бірі — тышқан, бірі — торғай!..

Бұлардың залалын айта кеп:

— Тез арада жоюларыңды өтінем! —дейді ол.

Председатель, яғни Мао Цзэ-дун айтса — болды,— Қытай халқы оны қалт қылмайды.

Ұйымшыл, ынталы қытай халқы, көсемінің атаған жауларына теп-тегіс жабылып кеп береді.

Аз уақытта Қытайда шыбын да қалмайды, тышқан да қалмайды, торғай да қалмайды.

Ал егер, әлдеқандай жасырын жерде, бұл аталған жаулардың (әсіресе шыбын мен тышқанның, өйткені олар қайдағы қараңғы, дымқос жерлерде жүреді ғой) ұрығы сақталып, өніп шықса-ақ қытай атаулы соңына жарық ап түсіп, құртып болмай тынбайды!

Әлдеқалай көріне қалған жалғыз шыбынға, сол арадағы отырған қытай атаулы теп-тегіс үрейлене қарап, шыбын соққыштарын ала (ондай соққыштар барлық жерде даяр тұрады), орындарынан ұшып түрегелгенін, шыбынды қайткенде де өлтіріп тынбай тыным таппағанын өзіміз Қытайдың қала-селоларының талай жерінде көрдік.

Сонымен, ұзын сөздің қысқасы,— аталған үш жаудың бәрі де кәзіргі Халықтық Қытайда жеңіліп болған.

IV. БҮКІЛ ҚЫТАЙ ШЫНЫҒУДА

Қазақта «Әуелгі байлық — денсаулық» деген мақал бар.

Бұрынғы Қытайдың адамдары денсаулық жағынан мақтана алмайтын болған. Қайдан мақтана алады ол? Халқының басым көпшілігі ғасырлар бойына аш, жалаңаш келген, бұлардың бірталайында үй болмай, ағаштың саясы, қора-қопсылардың панасы сияқты, ашық аспанның астын мекендеп, ыстыққа күйген, суыққа тоңған, жауын-шашынға малшынған, содан көбі ауырып, мезгілсіз өлетін болған.

Бұдан жүз жыл бұрын Құлжа қаласына барған Шоқан қысты күні қаланың әр тұсында, қар астында өліп жатқан аш-жалаңаш адамдарды көргенін, полициялар оларды халыққа жинатып, Іле өзенінің суына ағызғанын айтады.

Құлжа — Қытайдың күнгей батысындағы ең шеткі қаласы. Ондағы хал Шоқан айтқандай болса, қалың Қытайдың ішінде азаттыққа дейінгі хал одан да жаман болған. Оған дейін Пекин, Шанхай, Қантон сияқты ірі қалаларда ауру мен аштықтан күніне мыңдаған адам өледі екен, полиция оларды суға ағызады екен.

Үйсіз, күйсіздердің жайы сондай болса, «үйі бар»

дегендердің көбінің үйінде «үй» дерлік сиық болмаған. Қала-селодағы кедейлердің тұратын қуыстары әрі тар, әрі ылас болған, төсеніш көбінде болмай, тақыр жерге отырып, тақыр жерге ұйықтаған. Халықтың көпшілігіне дәрігерлік жәрдем көрсетілмей, аурулардың кейбірінің қолы тек будда дінінің бақсыларына ғана жетіп, олар ауруды жазу орнына меңдетуге, өлтіруге себепші болған.

Шаруасы әлсіздерін былай қойғанда, Қытайдың селолық жердегі кулактары мен помещиктерінің де біразы ылас тұрған көрінеді. Мәселен, Ухан маңындағы Чинь Хо селосына барғанда біз, бұрын орта помещиктің үйі болған, кәзір кооперативтің басқармасына айналған үйде болдық. Күйген кірпіштен жасалған, аумағы біздегі төрт бөлмелі ағаш үйдей бұл жұрттың іші әлденеше қуысқа бөлінеді екен, соларды аралап көрсек, жұғысып кеткен жерің күйе болатын ыс!

Неге бұлай болу жайын сұрасақ, Қытай селоларының көбінде пеш болмай, от бөлме ортасына, жерге жағылады екен де, түтін төбедегі тар тесіктен қамалып шығады екен. Желді күндері тар тесіктен қақалып тысқа шыға алмаған түтін үйде бұйығып, ішің ыс басатын себебі осы екен.

(Жақша ішінде айта кетейін, 1955 жылдың күзінде мен Латвияның орталық қаласы — Ригада болдым. Оның қасында, қалың қарағайдың ішінде ауыл шаруашылық көрмесі бар. Көрменің бір тұсында, тарихи бейнелеу ретінде, Латвия шаруаларының бұрынғы тұрмысы көрсетілген. Сонда көргенім: көп заманнан бері европалық мәдениетті елдердің қатарына қосылып келе жатқан Латвияда да селолық халықтың көпшілігі соңғы кездерге дейін үйіне пеш салуды білмей, қытай шаруалары сияқты, түтінге қақалып, ысқа кірленіп өскен).

Бұрынғы Қытайда халық көпшілігінің тұрмыс жағдайы осындай нашар болғандықтан, туберкулез, көз ауруы сияқты жұқпалы сырқаттар бел алып, тұқым қуалап кеткен, олар мыңдаған адамды мүгедек қып, еңбекке араласуына кесірлік жасаған. Аштан өлетіндердің көбі солар болған. Сырқатпен күресуді, саулардың денелерін шынықтыруды, Қытайдың бұрынғы тарихында сап-сапымен өткен үкімет бастықтары ескермеген, сондықтан дені сау қытайдың да бірталайы әлсіз боп өскен.

Енді, Қытай халқының қолы азаттыққа жеткеннен

кейін, экономикасын да, мәдениетін де, салтын да биік дәрежеге көтеруге толық жағдай жасалғаннан кейін, Халықтық үкімет қытай арасындағы сырқаттармен күресіп, тез жою шарасын да қолға тығыз түрде алған, дене мәдениетін тез күшейту жабдығына шұғыл кіріскен.

Халықтың денсаулығын сақтау жолында, сырқаттармен күресу жолында жаңа үкімет қолданып жатқан шаралар ұлан-байтақ, оның бәрін бұл арада санап жатудың қажеті жоқ.

Саулық сақтаудың үлкен бір тірегі — дене мәдениетін өсіру ғой. Осы жайда Мао Цзэ-дунның аузынан шығып, бүкіл қытай халқының әрі ұранына, әрі күнделік ісіне айналған бір сөзді оқушыларға айта кетейік.

Қытай халқы үшін ең жаман сөздің бірі — империалист. Империалистердің қытай халқын жүз жылдай мейірімсіз езуі бұл халықтың санасында «империалист ең жаман дұшпанымыз» деген пікір қалдырған, сондықтан бұл сөзден қытай атаулының аза-бойы тік тұрып, өлердей қорқады, жерінен жақында ғана (1949 жылы) түгел қуылған империалистердің енді қайтып оралмауына не қымбаты болса да беруге даяр тұрады.

Халқының осындай ой-санасын жақсы білетін Мао Цзэ-дун, осы ұғымды пайдалы іске жаратпақ боп, бір сөзінде: «Қытай! Егер империалистер айналып кеп сені тағы да құлданбасын десең, Отаныңды қорғауға әзірлігіңді күшейт, ол үшін дене мәдениетімен шұғылдан!..» депті.

Кәзіргі ұлттық санасы оянған, азаттыққа қолы жеткен қытайға председатель яғни Мао Цзэ-дун айтса болды,— оны бұлжытпай орындауға бүкіл қытай халқы әзір.

Қытайдың қала селосындағы бастауыш, орта, жоғарғы мектептердің, клуб, монша, аурухана, асхана, кітапхана, шеберлік үйлері, завод, фабрика, шахта, мекеме сияқты қоғамдық орындардың бәрінің кірер есігінің маңдайшасында үш бұрышты қызыл жалау ілулі тұрады. Соның бәріне иероглифпен әдемі ғып қондырған жазу,— Мао Цзэ-дунның дене мәдениетін күшейту туралы жоғарыда айтқан сөзі.

Сол сөздің іске асуы қандай деңіз!

Қытай мекемелерінде, өндіріс орындарының көбінде күнделік жұмыстың мөлшері он сағаттық екені жоғарыда айтылды. Осы он сағаттың орта тұсындағы бір сағат түгелімен дене мәдениетін өркендетуге арналған. Осы

сағаттың ішінде барлық жұмысшылар да, мекеме қызметкерлері де, оқушылар да түгелімен спорт ісімен шұғылданады.

Әсіресе — оқушылар. Қытайдың қай қаласына барсаң да, таңертең ала-көбеден оянып, әлдене ауырлықтарды не арқалап, не құшақтап, спорттың мезгілге лайықты киімімен, көшелерді бойлай жарысып бара жатқан жігіттер мен қыздарды көресің. Оқушы балалар мен студенттер сабақ арасында үзіліс атаулының бәрін дене шынықтыру ойынына ғана жұмсайды.

Оқушы жастар, қызметкерлер, жұмысшылар дене мәдениетімен құрғақта ғана емес, суда да дамылсыз шұғылданады. Су жағасында отырған қала-селолардағы адамдар, әсіресе оқушылар, күнделік дене мәдениетінің сағатын құрғақ пен суда кезекпен өткізеді. Мысалы, Кантон мен Шанхай қаласында мектеп балалары мен студенттердің түсте бір мезгіл суға барып, сабақ ретінде су ішінде жүзіп жарысқанын өз көзімізбен көрдік.

Дене мәдениетінің жұмыстары Қытайда саяхаттаумен де жалғасып кетеді екен. Біз барған 1956 жылы Қытайдың физкультурник студенттері, туризм ретінде, бүкіл Гоби шөлін кезіп шығуға аттанған, енді бір жүйесі Тибет тауының биіктеріне шығып қайтуға кеткен.

Суға жүзудің де керемет үйымдасқан түрлері болады екен. 1954 жылдың жазында жүзімпаздардың Янцзы өзенінің жалпақ бір тұсынан (бес километрлік деседі) жарысып өтуі жарияланады. Бұған бүкіл Қытайдың ең жақсы жүзімпаздары түгел қатынаспақ болады. Үкімет те даярлық жасап, суда талығатындарға жәрдем беретін неше түрлі әдістер (қайық, кемелерді қатар жүргізіп отыру, ішіне ауа толтырған резиналар салу, тағы басқалар) даярлайды. Жарыстың қызығын көруге Янцзы жағасына мыңдаған халық келеді, үкімет пен партияның басқарушылары да барады, ішінде жолдас Мао-Цзэ-дун да болады.

Жағаға жиналған қалың халықтың көзінше жүздеген жүзімпаздар, командамен суға лап қойып, долы өзеннің екпінді ағысын көлденең кесіп жарыса жөнеледі. Сол кезде бір тұстан шу шыға қалады.

— Не болды?

— Жарысқандармен бірге Председатель де суға қойып кетті!..

— «Председателің» кім?, Мао Цзэ-дун ба?

— Қытайда одан басқа Председатель бар ма кәзір? Әрине, сол!

— О қалай болғаны?

— Не «қалайын» сұрайсын?

—Жас адам болса бірсәрі ғой... Жасы алпыстан асып кеткен кісі ғой оның!

— Болса ше? Өзіне сенгендіктен ғана түседі ол жарысқа!..

Мао-Цзэ-дунның жарысқа түсуіне көзі жеткен жұрт, ол кеткен жаққа қадала қарап, немен тынарын ынтыға күтеді. Жүзіп жарысушыларға жәрдемге келген қайық пен кеме атаулы, өзге жүзімпаздармен қатар, Председательге көздерін ерекше тігеді.

Ағысы қатты өзеннің бұл тұстағы ені бес километрдей екені бізге белгілі. Осы кеңдік жарысқандардың ішінен біразын талдырып тастап, қалжырағандарын жәрдемші қайықтар мен кемелер жинай бастайды.

Ал Мао Цзэ-дун ше?

Ол көптен озған аз ғана жүйріктердің қатарында, құлашын ілгері ұрып жылжи береді...

— Сонымен ұзын сөздің қысқасы,— дейді бізге, бұл оқиғаны баяндаушы адам,— арғы жағаға талмай жүзіп шыққан аз ғана адамдардың ішінде жолдас Мао Цзэдун да болады!..

Бүгінгі Қытайда дене шынықтырудың хал-жайы осындай.

V. ҚЫТАЙДАҒЫ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ

Бұл мәселені балалар тәрбиесінен бастайық.

Бұрынғы Қытайда «балалар яслиі», «балалар бақшасы» деген мекемелер атымен болмайды екен. Қанаушы таптың балаларына ондай орындардың керегі жоқ, енбекшілердің балалары үшін ұйымдастыратын жан жоқ.

Қәзіргі Қытайдың қала, селосында, қоғамдық жұмысқа араласатын бір де бір әйелдің баласы, жас мөлшеріне қарай, не яслиге, не бақшаға орналастырылмай қалмайды. Әрине, ол тәрбиелік мекемелердің бәрі бірдей айта қалғандай емес: аса жақсысы да, орташасы да, төмендеуі де бар. Жалпы айтқанда, жұмыстағы әйелдің жас баласын қоғамдық орындардың тәрбиесіне алуға әрбір мекеменің я өндірістің басқармасы міндетті.

Бұрынғы Қытайда мектеп жасындағы балалардың

он-ақ проценті оқиды екен, олардың да көпшілігі қанаушы таптың балалары екен.

Қазіргі Қытайда (біз барған жылы) мектептер оқу жасындағы балалардың қырық процентін сиғызған. Біздің елдің тіршілігі үшін қырық процент өте аз, өйткені бізде бастауыш мектепке симай қалатын бір де бала болмайды ғой, ал Қытай үшін, оқушы балалардың санын аз жылда он проценттен қырық процентке жеткізу — аса зор табыс. Сан жағынан алғанда, осының өзі — 35 миллион бала, яғни европадағы ұсақ мемлекеттердің елдеменшеуінің барлық халқына барабар! (Жуық арада газетте жарияланған бір материалдарға қарағанда, 1957/58 оқу жылында Қытайдағы мектепте оқитын балалардың саны 67 миллионға жеткен. Орта мектепте оқитын балалардың саны алты миллионға, техникумдар мен жоғарғы мектептерде оқушылар — миллион жарымға барған. Бұған ересектердің сауатсыздығын жою үшін ашылып, сабағы үздіксіз жүріп тұратын мектептерді қосса, 1957 жылы Қытайда 150 миллион адам мектепте оқыған. Осы санның өзі ғана Англия, Франция, Италия халықтарының түгел санына барабар ғой!)

Қазіргі Қытайда «Барлық тәрбие — балаға!» деген ұран бар. Қытайдағы қоғамдық немесе жеке үйде осы ұран ең әдемі шүберек пен қағазға тамаша сұлу боп жазылып, ең құрметті қабырғасына ілінбеген бір де бір үй жоқ. Көркемөнердің барлық жүйесі де бұл тақырыпта қызмет атқарып, бояу өнерінің адамдары тамаша суреттер жасаған, қашау шеберлері — мүсіндер жасаған, жазушылар — кітаптар жазған, композиторлар — әндер шығарған.

Империалистер билеп тұрған шақта, олар Қытайдың көп қаласына өздері тұруға арнап талай-талай тамаша үйлер салған ғой. Азаттықтан кейін солардың көпшілігі балалар тәрбиесімен шұғылданатын мекемелердің қарамағына берілген. Шанхайда Америка капиталистері салдырған бір тамаша үй кәзір — пионерлер сарайы. Бұдан кең, бұдан сәнді пионер сарайы бүкіл дүние жүзінде болмауға тиісті!

Қытайда да бірінші июнь — балалар күні екен. Ол күні біз Кантонда едік. Сәске көтеріле, лек-легімен көшеге шығып, әндете серуендеген балалардың тәтті дауысы мен тамаша көрінісі біздің де делебемізді қоздырып, оларға ере біз де көшеге шықтық. Ашық күнде аппақ киі-

ніп, түгелімен мойындарына қызыл галстук байлап, үлкен қаланың барлық көшесін толтыра әндеткен шат балалардың ішінде ертеден қара кешке дейін жүрдік те қойдық. Әндеткен олардың құлағымызға сөзі жат болғанмен үні жат емес. Қытай әні, жалпы, құлаққа жағымды келеді ғой. Балаларының балдай әндері одан да жағымды, одан да түсінікті. Әсіресе жан жүйелері түсінікті: шат кескіндерінде бақытты өмірлерінің сәулесі ойнап тұр!

Бір кезде бастаушыларымыз бізді «Да Тунь» аталатын асханаға апарды. Оны қазақшаға аударса: «Қоғамның хиялы» болады екен. Бұрын Америка мен Англия капиталистері көңіл көтеру үшін бес этажды ғып, ішісыртын тамаша сұлу түрде жасатқан бұл үй, кәзір түгелімен «Ата-ана мен балалар» асханасына айналған. Біз оның барлық этажын да аралап түстік, өйткені бүгін ғана емес, барлық күнде де, еңбектен қолы босаған әкешешелер балаларын ертіп әкеп, осы үйдің бөлмелерінде тыныстайды екен. Арақ-шарап бұл асханада болмайды екен. Балаларға арналған ойын-сауықтар үздіксіз жүріп жатады екен. Оның бәрін көру адамға қандай рахат!

Одан да рахаты: балалар біздің «су-лянь» екенімізді, яғни совет адамы екенімізді білсе-ақ, Совет Одағына деген махаббатын (кәзіргі Қытайда ондай махаббатты мектеп жасына дейінгі балаларға ата-аналары мен туыстары, мектепте — мұғалімдері сіңіреді) күлімсірей қараған кескіндерімен көрсетеді де, не «су-лянь, су-лянь!» деп шулай қоршаған қылықтарымен көрсетеді.

Қытай балаларының бұл құрметін біз Қытайдың өзіміз барған қала, селоларының бәрінде де көрдік. Солардан бір мысал, Ухан қаласында, Янцзы жағасында болды. Біз: Собко, Кетлинская, мен үшеуіміз өзеннің жағасындағы жолдары асфальттанған аллеяларда серуендеп жүр ек, пионер галстугі бар, шамасы үшінші-бесінші кластың жасындағы балалар біздің «су-лянь» екенімізді әлдеқалай білді де, «су-лянь! су-лянь! деп шуласа қоршап, бетімізге күле қарасып, үш бала мойындарындағы галстуктерін шешіп біздің мойнымызға байлады. Кетлинскаяның «Бүгінгі және ертеңгі Қытай» деген кітабында (249—253-беттер) осы тамаша оқиға толық және әдемі суреттеліпті де, балалардың аттары жазылмапты.

Өз галстугін менің мойныма байлаған, сол жылы бас-

тауыш мектептің бесінші класын бітірген, көмірдей қара шашын екі бұрым ғып арқасына жіберген, кішкене мөлдір қара көзді, қырлылау мұрынды, үші шекесіне қарай көтеріңкі біткен жіңішке қою қасты, сұлу бетті, толықша денелі, үстінде ақ кофтасы, белінен төмен салбыраған, етегі әдемі кестелі көгілдір белдемшесі бар, жалаң аяқ, жалаң бас бұл қыздың аты — Чэнь Ци-чжуань.

Сәбидің бұл сыйына аса риза болған мен, қолыма көтеріп ап, бауырыма қатты бастым да, қытай салтына бағынып сүймедім. Хоштасарда баланың адресін жазып алдым: Қытай, Ухан қаласы, бастауыш тәжрибе мектебі.

Одан кейін, Пекинге қайта, балалар кітабын сататын магазинге кірдім де, орыстың, қазақтың, Совет Одағындағы басқа туысқан елдердің қытай тіліне аударылған бірнеше кітабын сатып ап, жоғарыда көрсетілген адреспен Чэнь Ци-чжуаньға жібердім.

Қытайлық сапарымнан июльдің аяғында оралсам, Чэнь Ци-чжуаньнің маған жазған хаты столымның үстінде жатыр екен. Оның аудармасы төмендегідей:

«Құрметті ата!

Маған кітаптар жібергеніңізге үлкен алғыс айтам. Кітаптарды алғанда өте қатты қуандым. Мен олардың бәрін қайтсем де оқып шығам. Бұл кітаптар маған үлкен тәрбие, көп білім берер деп сенем. Мектебімнің жайынан айтарым, онда сабақ кластарынан басқа, музыка бөлмесі, санитарлық бөлме, спорт бөлмесі, қол өнеріне жаттығу бөлмелері бар. Шәкірттердің тәртіпті болу жұмысы бізде ерекше қолға алынады. Олардың мектепте ғана емес, үйінде де мінез-құлқы әдепті болуын, үйде де дене шынықтыру ісімен шұғылдануын бақылауды мұғалімдеріміз сабақтағы міндетінен кем көрмейді. Міне енді биылғы оқу маусымы да аяқталып келеді. Біз емтиханға әзірленудеміз. Менің совет балаларының оқу әдісін, тәрбиелеу әдісін білгім келеді, олардан үлгі алуға қызығам. Осы жөнінен маған үзбей хат жазып тұруыңызды өтінем.

Сүйікті ата!

Сізбен енді қашан көрісуім маған мәлімсіз. Маған бір карточкеңізді жіберуіңізді өтінем. Мамаммен ақылдасып, оның рұқсатымен, сізге келесі жылы, естелік ретінде, өзімнің карточкемді жіберем.

Сізге құрметпен және сәлеммен,—
қызыңыз Чэнь Ци-чжуэнь.
1956 жыл. 1 июль».

Бұл хатқа жазған жауаптың ішіне қоса мен қытайдың пионер қызына өз балаларыммен түскен карточкемді жіберіп ем, «келесі жылы жіберем» деген сөзін «ұмытып» кеткен «байғұс» бала маған өз карточкесін де тез жіберіпті. Қазіргі қытайдың үлкендерімен қатар, балаларымен де осындай достық хаттарды алысып-берісіп жүреміз.

Халықтық Қытайда балалардың ғана емес, үлкендердің тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлінеді. Өндіріс орындарында, мекемелерде қызмет атқаратын адамдар, ісіне кірісерден бір сағат бұрын сабақ оқиды. Ол екіге бөлінеді: хат тану сабағы, саяси сабақ.

Оқу ұғуға мүмкіндігі бар ересектердің бәріне үш бесжылдықтың ішінде хат танытып шығаруды Халықтық үкімет кезекті және басты міндетінің бірі ғып қойған. Қазір ол жұмыс бүкіл Қытайда аса қызу түрде жүріп жатыр. Жоғарыда біз, өткен жылы Қытайдағы оқушылардың саны 150 миллионға жеткендігін, оның жетпіс миллионы — өндіріс орындарында, мекемелерде сауатын ашып жатқандар екенін айттық.

«Мекемелерде» деген сөз біздің оқушылардың құлағына жат естілуі мүмкін. «Өзі мекеме болсын да, онда сауатсыз адам қызмет атқарсын! Сонда сауатсыз күйде атқаратын не қызмет ол?!» деп ойлауы мүмкін олардың.

Ондай қызметкерлер Қытайда бар және кейбірі, қатардағылар ғана емес, жауапты қызметтегілер. Оған бір мысал жоғарыда сипаттап өткен селодағы кооператив бастаушыларының бірі — Ли Ню екені оқушыларға өткен тараудан белгілі.

Екінші мысал — Шанхайдағы ірі фабрикалардың бірінде директордың орынбасары және кәсіпшілер одағының басқарушысы боп істейтін ескі революционер Гуэй Шу-дзинь. Оның жайына кейінірек тоқтаймыз.

Үшінші мысал — Такламакан төңірегіндегі «Жеңіс» госхозындағы дивизияның саяси комиссары Ли Джень-су.

Соңғы екеуі өте ірі қызметтегі адамдар бола тұра, азаттықтан бұрын да осындай қызметтерді атқара тұра, тек азаттықтан кейін ғана хат таныған.

Бұлай болудың себебі ашық: азаттық күресіне бүкіл Қытай боп көтерілгенде, халықтың қалың ішінен бастау-

шылар шыққанда, олар Коммунистік партияның тәрбиесінде биік сананың сатысына көтеріліп, революциялық үлкен істерді хат танымай-ақ басқарған. Ондайлардың біразы ғана әзірге хат танып үлгерген де, қалғандарын оқыту алдағы жылдардың жоспарына кірген.

Қытайдағы сауатсыз ересектердің хат тану жайы осылай болса, енді саяси сауат жайына аздап тоқталайық.

Міне, менің алдымда бүгін, яғни 1958 жылы 3 августа шыққан «Правда» газетінің 215 саны жатыр, бұл санда Қытай Халық армиясының бас қолбасшысы маршал Чжу Дэнің «Халық армиясы және халық соғысы» деген мақаласы басылған. Осы мақаладан аздаған үзінділер алайық: «Пролетариат армиясын құрғанда негізгі қолданатын принципіміз — оның барлық ісін түгелімен Коммунист партиясына бағындыру, өйткені ол пролетариатқа шын берілген, соның мақсатын ғана іске асыратын партия... Барлық негізгі ісінде біздің партияның жолы халықтың жолы... Соңғы он шақты жылдан астам уақытта соғыс техникасы тым алға басып кетті. Осыған қарап, армия болашақта саяси басшылыққа емес, техникаға сүйенеді деуге бола ма? Жоқ, болмайды. Техника қанша өскенмен, саяси істің тәжрибесі ешуақытта ескірмейді... Біздің ойымызша, соғыстың қорытындысын техника емес, халықтың көпшілігі қолдаған саясат, саяси құрылыс шешеді...»



Қытай Халық армиясының жасалуын, өсуін, жеңісін Коммунистік партияның тәрбиесіне ғана байланыстырған жолдас Чжу Дэ, «халық жолы — партия жолы» деген тезисін өрбіте кеп, кәзіргі Қытай армиясындағы саяси тәрбие ісін сипаттайды да, «Біздің жауынгерлердің көзір айтатыны: «Қытайдағы жалпы іс әдісін дұрыстау қозғалысының нәтижесінде офицерлердің де іс әдісі елеулі түрде өзгерді. Кәзір солдаттар тамақ ішпесе — офицерлер де ішпейді, солдаттар ұйықтамаса — офицерлер де ұйықтамайды» дейді.

Барлық ісін тек халық бахытына арнаған Қытайдың Коммунистік партиясы бұл саясатын халыққа түсіндіре отырып, халықтың өзінен белсенді түрде жәрдем алу үшін үгіт-насихат істерін үздіксіз жүргізіп отырады. Осы мақсатпен барлық мекемелерде, барлық өндіріс орындарында, барлық мектептерде, армия, флот қызметкерлерінің арасында күн сайын, жұмыс сағаты басталар алдында, саяси сабақ оқытылады. Бұл сабақ жалпылама түрде болмай, осы ұйымның бүгінгі және алдағы істеріне тығыз байланыстыра, жұмысты қайткенде тез орындаудың жабдығы кеңесіледі. Қытайдағы көп және зор істердің мерзімді уақытынан бұрын аяқталуына бір себеп — осы саяси тәрбие!

Еңбекші халыққа саяси, яғни партиялық тәрбие беру біздің Советтік отанның қанына, отанымыздың Коммунистік партиясы құрыла бастаған күннен бері сіңіп келе жатқан іс қой, сондықтан халықты бұл бағытта тәрбиелеу совет адамдары — біз үшін хайран қаларлық жұмыс емес.

Қытайда жүріп жатқан саяси тәрбие жұмыстарының ішінде кейбірі бізде болмаған жаңалық. Оған бірнеше мысал келтірейік.

Пекинде алғаш болған күндердің бірінде біз Қытай Жазушылар Одағының құрылысымен және ісімен таныстық. Оның да құрылысы Совет Жазушылар Одағына ұқсап, Орталық басқармасы проза, поэзия, драматургия, сын, балалар әдебиеті, аударма әдебиет... деген сияқты секцияларға бөлінеді екен. Солардың арасынан біздің Совет Одағында болмаған да, болуға мүмкіндігі жоқ та бір секция келіп шықты, оның аты — «революцияға қарсы жазушыларды қайта тәрбиелеу секциясы».

«Контрреволюционер» деген атынан ғана шошынбай, тәрбиеге көнсе өз адамымыз ғып алу біздің Совет саясатында да талай рет кездескен жұмыс қой. Бірақ біз ондайлардың көпшілігін «еңбекпен түзеу» аталатын үй арқылы икемге келтірдік қой. Ал қытайлар өйтпей, егер революцияға қарсылық ісін көрінеу қайталамайтын болса, контрреволюционерлерге тию былай тұрсын, тәрбиесіне алып оқытады екен. Қытайда саяси сабаққа өзгелермен қатар, революцияға қарсы жазушылар да тартылып, марксизм-ленинизм ғылымын оқиды екен.

Кулақ, помещик, капиталист сияқты қанаушы тап арасынан шыққан адамдар бұрынғы идеясынан қайтуын

көзір еңбекке араласумен дәлелдейтін көрінеді, сонда жұмыс нәтижесі айлаған я жылдаған уақытта барып көрінетін контрреволюционер жазушылар немен тіршілік жасайды?

Біздің Совет Одағында жазушылардың бір жүйесі, әсіресе жаңа жаза бастағандары, әртүрлі мекемелерде қызмет атқарып, гонарарына қоса, күнделік тіршілігін қызметтен алатын еңбек ақымен қамтамасыз етеді де, енді бір жүйесі баспаға өткізген шығармаларының гонарарымен ғана күн көріп, жазу жұмысымен ғана шұғылданады ғой.

Қытай жазушыларының күн көріс қоры басқашалау түрден құралады. Әзірге гонарармен ғана тіршілік жасау халіне жетпеген жазушылар баспасөз орындарымен шарт жасайды да, болашақ гонарарының есебінен ай сайын, орта еңбек ақының мөлшерінде, ақша алып тұрады. Шарт уақыты — он бес жыл. Оған дейін алған айлығын уақыты бітпей-ақ өтеп кеткісі келсе еркі, егер өтей алмаса — он бес жылдың аржағында тағы да он бес жыл беріледі. Борышын отыз жылда өтей алмайтын жазушы бола ма?

Өкіметтің бұл қамқорлығымен контрреволюционер жазушылар да пайдаланады. Олардың жаңа — социалистік идеологияда жазған шығармалары тоқтаусыз басылумен қатар, бұрын, контрреволюционер кезінде жазған шығармаларының ішінде социалистік идеяға қарсы келмейтіндері болса — басыла береді.

Контрреволюционер жазушыны біз әдетте қанаушы таптың жыршысына санаймыз ғой. Ол расында да солай ғой. Сонда егер Қытайда, социализмге қарсылық қаруын тастаған контрреволюционер жазушылардың кәзіргі халі жоғарыда сипаттағандай болса, олар сүйенген қанаушы таптың халі қандай?

Қытай революциясының бір өзгешелігі,— егер қаруын тастаса, қанаушы таптың да адамдарына тимей, өздері тілесе, социализм жұмысына араласуға мүмкіндік береді.

Қытайдағы кулактар мен помещиктердің социалистік еңбекке қалай араласуы жоғарыда айтылды. Енді капиталистердің осындай еңбекке араласуынан аздаған, бірақ көзге бадырая көрінетін бір мысалдар келтірейік.

Әуелі «кішкене» капиталист туралы. Кантон қаласында біз, парфюмериялық мүліктер жасайтын «Тянь Хуанхуа» атты кішірек фабрикаға бардық. Ол аттың қазақша

мағынасы — «Аспанның сәулесі» деген сөз екен. Бұрынғы иесі Лян Хао дейтін кішірек капиталист, кәзір директордың орынбасары екен.

Капиталистік елдерде «трест», «концерн» аталып, өндіріс істерінде капиталистердің басын қосатын, пайданы әр капиталистің қосқан жарнасына қарай бөліп беретін ұйымдар болады ғой. Халықтық Қытайда осы ұйымның жаңа бір түрі құрылған.

Оны баяндаудан бұрын оқушыларға кәзіргі Қытайда қызмет атқарып жатқан қанаушы тап өкілдерінің бақкан шаруасынан қандай жарна алатынын айта кетейік. Жекеше түрде егін салып жүрген кулактар мен помещиктер болсын, мейлі мал өсірген бай болсын, мейлі, үлкенді-кішілі капиталист болсын, мейлі,— 1955 жылға дейін шаруасын өзі басқарады екен де, жылдық пайдасының төрттен бірін өзі, алып, өзге үш үлестің бір бөлісі — мемлекет салығына төленеді екен, бір бөлісі — осы жұмысқа қатынасатын еңбекшілердің тіршілігін жақсартуға арналады екен, қалған бір бөлісі — осы шаруашылықты ілгері дамыту ісіне жұмсалады екен. Мәселен, жүз мың юань [1] табысы бар капиталистің, 25 мың юань өзінікі.

1956 жылдың басынан бұл тәртіп өзгеріп, помещиктер мен мал бақкан байлар кооперативке мүше боп, қосқан жарнасынан (жерінен, малынан) түсетін жылдық пайданың он процентін алатын болған да, өзгесі кооператив пайдасына түсетін болған, ал капиталистер мемлекетпен бірігіп, жылдық табыстың он процентін алып, өзгесі өндірістің, мемлекеттің пайдасына түсетін болған.

Қәзір Қытайдағы осы принципте қызмет атқаратын қанаушы тап өкілдері, кейде көп, кейде аз адам боп бірігіп, жаңа социалистік түрдегі корпорация [2] құрады екен.

Біз сипаттағалы отырған Лян Хао — «орташа» капилистер қатарына қосылады. Оның бірлестігінде он екі капиталист бас қосады. Солардан ең ірілері — Хуан Цау-ши мен Энь Цау-тинь жүз мың юаньнан жарна салған; Лян Хаоның салғаны — сегіз мың юань, содан жылына түсетін табыстың он процентін алып отырады. Одан басқа, фабрикада директордың орынбасары боп

---

[1] «Юань» дегеннің жалпы жобасы біздегі «бір сом» сияқты екені, оның бағасы Қытайда қымбат екені жоғарыда айтылды.

[2] Бірлестік.



Шанхай қаласының көрінісі.

қызмет атқарғандығы үшін айына 170 юань еңбек ақы алады. Қатардағы жұмысшының айына елу-алпыс юань ғана еңбек ақы алуын ескерсек, Лян Хаоның еңбек ақысы да бір сыбағаға татып жатыр.

Лян Хао қоғамдық істерге де белсене араласады екен. Қазіргі Қытайда қанаушы таптың өндіріс істерінде бірігуінен басқа, қоғамдық істерде де бірігетін салты бар. «Капиталистерді қайтадан тәрбиелеу» деген атпен бүкіл Қытайлық боп құрылған ұйым да бар, оның ісіне кейінірек ораламыз. Әзірге айтарымыз — осы ұйымның Кантондағы бөлімінде ірілі-ұсақты мың жарымдай капиталист мүше екен, председателі — біз сипаттап отырған Лян Хао.

Бөлімнің мүшелеріне айында екі рет саяси тақырыпта лекция оқылады. Уақ-түйек қызметкерлерін қоса, алты мың кісі күнделік саясаттан сабақ алады. Олардың ішінде төрт жүздей белсенділері марксизм-ленинизм теориясын зерттейді.

Өндірісімен танысқаннан кейін Лян Хао бізді үйіне шақырды. Екі этажды кішірек үй. Қәртайған шешесі бар. Жастайынан қосылған жұбайы бар, одан туған он бір

баланың[1] бәрі де тірі, алды ержетіп, үлкен ұлы мен үлкен қызы университетте оқып жүр, өзгелерінің мектеп жасындағылары оқуда, ең кіші баласы бесікте.

Лян Хао бізге үйінің барлық бөлмелерін де аралатып шықты. Бұл үйде тым қымбат мүлік жоқ. Жұпыны ғана жиналған үйдің іші мәдениетті, қарапайым, мүліктерінің бәрі де әдемі. Үй ішінің кеңдігі жете тұра, балалар бөлмесінде, вагонның іші сияқтанып, ағаш кроваттар екі-үш қабат боп жасалған, жоғарғы қабаттарға шығып түсетін сатылар бар, төсек-орындар сыпайы жиналған, бәрінің де төңірегін жауып тұратын марля сияқты селдір шүберектен масаханалары бар.

Қытайлардың совет адамын «су-лянь» деп атайтыны, оны жақсы көріп құрметтейтіні жоғарыда айтылды. Лян Хаоның семьясы да сөйтті. Кантон төңірегіндегі қытайлардың түсі өзге тұстағы қытайдан бозғылдау келеді. Онда бозғыл түсті сұлу адамдар да көп, Лян Хао да, оның әйелі де сымбатты, ажарлы кісілер. Балалары да өздеріне тартқан көрікті.

Біздің «су-лянь» екенімізді білген соң-ақ, Лян Хаоның үйіндегі балалары жинала қалды. Әке-шешелері оларға «тараңдар» дегенді ымдаған сияқтанып еді, көпшілігі кішкене балалар тыңдамай, құмарта қараған көзбен, жылы ажармен бізді қоршап алды. Біз үй иелерінен балаларды қумауын өтіндік.

Өтінбегенде ше? Бәрі де әдемі киінген, семізше, сұлу балалар! Үйме-жүйме боп жанасқан олардың ішінен бізді әсіресе қызыл галстук байлаған он-он бірдегі қыз бен сегіз-тоғыздағы ұлдың күлімдеген көздері тесіп барады. Екеуінің де пионер екендігіне — галстуктері куә. Оны жеткіліксіз көргендей, екеуі де Ленин мен Мао-Цзэ-дунның жарқыраған металдан жасалған бас бейнелерін кеуделеріне қадап апты! Оны да жеткіліксіз көргендей, өзге сөздеріне түсіндіре алмайтынын сезгендей, бізге күлімсірей қараған екі пионер, кеуделеріндегі Ленин мен Мао Цзэ-дуннің бейнелерін көтереді де, беттерінен сүйіп, біріне бірін қосады, онысы — «бұл екеуі бір кісі!» дегені ғой деп жобалаймыз біз.

Бұл пионерлердің екеуі де Лян Хаоның баласы екен. Үкіметтің сеніміне ие боп, фабриканың директорына орынбасарлыққа тағайындалған, партияның сеніміне ие

[1] Жалпы Қытайда баласы көп семья көп болады екен.

боп, капиталистерді тәрбиелеу жұмысын басқарған бұл «кішкене» капиталист, басқа тамаққа қарамаған бізге үйінен жеміс татырғаннан кейін, тысқа шығарып сап қоштасарда, ере шыққан көп баласын түгелімен бауырына қысты да:

— Социализмге адал қызмет атқаруға белімді берік байлаған кісімін мен. Оным — өзімнен гөрі мына балапандарымның бақытты жасауы үшін! — деді.

Енді, «кішкене» капиталистің үйінен шығып, ірі капиталистің үйіне барып көрейік.

Шанхайда екен ондай капиталист.

Уханьнан июньнің сегізі күні таңертеңгі сағат тоғыз жарымда Шанхайға беттеп ұшқан біз, он бір сағат 10 минутта Нанкин аэропортына қондық. Біздің алдымызда ғана бұл арадан қалың жаңбыр өтіп, аэропорт маңы көлкіген су екен. Чан Кай-ши тұсында мемлекеттің астанасы Нанкин болғанымен, аэропорты кіп-кішкене үй, ал аэродромы асфальттанып кең аумақты болып жасалған екен. Бұлай болудың себебін сұрасақ, Чан Кай-шидің өзінде самолет болмаған, американдық самолеттердің ұшқыштары бұл арада тоқырамай, қалада тұрып қатынасқан, сондықтан американдықтар аэродромды ғана түзеген де, аэропорт үйін түземеген.

Осы бір сағаттарда Шанхай жақта жаңбырлы, нажағайлы қалың бұлт бар деп Нанкин аэропорты біздің самолетті төрт сағаттай кідіртті. Көлкіген судың ортасында қалған аэропортқа (саяң жерге неге салғанын кім білсін) жете алмай, самолетіміздің маңындағы асфальт үстінде Кетлинская екеуміз жүрдік те қойдық. Кешеден бері тұмауратыңқыраған Собко, самолет ішінен түспеді.

Далада бостан-бос жүре беруге жалығыңқыраған біз төңірекке көз салсақ, батыс жақ бетте үйлері ағараңдаған қала көрінеді. Әлгінде, үстінен самолетпен өткенде жақсы сияқтанған қалаға біздің барып қайтқымыз да келеді. Шығыс жақтағы жақын жерде аласалау, үстін жасыл өсімдік жапқан тау тұр, оның бергі еңісінде ағараңдаған жалғыз үйді Сашка «Сунь Ят-сеннің мазары» дейді. Ұзағырақ тұратынымыз мәлім болғандықтан, біздің оған да барып қайтқымыз келеді. Осы мақсатпен самолетке кіріп, қалғыңқырап отырған бригадиріміз — Вадим Собкодан рұқсат сұрасақ, ойыны я шыны екенін айыртпаған кескінмен ол маған тесіле қарайды да:

— Жоқ, жарамайды, туысым! Бұнда саған, самолет-

тен қалып қойсаң да оқасы болмайтын Иркутск жоқ. Қайдан білесің қашан ұшарымызды? Мүмкін, алдымыздың бұлты тез ашылар да, ұшып кетерміз. Бұл маңайдан ұзауға болмайды! — дейді.

Нанкинде біз «әне-мінемен» төрт сағат тоқырадық та, бесінші сағатқа кіре ұштық. Аржағында Шанхай екі сағаттық екен.

Шанхай аэропортына кешірек жеткен бізді үш жазушы қарсы алды, олар: Дзинь И-мынь, Ло Сунь, Цау Инь. Машинамен қаланы аралай жүргенде бұл қаладан көрген өзгешелігіміз — Қытайдың өзге қалаларында көрмеген аса биік үйлер бар екен, осында туған Сашканың айтуынша, олардың кейбірі 26 этажға дейін, тағы да Сашканың айтуынша, Шанхай — «ескі», «жаңа» боп екіге бөлінеді, ескісі— түгелімен қытайлық стильде, жаңасы — европалық стильде. Біз жаңа стильдегі Шанхайды аралап келеміз. Үйлерінің де, көшелерінің де сұлулығы жағынан жаңа Шанхай европалық қалалардың қайсысымен болса да таласа алатын сияқты. Биік, сұлу үйлердің көше жақ беттеріне, кең алапты орамдарға сәулет ағаштары, гүлдер өскен. Өзге қалаларда көрмеген, осында ғана кездестірген тағы бір өзгешелік — кейбір үйлерді кең қоршаған дуалдардың үстіңгі жағына, әр түске боялған жіңішке бамбуктан аса әшекейлі ши тоқылған, олар алыстан қарағанда дуал үстіне кере құрып қойған шымылдыққа ұқсайды.

Бізді жер иелері «Цинь Дзэнь» аталатын 14 этажды мейманхананың 8-інші этажына орналастырды. Вадим ол кеште «ванна қабылдап... терлеп-тепшіп» деген сияқты, тұмау емдерін жасап, номерінде жатпақ болды, Кетлинскаяның фотоаппараты бар, ретті-ретсіз жерлердің бәрінде онысын тырсылдата беретін, кәзір ол — «пленкелерім көбейіп кетті, фотографияға апарып дұрыстатам» деп, қасына Наташаны ертіп жайына кетті, мен Сашканы алып қаланың жақын жердегі орамдарын жаяу қыдырмақ боп кеттім.

Әркімнің өз туған жерін ерекше сүюі қандай! Сашка да солай екен. Балалық, жеткіншектік шақтарын осы қалада өткізген ол, көшелердің екі жағында иін-тіресе қаптап тұрған көркем, биік үйлердің әрбірін «бұл бұрын ондай үй болса, енді бұндай үй» деп таныстырады.

Көп көшелерді, орамдарды аралап, магазиндерінде болып... дегендей, біраз уақыт жүргенен кейін:

— Шаршадыңыз ба? — деді Сашка маған.

— Оны неге сұрадың?

— Шаршасаңыз, жақын жерден такси алып, мейманханаға қайтуға болады.

— Жоқ, шаршаған жоқпын.

— Рас қой?

— Неге тәптіштейсің?

— Көбірек жүріп көріп шығатын бір жер бар еді...

— Не қылған жер?

— Оны көріп болған соң ғана айтуға рұқсат етіңіз!

— Жарайды! — дедім мен, ішімнен «тегі, ерекше өзгешелігі бар бір орын болар» деп жорамалдап.

Барсақ,— көлемі кең бақша. Ылдилы өрлі өн-бойына қытай жерінде өнуге мүмкіндігі бар өсімдіктердің бәрі шыққан. Бақша ішінде көлдер, арықтар. Күтімі тамаша. Рахат аясында тыныстап жүрген шат халық. Қысқасы, демалысқа аса жайлы орын!

Ал сонда, Қытайдың өзге қалаларындағы әдемі бақшалардан өзгешелігі не бұның? Пекиндегі бақша немесе Кантондағы ботаникалық бақша бұдан әлдеқайда сәнді емес пе? Бірге аралаған жоқ па Сашка оларды бізбен?

Шанхай бақшасын біраз аралап шаршаңқыраған шақта, Сашка екеуміз биіктеу төбенің қарағай өскен шоқысына көтерілдік те, аздап тыныстамақ боп әдемі орындыққа отырғаннан кейін, Сашкадан бұл бақшаны көруге құмартқан жайын сұрадым.

— Себебі,— деді ол, әдеттегі ойнақы мінезіне бағып, — өзге қалаларымыздағы бақшалардан бұның өзгешелігі бар.

— Қандай?

— Бірінші жаңалығы, бұл — соңғы бес-алты жылда ғана орнаған бақша. Бұрын бұл ара төсеген тақтайдай теп-тегіс жер болатын, кәзір бұған мынадай ойы-қыры, орманы, суы бар демалыс орны өсті. Көресіз бе,— деді Сашка, төңірегімізді қолымен шолып,— осы бақшаны айнала қоршап тұрған зәулім үйлерді?

— Көрем!..

— Бәрі де империалистердің үйлері олардың.

— Неге бақшаның төңірегіне дөңгелене салынған олар?

— Олардың тұсында бұл арада бақша болмаған ғой.

— Енді не болған?

— Ипподром!

— Қәдімгі, аттарды жарыстыратын ба?

— Иә!.. Бұл ипподромның иесі бұрын ағылшын капиталисі (атын ұмыттым С. М.) болған. Тамаша сұлу, тамаша желісті аттарды ұстаған ол. Анау, төңіректегі биік үйлердің үстіңгі жағында капиталистер мен олардың қызметкерлері тұрған, астыңғы жағында сауда конторлары болған. Сауда-саттықтан тынығар шақта, ипподром иесі аттарын осы алапқа шығарып жарыстыратын болған, капиталистер мен қызметкерлері оны үйлерінің бергі жақтағы балкондарына шығып тамашалайтын болған. Олардың әрқайсысы белгілі бір атқа бәйгі тігіп, ұтып алынған ақша ат иесінің қалтасына түскен. Ат иесі бұдан аса көп пайда тапқан...

— Бірақ,— дейді Сашка аз кідіріп,— ат жарысы кезінде ешбір қытай бұл ипподромның ішіне кіре алмаған. Бар қызықты тек европалықтар ғана көрген!

— Империалистер қуылған соң,— дейді Сашка жылдамдатып,— үкімет бұл араға демалыс бақшасын салуға ұйғарды. Өз игілігіне жұмсалатын іске біздің халық ешуақытта ерінген емес. Үкіметтің шақыруына үн қосқан халық, жалғыз тиын да шығын шығартпастан, үштөрт жылдың ішінде, теп-тегіс тақыр алаңға осындай бақша орнатты!..

— Несі кетті, халықтың оған? — дейді Сашка күліп,— орнатқан бақшаның рахатын өзі көріп отыр!

— Рас! — деймін мен...

Тұмауы қаттырақ болғанмен, Собко ол түннен құлантаза жазылып шықты. «Оған себепкер өзге емес, менмін!», деп мақтандым мен. Олай деуімде себеп болды.

Кантон төңірегін аралап жүрген күндердің бірінде біз ботаникалық бақшаға бардық. Оның ғылыми жұмысын Ти Ся аталатын әйел басқарады екен. 1918 жылы батырақ семьясында туған ол, балалық шағында бастауыш қана білім алады да, он төрт жасынан революциялық істерге араласып, азаттық күресі кезінде үздіксіз партизан отрядында жүреді. Соғыс күндерінде Ти Ся мылтық пен қаламды қатар ұстап, білімін толық орта дәрежеге көтереді (осылай оқығандар Қытайда толып жатыр!). Азаттықтан кейін ауыл шаруашылық ғылымынан жоғары білім алған Ти Сяны үкімет осы бақшаның қызметіне жібереді. Қазір ол ауыл шаруашылық ғылымының докторы. 1949 жылы тұрмысқа шыққан. Үш баласы бар. Ері — бақшаның директоры.

Ти Сяның айтуынша бұл дүние жүзіндегі жер көлемі ең көп, өсімдігі ең бай ботаникалық бақшаның бірі. Маған қуаныш болған бір нәрсе — біздің Алматыдағы ботаникалық бақша жіберген кейбір өсімдік, әсіресе апорт алмасының ағашы да, бұнда жақсы өніп жеміс беріп тұр екен!

Ауа райы ол күні аса ыстық болды. Температура күн көзінде алпыс градусқа, көлеңкеде елу градусқа барды. Қайнаған ыстықтан құйылған терден үстіміздегі жұқа киім суға малып алғандай болды.

Бақшаны осындай жағдайда біраз аралағаннан кейін, әрі жүрегі нашарлау Вадим, «бұдан әрі жүруге халім жоқ» деді. Кетлинскаяның бақшаны аралай түсуге зауқы соққанмен, терге малшынған жұқа киімі толықша денесіне жабысып қап, қозғалуы қиынға соқты.

Ет-жеңді адам — мен де терге құйылып бақтым. Бірақ менің бақшаны аралай түскім келді. Сондағы ойым: «Тропикалық жерде өскен бұндай бақшаны бұдан кейін аралаудың сәті түсе ме, жоқ па. Түсіп тұрғанда көріп қалайын, ендеше пысынау мен терлеуге шыдайын!..»

Вадим мен Кетлинская көлеңкелі су жағасында қалып қойды да, Ти Ся екеуміз Сашканы алып, ілгері жөнелдік.

Терлеуім үдеп, пысынауым күшейгенімен, бұл саяхаттан мен олжалы қайттым. «Немене,— деңіз,— сондағы олжаңыз?».

Қытайда «жэнь-чэнь» аталатын шөптің барын, ол қазақша «жан тамыры» деген сөз екенін, Тибет дәрігерлерінің айтуынша, бұл шөптің адам денесі сияқтанып біткен тамыры дененің сау болуына мың да бір ем екенін баспасөз бетінен білеміз.

Қытай жерінде «жэнь-чэнь» шөптің тамыры ғана емес екен, солай аталатын жеміс те болады екен. Кантонның ботаникалық бақшасын аралап жүрген шағымызда Ти Ся бізге «сол жеміс — осы!» деп, діңгегі жуандау, бойы биік, жоғарырақ өскен бұтақтарында үлкендігі алмұрттай көрінген жемістері бар бір ағашты көрсетті.

Ти Сянің айтуынша, бұл жеміс ағашы Қытай мемлекетінде жалғыз осы бақшада ғана өседі және көп емес, барлығы төрт-ақ ағаш. «Бұның жемісі де денсаулыққа мың да бір ем» деп түсінетін Қытайда, төрт ағаштың ба-



В. К. Кетлинская.

сына өсетін жеміс атаулының бәрі де есепте екен, әрбір жемістің үзілуіне акты жасалады екен.

— Қытайда патшалық дәурен сүрген шақта,— дейді Ти Ся,— император (заманын, атын ұмыттым С. М.) бұл төрт ағашты осы бақшаға, будда дінінің Тибеттегі ең зор ламасы (ишан) өсіріп тұрған «аса хасиетті» бақшадан шүрпі күйінде алдырып, көп жыл күту арқылы жеміс беретін халге жеткізген де, қарулы күзеттің қарамағында ұстап, жемісін түгелімен Пекинге алдырып, ең жақсы көретін адамдарына ғана жегізген.

— Бұнша қымбат ағашты неге аз алдырған император?

— Бұл ағаш Тибеттің өзінде де аз. Аз ағаштан императордың бұнда азғантай ғана алдыратын себебі — жақсы көретін адамдарынан басқаның сау болуын не қылады ол?

— Жэнь-чэнь ағашының жемісін императордың қымбат көруі сондай,— дейді Ти Ся,— бұл арадан бірнеше мың километр жердегі Пекинге қарулы күзеттің қоршауында атпен алдырады екен.

— Пекин маңына неге ектірмеген оны, бұндай алыстан атпен алдырып азаптанғанша?

— Ол жаққа өнбейтін ағаш бұл, тек тропикалық күнгейге ғана өнетін ағаш. Және бұл ағаш екеннен кейін жүз жылға дейін жеміс бермейді. Сонша жыл күтіп, император несіне әуре болады? Және бір сыры — сабағынан үзілген соң жарты-ақ айдай шыдайтын жеміс бұл. Одан кейін бүлініп кетеді. Ондай жемісті көп жинаудың императорға қажеті не?

— Бұл түсінікті,— деймін.— Осы жайда сізге сұрау беруге бола ма?

— Айтыңыз!

— Сіз ғылым адамысыз. Екі сұрауға жауап беруіңізді өтінем. Біріншіден, осы жемістің соншалық дәрі екеніне өзіңіз сенесіз бе? Екіншіден, сенсеңіз, ғылыми дәлеліңіз не?

— «Тибет емшілігі» дегенді естіген боларсыз,— дейді Ти Ся маған күлімсірей қарап.

— Сырт естігенім болмаса, сырына қанық емеспін.

— Оның көп сырына әлі ешкім де қанық емес,— дейді Ти Ся,— негізі өсімдіктің табиғи хасиетімен емдеуге құрылған бұл дәрігерліктің көп сыры жазу ғылымына әлі мәлім болмағанымен, сыры мәлімсіз емінің көп жағдайда қона кетуіне де ғылым дүниесі таласпайды. Бұл жемістің де сондай хасиеті бар екені рас. Бірақ ғылымдық сыры әзірге ашылған жоқ.

Бұл мәселені одан әрі қазбалауға ыңғайсыздандым да, қалжыңды кескінмен:

— Осынша хасиетті жемісті мен қалай татам?— деймін Ти Сяға.

— Оны ұйымдастыруға болады,— деді де Ти Ся, бізбен бірге жүрген қызметкер әйелді әлдеқайда жұмсады. Ішімнен «жеміс әперетін кісіні шақыртқан болар» деп ойладым.

Жұмсаған адамы оралғанша, Ти Ся маған бақшаның

жай-күйлерінен әңгіме айтып тұрды. Сол бір шақта қасымызға, жақсы киінген, әр жастағы бір топ еркек-әйел келе қалды. Саяхаттап жүрген жапондықтар екен. Бастаған қытай қызы оларға да жэнь-чэнь жайлы айтып тұрған шақта, қасына он жастар шамасындағы ұл баланы ертіп, Ти Ся жұмсаған әйел де келіп қалды.

Ти Ся балаға бірдеме деп еді, ол мысықтай епті қимылмен ағашқа өрлей жөнелді де, бұтақтардың сабағында сирек өсіп тұрған жемістердің әрқайсысын ұстап көріп, біреуін ғана үзді де жерге түсті. Ти Ся ол жемісті маған ұсына берген шақта жапондықтар әрі қарай жүріп кетті.

Жемісті маған өз қолынан ұсынған Ти Ся, төмендегі сөздерді айтты:

— Саулық сақтаудың бұл жеміс мың да бір себепкері екеніне, сырқат адамның тез айығуына біз сенеміз. Жемісті сізге сондықтан береміз.

— Рахмет. Тағы бір сұрау беруге мүмкін бе?

— Айтыңыз!

— Жапондықтарға неге бермедіңіз бұл жемістен?

— Кім көрінгенге бере беретін жеміс емес бұл. Совет Одағын біз жақсы көреміз. Сол елдің азаматы болғандықтан ғана беріп тұрмын сізге бұл жемісті. Совет азаматтары сау болсын!..

Отызыншы жылдары Қытайды зорлықпен басып ап, көп жыл қорлық көрсеткен Жапонияға Қытайдың қарапайым адамының көңіліндегі реніші осындай екен.

Жэнь-чэньді осындай ізгі тілекпен қолыма ұстатып тұрып, Ти Ся төмендегі сөзді айтты:

— Егер мүмкіншілігіңіз болса бұл жемісті сіз, сабағынан үзілген секундынан бастап, он төрт күн, он төрт сағат, он төрт минут, он төрт секунд өткенде жеңіз!

— Мақұл! Бірақ, мен үзілген секундын белгілемей қалдым ғой!

— Мен белгіледім! — деді де, Ти Ся жэнь-чэньнің сабағынан үзілген секундын айтты. Мен оны жазып алдым.

Совет адамдарына деген ерекше құрметі үшін Ти Яға сансыз рахмет айттым да, жолдастарыма оралып, Ти Сянің жеміс жайындағы әңгімесін айтып бердім. Сезім адамы ғой олар да. Алыстағы Кантонның ботаникалық бақшасында қызмет атқаратын қарапайым қытай әйелінің Совет Одағына, совет адамына деген кіршіксіз ма-

хаббаты олардың да жүрегін қозғап, сезімдері толқыған бейнемен, «бұл бір аса қымбат сый екен!» десті. Біз ол жемісті, дәл Ти Ся белгілеген уақытта бөліп жейтін болдық...

Ти Сяның белгілеген уақыты, біз Шанхай қаласына барып, Цин Дзянь мейманханасына қонған күні, түнгі сағат екіден аса берген уақытта толатын болды. Ол күні Вадимның тұмауратып жатқаны белгілі. Жэнь-чэньді алдымыздағы түнде жейтін болған соң, Вадимнен біз оған дейін дәрі-дәрмек ішпеуін өтіндік.

Сашкаға ерген мен Шанхайды, оның жуырда ғана қолдан жасалған әдемі бақшасын аралап ұзақ жүріп, мейманханаға қалжыраңқырап қайтсам, төсегіне оранып-шымқана жатқан Вадим шырт ұйқыда екен. Жақсы тыныстағы оның ұйқысын бөлгім келмей, есіктен еппен кірген қалпымды өзгертпей сыбдырсыз кейін шықтым да, Кетлинскаяға тиген номердің есігін тықылдаттым. «Кіріңіз!» деген даусы естілді оның. Ауыз бөлмесіне кіргенімде, «Кім онда?» — деді Вера Казимировна.

— Мен!

— Сәбит?

— Ие!

— Кәзір тұрам!

— Тыныста ма едіңіз?

— Жаңа ғана ванна қабылдап ем...

Ендеше қозғалмаңыз! Кейінірек хабарласайық.

— Қашан келдіңіз өзіңіз?

— Жаңа ғана.

— Шаршадыңыз ба? Көп жүрдіңіз ғой!

— Аздап қана...

— Ендеше біраз уақыт дамылдаңыз. Вадим кәзір ұйқыда. Қаттырақ тұмауратқан екен ол. Температурасы кешке қарай аздап көтеріліңкіреді. Әлгінде тағы кірсем, ұйқыға кеткен екен. Дем алысы жақсы. Рахат ұйқыда сияқты.

— Жақсы. Онда, мен де аздап тыныстайын! — деп шығар есікке беттей беріп ем,—

— Сәбит! — деді Вера Казимировна.

—Әу?

— Жэнь-чэньді жейтін күніміз бүгін түн ғой?

— Сағат түнгі бірден өте дескен жоқпыз ба?

— Есімде. Ұйықтап қалсаңыз оятам сол кезде

— Өзім де ояу болуға тырысам!..

Телефон шалдыр ете қалғанға шошып оянып, есеңгірегендей кроватымнан атып түстім. Трубканы тыңдасам — Вадим!..

— Қалайсың, Вадим!

— Шүкірлеу сияқтымын. Ал, өзің ұйқыда ма едің?

— Сөйтіппін...

— Сағат неше екенін білдің бе?

— Жоқ!

— Он екіден өтіп барады.

— Не дейді-ау?!

— Қара сағатыңа!

— Қарасам, рас.

— Жэнь-чэнь қайда?

— Әзір ғой ол.

— Ендеше, тез түзел де, жэнь-чэнді алып маған кел!

— Хұп!

Номердегі туалетке жуынғалы кіріп, беті-қолыма сабынды жаңа ғана жаға бастаған шақта телефон тағы да сылдырлай қалды.

— Ало! — дедім, трубканы орамалмен ұстап.

Веранық даусы.

Кіммен сөйлестіңіз Сәбит, сонша көп уақыт?

— Вадиммен.

— Уақыттың қанша екенін білемісіз?

— Білем!.. Кәзір!..

Вера екеуміз Вадимге барсақ, жылылау киінген ол диванында отыр екен. Біраз ұйықтап, терлеп... дегендей, тыныс алғанмен, температурасы қалпына келгенмен, денесінің аздап құрыстауы әлі де айықпапты. Дәрігер кеп, аздаған медикамент тастаған екен, бізбен уәделесуі бойынша оларды ішпепті.

— Неге? — деген сұрауға,

— Жэнь-чэнь ше? — деп жауап береді ол, расы да, қалжыңы да белгісіз кескінмен.

—«Күту» деген адамдық қана қасиеттің бірі ғой. Хайуанда жоқ қой ондай қасиет. «Күту» уақыты деген қызық уақыт қой. Жайшылықта зымырап өтетін уақыт, күтуге келгенде бір орыннан жылжымай тұрып алады ғой.

Жэнь-чэньді жейтін уақытқа жету де бізге осылай болды. Жиналған шағымызда сағатқа жетпестей ғана қалған аз уақытты тез өткізу үшін біз қалжыңын да,

шынын да араластыра, өз ойымызша қызық әңгімелер кеңескен боламыз. Жэнь-чэнь стол үстінде. Оны үшке бөлетін өткір пышақ қасында жаландап жатыр. Мал баққан ауылда қонаққа қозы союшы еді ғой. Қойдан ұстап әкелген қоңыр марқа, кәзір бауыздаларын сезбей, үйге кіре томпайып жата қалушы еді ғой. Мына жэнь-чэнь соған ұқсап, сағатқа жетпейтін уақытта үшке тілінерін сезбей, стол үстінде қопқоңыр, топ-томпақ, әпәдемі боп жатыр!.. Біз жеп үйренген «жауыздық» қалпымызға бағып, әлденелерді кеңесе, күле отыра, қашып кететіндей, көзімізді жэнь-чэнь байғұстан айырмаймыз...



Жазушы Вадим Собко.

Асыға күткен діңкемізді қатырып барып, Ти Ся айтқан он төрт күн, он төрт сағат та өтіп, алдымызға қойып, бетіне төнген сағатымыздың минуттық жебесі енді минуттік сызықтардың үстін бойлай жүгірді. Оның әдеттегі жылдам жүгірісі асыққан бізге шабандаған сияқты болған соң, бұл уақытты тез өткізбек боп, столда томпайған жалғыз жэнь-чэньді кімнің бауыздауын ақылдастық.

— Сен ұлы орыс халқының қызысын, жол саған келеді,— деп Кетлинскаяға ұсынып ек,

— Әйел ешнәрсені бауыздамайды,— деген қалжыңмен жоламады ол.

— Совет Одағында орыстан соңғы ұлы халық украин; ендеше бұны бауыздау жолы, хохол, сенікі,— деп Вадимге беріп ек,— инфлюэнциям бар, маған жарамайды,— деп ол да қашқалақтап,— мал баққан, малды көп бауыздаған елдің баласысың, батылсын, сен бауызда,— деп, тілінуіне бес минут қалған жэнь-чэньді еріксіз маған ұстатты. Вера да оны қолдады.

Көшпелі елде өскенмен, мен өзім мал бауыздап көрген кісі емес ем, одан қорқатын ем. Мынау — мал емес, жеміс. Бұнда қорқатын іштеңе жоқ. Сондықтан, бәрібір қашып құтыла алмайтын болғасын, уақыт таянғанда, сол жақ алақаныма жэнь-чэньді уыстап, оң қолыма пышақты оңтайлап, аз отырдым. Уақыт тіпті таянған шақта Вадим сағатын қолына алды да,

— Жолдастар, менің полковник екенім естеріңнен шықпасын. Команда менен болады. Мен: «бір!» дегенде пышақ ұстаған қол көтеріледі, «екі!» дегенде пышақ жеміске таялады «үш!» дегенде жеміс тілінеді,— деді.

— Хұп! — дедім мен.

Жеміс үшеумізге тең бөліну үшін, күнібұрын тілінетін тұстарын сызып, өлшеп қойдық.

Вадимның командасымен жеміс үшке тілінді де, әрқайсымыз өз сыбағамызды жеуге кірістік: дәмі шабдал мен алмұрттың арасындағы, қатқылдығы алма мен алмұрттың арасындағы, тәттілігі тілді үйіретін жеміс екен!

«Сұлу — сұлу емес, сүйген — сұлу» дейді қазақ. Талай тәтті жемістерді татып жүрген ауыз ғой біздікі. Ал мына, қытай халқының қарапайым қызы шын жүректен сыйға тартқан жеміс менің өзіме, бұрын татып көрген жемістердің бәрінен де дәмді сияқтанды. Жолдастарыма да солай сезіліпті.

— Бұл, тәннің емес, жанның азығы сияқты маған,— дедім мен,— өйткені бұл маған, бүкіл Қытай елінің бүкіл Совет еліне сүйіспендігін көрсететін символ!..

— Бізге де солай! — десті серіктерім.

Сырқатты сендіру арқылы да жазатын ғылым әдісі бар ғой. Содан ба, басқа себебі болды ма,— Вадим ертең оянғанда, тұмауынан құлан-таза жазылып шықты!

Жэнь-чэнь әңгімесін осымен доғарайық та, бұл жайды айтам деп үзіп алған кеңесіміздің желісін қайта жалғайық, ол — Шанхайдағы ірі капиталиспен танысу еді ғой.

— Шанхайдағы өндіріс орындарымен танысып жүрген шақта біз, «осы қаладағы ғана емес, бүкіл Қытайдағы ең ірілердің қатарында» деген, жібек және жүн матасын тоқитын зор, техникасы күшті, ісі мәдениетті фабрикаларда болдық. Бастаушымыздың айтуынша, бұл фабриканың және осындай тағы бірнеше фабриканың бұрынғы иесі — бүкіл Қытайдағы ең ірі капиталистердің, яғни миллиардерлердің бірі — Юнь И-жэнь (қытайша айтылуы — Юң И-жэнь) екен. Қазір ол миллиар-

дер — үкіметпен бірігіп қызмет атқарып отырған зор корпорацияның бір мүшесі. Корпорацияда үш мыңнан астам капиталистің басы қосылады, солардың ішіндегі ең ірісі осы Юнь И-жэнь. Оның жалғыз өзі 1955 жылы корпорация қорына тоғыз жүз сексен миллион юань пай салыпты. Сондай ірілерге қосарланып, бірер жүз юаньдық пай қосқандар да аз емес. Корпорацияның барлық пайын қосқанда, бес миллиард юаньға жақын. Барлық фабрикаларында 82 мың жұмысшы қызмет атқарады, миллион жарымдай ұршық иіріледі, айына жүз мыңдаған метр кездеме тоқылады.

Юнь И-жэньнің меншігінде бұрын жеті ірі фабрика болған. Ол кәзір бүкіл корпорацияны басқаратын директордың бірінші орынбасары, бұрын өзіне тәуелді болған жеті фабриканың бірінші директоры.

Біз Юань И-жэньнің «Ми Я» аталатын фабрикасында болдық. Ол — «Сұлу Азия» деген сөз екен. Юнь И-жэньнің бұл фабрикадағы орынбасары Гуэй Шу-цзинь деген әйел екен.

Бұл әйелдің өмірі қызық боп шықты. Қаладағы люмпен пролетариаттың[1] семьясында туған ол, жеті-сегіз жасынан «Сұлу Азияның» жұмысына кіреді. Азаттыққа дейінгі Қытайда, жұмысқа кірген балаға он алты жасқа дейін еңбек ақы төленбейді екен. Күші келген адамдар баласының еңбегіне ақша алу түгіл, жұмысқа алынғандығы үшін өзі ақша төлеп тұрады екен. Күші келмегендер, «егер балам қашып-пысатын болса, басыммен жауаптымын» деп өндіріс иесіне қолынан тілхат береді екен де, баласы қаша қалса, жұмыс істеген күндерде ішкен асының ақысын әкесі төлеп, төлей алмаса, не капиталистің жұмысын тегін істейді, одан бас тартса — абақтыға отырып, қазнаның жұмысын еріксіз істейді екен.

Гуэй Шу-цзинь де «Сұлу Азияға» осы шартпен кіріп, ауыр еңбектен қашып кеткісі келгенмен, қайыршы әкесінің халын ойлап, амалсыз жүре береді. Сондай азапта жүрген ол, он екі жасынан революциялық істерге қатынасып, ержетіп Коммунистік партия қатарына кіреді, фабрикада кәсіпшілер одағының жұмысын басқарады.

1947 жылы Юнь И-жэньнің фабрикаларында жұмысшылардың жалпы көтерілісі болады, ұйымдастырушы-

[1] Жұмыссыз қаңғырған пролетариат.

ларының бірі — Гуэй Шу-цзинь. Бірнеше айға созылған бұл көтерілісті басуға өз күші келмеген Юнь И-жэнь, Чан Кай-ши өкіметінен жәрдем сұрап, өкімет қарулы қол жібереді. Жұмысшылар оған да беріспей, араларында атыс басталады. Екі жақтан да көп кісі өледі, Гуэй Шу-цзинь ауыр жараланады...

Сондағы Юнь И-жэнь кәзір де «Сұлу Азияның» директоры, жараланған Гуэй Шу-цзинь оның орынбасары!... Халықтық Қытайда осындай да қызық жағдайлар бар!

Фабрикаларын көргенмен, Юнь И-жэньнің өзін біз жолықтыра алмадық. Мейманханамызға кештетіп келсек, номерлерімізде қытайша әдемі жасалған конверттер жатыр, ішінде иероглифпен жазылған әлде не қағаз. Сашка мен Наташаға оқытсақ — Юнь И-жэньнен. Ол хатында, фабрикаларын біз көрген шақта болмауына өкінішін айта кеп, бізді кешкі сағат сегізге үйіне қонаққа шақырыпты.

Бұндайда біздің ақылшымыз — жергілікті партия ұйымының өкілі. Шанхайда бізге басшылық етіп жүрген адам — өлкелік партия комитетінің қызметкері Го Хэнь жолдас. Банк қызметкерінің семьясында туған ол, 18 жасынан азаттық күресіне қатынасқан, революциялық Төртінші армияға тіленіп кіріп, 1939 жылы сол армия қатарында партияға мүше боп өткен. Соғыстың ауыр жерлеріндегі ұрыста жүрген оны, партия бір кезде Чан Кай-шидің тылына жіберіп, партизан отрядын ұйымдастырған.

Юнь И-жэньнің қонаққа шақыруына бару, бармауды Го Хэнь жолдасқа ақылдасқанда:

— Міндетті түрде бару керек,— деді ол,— Юнь И-жэнь жеті фабриканың ғана директоры емес, парламенттің мүшесі, оның үстіне, капиталистерді қайтадан тәрбиелейтін Бүкіл Қытайлық ассоциацияның председателі, қажетті уақыттарда ол телефон арқылы Мао Цзэ-дун жолдастың өзімен сөйлесіп отырады.

— Мақұл. Барайық,— дедік біз.— Бірақ, бізді бастап апаруыңызды өтінеміз!

— Ол ыңғайсыз болар,— деді Го Хэнь,— тілмаштарыңыз бар. Менің қажетім болмас. Кейін менімен пікірлескілеріңіз келсе, қалаған сағатта келуге даярмын.

Телефонын ол жазып берді.

Шанхайдың да кешкі сағат сегізі қараңғы іңір екен. Сашкаға бастатқан біз, жеңіл машинаға мініп, жары-

ғы көмескілеу көшелердің біреуімен айдап отырып, қақпа алдының шамы жарқыраған, айналасы Шанхай стиліндегі биік дуалмен қоршалған бір үйге бұрыла бердік. Машина тақала, қақпа ашылып кетті де, әлде не қытай жігіті қолымен «өтіңіздер!» дегенді ымдады. Қора ішіне ақырын жылжып кірген машинаның терезесінен қарасақ, жүріп келе жатқан тар жолымыздың өн-бойына тізіле жанған шамнан қора ішінің жарығы күндізгідей, өзіміз мәуелері мөлдірей салбыраған қалың жеміс бақшасының ішінде келе жатырмыз.

Бақша арасымен ақырын жылжыған машина, төбесін жарыққа ерегескен түннің қою қараңғылығы бүркеген, аспанға шапшыған айдаһар бейнелі биік колонналар тіреген, алды ашық, кең фасадында қытай стиліндегі люстра шамы жанған үйдің алдына кеп тоқтай қалды.

— Осы үй,— деді Сашка бізге,— түсіңіздер!

Біз машинадан түсе, европаша бір түсті әдемі киінген, денелері сидам, ұзынша, кескіндері бірінен бірі аумаған екі жігіт үйден шыға келді де, ақ мрамор басқыштан жылдамдата адымдап төмен түсіп, бізбен қолдасып сәлемдесті. «Қожасының қонақ күтуге жұмсаған қызметкерлері болар» деп жорыдық біз бұларды ішімізден.

— «Жүріңіздер!» дегенді ымдады олардың біреуі, денесін төмен не, қолымен есікті нұсқап.

Іші де қытай стилінде аса әдемі жасалған үйге бастаушы екі жігітке еріп кірдік. Олар бізді, бұрылысы көп не әдемі коридорларды аралата отырып, жиһазы сәнді кеңдеу бір бөлмеге әкелді. Бөлменің төрінде, бояумен көркем жасалған, кеңесіп отырған екі адамның суреті тұр, бірі — Мао Цзэ-дун, екіншісі — бізді бастап жүрген жігіт!.. «Юнь И-жэнь осы болмағай еді!» — деп ойлап қалдық біз ішімізден.

Басқа қытайлардың үйіндегідей, бұл бөлменің ішіндегі орындықтар да, столдар да, дивандар да, креслолар да жатаған, аласа екен. Бәрі де қытайша өрнектелген қалың жібекпен тысталған. Қабырғаларда жібекке әр түсті жіппен шеккен табиғат көріністерінің, хайуанаттардың бейнелері.

Бізді бұл «жұмаққа» әкеп кіргізген екі жігіт, қытайша сыйлықтарын дене қимылдарымен, бет құбылыстарымен көрсетіп, отырғыштарға орналастырды да, өздері басқа бөлмелерге шығып кетті.

— Кімдер? — дедік біз Сашкаға жылдам, ақырын дауыспен.

— Бастап жүрген Юнь И-жэньнің өзі.

— Қойшы!..

— Рас. Мен оны танимын.

— Осындай жас жігіт пе еді ол?

— Тым жас та емес, қырықтың мол ортасында болуы керек.

— Мүмкін! — дестік біз. Қытайдың кескіні жасын мөлшерлеуден алдататынын, «қыз» деп жорығаның «қасабалы қатын» боп, «жас жігіт» деп жорығаның бірнеше баланың әкесі боп орта жасап қалған адамдар болатынын талай рет көргеміз. Юнь И-жэнь де солай екен!

— Ал, анау қасындағы жігіт кім?

— Білмедім. Өзімен қызметтес, туған інісі бар деген. Кескін жобасына қарағанда, сол болу керек...

Екі жігіттің біреуі бізге тез оралды. «Бұл қайсысы? Юнь И-жэнь бе, әлде соның інісі ме?».

Менің басыма келген бұл сұрау Вадимге де келді ғой деймін — жігіт кіре бере Сашкамен жылдам сыбырласты да, іле маған сыбырлап «главный хозяин» деді. Ол сөзді естіп қалғандай, Юнь И-жэнь жымиды.

— Пластите — деді Юнь И-жэнь бізге «р» әрпін «л» ғып айтқан орысша тілмен,— Домасна дила...

— Орысша да біледі екенсіз ғой? — деді Вадим оған.

— Ный-ме-нозиска,— деді Юнь И-жэнь күле сөйлеп, бармақтарын санап,— лаз, дыуа, тлый, шетели, пият...

Одан әрі Юнь И-жэнмен Сашка арқылы сөйлесіп кеттік. Биографиясында, ол ірі капиталистің баласы екен. Әкесінің үш әйелінен екі-екіден алты ұл туған. Юнь И-жэнь мен інісі кіші тоқалдан екен. Үлкен екі шешеден туған төрт ұл кәзір шет елде көрінеді. Олар да ірі капиталистер дейді.

Юнь И-жэньмен біз ашық сөйлесіп кеттік. Ол әуелі, ағылшынның Қытайдағы бастауыш, орта мектебінен оқыпты да, одан кейін Англияға кетіп, Оксфорд университетінің тіл-әдебиет факультетін бітіріпті.

— Қалай оныңыз? Жазушы болу үшін бе, әлде әдебиетші болу үшін бе? — деген сұрауға:

— Жазушы болғым келгені рас,— деп күле жауап

жалын бастырған бірер романым да бар...

— Кейін ше?

— «Бұл профессияда талантым шағын екен» деп түсіндім де, шаруа жұмысымен айналысқым кеп, Вашингтон университетінің экономикалық факультетін тауыстым. Содан қайтқасын, Шанхайға келдім де, әкемнің өздеріңіз көрген фабрикаларын басқару қызметіне араластым.

Одан кейінгі істерін қысқаша баяндаған Юнь И-жэньнің айтуынша, ірі капиталистердің бірі бола тұра, революция жылдары шетке кетуге мүмкіндігі толық бола тұра, шетте де ірі фабрикалары бола тұра, оның қашпай қалып қоюына бірден-бір себеп — жерін сүюі.

— Екінің бірін таңдау еркі өзімде болды,— дейді Юнь И-жэнь.— Чан Кай-шидің үгітіне қарасам, коммунистік үкімет құрылса — «қанаушы тап» аталатындардың бәрін де қырады; Коммунистік партия мен Азаттық Армиясының үгітіне қарасам — қарсы шықпаған ешбір адамға да, солардың ішінде капиталистерге де, тимейді. Ініме[1] ақылдассам, туған өлкесін қимайды. Содан «Тәуекел... өлтірсе, сүйегім туған жерде қалар, шетте қаңғырғаннан осында болайын!» дедім де қалып қойдым.

— Оған өкінбейсіз ғой? — дейді Вера Казимировна күліп.

— Несіне өкінем? — дейді Юнь И-жэнь жымиып.— Фабрикаларымды өзім басқарам. Інім де осы фабриканың қызметінде. Үй-жайым өз қарамағымда. Үкімет үлкен сенім білдіріп, Халық өкілдерінің жиналысына депутат қып сайлады. Партия сенім білдіріп, капиталистерді қайтадан тәрбиелейтін ұйымның басқарушысы қып қойды. Күн көріс жеткілікті...

Юнь И-жэньнің өзі айлық еңбегіне бес мың юань, Інісі — үш мың юань алады екен. Оған қоса, корпорацияға салған миллиардқа жақын үлесінен түскен пайданың он процентін алады.

— Осынша ақшаны қайда қоясыз? — деген сұрауға Юнь И-жэнь:

— Өз қажетімізге інім мен екеуміздің еңбек ақымыз да мол жетеді, өзгесін банкеде ұстаймыз,— деп жауап береді.

[1] Атын ұмыттым. Жасы отызды орталаған, білімі — финансист, қызметі — фабриканың бас бухгалтері. *С. М.*

— Банкеде не бітіреді ол ақша?

— Үкімет пайдасында, айналымда жүреді. Қажет кезінде үкіметке түгел өткіземіз...

— Мәселен, қандай «кез»? деген сұрауға тура жауап берудің орнына Юнь И-жэнь орнынан тұрды да, биік шкафтың ішкі қатарларында текшелене жиналып толып тұрған түптелуі әдемі кітаптардың қасына барып:

— Мына қатар,— дейді қолымен нұсқап,— Маркс пен Энгельстің ағылшын тілінде жазылған және қытай тіліне аударылған шығармаларының жинағы; мынау қатар — түгелімен Ленинның қытай тіліне және ағылшын тіліне аударылған шығармалары мен кейбір жеке кітаптары; мына қатарда Сталиннің шығармалары тұр; мына бір қатарда жолдас Мао Цзэ-дунның шығармалары және Қытайдағы коммунизм қайраткерлерінің еңбектері; бұларға жалғаса тұрған мына кітаптар — Қытай Коммунист партиясының, Совет Коммунист партиясының және өзге елдегі кейбір коммунист партияларының қажетті қаулылары...

— Осының бәрін оқымаймыз ба? — дейді Юнь И-жэнь, шкафтан бізге қарай беттеп, күлімсіреген кескінмен.— Оқысақ ұқпаймыз ба? Ұқсақ — тиісті қорытындыға келмейміз бе? Менімше, сіздерге оның қандай қорытынды екенін айтудың қажеті болмас?

— Әрине,— дейміз біз.

Юнь И-жэньнің капиталистерді қайтадан тәрбиелейтін бүкіл қытайлық ассоциацияға неге председатель болуы бізге енді ғана түсінікті бола бастады...

Оның әңгімесінен тағы бір қызық мәселе келіп шығады. 1955 жылы, әлдекандай себеппен, Юнь И-жэнь Чан Кай-ши билеп тұрған Тайвань аралына барады да, ондағы халыққа, Қытайдағы Халықтық үкіметтің құрылысы туралы, Халықтық Қытайда экономиканың, мәдениеттің өркендеу жолдары туралы, Қытай үкіметінің бұрынғы қанаушы таптармен қарым-қатынасы туралы лекциялар оқи бастайды.

— Бірақ,— дейді Юнь И-жэнь күліп,— ешбір үгіт-насихатсыз, жаңа Қытайда болып жатқан істердің тек фактыларын ғана айттым.

— Үгіт-насихаттың ең мықтысы емес пе бұл? — деп күлеміз біз.

— Чан Кай-ши де солай ойлады ғой деймін,— дейді

сіздігін қорғайтын мекемесі аз күннен кейін мені шақырып алды да, жиырма төрт сағат ішінде Тайваньнан кетуге міндеттеді...

— Бірақ, олжасыз қайтқан жоқпын,— дейді ол тағы да күліп,— менің ізімді шала, Тайваньдағы капиталистердің біразы шет елдердің банкесінде ұстайтын ақшаларын Халықтық Қытайдың банкесіне аудара бастады. Жалғыз олар ғана емес, басқа мемлекетке эмиграцияға кеткен қытай капиталистерінен де соңғы бірер жылда ақшаларын Халықтық Қытайдың банкелеріне аударып жүргендері аз емес.

Сонда ғана сұрап білдік: шетте жүрген қытай капиталистерінің кәзіргі қытайлық банкелерге ақшаларын я басқа қымбаттарын жіберуге де, жібергенін қайтарып алуға да хақысы бар екен.

— Қытай Коммунист партиясының саясаты да, оған қытай халқының, оның ішінде — капиталистерінің құлақ тігуі де, ісіне араласуы да осындай! — деп бітіреді Юнь И-жэнь ресми сөзінің аяғын.— Осындай адал саясатқа да арамдық білдіріп, үкімет пен партияның ісіне бөгет болғысы келетіндер де жоқ емес. Бірақ, ұлы Янцзы өзені жолындағы ыластың бәрін жуып, түбіне тұндырып, өзі Шығыстық Қытай теңізіне мөлдір таза қалпында көп құюы сияқты, жаңа Қытай да жолындағы бөгеттерді тереңіне батырып, өзі коммунизм мұхитына таза қалпында құйылып жатыр...

Одан әрі қонақтық мәжіліс басталып, біраз сағатты рахатта өткізгеннен кейін, біз мейманханамызға түнді өткеріп барып келдік.

Таңертең біз Го Хэньмен жолықтық. Түндегі көргенбілгенімізден алған әсерімізді қысқаша түрде тындаған ол;

— Капиталистермен я қанаушы таптың басқаша түрлерімен одақтасу — тайғанақ іске аяқ басу ғой? — деді күліп.

— Әдіс-айласын таппаса, әрине! — дедік біз.

— Мұндағы мәселе — әдіс пен айлада ғана емес,— деді Го Хэнь.— Ашығын айтқанда, осы істің бәрі тек Совет Одағының арқасында ғана істеліп жатыр.

— Қалайша?

Егер Совет Одағы сияқты мызғымас берік тірегі болмаса, Қытайдың халықтық құрылысының жасап тұруы

өте қиынға соғар еді. Қытайды бұрын талап дәндеген империалистер оны тағы да таламақ боп жан-жағынан шабуыл жасар еді, оған төтеп беру Қытайдың өзіне аса ауырлыққа соғар еді. Кәзіргі Қытайға олардың жабыла кетпеуіне бас себеп — Қытаймен достық құшағы берік қабысып отырған, экономикасы да, техникасы да күшті, ынтымағы нық — Совет Одағынан ығысқандық, оны Қытайға жәрдемдеседі деп қорыққандық.

— Қытай мен Совет Одағының және басқа да халықтық демократия елдерінің бірлігінен капиталистердің қорқатыны рас,— деді Вадим күліп.

— Совет Одағымен бірлігіміз берік болғандықтан, соның жәрдеміне сүйенгендіктен,— деді Го Хэнь,— біз барлық ісімізде де қорықпай, батыл қимылдаймыз. Совет Одағы өз ішіндегі қанаушы тапты жойып жіберсе, ол Россияның ол кездегі жағдайы үшін өте қажет іс еді. Капиталистердің қалың қоршауында тұрған социалистік жалғыз Советтік Россия, егер ішкі жауын ол кезде жоймаса, жаулары оны жояр еді. Кәзір Қытайда оны істеудің қажеті жоқ, өйткені Совет Одағымен, халықтық демократия жолына түскен басқа мемлекеттермен бірлесіп отырған жаңа Қытайды құлатуға, ішкі жау түгіл, сыртқы империалистердің де күші келмейді. Солай болғандықтан, егер қаруын тастаса, тәрбиеге көнсе, жұмысқа араласса, халық азаттығына бұрын жау болғандарды енді жоюдың қажеті не?..

Го Хэнь жауап күткендей кідіргенмен, Қытайдың өзгешелігінен туған ол сұрауға біз жауап бермедік.

— Әрине,— деді Го Хэнь,— аздан кейін,— ішкі істеріңізде сіздерде де қателықтар мен кемшіліктер болмай қойған жоқ. Біз оның бәрін еске алып, Қытайда болдырмау жабдығын қарастырамыз. Қысқасы, Совет Одағы барлық ұлы жетістіктерімен де, біраз ұсақ қата-кемшіліктерімен де, социализм жолына түсетін елдердің бәріне өлшеусіз үлгі, табылмас мектеп. Олай болуы заңды да ғой, өйткені коммунизмнің мызғымас тірегі марксизм-ленинизм емес пе? Ленинизмнің туған жері — бұрын «Россия» кәзір «Совет Одағы» аталатын ұлы мемлекет емес пе?...

VI. ДОСТЫҚ ЖОЛЫ

Пекиннің мемлекеттік, партиялық, шаруашылық және мәдениеттік мекемелерінде бірталай қазақ қызметкер-

лері бар екен. Солардың ішінен, өзгесінен гөрі менімен бұрынырақ танысып, Пекиннен аттанғанша жиі қатынасып жүргені екі адам: бірі — ұлттар баспасында қызмет атқаратын, жасы отызға жаңа кірген Қәжәй Жәмшитов, екіншісі — оның жұбайы, Пекиндегі мемлекеттік филармонияның ұлттар ансамблінде әнші және биші қызметін атқаратын Меңжамал Шаяхметова. Бұл екеуі де қытай тіліне судай. Ұлы мемлекеттің көп жерін аралаған олар, әсіресе Меңжамал қытайдың әдет-ғұрпын білуге де жүйрік, сондықтан бірталай мәселеде олар менің ақылшым болды.

Пекинді аралаған күндердің бірінде біздің бригада осы қаладағы «Ұлттар институты» аталатын мектеппен танысты. Қасымызда Сашка мен Наташа және Қәжәй бар.

Қаланың теріскей-батыс жақ шетіне, бақшалы, каналды әдемі жерге орналасқан бұл оқу жұртының ең алдымен көз тартары — қытайлық архитектураның тамаша үлгілерімен салынған, аса көркем, үп-үлкен қала боп көрінетін корпустар. Қателеспесем, бұл үйлер бертінде, Халықтық үкімет құрылғаннан кейін, «Ұлттар институтына» әдейі арналып салынған.

Институттың директоры Юсуф Хо Лю деген адам екен, ұлты дүңген, жасы сол жылы 41-де, әкесі орталау соудегер болған, өзі 1937 жылдан революциялық істерге белсене араласып, 1939 жылы партия қатарына өтіп, азаттық күресі кезінде ауыр міндеттер атқарған.

Оның айтуынша, сипаттағалы отырған институтымыз 1951 жылы ашылған екен. Қазір барлық оқушыларының саны 1600, оның бес жүзден астамы — әйел.

Қытай мемлекетінде қырықтан астам ұсақ ұлт бары бізге белгілі. Атап отырған институтымызда солардың бәрінен де оқушы бар екен, Қытайдағы ең аз ұлт «Ңа Луң-соң» деген халық дейді, өзінің тілі, әдет-ғұрпы бар бұл халықтың барлық саны — 1200 ғана адам көрінеді. Қытайдың алыстағы күнгей-шығысында өсетін бомбуктың «ит мұрны өтпейтін» қалың жынысын мекендеген, аңшылық және балықшылықпен ғана күнелтетін бұл халықтың салты, адам қоғамының көне замандағы «алғашқы коммунизм» аталатын сатысы жағдайында болса керек. Сипаттап отырған институтта, мәдениет сатысында ең төмен қалған осы ұлттан да оқушылар бар.



Пекиндегі ұлттар институтында оқушы қазақ қызы.



Ұлттар институтының оқушылары.

Аты «институт» бола тұра, бұл оқу орнының «оқушылар» дегені қызық. Әдетте «институт» аталатын оқу орнына, жасы балалық шақтан өткен, білімі орта дәрежедегі адамды алады ғой. Ал мына институттың оқушыларының жасы — бірден алпысқа дейін.

Үстірт қараған кісіге, бұл күліп жіберетін сөз сияқты. Ішкі сырына үңілсек, күлетін іштеңе жоқ. «Бірден» — дейтіні, институтқа оқуға келген жасамыс адамдардың кішкене балалары институт қарамағындағы яслидің бақылауына, тәрбиесіне алынады. Әке-шешелері оқуларын бітіріп кеткен шақта, егер ыхтияр болса, сәбиін яслиге қалдырып кетуге ерікті. Ондай балалар бар да.

Қытайдағы қырық шақты ұлттың, азаттыққа дейінгі уақытта басым көпшілігінде ұлттық мектеп, ұлттық баспасөз жоқ екен. Халықтық үкімет аз жылда олардың көпшілігіне ұлттық мектеп, ұлттық баспасөз ұйымдастырып үлгірген. Ал кейбіреуі, мәселен — ең аз ұлттың бірі «и» немесе «яо» немесе «Ңа Луң-соң», үкімет мектеп ашам дегенмен, сана-сезімдерінің артта қалуынан, ондай шараларды арасына жүргізуге әзірге рұқсат етпейтін тәрізді. Саясатында зорлау жоқ, түсіндіру ғана бар үкімет, «қайтсең де ашасың» демейді екен,— үгіт-насихатын жүргізе отыра, бұл ұлттың кейбір санасы оянған адамдарының балаларын жекелеп жинап, Пекин және сол сияқты бірнеше қалаларда ашылған «Ұлттар институтында» оқытады екен. Пекиндегі институтта бұндайлардан үш жүзге тарта балалар бар көрінеді. Юсуф Хо Людің айтуынша, бұл балалар осы институттан жоғары білім алғанда бір-ақ шығуға тиісті.

Ұлттар институтындағы тағы бір ерекшелік — аз ұлттардың ішінен шығып азаттық күресіне қатынасқан немесе азаттықтан кейін халықты жаңа үкіметтің шараларын орындауға ұйымдастырған белсенді, ересек адамдарды да оқыту. Жасы егде тартып қалған бұндайлардың біразына оқудың «хат тану» деген жағы қонбайтын көрінеді, қалай түсіндірсе де иероглиф «жарықтықтың» белгілері басына кірмей-ақ қоятын көрінеді. Бұны «иероглифтің шимайы көптіктен болар» деген оймен, оқытушылар латын немесе араб әріптерін үйретсе, оны да ұқпайтын көрінеді. Ал сонда не істеу керек? Ұқпадың деп институттан шығару керек пе?

Халықтық Қытайдың төзімді саясаты бұған да шыдап, миына сызу қонбаған жасамыс адамға саясатты ауызша түсіндіреді екен, осы жолмен де белгілі курсті өткеріп, партиялық, үкіметтік істерге пайдалы адам ғып шығарады екен. Институтта біз, сақалдары сапсиып, осындай курсті өтіп жатқандарды да көрдік.

Тағы бір қызығы, өзі партиялық мектептің типінде бола тұра, осы институтқа тәуелді оқу үйлерінің ішінде будда, ислам сияқты дінге сенетіндердің намаз оқуына арналған залдар бар, оқылатын намазды басқаратын имамдар бар, олар мұғалімдердің қатарында үкіметтен еңбек ақы алады. Мен өзім, мұсылмандарға арналған залда намаз оқып жатқан «студенттердің» үстінен шықтым.


Оқырмандардан кешірім өтініп, кезеңі келген жерде, төмендегі бір жағдайды айта кетейін. Араб елінен қытайлық Кантон аса жырақ жер болғанымен, сушыл арабтар «чинь» деп атайтын (бұл сөз «құранда» да бар) Қытай мемлекетіне тіпті көне заманнан кемемен қатынасып сауда-саттық жасайды екен. Соның салдарынан, жетінші ғасырда араб елінде шыққан ислам діні, Қытайдың күнгейіне жүз жыл шамасында, яғни сегізінші ғасырда, Кантон қаласына да жетіп, онда мешіт салынған екен. Көне заманның бұл қаладағы архитектуралық ескерткішіне жататын, қытай стилінде салынған бұл мешітте мен болдым. Имамы — дүнген екен, арабша аты «Юсуф Исхақ», дүнгенше аты «Ка Минь-би» екен. Оның айтуынша, Кантонда әр ұлттан үш мың үйдей мұсылман барға ұқсайды. Мұсылмандық жоғары білімді Байрут қаласындағы «Даруль-фнуннен» алған, жасы алпысқа таянған бұл кісі, саясаттан да хабардар екен, жаңа үкіметке қызмет атқарып, бір жағынан молдалығын құра жүре, екінші жағынан, бұрын «дін медресесі» болған, енді «халықтық мектепке» айналған, сол мешіттің қорасындағы үйде балаларға сабақ береді екен. Оның бірнеше кластарын аралап танысып шықтым: «хансу (қытай) және дүнген ұлтынан шыққан мұсылмандардың балалары, көпшілігінің мойнында пионер галстугі, олар да менің «су-лянь» екенімді білген соң, қолдарын пионерлерше көтеріп, өз тілдерінде маған амандасты. Осындай «пионерлердің» бір класта намаз оқып жатқанында үстінен шығып қалдым!..

Тақырыбымызға,— Пекиндегі Ұлттар институтының жағдайын сипаттауымызға оралайық.

Балалар класын есептемегенде, институтта «саяси» аталатын, жоғары дәрежелі, оқуы төрт жылдық бір факультет бар да, «тіл білу» аталатын, орта дәрежелі, оқуы екі жылдық факультет бар. Бұлардың бәрінде 280 мұғалім сабақ оқытады. Оқу, жатақ, тамақ үйлері қазынадан, оқуды тегін оқиды, асты тегін ішеді, киімді үкімет арзан бағамен ұйымдастырады, оқушылардың ұсақ қажетіне деп, қолдарына айына сегіз юаньнан ақша береді, оқу құралдары тегін, оқу қытай тілінде және егер жазуы болса, әр ұлттың өз тілінде оқылады. Біз жатақханалардың да, оқу кластарының да көбін аралап шықтық, олардағы тәртіп, тазалық — айта қалғандай. Жалпы оқушылардың ішінде коммунист саны 341, олар — 34 ұлттан; комсомол саны — 832, олар — 38 ұлттан; кәсіпшілер одағының мүшесі — 614, олар — 27 ұлттан. Жазғы каникул — екі ай, қысқа каникул — бір ай.

Біз ол жолы да, одан кейін де Ұлттар институтының бірталай студенттерімен, оқытушыларымен кездестік. Солардың бәрінен естуімізше, өзге институттарда қаруын тастаған қанаушы тап өкілдерінің де, контрреволюционерлердің де балалары оқығанымен, бұл ұлттар институтында оқитындар түгелімен еңбекші таптан шыққандар немесе, негізгі қанаушы таптан шыға тұра, азаттық күресіне белсене қатынасып, үкіметтің, партияның, халықтың алдында күдіксіз сенімге ие болғандар.

Кейбірінің биографиясынан қызғылықты драма болатын оқиғалар да шығып қап отырады. Тайқоңыр Атығаев дейтін қазақ студенті 1929 жылы Тарбағатай округінде, батырақ семьясында туады да, әкесі — Бөлеуге, шешесі — Ұрқияға, әкесінің інісі — Омарбекке қосыла, Гау Луң-гет аталатын помещикке жеті-сегіз жасынан жалшылыққа тұрады. Ұрқия мен Омарбек жалшылықтың тепкісінде өледі. Тайқоңырдың бірге туған апасы — он бір жасар Нұршағиді, Қытайда «зеңгі» аталатын, қанаушы таптан шыққан кәрі әкім зорлықпен тоқалдыққа алады. Кейін, Қытайда азаттық күресі басталғанда, ержетіп қалған Тайқоңыр, өзі тіленіп Азаттық армиясына кіреді де, қашқан Чан Кай-шиді қуып, Қытайдың Тайвань жақ бетіндегі теңізге апарып тығады. Сол арада мейлінше мелжемделген Чан Кай-ши армиясының қалың көпшілігі қамауда қап қолға түскенде, Тайқоңыр-



С. Мұқанов пен Тайқоңыр.

дың апасын тартып алатын зеңгі де қолға түсіп, ол кезде ұлғайып қалған Нұршағиды адам жыртқышының тырнағынан құтқарған Тайқоңыр, командирдің рұқсатымен, зеңгіні өз қолынан атып өлтіреді...

Үлкен драмаға материал боларлық бұл оқиғаны Тайқоңыр күрсіне, көзіне жас ала отырып айтады. Армияда жүріп партия қатарына кірген шала сауатты Тайқоңырды жергілікті партия комитеті 1952 жылы Пекиндегі Ұлттар институтына жіберген екен. Біз барған — 1956 жылы ол, институтты бітіріп, экзамен ұстап жатты.

Институт қарамағындағы бір үлкен үйдің астыңғы этажында, Қытайдағы ұсақ ұлттардың сауатқа қолы қашан, қалай жеткендігін ұқтыратын көрме бар. Бұл шын мағынасындағы аса қымбат және аса тарихи музей. Экспонаттар өте көп жиналған және бәрі ғылми түрде өте дұрыс орналасқан. Бұның бәрін сипаттау талай томдық кітаптың әңгімесі.

Институттың қасында бай кітапхана бар, онда Қытайдағы ұлттардың бұрын-соңды басылған кітаптарының көбі табылады. Қазақ әдебиетінің бөлімінде Қазақ-

стан жазушыларының да көптеген шығармалары бар екен.

Институтта ән, күй, би сияқты ойын-сауықтармен, дене шынықтыру ойындарымен шұғылданатын толып жатқан үйірмелер бар екен. «Ертеден қара кешке» дегендей, институт жағдайымен асықпай, ұзақ танысқаннан кейін дирекция бізден оқушылардың күшімен қойылатын концертті көруді өтінді. Біз оны, әрине, мақұлдай кеттік, өйткені шаршаңқырағаң адам, біріншіден — дем алсақ, екіншіден, Қытайдағы аз ұлттардың бұрын көрмеген музыкалық аспаптарын көріп, бұрын естімеген ән-күйлерін естуіміз қажет.

Ол ойымыз дәл келді. Клубтың мыңға жақын адам сиятын әдемі, кең залында көрермендер оннан аз-ақ астам адам,— біз ғана болғанмен, бұл санымызды азсынбай, институтта әр ұлттан келгендердің бәрі, шетінен бастап, өз ұлттарының сауығын көрсетуге кірісті. Ойын басталар алдында Юсуф Хо Лю: «Сіздерге институттағы барлық ұлттың да өнерінен аздап болса да нұсқа көрсетуге тырысамыз, ол біраз уақытты алуы мүмкін, егер жалығатын болсаңыздар — ескертіңіздер!» деді.

Қайда жалығу! Бұрын ешқайда не көрмеген, не естімеген музыкалық құралдар мен ән-күйлерді, билерді естіп көргенде, манағы шаршаңқырау ұмыт боп кетті. Бұл көрініс бізге тірі музей сияқтанды. Айналасы екі сағаттық уақыттың ішінде, біз Қытайдағы ұсақ ұлттардың бұрын көрмеген, білмеген көркем өнерінен екі жылдық сабақ оқығандай болдық. Меңжамал Шаяхметованың және басқа оқушылардың шебер орындауында, ішіне қазақтың да ән-күйлері, билері кірген, Қытайдағы барлық ұлттың да институтта оқитын көркем өнер иелері түгел қатынасқан және барлық артистері де өздерінің ұлттық киімдерімен шыққан бұл концерт бізге социализм жолына түскен Халықтық Қытайдағы мызғымас ұлттар достығының аса жарқын бейнесі сияқтанды!..

Дәл осындай жағдайды мен Ланьчжоу қаласында да кездестірдім. Оған тоқталардан бұрын айта кететін сөз: біздің қытайлық командировкамыздың уақыты бір-ақ ай екендігі оқушылардың есінде. Ол уақытты біз қалың хансуды аралап жүргенде түгелімен жеп қойдық та, Пекинге қайтып, оралғанда не істерге білмей, «екі қолды мұрынға тығатын» халға келдік.

Енді, Қытайдағы елшіміз Юдин жолдасқа айтудан басқа амал қалған жоқ. Дипломаттығы ма, әлде басқа жағдайы бар ма, ол бізге: «Москвамен өздеріңіз сөйлесіңіздер» дегенді айтты да, «Ве-че» аталатын телефонымен байланысуға рұқсат етті. Өз отанымызда қажетті жерге секундында сақ ете қалатын ол «жарықтық», шет елде де солай екен. Заказымыз беріле сала.

— Москва! — деді телефонистка бізге.

Москва!.. Азар болса, бұл сөзіме сықақ қой біреу, «әсіре қызыл бола қоюын қара!» деп күлер. Күле берсін... Шындықты айтайын: туысқан Қытай елінің ішінде, достық жылы құшағында жүргенде өз отанымызды, оның баға жетпес астанасы — Москваны сағынғанымыз сондай,— телефонистка ұсынған трубкаға бәріміз балаша шулап таластық!.. Тегі, екі серігімнен мен «нахалдау» болдым ғой деймін, күшке салғандай, трубканы жұлып ап «алу!» десем — Москвадан бізге қажет жолдас жауап беріп тұр екен! Ве-ченің мүлтіксіз ашық дауысынан ол біздің телефонға таласқан даусымызды естіп қапты.

— Шуларыңыз не? — деді ол жөн сұрасқаннан кейін.

Мен шынымды айттым. Ол күлді.

Собко мен Кетлинскаяның Солтүстік Қытайға, менің Синьцзянға баруыма тағы бір-бір айдан рұқсат берілді. Сол түні, Вадимнің түпке сақтап жүрген жалғыз бөтелке «Ко-Эсін» мәжілістесіп отырып таң білінгенше ермек еттік те, таң біліне, екі машина келгеннен кейін, бір ай бірге болғанда бір әке, бір шешеден туғандай боп кеткен біз құшақтаса, сүйісе айрылып, әрқайсымыз өз ұшатын аэропортымызға жөн тарттық!..

Үрімшіге жеткенше маған тілмаш болуға қасыма Ню Чань-чинь деген жас жігіт ерді. Аспанға біз таңертеңгі жеті жарымда көтерілдік.

Түнде көз шырымын алмаған мен, аспандағы уақыттың көпшілігін қалғумен өткіздім. Екі-үш жерде тоқтаған самолет, Ланьчжоуға [1] күндізгі сағат үште келіп қонды. Оның кішірек аэропортында мені екі кісі қарсы алды, бірі — жергілікті жазушылар ұйымының басқарушысы, өлең-сөздерді көп жазатын, музыкасын да өзі

[1] Жергілікті қазақтар «Ланжау» дейді екен, бұдан былай біз де солай атаймыз.

шығаратын Юэ Сунь, екіншісі — Қалалық Советтің мәдениет жұмысын басқаратын Чжан Ши-э.

Ланжау Қытайдағы ең ескі қаланың бірі және Қытай мемлекетіндегі Ганьсу аталатын өлкенің орталығы екен. Бұл отыздан астам ұлттың басын қосатын өлке боп шықты. Халқының ең көбі дүңген, олар бұнда отыз миллиондай деседі. Қазақтың ертегі-аңыздарында «қарақытай» аталатын ел осы екен. Ислам дінін тоғызыншы ғасырда қабылдаған бұл халық, арғы тегі хансудың (қытайдың) бір руы бола тұра, қанаушы тап үстем шақта будда дініндегі хансулармен өмір-бақи қандаса жауласып өсіпті де, 19-ғасырдың 70-жылдары бір жүйелері Россия қарамағындағы қазақ-қырғыздың жеріне өтіп кетіпті. Қазір Қырғызстан мен Қазақстанда бірнеше село боп отыратын дүңгендер солар екен. Қытай мемлекетінде дүңгендерді аса қысымшылықта ұстаған патшалар, әсіресе Маньчжур династиясының патшалары, көршілес отырған дүңгендер мен ұйғырларды да үнемі жауластырып ұстау саясатын қолданып, бұл екі халық та сан ғасырлар бойына қандаса қырқысқан. Осындай, төңірегіндегі елдердің бәрімен жауласып өскен дүңгендер, азаттыққа дейін өздерінен басқа ешбір елмен қыз алысып, қыз беріспейді екен. Егер бір қызы әлдеқалай басқа халықтың жігітіне тисе, оны өлтіру және басын кесіп ап, әкесінің қақпасына іліп кету дүңген атаулының «хасиетті» міндеті екен. Дүңгеннен бір адам хансу асханасынан тамақ ішкені сезілсе, оны да өлтіру міндет екен.

Азаттықтан кейін бұл жауыру түбірімен жойылып, дүңген Джунго мемлекетінің барлық халқымен де достасып алыпты. Осы Ганьсу өлкесінде тұратын отыз шақты ұсақ ұлттың ішінде үш мың үйдей қазақ бар деседі. Ол жайға кейін толығырақ ораламыз. Ганьсуда тұратын халықтардың бәрі қазір бір анадан туғандай тату тұрып, жаңа социалистік өмірлерін бірлесе құрып жатыр.

Ланжау — Хуанхэ өзенінің жағасында, жан-жағын асуы қиын құмақ тау қоршаған бір қойнаудағы қала екен.

— Бұндай қуысқа неге тығылған? — деген сұрауға:

— Жоғарғы себептердің салдарынан,— деп жауап береді Юэ Сунь.

Қала екіге бөлінеді екен: ескі қала және азаттықтан

кейін ғана іргесі қаланған жаңа қала. Ескі қаланың үйлері қалың Қытайдағы үйлерден гөрі Орта Азиядағы үйлерге ұқсайды: тапал, төрт-бақ, төбелері жалпақ, терезелері қора ішінде, сыртқы қабырғалары тескінсіз тұтас, көбінің төбесінде «балахана» аталатын қондырмалары бар. Әрине, ескі қаланың барлық үйлері бұндай емес. Орта көшелерінде қытайлық, европалық стильдерде салынған екі-үш этажды үйлер де жоқ емес. Көпшілігі, әсіресе шет көшелердегі үйлер, жоғарыда сипатталғандай.

Жаңа қала ескі қаладан алшағырақ, жайпаң тұсқа, жаңа Қытайдың үлгісінде салынған: көшелері тік, кең, үйлері әлденеше этажды биік және үлкен, архитектурасы — қытайлық, көшелерді бойлай, алаңдарды толтыра ағаштар егілген, газондар отырғызылған, көше-көшенің бәрі асфальт, көп үйлердің астында магазиндер бар.

Жер иелері мені, осы жаңа қалада өткен жылы ғана салынып біткен алты этажды мейманхананың ең үстіндегі 612 номерге орналастырды.

Бұл мейманханаға мен қызық шақта түсіппін: сол бір күндері Ланжауда Ганьсудың өлкелік партия конференциясы шақырылып, барлық ауданнан да коммунистер келіп жатыр екен. Олардың біразымен танысу, сөйлесу — Қытайдағы ұлттардың бұрынғы-соңғы өмірлерін түсінуде маған қосымша сабақ боп шықты.

Ланжаудағы Ұлттар институтымен танысу менің Қытай туралы алып жүрген сабағымды молайта түсті. Оның директоры Ваньнің (ұлты — дұңген) айтуынша, 1949 жылы іргесі қаланған бұл институтта кәзір он алты ұлттан 1330 адам оқиды, оқушыларының жасы оннан алпысқа дейін. Қазақтың алыстағы көшпелі ауылдарынан келіп (Ланжаудан бір-екі мың километрлік жырақтағы таулар мен далаларда көшетіндері де бар деседі) институттың интернатында оқитын, он мен он жеті жастың арасында жүзге тарта балалар бар екен. Дәулет Қарағұлов, Абдолла Мақиев, Қасымхан Күдеров дейтін мұғалімдер олардың арасында оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізеді.

Бұл институттың жеті жылдық өмірінде әр ұлттан 3275 адам бітіріп, кейі жоғарғы оқуларға, кейі халқының арасына қызметке кеткен.

Оқу, тәртіп жайында, үй құрылыстары жайында бұл

институт та Пекиндегі институттың нақ көшірмесі, сондықтан оны сипаттамай-ақ, Пекин институтынан бір ғана артықшылығын айтайын, ол — жаңа ғана салынып бітіп, іші-сыртының соңғы әшекейлері жасалып жатқан мәдениет сарайы. Қытай архитекторы Чжо Чжэньнің жоспарымен салынған ғажап үлкен, ғажап сұлу бұл сарайдың ішкі-сыртқы өн-бойына Ганьсу өлкесінде тұратын ұлттардың бәрінің де ою-өрнегінің ең жақсылары гипстен жасалып түгел сиған және әдемі түсте боялған. Бұл жағынан бұл үй әр ұлттағы ою өнерінің музейі сияқты.

Ланжауда естіген бір жаңалығым — монғол Шыңғыс хан туралы. XIII ғасырда жасап, көп елді жаулап алған бұл хан, ажалы жетіп өлген шақта балалары, билері, батырлары: «Егер бұл өлімді жаулар естісе — желігіп, көтеріліп кетуі мүмкін» деп, бірде — ана, бірде — мына ордасына кетті десіп, он жылға дейін сыртқа жасырып айтпай қойған ғой. Тарихи материалдардан тағы бір көргенім: өлгенін жасырған Шыңғысты кейін, «жаулар өлігін ұрлап әкетуі мүмкін» деп, жанашырлары тоғыз жерге ауыстырып көмген. Мен білетін мәліметте, Шыңғыстың соңғы қабыры Қаракұрым тауында болуға тиісті еді. Анығында олай болмай шықты. Кейін (нақ қай жыл екенін жазған қағазымды таба алмай жүрмін) Шыңғыс Қаракұрымнан алынған екен де, Ланжаудың күнгей жағында, қалың таудың арасындағы шалқар көлдің жағасына көмілген екен. Осы арадағы «сүйекті» азаттықтан кейін (1949 ж.) Қытай мемлекетіне қарайтын Ішкі Монғолиядан әдейілеп келген адамдар өз жеріне көмуге әкетіпті. Бұндағы «сүйек» жатқан жерге Шыңғыстың бюстін мрамордан жасаған ескерткіш орнатылыпты. Біз оған машинамен баруға жиналғанда қалың жаңбыр жауып кетті де, жер иелері: «Жолда таудың биік асуы бар, жаңбырда одан өте алмаймыз» десті. Кейін баруға уақыт болған жоқ.

Ланжауда болған екі-үш күннің ішінде мен Актоғай — Ланжау темір жолының материалдарымен таныстым. Ұзын тұрқы 2380 километр бұл жаңа жолдың сексен процентгейі Қытай мемлекетінің жерінде екен, соның 792 километрін қытайлар мен барған шақта салып бітіп, жүк поездары жүріп жатыр екен.

Жолдың құрылысына қытайлар 1954 жылдан бас-

тап кірісіпті. Мен барғанда оған екі-ақ жыл өткен. Осы екі жылда мың жарым километр алыстыққа темір жол салып үлгеру — не деген зор іс! Және, қандай салу ол?!

Осы құрылыстың бас инженері Чжань Дзяньнің айтуынша, ұзын құрылыстың өн-бойында не бары оншақты-ақ экскаватор мен бульдозер жұмыс істеген, өзге құрылыс құралдары — қытекең жарықтықтың кетпені, күрегі, сүймені, балтасы... дегендей, қол қарулары, жол табанына балшық үйетін ыдысы,— зембілдер.

Ал, жол бойы ше?

Ол «құдайдың» атқан жағы: не — қатпарланған тасты биік таулар, не — үгілген құмақ таулар, не — құмды белестер, немесе, тамшы су табылмайтын, тебендей өсімдігі жоқ, таптақыр шөлдер!..

Еңбекші қытайдың өндіргіш қолы бұл қиындықты да жеңеді.

— Әрине,— дейді Чжан Дзэнь,— оңайлықпен жеңілген жоқ ол қиындық. Асқар таулардың тастарын кей жерде кесіп, кей жерде тесіп өту өте ауырлыққа соқты. Одан да қиыны — құм болды. Тасты не кескеннен, не тескеннен кейін ол сенің еркіңе бағынатын есегің ғой. Ал құм деген бейне жылан екен, қолыңнан босаса-ақ, сырғып жүре береді. Талай жерде кесіп өткен құмақ тауларымыз жел үрлесе-ақ тып-типыл боп бітеліп, сілемізді қатырды! Ал, жел ше?! Бұл араның желі өте қатты болады. Сонда, көтерілген құмның бораны көзіңді аштырмай, деміңді алдырмай тұншықтырып жібереді. Қыс бұл араның суығы сұмдық өткір,— беті-қолыңды қыздырған темірдей қариды. Ал, жазы ше?.. Жазды күні Гобидің шөлінде, миыңды қайнатқан ыстық күндерде ішерге су табу қиын, алыстан азаппен әкелген аз ғана су ыстық ауадан жылымшы татып кетеді де, ішуің қиын болады.

— Осынша қиындықтар бола тұра,— дейді Чжан Дзэнь,— құрылысқа өлкеміздегі барлық ұлттан да қатынасқан жүз мыңдай адам Ақтоғай — Ланжау темір жолының біздің жердегі тұрқының тең жартысын, үкімет жоспарлаған мерзімнен жарты жыл бұрын аяқтап шықты!..

Қандай тамаша қайрат!.. Қандай тамаша іс!..

Чжан Дзянь маған жаңа жолдың біраз жерін аралап көруді ұсынған еді, «қарғыс атқыр» уақыттың аз-

дығы оған мүмкіндік бермеді. Дегенмен, аз жерін болса да көру мақсатымен, төрт-бес машинамен жиырма шақты адам жол бойына шықтық.

Ланжаудың іргесінен батысқа қарай созыла жарқыраған жаңа жолдың қос рельсімен, асфальтты жолды бойлай жарысқан біз, екі таудың терең сайымен жүріп отырдық та, елу-алпыс шақырым шамасында, арғы шетіне көз жетпейтін жазық далаға шықтық. Бұл кезде батуға таянған күннің күп-күрең боп кеңіп кеткен доңгелегі, аспанның сол беткейіндегі ала-шабыр қоңырша бұлтын кең тармақтанған сәулесімен бояй бастаған.

Темірі күнге қарай тура созыла жарқыраған рельстерді көргенде — күннің өзі «дүние» аталатын үлкен «заводтың» ең зор доңғалағына, ал мына рельстер — сол доңғалақты айналдырып тұрған қайысқа ұқсап кетті...

Бұл ойыма қосарлана, тағы да бір ой келіп кетті: «Бұл жол ғой, осы созылған қалпымен, аз жылда Қазақстан өлкесіндегі Ақтоғайға жетеді. Аржағын ғой Совет Одағындағы достасқан халықтар бірлесе салып жатыр. Бұл жағын ғой Қытайдағы достасқан халықтар бірлесе салып жатыр. Алдағы аз жылда бұл жол салынып бітеді. Содан кейін ғой Москва — Пекин тағы да бір темір жолмен жалғанып, бұл жолмен де үздіксіз қатынасады. Сөйтіп, бұл жаңа жол, социализм жолына түскен екі ұлы мемлекеттің достық қарым-қатынасын күшейткен үстіне күшейте түседі. Сондықтан да бұл жаңа жол Қытай және Совет үкіметінің қаулысымен «Достық жолы» аталатын болды...

Жаса, достық жолы!..





Төртінші тарау

ШЫҢЖАҢ

I. НЫСАНАЛЫ БАЛА

«Шың» қытайша «жаңа» деген сөз көрінеді, «жаң» — «өлке» деген сөз деседі, сонда «Шыңжаң» — «Жаңа өлке» деген сөз болады. Бұл есім бұл өлкеге 1758 жылы, осы өлке Қытай мемлекетіне біржола бағынып болғаннан кейін қойылған. Өлкенің аты орысша жазылуында «Синьцзян», қазақша айтылуында «Шыңжаң».

Біз Ланжаудан Шыңжаңға қарай июнь айының 21 күні күндізгі бір сағат он минутте самолетпен көтерілдік. Батыс теріскейге қарай беттеген бізбен, құм түсті сары-сұр тақыр таудың қабаттаса біткен жоталары біраз уақытқа дейін жарысып отырды да, дәл екі сағат өткенде, екіге жарылған таудың бірі күнгейге, бірі теріскейге қарай шалқая ойысты да, біз жазық далаға қарай аққан жіңішке өзеннің үстін

өрлей тарттық. Сол кезде ұшқыш қытай кабинасынан шықты да, аудармашымыз арқылы, Гоби шөлінің шетіне кіргенімізді хабарлады. (Жақша ішінде айта кететін сөз: шет елден келген қонақтарына жолшыбайғы жаңалықтарды айтып отыру жалғыз бұл ұшқыштың ғана емес, барлық қытай ұшқыштарының әдеті).

Ұлы шөлдің бұл жақ пұшпағы жап-жазық, тап-тақыр дала екен, топырағы, тегі, ащылы шақат па, қалай, қар суымен қақ тұрып, күн ыси кеуіп кете ме, немене, жазық шөлдің бет-аузы айғызданған алабажақ, ақ-айран!..

Осы сиықсыз, сүреңсіз дала көзді талдырып, көңілді жүдете бастаған шақта, төрт жарым мың метрде ұшып келе жатқан самолет ойқастап төмен қарай самғай бастады. Тіршілік белгісін іздеп жерге төнген біздің көзімізге жап-жасыл ноқат ұшырай кетті. Ол Жю Чуан аталатын аэропорт екен. Оның қызметкері — Чю Лянь-джи есімді әйелдің айтуынша, аэропортқа қажеттегі су отыз бес километр жердегі қаланың құдығынан түтікпен тартылады. Су соншама тапшы бола тұра, жуық арада ғана салынған аэропорттың төңірегін еңбегі өнімді қытайлар жап-жасыл өсімдікті бақшаға айналдырып жіберіпті.

Жю Чуанда аздап тыныққаннан кейін біз аэропорт бастығынан машина сұрап алдық та, он сегіз километр жердегі Ұлы Қытай қамалының күнгей жақ тұмсығын көріп қайттық. Ол жай жоғарыда қысқаша айтылғандықтан, бұл арада қайталаудың қажеті жоқ.

Жю Чуаннан біз аспанға күндізгі төрт сағат 25 минутте көтерілдік. Одан арғы даланың да түр-түсі әлгінде ғана көргеніміздей сүреңсіз тақыр екен. Сағат жарымдай ұшқаннан кейін жазық дала бұйратты белеске айнала бастады. Тегі, тырбия өскен арша болу керек,— бұйраттың кейбір тұсында, киімнің өңіріне қадаған түйме сияқтанып, жап-жасыл бірдемелер жылтырайды.

Бұйратты өрлей біраз ұшқаннан кейін күңгірт түсті алыста, аспанға оралған шөкім бұлттай бірдеме биікте ағараңдай бастады. Самолет ілгері сұғынған сайын алыста ағараңдаған бұлттың көлемі сопақтала созылып, аспанға кере құрған жалпақ белдеу сияқтанып кетті. «Бұл не?» деген ойымызды кескінімізді көрмей-ақ болжағандай, ұшқыш кабинасынан шықты да, аспанның алысында ағараңдаған белдеуді нұсқап, біздің ау-

дармашымызға әлде нені айтты. Кескініне қараған бізге:

— Богда тауының қар жапқан жотасы екен ол ағаранданған,— деді аудармашы.

Атын географиялық әдебиеттен білетін тауға біз жақындаған сайын оның қарлы жотасы аспанның биігіне жоғарылап шырқай түсті. Бұған шейін де менің самолетпен талай таудың жотасын өрлей ұшқаным болған еді. Бірақ олар алыстан да қырқалана көрініп, жоталары басқыштана биіктеуші еді, мына Богда олар сияқты емес, бұл — айдаладағы жазыққа тігілген гигант көлемді, қарақоңыр түсті жалғыз шатыр тәрізді бірдеме!.. Қарлы жотаға жақындаған сайын, бергі етегі қайқая кеңи береді, басы қайқая биіктей береді! Мына түріне қарағанда маған бұл, менің бұған дейін көрген ең биіктерім — Эльбрустен де, Хан-тәңірінен де биік сияқтанады.

Осы әсерімізді әлсіреткісі келмегендей, қарлы жотаны деңгейлеп қалған шағымызда, тау төбесінен құлаған көшкіндей[1] боп кейбір сайларға бозамықтана үйірілген бұлыт, ілезде түтіндене кең тарап, таудың жотасын жапты да кетті. Бізге «бұдан жақындауға болмайды» дегендей, тау төбесінде түтінденген бұлыт төмен сырғып, тұманды бу Богданың бар денесін шымқай орап алды. Ол қалың жамылтқыны жыртып кіруге бата алмағандай, самолет жазыққа қарай ойыса ұшты. Қашқан самолетті құтқарғысы келмегендей, тауды жапқан бұлыт тарамдана жауып бері қарай сырғыды. Одан құтылмасын көрген самолет, жағалтайдан қорыққан бозторғайдай жалтарып, қалың жаңбыр бүркей бастағанда, қорғалап кеп әлде не жерге қонды. Жаңбырдан байқамаппыз, қытайша «Хами», ұйғырша «Құмул» аталатын қаланың қасындағы кішірек аэропорт екен.

Қуған торғайы қорғалар жер тапқанда жағалтайдың жалт беріп ауытқи ұшқан қалпымен алысқа биіктей тартатын әдеті болушы еді. Бізді қуған бұлыт та сөйтіп, самолет қона салысымен-ақ, тауға қарай жалт беріп бұрыла жауды да, кең көсілген етегін ілезде жинап ап, биік таудың қарлы басына шығып кетті.

Самолеттен түсер алдында сағатыма қарасам, кешкі алтыдан отыз минут кеткен екен. Мана тауға жақын-

[1] Астына су жүгіргенде таудан құлайтын қар.

дағанда төбеден батысқа қарай еңкейе бастаған күн көзір тау төбесіне жиналған бұлытқа көсіле тарамданған сәулесін түсіріп тұр.

Аэропортқа кіріп, азықтанып, аз уақыт дамылдағаннан кейін жол жайын білуге кеткен аудармашы бүгін осында қонатындығымызды хабарлады. Күн кешкіргенмен дала әлі жарық болғандықтан мен Құмул қаласына барып қайтқым келген көңілімді білдірдім. Оған бір себеп, бұрын көрмеген қаланы көруге зауқым соғуы болса, екінші себеп — бұл аэродромның да төңірегі тастақ қара тақыр екен, сол тақыр көсіле биіктеп, алыста мұнартқан таудың төбесіне өрлеп кеткен. Маңайда қызыға қарайтын іштеңе жоқ сияқты, түн жетіп ұйқыға кеткенге дейін іш пысатын сияқты. Бұл ойларымның тек қаланы көріп қайту жағын ғана ескерткенімде:

— Болады,— деді жер иелері.

Қала аэропорттан он үш километр жер екен. Бес километр шамасында, таудың бүйірінен су құлату үшін қазылған канал бар екен. Мана, самолеттен қарағанда қара-тақыр таудың кеуде тұсынан төменге қарай тік шұбала созылған жап-жасыл сызат екі жағасына тікенді шүрпілер, қурайлар өскен осы канал екен. Бастап келе жатқан жергілікті адамның баяндауынша, бұл канал Құмул қаласымен бірге жасап келеді, ал қаланың тарихы біздің дәуірдің аржағындағы әлденеше ғасырға кетіп қалады. Каналдың басы қарлы жотадан тынымсыз ағып жататын сулы, екпінді өзеннен алынған. Жуан жармасының ұзын тұрқы елу километрдей. Канал Құмулға жақындағанда тармақтанып кетеді де, қаланы да оның төңірегіндегі изаларды да [1] сумен толық қамтамасыз етеді.

«Су бар жерде өмір бар» деген сөз тіршілік тәжрибесінен алынғаны қалаға жақындай көзімізге көріне кетті. Каналдан су ішкен жердің бәрі жап-жасыл өсімдік: кей жерінде мәуеленген жеміс бақшалары, кей тұсында қаз-қатар өскен сәулет ағаштары, кей тұсы толқындана жайқалған егін!..

Біз қалаға кіріп үлгірмей артымыздан дауылдата қуып жеткен өкпек жел шаң боранын бұрқан-тарқан көтерді де жіберді. Қою бұрқанған шаңнан алғаш түк көрінбей кетіп, жүрісін бәсеңдеткен машина, тоқтауға мәжбүр болды. Сондай халде аз уақыт тұрғаннан кейін

[1] «Иза» ұйғырша «қыстақ» деген сөз.

шаңның қою бораны бәлкім сұйықтанып, машина жақын жерден болса да табан-жолын көрген соң ақырын қимылмен ілгері жылжи бастады.

Қалаға кіре жел бәсеңдеңкіреген сияқтанды. Бірақ, манағы дауылда аспанға биіктей көтеріліп алған қою шаң, жерге жатпай сол қалпында тұрып ап, арқан бойынан арғы жер бозғыл шаңның тұманын бүркенді де тұрды.

— Бұндай жағдайда қаланы аралағанмен көп нәрсені көруге болмайды,— деді машинамызды тоқтатқан бастаушымыз маған.— Қалада тарихи мәні зор сепль де[1], мешіттер мен медреселер де, үйлер де бар. Егер ауа ашық болса, олардың кейбірін сыртынан-ақ шолып, кейбірінің ішін аралауға болар еді. Мынадай шаңытқан жағдайда еш нәрсені анықтап көруге болмайды. Және күн де кешкіріп қалды. Үлгіргенше көремін десеңіз де, басқаша шешсеңіз де өзіңіз біліңіз.

Бұл сыпайылықтың аты, әрине, «көре алмайтынды көріп әуре болмайық» деу ғой.

«Шыңжаң ұйғыр автономиялы ауданы» аталатын өлкеге соғуға, аралауға мүмкіндігім барын көрген соң-ақ, оған байланысты тарихи деректердің біразын мен Алматыда да, Москвада да қарастырып алғам. Шыңжаң өлкесінің шығыс жақ шетінде тұратын, белгілі тарихының өзі үш мың жылдан астам, халқының негізі ұйғыр болғанымен Такламаканды айнала отырған ұйғыр көпшілігіне жері де шалғай, тарихында да өзгешеліктері көп бұл шаһарды уақыт жеткенше аралауға қатты қызыққан едім. Оның сәті түсер түрі жоқ: бүгін тұман, ертең ерте ұшамыз.

Осы жайды айтып, кейін қайтуға ризашылық білдірген маған:

— Таяқ тастам жерде Құмұлдағы атақты мешіттің біреуі бар,— деді бастаушымыз.— Бұдан мың жарым жылдай бұрын будда дінінің храмы болып, оныншы ғасырларда Шыңжаңға ислам діні тарағаннан кейін мешітке айналған үй. Көре кетем десеңіз еркіңіз.

— Көрейік,— дедім мен.

Мешітке келсек — «намаздігер» аталатын құлшылықтың уақыты екен. Есігінен қарасақ — ішінде ағаш бағаналары көп кең зал, лық толы адам. Кіріп баруды

---

[1] Сепль — қорған.

ыңғайсыз көрген біз кейін қайтпақ болып ек, бастаушымыз тоқтатарлық бір хабар айтты.

— Дін бұл өлкеде әзірге бұрынғы қалпында,— деді ол,— осы мешіттің қасында жүзден астам шәкірт оқитын діни медресе бар. Олардың алды алпыста, арты сегізде. Жататын хұжыралары осы мешіт қорасының ішінде. Намаз тарағаннан кейін көріп шығамыз десеңіз ықтияр.

Мезгілдің бейуақ боп бара жатқанын айтып, тоқтай қойғым келмеп еді,

— Осы мешіттің қасындағы медреседе,— деді бастаушымыз,— «кереметті болжайды» дейтін он бір жасар шаң бар. Дінге сенбейтіндер үшін оның кереметі — бетауызы мен басының қақ жарымы негрлердей қап-қара, екінші жарымы — европалықтардай аққұба, бетінің қара жағына желкілдей, қалың, қап-қара сақал-мұрт өскен. Мүмкін сол «әулиені» көру қажет болар?

— Оны көруге болар еді,— дедім мен ойланбастан, Несіне ойланам? Бұндай жаратылысы бар адамды көрген де, естігенде емеспін.

— Сіз тек ебін тауып көрсетуге тырысыңыз,— дедім бастаушыға,— діншілдердің қытығына тиіп алатын болмайық.

— Оның ретін келтірем!

Бастаушымыз сақа жігіт жасындағы ұйғыр еді. Бізге «аэропорт қызметкерімін» деп танысқан. Жүріс-тұрысына, сөзіне қарағанда «дүние көрген» адамға ұқсайды.

Намаздың бітуін күтпек болғаннан кейін ол бізден машина ішінде күте тұруды өтінді де, өзі жабдықтарды жайғыстырмақ боп кетіп қалды.

Машинада біз ұзағырақ отырып қалдық. Шаңытқан ауа райы қоңырланып, ымырт жабылуға айналып барады. Бастаушымыз жоқ. Тым-ақ пысықтауына қарағанда, пендешілік көңілге «адастырып кетті ме бар болғыр?!» деген де күдік келіп кетеді. Пекиннен бірге келе жатқан аудармашымыз — Ню Чань-чинь «қайта берсек қайтеді?» деп тықыршиды. Мен өйтуге — бастаушымыздан ұялам. Шаң тұманына бөленіп ұзақ уақыт қимылсыз тұрған машинаға таңданғандай, әркімдер терезеден сығалайды, біреулер «жаны бар машина ма, жоқ машина ма?» дегендей, теңселте қозғап көреді. Кімдер екенін білмеген біз, үндемей бұйығып отыра береміз. Неге еке-

нін кім білсін, қытайлық шофер де оларға үндемейді, машинадан шықпайды. Машинаның есіктерін ішінен бекітіп ап, қалғыған адамдай пысылдап дем алғаннан басқа дыбыс бермейді...

Әлден уақытта машина есігін әлдекім жұлқып көрді де, ашыла қоймаған соң жұдырығымен қақты. Шофердың қытай тілінде қатқан үніне ол қытайша жауап берген соң есік ашылды. Бастаушымыз екен.

— Түсіңіздер,— деді ол,— сіздерді имам да, бала ишан да мешітте күтіп отыр.

— Сіз барыңыз,— деді Ню Чань-чин маған.

— Сіз ше?

— Мұсылман дініндегі кісі емеспін, мешітке кіруге маған ыңғайсыз болар.

Бастаушы екеумізді ақ-бурыл сақалды, сәлделі, ала шапанды, толық денелі имам мен мана сипатталған түсті, тақияға ораған сәлделі, ала шапанды бала мешіт босағасында қарсы алды. Сәлемдескен бізге имам ұйғыр тілінде сөйлесіп, мешіт төріне шақырды. Михраб тұсына барып, түгі тозыңқыраған кілемге отырғаннан кейін имам Қытайдың Халықтық үкіметі туралы, Совет Одағымен достық қарым-қатынас туралы бірталай жылы сөздер айтып, кеңесе бастады. Менің ойым имамның кеңесінде емес, баланың түр-тұлғасында. Оның кескініндегі көмірдей қара бояу мен, «қан мен сүт ақ жүзінде араласқан» деп сипаттайтын қызыл шырайлы ақ бояу маңдайын, мұрнын, иегін дәлдеп өлшегендей қақ-жара төмен түсіп, бұғаққа жете тоқтаған. Беттің қара жағын түгел жаба, шықшыттың астын ала, мөлдірей қап-қара сақал өскен. Өзі, бет сүйегі батыңқылау, қырлы мұрны қоңқақтау, көздері үлкен, қастары қою, қабағы қалың, маңдайы кең, сұлу кескінді бала екен. Бетінің екі жартысында бітім жағынан, бояуынан басқа, сәйкессіздік жоқ. Көздерінің де кеңдігі бірдей, тек қана айырмасы — ақшыл жақ бетінің ағы әппақ сүттей, қара жағының ағы — күрең.

Бұл баланы көруге біздің құмартуымызды бастаушымыз имамға бұрын ескерткен болу керек,— хұрмет белгісін көрсететін біраз сөздер айтысқаннан кейін ол бала тақырыбына көшіп, «дүние сөзін айтпайтындығын, адам жүзіне қарамайтындығын, сөйлеспейтіндігін, онысы «иман пердесінің жыртылмауынан» екендігін айта кеп, «әулиелік» хикматтарынан да аздап хабар беріп, «ишан-

дық дағуа» құруға әлі «балиғлық яшқа ерішпегенін» ескертіп:

— Бөгде адамдарға әлі көрінбейтін еді,— деді баланы,— сіздер ерекше хұрметті қонақ болғандықтан көрініп отыр.

— Мешітте халық арасында намазды қалай оқиды? — деген сұрау беріп ек:

— Перде жамылып! — деді имам сөзіміздің астарынан түсіне кетіп.— Үш кісінің ғана жүзін көруге хақы бар бұл ишанның, олар: қази-мутлақ [1], қази-ғалам [2], қази-муфти [3]; басқа адамдардан, өзге жүйелілер былай тұрсын, қази-мүриттер [4] мен қази-молла жәлилдер де [5] ишандық дағуа құрмай көре алмайды.

Айтуға ыңғайсыз болғанмен, көрген соң бәрін де көргіміз кеп біз имамнан, «ишан» баланың жалаңаш басын да көрсетуді өтіндік.

— Әрине болады,— деп имам манадан төмен қарап отырған ұялшақ баланың сәлделі тақиясын басынан алып еді, шашын тақыр ғып қырған бастың да тең жарысы қап-қара, тең-жарысы әппақ екен. Осы екі түс желкенің шұқырына жете бітіпті.

Имаммен ұзақ сөйлесуге—оның өзі де асыққан сияқтанды, бізде де уақыт аз, сондықтан тағы да аз уақыт көржерді кеңескеннен кейін, рұқсат алдық та, хоштасып жөнімізге кеттік. Мезгіл ол уақытта түн болып қапты. Жел басылыпты. Бірақ, көтерілген шаң әлі де жатпаған ба, немене,— қою қараңғылыққа батып кеткендей, маңайдағы үйлердің ешқайсысы қараңдамайды, ондай үйлердің барын қақпа алдында бозамықтана жылтыраған фонарьлар ғана аңғартады.

Біз жөнімізге тарттық. Қаланы көрмеуімізге өкіне тұра, көңілімізге медеу болған нәрсе — нысаналы баланы көру. Мен революциядан бұрын басым көпшілігі тек мал бағу кебімен ғана шұғылданған ауылда туған адаммын ғой. Сонда, адам баласы түгіл мал баласы да нысаналы боп туса, яғни денесінде әдеттен тысқары белгісі болса, қазақ оған ерекше мән беріп, «тәу ететін», яғни төлдің нысаналы жеріне, бүрістіре қосқан үш саусағы-

---

[1] Тұқым қуалаған қазилық.
[2] Дін әкімшілігін басқаратын қази.
[3] Діндарлық істерді басқаратын қази.
[4] Оқытушы қази.
[5] Дін «ғылымының» академигі.

ның басын үш мәртебе тигізіп, сол саусақтарын үш мәртебе маңдайына басатын. Бұл да ескі діннен әдетке айналып кеткен сарқыншақтардың бірі болуы керек. Сонымен қатар, нысанасы бар, яғни жаратылысында әдеттен тысқары ерекшелігі бар махлұқатқа ғылым да ерекше көңіл бөледі ғой. Осы жағынан қарағанда, Құмулдың нысаналы баласын көру менің көңілімде өшпейтін із қалдырды.

Діншілдердің ол нысананы өз пайдасына жаратуға тырысатындығын көрдік. Ескі, қанағыш тап үстем кез болса бала «ишанның» қай жолмен кетері мәлім. Социализм жолына түскен Қытайда, өзге жастармен қатар, оның жолы да қараңғыдан жарыққа қарай беттейтініне күман жоқ.

II. ШЫҢЖАҢ ТАРИХЫНАН

Құмул аэропортынан аспанға ертеңіне ертемен көтерілген біз, Богда тауын бөктерлей, күнгей-батысқа қарай ұштық. Ауа райы ашық болды. Оң жағымыз — басына қар бүркенген асқар тау, сол жағымыз — жазық кең дала. Түр-түс жағынан бұл дала Гоби шөлінен айнымайды. Бұнда да қара-сұр, тақыр дала. Таудың да бұл жақ беті көп жерінде ормансыз тақыр екен. Ара-тұра ғана шоқтала өскен түбі жуан, басы істік жасыл шыршалар найзадай сүйрейді. Бұл бетте жылғалар мен бұлақтар да көп сияқты, оған куә — сай-салаларда жоғарыдан төмен қарай ирелеңдей шұбалып жатқан жіп-жіңішке жасыл жолақтар. Олар, әрине, су жүретін жерлерге өскен көгал. Бірақ, тегі, шілде туа олардың да көбінің суы сарқыла ма, қалай, көбінде жылтыраған іштене көрінбейді. Ара-тұра кездесіп отыратын кең сайлардың жобасына қарағанда, тау төбесінде еріген қар мен мұздан аққан өзендер де бұл бетте аз болмауға тиісті. Бірақ, қаражолақтанған олардың арнасының көпшілігінде су көрінбейді. Қай сайдың суы барын, ол судың тұрақты я тұрақсыз екенін жағасына елдің қоныстану-қоныстанбауынан да байқауға болады: кейбір сай аңырая опырылып қап-қара жыра боп жатқанмен, жағасында ел жоқ, ал кейбір сайдың көлемі кіші болғанымен, тұла-бойы жап-жасыл, онда азды-көпті үйлер де, жайылымда жүрген азды-көпті мал да кездеседі.

Таудың етек жағында кейбір жерде бұзылған үлкен

шаһарлардың қаңқайған қабырғалары сияқты, сорайған мұнаралары сияқты, орағытқан дуалдары сияқты бірдемелер ұшырайды. Бірге ұшып келе жатқан білетін адамдардан сұрасақ,

— Жел мен судың жасаған қалалары,— деп жауап қайтарады бізге.— Ғасырлар бойы жел үрлеп, су шайған таудың тастарынан кәдімгі қала сияқтанып кеткен орындар бұл маңайда толып жатыр!..

Осындай «тарихи ескерткіштерімен» қатар, бізге күнделік өмірінің құбылыстарын да көрсетіп қалғысы келгендей, аспаны ап-ашық боп, төбесіндегі қары күмістей жалтыраған Богда, кейбір тұсында қабағын тез түйіп ала қояды да, жоғарыдан төмен қарай ағытқан өрмектің жіптері сияқтанған қалың жаңбырының тамшыларын нөсерлете төгіп кеп жібереді. Ол нөсер кейде төңіректен түк те көрсетпей, қалың жауынға біздің самолетімізді бөлеп тастайды. Таудың биік төскейін өрлей, кейбір тұста биік шоқылардың арасын аралай ұшып келе жатқан бізге бұндай шақта, «шоқылардың біреуіне килікпегей едік!» деген хауіп туады. Ондай хауіптің орынды екендігін жаңбырдың толастаңқыраған тұстарында байқаймыз,— әлдене биік шоқылардың ішін аралай ұшып келе жатамыз, жаңбыр қалыңдап кеткен кезде ұшқыштың соншама араның бір де біріне соқтықпай, килікпей өтуіне хайран қаламыз!.. «Мұнымды да көре кет!» дегендей, Богда кейде жаңбыр орнына қарын да жапалақтатып қоятын сияқты, оны біз самолеттің терезесіне жабыса түсіп, екпінді желмен сырғи сүртілген ақ қаспақтан аңғарамыз. Қарлы жаңбырдың арасынан кейде иреңдей жарқылдаған найзағай да көзге елестеп қалады. Онда біздің көңілге, «самолетімізді түйреп, я тіліп кете ме, қайтеді?!» деген қорқыныш кіреді...

Осылай ұшып келе жатқан біз, бір сағат 40 минут шамасында, әлдене аласа таулардың жотасын баса, тұптура батысқа қарай беттедік. Білетін біреу бізге бұны, «Богданың Тянь-Шаньмен астасқан тұсындағы аласа асу, аржағы — Үрімшінің жазығы» деді. Сол шақта күнгей бетімізде, аспанның көк күмбезін киіз үйдің басқұрындай ақ-жиектеген ұп-ұзын, жап-жалпақ бірдеме көрінді. Ол «Тянь-Шань» төбесінің қары екен.

Асудан асқаннан кейін жап-жасыл кең жазықты орағыта ұшқан самолет, сол жақ қанатын қиқайта түсіп төмендей бастады. Үрімші қаласы деген қонысты біз само-

лет терезесінен алақанымыздағыдай айқын көрдік. Құрылыс жағынан қала екіге бөлінеді екен: теріскей жағы — үйлері ығы-жығы, әрі аласа, көшелері қисық, қыңыр-ескі қала; күнгей жағы — көшелері кең және тік, үйлері биік және сәнді,— жаңа қала. Жаңа қаланың күнгей жағында қолдан жасалған аса биік оба сияқтанып, табиғи жалғыз шоқы тұр. Ескі қаланың теріскей жағында арнасы жіңішке Хава өзені жылтырайды, оның теріскей жақ биік аңғарында, сүйрие біткен бір тұмсықтың құлай беріс төбесінде будданың храмы шошаяды.

Самолет Үрімші аэропортына 9 сағат 15 минутте қонды. Бізді Шыңжаңның бірнеше мәдениет қызметкерлері қарсы алды. Үйінің көлемі кішірек аэропорт, қаладан 18 километр екен. Жолы асфальтті, екі жағына қаз-қатар жиі сәулет ағашы өскен.

Жер иелері бізді жуық арада салынып біткен үш этажды, іші-сырты, төңірегі салтанатты мейманханаға әкеліп орналастырды. Аздап тыныстағаннан кейін біз қаланы аралап кеттік. Қаланың «ескі», «жаңа» боп екіге бөлінетіндігі жоғарыда айтылды. «Жаңа қала» азаттықтан кейін орнай бастаған. Аз жылдың ішінде ол кеңи, көркейе өсіп, европалық ұғымдағы салтанатты қала боп кеткен. Осы маңайда судың да молдығынан жаңа қалада жеміс бақшалары мен сәулет ағаштары қалыңдай, кеңи өсіп, қаланың ескісін де, жаңасын да жасыл орманға бөлеп тұр. Бастаушының айтуынша, кәзір екі жүз мыңға тарта халқы бар бұл қаланың алдағы жылдарда көлемі де бұдан әлдеқайда кеңімек, салтанаты да әлдеқайда артпақ, адамы да әлдеқайда көбеймек.

— Тек қана бір айыбы,— дейді бастаушымыз жымиып,— осы қаланың асты аса мол және аса бағалы тас көмір деседі, оңша байлықты пайдаланбауға мүмкін емес деседі, егер көмірі қазылса, жердің беті отырады деседі, сондықтан жұмысшыларға қажетті жайларды ғана қалдырып, қаланың өзін астында көмірі жоқ жерге ауыстырады деген де сөз бар деседі.

Қаладағы көркем, кең бақшаға бөленген үлкен будда храмының біреуіне Шыңжаң өлкесінің орталық музейі орнапты. Оның ғылми қызметкері — Юсуфбек Мұхлисовтың бастауымен екі этажды кең храмды түгел аралап шықтық. Экспонаттары әзірге оншалық мол болмағанымен, жинап үлгергендері ғылми жақтан аса құнды. Планетамыздың осы бір бөлшегінде де неше алуан ха-



Шыңжандағы институт.

йуанаттар болып өткендігіне, нелер алуаны әлі де барлығына, бұл өлкеде де адам қоғамының нелер алуан жасауына толып жатқан куәлар бар екен. Олардың кейбіріне алдағы тарауларда кідіреміз.

Қала төңірегін аралағанда, біздің көңілімізді Хун Янь-чи аталатын көл ерекше бөлді. Джунго мемлекетінің ісі өнімді халқы бұл көлді де азаттықтан бергі жылдарда жасапты. Бұрынғы кезде бұл шалшық қана көл болады екен. Оған Богда тауы мен Тянь-Шаньнан келетін екі-үш өзен құяды екен де, бергі беті саяң болғандықтан жөнді кідірмей, ағып кетеді екен, сондықтан көл суы тайыз болады екен.

Соңғы төрт-бес жыл ішінде Шыңжаң халқы өзендердің көлден шыға құлайтын ағыстарын бөгеп, кеңдігі елу метрдей, биіктігі жиырма метрдей етіп темірлі бетоннан тоған соғады да, суды қолдан өткеретін қақпа жасайды.

Көлді күтуші бас техник — Жань Фу-тайдың айтуынша, көлемі көз көрімдік қана болатын бұл шағын көлдің суы қақпаны жапқан кезде 50 мың текшеметр, қақпа ашылып азайған шақта 20 мың текшеметр болады. Қала төңірегіндегі бау-бақшалар, егін-жайлар, қаланың тұрғын халқы бұл көлден ең аз дегенде күніне төрт жарым мың текшеметр су ішеді. Қажетті шақта алты жарым мың текшеметрге дейін бере алады. Су тасқындайтын көктем кезінде — қанша пайдалануға да жетеді. Осы көлдің суымен қала тіршілігін толық қамтамасыз ететін жаңа электр станциясы жүреді.

Географиялық жағынан «Шыңжаң», саяси және әкімшілік жағынан «Ұйғыр автономиялық ауданы» аталатын өлкенің тарихымен үстірт танысқанда, төмендегідей екен. Халқының саны бес миллиондай, оның төрт миллиондайы ұйғырлар, қалғаны — басқа ұлттар (Шыңжаңда оннан астам ұлт бар көрінеді). Ұйғырлардың басым көпшілігі, ерте кезде «Қашқария», «Шығыс Түркстан», «Шығыс Бұхара» деген аттары бар, Памир мен Тянь-Шаньның аралығына шөккен «Такламакан» атты, ұзын тұрқы мың жарым километрдей, енінің жалпақ тұсы сегіз жүз километрдей құмды төңіректей отырады екен. Ұйғыр тарихта Айсадан арғы заманнан мәлім ел. Ерте кезде көшпелі өмір сүрген ол, Такламакан төңірегіне тоғызыншы ғасыр шамасында қоныстанып, содан бері отырықшы, егінші ел боп кеткен.

Шоқан Уәлихановтың: «Тянь-Шаньның» теріскей бетіне ұйғырлар Манжур династиясы билеген кезде, егін салу жабдығы үшін шығарылды» деген сөзі рас екен. Бұл — он сегізінші ғасырдың орта тұсы. Он тоғызыншы ғасырдың жетпісінші жылдарында ұйғырлар Манжур үкіметінің құлдануына қарсы көтеріліс жасайды да, үкімет ол көтерілісті орыс патшалығының жәрдемімен 1871 жылы қан-жоса ғып басады. Ұйғырдың халық батыры — Садыр палуан осы кезде, халық бостандығының күресінде ерекше көзге түседі. Ол Манжурдың зынданында өледі. Көтерілістен кейін бас-сауға іздеген халықтың бір жүйесі Россия өлкесіне қашып тығылады. Кәзір Өзбекстанда, Қырғызстанда, Қазақстанда тұратын ұйғырлар солар екен.

Тянь-Шаньның теріскей жақ бетіндегі халықтардың басым көпшілігі қазақ. Олардың алды Қытай өлкесіне Абылай заманында (он сегізінші ғасырдың орта тұсы)

өткен сияқты. Содан бері әр кезде ауысқан қазақтың қазіргі саны жарты миллиондай деседі. Ұйғыр автономиялы ауданына (Шыңжаңға) қарайтын қазақтар әкімшілік жағынан үшке бөлінеді: Алтай — орталығы Сары Сүмбі қаласы, рулық жағынан басым көпшілігі керейлер; Тарбағатай,— орталығы Шәуешек, рулық жағынан көпшілігі наймандар; Іле — орталығы Құлжа, рулық жағынан басым көпшілігі үйсіндер.

Шыңжаңда халқының көптігі жағынан үшінші орында монғолдар тұрады екен. Іле өзенінің бойында он жетінші ғасырдың орта тұсында «Жоңғария» деген атпен, монғол тұқымдас елдердің мемлекеті болғаны, оның орталық қаласы Сүйдін (Құлжаға жақын жерде) екендігі, оны Манжур династиясының он сегізінші ғасырдың орта тұсында құлатқаны бізге мәлім. Сол шақта Шыңжаң өлкесінде бытырай жайылып қалған монғол тұқымдас рулардың халқы жүз мыңға тарта бар деседі.

Манжур династиясы Қытай елін 270 жылдай билеп, соңғы «патшасы» — бес жастағы Пу Идің 1911 жылы құлауымен бітеді ғой. Манжурлар Шыңжаңды 1778 жылы жаулап алғанда, әскерлік қызметін атқарып келген манжур тұқымдас адамдарды орыстар «шиба», қазақтар «сібе» дейді екен. Кәзіргі Шыңжаңда содан қалып жергілікті елдердің біріне айналып кеткен бірталай сібелер бар екен, тілі қытайша да, манжурша да емес, сібеше.

Шыңжаңға қытай (хансу) халқының келу тарихы қызық екен. Манжурлер қытай елін (хансу) 1645 жылы Ұлы Қытайдың бар жерін түгел бағындырып болған ғой. Бұл басқыншылыққа қарсы қытай халқы көтеріліс артынан көтеріліс шығарып, манжурлар оны үнемі қанжоса ғып басқан да отырған. Шыңжаңды да өз қарамағына алған манжурлар, қытай (хансу) елінің көтерілісшілерін жер аударып, Шыңжаңға да жіберген. Бұларды манжурлар «шунь фэнь» деп атаған, «шунь» — «қамау» деген сөз екен, «фэнь»,— «қылмысты». «Шунь фэнь» — «қылмыстылардың қамалатын орны», яғни «абақты».

Осы сөздердің иероглифы қызық екен: төрт жақтауы бар шаршы сызық — «қора» деген иероглиф, бүкірейткен саусақ сияқты,бас және аяқ жағында көлденең тартқан екі сызығы бар белгі «ит» деген иероглиф, осы «қора» мен «итті» біріктіріп жазғанда («қораны» сыртына, «итті» ішіне), ұғылуы «ит қора» болу керек қой, шынында, қосылып жазылған бұл екі иероглиф «ит қора» болып



Шыңжаңдағы ауыл шаруашылық машиналарын жасайтын завод.

емес, «қылмыстыларды қамайтын орын» болып, яғни «абақты» боп ұғылады.

Қытайдың (хансудың) көтерілісшілерін маньчжур династиясы Шыңжаңға ең алғаш осылайша, «шунь фэнь» ғып әкелген!..

Шыңжаңның тағдыры Қытай (Джунго) мемлекетімен тым ертеден байланысты екен. Шыңжаңды көшпелі елдердің мекендеуін Айсадан мың жыл бұрын Үндістанмен сауда-саттық қарым-қатнастарын жасайтын Қытай сәудегерлері хатқа түсірген екен. Тегі, ол көшпелілер монғол және түрік тұқымдас елдер болған сияқты. Солардың ішінде, кейін қазақтың «Ұлы жүз» аталатын бөлшегіне кірген үйсіндердің де (қытайша «у суни») аты жүреді.

Қытай мен Үндістан саудагерлерін көшпелі елдердің, әсіресе «hун» аталатын түрік тұқымдас елдерден құралған мемлекеттің жол тосқыш барымташылары дамылсыз талай берген соң, Қытай армиясы сауда жолының қауыпсыздығын қамтамасыз етеді де, біздің дәуірдің бесінші ғасырында Шыңжаң армиясының қолбасшысы — Чжэн Цзидің билеуіне көшеді. Содан кейін Шыңжаңды IX ғасырда — Енисей қырғыздары, XII ғасырда — наймандар (қазақтың руы), XIII ғасырда — монғолдар, XIV ғасырда — Ақсақ-Темір Күреген, XVII ғасырда — Жоңғар қалмақтары жаулап алғанмен, Шыңжаң мен Қытайдың экономикалық және мәдени қарым-қатынасы ешуақытта үзілмейді. 1758 жылы Маньчжур династиясы Жоңғар хандығын жойғаннан кейін, Шыңжаң біржола Қытай (Джунго) мемлекетінің ұлы денесіндегі бір мүшесіне айналады. Одан кейін, XIX ғасырдың орта ке-

зінде — Англияның желіктіруімен Якуп-бек, XX ғасырдың басында — Жапонияның желіктіруімен Хожанияз Шыңжаң халқын Қытайға қарсы көтермек болғанымен, халық желікпейді де, көтерілмейді де.

Қытайда жапон империализміне сатылған Чан-Кайшилік гоменданг үстемдік алған кезде, халықтың көмегімен Шыңжаңды Шэн Ши-цай деген адам басқарады да, қырқыншы жылдардың басында опасыздық жолға түсіп, империализмге қарсыларды, әсіресе коммунистерді қырып жібереді. Осы апаттың ішінде Қытай Коммунист партиясының өкілдері, тап күресінің майданында шыныққан халық ұлдары — Чэнь Тань-цю мен Мао Цзэминь де (Мао Цзэ-дунның туған інісі) азапты ауыр қазаға ұшырайды.

Халық бостандығы үшін күрескен адамдардан қолына түскен кісіге Шэн Ши-цай бандаларының қандай азап көрсеткеніне Шыңжаң ақыны Таңжарық Жолдының төмендегі өлеңдері айқын куа.

Сөзімді оқыған ел ылғасын да,
Мін бар ма артық-ауыс тұлғасында,
Қан құмар қара ниет залымдарға
Кіріптар еш пәндесін қылмасын да.
Ұққанға, тындағанға, сынағанға
Мұңым көп айтатұғын бір басымда.
Шұқырға адамзаттың түсуі оңай,
Отырмын деме бүгін қыр басында.
Көрінді күні бұрын даярлайды,
Жан ашып жақын тартқан сырласың да.
Тапсырды сырластарым өз колымен,
Гоменданға қырқыншы жыл басында.
Қаранғы зындан болды тұрақтарым,
Санырау, түк естімей құлақтарым,
Тік тұрды төбе шашым, жаным шошып,
Алғашқы естігенде сұрақтарын.
Сұрауың өтірік деп мен де айтамын,
Білмесем жоқ сауалға немді айтамын?
Сұраған, қинағанын, қылғандарын
Тізбектеп, тындасандар, енді айтамын.
Түнде, кеп екі-үш адам ортаға алып,
Басыңа бітеу қалта жаба салып,
Жетелеп, тұншықтырып, дірдектетіп,
Бір үйге кіргізеді сүйреп барып.
Тастайды кірген заман бетіңді ашып,
Отырған төрт-бес адам қаны қашып;
«Айт шыныңды, қарнынды жарамын!» деп
Арыстандай ақырып, зәһәр шашып.
«Артық сөйлеп жүрдің ғой, кейде» дейді,
Сөз аяғын мынадай бейнелейді:

«Қазақтың өкіметке қарсылығын,
Жасырмай тәшкіләтті [1] сөйле» дейді.
Ал жылайсың, зарлайсың, жалынасың,
Қара суға тер ағып малынасың.
Құтылам сылтау тауып деп ойлама.
Пәлеге өйтсең үлкен қалынасың.
Білмегенді білдім деп айталмайсың,
Жалған айтсаң сөзіңнен қайта алмайсың.
«Қиналасың, өлесің» деген сайын,
Ер қажаған жауырдай қайқандайсың.
Қарамайды мың зарлап жалынғанға,
Қызыл қанға, қуанып, малынғанға,
Ісі мынау істейтін әуел бастан,
Қинауға алғашында алынғанда:
Тік тұрғызып күн ұзын қойғызады,
Екі жендет шақырып сойғызады,
Қолға құрсау, аяққа кісен салып,
Біржола шыбын жаннан тойғызады.
Су бермей, нәр татырмай неше сөтке,
Шөлден өкпе жабысып бауыр-етке,
Екі көзден еріксіз жасың ваулап,
Тас ұлтанмен соққанда екі бетке.
Екі қолды көтеріп көкке созып,
Сұрақшының бірінен біреуі озып,
Темір сүмбі табанға соғылғанда,
Барлық қаның шығады басқа қозып.
Екі аяғың тік тұрып кеткен ісіп,
Сарысу ағып тамшылап жерге түсіп,
Балтыр етің балбырап сасығанда,
Қалған жемтік секілді жатқан үсіп.
Ұйқы көрмей екі көз іріңдеген.
Ет жүрегің қан басып дірілдеген,
Сұрақшы, сұры суық сұрқиялар,
Аюдай аузын ашып күрілдеген.
Темірменен қаптаған керует бар,
Ортасы ой, жінішке, жан-жағы тар.
Соған таңып жатқызып сабағанда,
Даусың шығып еңіреп жылайсың зар.
Орындық бар үш жерден тесіп қойған,
Ілмек кендір өткізіп есіп қойған,
Қалыңдығы төрт елі қамыс палақ[2],
Екі басын тұжырып кесіп қойған.
Іліп алып кендірді білегіңнен,
Үшін тіреп тақтайдың жүрегіңнен,
Алақанға соққанда жығыласың,
Адасып ақыл, қайрат, тілегіңнен,
Бір тақтай бар дөңгелек, қалың шапқан,
Қанмен сырлап бетіне бояу жаққан,
«Құйрық қойып жалаңаш отыр» дейді,
Ұшын өрге қаратып шеге қаққан,
Көмірге отырғызып ұсақ шағып,

[1] Тәшкиләт — ұйым деген сөз.
[2] Палақ — азаптау құралы.

Қан деген май құйрықтан судай ағып,
Ши жүгіртіп... боздатқанда,
Шығып кетпей шыбын жан тұрсын нағып?
Жаны кетіп адамның денесінен,
Құйрықты алсаң көмір мен шегесінен,
Дауысың жетіп тәңірге күйзелесің,
Ине сұқса тырнақтың көбесінен.
Қашан өлім келер деп қайғы басып,
Әр жерінен тесіліп етің сасып,
Бақайыңнан кендірмен байлап алып,
Салақтатып басыңды қояды асып.
Қараңғы көр қылады мекеніңді,
Есің ауып, білмейсің не екенінді,
Қолға түскен қояндай шырғырасың
Қысып тұрып шерткенде екі...
Көтертпей денең ауыр жатқан ұйып,
Езіп ап тотияйын, қылып сұйық,
Табаның мен кеуденнен басып тұрып,
Мұрыннан жібереді суын құйып.
Сол кезде ыңыранасың, ышқынасың,
Енді жаным шықты деп қыстығасың,
Мұрыннан су, көзіңнен жасың көлдеп,
Жөтелесің, түшкіріп-пысқырасың.
Қорлықпен сөйтіп өткен қайран өмір,
Сасық етке жабысып тас пен көмір,
Екі көзің сыртыңа ойнап шығад
Басқа әкеліп салғанда құрсау темір.
Рахымсыз, ынсапсыз ол жүзі қара,
Сау етіңді талқандап салған жара,
Ақыр содан өлесің шіріп жатып,
Әлгі жаран асқынып бара-бара.
Бұл қинауға кездессең бірнеше жол—
Еріксізден езіліп қоясын қол,
Өмірден мың есе артық өлімім деп
Дүниеге айтасын сен «қош аман бол!»
Арада бірнеше күн өткен кезде,
Хал бітіп енді өлуге жеткен кезде,
«Бәрі рас» деп қол қойып құтыласын,
Әлсіреп бойдан қуат кеткен кезде.
Айтқаны орындалып жайланысты.
Үш айдай бір менімен айналысты.
«Шәуешек, Үрімші, Алтай, Баркөл, Құлжа —
Бәрімен болып шықтым байланысты».
«Таратқан теріс үгітті адам» болдым,
Мойнына шықпас құрық енді түсті.
Орын жоқ енді жайлы жатарыма,
Көз жетпей таңым қашан атарына,
«Өлгенше мен сендерге қарсымын» деп,
Қосылдым «дұшпандардың» қатарына.
Құлжада алты ай жаттым көзім жайнап,
Егіліп санды соғып, қаным қайнап,
Бір күні Үрімшіге барасың деп,
Басып ап машинаға жөнелді айдап.
Әкелді алты күнде Үрімшіге,

Болары қандай заман білінді ме?
Арда өскен асау кердей азат басым,
Шырмалып темір торға ілінді ме?
Үрімші қойды тығып түрмесіне,
Талатып қандала мен бүргесіне,
Бір үйде отыз екі адам отыр,
Тығылып бұрыш, пұшпақ, іргесіне,
Итеріп жібергенде келдім кіріп,
Сөз таппай қалдым тұрып есім шығып,
Пысынап түрме іші сасып кеткен,
Жатқандай түкпірінде адам шіріп.
Сұмдықтың мұнда дейді қиын басы,
Көз жастың енді бопты тиылмасы,
Екі орыс, екі қытай, сегіз қазақ,
Өзбек, ұйғыр, татарлар жиырмасы,
Жүрерде Үрімшіге қуанып ем,
Көңілге «босанам» деп бу алып ем,
«Үлкен жер ақиқатты тексерер» деп,
Тоқтатып жылауымды қуанып ем.
«Үлкен жер» ақиқаты мұндай болды,
Бір басқа пәле деген құмдай болды,
Кешегі керлендеген қайран Тәкең
Бұнда да жорғалаған құрдай болды.
Жете алмай кетем бе деп мұрадыма,
Қай жерде көз жетпейді тұрағыма,
Арада бір-екі ай өткен кезде,
Бір күні алып келді сұрағына.
Бұларға бастан-аяқ айттым шынды,
«Қинаумен қол қойдым,— деп — болып жынды»,
Ақырып айтқан заман кетіп еді,—
Көрінді қарын жарғыш қабан сынды.
«Сөзімді менің айтқан тында» деді,
«Таңжарық енді ойнама, шында» деді.
«Үрімші,— бар Шыңжаңға маркәз[1] болса,
Маркәзі қинаудың да мұнда» деді.
Пәлеге енді білдім батқанымды,
Сөзімнен жақтырмады қайтқанымды,
Толықтап тағы жазып қойдым қолды,
Растап Іледегі айтқанымды.
Жалғанды қол қоясын «шын» деп айтып,
Растап алып қалад тас шықайтып,
Онап соң дағараға[2] сап сүйреп, керіп,
Суық қораға тастайды сені қайтып.
Міне осыдан қисапсыз өлген жандар,
Өлгендерді кәзір бар көмген жандар,
Күз болса неше мың көр даярлатып,
Бәрін істеп, көзімен көрген жандар.
Жазда барлар жетпейді күзді күнге,
Суыр сынды жатқандар кіріп інге,
Болғанда қырық екінші жыл жарымы,

[1] Маркәз — орталық деген сөз.
[2] Дағара — қапшық.

Мен бардым «гүңба»[1] болып ян бин шиңге
Айдаса қайда бармас гүңбаң сорлы,
Айтпай-ақ сорлы болар тұр ғой орны.
«Ян бин шиң» қытайша сөз,— «докторхана
Күнәкарлар жататын ауру орны.
Сол жерде үш ай тұрдым жұмыс істеп,
Күнде адам өледі, төрттеп-бестеп,
Мақсұттар өз көзімше сол жерде өлді,
Ішімнен еңіредім бармақ тістеп.
Бір мата шығын қылмай өлгендерге,
Апарады Қарадөң — көрген жерге,
Жерошақтай қуысқа тыға салар,
Күзден қазып даярлап келген жерге.
Осындай элементтер толып жатыр,
Қайғыменен сабаздар солып жатыр,
Бір қорада күнінде төрттен өлсе,
Түрме ішінде өлгендер толып жатыр.
Қылығы міне, жұртым, бізге қылған,
Қосылып қалың қайғы күнде тыңнан,
Түрмеде тоғыз жылда өлген адам.
Асыпты орта есеппен алпыс мыңнан.
Түсемін деп қорқып жүр түспегендер,
Есебі жоқ бармағын тістегендер,
Аз көрсете кетейін жұмысшыны,
Гүңбаң болып қайтып жүр істегендер?
Алып шығып жұмысын істетеді,
Ah ұргызып бармақты тістетеді,
Дәретхана көтертіп тазалатып,
Өмір өтіп күйбеңмен, күш кетеді.
Он гүңбаңа бір күзгіш бастығы бар,
Қылдан тайсаң ұратын қастығы бар,
Сабан төсек, сасық үй, бит пен бүрге,
Көк кірпіштен басына жастығы бар.
Таң сәріден айдайды айғай салып,
Алты қырлы қолына палақ алып,
Ұрып-соғып, кісен сап істетеді,
Кешіксең жарты минут кейін қалып.
Жер қазып, кесек құйып, ылай жасап,
Шөп шайнап, су сіміріп, бомы[2] асап,
Жаны ашу жоқ, жазғырып «жарамың!» деп
Жалақтатып пышағын адам-қасап.
Тас тасып, тағы зембіл көтересің,
Әлің кетіп шығады қалмай есің,
Қыжылдатып жүректі жүгері нан,
Бір басып, екі ышқынып жөтелесің.
Кол ойылып, табаның іріңдеген,
Денең ауыр, бес батпан кірінменен,
Қылыш қыры, найзаның ұшындасың,
Ұстараның жүзіндей дірілдеген.
Құр сүлде, шықпаған жай шыбын жандар,
Ісік шалған буынды, қайда қан бар.

---

[1] Гүңба — еріксіз жұмыс істеушілер.
[2] Бомы — үй хайуанына беретін жуындылар.

Әр бөлек ағашшысы, теміршісі,
Етікші, шапан тіккен, көн мен шалбар.
Атындай арбашының арқан жауыр,
Қайғылы қара түнек басында ауыр,
Еріксіз еңіреп кеп етпеттейсің,
Ел-жұртың еске түсіп аға, бауыр.
Көзің көріп күнде өліп жатқандарды,
Қасірет, қайғы дәмін татқандарды.
Өлім көзге елестеп ертелі-кеш,
Түн болса тағы сезіп атқандарды.
Ауырсаң да сенбейді «алдайсың» деп,
«Қатарынан гүлбаңның қалмайсың», деп
Бұл секілді өмірге лағнат айтып,
Оңашада тәңірге зарлайсың кеп.
Доктор келер әлсіреп өлер халда
Бар ма, жоқ па, белгісіз өмір алда
Кейіп, налып істеп жүр ауыр жұмыс,
Селкілдеп сексендегі көрі шал да.
Бір шетінен қырылып жатыр өліп,
Оны көріп жүректің оты сөніп,
Қарық болар қарғалар қанға тойып,
Өлгендерді тірісі келер көміп.
Өлтіретін адамды әдейі қастап,
Өзін алып, киімін қорға тастап,
Екіншіде «екі ауыз» сұмдық үй бар,
«Сұрақ» деп әкеледі соған бастап.
«Екі ауызды» оңаша екі-ақ есік,
Айқасатын жері бар, түбі тесік.
Сол тесіктен кірерде тосып тұрып,
Қылышпенен алады басты кесіп.
Кейбіреуге тірідей найза салып,
Екі қолын артына байлап алып,
Сүйреп жүріп соққылап өлтіреді,
Шырылдатып, шыңғыртып, жатса талып.
Кесілген кейде қол мен санын көріп,
Шошымай ма оларды жаның көріп,
Киіз жайып үстіне қырмандаған,
Кейде тамған қаламыз қанын көріп.
Адамды міне өстіп өлтіреді,
Жендеттерді шақырып келтіреді,
Осындай сұмдықпенен өліп жатқан
Адамның бәрі отанының бел-тіреғі.
Қарға-құзғын қан ішіп қылмандайды,
Майы тамып бетінен жылмандайды.
Қаланың шет жағынан шұқыр қазып,
Неше жүзден апарып қырмандайды..
Үрімшінің бәрі қан айналасы,
Ұңғыл-шұңғыл, ескі там, сай-саласы,
Ит сүйрелеп өліктің денелерін,
Домаланып құс шұқып жатыр басы
Пақырлардың міне осы көрген күні,
Жылаған шықпай сыртқа зарлы үні,
Жас орнына көзінен қандар ағып,
Шақырлатып тіс қайрап күні-түні.

Келсеңдер Үрімшінің қаласына,
Көзің сал қалтарыс, сай-саласына,
«Ұмытпа өлгеніңше осыны» деп,
Тапсырып кет балаңның баласына.

Бұл өленге ешбір комментарийдің керегі жоқ. Бұндай хайуандық азапқа тек фашизмнің ғана азабы теңдесе алады. Сондай азаптан әрең құтылған Таңжарық, абақтыдан босағаннан кейін, 1947 жылы 38 жасында өледі.

Шэн Ши-цай қанша ауыр азап көрсеткенмен, бостандықты көксеген Шыңжаң халқы күресін доғармайды. Олар қарулы көтеріліске шығады. Бұл қанды күресте «Үш аймақ» аталатын қазақ округтері ерекше қайрат көрсетеді де, 1944 жылдың ноябрінде Шэн Ши-цайдың әскерін жеңеді. Қарулы күшпен ештеңе бітіре алмауына көзі жеткен Гоминдан айла қолданып, Үш аймақ көтерілісін бастаушылармен ымыраға келіп, 1946 жылы Үрімші қаласында коалициялық[1] үкімет құрады. Бірақ Гоминдан бұл уәдесінде тұрмайды да, өзін «Оспан батыр» атаған бандиттың күшімен Үш аймақты жеке билігіне алмақ болады. Осы негізде Үш аймақта азамат соғысы басталып кетеді. Үш жылға созылған бұл соғыс, Шыңжаңды 1949 жылы Қытайдың Азаттық армиясы алуымен аяқталады. Содан кейін Шыңжаң азаттыққа жетіп, социализм жолына түскен Ұлы Қытай мемлекетінің тең праволы өлкесінің біреуіне айналады.

III. ҚАШҚАРҒА САПАР

Шыңжаңның жерін қалай аралауды ұйғыр автономиялы ауданының басшылары менің өз ыхтиярыма салды. Қай тұсынан бастап араласам да маған «Шыңжаң» аталатын өлкенің негізгі жерлерін, әсіресе бұрын «Қашқария» немесе «Шығыс Түркстан» немесе «Кіші Бұхара» аталатын жерді көру керек, ол менің Шоқан Уәлиханов туралы алдағы күнде жазам деп жүрген шығармама қажет. Осы пікірді айтқаннан кейін, Шыңжаңға саяхатты Қашқариядан бастамақ болдық.

Екі көліктің бірін таңдауды жер иелері өз ыхтиярымызға салды: бірі — автомашина, егер бұл көлікті таңдасақ,— Тянь-Шань тауының бірнеше асуы арқылы Қашқар шаһарына он шақты күнде жетеді екеміз, онда да — кей жо-

[1] Бірлескен.

таны қар басып бөгеп тастамаса; бірі — самолет, ол Қашқарға дейін алты сағат ұшады. Ең қызығы, әрине, автомашинамен кету болар еді, онда адам бұрын танымайтын жердің көбін көрер еді, бірақ біздің қарамағымыздағы уақыт ондай жүріске жетпейді, сондықтан ұшуға бекіндік.

Үрімші аэропортынан біз аспанға таңертеңгі 7 сағат 55 минутте көтерілдік. Бізді бастаушы — Абдулхалық есімді суретші мен Әбілхай Рузиев есімді ақын. Екеуі де ұйғыр ұлтынан. Абдулхалық (біз оны «Халық» дейміз) Үрімшідегі көркем сурет галереясының қызметкері, Әбілхай Қытай жазушылар одағының Шыңжаңдағы бөлімінде қызмет атқарады. Екеуімен де Үрімшіде тұрған аз күнде үйір боп үлгіргем. Халық таразы денелі, жұқа өңді, момақан мінезді адам. Әбілхай — бойы ортадан бәлкім төмендеу, толық денелі, толық бетті, қоңқақ үлкен мұрынды, қою қара қасты, сабырлы, мінезді жігіт. Екеуінің де жасы — «қырыққа кірген қырма сақалдар». Екеуі де Шыңжаң өлкесін, әсіресе Қашқарияны, түгел аралаған, сондықтан өте жақсы білетін адамдар.

Аспанға көтерілген самолет күнгей жақта ақ-жоталанып тұрған Тянь-Шаньды бөктерлей тура шығысқа қарай тартты.

— Алдымызда Тұрфан шаһары,— деді маған, қатар отырған Әбілхай,— ол Үрімшіден 170 километрдей жерде. Тұрфан тұсынан Тянь-Шань тауының шығыс жағы біте-ді. Біз Тұрфанға елу километрдей жетпей, «Дуаншың» аталатын асудан өтеміз. Ол арада, көлемі кіші болғанмен, көп замандық тарихы бар ескі қаланың бірі —«Тоқсын» тұрады.

Тұрфанға соқпау маған өкініш болды. Тарихи материалдардың айтуынша, ол Қашқариядағы ең ескі шаһардың бірі болуымен қатар, дүние жүзіндегі қалалардың ішінде теңіз бетінен ең төмен тұратын және ауасы ең ыстық қаланың бірі. Мәселен, жақын жердегі Үрімшіде шілде айларының ыстығы 45—50 градусқа жетсе, нақ сол шақта Тұрфандағы ыстықтың градусы айдап отырып 75—80-ге барып қалады.

— Тағы бір өзгешелігі,— дейді білетіндер,— Тұрфанда ревматизм аталатын сырқат болмайды, ондай сырқаты бар адам, жалаңаш табанымен ыстық топырағын бір айдай басса, құлан-таза жазылып кетеді!..

Дуаншыңынан асқанда көрген бір ғажабымыз: тау-

дың әлденеше жерінде, қырқа жоталарынан төмен қарай тізбектеле түскен, көгендеген қойдай қаз-қатар бірдемелер көрінеді. Оның не екенін Әбілхайдан сұрасам:

— «Қараз» дегенді білетін боларсыз? — деді ол маған.

Мен білетіндігімді қысқаша баяндаймын: таудың биігіндегі бұлақтың суын егін себуге болатын жазыққа түсірудің әдісі ғой ол. Бұлақтың аз суын молайтып алу үшін қайнар көзіне жақын жерден құдық қазады ғой. Сол суды жайылым жерге тасымалдап жеткізу үшін, бірінен бірін төмендете, әлденеше құдық қазып, араларын жырып қосады ғой, сонда жоғарғы құдыққа толған су, жыра арқылы төменгі құдыққа құлап, оған толған су өзінен төменгі құдыққа құлап, сол әдіспен құдықтан құдыққа құлаған су әлденеше құдық арқылы егін себетін жайылымға келеді ғой. «Қараз» Иран сөзі көрінеді, оны қазақтар өз сөзі ғып «керіз», яғни «кейін кететін із»,— «кейін ағатын су» деседі.

— Ұйғырлардың да «қаразы» осы,— дейді Әбілхай.

Қазақ керіздерінің ерте замандағы ізін мен ең алғаш 1928 жылы Арқадағы Ұлытау мен Кішітауда көрдім. Бірақ, олардың жоғарыдан төмен қарай тізбектеле қазылған құдықтарының саны ең көп дегенде он-он бестен аспаушы еді. Төмпелерінің түріне қарағанда, Дуаншының керіздеріндегі құдықтар әлденеше жүз сияқты.

Әбілхайдың айтуынша, Тянь-Шань тауының бұл тұсы өте шөлейт: көп жерінде өзен түгіл бұлақ та, бұлақ түгіл жылға да, жылға түгіл саз да жоқ. Сондай тақырлардың кейбір саяқтынан көгал ұшырасса, аса тереңінен болса да су табылмай қоймайды. Бұл араның халқы ондай жерлерден атамзаманнан бері құдық қазып, су тауып келген. Су кейде жүздеген метр тереңдіктен шығады. Ондай шыңырау құдықтың суы терең түбінде ғана жататын болғандықтан, төмендегі құдыққа жердің астын үңгірлеп қазу арқылы құлатылады. Кетпеннен басқа техникасы жоқ заман үшін қандай қиын жұмыс бұл!.. Және бірер құдық қана ма ол? Ондаған, жүздеген құдықтар емес пе?!

Азабы соншалықты ауыр болғанымен, сусыз тіршілік ете алмайтын тұрғын халықтар осы әдіспен де талай керіздерді қазған! Кейбір керіздерді бір ұрпақ емес, әлденеше ұрпақ қазып әрең бітірген.

— Такламакан төңірегіндегі тауларда,— дейді Әбіл-

хай бұл сөзін аяқтап,— бұндай керіздер Дуаншыңнан басқа талай жерлерде де ұшырайды...

— Осындай әдіспен де,— дейді Әбілхай, керіздерге таңдана қарап отырған маған аздан кейін,— бұл маңайдың елі талай түрлі егіндерді, талай жеміс бақшаларын суарып бай өнімдер алады. Тұрфан аймағы қауын-қарбыз сияқты дақылдарға да, өрік шабдал, шие сияқты жемістерге де өте бай. Және жемістері аса дәмді болады. Дүние жүзінде, бұл аймақтың, әсіресе Тоқсынның қауынына таласатын тәтті қауын жоқ деседі.

Тоқсын — «Дуаншың» аталатын асудағы тақыр таулардың қамауында, терең сайға орнаған кіп-кішкене, бірақ жап-жасыл қала екен. Айналасындағы төбелердің биігінен төмен қарай тізбектелген керіз құдықтарының қатары — қаланы айнала соққан қамалдың қабырғаларына ұқсайды. Сол тұстан, алыста көгере бұлдырап, Тұрфан қаласы да елестейді.

Дуаншың асуының тұсында Тянь-Шань» тауының шығыс жағы аяқталатындығы жоғарыда айтылды. Тұрфан осы таудың нақ ұшар тұмсығына жақын жерде көрінеді. Одан әрі шығыс жақтан Тибет тауының бір сілемі,—«Алтын тау» таянып, екі таудың аралығы жел-соғар қақпа болып тұрады екен. Біздің Қазақстанда, «Тянь-Шань» мен Тарбағатай таулары астасқан жерде, «Жоңғар қақпасы» аталатын кезең бар ғой, осы кезеңнен оқтын-оқтын есетін «әбе» аталатын, екпіні кесек тасты домалатып, салт кісіні аттан құлататын аса қатты жел бар ғой. «Сол тұстағы үңгірде жататын айдаһардың лебі» деседі ғой оны, дінге сенетін жай халық. «Тұрфан қақпасы» да осы «әбе» сияқты екен. Одан да жаманы, әбенің желі қанша қатты болғанымен, шілденің аңызақ кезінде ғана болмаса, өзге шақта салқын ғой. Тұрфан жерінде, жыл тәулігінің көп шағында ауа 75—80 градустық ыстық болатындықтан, «Тұрфан қақпасы» арқылы кей кезде ұзақ уақыт есетін дауылдың лебі жалындай шарпып, кезіккен хайуанатты тұншықтырып жібере жаздайтын көрінеді! Бұндай дауылға ұрынған талай жолаушылар апатқа да ұшыраған деседі. Бірақ, малдан басқа көлігі жоқ заманда, Қытайдан Үндістанға, Үндістаннан Қытайға баратын жүргіншілердің бұл қақпадан өтпей амалы жоқ екен. Алдында өтуі қиын «сират көпірі»[1] барын білетін жүргіншілер, өтер алдында «құрмал-

[1] Діншілдер ойлап шығарған «азап көпірі».

дық шалып», «намаз оқып» дегендей әуре-шікіра болады екен.

Дуаншыңының Тоқсын тұсынан әрі қарай аса бергенде, терезеге үңіліп отырған Әбілхай:

— «Айғырбұлақ!» — деп айғайлап қалды.

— Ол не? — дедім мен.

— Осы маңайдағы бұлақтардың ең сулысы. Сондықтан да тұрғын ел оны «Айғырбұлақ» атаған. Әне, ол бұлақ!..

Терезеге мен де үңілсем, тақыр төбелердің арасынан төмен қарай созыла, жап-жасыл, жіп-жіңішке, ұп-ұзын жасыл жолақ жатыр екен. Ортасында, жасыл барқытқа тіккен күміс оқа сияқтанып, әппақ бірдеме жылтырайды, ол, әрине, «Айғырбұлақтың» суы.

Әбілхайдың бір қасиетін айтуды ұмытып барады екем: мойыны да, жұтқыншағы да жуандау біткен оның ашық және биік баритон даусы бар. Осы даусын ол өте ырғақты, көркем түрде шығара біледі. Ұйғыр әндерінің көпшілігі көмекейден айтылады ғой. Әбілхай сондай әндерді қылғына бүлкілдетіп, аңырата көтергенде, ұйғырда одан тәуір әнші жоқ болар деп ойлайсын. Ұйғыр әнге бай елдің бірі көрінеді. Халықтық жеке әндері де көп бұл елде, «он екі мұқам» аталатын, мазмұн жағынан біріне бірі жалғасып, бірін бірі өрбітетін, бәрін түгел айту үшін, бірнеше кеш қажет болатын әндер циклы бар екен. Әбілхай осы әндердің де біразын біледі екен.

«Айғырбұлақтың» үстінен өте бергенде Әбілхай ұйғырдың тағы бір әнін тамсандыра жырлай жөнелді. Әні әдемі екен, аты «Айғырбұлақ» екен, сөзі,

Тағму — тағлардин эгіз,
Айғыр бұлақтын тағлари
Төпусигә қар иәғұпту
Астида гүл-бағлари,

деп басталады екен. Ертегіде айтылатын «Абілхаят»[1] суы сияқты, «Айғырбұлақ» қандай тамаша сөздер мен оған лайықты ән туғызған!..

Әбілхай әннің аржағын тіпті тамылжытып әкеткен соң мен үн-түнсіз тыңдадым да отырдым. Дуаншың асуынан өте самолет батыс-күнгейге қарай ойысты. Сол жағымыз — ұшы-қиырына көз жетпейтін ақ-сұр кең дала, оң жағымыз — Тянь-Шаньның кейде алыстап, кейде жақындап көрініп отыратын ақ жотасы. Жолшыбай көңіл

[1] «Тіршіліктің суы», яғни ішкен адам өлмейтін су.

бөлетін әлденелер елес бергенмен, күйі тасынғандай бейнемен терезеге төніп ап, әлдене әндерді көмекейі бүлкілдей жырлап отырған Әбілхайға бөгет болмайын деп үн қатпаймын. Сүйтіп отырып қалғып кетіппін...

— Бағыраш! — деген үн құлағыма сап ете қалғанда оянып кетсем, Әбілхайым әнін доғарып, терезеге шұқшия төніп қапты.

— О не, Әбілхай? — деген сұрауыма,—

— Бағыраш көлі! — деп жауап берді ол.

Жиектей жақындап келсек, енінің ол жақ, бұл жағына көз жеткенімен ұзын тұрқына көз жетпейтін көл екен. Географиялық мәліметтерге қарағанда, Бағыраштың суы тұщы, ал татып көрген Әбілхайдың айтуынша — ішуге болмайтын — саумал. Балығы көп және дәмді. Көлге батысынан Қарашар дариясы кеп құяды да, күнгей жағынан «Қорла» атты ащы өзен шығып, Тарым дариясына қосылады. Көл айнала орнаған балықшылар бекеті бар.

— Анау бекеттің аты «Күміс», ананың аты,— «Үчақ тал» — деген сияқты жер аттарын Әбілхай тізбектей санап келеді.

Бір сәтте «Қарашар»[1] аталатын көне, жасыл қаланың үстін басып ұштық. Ол осы маңдағы монғолдардың аудан орталығы екен. Одан әрі Корла Шаһары кездесті. Атақты «Таһир-Зуһра» уақиғасы осы тұста болған екен, ұйғыр халқы жүздеген жылдар бойы жырлап келе жатқан бұл халықтық тамаша эпосты XIX ғасырдың аяқ кезінде Россия татарларынан саяхат жасап келген біреу жазып әкетеді екен де, осыдан татар тіліндегі «Таһир-Зуһра» поэмасы мен «Таһир-Зуһра» атты музыкалық драма туады. Ұйғыр халқының «мәшірәп» аталатын халықтық ойын-сауығында «Таһир-Зуһра» поэмасы да айтылып, халықтық артистер поэмадағы геройлардың ролдерін ойын, ән, музыка арқылы көрсетеді екен. Ұйғыр топырағында туған «Ғарип-Сәнәм» поэмасы да осылай орындалады екен. Әбілхай екі поэманың да кейбір үзінділерін әнімен орындап берді.

Жолшыбай біз Қарашар, Құчар, Ақсу аэропорттарына қонып, аз тыныстағаннан кейін илгері ұшып отырдық. Оң жағымыз — Тянь-Шань, сол жағымыз — Такламакан, көріп келе жатқан жерлеріміздің түрі мен түсі бір-біріне өте ұқсас: су бар жерде ғана өмір бар сияқты, сусыз жерлердің бәрі көзді талдырарлықтай сұп-сұр. Басында қары мен

[1] «Қара Шаһар» деген сөз көрінеді.

мұзы сарқылмайтын, теріскей жақ бетінде өзені де, бұлағы да, көлі де көп Тянь-Шаньның күнгей жақ бетінде неге сараңдана қалғанын кім білсін,— өзендер тіпті сирек кездеседі, бұлақтар да өте сирек сияқты, әйткені таудың сай-салаларында көгал жерлер тым аз. Такламаканның құнарсыз құмы жұтып қояр деп қорыққандай, Тянь-Шаньның бұл бетіндегі сирек өзеннің ешбірі құмдақ өлкеге жоламайды екен, Такламаканның теріскей жағын орай аққан Тарым дариясы, бір тарамында Бағыраш көлінің, бір тарамында Лобнор көлінің, бір тарамында Қараборан көлінің суларын молайта отырып, құмның шығысындағы Алтынтауға жетіп жоғалады екен. Бұл маңайдағы өсімдіктің де, хайуанаттың да, адамзаттың та тіршілігі мен өркендеуі осы сулардың бойында ғана көрінеді. Сусыз жердің бәрі — тым-тырыс жатқан өлік!..

Ақсудан шыға біз тура күнгейге қарай тарттық. Самолет ілгерілеген сайын, батысқа беттеген Тянь-Шаньның бұлдыраған ақ жотасы алыстай берді. Оң жағымызда жарысқан аласа, тақыр тауды Әбілхай «Памир мен Тянь-Шаньды тұтастыратын жоталар» деді. Осы бетпен біраз жер ұшқаннан кейін әлдене буалдырдың ішіне сүңгіп, төңірегімізден де, астыңғы жағымыздан да іштеңе көрінбей кетті.

— Бұ не?! — дедім мен Әбілхайға,— бұлт па, тұман ба?

— Екеуі де емес.

— Енді не?

— Шаң.

— Шаң?!

— Иә.

— Дауыл боп тұр екен ғой онда?

— Менімше, дауыл болмау керек. Осы бір тұстың табиғатындағы бір өзгешелік — кейбір тып-тынық күндерде де шаң көтеріліп, осылай тұманданады да тұрады. Жергілікті халық бұны «аспаннан жауған шаң» деп түсінеді. Кейде бұл шаң тіпті қоюлана биік көтеріліп, самолеттерді де ұшырмай қояды.

— Себебі не екен бұның?

— Келешекте ғылым айырып бермесе, әзірге ешкім білмейді...

Қашқар шаһарының аэропортына біз тұманға сүңги келіп қондық. Онда тағы бір көрген ғажабымыз,— шаң

тұманының қоюы биікте екен де, жер бетіндегі тұман, төңіректен бірталай жырақтықты көруге боларлықтай, сұйық екен. Ал биіктегі тұманның қоюлығы сондай,— сағатқа қарағанда мезгіл әлі 2 болғанымен, күннің көзі тұтылған сияқтанып, қара-күреңденіп әрең жылтырайды!..

Қашқар шаһарында біз, бұрын Пакистан өкілдігі тұрған, кейінгі жылдарда мейманханаға айналған, жан-жағы қоршау, қалың және көркем бақшаға бөленген үйге түстік. Кешке Совет елшілігінің салтанатты кең бақшасында, жергілікті әлдене мейрамның құрметіне қала басшыларына қонақасы беріліп, мәжіліске біз де қатнастық. Бұл қалада әзірге театр жоқ екен, бірақ театрға беріспейтін концерттік бар екен. Қонақасы үстінде бұл ұйым ұйғырша әдемі ойын-сауық көрсетті.

Қашқарияның жайынан бірінші мәліметті біздің елші — Алексей Афанасьевич Орлов жолдастан алдық. Оның айтуынша, Такламакан төңірегіндегі Қашқария аталатын өлкеде үш жарым миллионға тарта халық бар, оның 96 проценті ұйғыр, одан кейінгі көбірегі,— жеке әкімшілік уездері бар, қырғыз бен тәжік. Өзгелері мыңдап қана саналатын қытайлар, өзбектер, монғол тұқымдары, индиялықтар, тибеттіктер. Өлке халқының басым көпшілігі егін кәсібімен шұғылданады, азшылығы мал өсіреді,— олар қырғыздар мен монғолдар. Такламаканның шығыс-күнгейінде созылып жатқан Куэнь-Лунь тауының ішінде, адам қоғамының алғашқы тұрмысы халінде, (первобытный) жабайылық жағдайда жасайтын, ешбір өкіметке бағынбай көшіп жүретін, тибет халқының «Канжут» есімді бір руы да бар деседі.

Жер көлемі көп болғанымен, су жететін жері аздықтан, Қашқар округінде жан басына келетін егін әзірше гектардың төрттен бірі ғана, Хотан округінде — сегізден бірі ғана. Жердің көбі бұрын алпауыттар мен мешіттердің қарамағында болған.


Қашқар шаһарының өзі туралы жиналған мәлімет төмендегідей болып шықты: «Қашқар» деген сөз әр түрлі талқыланады екен, бір мәліметтер ол «Каш» және «ғар» деген сөздерден құралады-мыс, «каш» дегені — қас пен көзді бояп ажарлайтын тас, «ғар» дегені — таудың адам тұратын үңгірі, сонда, «Қашқар» яки «Кашғар» «ажарлы үңгір», яғни «көркем қала» деген мағна береді, олай атаудың шындыққа да келетін жері бар: көне заманда адам үй жасай білмейтін кезде, таудың үңгірлерін мекендеген



Қашқардағы мешіт.

ғой, немесе, теңіздің, өзеннің... дегендей, биік жарларын үңгірлеп тұрған ғой. Осындай үңгірлер Қашқар шаһары орнаған Кумен өзенінің жағасында әлі де бар. Олардың кейбірі көркем түрде жасалып, кейін бұзылды деседі. «Кашғар», яғни «көркем үңгір» есімі осыдан қалуы мүмкін. Енді бір рауаятта, «Қажғар» — «Қажа-есек», яғни есектің құлыны, яғни «қодық» деген сөз көрінеді. Олай дейтіні, көне заманның ертегісіндей, кей халықтың я рудың негізін хайуаннан (қасқырдан, иттен, айғырдан, тағытағылардан) таратуы сияқты, «ұйғырлар қодықтан тарады» деген де сөз бар екен...

Қашқар шаһарының тарихта мәлім болуына үш мың жылдай уақыт болған сияқты. Бірақ ол кезде атаққа Қашқардың өзі емес, қасындағы жақын жерге орнаған Атуш қаласы шыққан. Бұдан мың екі жүз жылдар бұрын сол тұста жер қатты сілкініп, Атуш қирағаннан кейін жергілікті әкім астанасын Қашқарға көшіріпті. Содан бері бұл төңірекке нелер елдер келіп, нелер елдер кеткенімен, талай әкімдер ауысқанмен, Қашқар кейде «Қашкария» аталатын бүкіл Такламаканның төңірегінің, кейде оңтүстік Қашқарияның, кейде батыс Қашқарияның әкімшілік орталығы болып келген. Азаттықтан кейін де Қашқар күнгейлік



Қашқар қаласындағы Шоқан өткен қақпа.

Қашқарияның орталығы болған екен. Мен барған кезде «Қашқар ауданы» аталатын өлкенің ғана орталығына айналыпты.

Орта ғасырларға дейін Қашқар шаһары «шарқы» (шығыстық), «шимал» (солтүстік) болып, ортасын бөлген биік қабырғамен екіге жіктеледі екен. Бұрын қаланың екі бөлегін де тұтас қоршаған сепіл (қамал) жасалып, оның ішіне кіретін: «Қарқы дарбаза», «Тоғызақ дарбаза», «сау дарбаза» атты үш қақпасы болады екен. Кейінгі төрт-бес ғасырда, халық саны көбейгеннен кейін, сепіл сыртына да үйлер салынып, қала «ішкі» және «тысқы» аталып, тағы да екіге бөлінген. Әр ғасырда, әр жағдайлы соғыс болған шақта сепілдердің қабырғалары қирап, қаланың екі бөлшегі көп жерінде тұтасып кеткен. Он жетінші ғасырда Қашқарияны Манжур династиясы басып алып, қаланың күнгей батысына тағы бір кең сепіл салынған. Құрылу тарихына үш жүз жылдан асыңқыраған бұл сепіл әлі сақтаулы екен. Кәзір ол сепіл қалалық әскери гарнизон тұратын орын.

Қашқар ауданындағы барлық үй саны — 14596, жан саны — 51630, олардың 27789-ы ер, 28341-і әйел. Ауданды ұлттық жағынан алғанда: ұйғыр—90,4 процент, қытай—5,4 процент, өзбек — 2,4 процент, дүңген — 0,21 процент,

өзгелері — қырғыз, монғол, орыс, татар, тәжік, қанжут (тибет) тағы басқалар.

Аудан халқы «қалалық» және «изалық» (қыстақтық) болып екіге бөлінеді. «Көше басқармасы» деген атпен қала жеті кварталға бөлшектенеді. Изалар төртке бөлінеді.

Азаттыққа дейін бұл қалада өнеркәсіп жоқтың қасы, бар кәсіп — қолөнері ғана екен. Азаттықтан кейін қалада, кішірек көлемде болса да, ауыл шаруашылығы саймандарын жасайтын завод, ұн заводы, шыны, кірпіш заводтары құрылып іске кіріскен. Кәзір өте жылдам қарқынмен қуаты мол электр станциясы салынып жатыр. Қала «Түмен» және «Қызыл» аталатын, суы мол екі өзеннің аралығында. Олар қаладан өте бере қосылып, суы тіпті молаяды. Салынып жатқан электр станциясы нақ сол тұста.

Әзірге қаладағы басым кәсіп қолөнері дедік қой. Азаттыққа дейін қолөнершілердің көпшілігі ауқатты адамдарға жалданып, ашылығы ғана өз бетімен шеберлік құрады екен. Кәзір олар түгелге жақын кооперативке бірігіп, қызметті бірлесіп атқарады. Қашқар қаласында кооперативке мүше болған үй саны — 1499, қызмет атқаратын адам саны — 1755. Бұлар осы қаладағы қолөнершілердің 89 проценті. Өзгелері әлі жеке кәсіпте.

Қашқарда сауда-саттық жұмысымен шұғылданушылар да бірталай. Олардың да 80 процентке жақыны кооперативке кіріп, сауда жұмысын ұйымдасқан түрде жүргізеді. Бұндай қызметтегі үй саны —1372, адам саны —1450.

Қашқарияда ірі саудагерлер болып, ірі капиталистер болмаған сияқты. Мәселен, XIX ғасырдың орта тұсында жасаған, Россия мен Қытай арасында мал саудасын жүргізген Әлназар байдың қойы жетпіс-сексен мыңға, Сұлтан Бұғыда ханның тұқымы — Тұрды Шайхының қойы — жүз мыңға жеткен еді деседі. Қашқарияда әрқашан да ең көп қой ұйғыр саудагерлерінде болады екен. Отыз-қырық мың қойы бар ұйғыр байлары кәзір де барға ұқсайды. Олардан кооперативке мүше болғандар, Халықтық Қытайдағы тәртіп бойынша, бағып отырған малының өнімінің тиісті процентін пайдаланып отырады.

Өнеркәсіп бұйымдарымен сауда жүргізетіндерден, Қашқар шаһарында ең байы — Халық-ахун дейтін ұйғыр екен. Үйінде мейман болған бізге оның айтқаны: «Жасым елу алтыда. Әкем саудагер еді. Он бір жасымнан мені де ол саудаға үйретті. Мына шеті Пежін (Пекин) мен Шанхай, ана шеті Қараши мен Дели, мына шеті Самарқан мен



Қашқар мәдениет сарайындағы оқу залы.

Үргенішке дейін жүріп көрдім. Қәзіргі капиталым — 140 мың юань, бұрын айлық пайдам он мың юань шамасында болушы еді, кәзір ондай табыс бір жұманың ішінде де түсіп тұрады, оған себеп,— азаттықтан кейін халық көпшілігінің әл-ауқаты күшейді».

Халиқ-ахун да, інісі Мұхаммед Имин де, енші алған баласы Әблажан да кооперативке мүше екен. Баласы «Капиталистерді қайтадан тәрбиелеу ұйымында» үгітші көрінеді.

Қаланың қарамағындағы диқаншылық төрт изада (қыстақта) ғали (жоғарғы) дәрежелі он бес кооперативке бірігіп, оларға 2765 үй мүше болған. Жер мөлшері — 17885 му. Жан басына бөлгенде ол жер: бір му, үш пұн, екі лиден келеді.

Қашқар қаласында халық қарамағындағы бастауыш мектептің (біріншіден бесінші класқа дейін) саны — он, оқушылар саны — 4666, бұлардағы сабақтың көпшілігі — дін оқуы. Үкімет қарамағында әзірге үйі жаңадан салынған жалғыз-ақ мектеп бар, ондағы оқушылар саны —386. Мұғалімдер даярлайтын, техникум дәрежесіндегі бір дарул-мұғаллимин бар, оқушыларының саны —1590. Қаладағы сауатсыздықты жоятын тұрақты курстарда, 20 мен 50 жастағы адамдардан, 30 мыңдай кісі оқиды; азаттыққа

дейін Қашқария халқының сегіз проценті ғана хат біледі екен, кәзір сауаттылардың саны отыз процентке барып қалған. Шаһарда азаттықтан кейін салынған бір мәдениет сарайы, кино және сауық кештері көрсетілетін бір клуб, төрт кітапхана бар, азаттыққа дейінгі ауруханада барлығы отыз-ақ төсек (койка) болған екен, кәзір аурухана кеңіп, төсек саны 150-ге жеткен, амбулаториядан күн сайын 250-дей адам қаралып шығады. Азаттыққа дейін балаға шешек егу дегенді бұл қала білмейді екен, сондықтан шешек індетінен жыл сайын жүздеген бала өледі екен, азаттықтан кейінгі жылдарда осы ауданның бір өзінде 147039 балаға шешек егілген, 8406 адамға жұқпалы аурулардың вакцинасы жіберілген, акушеркалық курс ашылып, оны жыл сайын жүз елудей әйел бітіретін болған.

Қашқар қаласының хал-жайы туралы осындай мәліметтер алғаннан кейін біз қаланың іші-сыртын аралап кеттік. Мен, тегі бұл қалаға, менің көруіме аса қажетті шағында барған екем. Олай дейтінім, қалалық басқарманың айтуынша, мыңдаған жылдар жасап, ескі азиялық стилде, шикі балшықтан соғылған үйлерінің көбі тозған бұл қалада алдағы аз жылдың ішінде қайта құрылыс жұмысы басталады екен де, көне үйлердің, тар көшелердің көбі қирап, орнына салтанатты үйлер мен кең көшелер орнайды екен. Қаланы оған дейін көруге қуанған себебім, Шоқан туралы жазбақ болып жүрген романыма қажетті түрінде көруім. Осы қалада туып, осы қалада өскен қарт адамдардың айтуынша, азаттықтан кейін салынған аздаған ғана үйлер болмаса, қаланың түр-тұлғасы Шоқан көргеннен айнымайды.

Қаланың «көне», «жаңа» боп екіге бөлінетіні жоғарыда айтылды. Бірақ, құрылыс жағынан бұл екеуінің арасындағы айырма өте аз: екеуінің де көшелері әрі тар, әрі қисық, екеуінің де үйлері мен қораларының көпшілігі сары-сұр балшықтан соғылған және терезелерінің көпшілігі қораның ішіне қараған, бүкіл ескі Азияның үйлері сияқты, бұндағы үйлердің де төбесінде шошайған балахана...

Азиялық өзге қалалардан бұл қаланың бір өзгешелігі — «көне» мен «жаңа» шаһардың аралығында, табиғаттың өзі сары сұр балшықтан жасаған, радиусы бірер километрге созылатын, биік тұсы бірер жүз метрдей, оба тәріздене біткен таушық бар екен. Тарихи материалдарда, ол бір кезде Түмен өзенінің жарқабағы болған. Осы жа-



Қашқардағы мыс ұсталары.

ғаны мекендеген ел, сан ғасырдың бойына айнала мүжіп балшығын ала берген соң, бұрын сопақтау қабақ кейін дөңгеленіп, оба сияқты түрге айналған. Үй салуға күші жоқ кедейлер сан ғасырдың бойында осы обаны айнала үңгірлеп мекен жасағандықтан, кең обаның өн бойы тұрғын үйге толып, олардан өретін адамның көптігі илеуінен өретін құмырысқадай болып кеткен. (Бұл обаның аты бір қағазымда жазулы еді, кейін іздегенде табылмады).

Оба бойында тұрғын үйлер ғана емес, қол өнерінің шеберлік жайлары да көп көрінеді. Фабрикалық және заводтық бұйымдар Қашқария шаһарында бұрын да мол болған, кәзір де мол. Олардың көбін саудагерлер шет елдерден әкеледі екен. Бірақ халқының басым көпшілігі тақыр кедей болғандықтан, азаттықтан бұрын базар бұйымын алушы аз болады екен де, көпшілігі тұрмысына керек нәрселерді өздері қолдан жасап алуға тырысады екен, осыдан барып, қолөнер кәсібі халық арасында кең түрде өріс алады екен. Қашқарияның қанаушылары, ұсақ қолөнершілерінің құрал-сайманы, шикі заты жетпеуімен я жоқтығымен пайдаланып, оларды өздері ұйымдастырған шеберлік орнына тартады екен, осыдан

барып патриархалдық немесе феодалдық өндірістік қатынастар арасында дары туады екен.

Оба бойындағы қолөнершілер жайының біз бірнеше қоя көрдік. Кейбір тұстарда қаңғыр-күңгір соғылып жатқан сауметалдар, оларда шелек, астау, құман, аяқ-табақ сияқты ыдыстар жасалады, бір жерлерде етікші, өрімші, тігінші дегендер бар, тағы бір жерлерде кілем, мата тоқушылардың тобын көресің. Бұрын жеке байларға жалданып немесе өздері бірдеме жасап тырбанып ауыр өмір кешкен қолөнершілер, кейінгі екі-үш жыл ішінде кооперативке ұйымдасқан да, құрал-сайманнан, шикі заттан үкімет жәрдем беріп, жасаған бұйымдарын сауда орындарына да, базарға да басшылары арқылы шығарып сататын болған.

Мысал үшін «сәргаз» аталатын қолөнершілердің ісіне тоқтап көрейік. Оның қызмет орны — әлдене бай әлдене ғасыр бұрын обаның кеуде тұсындағы бір жерде балшықтан ойып жасаған кең үңгір екен, күн сәулесі төбесіндегі кигіз үйдің шаңырағы сияқты тар ойықтан түседі. Бұрын ол «шаңырақ» желсіз күні ашық тұрады екен де, желді күні, жасалып жатқан істерге шаң түспеу үшін, қойдың я сиырдың қарнынан жасалған қақпақпен жабылады екен. Кәзіргі «шаңырақтарға» шыны орнатылған.

«Хам» деп ұйғырлар мақтадан тоқылып боялмаған матаны айтады, боялған матаның аты — «сәргаз». Тоқушылар мен бояушылар бұл елде екі басқа екен. Біздің бала шағымызда, базарға барған кедейлер, бағасы арзан деп, ішкі киімдікке түсі ақ, ені тар, тоқуы сирек және тұрпайы, ұзындығын екі я үш құлаштық «бөз» немесе «ақ бөз» аталатын мата әкелуші еді. «Өзбектерден алдық» дейтін еді олар. Өлген адамның кебініне көбінесе осы «бөз» жұмсалатын еді. Қазақтың халық өлеңінде,—

Баймын деп, кедеймін деп мақтанбаңдар,
Орарың өлгеннен соң үш қарыс бөз!...—

деуі осыдан шыққан. «Қарыс» дейтіні — сол жақ ықпен көлденең созған оң жақ қолдың үшінің екі арасы:

«Қарымен» өлшенетін бөз Қашқария жерінде әлі де көп тоқылады екен. Бір хамның ұзындығы үш қарыдан артық болмайды екен. Бұл өлшемнің бағасы бір жарым юань, боялғаннан кейін екі жарым юань. Сәргазшылар бөзді ақ қалпында сатып алады екен де, түрлі түсті әдемі өрнекпен бояйды екен. Бояуды өсімдіктердің тамырынан алады екен. Ол бояу, жұқтырған матасы түгелене тозып

біткенше кетпейді де, оңбайды да екен. Қілемдерден де кетпейтін бояулар осылар екен. Күн көзіне я суға оңудың орнына, ондай бояулар жарқырай, ажарлана түседі екен.

Сәргазшылардың жұмыс орны қызық. Ол — топырақтан қазылған шұқыр. Сәргазшылар аяқтарын шұқырға түсіреді де, өзі ернеуіне отырады. Алдында, аяқтары шұқырдың түбіне бекілген, скамейка сияқты қалың тақтай, оның үстінде — керіле жайылған ақ мата. Оң жағында — ағаш ыдысқа құйған бояу. Қолында — қайыс бауын алақанына киіп алған төрт бұрышты жұқа тақтай, оның астыңғы жағы — ағаштың өзінен ойған, матаға бояумен түсіретін өрнектің штампы. Осы штампты бояуға тигізіп ап, алдында керіле жылжыған ақ матаның бетіне шапшаңдата басқанда, сәргазшының қолы-қолына жұқпайды. Және, басқан шағында, мөлшерлі жерінен иненің жасуындай аумай, үнемі дәл түсіреді, трафареттік штампты біріне бірін соқтырмай, қисайтпай, тізбектерін машинамен өлшегендей келтіріп отырады.

Бұрынғы кезде сәргазшылар осындай істен ұйқы, тамақ, дәрет сияқты қажетті шақтарда болмаса, бас алмай, күн тәулігіне ең кеміне он бес-он алты сағат жұмыс істейді екен. Нормасын орындай алмағандар іс үстінде отырып қана мызғиды екен. Сондағы табысы еушақытта да күн көрісіне жетпейді екен.

Кооператив болғаннан бері бұл хал біраз жақсарған. Біз танысқан сәргазшылар ұйымында 48 адам жұмыс істейді, еңбек уақыты күніне он сағат, нормасы — жеті хам, бір хамды бояп шығудың құны — 32 фынь (фынь бір тиын шамасында). Сонда егер сәргазшы нормасын орындап шықса, күн сайын 224 фыньдай, ай сайын 72 юаньдай ақша табады. Бұл ақша Қытай жерінде еңбекшілердің күн көрісін тәп-тәуір қамтамасыз етеді. Кооперативтің орталық қоры мүшелік жарнадан құралады. Бұл ұйымның орталық қоры — 13 мың юань. Біз барған айда коллектив 6750 хамды бояп шығарған.

Бұрын қолөнершілердің тұрмысын жақсартуға, саулығын сақтауға ешкім көңіл бөлмейді екен. Қәсіпшілер одағы деген ұйым бұл өлкеде болып көрмеген екен. Кемтарлыққа ұшырағандар, қартайғандар, сырқаттанғандар жұмыстан шығарылып, қаңғырып кетеді екен, талайы аштан өліп, өлмегені қайыр тілейді екен. Еңбекті дымқос, ылас, қараңғы жерде атқаратындықтан, ауырып-сырқаушылар

ол кезде көп болады екен. Қазір жұмысшылар арасында кәсіпшілер одағы құрылып, заңды праволарын толық қорғайтын бопты, тазалық сақтау жұмысын да тәртіпке қоя бастапты, мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізіп еді, саулық сақтау, дене шынықтыру істері де жүре бастапты, сырқаттанғандар ауруханаларда қаралатын бопты.

— Бұлардың бәрі жеткіліксіз,— дейді жергілікті комитеттің председателі Имин жолдас,— жұмысшыларды жер үңгірден шығарып, мәдениетті орынға көшіру үшін талай ірі шара қолдануымыз қажет, ондай шаралар жақын арада іске аспақ.

Қытайдағы Халықтық үкімет еңбекшілердің мәдениетті түрде тынығу ісіне де ерекше көңіл бөлетіндігі жоғарғы тарауларда айтылды. Осы игілікті іс Қашқар қаласында да қолға алынған екен. Бұл шаһардағы жаңа құрылыстың ең көрнектісінің бірі — қалалық мәдениет және тыныс бақшасы. 1953 жылдан бастап құрылған, өн-бойы сәулет, жеміс ағаштары мен гүлдердің бағына толған бұл аса салтанатты бақшаның жер көлемі —460 му, яғни 28 гектардан астам.

Он бірінші ғасырда жасаған, 1069 жылы ұйғырдың атақты поэмасы «Құдатғу биликті» жазған атақты ұйғыр ақыны Юсуф шин Хас-һажибтің маразы осы бақшаның қала жақ етегінде екен. Бақша қаланың күнгей жағындағы төрт-бес километрлік далалық жерге, Қызыл өзеннен қалаға азаттықтан кейін тартылған тоғыз километрлік каналдың жағасына орнапты. Суды мол ішкен бақшаның өсімдіктері аз жылда көркейе өсіп, қалыңдап кетіпті.

Қашқарға біз июль айының басында, яғни бұл араның ауасы ең ыстық кезде бардық. Күндізі қайнаған ыстық — бұл жердің түні де аса тишу, дағдыланбаған кісіге демалу қиындау екен. Сондай шақта мәдениет бақшасына барсаң, арықтарды бойлаған сулардың үздіксіз мол ағуынан ба, жасыл өсімдіктер мен иісі жұпар гүлдердің түнгі тынысынан ба,— денеңді салқындау леп бөлеп, жаның рахаттанады да кетеді.

Бұл рахатқа, біз сияқты бөгде кісілер ғана емес, тұрғын халықтың өзі де аса құмар екен. Қалада әзірге электр қуаты аз болғанымен, жергілікті үкімет мәдениет бақшасының жолын да, өзін де түн ортасы ауғанша электр сәулесіне бөлеп, іші-сыртын шап-шаңқай, жап-жарық қып қояды екен. Күн батуға еңкейіп, ыстық ауа қоңыржайлана бастаған шақтан-ақ кәрі демей, жас демей, әйел демей,

еркек демей, бар тәуірін киінген аттылы, жаяулы халық, мәдениет бақшасына лек-легімен шұбырады екен. Солардың ішінде қосылып я жекеленіп ән айтып бара жатқандар да не сан, музыка тартып бара жатқандар да не сан!..

Біз де бірнеше кеш осы рахатқа бөленіп, салтанатты бақшада серуендеген жергілікті халықпен араластық та кеттік.

Қашқардың осы бір кештерінің әдемісі-ай!..

IV. ДІН ДӘСТҮРЛЕРІНЕН

Біз Қашқарияның, оның ішінде Қашқар шаһарының сәулелі жағына ғана емес, көлеңкелі жағына да көз тігуге тырыстық, сонда, шығар күннің шапағын бүркей қарауытқан түннің көлеңкесі тәрізденіп, Қашқарияны ерте заманнан қалыңдай бүркеген дін түнегі де көзімізге көріне кетті.

Біздің дәуірдің кірер босағасынан бастап оныншы ғасырына дейін Қашқарияда, әсіресе оның күнгей бетінде, Үндістан мен Тибет арқылы келген будда діні басым болғанға ұқсайды. Қашқарияның бұл жағына алғаш қала салған халық — Иран тұқымдас елдер екен. Мәселен, тарихта біздің дәуірден бұрын мәлім болған Хотан қаласында сол кезде ирандықтар тұрыпты. Олардың діні — будда екен.

Ұйғырлар бұл кезде Тянь-Шаньның теріскей бетін ала, арғы шеті Тарбағатай, Алтай тауларына ойысып жүретін, өз алдына хандығы бар, көшпелі елдер болған. Біздің дәуірдің тоғызыншы ғасырында (840 жылы) Саян тауларын жайлайтын қырғыздар мен ұйғырлар арасында қатты соғыс болады да, соңғылар жеңіліп, Тянь-Шань тауын аттай, Такламакан құмына тығылады. Тянь-Шаньнан аспаған қырғыздар, оның теріскей бетіне бекініп, Үрімші мен Құлжа арасына «Манас» атты қала салады да, астанасын сонда орнатады. Ертегішілер бұл қаланы қырғыздың эпикалық батыры, атақты «Манас» жырының бас геройы — Манас салып, өзі сонда хан болып тұрған екен деседі.

Қырғыздан жеңіліп Тянь-Шань тауынан асып кеткен дәуіріне дейін ұйғырлар арасында басым болған дін — шаманизм екен. Оның негізі «аруаққа», яғни өлген адамның «жанына» немесе «жын», «шайтан» сияқты ойдан жасалған «аруақтарға» (миф) сиыну ғой.

Шоқан Уәлиханов: «Бір кезде қазақ та шаман дініне

бағынған... соның қалдығы — бақсылық қазақта әлі де бар» десе, ислам дініне бағынуына мың жыл болған және осы дінді қатты қолдайды дейтін ұйғырлардың өздерінде де күні бүгінге дейін шаманизмнің сарқыншағы сақталған көрінеді. Оған бірнеше мысал келтірейік.

Бірінші мысал — аруаққа сиыну. Қашқарияда кәзір, халық атамзаманнан бері аруағына табынып келе жатқан, төрт жүзден астам әулиенің мазары бар. Солардың кейбірі әулиенің көмілген жеріне емес, «осы арадан жүріпті-мыс» деген ізіне де салынған. Өлікке ас беру — шаманизм дінінің ғұрпы. Біздің дәуірдің 880 жылдарында Шыңжаңда хан болған Бұқаның баласы, Тибет тауларын мекендейтін Қанжұтпен соғысқанда өледі. «Осы өлікке жыл толып ас бергенде Бұқа хан мың түйе сойыпты-мыс» деседі. Әппаққожаның [1] асына он түйе сойылғаны замандастары жазған естеліктерде сақталған. Мазарларға түнеп аруақтан жәрдем сұрау Қашқарияда кең жайылған әдет. Памир тауының теріскей жақ етегіндегі «Санжу» аталатын жерінде «Үш бұлақ» аталатын мазар бар, бала таппайтын немесе баласын көбейткісі келген әйелдер соның басына күні бүгінге дейін түнеп, кепкен балшығын кеміріп жейді, мазарға жете алмайтын әйелдер балшықты сол жаққа жолаушылаған адамнан сәлемдемеге алдырады. Аруақтан осылайша жәрдем сұрайтын ырымдар ұйғырларда толып жатыр.

Екінші мысал—от пен суға табыну. Дуаналар немесе бақсылар — маздатып жаққан отты айнала жүгіріп ойнайды. Бұндай ойынды ұйғырлар «Гүлхан» деп атайды. Жаңа түскен жас келіншек қайын атасының үйіне кірерде оттан қарғиды. «Қырық» аталатын санның шаман дінінде ерекше мәні бары бізге мәлім. Осы ұғымнан шыққан ырымдар: туған баланың басына қырық күн шырақ жағылады, оның атын ұйғырлар «нүкша» дейді; жасы қырық күнге толған баланы қырық қасық сумен шомылдырады; босанатын әйелдің көзі қарайса, қырық құлаш жіпті басынан айналдырып, қырық адым жерге апарып тастайды; ауруды бақсыға қырық күн қаратады; өліктің басына қырық күн аят оқытады... Ораза айынан бұрын келетін, ұйғырша «баракат» аталатын айдың он төрті күні, ішіне май құйып жүрген асқабақты өртейді де, үстінен жұрт, әсіресе, қыздар мен жігіттер, аттап ойнайды, оның арты — ха-

[1] Бұл адамға кейін толығырақ тоқталамыз.

лық ойыны — мәшрапқа жалғасып кетеді. Ойнаған бақсы ауруды көшірерде [1] нысанасыз қара мысықтың төбе жүнін кесіп ап, қызған темірге өртейді. Жүкті боп қалған қыздың баласын түсіру үшін жасырып «науат» (күйдірген қант) ішкізеді. «Құмалаш» аталатын жердегі әулиенің мазарына барып, «күнәлімін» дейтін әйелдер тазару үшін шашының талдарын өртейді. Сол арадағы бұлақтың көзі бітсе, тек күзетші ишан ғана ашады. «Адамның жыныстық нәпсісін қоздырады» дейтін дұғалықтар болады. Құчар қаласының қасында «Бүгір» атты бұлақ бар, бақытты болғысы келген әйелдер, жұрттан жасырынып, соған бастарын жуады. «Әулие мазар» саналатын орындардың бәрінде де қазан бар, олардың «даш» аталатын кейбіріне түйенің еті түгел сияды. Оларға асқан еттің сөлі жуылмай, қазанға жабысқан қалпында қалып қояды да, басындағы ишандар, ауру-сырқауларға дәрі-дәрмек есебінде қырып ап, суға шайып ішкізеді. Күн жаумаса ел мал сойып, құрмалдық береді де, етін түгел асып халыққа үлестіреді. Алдын бөгеп егіске пайдаланған өзен тасып бой бермесе, «тоқтайды» деген дәмемен, бөгесін жасап жатқан жерге «Тоқта» немесе «Тоқтасын» атты тірі кісіні тастайды. Ұйғырлардың:

Дарияның суы ташыса,
Тохты атлықны ташлидұ,
Бу халні куріп һашар
Бір хұдаға қахшайдұ —

деген халық өлеңі осыдан туған. «Һашар» (кедей) дейтін себебі — азаттыққа дейінгі жер-судың иелері — байлар мен бектер «Тоқтасын» атты кісіні кедейден ғана тауып, суға тастайды екен. Бұндай үкім-зорлықтың ең соңы 1948 жылы болған. Сол жылы Құчар қаласының маңындағы Мұзарт тауынан құлайтын Шая дариясы қатты тасып, тоған атаулының бәрін бұзып кеткенде, Чан Қай-шиге арқа сүйеген жергілікті феодал, Дүпбегі Осман, Тоқтасын атты батырағын тасқынға лақтырып, толқыннан аман шыққан бейшараны сабап мертіктірген де, шала-жансар күйінде суға қайта лақтырған...

Үшінші мысал — басқа кейбір ырымдар. Біреуге өлім тілеуші, өсіріп тұрған бақшасына ұрланып кеп, ас-

[1] Әр түсті ескі шүберектерден қуыршақтар жасап, аурудың еміне сойған малдың етi желінген соң сүйектерін қосып, адам аз, мәл көп жүретін елеусіз жерге апарып тастау.

қабағының гүлін қиып кетеді. Өліктің жаназасында ырымға үлестірген орамалдың шетін түйеді де, жеті күннен кейін түнде, оңашада жұлдызға көрсетіп, шешеді. Туған балаға жеті күн толғанда, түнде далаға шығарып жұлдызға қаратады. Қолына сүйел шыққан кісі, айдың он төрт жаңасы толғанда, түнде далаға шығып тал құшақтайды. Босанып жатқан әйелдің үстіне келіп қалған көршінің тауығын ұрлап ап бауыздайды да, қанымен баланы шомылдырады, немесе, су қабағын ұрлап ап, ішіне сол үйдің суын құйып, айналадағы төрт көшеге шашады да, қабақтың өзін жерге көмеді. Ақын наурыз мейрамына арнап жазған өленін, жеті түрге бояған таяқтың басына қыстырып, достарына үлестіреді. Мейрам сол манайдағы ең биік дөңнің басында жасалады. Қазанға ең алдымен былтырғы мейрамнан сақталған ет, ұн жұмсалып, асты осы топтағы ең үлкен кісі жұртқа ожаумен үлестіреді.

Қашқариядағы ұйғырлар арасында шаманизм дінінен қалған осындай сарқыншақтар хисапсыз көп.

Ұйғырлардың Такламакан төңірегіне біздің дәуірдің тоғызыншы ғасырының орта кезінде баруы жоғарыда айтылды. Бұрын көшпелі дәурен сүрген олар, отырықшы тұрмыстағы жергілікті иран тұқымдас елдермен араласады да, жер жағдайына байланысты, өздері де тез арада отырықшы елге айналады. Сан жағынан ұйғыр көп, ирандықтар аз болғандықтан, араласа келе, «Тарым ойпаты» аталатын Такламакан төңірегінің халқы түгелге жақын ұйғыр ұлтына айналып кетеді.

Будда діні бұл маңайға, әсіресе Такламаканның шығыс терiскейіне, Үндістан және Тибет арқылы, біздің дәуірдің бірінші ғасырынан бастап келе бастаған. Ол дін Тянь-Шань тауын жайлап жүрген ұйғырлар арасында да төртінші-бесінші ғасырдан бастап тараған. Ұйғырлар Такламакан төңірегіне келіп орныққаннан кейін, шаманизмнен біртіндеп арылып, буддизмге біртіндеп ауыса бастаған. Осы кезден бастап ұйғыр шаһарларының көбіне будда храмдары салынған. Кейін ислам діні жеңген шақта, ол храмдардың көбі қиратылып, кейбірі мешіт пен медресеге айналып кеткен.

Қашқарияда буддизм ескерткіштерінен ең жақсы сақталғаны — «Мың үй».

Бұл мекенге мен Қашқардан Үрімшіге қайтқан сапарда соқтым. Ақсу қаласына дейін біз самолетпен кел-



Аксу қаласындағы кездесу.

дік те, одан Күчарға дейін машинамен жүруді үйғардық. Ондағы ойымыз: біріншіден, Такламаканның терiскейіндегі кейбір қалаларды көре кету болса, екіншіден — «Мың үйді» көру.

Ақсу — Тянь-Шаньның ең биік шоқысы — атақты «Хан — тәңіріге деңгейлес екен. Оның аспанға шырқай шаншылған сүп-сүйір, әппақ төбесі Ақсу төңірегінен үшқан самолеттен аса айқын көрінеді. Жергілікті тарихшылардың айтуынша, Үйсін[1] хандығы кезінде (Айсадан екі ғасыр бұрын), дүние жүзіндегі ең биік шоқының бірі — бұл асқарды «Үчқұнлық тәңірім» деседі екен, «Хан тәңірі» атануы Қарлұқтар кезінен (біздің дәуірдің сегізінші ғасыры) басталса керек. Ұйғырлар оны күні бүгінге дейін «Тәңірі тағы» (тауы) деп те атай береді екен.

Көше, үй құрылысы жағынан Ақсу қаласының Қашқардан айырмасы аз. Бұл да «ескі», «жаңа» болып екіге бөлінеді. «Ескісі» тау етегіндегі ойпатта, «жаңасы» — дөнесте. Ойпатты орай ағатын Ақсу өзенінің шығыс жақтағы биік және тік жары қаланың екі бөлігін жалғастырып тұрған зор камалдың қабырғасына ұқсайды. Осы қабақтың іргесін қуалай ағатын өзеннің арыс арнасы терең болғанымен, су қатты тасыған шақта батыс бе-

[1] Кейін қазақ халқының бір руына айналып кеткен.

тіндегі жайпаққа ақтарылып, ескі қаланың өзін де, шаруашылығын да апатқа ұшыратады екен. Соны біле тұра бұл қаланың көне заманда осы араға орнауы — жаудан қорғанудың айласы болса керек. Ғасырлар бойына жиналып, үйме-жүйме боп қалған қаланы су баспайтын қыратқа қарай көшіру кәзіргі үкімет бастықтарының жоспарында барға ұқсайды. Бұл, әрине, көптеген жылдардың ісі. Ақсу халқының да басым көпшілігі ұйғыр бола тұра, әдет-ғұрыптары өзге ұйғырлармен бірдей бола тұра, тілінде өзгешелік бар. Мәселен, өзге ұйғырлар «р» қолданатын біраз сөзде бұлар «з» қолданып, «кіреміз» деген сөзді «кіземіз», «жүреміз» деген сөзді «жүземіз» дейді.

Ақсудан машинамен таң біліне аттанған біз, Тянь-Шань тауының күнгей етегін кезе отырып, жолшыбайғы бекеттер мен изаларды аралай отырып, 150 километр жердегі Бай қаласына кешке жеттік. Бүкіл тау атаулының күнгей жағы, ұстаның көрігінен күйіп шыққан қоқыстар бұжырмақтанып жататыны сияқты, Тянь-Шаньның бұл бетіндегі адырларда да қара-қожалақ тастар мен, терісін сыдырған малдың еті тәрізденіп жап-жаланаш қып-қызыл боп жатқан белестер көп кездеседі. Мыңдаған (мүмкін миллиондаған) жылдар бойына жел үрлеп, су шайғандықтан, белестердің кейбірі әлде не пәледен тас-талқаны шығып қираған қалалардың қаңқасына ұқсайды. Кейбіреулері бұзылған қамалдардың, үйлердің, храм, мешіт, шеркеулердің сорайған сынығы сияқты боп та кетеді. Биіктегі қарлы жоталардан сайқалалар арқылы құлап жатқан судан етектегі жазықтар еркін суарылатын болғандықтан, қалалар да жап-жасыл, тегіс өлкелері де жап-жасыл!

Бай — Мұзарт тауымен тұтас қала екен. Мәңгіден бері басына қар мен мұзды қабаттай қалың ғып бүркенген бұл асқардан осы бір тұста: Мұзарт, Қапсалаң атты, суы мол, ағысы екпінді екі өзен құлап «Қаражон-Қапсалаң» аталатын тұсты өсімдігі жайнаған жап-жасыл өлкеге айналдырып жіберген. Егін шықпау деген бұл тұста болмайды екен және анау-мынау ғана шығып қоймай, аса бай шығады екен, қаланың және өлкенің «Бай» аталуы да содан екен. Атамзаманнан бері халықпен бірге жасап келе жатқан бұл байлыққа жуық арада және бір тамаша байлық қосылғалы тұр, ол Бай өлкесінен мыстың да, көмірдің де, мұнайдың да мол қоры

табылуы. Мыс пен көмір барын тұрғылықты ел ертеден біледі екен де, тереңдеп қазуға күші келмей, бергі бетінен ғана шұқылап пайдаланады екен. Енді Халықтық үкімет ол байлықтың тереңіне сүңгуді жоспарлап жатқан көрінеді, сонымен, алдағы аз жылда Бай өлкесінің Шыңжаңдағы аса зор ірі кәсіпорнына айналып кететін түрі бар!..

Байдың хал-жайымен біраз танысқаннан кейін біз әрі қарай сапар шектік. Одан қырық километрдей жерде «Сайрам» аталатын өлке бар екен. Ұйғыр халқының он тоғызыншы ғасырда жасаған «Тарихи Эмина» аталатын белгілі қалың кітапты жазған атақты оқымыстысы Муса Сайрами осы арада туып, осы арада тұрған адам екен, Сайрам қаласының шығысындағы қалың бақшаның ішіне салынған оның күмбезіне біз әдейі барып зиярат еттік.

«Мың үй» оның аржағында он километрдей жерде екен. Қапсалаң, Мұзарт өзендері «Қаражон-Қапсалаңнан» шыға «Мұззарт» боп ағады екен де, оған Сайрам тұсында «Қызыл» атты өзен қосылады екен. «Мың үй»— осы Қызылдың жағасында.

Қызылдың бергі бетіндегі дөңесте «Мың үй» аталатын кішірек бір иза бар. Оның күнгей бетінде, екі-үш километр жерде ағатын Қызыл, терең арнаға тығылып, биік жарқабағының нақ жағасына жеткенше көрінбейді екен. Қабаққа біз машинамен жеттік. Жол тірелген жердің аржағы, машина түгіл ат, өгіз, есек сияқты көліктер де әрең түсіп шығарлық, иреңдеген тар, жіңішке жолының құмы есілген тік-биік жар. Жардан әрі, енінің кеңдігі, шамасы, екі километрдей аңғар, аңғардың аржағы биіктеу тақыр тау, аңғар ортасындағы кең сайға ұйыса қалың тоғай өскен. Сол тоғайдың ортасын қақ жара ағады дейтін «Қызыл» өзенінің суы бұл тұстан көрінбейді.

Бізді бастап апарған ыза адамы, биік жарқабаққа кеп тоқырағаннан кейін, төменге түсу үшін тоғай арасындағы бекеттен ат не есек алып келмек болды. Онысы бұл арадан екі-үш километрдей жер екен. Оған шыдауға, ашық аспанның төсіне тырмысқан күннің ыстық лебі әрі терлетіп, әрі жалын жұтқандай ішті өртей тұншықтырып барады, сондықтан тәуекелге бел байладық та, сүріне-жығыла төмен қарай сырғи бастадық. Біз түскен соқпақпен жүру шынында да аса ауыр екен. Есілген

құмның ешбір жерінде табан тірер қатқыл жоқ, сырғымалы құмға аяғыңды басқан сайын сүрінесің, кейде сырғанап барып, кейде құлап барып әрең оңаласын, бір жерлерде жүруге мүмкін болмаған соң отыра ғап сырғанауға тура келеді. Бәтеңкеге құйылған ыстық құм термен араласып сазға айналады да, басқан сайын бойыңды тітіркендіреді, бәтеңкені тастап жалаңаяқ жүрейін десең — құм күйіп тұр. Басқан аяқтан бұрқыраған шаң бетке, көзге жабысып, былай да алқынып келе жатқан тынысыңды одан жаман тарылта түседі, тұла бойыңнан төмен қарай құйылған терден жұқа киімің денеңе жабысып қалады да, қимылдауың қиынға түседі.

Қағылез денелі Әбділхалық қиын жолмен жүгіре басып бізден әлдеқайда озып кетті. Етженділігі ме, әлде мені тастап кетуге ыңғайсыздануы ма,— алдымда жүріп келе жатқан Әбілхай менен аса ұзамайды. Бастап келе жатқан арық денелі, орта жасты ұйғыр, Әбілхай екеуімізді сүрінген-қабынған жерде демеп... дегендей, алды-артымызды жүгіре орап отырады, сөйтіп, өлдім-талдым дегенде етекке де жеттік-ау!..

Етекте ыстық құмға аз уақыт отырып, ентіккен демді басқаннан кейін, сусындап, тыныстап алмақ болдық та, тура тоғай арасындағы бекетке тарттық.

«Бекет» дегені — атамзаманнан бері, біз сияқты жолаушыларға баспана болу үшін қалың тоғай арасына, өзеннің жағасына қам-кесектен [1] салған салқын үй екен. Оның үстіне құмнан қазған суық кепеде [2] сақталған, үлкендігі құшақты керетін, сырты жасыл жолақты, шырыны әрі қандай қызыл, әрі балдай тәтті қарбыз бар екен, содан емін-еркін сусындап алғаннан кейін, әлгінде бозарып келген көзіміз шырадай жанып жүре берді. Бірақ, «Мың үйге» кәзір бара қояр ниетіміз жоқ, өйткені ыстық лебімен жайпап бекет үйіне қуып тыққан күн, «мықты болсаңдар шығып көріңдер көлеңкеден!» дегендей, терезе қақпағының жарық-тесігінен сығаласа, тар жерден өткен жіңішке сәулесінің өзі денеңнің тиіп кеткен жерін қыздырған инедей қариды. Ол өткір сәуледен біз түгіл жергілікті адамдар да тайсалып, күн еңкейіп қуаты әлсіреңкірегенше бекеттің салқын үйінде тыныстай тұруды ұсынды.

---

[1] Қам-кесек — шикі кірпіш.

[2] Кепе — жер астынан қазып жасаған баспана.

Бұл ұсыныстықабылдаған біз, керуатқа қисайсақ, қалғып кетіппіз. Әлден уақытта бекетші оятса, ауа желкемденіп, қоңыржай бола бастапты. Өзеннің салқын суына шомылып, тағы бір салқын қарбызды еңсере соғып алғаннан кейін, «Мың үйге» баруға жиналдық.

Аттанар алдында Әбділхалық «Мың үй» жайында бізге қысқаша консультация берді.

— Сонау биік жарқабақты көріп тұрсыздар,— деді ол, бізді тоғай шетіне шығарып, теріскей жағымызда әлдене қорғанның биік қабырғасы сияқты тіп-тік, тептегіс бірдемені қолымен нұсқап,— «Мың үй» соның ішінде.

— Қалайша?! — дедім мен, Әбділхалықтың «ішінде» деген сөзіне еркін түсінбей.

— Биік жардың етегінен бастап кемеріне дейін өн-бойында қарауытқан үңгірлерге көзіңіз жете ме?

— Жетеді. Маған олар, көккарғалардың осындай жарқабақтан ойып жасайтын ұялары сияқтанып тұр.

— Ұя емес, үйлер солар...

— Қалай?!

— Қалай екенін барғанда көресіз. Әзірге айтарым: сол жарқабақтың өн-бойына үңгірлеп жасаған үйлердің санын тұрғылықты жұрт «мың» деп мөлшерлегенмен, расында одан әлдеқайда көп сияқты. Дәл санын анықтаған ешкім жоқ. «Мың үй» орнаған жарқабақтың биіктігі жүз метрден екі жүз метрге дейін барады, ұзындығы — үш километрдей. Мөлшері осындай жарқабақтың етегінен бастап кемеріне дейін үңгірлемеген жері жоқ. Олар жерүңгірлер емес, іштей өзара қатынасы бар үңгірлер. Біліп араламаған адам, ол қатынастардың ішіне кіріп кетсе, қайтып жолын табуы аса қиын. Сондай адасқан әлдекімдер шыға алмай ішінде қалып қойыпты деген де сөз бар. Мың үйдің ішін-ара тұтасқан үңгірлерін түгел алғанда, дүниеде теңдесі жоқ гигант бір үй сияқты. Етектен жоғары санағанда, бұл үй тоғыз этажға дейін биіктейді. Тұтас үйдің сырттан кірер есігі он шақты-ақ жерде ғана. Анау биікте жыпырлаған көп үңгір — биіктегі үйлерге терезе орнына ойған тесіктер...

Ішінде нелер мың бөлмесі бар, биіктігі әлденеше этажға көтерілетін нелер зор үйлерді көргеніммен, Әбділхалық сипаттап тұрған «Мың үй» өзім барып көрмей маған түсініксіз болды. Сол ойымды айтқаннан кейін:

— Мақұл,— деді Әбділхалық,— бірақ, жаяу емес, көлікпен барайық.

— Неге?

— Жап-жақын жер көрінгенмен, осы арадан үш-төрт километр жырақта ол. Жарқабақтың бержағы тегіс жер сияқтанғанмен, недәуір өр және есілген құм,— малтықтырып жүргізбейді. Көлікке аттан есек қолайлы.

Жасымнан жылқы баласына үйренген мен, атты таңдадым, бірақ оным қата боп шықты. Құмақты өрге қарай тырмысқанда, ентіккен ат, танауы бырылдап әрең жүреді, кейде жүре алмай, мыкшиып тұрып қалады, ал есек, есілген құмға тізесінен батқанмен, ентігуді, тоқтауды білмей, жыландай ілгері қарай жылжи береді. Қиындыққа төзгіш не деген жансебіл жануар!

Есек мінген серіктерім өрде менен озып кетті де, жарқабақтың етегінде, әлдене үңгірдің алдында тосып алды.

— «Мың үйдің» бір есігі осы,— деді Әбділхалық,— кәзір ішіне кіреміз. Бірақ,— деді ол жымиып,— есекпен емес, жаяу кіреміз. Ішінде есек жүретін жол жоқ.

Есіктен кірмей тұрып мен жарқабақтың өзіне аз уақыт қарап алдым. Геология тілінде «ракушечник» деген термин бар ғой. «Су хайуандарының қабыршығы мен сүйегінен жентектелін жасалады» деседі ғой оны. Тас сияқты қатып қалған бұл жентек, табиғаттың су, жел сияқты бүлдіргіш күштеріне граниттен басқа тастардан да берік көрінеді. Оның және бір тамашасы — арамен тартсаң, балтамен шапсаң — ағаштай кесіледі, майдалап әдемілеуге де ол ағаштан бір де кем емес, сондықтан, ракушечнигі көп теңіз, өзен жағасындағы елдер оны құрылыс материалы есебінде пайдаланады. Ракушечниктен жасалған баспананың тағы бір тамашасы — ауа райы қалай құбылса да ішінде ешуақытта дымқыл болмай, от жаққан үйдің ішіндей үнемі құп-құрғақ болады да тұрады. Жұрттың оған қызығатын себебі де сол. Мәселен, біздің отанда Каспий мен Қара теңіз жағасын мекендеген елдерде, үйлерін, қораларын, қәтте дәретханаларын осы қымбат материалдан салған талай қалалар мен селоларды көрдік. «Мың үй» орнаған жарқабақты да табиғат түгелімен осы қымбат материалдан жасаған екен.

Біз кірген есіктің арғы іші — төбесін киіз үйдей бүрмелеп келтірген әлденеше бөлмелі жұрт екен. Қабырға-

сын сипап көрсем — күп-күрғақ. Одан әрі жүрсең тағы да ұңғыл-шұңғылы көп үйлер. Олардың ешқайсысы да қалай болса солай ойыла салмай, шебер архитектордың қолынан өте сәнді жасалған. Әр бөлменің ішіне түрлі түсті бояумен махлұқаттардың, өсімдіктердің немесе табиғат көріністерінің суреттері салынған. Олардың біразы кетіліп, опырылып, сүртіліп... дегендей, алғашқы ажарын жойғанымен, жалпы жобасы жақсы сақталған.

Әбділхалық бізді ішкі басқышпен екінші этажға, одан үшінші, төртінші этажға... дегендей, әлдеқайдағы биікке өрлетіп әкетті. Сонда хайран қалғанымыз,— архитектуралық жағынан біразы біріне бірі ұқсағанымен, бояумен салған сурет жағынан бір үй бір үйге ұқсамайды!..

Бүкіл дін атаулының ішінде сурет салуға қарсысы тек ислам ғана екені бізге мәлім. Соңғы мың жылдың ішінде бұл төңіректе үстемдік құрған ислам, мың үйдегі суреттердің талайын бүлдіріп, талайын жойып жіберген. Сол апаттан аман сақталып келе жатқан үйлердің біреуін он тоғызыншы ғасырда Қытай мемлекетін ықпалына алған Англия, бұзбай-жармай, тұтасымен ойып ап, Лондондағы Британия музейіне апарып қойған. Әзірге аман сақталып тұрған үйлердің ішінде де талай томды кітап жазуға тұрарлық нелер ғажап көркем көріністер бар екен. Азаттыққа дейін жыл санап бұзылып келе жатқан «Мың үйді» Қытайдың Халық үкіметі, мемлекеттегі бағасы қымбат ескі мұралардың тізіміне қосып, аман үйлерді күтіп ұстау, бүлінген үйлерді түзеу жабдығына кіріскен.

Жергілікті кейбір ғалымдардың айтуынша, ішкі суреттерінің көпшілігі будда дінінің үлгілерін көрсететін «Мың үйдің» салушысы да, тұрушысы да ұйғырлар болған. Расында олай емес сияқты, оның түп тарихы будда дінінің аржағында талай мың жылдарға, яғни адам баласының жалаңаш жүріп, үңгірлерде тұратын дәуіріне кететін сияқты. Кейінгі дәуірлерде, бұрынғы тұрпайы үңгірлердің іші түзеліп, кеңіп, сәнденіп, боялып... дегендей, талай рет өңделе берген сияқты, «Мың үйдің» ішінен осы өзгерістердің бәрінің де ізін табуға болатын сияқты...

Егер уақыт болса «Мың үй» іші-сыртын асықпай түгел-ақ аралап шығатын мекен екен.

— Өйту үшін,— дейді Әбділхалық,— жылдап болмағанымен, айлап жату қажет. Өткен ғасырдың аяқ кезін-



«Мың үйдің» ішкі көріністерінен.

де Англиядан осы «Мың үйге» әдейі келген археологиялық және этнографиялық экспедиция бір жаз жатып верттеген, сонда да ұшы-қиырына жете алмаған.

Олай танысуға уақытымыз жоқ біз, «екі кештің арасында» дегендей, күн батып көлеңке қоюлана бастағанға дейін, «Мың үйдің» азғантай ғана бөлшегін көрдік те, төмен түсіп тысқа шықтық. Бұған дейін мен өз отанымдағы Қырым мен Кавказда осыған ұқсас кейбір ескі мекендерді көрген едім. Мынау олардың бәрінен әлдеқайда кең, әлдеқайда биік, шым-шытырығы әлдеқайда көп, архитектурасы да, бояуы да әлдеқайда өзгеше, бойынан мыңдаған жылдардың кескінін көре алатын, адам мәдениетінің аса бір ғажап мұрасы екен!.. Ішін еркін аралап көре алмауға өкіне тұра, мен шет-пұшпақтап көрудің өзін де көңілге міне тұттым, өйткені ол — менің ойымда өмірлік өшпес әсер қалдырды.

Біз «Мың үйден» шыға ымырт жабылып, төңірек карауытып кетті. Сол шақта «Мың үйдің» өресі де биіктеп, үңгірі де көбейіп кетті, маған сол үңгірлерден, «Маймыл атадан» бергі адамзаттың барлық өкілдері бастарын сұға қарай қалған сияқтанды...

Қашан жасалу тарихы белгісіз болғанымен, «Мың

үйдің» біз көрген бөлшектерінде де, көрмеген бөлшектерінде де ізін ең көп қалдырған дін — будда болғанға ұқсайды. Әлдекімдер оның ішіне ислам дінінің де дұғалықтарын жазғанымен, будданың суреттерімен салыстырғанда тым аз.

«Мың үйдің» ішінде мәні аз ислам дінінің күші Шыңжаңның, әсіресе Қашқарияның өзге өлкелерінде берік және басым сақталған. Бұл сөз түсінікті болу үшін ислам дінінің Қашқарияға келу, жайылу, беку, үстемдік алу тарихын қысқаша шолып өту қажет.

Ислам дінінің тарихы біздің дәуірдің 622 жылынан, яғни Мұхаммедтің Мекеден Мединеге көшуінен басталуы бізге мәлім. Содан кейін шығысқа қарай жайылған ислам діні оныншы ғасырдың басында Такламакан төңірегіне де жетеді. Жолдағы елдердің бәрін жаулап алған мұсылмандар, Такламакан төңірегіне дін үгітшілері — қожаларды саудагер есебінде жіберіп, олар ұйғырлардың арасына ең алдымен арабшадан ұйғыршаға аударған дін кітаптарын таратуға кіріседі. Сондай саудагерлердің бірі — Насир Самани деген адам Қашқариядағы Сұтұқ Бұғыра ханның қолына келіп бір жаз тұрады да, жұртты біртіндеп ислам дініне үгіттей бастайды. Алғашқы жылы оның ұйымына жетпіс шақты адам кіреді. Келер жылы мұсылмандардың саны жеті мыңға жетіп, исламды қабылдағысы келмеген Бұғыра ханға қарсы көтеріліс жасайды да, 941 жылы оны өлтіреді. Содан кейін Такламакан төңірегіне кең жайыла бастаған ислам, он бесінші ғасырда бүкіл Қашқарияда үстемдік алады.

«Үстемдік» дейтін себебіміз, Шыңжаңда хан үкімімен қатар, дін үкімі жүре бастайды. Ханның өзі де барлық әкімшілік істерде шариғат қағидаларын қолданады. Мемлекет бойынша «шайхұл-ислам» атты имам, өлкелерде «Қазикалан» (қазилардың қазысы) атты имам сайланады. Мешіт саны көбейіп әлденеше топқа ұйымдасады да, әрбір топта: қази-мұлтақ (тұқым қуалаған қазылық), қази-ғалам (дін жұмыстарын ұйымдастырушы), қази-мүфти (дін әкімшілігін жүргізуші), қази-мұдаррис (дін сабақтарын оқытушы), қази-молла жәлил (дін философиясын басқарушы) деген бес сатылық имамдық құрылады. Қылмыстыларды тергеу, соттау, жазалау шариғат хүкімімен ғана шешіледі. Үкімет салығының үстіне, «ғұшыр» деген атпен егіншілерден, «зекет» деген атпен саудагерлерден дін салығы алынады.

Мешіт басындағы имамдар, шаруашылық жағынан ірі жер иелері болады. Олар өз жерлерін «тәулия» деген атпен мешіт қарамағына береді, өзгелердің де жерін ала бастайды. Мешіт жері «уақф»[1] аталады. Осы саясатпен жер көлемін жылдан-жылға кеңіткен алпауыт-имамдар Қашқариядағы пайдаға асатын жер атаулыны «уақфқа» айналдырып, бүкіл Қашқария жерінің тоқсан процент мешіт қарамағына көшеді. Сондықтан еңбекші диқаншылардың басым көпшілігі жерсіз қалады да, уақф жерге, яғни алпауыт имамдарға жалдануға мәжбүр болады.

Егін шаруасымен шұғылдану, азаттықтан бұрынғы Қашқарияда аса ауыр жағдайда болған. Ең алдымен, оларда темір соқа болмай, жерді тек түреннің үшіне темір қаққан, «омаш» аталатын ағаш соқамен жыртқан. Тырманы да ағаштан жасап, тістері балшықты қаппайтын болған соң, үстіне кесек тас байлап ауырлатқан. Омашты тартатын көліктің көпшілігі — есек. Әлденешеуін парлап жеккенмен, қуаты аз бұл хайуандар омашты я тырманы сүйрей алмаған кезде,— жалшылар сүйреген. Такламакан төңірегінде егін тек қолдан суарылу арқылы ғана шығады, ол үшін ондаған я жүздеген километр жердегі өзеннің я бұлақтың суын каналдар, арықтар арқылы тартып әкелу керек, оларды қазатын сайман, кетпен ғана. Қазылған каналдар мен арықтарды жыл сайын тазалап тұру керек, егінге қажетті суларды тиісті танаптарына кезінде жеткізіп тұру керек. Су жететін жер аз болғандықтан, аз жерге егін көп жылдардың бойына үздіксіз егілетіндіктен, тозған жерге тың топырақ төсеп, көң, қи төсеп... дегендей, мезгілімен өңдеп тұру қажет. Жалшылар тың топырақты алыстағы шымайтты өлкелерден арқалап жаяу әкелетін болған. Ішіне адамның нәжісін қоса, көңдер мен қиларды да жаяу тасыған!

Осынша ауыр еңбекте алатын ақысы — күн көрісіне жетпейді! Бірақ, ол кезде басқа «барар жер, басар тауы» жоқ. Сондықтан аштық-жалаңаштыққа шыдап, өле-өлгенше жүре берген. Шыдағысы келмегендері «мешіткеқарсылар» есебінде өлім жазасына тартылған. Кейбір жазалар өлімнен де ауыр боп, қылмыс-

[1] Уақф — өлген адамдардың мешіт пайдасына беріп кеткен мүліктері.

ты адамдар мойынан төменгі жағынан жерге тірідей көміледі екен де, басын ит кеміріп, құс шоқып ауыр азаппен жан кешеді екен...

Еңбекші көпшіліктің халі осылай ауырлаған шақта, он жетінші ғасырдың басында Қашқарияда «Әппақхожа» атты «әулие» пайда болады. Оның шын аты Һидаятолла екен. Жас жігіт кезінде Қоқан жақтан келген ол, Қашқария ханы — Исмаилға барады да, өзін: «Пайғамбардың әулеті — хожамын, ғайыпты болжайтын ишанмын» деп жариялайды. Дінге арқа тіреген Исмаил оны құшақ жая қарсы алып, мешітіне имамдыққа тағайындайды да, кескіні де ақ болғандықтан, үстіне ақ киім киетіндіктен,— «Әппақхожа» деп атайды.

Яркен қаласындағы хан ордасына орналасқан Әппақхожа ишандық дағуасын құрып, төңірегіне мүриттер жинайды да, өзге ишандардың мүриттерінен өзгешелігін көрсету үшін, бастарына ақ түсті тақия кигізеді. «Ақ-тақия» (ақ тақиялық) немесе «Ақ таулық» аталған олардан үкімет алым-салық алмайды. Ақыры, «ақ таулықтардың» саны көбейіп кетіп, үкімет олардан да алым-салық ала бастайды. Әппақхожа бастаған ақ-таулықтар үкіметтің бұл қылығына қарсы көтеріліс жасайды да, тез арада жеңіліп қап, көпшілігі қырғынға ұшырайды, азшылығы Тибет пен Жоңғар хандығына және Манжур династиясы билеп тұрған Қытайға қашып барып қорғалайды. Әппақхожаның өзі ол кезде Тибет хандығына қарайтын Құмул (Хами) қаласына барады да, Манжурдың жергілікті әкімінің қызына үйленеді. Аз жылдан кейін панасына алғандардың жәрдемімен Әппақхожа Исмаил ханға шабуыл жасап, әскерін жеңеді де, өзін өлтіріп, 1668 жылы хан болады.

Он бес жылдай хандық құрған Әппақхожа, халықты екі жолмен уысында ұстайды, бірінші жолы — «шариғат», екінші жолы — «тариқат», яғни шариғат үкіміне халықтың әдет-ғұрып заңын араластыру. Бұл, әрине, Әппақхожаның ғана ойынан туған саясат емес. «Тариқат» жолын ең алғаш қолданған адам 12-ғасырда Түркстан өлкесінде «әулиелік» құрған Хожа Ахмад Ясауи екені, осы саясаттың арқасында, ата ғұрпын сүйетін надан халықты соңынан ерте білгені бізге тарихи материалдардан мәлім. Қашқарияда «тариқат» жолын, Әппақхожадан бұрынғырақ жасап, Махдұм ағзам қолданған.

Шариғат хүкімінің қатал заңынан қалжыраған қа-

раңғы халық, ол заңға «тариқат» жолын араластырған Әппақхожаның дін қақпанына молырақ түсіп, мүриттерінің саны аз жылда жарты миллионға жетеді. Олардың бәрін уысында берік ұстау үшін Әппақхожа ишандық дағуасына кең жол ашып, «сүлок» деген атпен Қашқарияның үш жерінде дін орталығын жасайды: Қашқар қаласындағы сүлоктың орталығы — өз сарайы, Яркендегі сүлоктың орталығы — «Алтұнлық мазар», Түрфандағы сүлоктың орталығы — «Асхабұл — Қаһап».

Әппақхожа 1683 жылы ажалынан өледі де, өзінің өсиеті бойынша, ишандық «хирқаны» (шапанды) үлкен ұлы Хұсаинхожа киеді. Оның інісі — Ханхожа, ағасының бас ишан болуын күндеп көтеріліс жасайды да, Әппақхожа билеген жердің бір жағын өзіне қаратып, соңына ерген мүриттеріне қара тақия кигізеді. Халық оларды «қара тақым» (қара тақиялық), немесе, «қаратаулық» деп атайды. Ақ таулық пен қара таулықтар өзара қатты жауласады. Көршілес Жоңғар хандығы бұл бүліншілікті пайдаланып, Қашқарияны басып алады. Жүз жылдан кейін, Қытайды билеп тұрған Манжур династиясы Жоңғар хандығын құлатады да, Қашқарияны да қарамағына алады. Бірақ, Әппақхожаның ұрпағынан әкімшілік кеткенмен «әулиелік» кетпейді, Әкімшілікке тырмысудан іс шықпауына көзі жеткен олар, мешіттерге кетіп, ханақалық дағуасын, яғни дінмен ғана шұғылдану ісін жүргізеді. Қашқарияның билік тізгінін қолына алған манжурлар, ислам дінінің бұл өлкедегі фанатиктік күшін әлеіретудің орнына, күшейтеді. Әппақхожаны әулие көріп, жан-жақтағы ханақалардан қабырына үздіксіз ағылып жататын фанатиктердің көңілін аулау үшін, манжур әкімі — Ван, Әппақхожа қабырының үстіне ағаштан көрнекті мазар салдырады. Содан кейін, Әппақхожаның қабырын зиярат етушілер тіпті көбейіп, Қашқариядан тысқары — Пакистан мен Афганистаннан да ағылып келе бастайды. Олар әсіресе Әппақхожа өлген июнь айының оны күні жиналып, қырық күнге дейін қабырдың төңірегіне түнейді. Сол кезде зікір салынып, дұғалар, намаздар оқылып... дегендей, дін дәстүрлері орындалады, басқарушылар — ишандар. «Кереметке» сенетін надан діншілдерге бал ашып, ауру-сырқауларды емдеп... дегендей, садақаны мол түсірудің де айла-амалдарын қарастырады.

Қырық күнге созылатын осы дін топырын қашқар-

лықтар «Әппақхожаның сәйлісі» деп атайды. Бұл, тегі, қазақтардың «сейіл» дейтін сөзі болу керек. «Сәйлі жасау» — «сейілге шығу».

1864 жылы Қашқарияда Манжурге қарсы көтеріліс жасалып, оны Якуббек деген адам басқарған. Көтерілісшілер манжурлерді жеңіп, Қашқарияда он шақты жылдай әкімшілік құрған. Сол кезде Якуббек, Әппақхожаның үстіндегі ағаш мазарды алады да, орнына күйген кірпіштен мешіт бейнелі көркем мазар салдырады. Қаражат халықтың «садақасынан» жиналады. Мазарды салған шебер — Мирбақи Наманғани деген кісі екен. Жаңа, көркем мазар салынғаннан кейін Әппақхожаның сәйлісіне қатынасушылардың саны тіпті көбейеді.

Маған сондай сәйлінің біреуін өз көзіммен көруге тура келді. Оны сипаттар алдында, Қашқариядағы ислам дінінің кәзіргі хал-жайына қысқаша тоқтай кетейік. Бүкіл Қашқарияда кәзір алты жүзден астам мешіт бар деседі, олардың жүз жиырмасы — Қашқар шаһарында көрінеді. Айналасы отыз бес мыңдай ғана халқы бар шаһарда мұншама мешіттің болуы — ислам дінінің Қашқарияда қанша бел алғанына айқын қуә. Әрине, мешіт атаулының үйлері бірдей емес. Олардың ішінде архитектуралық жағынан аса көркем салынғандары да, ағаш я балшықтан тұрпайы түрде құрастыра салғандары да бар, көлем жағынан мыңдаған адам сиятындары да, жүздеген я ондаған адам сиятындары да бар, диқаншылық жұмыста жүргендер, намаз уақытында жығыла кету үшін жасалған бес-он кісілік күрке «мешіттер» де бар.

Архитектуралық құрылыс жағынан Қашқария мешіттері біздің Россиядағы мешіттерге ұқсамайды. Біздегі мешіттердің төбесі жабық, есігі аз, терезесі көп, залы кең, мұнарасы үйдің төбесінде боп келеді ғой. Тегі, жерінде суық болмаудан туған болу керек, қашқарлық мешіттерде намаз оқитын залдардың алдыңғы «мехраб» аталатын жағы мен төбесі ғана жабық болады да, кірер жағы қабырғасыз ашық болады. Осы төбесі жабық орынға биік сәкі салынып, үстіне камыстан тоқылған бойралар төселіп, жұрт намазды сонда оқиды. Көп адам қатынасатын «жұма», «айыт» сияқты намаздарда, сәкіге симағандар мешіт қорасының ішіне, жерге оқиды. Көлем жағынан ұлылы-кішілі жасалған мешіттердің мұнарасы, залының төбесінде емес, мешіт қорасына кі-

ретін қақпа төбесінде болады, сондықтан ұйғырлар мешіт үйінің ішкі жағын емес, кірер қақпасының төңірегін көбірек әшекейлейді. Қашқариядағы ең өрнекті қақпа, Қашқар қаласында, біздің дәуірдің 1362 жылында салынған «Мәсжид әл-жамғия»[1] көрінеді. Бұндай мешіттерде азан қақпа төбесіндегі мұнарада шақырылады. «Құрбан«, «Ораза» сияқты айыт намаздары оқылар алдында, таңсәріден бастап осы мұнаралардан арнаулы адамдар «дағыра шалады», яғни — музыкалық ырғақпен дабыл қағады, сол үнге жиналған діншілдер «сәнә» атты дін биін билейді, осы би мейрам аяқталғанша жүріп жатады.

Мешіттердің біразы «ханақалық» орындар, яғни сопылардың жиналатын жерлері. Біз Қашқар қаласында «Қазан» аталатын ханақада болдық. Бір орамды тұтас алған бұл ханақаның кең төріне зор көлемді мешіт орнаған да, екі жақ бүйіріне бір этажды ұзын үй салынып, іші тар бөлмелі хұжыраларға бөлінген. Софылар басқа өмірін осы хұжыраларда өткізеді екен. Олардың ішінде жастары тоғыздан бастап, тоқсанға жететін сопылар бар көрінеді.

Ханақаға кірген сопылар ешуақытта үйленбейді екен, мал-мүлік жинамайды екен, дін кітаптарын оқу мен құлшылық қылудан артылатын уақытын әрқайсысы шама-шарқынша мешіт шаруашылығын қарауға жұмсайды екен, «шайхы фани» аталатындары бөгде адамға жүзін көрсетпей, хұжырасына жақындасаң есігін жауып тығылып қалады екен. Дүниеден соншама безген сопылардың ішінде ою өнерлерін жасайтын, шеберліктің басқа жүйелерін де жақсы білетін талай ғажап адамдар бар сияқты. Солардың арасынан ірі іскер де табылады екен. Мәселен, біз сипаттап отырған «Қазан» мешітіндегі имамның бірі — зор денелі, көркем кескінді, қою қара сақалды, жасы қырық бестер шамасындағы Нәманжан Халиф бин Әбдірәшит, біздің өтінішімізбен Хожа Ахмад Ясауидің «Хикматынан» бірнеше бәйіт айтып берді. Не деген күшті, таза дауыс!.. Шіркін, осы тамаша дауысты опера өнеріне жұмсар ма еді! Ханақаның хұжырасына қамалып қор болған есіл өнер-ай!..

Игерген елін коммунизм биігіне өктеу жолымен емес, ептеу жолымен, яғни үгіт-насихат жолымен біртіндеп


[1] Көпшілік мешіті.

тәрбиелеуге кіріскен Қытайдың Халық өкіметі ислам дініне де еппен келіп, діншілдерге қуғын жасамаған, дін сабағын дүние сабағынан біржола айырып әкетпей, мектеп пен медіреседе екеуін аралас оқыттыратын болған. Ондай оқу орындарының саны Қашқарияда кәзір екі мыңдай екен, оларда сабақ беретін отыз алты мыңдай адам үкіметтен еңбек ақы алады екен.

Дін бағытында жасалғанымен, мәдениеттік мәні зор ескерткіштердің көпшілігін Халық үкіметі өз қамқорлығына алған көрінеді, солардың бірі — Әппақхожа мазары. Жуық арадағы жылдардың бірінде, осы төңіректе жер қозғалып, мазар орта тұсынан шатынаған екен, төбесіндегі екі күмбезінің бірі құлаған. Халық үкіметі оны түзетуге көп қаражат шығарып, біз Қашқарияға барған шақта мазар жөнделу жабдығында екен. Мазардың бас күзетшісі — жетпіс тоғыз жастағы шайх ғұлам Махмудтің айтуынша, өткен жылдан бері қолға алынған бұл жұмыс, алдағы жылда орындалып бітпек.

Біз бұл мазарға «Әппақхожаның сәйлісі» басталып жатқан кезде бардық. Машинамен жетпек болған бізді, сәйлініі көруге шұбырған қалың жұрт жүргізбей, амалсыздан жаяу кетуге тура келді. Сансыз аяқтан бұрқыраған қою шаңға қақалып, ыстық күнде тұла-бойымыздан тер шұбырған біз, «өлдік-талдық» деген шақта, мазарға әрең жеттік! Жүріп келген жолымыздың екі жағы балшықтан биіктете сәндей соққан қалың қабыр... Тегі, ұйғырлар өлігін қадірлегіш ел екен. Туыстары көмілген орындар жер мен жексен боп кетпеу үшін әркім хал-қадарынша қабырды биіктетіп там соғады екен, үстін жыл сайын балшықпен сылап, өңдеп тұрады екен. Солардың ішінде өте көркем жасалғандары да кездеседі. Бірақ, бұл төңіректе үлкендік жағынан да, көркемдік жағынан да Әппақхожаның мазарына таласатыны жоқ.

Сырт пішіні жағынан Түркстандағы «Әзірет-Сұлтан» мешітіне ұқсайтын мазарда жөндеу жұмысы жүріп жатқандықтан, ішіне кіруге рұқсат жоқ екен. Алыстан келген жайымызды айтқаннан кейін бас ишан бізге кіруге рұқсат етті. Оның іші шаршылана жасалған: төрт қабырғасының да ұзындығы мен биіктігі отыз метрдей, іші қуыс екі мұнараның үлкенінің биіктігі қырық метр, кішісінің биіктігі отыз бес метр деседі. Кең залдың орта тұсына, биіктеу жерге қаз-қатар қабырғалар орнаған, қабырғалар мен қабырғалардың арасында көп адам



Әппақхожа мазары.

сиып жүрерлік кең коридор бар, одан қабырғалар арасына көтерілетін басқыштар бар. Мазар залының ішіне Орта Азия елдерінің нелер тамаша оюлары орнатылыпты. Түзету жұмыстары жүріп, іші құрылыс материалдарымен ыбырсыған мазарды аз уақыт қана араладық та, тысқа шықтық. Біріне бірі ұқсас суық түсті сұр қабырлардан біздің есімізде «Ишпархан» аталатын қабыр ғана ерекше сақталады. Оның мән-жайына кейін толығырақ ораламыз.

Мана, мазар төңірегінде бізге жат бірталай қылықтарға көзіміз түскен еді, бірақ оларға тоқырап қарауға, мазардың ішін көруге асыққан едік. Енді асықпай тұрып көрсек, нелер алуан ғажаптар болып жатыр.

Ең алдымен, Әппақхожаны әулие көретіндердің одан тілемейтіні болмайды екен. Олар зор мазардың қабырғаларына жан-жағынан жабыса тұрып, немесе іргелеріне етпетінен жатып, көздерінен жасы сорғалаған бейнеде мұң-зарларын шағып, қажеттеріне жәрдем сұрайды екен. Қабырғасына жабыса еңіреп тұрған он бес жасар шамасындағы қыз: «әкемді Чан Кай-ши басмашылары алып кеткен еді, соны тез қайтаруға жәрдемдес!» деп жылап тұр; орта жастағы бір әйел: «Жақында ерім өлді, күналары көп еді, соны тамыққа жіберте көрме!» деп жылап тұр; мазардың бір бұрышында, көзінен жасы сорғалап, таяққа сүйеніп әрең түрегеп тұрған арық денелі, әппақ құдай шалдың зарлану себебін сұрасам,— алпыс екі жыл бұрын үш жасында өлген ұлы болады

екен, шал Әппақхожаға: «Қияметкe барар шағым жақындады, сол ұлымды ахирет күндерінде шапағатшы ете гөр!» деп жалбарынады; бетін жерге төсей жатқанда жұққан шаңды көзінен сорғалаған жасы айғыз-айғыз сазға айналдырып жіберген, жыртық киімді, арық денелі, кескінін қатпар-қатпар әжім жапқан кәрі кемпірдің зарланғанда айтқан сөзі: «Әппақхожам-ау, ерімнің жас шағымда өлгені өзіңе аян. Одан кейін қосылған ерімнің жауыз болғанын да білесің, ол да биыл қартайып өлді. Мен де көп жасамауға тиістімін. Ажал жетіп өле қалған күнде, ахиретте мені соңғы емес, бастапқы еріме қоса гөр!» дейді.

Зарланып жылаушылардың бір жүйесі «о дүниенің» емес, «бұ дүниенің» қамынан тілектер айтып жатыр; сырқат атаулы дертіне ем сұрап жылайды екен; баласыздар бала тілеп жылайды екен; үй ішінде мінезі теріс адамдары бар біреулер, сол мінездерді түзеуге жәрдем сұрайды екен; «күна-сұмдығы» бар адамдар осы арада шынынан ақтарылып, кешіруін өтінеді екен; ерсіз жас әйелдер «жақсы ер тауып бер» деп, бойжеткен қыздар «жігіт тауып бер» деп жалбарынады екен; «саудасы күсет» болып жүрген біреулер — оңалтып жіберуін өтінеді екен; мал-мүлкі ұрланғандар тауып беруін өтінеді екен; шаруашылықтың оңға басуы жайында да талай тілектер болады екен...

Осындай неше түрлі зарланудан басқа, аят оқудан, құлшылық қылудан басқа, Әппақхожа сәйлісінде діндік немесе халықтық ойындардың да сан-алуан түрлері жүріп жатады. Дін ойындарының бір түрі — «зікір-сәнә» аталады екен. Ертерек кезде, қазақ арасына тараған дін сарынындағы бір өленде,—

Әуелі хамді хұдаға,— зікір, сәнә,
Салауат расуліне айттым және,—

деген сөздер болушы еді. Сонда мен «зікір», яғни «тәңіріні мақтау өлені» дегенге түсінетін едім де, «сәнә» деген сөздің не екенін білмейтін ем, молдалардан сұрасам — тайғанақ жауап айтып, дәл мағынасын бере алмайтын еді. Енді Әппақхожа сәйлісінде көрсем, — «сәнә» немесе «сәнам» деген сөз «би» деген мағнада айтылады екен, қазақ өмірінде «билеу» болмағандықтан, молдалары да «сәнәның» мағынасына түсінбейді екен.

Діншілдер орындайтын «зікір-сәнә» ойынын Әппақхожа сәйлісінде орындаудың тәртібі төмендегідей болып

шықты: әр жастағы ер адамдар алқа-қотан болып отырады да, ишан ортада тұрып, Хожа Ахмад Ясауидың, Софы Аллаярдың, Сүлейман Бақырғанидың, тағы солар сияқты дін ақындарының бәйіттерін әнмен айтады, айнала отырған көпшілік оған қосылады. Бәйітшіні «зікірші» дейді. Әндеткен бәйіттерін ол салқын қанмен емес, қызына, еліре айтады, кей жерінде еңіреп жылап та алады, қостаушылар да зікірді жылап отырып қайталайды.

Зікір қызған кезде қостаушылардың арасынан біреуі түрегеледі де, айналымның ішінде «уһһу-уһһу илла-алла» деген леппен, сол жағына ақсаңдап билей жөнеледі. «Сәнә» немесе «сәнәм» дегені осы. Аздан кейін ол билеушіге екінші, оған үшінші адам қосылып... дегендей, бір кезде дөңгелене отырған жұрттың бәрі түрегеп билеп кетеді. Опыр-топыр билеген олардың аяғынан көтерілген шаңнан ешнәрсе көруге болмайды. Бұрқыраған қою шаңға қақала билеген сәнәмшылар, у-шу, азан-қазан боп зікір де айтады. Көлемі кіші-гірім үйдей боп көтерілген қою шаңның ішінен, қақала, түшкіре, құмыға зікір айтқан адамдардың үндері де тұтасып, суға батып-шығып жанталасқан адамдардың қорылдаған, қырылдаған дыбыстары сияқты боп естіледі.

Осы «зікір», осы «сәнә», оған қатынасушылардан әлдекімдер талып жығылып, көпшіліктің аяғына оралғы болғанша тоқтамайтын көрінеді. Талып жығылғандарға сүрінген адамдар арпалысқан қимылдарын біртіндеп бәсеңдетеді екен де, бірінен соң бірі баяулай беріп ақыры «зікір-сәнә» тоқталады екен. Одан кейін зікірді басқарған ишан талықсығандардың бетіне су бүркіп, есін жинату жабдығына кіріседі екен. Талғандардың ішінде өліп кететіндері де болады дейді. Ондайлар шариғат тілінде — «шаһит».

Билеушілердің ішінде қаладан қаланы қыдырып жүріп «өнер» көрсететіндер де аз болмайды екен. Мәселен, Яббарқұл есімді диуана адам мың километрден астам «Алтын тау» аталатын өлкеден де осы сәйілге жыл сайын жаяу келеді екен де, «сәнә» өнерін көрсетеді екен. Тоғыз жасынан осы «кәсіпке» кірісіп, биыл алпыс төртке шыққан бұл диуана, өмірінде мал-мүлік жинамаған, үйленбеген, бар өмірін ел ақтап сопылық қылықтар көрсетуге арнаған. Ол сақал-шашына ұстара тигізбейді екен, сондықтан күрең-бурыл сақалы мен шашы арық

түйенің шудасындай боп ұйысып қалған. Аяқ-қолының тырнақтары да пышақ көрмегендіктен, қарғаның тұяғындай сүп-сүйір боп өскен. Денесі өмірінде су көрмегендіктен тілім-тілім жарылып, қалың күске айналып кеткен. Үстіндегі бар киімі — балақтары жырымдалған қырық жамау ескі дамбал мен, әр түсті шүберектерден құрастырып сырған, тысы далба-дұлба жыртылып, өрім-өрім боп салбырап жүрген, өн-бойы сауыстанған жып-жылтыр кір, көп заманнан тер сіңгендіктен иісі мүңкіген сап-сасық шапан!.. Бас пен аяққа киім кию — бұл диуананың салтында өмір бойы болмаған.

Қай жерде дін биі — «сәнә» болса, ең алдымен осы диуана түседі екен де, жұрттан бұрын талып жығылатын да сол болады екен. Өзінің айтуынша, осы «өнердің» үстінде талай рет талып құлаған. Сиынатын әулиелерінің, әсіресе Әппақхожаның «түсінде аян беруіне» қарағанда, бұл диуана «жанын хаққа» мыңыншы рет талып құлағанда тапсыратын көрінеді. Қазіргі құлауының саны жеті жүзден аз-ақ асыпты. Аржағындағы үш жүзді тезірек толтыру үшін (өйтпегенде қайтсін? Мынадай бахытсыз өмірге қаншалық құмар дейсің ол?) соңғы кездерде Такламакан төңірегіндегі ханақаларға көбірек жортып, «сәнә» яки «сәнәмдарға» көбірек араласатын көрінеді.

Зікіршілер арасынан да ғажап адамдар ұшырасады екен. Сәйілге келерден бірнеше күн бұрын мен Қашқар шаһарында Райым хажы Мұхаммед Шариф ұғлы деген 75 жастағы қарт ишанмен танысқам. Өзі дін жолында жүрген адам бола тұра, шығыс елдерінің (арабтың, иранның, түрік елдерінің) тарихын, поэзиясын тамаша білетін бұл адамнан мен аса көп пайдалы мәліметтер алдым. Ол менің алдыма ұйғыр әдебиетінің барлық тарихын жайып сап, атақты классик Лутфидың Күчар қаласынан, Сәккәкидің Тұрфаннан, Залилдың Яркеннен, Мұхаммед Хожамқұли мен «Ғарип-Сәнәмды» жазатын молла Биләл бин Юсуфтың Қашқардан, Ғаришидің Ақсудан шыққанын, «Рабиға — Сағди» поэмасын жазатын Әбдірәйім Катиптің жас шағында Үргенчтен келіп, қалған өмірін Атушта өткізген ақын екенін, толып жатқан тарихи материалдармен, шығармаларынан оқыған үзінділермен дәлелдеп берген. Соңғы мың жылдың басында жасаған атақты ғалым және ақын Юсуф Хас-һаджап пен, орта тұсында жасаған Махмұд Қашқаридың өмір-

лері, істері туралы да Райым хажыдан бұрын естімеген, талай тың және бағалы мәліметтер алғам. Әппақхожа туралы бұдан екі жүз жыл бұрын жазылған «Зәбдәтөл мусаэль» атты қалың қолжазба кітаптың қажетті тұстарын да оқып көрсеткен. «Ата-бабамнан мирас боп сақталып келе жатыр» деп Әбілқасым Фердаусидың, Әлішер Навоидің өз қолдарынан жазылған шығармаларды көрсеткен. Ислам дінінің философиясынан да хабар беріп, «Мантық», «Ғақайт», «Молла Жәлил», «Фиқһи» сияқты кітаптардан рауаяттар айтқан. Осы сөздерінде араб, иран тілдерін өте жақсы білетіндігін аңғартқан. Мен оны тыңдап отырып «сөлде астында осындай мол білім жатады екен-ау! деп хайран қалғам...



Енді міне, Әппақхожаның сәйлісінде көрсем, әлгі оқымысты ишаным «зікір-сәнә» айтушылардың бір тобын басқарып көзінен жасы сорғалаған бейнеде, Хожа Ахмад Ясауидың мүнәжатын зікірлдете жырлап тұр!..

У. ИЫПАРХАН

Әппақхожа мазарының ішіне жерленген көп адамның қабырында менің көңілімді ерекше бөлгені Иыпарханның зияраты екендігі жоғарыда айтылды Қаз-қатар жатқан көп қабырдың теріскей жақ шетіне қарай орналасқан бұл қабырдың үстіне қытайша «дзоо», ұйғырша «жау», қазақша «күйме» аталатын нәрсе қойылған. Бұл — асты тақтайдан жасалған, оның үстіне жұмсақ төсек салынған, төрт бұрышты төбесін торғын-жібекпен қаптаған, тақтайдың төрт бұрышында әркайсысын үш-төрт адам иығына салып көтерерліктей төрт тұтқасы бар, ұзындығы үш метрдей, көлденеңі метр жарымдай,



С. Мұқановтың қашқар ғұламаларымен әңгімелесіп отырғаны.

биіктігі екі метрдей, бір жағында кірер есігі бар, өзге жағы тұйықталған шатыр. Патшашыл Қытайда патшаның өзін немесе оның ірі қызметкерін алысты-жақынды жерлерге осындай «жаулармен» көтеріп апаратын салт болған. Мәселен, XVIII ғасырда Құмул (Хами) қаласында Манжур династиясына ваң (губернатор) боп қызмет атқарған ұйғыр феодалын үш мың километрден астам жердегі Пекинге төрт мың адам «жаумен» жаяу көтеріп апарған

Енді, Әппақхожа мазарына қойылған Иыпархан «жауының» қайдан және қалай келген тарихына қысқаша токталайық.

Әппақхожаның мүриттері «ақ таулықтар» Әппақхожа заманында, сол кездегі Қашқарияның әкімі Исмаил ханға қарсы көтеріліс жасауын, ол көтерілісті бастаған Әппақхожа, алғаш Исмаилдан жеңіліп қап, Манжур

қарамағындағы Құмулға қашуын, сонда манжур ваңының қызына үйленуін жоғарыда айтқанбыз. Ыпархан Әппақхожаның осы әйелінің қызынан туған жиені. Оның шын аты Шамсинұр, яғни «Күн сәулесі» екен. Кейін аты тарихта қаларлық ісі болғандықтан, халқы оны «Ыпархан» деп атаған. «Ыпар» қазақтың «жұпар» деген сөзі.

Ыпархан сұлу да, сымбатты да қыз болып өседі. Бойжеткен кезінде оған Әппақхожа әулетінен шыққан, Ильясханның әскер бастығы — Яхия есімді батыр жігіт сүйіспендікпен құда түседі. Бірақ олар үйленіп үлгірмей, 1775 жылы Манжур шабыншылығы басталып кетеді де, Яхия жауға қарсы аттанады. Қорғану соғысында Яхия аса зор ерлікпен қайрат көрсетеді де, ерлікпен қазаға ұшырайды. Ыпархан бұл ауыр қазаға бүгіліп отырып қалмай, ерінің қаруын асынып қан майданға аттанады. Ыпарханның қылығына сүйсінген халық, қолбасшылық жұмысын соған жүктейді.

Бұндай іс ұйғыр тарихында бұрын да талай рет кездескен. Мәселен, біздің дәуірден 545 жыл бұрын Иран патшасы Қихұсрау ұйғыр еліне шабуыл жасағанда, қорғану соғысына аттанған Бұқахан соғыста өледі. Сонда оның орнын әйелі (аты тарихта сақталмаған) басып, саны жарты миллион әскерді басқарады. Оның армиясында 150 мыңға жақын әйел де болған деседі. Соғыстың әдіс-айласында асқан шеберлік көрсетіп, жауды кейін шегіндіріп тастайды. Ұйғыр тарихында одан кейін де осындай жаугершілік жағдайда қол бастаған әйелдер болған көрінеді.

Ыпархан намысқор батыр апаларының жолына түседі де, жауларына қатты төтеп береді. Бұны естіген Манжур императоры қолбасшыларына: «Қайткенде де тірідей және жараламай қолға түсіріңдер!» деп бұйырады. Қыз да, оның армиясы да оңайлықпен қолға түспей, бірнеше ай соғысады. Ақыры, манжурдың қалың армиясы Қашқарияның аз армиясын быт-шыт қып бөліп әкетеді де, әр жерден қамап қырады. Ыпархан тірідей қолға алынады.

Сымбатты сұлу қызға император ғашық болады. Бірақ ол зорлықпен емес, еппен, ықтиярымен үйленбек болып, көңілін аулау жағдайына кіріседі. Осы мақсатпен Ыпарханның соңына мың үй ұйғырды ертіп Пекинге көшіреді, оған арнап қаланың бір шетіне, мавритандық

стильде, «Чань Няй-няй» деген атпен тамаша сарай салдырады.

Алдын-ала айта кететін сөз: 1956 жылы Пекин қаласында болғанда, біз бұл сарайды әдейі барып көрдік: іші-сырты Орта Азия оюларымен өрнектелген, құрылысы, бояуы қаз-қалпында сақталған, архитектуралық жағынан аса сұлу үй екен. Оның төңірегіне мың үй ұйғырлар орналасқан. Қазір саны одан әлдеқайда көбейген ұйғырлардың түстері де, тілі де өзгеріп, қытайға айналып кеткен. Сөйте тұра, өздерін әлі күнге дейін «ұйғырмыз» дейді екен.

Тақырыбымызға көшейік: Император әдейілеп сарай, әдейілеп қала салып бергенімен, үлде мен бүлдеге, алтын мен асыл тастарға бөлегенімен, сансыз сұлу қыздарға күттіргенімен бұнша көркем «жұмаққа» кірген Иыпархан императорға көңілін аудармайды. Ештеңе шықпайтынына көзі жеткен император, Иыпарханды қорқытпақ боп:

— Сүйген жарың біздің қолымызға тірідей түскен. Егер сен маған ризашылық бермесең, оны ауыр азаппен өлтіреміз,— дейді.

— Ондай жауыздыққа барам десең ерік өзіңде,— дейді батыр қыз императорға,— тек қана ескертерім: сүйгенімді өлтіріп мені тірі ұстай алмайсың.

Бұл айласынан да ештеңе шықпауына көзі жеткен император, Иыпархан өзін өзі өлтірер деген қауыппен, қасына күні-түні күзет қояды да, қапыда зорламақ болады. Бірақ, бұл ниетін император орындай алмайды, «әлдеқандай күн туады» деп қауіптенетін Иыпархан, кішкене шыны қалбырға құйып, тілінің астына у сақтайды екен дейді, арам ниетін орындамақ боп император келген шақта Иыпархан қалбырды жарып уды жұтады да, сеспей қатады...

Император Иыпарханды шынында да сүйген екен дейді. Сондықтан, «көнбей өлді» деп өшігудің орнына, қасиеттеп, мезгіл жаз болғандықтан, етін сереге қойып ағызады да, асыл жібекпен қалың ғып кебіндеткен сүйегін әдейі арнап жасатқан «жауға» салдырып, «Өз мекеніне, бабасы Әппақхожаның мазарына апарып жерлендер» деп он мың жаяу әскермен жөнелтеді. Олар «жауды» қолдарына көтеріп отырып, Қашқар шаһарына әлденеше айда жетеді де, императордың бұйрығын

орындайды. Әппақхожаның мазарында тұрған «жау» осы екен. Бұл ертегі емес, шын сөз.

Иыпарханның суреті де сақталған. Ол Пекинде, Чань Няй-няй сарайында тұрған шақта, осы қалаға Италияның саяхатта жүрген бір суретшісі (аты мәлімсіз) келеді. Император оған Иыпарханның түр-тұлғасын бояумен суретке салдырады. Неге екенін кім білсін, ғажап көркем салынған бұл суретті суретші өзімен бірге Италияға алып кетеді де, Римдегі көркем суреттер галереясына қояды. Көп жылдар бойына осы галереяда қаз-қалпында сақталып келген бұл суретті Қытайдың Халық үкіметі алдырмақ болады. Қымбат мүлкін қимаған Италия үкіметі суреттің көшірмесін ғана алуға рұқсат етеді. Қытай үкіметі бұған да риза болып, Римге арнаулы суретші жібереді де, Иыпархан суретінің көшірмесін жасатып алдырып, Пекиндегі Чан Няй-няй сарайына қойдырады. Ауызша тараған қауесетте, көшірме аса қымбатқа, яғни жүз мың юаньға түскен деседі. Қытайдағы ақшаның кәзіргі құнына шаққанда, бұл — мың жарым алтын сағаттың бағасы. Бірақ мәселе онда емес, Халықтық үкіметтің өз отанының жақсы адамдары мен олардан қалған ескерткіштерді аса қадірлеуінде. Ұйғырдың батыр қызы — Иыпарханның суреті Халықтық Қытайдағы тарихы, қымбат мүліктердің бірі.

Иыпарханның Чан Няй-няйға қойған суретін көрудің бізге сәті түспеді: әдейілеп барған күні сарай жабық болды да, одан кейін баруға қол тимеді. Бұл мәселеде Пекиннен «әттегенемен» аттанған біздің көңіліміз, Үрімші қаласына келгенде көншіді. Шыңжаңдағы бір суретші (атын ұмыттым) Пекинге әдейі, Иыпарханның суретін іздеп барады да, көшірмесінен көшірме жасап алып қайтады. Көркем суретті, әсіресе бояумен салынған суретті көшіріп алу, әрине, өте ауыр жұмыс. Көшіруші қанша шебер болғанымен, барлық ынтасын сала көшіргенімен, түп нұсқаның нақ өзіндей ғып шығару, менімше, мүмкін емес, нұсқа өмір шындығының өзінен бетпе-бет отырып алынады да, көшірме сол шындықтың, бері салғанда, көлеңкесінен, әрі салғанда — елесінен ғана алынады ғой.

Иыпархан суретінің көшірмелері де осылай алынуға тиісті. Дегенмен, Үрімшідегі көшірмеден көшірменің өзіне мен хайран ғап қарап тұрмын: шамасы жиырма-жиырма бестің арасындағы жас қыз. Ұйғыр Орта Азия-



Сәйіл.

дағы ең сұлу халықтың бірі ғой, Иыпархан сол сұлулардың ішіндегі ең сұлулардың бірі боптьі: «маңдайдан тура түскен қырлы мұрны» (Абай), ортасын «қаш» бояуымен жалғастырған имек қою қара қасы, бәлкім сопақтау, бірақ екі жағы тең біткен сүйкімді беті ұйғыр қызына тән қасиет болғанымен, қысықтау, шықшыт жағы көтеріңкілеу келген ойнақы өткір көздері нағашы әжесінің төркіні — қытайға үйлесіңкірейді. Қытай әйелдері бет реңін ағы мен қызылы аралас бояумен ажарлауды жақсы көреді, Италия суретшісі Иыпарханға да осындай ажар бермек боп, былай да қаны құлпырған жас өңін қажетті деген тұстарында әсіре қызғылттандырыңқырап, әсіре ағартыңқырап жіберген тәрізді, бірақ ол қондырма бояулар жаратылысындағы бояуды жеңе алмай, әдемі гүл-шешектің бетіне жұп-жұқа ғана боп жабысқан шаң сияқтанып тұр. Суретші жай ғана шебер емес, ақын жанды шебер болу керек, олай дейтінім, суретін салып отырған қыздың сыртқы ажарындағы әдеміліктерді ғана көрмей, сұңғақ талдырмаш денесінің отырысы, бет-аузының, көзінің құбылысы арқылы ішкі

сарайында болып жатқан әрекеттерді де айқын көріп әдемі берген, қыз суретке буынып-түйінген, қару-құралын асынған, басына долыға киген бейнеде түсіпті, осы жағдайына дене мен бет бейнесін қосқанда, тек қана жауынгер қыз емес, аса қайратты, өжет, батыл, батыр қыз екендігі айқын сезіледі... Соған қарап тұрып, ішіңнен айтарың: — Осындай қызың бар ұйғыр халқы, саған мың да бір рахмет!

VI. ХАЛЫҚТЫҢ ОЙЫН-САУЫҚТАРЫ

Әппақхожа сәйлісінде, діншілдік зікір-сәнәлармен қатар, әні, күйі, биі аралас, халықтың ойын-сауықтары да жүріп жатады екен. Бұл ойындардың бәрін қосқандағы аты — «мәшірап» екен. Арапшадан алынған бұл сөздің түпкі кең мағнасы: халықтың жаратылысына сіңген әдеті. Расында да солай сияқты. Мәшіреп — ұйғыр халқының өзімен бірге жасап келе жатқан халықтық ойыны екен, ол — шын мағнасындағы халықтық театр.

Бұл сөзіміз түсінікті болу үшін, мәселені әртіректен бастайық. Ең алдымен, ұйғырлар музыкалық құралдар түріне бай халықтың бірі екен. Оның өзімен бірге жасап, халқының әдет-ғұрпына терең сіңіп кеткен музыкалық құралдарынан мен өзім он бесін көзіммен көрдім, олар мыналар:

1. Дап — саусақпен қағып ойнататын дабыл.

2. Нағыра — екі бүйірінен де саусақпен қағып ойнататын дабылы бар, іші қуыс, ортасы тұтас құрал. Оның өзі: «үлкен», «орта», «кіші» боп үшке бөлінеді.

3. Сатар — сымнан таққан он үш ішегі бар, біреуі ғана әуен (тон) беріп, өзгелері октаваларға бөлініп кететін құрал.

4. Дутар — екі шекті, жиырма төрт пернелі, мойыны ұзын, ішектерін саусаққа киген оймақ тәрізді нәрсемен іліп-қағып ойнайтын домбыра.


5. Рауап — жуандылы-жіңішкелі бес ішекті, қайқылау қаз мойынды келген, мандалин тәрізділеу құрал.

6. Тембір — түрі дутар сияқтылау, бірақ мойны одан қысқарақ, үш ішекті домбыра.

7. Ғежек — түрі де, ойналуы да қазақша қобызға ұқсас құрал.

8. Чан — беті жалпақ, елу алты ішегі бар, ішектерін шыбықпен қағып ойнататын құрал.

9. Қалуын — орыстың «гусля» аталатын құралы тәрізді.



10. Нәйіл — сыбызғы.

11. Сунай — екі еріннің арасына қыстырып ойнататын, ұзын тұрқы үш-төрт сантиметрдей ғана сырнай. Сол титтей қалпымен, шыңылдаған өткір және әдемі даусы құлағыңды жара жаздайды.

12. Қарнай — мойыны екі құлаш, түбінен үрлеп ойнататын құрал.

13. Тас— (не түсті құрал екені есімде сақталмапты).

14. Сапайы — оқтаудай ағаштың басына дөңгелек темірден жасалған жұмыр шығыршықтар байлап, қолмен сілке, сылдырлатып ойнайтын құрал.

15. Пипи — кәдімгі қамыстан жасап алатын сыбызғы.

Қашқарияда болған күндерде әртүрлі мәшіраптарда ойнағанын көрген құралдарым осылар. Ол елдің музыка өнерін зерттеушілердің айтуынша, мен көрмеген тағы да тоғыз түрі бар, яғни ұйғырлардың музыкалық құралының барлық түрі — жиырма төрт.

Түрік тілдес өзге халықтар сияқты, ұйғырлар да өлеңдерін силлабикалық, яғни, жолдарының буын саны, шумағындағы жолдардың орналасуы, ырғағы, үйлесі дәл келіп отыратын тұрақты түрде құрады екен, сондықтан да, қазақ өлеңдері сияқты, ұйғыр өлеңдерінде де әнге келмейтіні жоқ көрінеді.

Оған айқын мысалдың бірі — жоғарыда аталған «он екі мұқам». «Мұқам» — араптың «мақам», яғни «ән» деген сөзінен шыққан. Біреулердің айтуынша, жыл тәулігінде он екі ай бар, әр айдың өз жағдайына қарай айтылатын әні бар, он екі мұқам да осыдан шығып, он екі түрге бөлінген. Ол бөліктердің аттары: 1— рак, 2— чапаят, 3 — сига, 4 — чарга, 5 — фанжга, 6 — өзхал, 7 — мүшәуарак, 8 — үшияк, 9 — науа, 10— баят, 11— әжем, 12— мұқам хусаин.

Бұл мұқамдардың әрқайсысы үшке бөлініп, оның әрқайсысынан алтыдан ән тарайды екен. Мәселен, алтыншы айдың мұқамы — «өзхал»; «мәшриби», «дастан нәгма», «даф нәгма» болып үшке бөлінеді де, солардың бірі — «дастан нәгма»: «бірінші нәлаш, екінші нәлаш, үшінші нәлаш, төртінші... бесінші... алтыншы нәлаш» боп алтыға бөлінеді. Бұл есеппен алғанда, он екі мұқамнан бұтақталып 216 ән өрбитін сияқты. Тағы біреудің айтуынша, әр күннің өз әні, күн ішіндегі әр мезгілдің өз әні бар сияқты.

— Сонда, — дейді ол,— «он екі мұқамның» бұтақталатын әндері мыңнан асады.

Тағы бір талқылауда, «он екі мұқам, он екі түрлі қасиеті бар адамдардың белгісін көрсететін, жыл тәулігінің он екі мезгілінде туатын он екі жұлдызға арналып шыққан. Мәселен, көктемнің жұлдызына арналған ән-

дер — жастардың, әсіресе қыздардың әні; шілденің жұлдызына арналған әндер — еңбекшілердің, әсіресе диқаншылардың әндері; сүмбіле (август) жұлдызына арналған әндер — даналықтың, ақылдылықтың әндері... Бұл талқылаудың ойынша, он екі мұқамның түпкі шығарушысы — Пері-чәңгір, ұйғырлардың ең ескі музыкалық құралы «чанды» жасап шығарушы да осы адам. Мифтік сипаты бар біздің Қорқытқа ұқсас бұл адам — ұйғыр ән-күйлерінің атасы.

Ұйғырдың өлеңдері әнге үйлесімді екендігі жоғарыда айтылды. Осы жағынан алып қарағанда «он екі мұқам» әндердің ғана жинағы емес, өлеңдердің де жинағы, сондықтан әндерінің ырғағына қарай, өлең ырғақтары да өлшеніп, өзгеріп отырады. Және бір ғажабы, он екі мұқамға кіретін ән мен өлең атаулының басым көпшілігі дін тақырыбы емес, дүниелік тақырыпқа, оның көбі — жан сырын баяндайтын лирикалық тақырыпқа арналған.

Жалпы алғанда он екі мұқам құрылыс жағынан, жоғарыда сипаттаған «Мың үйдің» ішіне ұқсайды. Көне заманда Қызыл өзеннің биік жарқабағынан ойып жасалған «Мың үй» үлкен бір үйдің бөлмелеріндей тұтасып кетсе, он екі мұқам да өзара солай тұтасып, сөздік жағынан зор поэманың тараулары, ән жағынан зор симфонияның тараулары сияқты тұтас бір шығарма болып кетеді. Бұл жағынан қарағанда он екі мұқам — ұйғыр әндері мен ұйғыр өлеңдерінің «а» сынан бастап «я» сымен тоқтайтын энциклопедиясы.

Біраз сөз — би жайында. Бидің ұйғырша аты —ұсул. Оның өзі бес түрге бөлінетін көрінеді: 1 — жулэ, өлеңдетіп билеу; 2 — сырылма,— аяқты ақырын жылжытып, дене мүшелерін көбірек қимылдату; 3 — шадиян, —қолды, әсіресе аяқты қатты қимылдатып, секіре билеу; 4— сәмә немесе сәнә — діндік мазмұндағы билер; 5 — сәнам — дене құбылысымен, бет қимылымен махаббат сезімін аңғартатын билер.

Қашқарияның әр шаһары немесе ауданы аталған ұсулдарды өзіне тәуелді өзгешеліктермен билейді, сондықтан, мәселен, «сәнәмнің» өзі: «Қашқар сәнәм», «Макит сәнәм», «Корлы сәнәм», «Долан сәнәм» деген сияқты жүйелерге бөлініп кетеді.

Ұсулды жекеленіп те, топталып та билеу тәртібі бар. Жеке ұсулдар көбінесе қалалық үйлерде, топтық ұсул-

дар изаларда (қыстақтарда) көбірек биленеді. Изалық билерге әйелдер де қатынасады, әсіресе ислам дініне кейінірек кірген Долан төңірегінде.

Долан шөлден шығып,
Салды «бәрәкәалланы»[1]
Ойнаймын деп мәшірап,
Ұмытып кетті алланы —

деген өлең осы себептен туған. Ұсулдың ұйғыр әдетіне мол сіңгендігі сондай,— шешесі кішкене баласын аяғын апыл-тапыл басқан күннен бастап биге үйретеді.

Ұйғырлар серуенмен өткізетін ойын-сауықтарын «сәйлі» дейді, үйде я жиында өткізетін ойын-сауықтарын «мәшірап» дейді. Осылардың қайсысы болса да әнкүймен, бимен өтіп жатады. Сәйлі жасауға да, мәшірап жасауға да, жеке я қоғамдық өмірден алынатын толып жатқан себептер бар, мәселен, ерлі-зайыпты өмір сүрудің төңірегіндегі тойлар.

Қызға лайықты жігіт, жігітке лайықты қыз тауып беру жұмысына шебер жасамыс әйелдер болады, оларды ұйғырлар «дәлал» дейді, Азаттықтан бұрынғы уақытта дәлалдар қыздардың бахыты да, соры да болған. «Бахыты» дейтініміз — біраз қыздар мен жігіттердің теңін тауып қосылуына себепші болған; «соры» дейтініміз — көп әйел алушылар бар шақта, еріккен байларға сұлу жас қыздарды топтап тауып беріп, байлар бахытсыз қыздарға зорлықпен үйленген. Хандар билеген заманда олардың қыз тауып беретін әлденеше дәлалдары болады екен, олар сұлу жас қыздарды жасырын түрде іздеп табады екен де, ханға хабарлайды екен. Он төртінші ғасырда болған ұйғыр ханы Тоғлұқтемір осы әдіспен үш жүз қызға үйленіпті-мыс деген сөз бар.

Жай халықтың тұрмысындағы үйлену салты: дәлал арқылы танысқан қыз бен жігіт, ата-анасының рұқсатымен, кешкі мезгілде оңаша жолығады. Алғаш кездескенде қыз жігітке иіліп сәлем береді. Сөз байласулары содан кейін болады. Қыз ұзату тойына тек құдалар ғана барып, күйеу үйінде қалады да, құдалармен бірге пышағын жібереді, өзі қайынының үйіне, қалыңдығына — неке қияр шақта ғана барады. Қалыңдықтың көшесінде тұратындар күйеу мінген көліктің жолына арқан керіп

[1] «Бәрекелді» көңілденудің лебі.

тоқтатады да, кәдесін алғаннан кейін, арбалы атты от арқылы өткізеді. Некелі түнде қыз бен жігітке күзет қойылады да, егер қыз күнәсіз болса — ата-анасынан сүйінші алады. Қыз күнәлі болса — жігіттің безіп кетуге хақы бар. Оның арты — ұрыс-жанжал. Жары адал болған жігіттің шұлғауын (әдетте таза, жаңа жібектен я шыттан жасалған) жеңгелері таласа жыртып бөліп алады. Шын той содан кейін жасалып, халық жаз болса — сәйлігe шығады, қыс болса — мәшірап жасайды.

Күйеудің үйіне барған қалыңдық есікке алдымен кіреді. Кірер алдында оттан аттайды. Қалыңдық тұңғыш баласын әкесінің үйіне барып туады, әкесі жиеніне бесік тойын жасайды. Бір бала туған әйелдің аты — «чокән», екі бала туған әйелдің аты — жуған». Оған «жуған тойы» жасалады. Жесір боп ерге шыққан әйелдің тойы — «чөкән» аталады.

Осылар сияқты толып жатқан халық ойындарының ішінен біз «мәшірап» аталатын түріне ғана қысқаша тоқтап өтейік.

Әппақхожа сәйлісі басталар алдындағы кеште, біз жатқан мейманхананың бас күтушісі Халима ханум ертең қызметте болмайтынын ескертті.

— Неге? — деген сұрауға,

— Сәйлігe барып, тамаша көрем,— деп жауап берді ол.

— Не «тамаша?» — дегенге,

— Барып көргендеріңіз мақұл,— деді.

Ертеңіне сәйілге барып, «зікір-сәнә» ойынынан торыққаннан кейін бастаушымыз бізді сол маңайдағы Ауыл шаруашылығы техникумының бақшасына алып барды. Азаттықтан бұрын ірі помещиктердің бірі меншіктенген бұл жеміс бақшасы кең де, көрікті де екен. Сәйілде серуендегендердің, әсіресе жастардың бір жүйесі осы бақшаның ішін кезіп, кейі әндетіп, кейі билеп... дегендей, опыр-топыр сауықтар жүріп жатыр.

Бір тұста үлкен мәшірапқа да кездесіп қалдық. Бақшаның кең алабындағы шаңсыз көгалға қалың топ дөңгелене отырыпты, орталарында музыка ойнаушылар, әндете сапырылысып билеушілер. Солардың ішінде біздің Халима ханум да жүр. Жасы отызға жаңа жеткен, толықшалау орта бойлы, дөңгелектеу сұлу кескінді, былай да кербез киінетін бұл көркем келіншек, бүгін ерекше сәнді киінуден бе, әлде, бетінде былай да құлпырып

тұратын қаны ыстық күннен қайнай түсуден бе,— сымбатты да, ажары да ертегідегі хордың қызы сияқтанып, аса құлпырып кетіпті. Қимылына қарап тұрсақ, ол шебер бишілердің біреуі екен: би ырғағына қарай кейде шалқайып, кейде еңкейіп, кейде оңды-солды бұралаңдатқанда, толықша денесі жез қармақтай иіледі, сүйір саусақты алақандары, билей желпіген шақта, толқын үстінде ойнаған ақ шағаланың жалт-жұлт еткен қанаттары сияқтанып кетеді, биік өкшелі бәтеңке киген аяқтары ұршықтай үйірілгенде, кең етекті шәйі көйлегі дөңгелей делегейленіп, балағын бүрген батсайы кең дамбалы ышқырына дейін көрініп қалады, былай да ұзын, қайқы кірпіктері бүгін тіпті сүйриіп наздана, ойнақшыта, күлімсірете қараған көздері өңменіңнен өте жаздайды... Осынша шаттық пен рахатқа бөленген Халима ханумға және оның серіктеріне құмарта қарап тұрған мен, қасымдағы Әбілхайға:

— Бұрын да осындай сауықтар болатын ба еді? — десем.

— Халық бар жерде сауық бар емес пе? — дейді ол, — Қанаушы таптың қысымы қанша қатты болғанмен, халық ойнап-күлер, сауық-сайран құрар уақытын қашан да тапқан ғой! Мұншама кең масштабта болмағанмен, аз көлемде осыған ұқсас мәшіраптар бұрын да болған...

Мәшіраптың бұдан көрікті бір түрін біз «Яны һаят» («Жаңа өмір») кооперативінде көрдік. 787 үйі бар, 620 жұмысшысы бар, олардың 257-сі әйел, 1658 му егісі бар, оның 547 муы бидай; көліктен: 46 өгізі, алты аты, 113 есегі бар, тракторы жоқ, 11 соқасы, бір сеялкасы, бір культиваторы бар. 1954 жылы ұйымдасқан бұл кооператив, аз жылда тәп-тәуір ауқаттанып қалған екен. Ең алдағы егінші — Юсуф Мәллах деген кісі, өткен жылы еңбек күніне жеті мың жың [1] алған да, оның 450 жыңын үкіметке беріп, қалғанын өзі пайдаланған. Бұндайлар «Яни һаяатта» толып жатыр. Ең кемі бес жүз жыңнан алмаған диқаншы бұл кооперативте жоқ. Қашқарияның жағдайында бұл диқаншылардың бұрын өңі түгіл түсінде де көрмеген байлығы. Кооперативтің орталық қоры — 22660 юань.

«Яни һаяаттың» шаруашылығын да, мәдениет орын-

[1] Жарты кило шамасы.



Қашкардағы ауыл шаруашылығы кооперативі.

дарында күні бойы аралап көргеннен кейін, бастап жүрген Мұхаммед Һауаз (председатель) бен Омар Һашим (партком) бізді изасына қонаққа шақырды. Мәжіліс бұрын помещиктің меншігі болған, кәзір кооператив мүлкіне айналған аса салтанатты, аса көрікті кең бақшаның ортасындағы алапта өтті.

Мәшіраптың шын мағнасындағы халықтық театр екенін мен осы мәжіліс үстінде көрдім. Оны аудандық комсомол комитетінің секретары, 23 жастағы Қасым қызы Гүлсім басқарды. Ән-күйлерден, билерден басқа, мәшіранта драмалық формада неше түрлі күлкілі ойындар да жүріп жатады екен. Артист ролін аткаратын ерлер мен әйелдер, әдет-ғұрыптағы, мінез-құлықтағы, діндегі сорақылықтардың бәрін өлтіре сынайды екен, ол қылықтарға көермендер ішек-сілесі қата күледі екен. Комедиялық ойын түрлерімен катар, мәшірапта драмалық, трагедиялық түрдегі ойындар да болады деседі, оларды бізге көрсеткен жоқ. Көрген ойындардың өзіне де мен ғажап-хайран қалдым. Олардан мен, бұрын көрмеген ұйғыр тұрмысына ғана тәуелді талай шындықтың бейнесін аңғардым. Артистердің ішінде нелер шебер ойыншылар бар екен, олардың кейбірі талай жыл ойнап төсел-

ген профессионалдар көрінеді. Азаттықтан бұрын әйелдер ән-күй, би істеріне ғана қатынасады екен де, театр түріндегі ойындарға араласпай, әйел ролін ерлер орындайды екен. Кәзіргі мәшіраптың театр түріндегі ойындарына әйелдер де қатынасады екен. Бұрын артистер қанаушы таптың немесе діншілдердің қылықтарын жұқа түрде сынаса, енді батыл, қатты сынайды екен.

Шыңжаңда, әсіресе Қашқарияда, біз барған кезде, европалық түрдегі театрлар құрылып үлгірмей, әзірге концерттік топтар ғана ұйымдасқан екен. Олардың да ойын-сауықтары қызық, әсіресе мәшіраптары қызық. Қайталап айтқанда, мәшірап шын мағнасындағы халықтық театр.

VII. ЖАҢА ӨМІРДІҢ БЕЙНЕСІ

Қашқар қаласымен де, оның төңірегімен де біраз танысып алғаннан кейін жергілікті достар маған «Қенсу» аталатын, азаттықтан кейін ашылған өндіріс орнына барып қайтуды ұсынды.

Қаладан машинамен ерте аттанған біз, күнгей-батысты бетке ұстай, Түмен дариясын жағалап жөн тарттық. Елу-алпыс километрдің деңгейінде, Түмен сол жағымызда ақ-жоталанған Памирға қарай ойыса берді де, оң жақ бүйірінен «Мың жол» аталатын, суы тартылып қырап қалған жіңішке өзен кеп килікті. Осы өзенді жағалай тартатын кең даңғылдың аты «Әндижан жолы» екен. Өзеннің «Мың жол» аталатын себебі — ол Памир мен Тянь-Шаньның сілемдері түйісетін бір тұста, әлденеше сай саладан ағатын бұлақтардан құралады екен, сол сайлардан, Орта Азияның әржердегі қалаларынан тарам-тарам жолдар құлайды деседі, олардың жалпы саны мыңнан да асады-мыс.

«Мың жолды» жағалап ілгерілеген сайын Тянь-Шаньның қарлы жотасы алыстай, Памирдің қарлы жотасы жақындай түсті. Осы екі жотаның арасы, жаз айларында жонында қар жатпайтын тақыр таулар екен. Тегі, үлкен екі таудың арасындағы желсоғар қыраттардың бітімі біріне бірі ұқсас болады ғой деймін,— осы бір тақыр таулардың да қырқа жондарының үстіндегі шыңдары да, алыстан, қираған қаланың орнына ұқсайды. Соларға таңдана қарап келе жатқан маған, Қашқардан

алып шыққан бастаушымыз Имин Хусаин қызық бір әңгіме айтты.

— Қираған қалаға ұқсаған сол бір шыңдарды,— дейді ол,— жергілікті халық «имандарым» деп атайды.

— Неге?

— Біздің Қашқарияға ислам діні Мәуреннаһірдан осы бір жоталар арқылы келген ғой. Сол дінді әкелушілер будда дініндегі Қашқарияға алғаш тобымен батып кіре алмай, осы бір жоталарда жасырынып жатып, біртіндеп кірсе керек. Исламды қабылдағысы келмегендер қарсылық жасап, көтеріліс шығарғанда бассауға іздеп қашқан қожалар да осы жотадағы панасы көп шатқалдарға қорғаласа керек. Дін таратушылар, яғни имамдар паналағандықтан, жергілікті ел бұл шатқалдарды «имамдарым» деп атап кетсе керек.

— Қызық екен.

— Одан да қызығы бар: Қашқарияны манжурлар басып алғаннан кейін, ауырлыққа шыдамаған халықтың бір жүйесі көтеріліс жасайды да, манжур әскеріне төтеп бере алмай жеңіліп қап, басқарушылары осы имамдарымға қашып барып тығылады. Манжурлар оларды іздеп:

— Қайда тығылды? — деп халықты қысқанда,

— Имамдарымға! — деп жауап береді олар.

Манжурлар «имамдарым» деген сөзді тура мағнасында ұғынады да, имам атаулыны, қытай тілінде Ту Ди-гунь аталатын Әппақхожа мазарына қамап, шетінен өлтіре бастайды. Жазықсыздар:

— Жазығымыз не — деп сұраса,

— Қашқындарды тыққансыңдар! — дейді манжурлар.

— Қайдағы қашқындар?

— Көтерілісті бастаған... Олар имамдарға, яғни сендерге тығылған!..

Имамдар істің жайына сонда ғана түсініп, «Имамдарым» аталатын таулық жер барын, қашқындар соған жасырынғанын айтады. Сонымен, жазықсыз біраз имам кездейсоқ ажалдан аман қалады, қата ұғыныстың салдарынан бірталайы жазаға тартылып өліп кетеді.

Имамдарымның шың боп бітетін бір мүйісінде «Бүбі Ғазина ханумның мазары» деген бір мола бар екен. Оның қай кезде жасаған, не қылған адам екенін ешкім білмейді. Жұрттың білетіні, бұл «әулие» әйел болған,

сондықтан да бала тілейтін әйелдер мазардың топырағын алдырып, күні бүгінге дейін езіп ішетін көрінеді. Мазар ішіндегі қабырдан әйел тұлымының үші шығып жатады дейді, оның бір талын қолына түсіріп, мойнына бойтұмар ғып таққан әйел өзін «иманды» адамға санайды дейді.

Қашқардан 130 километр жердегі Кенсу өндірісіне біз шаңқай түсте жеттік. Тақыр таулардың биіктегі бір қойнауына орнаған бұл өндіріс «комбинат» аталады екен де, оның қарамағына сол арадан түсті металдар кені мен көмір қазатын шахталар, кеннен жарты фабрикат қорытатын байыту фабрикасы, механика заводы және электр станциясы кіреді екен. Іргесі қалануына бес-алты жыл ғана өткенімен, комбинаттың барлық өндірістері де техниканың соңғы табыстарымен қаруланған, ішінде әдемі мектебі, клубы, мейманханасы, емханасы, балалар бақшасы мен яслиі бар, үйлері көркем, көшелеріне, аландарына ағаш өсірілген әдемі қала салынған.

Фабриканың директоры Ти Фу-хай, оның орынбасары Садықов Мұхамметжан (ұйғыр), көмекші инженері Виктор Борисович Цугуев (осетин) бізге өндіріс орындарын түгел аралатып көрсетті. Сонда алған әсерді аз сөзбен ғана айтқанда, техника жағынан да, мәдениет жағынан да, бұл өндіріс — кәзіргі Халықтық Қытайдың мақтанышының бірі екен. Ол жағына да қызыға қараумен қатар, біз аз уақытта осындай халге жеткен өндірістегі кадрлардың өсу жолына да қызыға қарадық. Содан бірнеше мысал келтірейік.

Комбинатта екі мыңға жақын жұмысшы қызмет атқарады екен, солардың мың екі жүздейі ұйғырлар, төрт жүздейі — хансулар (қытайлар), бір жүздейі қырғыздар, қалғаны басқа ұлттар. Инженерлер мен техниктердің жалпы саны — бір жүз алты адам.

Бұл маңайда түсті металдың да, көмірдің де кені бары көне заманнан мәлім екен. Қай заман екенін кім білсін (мөлшерлеушілер «біздің дәуірден бұрын» дейді) әлдекімдер осы маңайдың әржерін шұқылап көмірін де алған, кенін де қазып қорытқан. Қазылған жерлерде кейі терең, кейі тайыз үңгірлер қалған, кен қорытқан жерлерде қоқыс қалған. Кейін, бір кездерде Қоқан хандығы, одан кейін ағылшын капиталистері осы орындарды шұқылап көрген де, «пайдасыз» санап тастап кеткен.

Кенсу өлкесінің кені де, көмірі де бай екендігі азаттықтан кейін, совет геологтарының жәрдемімен анықталады. Содан кейін Қытайдың Халықтық үкіметі бұл арадан өндіріс орындарын ашу жабдығына кіріседі. Оған да совет инженерлері жәрдемдеседі. Жоғарыда аталған Цугуев солардың бірі. Өзгелерінің көпшілігі, жергілікті адамдардан инженерлер мен техниктерді шығаруға жәрдемдескеннен кейін, отанына қайтқан. Цугуев та сол жылдың күзінде қайтпақ.

Бұрынғы кен үңгірлері шахтаға айналар шақта, жергілікті халықтан жұмысқа келген адамдарды (көпшілігі ұйғырлар) ішіне түсіру басқарушыларға аса қиын болады, себебі, оқымаған қараңғы халықтың ұғымында, «бұл үңгірлердің түбінде не орасан зор айдаһар жатыр, немесе мыңдаған санды қордалы жыландар жатыр».

Осы қауесеттен қорыққан жұрттың ішінен, үңгірге бастап кірерлік адам бірнеше күн бойына табылмайды. Ол үңгірлерге кіріп-шығып жүрген совет мамандарын жергілікті халық «сихыршылар» деп түсінеді. Амалы құрыған басқарушылар Қытай мемлекетіндегі өзге өлкелердің шахталарынан хансуларды (қытайларды) алдырмақ болады. Сондай дағдарған шақта, 1932 жылы Қашқар төңірегіндегі кедей диқанның үйінде туған, Кенсуға жұмыс істеп жуырда келген Қасымов Тұрсын деген жас жігіт түспек болады. Оның өжеттігіне хайран қалған көпшілік, әуелі «түспе» деп жалынып, ол өтінішін қабылдамаған соң әлде не имам, «айдаһар қорқатын дұғалық» деп, мойнына тұмар байлап береді, былайғы көпшілік аман шығуын тілеп үңгір аузында намаз оқиды да, совет маманына еріп үңгірге кірген Тұрсынның артынан шуласып азан айтып тұрады. Тұрсын аман шыққанда, «айдаһар да, жылан да жоқ» деген сөзіне сенбей, «ендеше тығылып көрінбеген болар, саған иісі жұққан болар» деп киімдерін иіскейді. Осы Тұрсын кәзір Кенсудағы ең алда келе жатқан жұмысшылардың бірі. Ол Қашқардағы, Үрімшідегі, Пекиндегі озаттар жиналыстарына қатынасқан, мемлекетіндегі ірі өндіріс орындарын аралаған, үкімет оны әлденеше рет наградтаған, 1956 жылдың басында Қытай Коммунистік партиясына мүше боп өткен, совет инженерлерінің жәрдемімен араласқан ісінің техникасын да біліп, кәзір ірі шахтаның біреуін басқарады.



«Кенсу» жұмысшылары.

Оның бір жас кіші інісі Мамад Имин ағасына еріп осы өндіріске бірге келеді де, құрылғалы жатқан электр станциясына қара жұмысшы болып орналасады. Өзі сауатсыз бола тұра, станция құрылысының бар жұмысын көзінен өткергендіктен, станция аз уақытта бітіп іске кіріскен шақта, алғаш монтер болады да, кейін кезекші инженердің қызметін атқарып кетеді. Серіктерінің оған қойған аты — «оқымаған профессор».

— Расында да солай,— дейді Ти Фу-хай.— Өткен жылы, бас инженер Пекинге командировкамен кеткен шақта электр станциясында авария болып, осы Мамад Имининің шеберлігімен станция да, оған байланысты өндіріс орындары да үлкен апаттан аман қалды.

Мамадтың айтуынша, бұл өндіріске келген жергілікті жұмысшылардың көпшілігі электрді көру түгіл, атын да естіген жоқ екен. Соның салдарынан, станция бітіп қызметке кіріскен шақта бірнеше қызық болған. Солардан екі мысал.

Біріншісі — жұмысшылардың пәтеріне станция жүруден бастап электр жарығы берілмек болады да, бұрамалары жүргізіліп, лампалар қойылады. Оның не қызмет атқаратыны күні бұрын түсіндіріледі. Сол түсіністі естімеген біреу, «бүгін жарық беріледі» деген күні, пәтеріне қойған шамдар маймен жанар деп ойлайды да,

төбелерін тесіп, бәріне де керосин құяды. Кешке өзге пәтердің бәріне шам жанғанда оған жанбайды, мұның себебін жұрт кейін ғана біледі.

Екіншісі — біреу іңір уақытында көшеде келе жатса, көше бағаналарының басына орнатқан электр шамдары бірден жарқырай қалады. Бұны «өрт кетті» деп түсінген ол, «өрт, өрт!» деп бақырған дауыспен, қолына түскен нәрсені лақтырып, бірнеше шамды қиратады...

Он сегіз жастағы Иминова Гүләйім Қашқардағы дарул-мұғаллиминнің (техникум) алты класын (барлығы сегіз болса керек) өткен жылы аяқтайды да, жоғарыда аталған электр станциясына кеп, үйренушілік қызметіне орналасады. Қазір ол станцияның қуатын үлестіру ісін басқарады.

Жиырма бір жастағы Байқанов Ұшур Кенсудағы кен шахталарына алғаш түскен адамдардың бірі. Сауатсыз ол, бастапқы кезде тасты электр қуатымен тесетін бұрғыны ұстауға қорқып, қолымен қашаған. Бұл ісінен нәтиже шықпауына көзі жеткен соң, электр бұрғысын ұстар алдында, қартаңдау біреумен, тірі тауықты шахта ішіне апарып бауыздап, қанымен қолын жуып алған. Бұл бұрғышы 1956 жылдың алғашқы жартысындағы нормасын 300 процент орындапты.

Байыту фабрикасының кезекші инженері Шэнь Яфунның айтуынша, фабриканың мартен пеші ашылуда қызық болған. Ондағы жұмысшылардың да көпшілігі ұйғырлар екен. Біркелкі жастар бола тұра, діншіл қалалар мен изаларда өскен олар, бес уақыт намазының бірін де қаза қылмай, жұмыс үстінде оқып жүреді екен. Мартен пеші ашылар алдында оларды бастықтары пеш алдына жинайды. Аз уақыт митинг боп сөз сөйлегеннен кейін, пештің қақпасы ашылып, түсті металдың қып-қызыл тасқыны саулап жөнелгенде, қарап тұрған ұйғырлар «алла!» деп үн қоса айғайлап қалыпты да, теріс қарап жата ғап намаз оқуға кірісе бастапты. Артынан,—

— Оларың не?! — десе,

— Жаһаннам барын бұрын кітаптан оқушы ек, металл тасқыны бізге сол жаһаннам оты сияқтанып кетті,— десіпті.

Кенсудағы еңбегін осылай бастаған жергілікті жұмысшылар, комбинат ісінің бәріне де маман болып алған. Бұрын азғантай ғана проценті хат білетін, онда да діннің хатын білетін Кенсу жұмысшылары кәзір тү-

гелімен сауаттанған. Олардың арасынан техникалық орта білімі бар мамандар да шыққан. Кейбіреулері Пекинге немесе Қытайдың басқа қалаларына барып, жоғарғы білім алып келе бастаған. Партиялық және қоғамдық ұйымдар да күшейген: бұл өндірісте партияға мүшелердің саны — 280, коммунистік жастар — 450, кәсіпшілер одағының мүшелері —1300.

Комбинатта, әрқайсысына бес жүзден кісі сиятын екі клуб бар. Оларда, мәдениеттік өзге шаралардан басқа, жұмасына төрт рет кино көрсетіледі екен. Жергілікті адамдардың киноны ең алғаш көруі де қызық. Қытайда болған азамат соғысының жағдайын баяндайтын бір картина көрсетілгенде, бұрын кино көрмеген көпшілік, картинада көрген атысты «кәзір болып жатыр екен» деп, дүркірей түрегеп, залдан шыға қашқан. Тар есікке сиймаған көп адам кептеліп қап, аяқ астында қалған біреулер өліп қала жаздаған.

Кәзіргі күндерде «кино болады» десе-ақ «тайлы-тұяғы қалмай» дегендей, жасы, кәрісі түп-түгел шұбырады екен. Оларға әрдайым билет жетпей, басқарушы адам жұмысшы қаласын орам-орамға бөліп, кезекке қояды екен. Сонда да билет жетпейді екен. Клубтардың электр сәулелеріне боленген төңірегінде кешке музыкалар ойналып, жергілікті билер де, былайғы билер де, әндер де қызу жүріп жатады екен. Клубқа я биге баратын жұрт, әсіресе жастар, «барын киіп, байлауышын салып» дегендей, барынша сәнді киінеді екен.

«Бары» дегеннің өзін де қысқаша баяндай кетуіміз қажет. Қытай мемлекетінің өзге жеріндей, Кенсу жұмысшыларының да айлық еңбек ақысы ең аз дегенде елу-алпыс юань, алдыңғы қатардағылары екі жүз юаньға дейін алады. Біз барған шақта, Шыңжаңдағы ең семіз қойдың бағасы — он бес, жиырма юань. Осыған қарап, Кенсуда еңбек ақыны ең аз алатындардың өздері кәзіргі табысын «ата-бабамыз көрмеген ақы!» деп қуанады.

Салтанат құрғыш ерекше бір байлары болмаса, ұйғырлар, әсіресе дикандар, үйіне жасауды көп жинамайтын халық болады екен. Жеріндегі ауа райы жылдың көп айларында жылы болатындықтан, халықтың басым көпшілігі үйіне пеш салмайды екен. «Кан» аталатын, үйді сәкі астынан жылытатын пеш азын-аулақ байларда ғана болып, «каны» жоқ үйлер салқын айларда тоңазып

тұра береді екен, адамдарының төсеніші — қамыстан я қоғажайдан тоқыған бойра, бастарына жастанатыны — ағаш, жамылтқылары — киім. Ас, әдетте, «тандыр» аталатын қора ішіндегі қазандықта пісіріледі.

Кенсу жұмысшыларының тұрмысы бұдан мүлдем басқа. Олардың пәтерлерінде құрылыс жағынан да, жасау-жиһаз жағынан да европалық мәдениетті пәтерден ешбір айырма жоқ. «Ата салты» сүйектеріне сіңіп қалған ұйғырларды бұндай пәтерлерде тұрып үйренуге дағдыландыру басқарушы адамдарға оңайлыққа түспеген. Европалық пешті жағу, жабу, сөндіру істеріне әдеттенгенше түтінге қақалу да, иіс тиіп қалу да талай кездескен. Біреулер: «Бізге бұл пештің керегі жоқ, кан салып беріңдер!» деп әлек сап, ұзақ үгіттен кейін әрең көнген. Әлі күнге дейін пәтеріндегі пешті пайдалануға көнбей, астарын қора ішіне салған тандырға пісіретіндер де жоқ емес.

Өздері отырықшы халық бола тұра, ұйғырлардың басым көпшілігінде бұрын монша болмайды екен, кірледім деген кезде сабынсыз сумен шомыла салады екен. Кенсуда әйелдерге және еркектерге арналған екі бөлімді, мәдениетті монша бар. Оған еркектерді апару оңай болған да, әйелдерді апару аса қиын болған, өйткені, ислам шариғаты бойынша әйелдің ерінен басқа кісіге тәнін көрсетуі мүмкін емес.

Партия, комсомол, кәсіпшілер одағы ұйымдарының тәрбиесімен жұмысшы әйелдердің басым көпшілігі кәзір моншаға да үйреніп, енді шақыруеыз баратын көрінеді.

Тұрмыс салттары осындай жаңа мәдениетті жағдайға көшкен Кенсу жұмысшылары, үй ішінің салтанатын сәндеумен қатар, жақсы да киінеді екен. Қытай мемлекетіндегі ұлттарда ұлттық киімдерін көбірек кию әдеті бар. Кенсуда да солай.

Кеш... Бұлтсыз аспанда қалқыған толық айдың жарығы күндізгідей. Ол сәулені азсынғандай, көшелерге электр шамдары жағылған. Әсіресе, біз беттеп келе жатқан клубтың маңында жапырлай жанған шамнан, төңірегінің сәулесі, қазақша айтқанда, «сүттей жарық». Клуб есігінің мандайшасында, төңірегі электрдің жыпырлай жанған ұсақ шамдарымен көмкерілген екі зор портрет алыстан көрінеді: оң жағында — Ленин, сол жағында — Мао Цзэ-дун. Клубтың бергі алаңында қызына ойнаған ұлттық оркестр, сапырылса қимылдаған би.

Жақындап келсең, алаңға жиналғандар киім жағынан — толық интернационал! Ұйғырша, қытайша, өзбекше, қазақша, қырғызша, дүнгенше, монғолша,.. дегендей, талай ұлттың киімдері табылатын, бәрі де сәнді! Дене қимылдарында, кескін құбылыстарында шаттық толқыны ойнаған, сапырылыса, әндете билеген бұл сәнді топқа тоқырай, қызыға, қуана қарап тұрып, қасымдағы Ти Фу-хайдан:

— Бұл өндірісте неше ұлттан өкіл бар? — деп сұрасам,

— Он төрт! — деп жауап береді ол.

— Мұншама сәнді киінуіне себеп не? Әлде мейрам ба? — деп сұрасам.

— Жоқ,— дейді Ти Фу-хай,— әрдайымдағы әдеттері сол. Тау арасы кешке салқындау болады. Сондықтан да осылай киінеді.

Бір мезгілде қоңырау қағылды да, жұрт клуб үйіне жаппыр-жұппыр кіре бастады. Әпсәтте зал лық толды да, мәжілісті басқаратын президиум сайланды, мүшелігіне мен де қосылдым. Жиылыстың күн тәртібінде бір ғана мәселе бар екен, комбинаттың жарты жылдық жұмысы туралы дирекцияның қысқаша есепті баяндамасы, одан кейін жергілікті үйірмелердің күшімен концерт. Баяндамашы — Ти Фу-хай.

Баяндама кезінде залдың шамы жарық болды. Сахнаға көтеріле алдыма қарасам, сүттей жарық залдың ішінде лық толған халық — түрлі түсті көркем гүлден сәнді құрастырған букет сияқты екен. Социализм дәуіріндегі халықтар достығын бейнелейтін бұл букет не деген көркем, не деген тамаша!

ҮШ. ХОТАН ЖОЛЫНДА

Ұйғырлар Такламакан төңірегіндегі алты үлкен қаласына қосымша алты ат тағады екен: Тұрфанды — «Ғарибани» дейді екен, онысы — «ғарыптар, яғни кедейлер қаласы» дегені; Күчарды — «Уәлияни» дейді екен, онысы — «әулиелер қаласы» дегені; Ақсуды — «Ғазияни» дейді екен, онысы — «Ардақты батырлардың қаласы» дегені; Қашқарды — «Ғазизани» дейді екен, онысы — «Көркем қала» дегені; Яркенді — «Пирани» дейді екен, онысы — «пірлер, яғни, сынатын әулиелері бар қала» дегені; Хотанды — «Шаһидани» дейді екен, онысы —

«Соғыс құрбанының қаласы» дегені. Біз осылардың ішінен, Қашқардан ең алыс қаланың бірі — Шаһидани Хотанға барып қайтуға ойладық.

Қашқар мен Хотан арасы 550 километрдей жер екен. Ол екі арада ауа қатынасы әлі жоқ. «Бір жұма шамасында түседі» деген ауа жолын тосуға бізде уақыт аз. Әрі, жүретін жолымыздың бойын аспаннан қараудан гөрі, жерден қарау қызғылықтырақ, сондықтан жергілікті адамдар «әрі ұзағырақ, әрі ыстығырақ болады» дегенмен, біз машинамен жүруге бекіндік.

Жүріске әрі берік, әрі сенімді газикке бес кісі отырдық, Әбілхай, Әбділхалық, жергілікті қызметкер — Әбдікәрім Дәуітов, шофер Сәйд Асад және — мен.

Жүрісіміз асығыс біз жолшыбай кездескен қала-селолардың көбіне ұзақ тоқырамай, сусындап қана аттандық. Осындай суыт жүрген біздің аздап кідірген қаламыз — Яркен. Оған бірінші себеп — «осы қалада жерленіпті» деген атақты өзбек жазушысы Фұрхаттың (1858—1909) мазарын көре кету, екіншіден, «Ауған-почтаны» көру.

Қалың зираттың ішіне көмілген Фұрхат қабырының үстіне балалары көлемі шағындау мазар салыпты. Күтімі болмағандықтан мазардың кей қабырғасы опырылып, қабыр үстіне құрайлар шығып кетіпті. Халқының мұңмұқтажын жырлаған бұл күшті ақын, патша өкіметі құдалауға айналған соң шет мемлекетке қашып, әуелі Түркияда, одан Индияда боп, ақыры Қашқарияға келген де, Яркенде қаза болған. Өзбектер оны классикалық әдебиетінің уәкілдеріне қосады. Осындай адамның қабыры күтусіздеу тұрғанына жергілікті адамдар ұялды да, кінәні азаттықтан бұрынғы үкімет бастықтарына аударып, мазарды тез арада күтімді халге жеткізуге уәде берді.

Ал, «Ауған-почта» деген кім?

Өзімен кездесуден бұрын ол туралы естіген сөзіміз: шын аты — Жамалетдин Жәлелетдин, жалған аты (псевдонимы) — Чатри, жасы биыл 97-де, Қашқар мен Яркен, Яркен мен Хотан арасына көп жылдан бері жаяу жүріп почта тасуға дағдыланған бұл адам, осы қызметін әлі күнге дейін тастаған жоқ екен, өзі адамзаттың жүйрігі дейді: Яркеннен Қашқарға я Хотанға аттансын, я олардан қайтып оралсын, 275 километр шамасындағы жыраққа таңертең шығып, кешке барып қона береді

дейді; жасы тоқсанға кіргенмен, сол жүгірісінен әлі де танбаған деседі.

Осындай сипаты бар деген адамды әдейі шақыртып ап көрсек, ісі мен қылығындағы қызықтарды былай қойғанда, түр-тұлғасының өзі қайран қалғарлық адам екен. Талай арық кісілерді көре жүре, дәл бұндай арық адамды мен өмірде көрген емен: бұның қара-қайыс денесіндегі еті сүр болып кеуіп, қанқасына жабысып қапты, сондықтан дене сыртына шығатын тамырларын да, сүйектерінің бітімдері мен буындарын да санап аларлық. Мұншама арық кісінің етінен қалған сімілтір болбыраған бос болуы керек қой, ал Ауған-почтаның етін ұстап көрсек, қаттылығы тастай, білеуленген тамырларын ұстап көрсек, тас қабырғаны бойлап жүргізген жуандылы-жіңішкелі сымдарға ұқсап, қолыңа кепкен сіңірдей қап-қатты боп тиеді. Ол мұртын жоғарғы ернін жиектей басады екен де, миығын ғана еркіне жібереді екен, сақалын да иегіне шоқша ғана ғып қояды екен, кебіңкі денесінде дымның аздығынан болу керек, сақал-мұртының еркіне жіберген қылтандары шөлге өскен жусандай, сирек және қиқы-шойқы, сипап көрсең — қылтандарының қаттылығы тікендей қадалады; жасының жүзге жақындауына қарамай, сақал-мұрты әлі қара-бурыл, мандайы қасқаланып, желке жағында ғана қалған шашын күн сайын ұстарамен қырып жүретіндіктен, басына өмір бойы бөрік киметіндіктен, ыстық пен суықтың талайына ұрынған құйқасы күн көзінде жатқан сірідей қатпарланып, жіктері ырсиған бас сүйегіне жабысып қатып қалған; қара-қоңыр өңі денесінің өзге мүшелері түгіл көзінің ағына да, әлі күнге қаласы бүтін тістеріне де сіңген,— «месуакпен[1] ғана жуам» дейтін, мөрі таусылып түбірі ғана қалған тістерінің түсі — қарасары (өзінің айтуынша, өмірінде не бір тісі ауырмаған, не бір тісі түспеген), ірандық үлкен көзінің ағы да қарасары, көз қарашығын ол әлі күнге дейін көмірдей қапқара деп түсінеді, бірақ онысы босқа жұбану,— қарашығының кәзіргі түсі — қара-сұр мен қара-күреңнің арасындағы бірдеме сияқты. «Осы көзіммен әлі де жіңішке инені сабақтап ала берем» деген соң, «кәне, көрсетіңіз онда!» деп өтініп ек, шапанының өңіріндегі екі-үш иненің ең жіңішкесін суырып алды да, жібін де суырып

[1] Аршадан жасалып, тісті ысқылап жуатын ағаш.

ап, иненің көзіне қайта өткізгенде, қолы да жып ете түсті, жіптің үші де иненің тар көзінен өтіп, екінші жағына сүйриіп шыға келді; аяғына да өмірінде лыпа іліп көрмеген оның табан терісі түйенің табан терісіндей қалың екен, сондықтан табанына өмірінде не шөгір кірмеген, немесе тас қажамаған!..

— Сонда, саулығыңыз қалай!? — деген сұрауға,

— Шүкіршілік! — деп жауап берді Ауған-почта. Денемнің іші-сыртында әзірге ешбір ақау жоқ. Өмірімде басым ауырып, балтырым сыздап көрген кісі емеспін.

Ауған-почтаның қысқаша өмірбаяны төмендегідей екен: Ауғанстан мемлекетінің Россия жақ шетіндегі «Мазар-шариф» аталатын қаласында, ауқатты семьяда 1859 жылы туған Жамалетдин Жәлелетдин, әуелі Абдуррахман ханның (1880—1901 жылдары) армиясында кіші офицер болып, ол өлгенен кейін, баласы Хабибулла ханға (1901—1919 жылдары) аға офицер болып қызмет атқарады. Бұл — Ауғанстанның Англия колониясына толық айналып болған кезі.

1905 жылғы орыс революциясының әсері көршілес Ауғанстанға да тиіп «Жас ауғандықтар» аталатын ұйым құрылады да, алдына колониялық халден шығу мақсатын қояды. Жамалетдин де осы ұйымға мүше болады. Англияға сатылған Хабибулла хан «жас ауғандықтарға» қуғын жасап, Абдолла Ғани, Сейд Бұхари сияқты бастықтарын қамағанда, бір топ тілектестерін ерткен Жамалетдин Қашқарияға қашып шығады да, содан еліне оралмайды.

— Неге? — деген сұрауға,

— Несіне оралам? — деп жауап береді Жамалетдин.— Хабибулла хан тірі кезінде азаттық пікірге жол берген жоқ. 1919 жылы орнына хан болған баласы Аманолла, мемлекетте біраз жаңалықтар жасағанымен, әкесінің монархиялық жолын бұлжытқан жоқ. Оны 1929 жылы құлатқан Бače Сақау хандық құрған шақта Ауғанстанға қайтуға әрі жасым жетпіске келіп егде тартып қалдым, әрі оның діншілік реакция бағытындағы жолын ұнатпадым...

— Қашқарияға келе почта тасу қызметіне кірген себебім,— дейді ол,— жасымнан әскерде болып, қара жұмысқа үйренген жоқ едім. Қалам қызметі мұнда жоқ екен. Дін медресесінде сабақ беруге оқуым жетпеді. Күн көру үшін қала мен қала арасына хат-хабар тасудан

қолайлы іс табылмады, сондықтан осы қызметке орналастым.

— Сонда сіздің лақабыңыз «Афған-почта» ма? «Ауған-почта» ма? — деген сұрауға,

— Өзім де білмеймін,— деп жауап берді ол,— тегі соңғысы болуы мүмкін, мен мұнда Ауғанстаннан ауып келген кісімін ғой. Ондай адамды ұйғырлар да «ауған» дейді.

— Почтаны неге жаяу тасисыз?

— Атты маған кім береді? — дейді ол, күле жауап беріп,— Және мен хат таситын жырақ жерге ат шыдай ма? Есекпен жүріс өне ме? Өзім жиырма бес жасымнан елу үш жасыма дейін жаяу армияда қызмет атқарған адаммын. Біздің Ауғанстанның жері таулық екенін, таулары биік болатынын білуге тиістісіз. Армияда жүргенде сол таулардың ішін талай рет жаяу кезуге, талай рет қарлы асқарлардан жаяу асуға тура келді, сонда жаяу жүрістің нелер қиын жағдайларына үйреніп қалсам керек, күн сайын жаяу жортып алмасам денем ауырлап, үнжырғам түсе бастайды, жортып кетсем сауығып жүре берем.

— Қазір қалайсыз?

Жаяу жорту әсіресе қазір керек сияқты. Жортып алмаған күндерде буындарым сыртылдап басқызбай қалатын әдет шығарып жүр. Жорта жөнелсем жазылып кетеді...

«Аяндап жүру» дегенді бұл адам бұрын да білмеген екен, қазір де білмейді екен. Ол үнемі жүгіре жортып жүреді екен, сонда сағатына он-он бес километрден алып отырады екен, осы жүрісінде бес-алты сағаттан кем уақытта тыныстамайды екен. Онда да «көп отырсам қаным суып қалады» деп, ентігін басып он-он бес минут қана отырады екен де, әрі қарай жөнеледі екен. Тағы бір ғажабы, «терлеу былай тұрсын, өмірде мандайым шыланып көрген емес» дейді.

— Осы жүріспен,— дейді ол,— таңертеңгі салқынмен шықсам, екі жүз сексен километрлік Хотанға да, екі жүз жетпіс километрлік Қашқарға да кешкі салқынмен еркін жетем. Келер күні ертемен қайтам да, кешке Яркенге келіп қонам.

Ауған-почтаның осы жүрісі туралы азаттықтан кейін Жэнминь-жибао газетіне хабар басылады да, Қытайдың орталық өкіметі бұл мәселені тексертіп, анығына жет-

кеннен кейін, Ауған-почтаны әдейі Пекинге алдырып, Чжоу Энь-лай және Мао Цзэ-дун жолдастар қабылдайды. Хал-жайын сұрастырып болғаннан кейін олар Ауған-почтаға: «Жағдай жасайық: үй берейік, күтуші берейік, күн көрісіңізді қамтамасыз етейік» десе, Ауған-почта рахмет айтады да, сый-зияпаттың ешбірін қабылдамайды.

— Денім сау,— дейді ол өкімет бастықтарына,— атқарып жүрген қызметімді әлі де атқара берерлік күшім бар. Халық өзімді сыйлайды: барған үйім қондырады, төсек-орнын береді, жылы-жұмсағын аузыма тосады. Маған осыдан басқа ештеңенің әзірге керегі жоқ. Еңбекке жарамайтын халге жетсем өкіметке айтармын. Оған дейін үйреншікті қызметімде жүре тұрайын.

— Оған да екі-үш жыл боп қалды,— деп аяқтайды Ауған-почта бұл сөзін,— атқарған қызметіме кемшілік келтіріп көрген жоқпын. Тегі,— дейді жымиып,— бас раисіміз [1] жергілікті әкімдерге тапсырып қойған ғой деймін, олар анда-санда: «Халыңыз қалай? Мұхтаж ешнәрсеңіз бар ма?» деп сұрап қояды, мен: «Хал жақсы, мұхтажым жоқ» деп жауап берем. Сол қалпыммен әлі де жортып келе жатқан жайым бар.

— Ұзақ уақыт жортам деген үміттесіз бе? — деген қалжыңды сұрауға,

— Оны алла біледі де,— деп байсалды дауыспен жауап береді Ауған-почта.— «Үмітсіз шайтан болсын» депті пайғамбарым. Бабам жүз отыз жыл жасаған екен. Әкем соғыста өлген, әйтпесе ол да көп жасарма еді қайтер еді. Бабамның жасына жетем бе деген үмітім бар. Ол кісі де өле-өлгенше еңбектен қалмаған. Мен де сөйтермін деп ойлаймын.

Егер көлденең бір сырқат келіп қағып әкетпесе, Ауған-почтаның мына түріне қарағанда, бабасының жасына жетуіне де, қызметін атқаруына да ешбір күмән жоқ сияқты.

Шіркін, барлық адамның да денсаулығы осындай болса!..

Ауған-почтамен қоштасқаннан кейін, біз Яркен қаласының өзімен де, төңірегімен де аз уақыт таныстық. Сонда көзге ерекше түскен тағы бір нәрсе, европалық меди-

---

[1] «Раис» бастық, яғни «председатель» деген сөз. Бүкіл Қытай мемлекетінің халқы Мао Цзэ-дун жолдасты солай атауы есімізде.

цинаның тілінде «зоб», ұйғыр тілінде «пұқоқ» аталатын сырхат екен. Бұл — қазақтың «бұғақ» дейтін сөзімен төркіндес термин. Қазақ «бұғақ» деп семізше адамның иек астына томпайыңқырай біткен майды айтады ғой. Етженділеу жас балаға немесе қызға біткен бұғақ қазақ поэзиясында көркемдік бейненің бір түрі ғой.

Осы қазақша «бұғақтың», ұйғырша — «пұқоқтың» жаман да түрі болады екен, ол — мойынның іші-сыртына без тәрізді ет өсу. Егер бұл ет мойынның ішінен я сыртынан айнала өссе, адамды қылғындырып, кезінде емдемесе я сылымаса, тұншықтырып өлтіреді екен, жаңа өсіп келе жатқан кезінде емдемесе, асқынып кеткен соң емдеуге де, сылуға да көнбей, ақыры адамды құртып тынады екен, алқым жақ сырттан өскен бұғақ, ұлғая кеп адамның иегін тірей, кеудесіне салбырап, басын төмен қаратпай кекжитіп қояды екен, оның түбі де өлім.

«Бұғақ» сырхаты ішетін суда «иод» аталатын химиялық нәрсенің аздығынан я жоқтығынан болатын көрінеді, ол тек таудың биігінен құлайтын өзен я бұлақтың ғана суында аз болатын көрінеді. Қазақстанның сібірлік таусыз жерінде туып-өскендіктен, мен өз мекенімде «бұғақ ауруы» дегенді көрген де, естіген де емеспін. Ондай пәленің барын тек 1930 жылы Алматы қаласына келіп тұрғанда ғана көрдім.

Бірақ бұл Алматыда оншалық белең алып кеткен сырхат емес және көріне бастаған кезінде иод қосқан дәрімен емдесе жазылып та кетеді. Ал, Яркен тұсында бұл сырхат өте жиі кездеседі екен, оған себеп — Памирдан келетін өзен суларында иодтың өте аздығы көрінеді. Яркеннің ішінде де, арғы-бергі изаларында да «пұқоқы» алқымын тіреп, төсінде салбырап жүрген талай адамды көрдік.

Белең алып кеткен пұқоқ сырхатының төңірегінде қалжыңды әңгімелер де туады екен. Солардың бірі төмендегідей. Алқымында үлкен пұқоқы бар бір адам Яркенде өзеннің бір жағынан келіп атын суармақ болса, арғы жағынан сондай тағы бір адам ат суаруға келген екен дейді, олардың әрқайсысы өз атының суды ішіп я ішпей тұрғанын көрейін десе, иегін тіреген пұқоқтары төмен қаратпайды, сондықтан, екі жақта тұрған адам да біріне бірі айғайлап: «Әй, менің атым су ішіп тұр ма, ішпей тұр ма?» деп сұрайды-мыс...

Яркеннен шыға, Пұсқам, Қарғалық қалалары арқы-

лы, «Шолақсай» аталатын жердегі Әқын (ағын) өзеніне жеттік. Ені тар су болғанымен, ағыны өте қатты екен, соны пайдаланып ертерек кезде әлдене бай судың жол өтетін көпіріне жақын тұсқа тиірмен сап «қызмет» қылады екен де, әкелген дәндерін үгіп берген ақысына үштен бірін алып отырады екен. Азаттықтан кейін тиірмен халық мүлкіне көшіп, жұртқа ұнды тегін үгіп береді.

«Су бар жерде өмір бар» дегендей, тиірмен орнаған жерге қалың тоғай өскен екен. Тиірменнен жырағырақ жерде, сол тоғайдың арасынан үйлердің ағараңдаған қабырғалары көрінеді.

Сусап келген бізге тиірменші тез арада шай қайнатып берді. Шәйді біз үй алдындағы бақшаның ішіне тақтайдан жасаған отырыста іштік. Маңымыздағы ағаштардың кең жайылған бұтақтары төбемізді жасыл шатырдай бүркеп, батысқа еңкейген күннің әлі де оттай лаулаған көзінен бүркегенімен, ыстық лебін желпіп салқындау самалға айналдырғанымен, жан-жағымызды орай аққан арықтың суы самалды салқындата түскенімен, ешкінің сүтін қатып ішкен қою, ыстық шай, құм шаңына араласа жолшыбай ішке кірген ыстықты ағылған тер арқылы денеден қуа бастағанымен, сол бір рахат жер маған оншалықты рахат бола қойған жоқ. Қалай рахат болады ол? Тұрқының ұзындығы жарты метрден аз-ақ астам, жіп-жіңішке, сұп-сұр жыландар сумаңдап жан-жағыңнан жылтыңдай олай да, былай да өтіп жатады. Біреулері дастарханның бетіне шығып кетеді, енді біреулері үстіңе өрлей бастайды... Жергілікті адамдардың бұған қыңқ етер түрі жоқ, алдына келсе де, үстіне шықса да, тақымынан өтсе де қымсынбай отыра береді. Қорыққан, ығысқан бізге:

— Тимейді! — дейді олар.

Тисін-тимесін, жыланға үйір боп көрмеген мен сияқты адамға, оның суық түсіне шыдап отыру оңай болып па? Сондықтан, жылтыңдаған жыландар көзіме көріне бастағаннан-ақ, астымнан түлен түрткен адамдай шоршаңдап қашқалақтағаннан кейін, «ендеше жоғарырақ отырыңыз!» деп тиірменші астыма орындық орнына қолданатын кескен дөңбек берді. Менің оған отыруымды ұнатпағандай, төңірегімдегі жыландар тіпті сумаңдап кеткен соң, машина ішіне қашып барып отырдым да, шайға сусынымды сонда қандырдым. Ол қылығыма күлген тиірменші бір сәтте:

— Міне, тимеуіне куә! — деп бір уыс жыланды қолына уыстап алып келді.

Тиірменшінің айтуынша, әлгінде біз отырған тақтайдың асты — осы тұқымдас жыланның қордасы, өздері залалсыз жыландар.

— Ара мен құмырсқа сияқты,— дейді тиірменші,— жылан да тұқым-тұқымымен топталып мекендейді. Олар жатқан, өрген жерлеріне басқа тұқымды жыланды жолатпауға тырысады, егер жолай қалса мекенге таласып қиян-кескі төбелеседі, әлсіз тұқымдарын әлділері мекенінен қуып жіберетін де уақыты болады.

— Бұлар сұр жыландар, әлсіздеу бір тұқым,— дейді тиірменші жыландардың тіршілігінен тағы да бірталай қызықтарды айта кеп,— сондықтан да адам тұратын жерге көбірек паналайды, өздері залал істемеген соң, адамның оларға да залал істемейтінін сезеді. Адамды залалды жыландардан қорғайтын да әдеттері бар, осы араға әлдеқалай келе қалған бір тарғыл жыланды осы сұр жыландардың талап өлтіргенін өз көзіммен көрдім. Түнде топталып қойнымызда ұйықтайтын да дағдылары бар. Бесіктегі балалар, үстінде жорғалаған жыландармен ойнап жатады...

Экінің аржағындағы елсіз-күнсіз шөлдің аты «Кербала» екен. Бұл Арабстандағы «Кербала» шөлінің атынан алынған болу керек. Қашқардан шыға Такламакан құмына кейде алыстай, кейде жақындай жүріп отыратын, Үндістан мен Қытайды жалғастыратын «Ладақ» атты ескі даңғыл, «Кербала» шөліне кіре, үнемі өркешті құмды жиектей жүріп отырады екен. Көшпелі құм жол бойының кей тұсын басып қалатындықтан, кең жол кей арада тарамданып кетіп түйіседі екен.

Кербаланың бұл бір бүйіріндегі жолдың ұзын тұрқы тоқсан километрдей деседі. Сол маңда ұрттам су табылатын жер жоқ екен. Әр жерінен әр заманда талай шыңыраулар қазылғанымен, судың көзі табылмай қойған. Есекпен, атпен ғана жүретін немесе жаяу жүретін заманда бұндай шөлден өту ауыр азап болған, ыстық күнде, панасыз далада шөлдеп өлгендер жиі кездескен. Кейін, он тоғызыншы ғасырдың үшінші ширегінде, Қашқарияда әкім болған Якуббек, Такламакан төңірегіндегі шөлдің жолына, әсіресе Кербалаға, арасы отыз-қырық километрден, жолаушылар тынығатын үйлер салдырған екен. Төбесі мұнара тәрізді шошая жасалған бұл үйлер

алыстан көрініп, құм боранында адаса қалған кісілерге нысана да болады екен. Кейін күтімі аз болғандықтан, ол жайлардың кейбірі ғана сақталып, көбі құлаған.

IX. БАҚЫТТЫ САПАР

Хотанға біз іңірлетіп жеттік де, мейманханасына орналастық. Машина «есепшісінің» аңғартуынша, Қашқар Хотаннан дәл 528 километр екен.

Ертеңіне бізді бастап қала аралатпақ болған жергілікті адамның алдын-ала айтуынша, Хотан қаласының тарихы үш мың жылдан әрірек кетеді екен.

— «Хотанның» негізі — «Хэтан» деген сөз, — дейді консультант,— ол «күйеудің мекені» деген сөз. Біздің дәуірдің он бірінші ғасырында осы өлкеде патшалық құрған Елек (Иляк) хан осы қаланы күйеулерінің біріне сыйға берген, «күйеудің мекені» аталуы содан...

Хотан шәһәрінің де, оған бағынатын өлкенің де басым көпшілігі (96 проценті) ұйғырлар. Олардың тіл жағынан өзге ұйғырлардан ерекшеленетін бір жері — өзге өлкедегі ұйғырлар «р» қолданатын жерде бұлар «и» қолданып, «и» қолданатын жерде «р» қолданады. Мәселен, «район» деген сөзді хотандықтар «ярон» дейді, «ұйғыр» деген сөзді «ұрғи» дейді, «кір» (мәселен — үйге кір) деудің орнына «ки» дейді, «ки» (киім кию) деудің орнына «кір» дейді. Мұндай мысалдар толып жатыр.

Хотанды аралап көрсек, қаласының құрылысы жағынан, салт-сана, әдет-ғұрып жағынан, сауда-саттық жағынан Қашқарияның өзге қалаларынан айырмашылығы аз екен. Шеберлік орындары да, базарлары да өте ұқсас. Тек қана базарында көрген бір өзгешелік: бұнда қаршыға, ителгі, лашын, бүркіт сияқты алғыр құстар да сатылады екен. Қашқарияның өзге қалаларында бұндай сауда жоқ деседі. Алғыр құстардың ішінен менің аса қызыға қарағаным — бүркіт. Біздің елде денесінің үлкендігі және сомдығы жағынан да, қырағылығы мен алғырлығы жағынан да атаққа шыққан бүркіт «Оралдың ақ иығы» ғой.

Хотанда көрген «Тибет бүркіті» Оралдың ақ иығынан зор да, тұмсықты да, кеуделі де, саусақтары салалы да, қанаттары ұзын да, қауырсындары жуан да екен. Біздің ақ иықтардың балағы жүндес келеді ғой, Тибеттікі — тақыр, сол жалаңаш, сіңірлі жіліншігінің жуандығы



Мектеп оқушылары.

ска әрең сияды, қаттылығы тас сияқты, саусақтары-
ң ұзындығы табан сүйем, тегеуірін табан қарыс.
Ұйғырлар да бүркітке томаға кигізеді екен. Мына
ркіттің томағасы кіші-гірім баланың тақиясындай.
Томағасын сыпыртып көрсем, бүркіттің басы да жас
аланың шекесіндей екен. Мана томаға жапқан түрінде
ап, басын да, мойнын да «тазқара» аталатын қара-
сияқты ұзыншалау ма деп жорыған ем, ондай болса,
р өлімтікке қона кететін, өз бетімен аң алмайтын
м-тамақ болар, деп ойлаған ем, енді, томағасын ал-
нан кейін қарасам, жалпақтығы аттың төсіндей кеу-
іне мойны жуан, қысқа болып бітіпті, шықшыты шы-
қы жалпақ басы жылжымалы ғып орнатылғандай,
а да, солға да шырқ-көбелек айналады, астыңғы
ін жаба дөңгелене біткен қияқтарының өткірлігі қай-
ан қылыштың жүзіндей, имиген тұмсық үшінің өткір-
де біздей, біздің ақ иықтардың көз қарашығы
ірлеу, ағы — сарғылттау келеді ғой, Тибет бүркітінің
індегі ақ пен қараның түсін немесе жігін айыру
н; қалың қабақ астынан қатулана қараған көзі
а-күрең тәрізді. Көздері меш ішінде түтіндене лапыл-
ан қара-қошқыл жалындай құлпырады!..

Міне қайда бүркіт!..

— Илің! (алыңыз!) — дейді, сирек ұзын қара сақалды, түсі суық ұйғыр.— Бұл түлкі мен қасқыр түгіл эйықныда (аю) алады!..

Бүркітке қатты қызыға тұра мен алыстан келгенімді айтып, «қалай апарам» десем:

— Бесігі бар,— дейді ұйғыр — бөлеп берем. Қызыл жемге[1] бір тойғызып алсаң, бір айға дейін тамақ сұрамайды. Екі-үш күнде аузына асықтың үлкендігіндей мұз тығып жіберсе, сусамайды да.

— Бағасы қанша сонда? — деген сұрауға:

— Көп емес,— дейді ұйғыр жымиып,— не төрт қойдың, не бір аттың құны.

— Сол ма «көп емесіңіз?!»

— Қолға түспейтін бүркіт бұл. Тибеттің қарлы шыңдарында тіршілік ететін бүркіт.

— Сіздің қолыңызға қалай түсті?

— Алтынтауда жеңжатым бар еді, содан алдым. Оған Тибеттегі бір қанжұт тамыры әкеп беріпті. Егер сол қанжұттардың өзіне апарып сатсам, үйірлі мал айдап қайтам.

— Оны неге істемей жүрсіз?

— Көктемде алып келген бүркіт еді; бұл маңайдың құмдағы елі қадірін білмеді. Күз қадірін білетін жеріне апарып өткізем...

Хотандық ұйғырлардың ескі өндірісінде ерекше бағаланатыны — кілем екен. Дүние жүзілік базарда хотан кілемі фарсы кілемдерімен қатар өтеді екен. Кілемге түр жасауда «хотандық» аталатын атақты өрнекте бар екен. «Мың жылдан астам тарихы бар» кілем шеберлігіне кіріп, тоқылып болған және тоқылып жатқан кілемдермен танысып шықтық. Онда қызмет атқаратын шеберлердің ең атақтысы және ең үлкен қариясы Мұхаммад Изім биыл 84 жаста екен. Ол қыздары мен ұлдарын, немерелері мен шөберелерін қасына алып, түсі тамаша бір кілемді тоқысып отыр.

— Бұл кәсіпке қай жастан кірдіңіз? — деген сұрауға жауап берудің орнына Мұхаммад қасында жаланбұт отырған төрт-бес жастағы әдемі ұлды көрсетеді. «Осының жасында кірдім» дегені екен ол.

Хотандағы кілем тоқу өнерімен танысуға бірнеше сағаттық уақытымызды арнаған біз, үш түрлі нәрсеге ғажап қалдық.

Бірінші сі — кілемнің түріне қолданатын бояулар. Химиялық бояуларды қолдану бұнда да жоқ екен, бұнда да бояулар өсімдіктердің тамырынан алынады екен. Ондай бояу суға шайылудың, күнге оңудың орнына, неғұрлым күн көзіне көп тиіп, суға көп дымқостанса бояу түрі жарқырай, ашыла түседі екен. Кілем түрінің бояуларын аша, жарқырата түсу үшін, жаңа кілемді жүргіншісі көп жолдың бойына, үстіне құм төсеп әлденеше күн төсеу әдеті Хотанда да бар екен. Кілемді жүргіншілер неғұрлым көп таптаса кілем соғұрлым ажарлана түседі екен.

Екінші сі — симметрия заңы, яғни бір өрнекті қақ жарғанда, екі жағындағы сызықтары мен түстері дәл келу шарты кілем тоқу өнерінде қатты қолданылады ғой, әйтпесе өрнектердің екі жақ бейнесі теңдестігі мен түстестігінен айрылып қиқы-шойқы боп кетеді ғой. Бұндай келісімсіздік болмау үшін тоқылатын кілемнің түрі және симметриясы қандай болуы ең алдымен қағаз бетіне сызылады екен. Сызықтардың теңдестігін дәл келтіру үшін, циркуль сияқты техника құралын қолдану қажет қой. Ол үшін геометрия заңын жақсы білу керек. Хотан кілем шеберлігінде ондай оқымысты адам бұрын да болмаған, кәзірде де жоқ. Онда болашақ кілемнің түр бейнесін қағазға түсіретін адам — халықтың шеберлері ғана. Солардың бірі жоғарыда аталған Мұхаммад Изім. Ол мұсылманша дін сабағының бастауыш медресесінен басқа ешбір оқу орнының босағасын аттамаған кісі. «Геометрия ғылымы» дегенді, «циркуль» атты құралды ол өмірінде көрмек түгіл естімеген. Қағаз бетіне қолдан және ойдан салатын өрнектерді ол бояумен не қарындашпен емес, «жұмсақ және жұғымды болады» деп қайыңның я теректің көмірімен ғана сызады екен. Әрі сынғақ, әрі дөкір көмір кесектерімен қағаз бетіне нелер ғажап өрнектерді тартқанда, талай нәзік оралымдарды қалайша сұлу және мінсіз келтіруіне хайран қаласың!.. Соның үстіне, симметриялардың екі жағын бірінен бірін аудармай дәл түсіретіндігін айтсаңызшы!..

«Өрнегі шын шеберлердің қолынан шыққан кілемдер,— дейді, бізге өрнектерді таныстырып жүрген кілемші қарттың бірі — Үшур-Нияз бин Мұхаммад Юсуф,— былай қарағанда түстес, өрнектес сияқтанғанымен, бір кілемге екінші кілем ешуақытта дәл келмейді, әрқайсысының өзіне ғана тән өзгешеліктері болады. Дүние жүзі-

лік базарда Хотан кілемінің ерекше құндылығы да осында.

Үшіншісі — қағазға түсіріп берген өрнекке қарап отырып кілем бетіндегі түктің өрнегін де, олардың симметриясын да сақтап байлау ең алдымен аса зор есепшілікті қажет етеді. Өрнектер дәл келу үшін әр түсті жіпті арқаудың жіптерін санап, шатаспай шалу аса сақтықты, есептен жаңылмауды тілейді екен. Бұл өнердің де шыңына шыққан шеберлер бар екен. Мәселен, Развангуль ханум аталатын қартаңдау әйел, шебердің қағазға сызып берген кілем өрнегіне бір рет қарап алғаннан кейін, енді қайтып қарамай, түрлі түсті жіптерді кілем өрнегіне неше арқаудан өткізіп байлауды қарамағындағы тоқушы адамдарға жатқа айта бастайды екен.

— Сонда,— дейді, Үшур-Нияз,— өмірінде бір жіптен қателесіп көрген емес.

Адам — жаратылысы хайран қаларлық махлұқат емес пе? Ойға алып ынта салған ісінде оның үйренбейтіні бар ма? Кілем тоқушылар да осылай екен. Машинка басу өнерінің шыңына шыққан әйелдер машинкаға қарамай, басатын қағазына ғана ара-тұра қарап қойып, өзіңмен кеңесіп отырып басқан қағазынан бір де әріп қатесін жібермейтіні сияқты, түрлі түсті жіптен кілемге өрнек төгіп отырған адамдар да (әсіресе — әйелдер) жіп санап әуре болмайды, алдындағы шұқырларға қатар салып қойған түрлі түсті жіптердің домалағына қарамайды, қажетті домалақты сипаған қолы қатесіз тауып, арқауға қарамай-ақ байлайды да, қарамай-ақ қайшымен қиып тастайды, сонда, шебер әйелдердің қолынан кілем бетіне төгілген жіп өрнектері бірінен бірі ұзын я қысқа болмай, машинкамен қырыққан шаштай, теп-тегіс боп түсіп отырады, артынан тегістеуге жөнді уақыт кетпейді!

«Адам» деген үйренген ісіне не деген жетік, не деген шебер!..

Хотанда біз тағы бірнеше өндіріс орындарымен танысып шықтық. Олардың ішінде көне заманнан келе жатқандары да, азаттықтан кейін жасалғандары да бар екен. Солардан біздің көңілімізді ерекше бөлгені — жібек фабрикасы. Бұрын ол әлдене байдың кішірек қана фабрикасы екен, жұмысшылар саны бір жүздің көлемінде ғана болады екен. Азаттықтан кейін, яғни 1953 жылдан бастап, үкімет фабриканы кеңейту ісін қолға алған

да, 1955 жылдың аяғында ойдағы бір мөлшерін бітірген. Қазір фабрикада бір мың сегіз жүздей жұмысшы бар, олар түгелімен әйел, оның тоқсан бес проценті ұйғыр әйелдері, жас жағынан алғанда, жетпіс беске келгендері де бар, бірақ тоқсан проценті он бес пен отыз бестің арасындағылар.

Бұл — үй құрылыстары жағынан да, техникамен қарулану жағынан да, еңбекті басқару және ұйымдастыру жағынан да, өндіріс жоспарларын асыра орындау жағынан да, тәртіп пен тәлім-тәрбие жағынан да шын мағынасындағы социалистік өндіріс. Өндіріс үйлерінің барлық жерінде:

— Батурлерче кедем ташлап, ылғарлерден болойлы! Ылғарлықны сылоштырып, һәммеміз ылғарлерден болойлы!» — деген ұран жазылған.

Ұран жағынан да, іс жағынан да біздің отандағы ең мәдениетті фабрикалардың алдыңғы қатарында тұруға толық жарайтын бұл тамаша фабриканың біздің фабрикаларда ұшыраспайтын бір өзгешелігіне ерекше тоқтай кету қажет. Ол осы фабриканың сұлу түсті жібек маталармен қатар, сұлу жанды, яғни коммунизм рухындағы адамдарды да тәрбиелеп жатуында. Бұл сөздің байыбына жетіп болғанға дейін біреулердің маған: «ол не сөзіңіз?! Біздегі социалистік өндірістер де қызметкерлерін коммунизм рухында тәрбиелемей ме?» деуі мүмкін. Ол сұрауға алдын-ала: «Әрине сөйтеді!» деп қысқаша жауап берумен қатар, Хотандағы жібек фабрикасын біздің фабрикалардан бөлшектеп отырған себебімізді оқушы көпшілікке қысқаша түрде баяндап өтейік.

Біздің Советтік отанда жалпы азаматтар, олардың ішінде әйелдер бас бостандығын алып, саяси, экономикалық, мәдениеттік істерде тең правомен қызмет атқарғалы қашан! Бұдан қырық жыл бұрын жапа-тармағай қалыңмалға сатылатын қазақ әйеліне кәзір «қалыңмал» деген сөздің не екенін түсіндіру үшін талай лекциялар оқу қажет болар еді.

Ал Қашқарияда, оның ішінде Хотанда ше?

Бұл сұрауға беретін жауабымыз түсінікті болу үшін аз да болса тарихқа үңілмей амалымыз жоқ.

Соңғы мың жылдың ішінде Қашқарияда ислам діні үстем болғаны жоғарыда айтылды. Ислам шариғаты бойынша, біріншіден, әйел тоғыз жаста балиға болады, яғни ерге беруге жарайды, екіншіден, бір еркектің төрт-

ке дейін әйел алуға хақы бар. Осы шариғатты ең алдымен, ислам дінінің көсемі — Мұхаммед пайғамбардың өзі қолданып, төрт әйел алуы, солардың бірі — Хадишаға тоғыз жасында үйленуі талассыз факт.

Мұхаммед пайғамбардан үлгі алған мұсылмандар, егер шаруашылық халы көтерсе, төрттің маңайында тоқтамай, әйелдерінің санын әлденеше онға жеткізген. Ал тоғыз жасқа толған қызға үйлену байлыққа я кедейлікке байланысты болмай, «шариғатқа хилаф емес» деп, қалыңын төлеген адам ала берген.

Ислам шариғатының осы айуандық заңы азаттықтан бұрын Қашқария өлкесіне өте кең жайылған екен. Қалыңын төлесе, тоғыздағы қызға кім де болса үйленеді екен. Жалпы жағдай солай бола тұра, қоғам тіршілігінің өзге тармақтары сияқты, бұл мәселеге де тап қайшылығы, тап тартысы араласқан екен.

Қашқарияда азаттыққа дейінгі басым шаруа егіншілік болғаны, егіндік жердің басым көпшілігі қанаушы тап — помещиктер мен дін басыларда болғаны, еңбекші көпшілік соларда өмір бойы жалшылық қызметін атқарғаны жоғарыда айтылды.

Бейнеті көп, еңбек ақысы аз осы жалшылар қызмет атқаратын байларына өмір бойы борышты болады екен. Бұл борышқа төлер ешнәрсесі жоқ жалшылар қожаларына тоғызға толған қыздарын «өткізеді» екен. Жалшыдан туған қыздың бәрі помещиктің «никах» аталатын кінешкесінде тіркеулі болады екен де, қыздың тоғыз жасқа толуын арнаулы хатшы бақылап отырып, помещикке хабарлайды екен. Сол күннен бастап он үш жасқа толғанға дейін, қашан үйленем десе де помещиктің еркі екен. Әдетте жалшылардың қызынан оның некеленбейтіні болмайды екен. Борышты жалшы қожасынан рұқсатсыз қызын ешкімге бере алмайды екен. Үйленген жас қызбен қанша тұру ықтияры помещикте екен. Ұнатпаған қызды қашан талақ қылса да еркі. Бірақ, талақ ету помещиктерге пайдалы емес, оның аты — «басы бос, кімге барсаң да еркің» деген сөз, олай еткен күнде жұмыс адамынан айырылады. Бұндай «залалға» қалмау үшін помещиктер үйленген қыздарының некесін бұзбай, талақ етпей, жалшы есебінде қолында ұстай береді екен. Осы «тәртіппен», бес жүзге дейін некелі болған помещиктер бар еді деседі.

1949 жылы Қытай мемлекетіне түгел орнаған халық

қорлаудың тамырына балта шауып, түгел жойған. Он алты жасқа толмаған қызды күйеуге беру заңмен тиылған. Неке, талақ істері мешіттен алынып, Халықтық үкіметтің қолына берілген, оның аты — қыз бен жігіт сүйгеніне қосылады деген сөз.

«Ауру қалса да әдет қалмайды» дейді қазақ мақалы. Ғасырлар бойына ұйғыр халқының сана-сезіміне сіңген дін әдеттері, оның ішінде әйелдерді хайуандық дәрежеде күң ету әдеті декретпен, қаулымен ғана тез жойылмауын, оны жою үшін, көп күндер емес, көп жылдар қажет екендігін жақсы білеміз.

Қашқарияда да осылай боп, азаттықтан кейін Халықтық үкімет әйел бостандығы туралы декреттер, қаулылар шығарғанымен, іске асыруы аса қиынға түскен. Қызды он алты жасқа дейін күйеуге бермеу тәртібі декрет шыққан күннен бастап-ақ іске асқан. Бұл жұмысты жергілікті үкімет ұйымдары қатты қадағалап отырған. Ал әйелдерді өндірістік және қоғамдық істерге тарту туралы алынған қаулылар бастапқы жылдарда жүзеге тез аса қоймаған, өйткені бұл — күш қолданатын іс емес, үгіт-насихат арқылы, әйелдердің өздерін түсіндіру арқылы өз ықтиярларымен ғана орындалатын іс.

Алғашқы кезде үгіт-насихаттың да күші бола қоймайды: тоғыз жасынан бастап өлгенге дейін, ғасырлар бойы өз туыстары мен өз ерінен басқаға жүзін ашып көрмеген, үй ішінің шаруашылығынан басқа жұмысқа араласып көрмеген ұйғыр әйелдері үгітшілердің тыстағы өндірістік, қоғамдық жұмыстарға шақыруына бара қоймайды. Енді не істеу керек?

Қытайдың әдісшіл Коммунистік партиясы бұл қиын мәселенің де шешімін оңай табады. Азаттықтан бұрын Қашқарияда да жұмыссыздар өте көп болғаны бізге мәлім. Оның себебі,— аздаған қолөнер кәсібі болмаса, бұл өлкеде былайғы өнеркәсіп жоқ, ауыл шаруашылығының басым жағы егіншілік, оның да көлемі аз және атам замандағы тұрпайы әдіспен жүргізіледі, сондықтан шаруашылықтың бұл түрі жұмыссыздардың басым көпшілігін жұмыспен қамтамасыз ете алмайды. Бұл қиыншылықты бізден әлдеқайда терең білетін Қытайдың Коммунистік партиясы мен Халықтық өкіметі, бірінші жақтан, халықтың тіршіліктері мұң-мұқтажын тезірек қанағаттандыру үшін, екінші жақтан, жұмыссыздарға

тезірек жұмыс тауып беру үшін Қашқарияда да ауыр өндірісті өркендету ісін қолға алумен қатар, жеңіл өндірісті тез қаулату ісін жедел қолға алады: азық-түлік, киім-кешек, құрал-сайман, үй қажеті сияқты нәрселерді өндіретін жеңіл завод, фабрикаларды көбейтеді, солардың бірі — Хотандағы жібек фабрикасы.

Халықты осы фабрика мен заводтардың жұмысына шақырған өкімет, олардың діндік, әдет-ғұрыптық салттарына тимеуге, қажетті жағдайда жәрдем беруге уәде етеді. Мәселен, әйелдердің өндіріске паранжысымен, чадрасымен келіп жұмыс істеуіне болады, жұмыста әйел болса — ері мен балаларын, ерлер болса — әйелі мен балаларын ала келем десе ыхтияр; жұмыстан кейін үйіне қайтам десе де, фабрика қорасындағы жатақханаларда қалам десе де еркі; жатақханаларда қалушылар асты асханада ішем десе де, немесе өзіне я семьясына жеке даярлаймын десе де мейлі; ерте келген балаларын фабриканың яслиі мен бақшасына қоюға да, сыбағасына тиген бөлмелеріне қоюға да болады,— дейді.

Бұл шақыруға ең алдымен қаланың я қала төңірегінің жұмыссыздары еленбеп, сынағысы келгендей, бастап біртіндеп келе бастайды. Олардың табысы молдығын, тұрмысы жақсылығын көріп, келушілердің саны ай санап емес, күн санап көбейе бастайды. Бұл хабар халық арасына тарағаннан кейін, алыс жердегі жұмыссыздар да ағылады. Жібек фабрикасына келуші әйелдер де осы әдіспен көбейеді.

— Сонымен, сөздің қысқасы,—дейді фабриканың директоры Вэ Минь,— елу бесінші жылы фабрикада төрт-ақ жүз жұмысшы әйел болған еді, айналасы бір жылдың ішінде ол сан бес есеге жақын өсті. Егер келгеннің бәрін қабылдай берсек, одан әлдеқайда артып кететін. Фабрикамыз әзірге мың жарым-ақ кісі сиғызатын еді, біз мың сегіз жүзін қабылдадық. Бірақ біз мұнымен қанағаттанбаймыз. Үстіміздегі жеті жылдықтың аяғында фабрика бес есеге жақын ұлғайып, он мыңдай жұмысшы қызмет атқаруға тиісті.

— Әдетте,— дейді Вэ Минь,— ұйғыр әйелдері фабрикаға не паранжа киіп, не чадыра жамылып келеді. Егер былтыр келсеңіз, фабриканың барлық цехында да түгелімен паранжы кигендерді, чадыра жамылғандарды көрер едіңіз. Қазір көрсеңіз, әйелдердің басым көпшілігінің беті ашық.

— Қалай тез көнді оған?

— Өмірдің өзі көндірді. Өндірістік және қоғамдық істерге араласа бастаған соң әйелдер паранжы я чадырамен жүруге болмайтынын тез түсініп кетті де, ешбір үгіт-насихатсыз бет перделерін шеттерінен сыпыра бастады. Сыпырмаған кей біреулері «елдегі еріміздің, әкемізден, туыстарымыздан қорқамыз» деген сылтау айтатын еді. Олардың бетін ашуға сол тумаларының өздері себеп болды, өйткені жаңа салт туралы, олардың арасында да үгіт-насихат жүріп жатады ғой. Сонымен қатар, өндіріске келген адамдардың табысы мол, тұрмысы жақсы болудың өзі жаңаша тұруға жол ашады екен.

— Кәзір де бетіне перде жабушылар бар сияқты ғой? — деген сұрауға:

— Аз-ақ проценті! — деп жауап береді Вэ Минь. Әдетке сіңген нәрсе, пышақпен ғана сылып тастайтын жара емес, оны денеден түгел шығаруға көп уақыт, көп тәрбие керек. Біз үшін қуаныш,— халықтың, әсіресе әйелдердің бойына мыңдаған жылдар бойы сіңген салтсана сырхатының жазылар емі табылды, сондықтан, жазылуы қанша ауыр болғанмен, біз енді оны жазуға күмәнсіз сенеміз.

Фабриканың, оның жұмысшыларының хал-жайымен қысқаша танысқаннан кейін фабрика ішін араламақ болдық.

— Әр елдің де сұлу әйелдері бар ғой,— деді қунақы мінезді Вэ Минь фабрика ішін аралатар алдында.— Мен де біраз елді көрген адаммын. Егер дүние жүзінде ұйғыр әйелінен сұлу әйел жоқ десем, артық болмас еді. Ендігісін көзбен көріңіз!

Фабриканың іші-сыртын біз төрт-бес сағаттай араладық. Европалық стильде жасалған бұл фабрика корпустарының кіре беріс қақпасына жақын кеңсе үйі орнапты. Одан арғы бақшаға бөленген кең қораның тең-жартысында өндіріс цехтары, екінші жартысында жұмысшылардың тұрақ комбинаттары, клуб, кітапхана, асхана сияқты мәдениет орындары.

Вэ Миньнің айтқаны дұрысқа шықты. Қызметінде жүрген ұйғыр әйелдері, жат кісінің алғаш көргенде қымсынықырай беріп, тез түзеле қояды да, атқарған ісімен шұғылдана береді. Әйелдердің басым көпшілігі он бес пен отыз бестің арасындағылар. Одан жоғарғы жастағылар азшылық, олар не тоқыма ісі мен бояу ісіне аса

шебер, халықтың мамандары, немесе, жас әйелдерді бақылап тәртіпте ұстау жұмысына қала-изалардан әдейі жіберілгендер.

— Келген кезде қожырандайтын бұлар,— дейді Вэ Минь, жасамыс әйелдердің кейбірімен бізді таныстырғаннан кейін,— мұндағы партия, комсомол, профсоюз ұйымдарының тәрбиесін көргеннен кейін, қосарлануды қойып, өздері де көпшілік арасына сіңіп кетті.

Фабрикаға келгенде хат білетін әйелдер бірен-саран ғана екен. Қазір, жуық арада келген азын-аулақ әйелдер болмаса, бұрын келгендерден хат білмейтіні жоқ. Хат танығаң, саяси саңлауы ашылған жұмысшы әйелдердің ішінен қазір қоғамдық және мәдениеттік іске басшылар да шыға бастаған. Клубтың қарамағында драма, музыка, ұсул (би) үйірмелері бар, олар жұмысшыларға оқтын-оқтын сауық кештерін көрсетіп тұрады.

Фабриканың жеңіл істерінде жас қыздар да жүр, олардың көбі шешесіне я туыстарына еріп келгендер деседі. Оқу жасындағы балаларға арнап фабрика қасында мектеп және интернат ашылған. Жұмысқа келген балалы әйелдер үйлерінде қалған балаларын осы интернатқа орналастырам десе еркі. Қазір мектеп балаларының саны үш жүзге тарта.

1937 жылы грузин ақыны Шота Руставелидің 750 жылдық юбилейіне барып қайтқан Жәкең (Жамбыл), грузин қыздарының сұлулығын мадақтай кеп, «жәннәтүл фердауси мен жәннетүл ағланың [1] қыздарын көргің келсе сонда бар» деген еді.

Фабрикада беті ашық жүрген ұйғыр әйелдерін көргенде менің есіме Жәкеңнің сол сөзі түсті. Бұл арада оқушылардың да, өзімнің де ауыз суымды құрытпай-ақ айтарым: Вэ Миньнің «дүние жүзінде ұйғыр қыздарынан сұлу жоқ» деген мақтауына ден қойдым! Фабрика жұмысшыларының арасында сымбатының да, кескінінің де сұлулығын сипаттап бітіре алмайтын нелер аягөздер жүр!..

Біз олардың кейбірінің өмірбаянымен танысуды тіледік.

— Болады! — деді Вэ Минь,— қандай әйелмен сөйлесемін десеңіз де еркіңіз. Тек қана ескертерім: бұндағы ұйғыр әйелдерінің көпшілігінің өмірбаяны бір-біріне өте

---

[1] «Ең жақсы» ұжмақтардың аты.

ұқсас. Көлдің я өзеннің бір тамшы суынан оарлық суының татымы мен сапасы қандай екенін білуге болатыны сияқты, қай әйелмен сөйлессеңіз де, оның өмірбаянынан бүкіл ұйғыр әйелінің азаттыққа дейінгі өмірбаянының толық елесін көресіз.

— Онда, кіммен сөйлестіруді өзіңіз біліңіз.

Вэ Минь өзінің орынбасары Әбдірәйім Исрафилмен, парткомның секретары Цоу Цзи-чаньмен, тоқыма цехының жергілікті комитет бастығы Айымниса Тохтымен ақылдасты да, ең алдымен Айымнисаның өзімен біраз кеңесіп алуды ұсынды.

Директордың салтанатты кабинетінде оңаша кеңессек: тұлғасы да, кескіні де қас-сұлулардың қатарына қосылатын Айымнисаның жасы жиырма екіде екен. Өзі Шыңжандағы «Ұйғыр автономиялы ауданы» аталатын провинциялық үкіметтің және Хотан қалалық советінің мүшесі. 1950 жылы, осы фабриканың ескі уақытында, он алты жасында жұмысқа орналасқан ол, содан бері өндіріс озаты болып үкіметтен бірнеше наград алған, провинциялық, мемлекеттік бірнеше маслихаттарға қатынасқан, 1952 жылы партияға кандидат боп, 1953 жылы мүше боп өткен. Тоқыма цехындағы жергілікті комитетке председатель болып сайлануына төртінші жыл. Фабрикаға сауатсыз келген ол, кәзір орта білімді аяқтап, Қашқардағы дарул-мүғаллиминің тарих факультетінде сырттан оқып жүр. Басқа қызметтерінің үстіне, кәзір фабрика бойынша тазалық сақтау комиссиясының бастығы және шала сауаттыларға сабақ берушінің біреуі. 1953 жылы осы фабрикада жібек матаның бояу өрнектерін жасайтын, өзінен сегіз жас үлкен ұйғырға тұрмысқа шыққан, одан екі жарым жастық ұлы, бір жыл жеті айлық қызы бар.

Кәзіргі өмірі осынша бақытты Айымнисаның азаттықтан бұрынғы хал-жайын білмек боп сұрау бере бастап ем, кескініндегі шаттықтың бәрі, тасқа соғылып қирап, суға батып бара жатқан кемедей сұрлана бұлдырап жүре берді... Жанның бұл құбылысына қарап азабын күшейте түспеуіме де болар еді, бірақ әлгінде Вэ Минь маған:

— Өткен өмірі жайында да сұрауларыңыз болса қымсынбай айта беріңіз, өйткені, бұл жолдастың өмірбаяны — ұйғыр әйелдерінің азаттықтан бұрынғы өмірін тануда, есігін ашып кірер кілті сияқты, — демесе; Айым-

нисаға мені,— әрі алыстан келген қонақ, әрі жазушы, деп таныстырып,— басыңыздан кешкен халыңызды қымсынбай айтыңыз! — деп өтінбесе.

Осы жайларды ескерте кеп, сұрауларыма жауап беруін өтінгенде Айымниса, көзіне іркілген жасын төгіп жіберді де, демін ауыр ала, күрсіне отырып, азаттыққа дейінгі сұмдық өмірін қысқаша айтып берді.

Вэ Минь айтқандай, бұл жас әйелдің де басынан өткізген халы, айту түгіл, тыңдаушының өзіне де ауыр екен. Сол ауыр әңгіменің ішінде денені тітіркентіп жіберетін, құлаққа ыстық қорғасындай құйылатын да бір сұмдық бар екен. Ол — Дәуіт дейтін помещиктің ертерек кезде, әуелі Айымнисаның туған шешесі — Абзыханға тоғыз жасында үйленіп, бірнеше жылдан кейін талақ қып, кейін, одан туған осы Айымнисаға тоғыз жасында тағы да үйленуі!..

Бірақ Дәуіт бұны талақ қылмай, азаттыққа дейін көп әйелінің бір ғып ұстаған. Азаттықтан кейін Дәуіт кәнпескеленіп, ауыр қылмыстары үшін сотқа тартылған.

— Сот көп күнге созылды,— дейді Айымниса,— жәбір көргендердің саны әлденеше жүзге жетті, оларға куәларды және тыңдаушыларды қосқанда, адам саны әлденеше мыңға барды. Изада сонша адам сиятын үй болмағандықтан, сот мәжілісі кең бақшаның ішінде өтті. Қылмыстыны әр мәжілістен кейін сотқа әкелгенде, жиналған жұрт лағынат айтып шуласып тұрды. Дәуіттің сансыз ауыр қылмыстары әшкереленген сайын халық оған өшіге түсіп, қолдарына берсе түтіп жерлік халға келді. Сот мәжілісі аяқталар шақта, мәжіліске әкелген қылмыстыға жолда жиналған жұрт тас, кесек, ағаш сияқты нәрселерді жаудыратын болған соң, өкімет адамдары оны соңғы мәжілістерге күймелі жабық арбаға мінгізіп әкелетін болды.

Айымниса сотта болған сұрау-жауаптардың ең қажеттілерін ғана үш-төрт сағаттық уақытта әрең айтып бітірді. Әңгімесінің бас кезінде, қиын сұраулар мен жауаптар тұсында көзіне жас ала, күрсіне айтқан Айымниса, кеңес қыза келе, ұзақ бір романның оқиғасын баяндаған адамдай, кідірместен соқты. Осы әңгіменің ішінде, көркем әдебиеттің барлық жанрына да, әр жанрдың ірілі-уақты барлық түріне де тақырып боларлық тамаша сюжеттер, экрандағы кадрлардай, көз алдымнан жылдамдата тізбектеліп өтіп жатты. Шапшаң стеногра-

фисткадан басқа адам оның бәрін жазып үлгере алар емес; шама-шарқыңша үлгеріп жазғаның, табаны жерге анда-санда ғана бір-ақ тиетін қосаяқтың ізіне ғана ұқсайды...

Айымнисаның Дәуіт төңірегінде көрген-білгендерінің өзін ғана тыңдауға әлденеше күн керек сияқты. Ондай уақыт бізде жоқ. Сондықтан, сот мәжілісінің жалпы жобасын көргеннен кейін:

— Енді соттың қаулысын айтсаңыз да болады,— дедім мен.

— Өзге жағынан халық мүддесін, әсіресе жапа шекендердің мүддесін қолдаған сот мүшелері бір мәселеде халықтың тілегін орындамады,— деді Айымниса.

— Ол не? — дедім мен елендеп.

— Халық соттан: Дәуітті қолымызға беріңіз, қылмысына лайық жаза тарттырамыз, деп өтінді. «Оған заң жоқ» деп жауап берді сот. Жұрт: ендеше, осы алаңға асып өлтіру жазасына бұйырыңдар да, өлігін қашан шірігенше іліп қойыңдар, лағынат айтып тас лақтырамыз! — десті. «Оған да заң жоқ» деді сот. «Жазасы — атылу» деді. Жұрт халық көзінше атуды өтінді. «Революция күндері халық жауын солай жазалау болған,— деді сот, — кәзіргі бейбітшілік кезінде оны да істеуге болмайды»...

— Сонымен, сөздің қысқасы,— деді Айымниса,— сот үкімімен, Дәуіт оңашада атылыпты да, денесі изаның зиратына көміліпті. Халық оған да қарсылық білдіріп: арам денесін адал денелердің арасынан әкету керек, деген екен, молдалар «Ол шариғатқа хилаф» деп әрең тоқтатыпты. Бірақ халық кегі онымен де бітпей, қабырының маңынан жүрген адам лағынат айтып, тас лақтыратын боптьі. Сол тастар кәзір биік төбе боп үйіліп қалған деседі.

— Қарғаймын деп алданған екен ғой жұрт,— дедім мен қалжыңдап.

— Неге? — деді Айымниса, менің сөзіме түсінбегендей.

— Тастар төбе болып үйілсе, Дәуітке ескерткіш боп қалған екен ғой; аты көпке сақталады ғой оның бұл ескерткішпен.

— Сақтала берсін,— деді Айымниса мұрнын шүйіріп.— Шайтанды білмейтін адам жоқ. «Аты сақталған» деген сол ма? Сонымен кім жақсы көреді оны? Дәуіт те сол сияқты!..

— Дұрыс. Сіз де Дәуіттің қабырына өз қолыңыздан тас лақтырдыңыз ба?

— Жоқ! — деді Айымниса тік жауап беріп.

— Неге?

— Мұсылман әйелдерінің зират басына бармайтынын білмейсіздер ме? Оның үстіне, қылмыстарынан жеркене, сол істері үшін өшіге тұра, сорлы болған халын көргеннен кейін «адам баласы» ғой деп аяп та кеттім бейбақты!..

— Енді қалаға кеткен, фабрикаға орналасқан жайыңызды қысқаша айтуыңызды өтінем.

— Мақұл,— деді Айымниса,— Дәуіт соты, Қашқариядағы қанаушы таптың азаттықтан бұрынғы қылмысын ашып берумен қатар, халқымыздың ендігі бақытты тіршілігіне де әдемі бір жол ашып берді.

— Қандай?

— Қанаушылардың әйелді де қалай құлдануының беті сот мәжілістерінде айқын ашылғаннан кейін, ескі өмірге лағнат айтқан әйелдердің көпшілігі, «лағнат пердесі жойылсын!» деген ұранмен, беттерін жапқан паранжілері мен чадыраларын жұрт көзінше сыпырып ап отқа жақты, сөйтіп, бұл сот ұйғыр әйелдерінің бетін ғасырлар бойы бүркеген қараңғылықты біржола сыпырып, енді қайтып сөнбейтін жарық сәуле көрсетті!..

— Сот мәжілісі аяқталып, қылмыстыға айтылған үкім орындалғаннан кейін,— деді Айымниса сөзін жалғастырып,— жергілікті партия ұйымының басқаруымен бүкіл ауданның еңбекшілері қатынасқан, әлденеше мың кісілік митинг өткізілді. Әйелдер де көп жиналды. Бастан сыпырылған пәрәнжі мен чадыра сол арада өртелді. Хотанда өндіріс орындары көбейіп жатқаны, ішінде жібек фабрикасы бары, оларға жұмысшылар керектігі, еңбек ақының қалай төленуі, тәлім-тәрбиесі жайлы сонда айтылды. Біздің изадан жұмысқа баруға ризашылық берген отыз шақты әйелдердің ішіне мен де қосылдым. Сол бетімізбен осы фабриканың қорасына жұбымызды жазбастан кіріп ек, содан бері осындамыз.

— Бұл бахытпен, сіз арқылы, бүкіл ұйғыр әйелдерін құттықтаймын! — деп, мен Айымнисаның қолын алдым...

Ұйғыр әйелдерінің азаттықтан бұрынғы халін де, соңғы халін де түсіну Айымнисаның өмірінен-ақ жеткілікті болған сияқтанды. Сондықтан Вэ Минь маған:

— Егер тілесеңіз, тағы да бірнеше әйелмен сөйлестіруге болады,— деп еді, мен уақыт жайын айта кеп:

— Осы да жетеді, енді мүмкін болса, цехтарды, мәдениет орындарын, жатақханаларды аралап шығайық,— дедім.

— Мақұл, — деді Вә Минь,— тек, алдын-ала ескертерім: жұмысшы әйелдердің бір жүйесіне еріп бұл аулаға кірген ескі әдет, қанша ынта жасағанымызбен, әлі шығып болған жоқ. Ондай көрініс көзіңізге түсе қалса ренжімеуіңізді өтінем.

— Ренжу орнына қызық көрінуі мүмкін,— дедім мен күліп,— жоғалып бара жатқан әдеттің сарқыншағын көру экзотикалық әсерге кейде қажет те...

Цехтарды аралағанда, Вә Минь айтқан сөздер түгелімен шынға шықты: жұмысшы әйелдердің басым көпшілігінің беттері ашық, жүздері жарқын; сонымен қатар, станоктардың алдында, бастарына пәрәнжі киіп немесе чадыра жамылып қызмет атқарған әйелдер де аз емес.

Вә Минь бізді тағы бір нәрседен сақтандырған еді.

— Жұмыста жүрген әйелдердің қайсысымен сөйлесемін десеңіз де, не жайда, сөйлесемін десеңіз де ыхтияр; бірақ, бір ғана өтініш: кішкене қыздардан бастап сақа әйелдерге дейін семья жайынан іштеңе сұрай көрмеңіз, себебі, біз олардың өткен өмірін есіне түсірмеуге тырысамыз.

— Түсінікті,— дедім мен.

Цехтарды аралап жүріп әлденеше әйелмен тоқырап әңгімелестім. Бұл арада оқушыларға ескерте кететін бір нәрсе: ұйғыр әйелдері әдетте қалжыңшыл, әзілшіл, ретті жерде мысқылшыл, сықақкой келеді. Ондай жайларын мен өзіміздің Қазақстандағы ұйғыр селоларында да көрген ем, Қашқарияда да соны аңғарған ем, ал мына фабрика әйелдерінің де беті ашықтарының біразы солай екен, қалжыңына қалжыңмен жауап беріп, әзілдесе кетеді және көбі сөзге шешен,— ұттырмайды.

Қалжыңшылардың көпшілігі қазақша айтқанда, «дүние көрген, тіс қаққан» әйелдер. Солардың ішінде біреңсаран жас қыздар да, кейде өте жас қыздар да кездесіп қалады.

Ұршық цехын аралап жүрсек, жоғарыдан төмен қарай, сарқырамадан төңкеріле төгілген мөлдір судай ақтарылып, үш жағы сансыз ұршыққа легіп жіп-жіңішке жіпке айналып кетіп жатқан жібек жіптің иірілу проце-

сін басқарып тұрған — басындағы гүлі әдемі жеңіл жібек орамалының екі жақ ұшын құлағына қыстырып алған, нәзік денелі, сұлу кескінді, жас шамасы он екі-он үште дерлік бір қыз екен. Одан бұрын кездескен осы шамадағы кейбір қыздар, қасына жақындасаң қымсынып, бетін көрсетпеуге тырысып... дегендей, сұрауларымызға жауап бермеген. Ал мынау қыз, біз қасына келгенде именбей, кірпігі ұзын әдемі қара көзін тура, күлімсірей қаратып амандасты. Сөз жобасы — ұйғырдан гөрі қырғызға ұқсайтын сияқты.

— Атыңыз кім? — деген сұрауға,

— Есек! — деп жауап берді ол байсалды дауыспен.

— Адамның сондай аты бола ма? — дедім мен, қыздың сөзін шынға жорып.

— Бұл ұрғидың[1] мінетін аты есек екенін білмейсіз бе?

Қыздың «есек» деген сөзіне енді ғана түсіндім де, аздап күліп ап:

— Қу қыз екенсіз, қарындасым,— дедім.

— «Қу» емес, «жаспын» ғой деп ойлаймын,— деді қыз.

Онысына түсіне қалдым. «Қу» деген сөзді «қуару» мағынасындағы қалжыңға айналдырып тұр.

— Жастығыңызды көріп тұрмын,— дедім мен күліп.

— Қайдан көресіз «жастығымды?» — деді қыз.— Мен төсекте жатқан жоқпын, жұмыс істеп ұршық алдында тұрмын ғой?

Тағы да жеңіліп қалдым: «жастық» деген сөзді «жас» емес, «жастық» мағынасындағы қалжыңға айналдырып тұр.

Сақалды басыммен жап-жас қызбен одан әрі қалжыңдасуға ұялдым және сөз тапқырлығына қарап, тағы да жеңіп кетер деп қауіпсіндім, сондықтан, әке жасындағы правоммен, «жеңілдім, қарағым» деп қызды арқаға қағып ем,

— Әдейі арықтамасаңыз, жеңіл болар жобаңыз жоқ көрінеді ғой,— деді қыз.

Мына сөзге тағы да күліп ап,

— Ал, қарағым, хош. Бағың өсе берсін! — деп ем,—

— «Бағым» өсетін мен «бағбан» емеспін,— деді қыз,— мен ұршықшымын.

---

[1] Хотандық ұйғырлардың «р» мен «и» дыбысын ауыстырып айтып «ұйғыр» деген сөзді «ұрғи» дейтіні есімізде.

Есіме түсе кетті: «бақ» деп «бақытты» да, жеміс «бағын» да айтады ғой. Дегенмен, қыздан бұл жолы жеңілгім келмей,

— Біздің қазақ «бақ» деп «бақытты» да айтатын еді, қарағым. Осы мағынада айтсам да қарсысыз ба? — деп ем,

— Неге қарсы болам? — деді қыз.— Бақыттан кім жиренеді? Қазақ сөздерін біле беруге міндетті емеспіз. «Бақыт» деген сөзді де біледі екенсіз, біз де білеміз ол сөзді. Ол батаңызды қабылдаймын!

— Ендеше,— бақытты бол!

— Рахмет, аға!..

Қызбен хоштасып, былай шыққаннан кейін, фабрика директорының қасымда жүрген орынбасары Әбдікәрім Исрафилден:

— Әлгі неғылған қыз тақылдап тұрған?! — деп сұрасам, Үштұрфан жақтан Хотанға келген қырғыздың атақты, жасамыс сәудегері он жасында үйленіп, онымен екі жыл бірге тұрған қыз екен. Күйеуі кәнпескеленгеннен кейін фабрикаға жұмысқа кіріпті. Жасы он төртте. Өзі жақсы ұршықшылардың бірі. Оқуға да зирек. Кітапты да көп оқиды. Білімі, жазуы жақсы болғандықтан, цехтың қабырға газетінде секретарь. Суретті де жақсы салады. Ол қыз қатынасатын газет көркемдік жағынан бүкіл фабрика газеттерінің алдында екен.

Цехтарды, фабрика қарамағындағы өзге орындарды аралап жүргенде маған, Қыз-Жібектің көшіне кездескендей әсер пайда болды. Ол ұзақ көштің өн-бойында, Жібекті іздеп келе жатқан Төлеген толып жатқан қыздарға кездесетін еді ғой, сонда, қыздардың бірінен бірі сұлу бола беріп, «мынау неткен сұлу!» деп таңданған Төлеген «Жібек осы болар ма?» деп бәріне де сұқтанушы еді ғой, сөйтіп Жібекті сілесі қатқан кезде әрең табатын еді ғой.

Мына Хотан жібек фабрикасындағы қыздар да маған солай көрінді. Фабриканы аралап жүріп, сұлу әйел көргенде: «Ең сұлуы осы болар!» десең, кейін кездескені одан да сұлу сияқтанады, сондықтан Хотан фабрикасын «сұлулықтың фабрикасы екен!» дерлік.

Осы бетімізде біз фабриканың Қыз-Жібегіне де кездестік. Оның аты — Зәйнәп, жасы он сегізде. Өзі фабрикалық комсомол комитетінің секретары. Ол туралы айтылатын сөздің балын сорғалатпай-ақ, прозалы түрде

қысқаша ғана қайырғанда,— талай елді аралай жүріп, талай сұлуларды көре жүріп, сымбатының сұлулығы мен кескінінің сұлулығы бірдей келген және өте ерекше келген дәл осындай сұлуды көрген емен!..

Біз екі күннен кейін Хотаннан Қашқарға самолетпен ұшпақпыз. Бізбен бірге Зәйнәп та ұшады екен, ол және тағы екі-үш қыз Үрімші қаласында шақырылған комсомолдар мәслихатына барады екен, сондықтан, «өмірі қызық» деген онымен сөйлесуді жолдың сыбағасына қалдырдық.

Вэ Минь былай шыға маған:

— Әлгі қыздың азаттықтан бұрынғы соры да, одан кейінгі бақыты да Айымнисаға ұқсас. Бірақ, ұқсамайтын жері де көп. Жолға бірге аттанғаннан кейін әңгімелесуіңізге болады,— деді.

— Ол турада сөйлеспеймін,— дедім мен ойланбастан.

— Неге?

— Бақытқа жеткен адамның сорын есіне түсірудің қажеті не?

— О да дұрыс! — деді Вэ Минь.

Тағайындалған күні біз аэропортқа машинамен таң біліне аттандық. Жергілікті адамдардың айтуынша, бұған дейін Хотанға ешбір самолет қонып та көрмеген, одан ешбір самолет ұшып та көрмеген, сондықтан, бұл маңайдың тұрғын халқы, бірен-саран самолетті аспаннан байқамаса, жерде жолықтырмаған екен. Хотанда жуық арада ғана жасалған кішкене аэропортқа өткен түні Қашқардан бірінші самолет келіп қонған екен де, бүгін ертемен қайтпақ екен.

Хотан халқына самолеттің ғажап жаңалық көрінуін жолшыбай байқадық: біз жүріп келе жатқан жаққа аттылы, есекті, түйелі, өгізді, жаяулы... дегендей, шұбырған адамнан машина көп жерде жүріп болар емес. Көлікті адамдардың да, жаяу адамдардың да қимылы шамасы жеткенше жылдам. Бірақ онымен жүріс өнер түрі жоқ: арбалардың үстінде де үйме-жүйме адам, салт көліктерге де әрең көтерерліктей міңгесіп алған, жаяулардың көтерген, арқалаған балалары бар; осындай жүкпен көліктер мықшия шіреніп әрең қимылдайды да, жаяу жүгіргендер өкпелері алқынған шақта аяңдап тыныс алады.

— Бұлар қайда барады? — десең, қаланы кезіп, жай-жапсарын біліп жүретін шофер:

— Самұрыққа! — дейді.

«Самұрық» — шығыстың хикаяларында екі басты алып құс. Соны еске алып, шоферға:

— Қайдағы самұрық? — десем:

— Бұл арадағы ел «самолет» деген сөзді білмей, оның атын «самұрық» қойып апты. «Хотанға жақын жерге самұрық кеп қоныпты» деген хабар өткен түннен тарапты, көруге кеткендердің алды кәзір аэропортта болу керек, арты мына шұбырып бара жатқандар,— деді.

Аэропорт қаладан төрт-бес километр жерде екен. Соған қарай беттеген жұрттан біздің машина оза өтіп, далаңқы жерге шықса,— онда да асыға шұбырған халық.

Аэропортқа келсек, маңына адам симайды. Олар самолет қасына баруға алғаш қорқып, алыстан торып жүреді де, бойлары үйренгеннен кейін жақындап, сипалай, шұқылай, қозғай бастайды. Сөйтіп самолетті бүлдіретін болған соң аэропорт қызметкерлері қуа бастайды. Кейін, қаптаған қалың жұртқа олар ие бола алмаған соң, қаладан милиция отряды келеді. Аэропортқа біз жеткенде, самолет солардың бақылауында екен. Қалың халық алыстан айнала қоршап тұр.

Аэропорт қасында бізге Зәйнәп пен серіктері жолықты. Бүгін олар сәнді киімдерін киіп, ерекше құлпырып апты.

Жиналған халықтың аузындағы сөз — «самұрық». Олар Зәйнәптан:

— Ұшуға қорықпаймысың? — деп сұраса:

— Неге қорқам? — деп жауап береді Зәйнәп.— Бірінші ұшуым емес. Қашқардан Үрімшіге, одан Пекин, Шанхай, Кантон сияқты ұлы қалаларға талай рет ұшып бардым.

— Іші қуыс па өзінің? Әлде ішек-қарын сияқты бірдемесі бар ма? — деп сұрайды.

Зәйнәп оларға: іші қуыс екенін, өкпе-бауыр орнында моторы бар екенін айтса, техникадан хабары жоқ халық түсінбейді де:

— Сонда іші жайлы ма өзінің? — деп сұрайды.

— Тамаша! — дейді Зәйнәп күліп.— Үйде отырғандай!..

— Бас айналмай ма?

— Тұк те етпейді.

— Қашқарға қанша уақытта жетеді?

— Бір жарым сағатта!

— Атпен ең кемі он күн жүретін жол ғой ол?!

— Ол — ат, бұл — құс!.. Құстан да әлдеқайда шапшаң ұшады!

— Бақыт құсы десейші онда?

— Әрине!..

— Шіркін, бәріміз де мінсек осыған! — деп шуласады қалың топ.

— Әрине мінесіздер! — дейді Зәйнәп.— Бүгін бірінші ұшуы ғой Хотаннан бұл «самұрықтың». Тез арада көбейеді бұлар.

— Біріншісіне мініп ұшқан сен кандай бақыттысың Зәйнәп!

Бұл кеңесті одан әрі өрбітуге — самолетке отыру уақыты болып қалды.

Зәйнәп та, серіктері де, дос-жарандарымен хоштасып, бізбен бірге самолетке жөнелгенде: «Бақытты сапар!» деп ду ете түсті қалың көпшілік.



Жүргіншілер отырып, самолет моторы тұтанған кезде, гүрілінен қорыққан жұрт жан-жаққа қаша бастады. Іле самолет те қозғалып, беталысына жорғалай жөнелді. Одан кейін төңіректі шаң жауып кетті...

Аспанға көтерілген самолет, жерде қалған қалың топқа ұшқан түрін көрсете түскісі келгендей, аэропорт төңірегін екі-үш рет айналып еді, аспаннан жерге қағаз жауып кетті. Зәйнәптан: «Бұл не?» деп сұрасам, Хотан халкын самолеттің бірінші рет ұшуымен құттықтаған листовкалар екен, оны самолеттен штурман шашқан

екен. Самолеттен қ...
«бұл не?!» деп жасқанғандай болған халық, әуелі оты-рай қашқан сияқтанды да, жерге жақындаған кезде, қағаз екенін көргеннен кейін, қолдарын соза қуалап, ұстап ап жатты. Сол шақта байқасақ, аспанға қарап ошарылған халық манағыдан да қалыңдай түсіпті, аэропортқа беттеп жүгіргендер манағыдан да көбейе түсіпті. Бәрінің де көздері аспанда айналған самолет пен қардай жауған қағазда. Бұл көріністе ризашылығын білдірген халықтың жоғары көтере соққан қолдары — аз ғана суға қамалған көп балықтай жыпырлап қимылдайды. Олар, әрине, қолдарын үнсіз шапалақтап тұрмаған болар, таңданған, қуанған сөздерін шуласа айтып тұрған болар, ол сөздері бізге естілмейді. Менің құлағымда ызың қаққан сияқты болатын үн, олардың біз аттанарда бір ауыздан шуласа айтып қалған сөзі:

— Бақытты сапар!..— деген сөзі.

Бұл тілек маған, бүкіл ұйғыр халқына айтылған сияқтанды. Иә, оның азаттықтан кейінгі сапары — бақытты сапар!..

X. ДОСТЫҚ ЖАЛАУЫ

Бұған дейін біз оқушыларды Шыңжаңдағы отырықшы халықтың — ұйғырлардың тұрмысымен таныстырып келдік. Шыңжаңда қазақ, қырғыз, қалмақ сияқты көшпелі халықтар да бар екен, енді қысқаша солардың, әсіресе маған өмірі көбірек таныс қырғызбен қазақтың хал-жайына тоқталып өтейік.

Шыңжаңдағы қырғыздың басым көпшілігі Қашқар қаласының батыс-теріскейінде, орталығы — Артұштен бастап Советтік Қырғыз республикасының шегіне дейін жайылады екен. Машинамен тура тартқан адамға бұл жолдың ұзын тұрқы бес жарым сағаттық болып шықты.

Жолшыбай толып жатқан таулардың кезеңдерінен, асуларынан өтеді екеміз. Сай-салалардан — бұлақтар мен суы аз жылғалар ғана кездеседі екен, өзен, көл сияқты үлкен сулар бұл таулардың ішінде жоқ екен. Аз суды молайту мақсатымен, үлкенділі-кішілі арықтар қазылып, тау арасындағы көлемі аз егіндік жерлерге су апарылады екен. Солардың «Ұстан-арық» дегені әлденеше изаның егінін суарады деседі. Бірақ бұл тауларды

мекендеген қырғыздардың негізгі кәсібі егін емес, мал көрінеді, егін тек әр изаның өз мұхтажын өтеу үшін ғана салынады дейді, суы молшылық жылдарда болмаса, егін шаруашылығы бұл үмітті ақтай алмайды дейді.

Тау арасының жолымен тартып келе жатқан біз, тоқсан километр шамасында «Ыстық қара қол» аталатын қырғыз айылына (қырғыздар «ауылды» «айыл» дейді ғой) жеттік. Бұлақ жағасына орнаған айылдың тау жақ бетіндегі дөңесте қалың ел жиналып, әлдене мереке болып жатыр екен. Жақындап келсек — ақ қалпақты қырғыздар. Жиын жайын сұрастырсақ, өткен жылы 117 жасында қырғыздың Көке есімді ауқатты шалы қайтыс боп, соның қабырына туыстары мазар орнатқан екен де, соның бітуіне байланысты өлікке ас беріліп, «Қырғыз ойезі» аталатын аудандардың көбінен адамдар келген екен.

Біз астың бәйгісін, балуан күресін, аударыспағын, сайысын, қыз қууын, тағы біраз ойындарын көргеннен кейін, әрі қарай сапар шектік.



Байғұртқа дейтін жерінде қырғыздың «Төртінші аудан» аталатын әкімшілік орталығы бар екен. Оны көргенде, совет жеріндегі қырғыздар мен қазақтардың жиырманшы жылдардың орта кезіндегі ауылдарының хал-жайы есіме түсті. Ол кезде отырықшы тұрмысқа айналып болмаған қазақ ауылдары мен қырғыз айылдарының болыстық орталықтарында, дәл осы «төртінші аудан» сияқты, жаңадан салынған бес-алты ақ үйдің жұрнағы болушы еді, олардың бірі — болыстық мекемелердің кеңсесі, бірі — шаруашылық ұйымдардың кеңсесі, бірі — дәрігерхана, бірі — мектеп, тағы бірі — шәкірт балалардың интернаты болушы еді. Солардың арасында, қызметкерлер жаз тұратын киіз үйлер, қыс тұратын әлденеше пәтерлі ұзынша барақ болушы еді. Оған симаған қызметкерлер кешке кеңсенің бөлмелерінде ұйықтаушы еді. Мынау «төртінші аудан» — дәл сол.

Аудандық партия комитетінің секретары Сауырт Кожекей ұлының айтуынша, 665 үйі бар бұл ауданда ша-

руаларды кооперативке ұйымдастыру науқаны әлі жүрмеген. Шаруашылық түрінің тоқсан тоғыз проценті малшылық. Асып кеткен бай бұл ауданда жоқ. Ең үлкен байда бір мыңның төңірегінде ғана қой бар. Халық кооперацияға кіруге дайын отыр. Бұл науқан алдағы күзден басталады.

Қырғыз-қазақтың ғұрпы қызық: «Бар болса қымыз, айран татып қана жүреміз» деген бізге «мақұл» дей отырып, әңгіме біткенге дейін, бір семіз қозыны сойып та, пісіріп те үлгеріпті...

Байғұртқадан әрі «Қара текенің сайы» басталады екен де, жол осы сайды бойлай ағатын өзенді жағалап отырады екен. Осы өзеннің теріскей жақ қабағында тас жол салынып жатыр, онда мыңдаған адам, көпшілігі ұйғырлар мен қытайлар, қырғыздар бірен-саран ғана.

Біз мұнда, қытайлық қырғыздың айылында, Әбдіқадыр ақсақалдың үйіне келіп қондық. Бұл Советтік Қырғызстанның «Сөңкөл» атанатын жеріне деңгейлес мекен екен. Әбдіқадырдың 26 жастағы баласы Әпіш жергілікті шаңның (Советтің) председателіне орынбасар боп шықты. Өзі азаттық күресіне қатынасқан, пысықша, үкімет алдында беделді жігіт екен.

Әпіштің айтуынша, бұл арадағы малдың ең көбі — қой. Оны бұрын да көп өсірген, кәзір де көп өсіріп тұрған байлар — ұйғырлар. Патшалық Россия кезінде ұйғыр байларының алды осы маңда қырық-елу мыңдай, арты жиырма-отыз мыңдай құйрықты қой өсіреді екен де, Алматы, Қапал базарлары арқылы Россия саудагерлеріне өткізеді екен. Ұйғырдың ол байлары түгелімен Қашқар, Үштұрфан, Ақсу, Яркен сияқты қалаларда тұрады екен де, бұнда өсіретін қой шаруашылығын басқаратын приказчиктер ғана ұстап, олар қойды жергілікті қырғыздарға бақтырады екен. Бұндағы қырғыздар да малды көп ұстамайды екен. Әбдіқадыр ақсақалдың айтуынша, қойы мыңнан, жылқысы жүзден, топозы[1] оннан асқан қырғыз байы бұл маңайда бұрын да болмаған,

---

[1] Сиыр тұқымдас, бауырына қалың жал өсетін хайуан. Қазақтар оны «қодас» дейді.

кәзір де жоқ. Жер жағдайына қарай, түйе мен сиырды бұлар өсірмейтін көрінеді.

Советтік дәуірде ұйғыр байлары сауда қойларын Алматы облысының Кеген ауданында жыл сайын жаздыгүні болатын Қарқара жәрмеңкесіне әкеп өткізіп жүреді де, ол жәрмеңке жиырманшы жылдардың аяқ кезінде жабылғаннан кейін, қой басының санын азайтады, өйткені қытайлар етке құмар халық емес, оның ішкі базарында мал саудасы оншалық қызу болмайды.

— Осы себептен,— дейді Әбдіқадыр,— кейінгі жиырма жылдың ішінде ұйғырдың да ең ірі байында төрт-бес мыңнан артық қой болған жоқ.

Ауыл шаруашылығын кооперацияландыру бұл маңайда былтырдан басталған екен, сонда ұйғырдың байлары да тартылып, олардан 22633 қой жиналған. Бақташылары — қырғыздар. Бүкіл Қытай мемлекетіндегі **кооперация тәртібі қой шаруашылығына да қолданылып, бағылатын қой төлінің 25 проценті мемлекет** салығына, 25 проценті бақташылардың еңбек ақысына беріледі; 25 проценті өсу қорында қалады, 25 проценті — қой иелерінікі.

Топоз қызық мал екен. Оның бұқалары елге жоламай тауда тағы боп жүріп, сиырларына жайылым кезінде ғана қосылады екен. Сиырлар айылға бұзауы қолда ұсталатын шақта ғана келіп, сауын болады екен де, сүті суалғаннан кейін тауға кетіп қалады екен. Келер жылы бұзаулағанда, тұрғын ел бұзауын ұстап әкелсе, ол да айылға келеді екен. Түнде айылға кеп бұзауының қасына қонған сиырларын тауда қалған бұқалар таң қараңғысында мөңіреп оятып, өріске шақырады екен. Иесі бұзауын бағып ұстамай айырылып қалса, соңына ерткен енесі айылға келмей қояды екен.

Топоз етін жегісі келгендер оны аңша атып алатын көрінеді. Таудың өзге тағылары сияқты, топоздың денесіне де туырылған қалың май бітпей, ет қыртыстарының арасына жұқа ғана боп жабысатын көрінеді. Сол қалпымен еті өте дәмді дейді. Қара мал тұқымдас хайуандардың өзгелерінің майы суыққа тоңғақ болады ғой, ал топоздың майы жылқының я аюдың майы сияқты, қандай қатты суық болса да қатпай, жеңіл ғана тобарсиды деседі. «Сүті өте қою, қаймағы мол, астығы күшті» деп мақтайды, «бір аяқ айраны күн тәулігіне қарынды ашырмайды» дейді ел. Айранын біз де ішіп көрдік, қою,

дәмді екені рас; сүтінің бетіне тұрған қаймағының қалыңдығы киіздей туырылады, жытылығы жүрекке шыртылдақ майдай шық ете қалады.

Күн батып, қас қарайғанға дейін Әпішке еріп салт атпен қырғыз айылдарын аралаған біз, кешке Әбдікадыр үйіне келсек, әйел-еркегі, үлкен-кішісі аралас бірталай адам жиналған екен. Олар бізбен Совет Одағының, әсіресе қырғыз, қазақтың кәзіргі тұрмысы туралы біраз әңгімелесіп отырды да, асқа отырар шақта көпшілігі тарап, үй иесі «қонақпен дастарханда болыңдар» деген ағайлығы ғана қалды.

Такламакан төңірегіндегі ыстық ауа райы бұнда салқын екен, онысы биік жотада отырғандықтан болса керек. Советтік Қырғызстан жағынан көтерілгенде қарлы асқарлар арқылы әрең жететін Сөңгүл, бұл тұста көлікпен қиналмай-ақ баратын жерде дейді. Сондықтан күн бата суы жөнелген ауа, түн жабуы қалыңдаған шақта тіпті ысқаяқтанып кетті! Киіміміз жұқалау біз салқынға төзбеуге айналған соң, үй иесі үстімізге тері тондар жапты. Топоз етінің қасиеті туралы айтқан сөздердің шындығына біздің көзіміз сонда ғана жетті. Әдейі арнап сойған қойдың майы салқынға тобарсып етін жеу қиын болған шақта, екінші табаққа салып әкелген топоз еті жұп-жұмсақ, жып-жылы боп түр екен. Бұл арадағы қырғыздар да шарап орнына боза қолданады екен. Қою, қышқылтым дәмді бозаның екі-үш кесесін тартып ап, тобарсыған қой етін емес, былқылдақ топоз етін жегеннен кейін, мана салқынға тырысқан дене жазылып сала берді. Оның үстіне, Әбдікадыр киіз үйдің түндігін аштырды да, жуан аршаларды маздатып жақтырып қойды. Лаулаған жалыны метрден жоғары көтерілген оттың қызуы үй ішінің салқын ауасын лезде жылытқан соң арқаға жамылған тонды белдемеге түсіре сыпырдық. Қыза жанған аршаның әдемі иісі бұрқырап, жанды жайландырып жіберді. Осылай әрі ауқаттанып, әрі жайланып болған шақта:

— Құрметті қонақ,— деді маған Әбдікадыр,— егер рұқсат етсеңіз, ептеп ыр[1] естісек!..

— Естік! — дедім мен.

— Комызынды ал онда,— деді Әбдікадыр,— сүйірлеу иегіне біткен, аумағы саусақтай ғана жіңішке ұзын

[1] Жыр, өлең.

сақалы, езуінің үстіне ғана біткен он шақты-ақ ұзын қылтанды мұрты бар, арық денелі, ашаң өнді ақ-сұр жігітке,— қонаққа ыр айтып бер!

— Хұп! — деді жігіт ынғайлана бастап.

— Ешім-ахон деген жігітіміз,— деп таныстырды Әбдіқадыр.

Қырғыздың «қомыз» дегені — пернесі жоқ, үш ішекпен тартылатын, біздің домбыра зәлтті құрал ғой. Ешім-ахонның сірі қабынан суырған қомызының көлемі кішкене, түсі — қаракүрең екен.

— Не ағаштан жасалған — деген сұрауыма,

— Аршадан,— деп жауап берді Ешім-ахон.— Тұтас аршадан ойып жасаймыз. Дауысы күшті және құлаққа жағымды болады.

Ешім-ахон қомызын тарта жөнелді.

Менің ұғымымда, қырғыздың қомыз ойнауы — музыкалық құралды билеп әкету шеберлігінің ең биік шыңына шыққан өнер. Қырғыздың да әндері мен күйлері құлаққа жағымды екенінде дауымыз жоқ. Сөйте тұра, қомызшылардың ойнауын көргенде мен қырғыз әндері мен күйлерінің саздарынан гөрі ойнау техникасының аса шеберлігіне хайран қалам. Қомыз сиякты ішегін қағып ойнайтын құралдарда, қимылы қырғыздың қолынан жылдам, саусақтары қырғыздың саусағынан шапшаң қол мен саусақты мен өзім басқа ешбір елде көрген емен. Оның үстіне, әдетте, қай елдің болса да музыканты ойнаған құралын алдына өңгеріп отырады ғой, олай ойнау оңтайлы да ғой. Қырғыздар ойнаған қомызын алдына ғана ұстап отырмай, біресе тақымының астына, біресе арқасына, біресе төбесі мен желкесіне апарып, денесін шырқ-көбелек айналдырады; осындай оқыс қиын қимылдарда ішекті қаққан қолы да, пернені басқан қолы да жылдам, шебер қимылынан не бәсеңдемей, не жаңылмай ойнап береді. Бұл, меніңше, қырғыздан басқа елде кездеспейтін шығаннан шыққандық (виртуоз).

Ешім-ахон қомыз ойнауға осындай шығаннан шыққандардың бірі екен. Ол алғаш осы өнерін көрсетіп алғысы келгендей, қолына ұстаған қомызын, денесін шырқ-көбелек айналдыра, құтырта біраз ойнап алды да, үй иесіне:

— Не айтамыз қонаққа? «Қошықты» ма, «Секет-

пайды» ма? Әлде «Манас», «Семетей», «Сейтектің» бірінен бе? — деді.

Бұл аталған өлең түрлері маған таныс: бастапқы екеуі әдет-ғұрыптық қысқа жырлар да, соңғы үшеуі ұзақ көлемді батырлар жыры. Әбдіқадыр солардың қайсысын тыңдауды менің еркіме салғанда, мен батырлар жырынан үзінді айтуды қаладым.

— Ә хұп онда,— «Манастан» — деп, Ешім-ахон «Пежін (Пекин) жорығы» аталатын тарауын жырлай жөнелді.

Ешім-ахонның қолы қомызға шебер болғанмен, дауысы шағындау және қырылдаған жарықшақтау екен. Сол кемшілігін білдіргісі келмеді ме, әлде жыр орындауда да бізді таңдандырғысы келді ме,— жырлаған шақта денесін де, бет бейнесін де қимылдата, құбылта, құтырына, екпіндей жырлады. Бүкіл қырғыз, қазақтың ескі жыраулары сияқты, Ешім-ахон да орындап отырған жырына қатынасатын геройлардың қалпына түсіп, шалдың, кемпірдің, қыздың, жігіттің, баланың, батырдың қарапайым адамның... дегендей әр жасты, арқилы адамның қимылын, дауысын өзінше келтіруге тырысады екен. Онысы кей жерде ерсі сияқтанғанмен, көп жерде қарауға да, тыңдауға да қызық.

Сол қызыққа елігуіміз бе, әлде, жыр басталғанда Әбдіқадырдың үйіне қайта жиналып, жыршыны көтере, жырға құмарта, еліре тыңдаған қалың көпшіліктің қызулы көңіл күйіне араласып кетуден бе,— біз ұзақ отырып қаппыз. Одан да ұзақ отырар ма едік, қайтер ек, егер тысқа шығып келген біреу:

— Таңға жақын ғапты,— демесе.

— Оны қайдан білдің? — деген сұрауға,

— Топоздың таудағы бұқасы мөңірейді,— деді ол.

— Үркер көріне ме? — деген сұрауға,

— Аспан бұлт,— деді анау,— жерге қырбақ қар жауып қапты.

— Ал онда тараңдар! — деді Әбдіқадыр айыл адамдарына,— Қонақ тыныстап, көзінің шырымын алсын.

Менің «үйқым келген жоқ» деуіне қарамай, Әбдіқадыр айыл адамдарын таратты да, бізге жылы төсек салдырып беріп, отты сөндіртті, түндікті жаптырды. Өзі киініп, әлденеге кетіп қалды.

Қараңғы үйде жылы төсекке кіріп жатқан біз көпке дейін қалғи алған жоқпыз. Қайдан қалғисың: түні бойы



Қырғыз шаруаларының үй-іші.

тоңазыған мал таңға жақын қимылға кірді де, қой мен ешкі маңырап, топоз мөңіреп, жылқы кісінеп... дегендей, өріске қозғалған мал түліктерінің даусы азан-қазан, у-шу болып кетті; ол шуға, мезгілсіз өрмек болған малды қайтарушылардың айғай-ұйғайы қосылды. «Бақташы» аталатын бақырдың әр қашан да тұрмысы осы ғой!..

Кеше ертемен тұрып, ұзақ жол жүріп, одан кейін түні бойы жыр тыңдап шаршаудан ба, әлде айғай-шуы осындай ауылда туып-өскендіктен бе, қырғыз айылының шуы қанша күшті болғанмен, бұйыға тыңдап жатып қалғып кетіппін... Әлдекім оятқанға, тұйықталған көрпеден бетімді ашсам, түрілген түңдіктен күн көзі сығалап тұр, оған қарағанда — мезгіл түске тармасып қалған. Үй іші де, менен басқа қонақтар да тұрып, киінген, төсек-орын жиналған. Ауа райы әлі де салқындау сияқтанғанымен, түндегідей суық емес.

Киініп тысқа шықсам, түнде жауған қарбық қар жазық жерде еріп, ақ-қылаң таудың көлеңке жақ төскейінде ғана қалған екен. Кешегі іңірде аспанды қалыңдай бүркеген қарасұр бұлт түп-түгел ыдырап, ақшылдау түсті сімілтірі таудың биігіндегі сай-салаларға бұға

қорғалапты да, аспанның күмбезі, жаңа ғана тоқылып шыққан көк торғындай, жарқырай ғапты.

Қырғыз ағайындар бізден әлі не бірнеше күн қонақ болуды өтінген еді, біз уақыттың тарлығын айттық та, сәскелік астан кейін жөнімізге жүріп кеттік.

Қытай мемлекетіндегі қазақтардың жеке адамын, жеке семьяларын, аздаған топтарын Пекинде де, Ланжауда да, Құмұлда да көргенмен, қалың ауыл боп жайлауда қатар отырған қазақтарды мен ең алғаш Үрімшінің күнгей жағындағы Тянь-Шань тауының «Пи Ян-го» аталатын сілеміндегі жайлауда көрдім.

Үрімшіден алпыс шақырым жердегі Пи Ян-гоға біз машинамен бардық. Жолшыбай жазық дала екен, бірақ бұл маңайда судың тапшылығынан, даланың дені малдың қысқы, күзгі, көктемгі жайылымы ғана болады екен де, егін таудың суы көп етегін қырқалай салынады екен. Бұл өлкеде егін кәсібімен ерте заманда дүңгеннің помещиктері ғана шұғылданған екен. Қазір кооперативтер де шұғылданатын көрінеді.

Біз әуелі, таудың бигінде, қытайша «Гангу», қазақша «Құрғақ сай» аталатын жайлауда отырған қазақ аулына түнделетіп барып қондық. Ертеңіне ертемен, бұл жердің табиғат құрылысына көз салсақ, түрі өзіміздің Алатаудың бигіндегі жайлаулардан айнымайды екен: бұл араның да белестері мен сайларының көбіне қалың шырша өскен, бұның да сай-салаларында кейі жылай, кейі сарқырай ағып жатқан бұлақтар, жылғалар, өзендер; бұл арадағы ылди мен өрлердің жер беті дымқос сасыған қалың қара топырақ, оған ұйыса қалың бетеге өскен; бұл араның да өркештене көтерілген тауларының аржағынан қарлы жоталар, шыңдар ағаранданды, бұл араның да салқын ауасында ешбір шыбын-шіркейдің ызыңы естілмейді.

Ауылдың тұрмыс жайларымен таныссақ, біздің елдің қазағының Совет өкіметі орнаған алғашқы жылдарындағы тұрмысынан айнымайды. Біздің сол жылдардағы тұрмысымыз сияқты, бұнда да ауыл кедейлерінің таптық сезімі жаңада ғана оянып, қасы кім, досы кім екенін айыра бастапты; бұнда да кедейлердің сана-сезіміне, социалистік құрылысты жасау үшін еңбекті бірлесіп атқару керек және белсене атқару керек деген ұғым туа бастапты; шаруашылық халдері де біздің сол кез-

дегі ауылдардай: бұнда да ауылдар әлі қоныстанып үлгірмей, бұрынғыша жаздыгүні де, қыстыгүні де аз үйлі ауылдарға бөлініп мекендейді екен; қысқы үйлері тау-таудың сайларына орнаған жер-күрке, жазғы киіз үйлерінде біздің киіз үйлерден ешбір айырма жоқ; әдет-ғұрыптары да біздің бұрынғы ескі ауылдай; шын мағынасындағы ұлт мәдениеті де жаңа ғана басталған: араб алфавитінің негізінде, қазақ «әліппесі» азаттықтан кейін ғана жасалған; мектептері бастауыш дәрежеде, оларда оқулықтар мен оқу құралдары тапшы, мұғалімдерінің көбінде бастауыш кластарды ғана қанағаттандыраралық білім бар, мектеп жасындағы балалар оқуға әлі түгел тартылмаған, пионер ұйымдарында тәжірибе әлі аз; Үрімшіде азаттықтан кейін шыққан қазақ газеті ауылға әлі аз тарайды, «Шыңжаң әдебиет және искусствосы» аталатын әдебиет журналын алушылар да әзірге ауылда көп емес; кітап басу ісі де әлі шыңына жетпеген, кітап аттары да аз, тиражы да шағын...

Октябрь революциясынан кейін қырық жыл жасап, Совет Одағы Коммунист партиясының бастауымен экономикасы да, мәдениеті де аса биік сатыға көтерілген Совет қазағының тұрмысымен салыстырғанда, Шыңжаң қазағының тұрмысы әлі көп көтеруді тілейді. Дегенмен, азаттықтан кейінгі аз жылда, Қытай Коммунист партиясының бастауымен Шыңжаңдағы қазақтардың да экономикасы мен мәдениетіне кіре бастаған жаңалықтар көңілді қуантады. Оған сипаттап отырған ауылымыздың тіршілігінен аздаған мысал келтірейік.

Бұл ауылда, өткен жылы ғана ұйымдасқан ауылдық кооперативтің председателі Қасым Сахари ұлының жасы биыл қырық екіде. Кедей семьяда туған ол, жеті жасында әке-шешесінен жетім қалады да, ересек ағасына еріп, дүңген помещигіне жалшылыққа тұрады. Помещиктің жалшыларымен қарым-қатынасы қызық: жер, соқа, көлік онікі; жалшыға қояр бірінші шарты — тұтас бір жылға жалдайды да, оны толтырмай шықса, ішкен-жегені ғана бойына құт боп, бір тиын да еңбек ақы төлемейді; екінші шарты — егін себілетін жердің ұзыны мен көлденеңін сырық ағашпен өлшейді де, әрбір алты ағаш өлшемнің бес ағашы қожанікі, алтыншы ағашы жалшынікі болады, байдың оған төлейтін еңбек ақысы осы ғана; үшінші шарты — егер егін шықпай қалса, жалшы осы жылда ішкен асына борышты боп, алдағы жылда өсірген егіннен сыбағасына тиетін дәннен

төлейді; сөйтіп, жалшы помещиктің алдында өмір бойы борыштан құтылмайды.

— Ал сонда беретін тамағы,— дейді Қасым,— «добаз» аталатын, қара судың буына пісіретін нан мен ырғайдың жапырағынан қайнатқан шай. Одан басқа тамақ жоқ. Жұмысты күн сайын жиырма сағаттай істейміз, көздің шырымын кезекпен ғана аламыз, кез келген жерге қисая кетеміз, төсеніш болмайды, үстімізде жыртық киім, оның бағасы еңбек ақымыздан шегеріледі...

1932 жылы, дүңгендер Чан Қай-ши гоменданының қысымына қарсы көтеріліс жасап, қатты қырғынға ұшырайды. Қасым жалданатын помещик те сонда өледі. Қасым одан кейін қытай помещигіне жалданады. Бұл бейнеттен оны азаттық қана құтқарады. Қасым кәзір Қытай Коммунистік партиясының мүшесі және жергілікті басқарушы азаматтың бірі.

Кооператив негізінде үш түрлі шаруамен шұғылданады екен: мал, егін қазына пайдасына таудан ағаш кесу. Үй саны — 106, олардың ішінде жиырма үй өзбек, он үш үй татар, үш үй орыс, екі үй қытай, бес үй ұйғыр бар, өзгелері қазақ. Мал қоры: 1142 қой, 1190 ешкі, 420 жылқы, 447 сиыр, бұдан басқа, осы кооператив мүшелерінің меншігінде 1500 қой, 40 ірі қара бар. Ең ірі байы — Мәжитте(татар) 150 қой, 40 шақты ірі қара бар.

1956 жылы кооператив 1800 му (112 жарым гектардай) егін салған. Көлік пен соқа әзірге жеке меншіктікі. Кооператив оларды жалға алады. Өгіз бен аттың айлық ақысы — 15 юань. Кооператив мүшелері ақыны еңбек күніне қарай алады. Мысалы, өткен жылы осы кооперативтегі ең алдыңғы қатардағы Жұмақанның өзін, әйелін, келіні мен баласын және бір баласын қосқанда, бесеуінің жылдық еңбегіне 1200 юань ақша, 58 дар (қап) астық, тушасы мен серкеші аралас 25 ешкі, үш бұзау, бір құлын тиген.

— Сізше қалай, ағай? — дейді маған Қасым, мақтанғысы келген кескінмен жымия қарап,— аз ақы ма бұл, көп ақы ма?

— Аз да емес, көп те емес,— деймін мен де қуланып,— жақсы ақы!..

— Шәйізә дейтін жесір әйел бар. Өмір бойы жарымаған адам еді. Кооперативке кірген соң еңбегі жанып, төрт баласы мен ол да өткен жылы 650 юань ақша, 40 дар астық, 18 бас ұсақ қара алды.

— О да жақсы!..
— Өстіп жетіліп кетеміз де, ағай?
— Әрине!..

Пи Ян-го жайлауында көзге түскен және бір жақсы жаңалық,— оқуын бітіргеннен кейін осы маңайда кейі агроном, кейі зоотехник, кейі дәрігер боп... деген сияқты қызмет атқаратын қытай студенттері, жергілікті халықтың тілін үйрену тәжірибесін осы арада өткізіп, әрқайсысы жеке үйлерге бөлініп тұрады екен. Жұмыстан босаған шақта олар музыкалата, өлеңдете сауық құрса, жергілікті жастар да жиналып, бәрі ойын-сауыққа бірдей араласып кетеді екен. Қытай тегі жат тілді тез үйренетін халық па деп қалдым, өйткені, Пи Ян-гоге келуіне екі-үш ай ғана болған студенттердің көбі қазақтармен сөйлесуге жарап қапты. Әсіресе Я. И. есімді қыз. Толықшалау, бойшаңдау денелі бұл пысық қыз, аз уақытта қазақшаға судай болып апты. Қалай тез білуіне таңдансам:

— Келер жылы осында дәрігер боп келем, ендеше жергілікті тілді білмеуге болмайды. Және өзім қазаққа күйеуге шығам,— деп сөз аяғын қалжыңға шаптырады.

Сол күні кешке біз тағы бір ауылға қондық. Кешке сол ауылға жергілікті жастар және қытай студенттері жиналып сауық кешін жасады. Бұл менің рахатта өткізген кештерімнің бірі болды.

Пи Ян-го жайлауынан кейін біз Үрімші қаласында бірнеше күн болып, жалпы ұйғыр автономиялық ауданының, оның орталығы — Үрімшінің экономика және мәдениет жағдайларымен тағы да біраз таныстық та, соңғы күнімізді «Бұланбай» аталатын өзеннің жағасындағы қалың тоғайдың ішінде, Шыңжаңның мәдениет қызметкерлерімен сауық-сайранда өткізіп, ертеңіне, июльдің 12-сі күні, Үрімшіден Құлжаға автомашинамен аттандық.

Менің қасыма, Шыңжаңдағы белгілі қазақ жазушысы Бұқара Тышқамбаев пен оның жұбайы — Сара ерді. Сара — жоғарыда өлеңі мысалға келтірілген ақын Таңжарық Жолды ұлының туған қызы екен.

Жасы отызға жаңа кірген, ортадан биік балуан денелі, сыпайы қоңыр өңді, қалың толқынды қара шашы бар, жатық мінезді Бұқара, бірнеше әңгімелер мен өлеңдер жинағын жариялаған, қытай кино-драматургіне

(атын ұмыттым) қосылып «Қасен — Жәмила» атты фильм жасаған, Шыңжаңдағы қазақ жазушыларының кеуде тұсынан орын алатын адамның бірі. Өзі ол кезде Қытай Жазушылар одағының Шыңжаңдағы бөлімінде председательдің орынбасары боп қызмет атқарады.

Бұқара қазақтың «өткелектен өтті» дейтін жігітінің бірі. Жасының аздығына қарамай, жалпы Қытай тұрмысынан да, Шыңжаң тұрмысынан да, ондағы қазақ тұрмысынан да көрген-білгендері көп. Сөйте тұра, аузы сараң жігіт,— әлденелерді өзің қазбалай сұрап жетектеп әкетпесең, өз бетімен суырылып сөйлей қоймайды. Ал кеңескен сөзге байсалды да, байыпты да, әрбір әңгімесін орнықты, дәмді ғып айтады. Мінезі салмақты Сара, қазақ әдебін сақтап, өзінен сұрамаған сөзге араласпай, тыңдап қана отырады. Сөйлескен сөзіне ол да орнықты, ақылды адам.

Бұқарамен кеңесе отыра, біз суыт жүріп кеттік. Даңғыл тас жол, екі жағы дөңестеу келген бір кең сайды бойлады да отырды. Осы бетпен тарта берген біз, жолда 130 километрдегі Манас қаласында аз кідіріп аралап шығып, одан 151 километрдегі Шихадзе госхозына тоқтап біраз аралап (оның хал-жайын осы кітаптың «Бірліктің биігінде» деген тарауында, «Жерді жеңген қытай» деген тармақта баяндағамыз), кешке 270 километрдегі «Майтау» аталатын мұнай өндірісіне келіп қондық. Оның басшылары бірнеше күн болуымызды өтінгенмен, «Құлжаға асығып келе жатыр ек» деген дәлелді айтып, тоқтағамыз жоқ.

Ертеңіне ертемен аттанған біз, Үрімшіден 424 километрдегі Жың бекетінен сусындап алдық та, Ың-ху, Бажан-ху, Такь-ян-зе, У-тай аталатын бекеттер арқылы, күн еңкейген шақта, «Шөладыр» аталатын белестерге келіп кірдік. Бұқараның айтуынша, осы арада, оң жақтан «Қанжыға», сол жақтан «Қосемшек» аталатын екі тау кеп түйіседі, мына адырлар сол екі таудың қосылған сілемі. Тақыр адырлардың арасын қуалап біраз жүргеннен кейін:

— Енді алдымызда Сәнтай аталатын бекет кездеседі,— деді Бұқара,— оның арғы түсе берісінде, көп таудың қоршауында тұрған, айналасы алпыс километрлік «Сайрам» көлі бар. Оның сұлулығын сізге күні-бұрын сипаттамай-ақ қояйын. Тек қана айтарым: мен сіздің «Ботагөз» атты романыңызды оқыдым. Сол романның

аяқталған тұсында сіз, ортасында «Діңгек» аталатын тас аралы бар, «Шалқар» атты үлкен, көркем көлді сипаттайсыз. «Шалқар» менің көзіме, алдымызда көргелі келе жатқан біздің «Сайрам» сияқты боп елестейді. Бұның да бергі жақ жиегіне жақын тас діңгегі бар...

Адырлардың арасынан жағасына шыға келсек, Сайрам шынында да ғажап екен. Ең алдымен, оның көлемі шалқардан әлдеқайда үлкен. Екіншіден, бұны қоршаған таулар Шалқарды қоршаған адырлардан әлдеқайда биік. Үшіншіден, теңіздердің, тау арасындағы терең көлдердің суындай, Сайрамның жалтыр суының түсі де күпараздай жап-жасыл. Төртіншіден, көл суының күнгей жақ жиегіне, жағадан екі жүз метрдей жерге біткен мұның діңгегі Шалқардағы діңгектен әлдеқайда көлемді, әлдеқайда биік. Көлді айнала жыпырлай қонған ауылдар, маңында бытырай жайылған мал. Бұқараның айтуынша, бұл көлдің төңірегін қазақтың және қалмақтың рулары аралас жайлайды.

Сәнді киінген сұлу келіншектей мөлдіреп, бетіндегі әлсіз толқынның әр тамшысы батысқа еңкейген күннің сәулесіне алтын балықтай шағылысып, шалп-шұлп, жарқ-жұрқ ойнаған көлдің өзінің де, мұнарта маужыраған төңірегінің де көркіне хайран қалған біз, машинаны жарқабаққа тоқтаттық та, өзіміз домалай төменге түсіп, жүгіріп көл жағасына келдік. Жағасы құм-қайраң екен. Желсіз тымық ауада әлденеге ақырын ғана қозғалған су, жұқа ғана иреленіп, көл шетінде көбікпен көмкерілген сарғылт құмға шылп етеді де, кейінгі иректердің астына сүңгіп кері кетеді. Жеңіл қимылды судың мөлдірлігі көздің жасындай, шетінен қарағаң кісі құс-таңдайланған түбін алысқа дейін айқын көреді. Дәмі — саумалдау.

Суға қызыққан біздің шомылып та алғымыз келіп еді, көлдің батыс жиегінде бұлдыраған таудың төбесіне жақындаған күн көзін сол кезде түтіндене бастаған бұлт бүркеуге айналды. Соған карап:

— Қонатын аулымыз әлі де бірталай жер болу керек, күн тым кешкірмей жеткеніміз мақұл,— деді Бұқара.

Көлді жағалап келе жатқан бізді батыс жағына жақындай, салт атқа мініп шапқылаған бір топ адам қарсы алды. Олар — даяшылар екен. Бізді Ыртай есімді адамның үйіне түсірді.

Шаршап келген біз, ертерек жатып тынығып, ертеңіне сәске көтеріле түрегелсек, тау арасының күн көзіне қызып үлгірмеген салқын ауасы тамаша бір рахат жайда екен. Неге екенін кім білсін, кеше кешке бір түспен ғана жап-жасыл болып тұрған көлдің кең беті кәзір тотының қанатындай құлпырып, әртүрлі бояумен өзгере жалтылдайды. Кеше көл айналасында бір қалыппен бұлдырай мұнартқан таудың ылди-өрлері де бүгін құбылып, кейбір шоқысына оралған бұлыт қара-буырыл қалың шаштай дударланса, енді бір тұстарына жиналған бұлыт, сай-салаларға көше жылжып, сіркіреткен жауынын тарқатқан өрмектің жіптеріндей желпіп төмен төгеді; тағы бір тұстың қара-сұр бұлттары, қабағы қатуланған бейнемен жаңбырын нөсерлете төгіп, ақыра күркіреген күшті даусы жерді сілкіндірді. Енді бір бұлттар төбеңе қарауыта, екпіндей, найзағайын жарқылдата төніп келгенмен, «жай қорқыттым» дегендей, жауынсыз ыдырап, таудың төбесін баса, әлдеқайда ауытқып кетеді де, жоқ болады. Осы көріністердің бәріне ақын жанымен әсерлене қараған Бұқара, жерінің құбылмалы табиғатындағы әдемі бейнелерін мақтан көргендей:

—Шығармаларыңызда Көкшетауды көбірек сипаттайсыздар,— дейді маған,— көзімізбен көрмеген соң ол сипаттаудың қаншалық артық-кемін білу бізге қиын. Өзімізше, біздің жерде де көркем жерлер көп дейміз. Соның бір қуасы осы Сайрам төңірегі ме деп ойлаймын! Қалай дейсіз? — деп сұрады.

— Рас!

Осы бір шақта арбалы, салтты... дегендей көлік мінген көп адам лек-легімен көлді жағалап, теріскей-батыс жағына қарай кетіп барады екен.

— Бұлар не қылған адам? — деген сұрауға,

— Ақбайтал дейтін жерде жыл сайын осы мезгілде жәрмеңке болады,— деп жауап береді Ыртай аулының адамы.— Бүгін жәрмеңкенің басталар күні. Халық соған кетіп барады.

— Көрмегенмен, естуімізше,— дейді Бұқара, ауыл адамының сөзін жалғастырып,— сіздің елде «Атбасар», «Қоянды», «Қаркара» аталатын атақты жәрмеңкелер болған ғой. Бұл «Ақбайтал» да солар сияқты. Ерте кезде бұған ана шеті — Россия, мына шеті — Монғолия мен Қытай, анау шеті — Афғанстан мен Индиядан саудагерлер келген. Чан Кай-ши кезінде жәрмеңке жабылып, са-

райлары, үйлері қираған. Сол орынға былтырдан бері тағыда жәрмеңке ұйымдасты. Оған былтыр осы маңайдағы: Бұратала, Арасан, Жың, Қорғаныс, Сүдің аталатын бес аудан ғана жиналған. Биыл мемлекетіміздің өзге жерлерінен де сауда орындары келеді деген сөз бар. Жәрмеңке орны осы арадан отыз километр деседі. Бір күніңізді қиып, барып қайтқаныңыз жөн, өйткені онда осы маңайды мекендейтін көп ұлтты көресіз.

— Мақұл.

Біз киіз үй қасына тіккен шатырдың ішінде сәскелік ішіп отырған шақта, салт мінген, қаба ақ сақалды адамға еріп төрт-бес кісі шатыр қасына түсті де, бізбен кеп амандасты. Бөстекбай атты қарт екен, жасы сексен төртте көрінеді, бірақ денесі де тік, қимылы да пысық, ажары да өнді.

— Базарға бара жатқан шал едім,— деп танысты ол,— Қазақстаннан жазушы келді деген соң, әдейі амандаса кетейін деп түстім.

Сөйлесіп байқасақ, Бөстекбай шал ағып тұрған шежіре. Өзі «әліпті таяқ деп білмеген» сауатсыз адам бола тұра, қазақтың, қырғыздың, монғол тұқымдас рулардың ата тегі жөніндегі әңгімелерді судай сапырады. Соның үстіне, саясаттан да бірталай мәліметі бар адам. Бір сөзінің кезеңінде ол, қанаушы тап ел билеген кезінде халықтарды араздастырып ұстауға тырысқандығын айта кеп:

— Сонда да еңбекші халық араздаспаған еді. Мәселен, қалмақ пен қазақ. Оларды хандар, байлар өмір бойы жауластырып ұстады, қалмақты қазаққа, қазақты қалмаққа жексұрын көрсетуге тырысты. Сол саясаттың сарқыншағы кешегі азаттық күндеріне дейін қалған жоқ. Осы маңайдың да қазақтары мен қалмақтары қымсетсе барымталаса, төбелесе кететін еді, сонда оларды желіктіретін — байлары мен бектері болушы еді. Сондай күндердің өзінде қалмақ пен қазақтың момын шаруалары араласып тату-тәтті тұратын, бірінің жоғына бірі қарасатын...

— Соның бір дәлелі,— деді Бөстекбай сөзін жалғастырып,— жаз біздің ауылмен қатар қонатын қалмақ аулында Суранжаб дейтін менің досым болды. Жас күнімізден тату өстік. Өзі кедей, бірақ ер көңілді жігіт еді, байларға, бектерге, мырзаларға кеудесін бастырмайтын еді, олар оған сондықтан өш еді. Кейін, мосқалданған

шақта, Суранжаб сырхат болды, балалары жастау болды...

— Халықтың қараңғы кезінде нелер ескіліктер болды ғой шырағым,— деді Бөстекбай қабағын шытып ап.— Қалмақтардың дінін «будда» дейді ғой; олардың ескі салтында, өліктің денесін итке тастау деген болған. Ондай жайды өзіміз талай рет көрдік. Одан да сорақысы, қартайған кей адам, «енді дүниеден бездім» дейтін еді де, азғантай ғана азығымен, көшкен елдің жұртында қалатын еді, оны қасқырлар мен жыртқыш құстар талап жейтін еді. Бұл «будда» дініндегі сопылықтың бір жолы.

— Білеміз...

— Әлгі менің досым Суранжаб қартайып, сырхат қажытқан кезде дүниеден тояды да, «енді мен өлем» деп, аулының көшкен жұртында қалып қояды. Сол хабарды, біздің ауылға кеп қоңсы қонған туыстарынан естідім де, досыма жаным ашып кетіп, «қалды» деген жеріне қос атпен аттандым. Суыт жүрген адамға екі-үш күндік жер еді. Ат қинап асығып барсам, досым әлі тірі екен. Бірақ сусаған, ашыққан, халы біткен, алып барған сусыным мен азығымды беріп, есін жинаған соң хал жайын сұрасам, аз күнде басынан аса ауыр күнді өткізген екен...

— Ия?! — дедік біз еленděп.

— Бұл маңайдың кісі жеп үйренген ит-құсы батыл келеді, қарусыз оңаша кісі кездессе бассалатыны болады, әсіресе, шамалары тез келетін кәрі-құртаң, балашаға сияқтыларға бірден тап береді. Ал солар оңаша қалған Суранжабты да тарпа бассалмақ боп ұмтылады. «Батырға да жан керек» дегендей, сопысынып, ит-құсқа тірідей жем болам деп ай-далада жалғыз қалғанымен, жыртқыш аңдар тап бергенде, жан керек болған Суранжаб, тұра сала қару қылады. Бірақ, маңында кесек тастан басқа ешбір құрал жоқ. Жанталасқан Суранжаб, қасқырлардың анталап келген тобына тас лақтырып, маңына жолатпайды. Оның балуан қолынан тас тиген аң, енді қайтып еркінсімейді... Ұзын сөздің қысқасы,— талатпауына көздері жеткендей болған қасқырлар, әлденеше ұмтылып беті қайтқаннан кейін, біраз уақыт төңіректей шауып ұлиды да, біртіндеп бытырайды. «Сол кезде төбемде айнала ұшқан қарақұстар мен құзғын-қарғаларды көрсең,— деді Суранжаб,— санап есебіне жетпес ең! Қасқырлар талай алмаған соң олар да қона қалуға бата алмады».

— Сонымен, сол Суранжабты қайттіңіз? — дедік біз асығып.

— Жасырып ауылға алып келдім.

— Неге жасырдыңыз?

— Будда заңы бойынша, ондай адамдар не өзі өлмесе, не аңдар талап жемесе, діңшілдер күнәлі кісіге есептейді де, қолдарынан азаптап өлтіреді.

— Жасырғаныңызбен білмей қоя ма?

— Өзім де соны ойлап қатты қысылдым. Біраз күн жасырып, бойына қуат біткен кезде совет жеріне шығарып жібермек болдым. Бірақ, ол мақсатыма жете алмадым...

— Неге?

— Ашыққан, аңдармен арпалысқан аз күн титығына жетіп қапты: қанша күткеніммен, оңалу үстіне мегдеп, бір жұмаға әрең жетті де, дүниеден көзін жұмды.

— Қалай көмдіңіздер бейшараны? Жұртқа білдіріп пе, білдірмей ме?

— Ет жақындары, тірідей алып келгенімді де біліп, астыртын араласып жүрген. Қалмақтарда өлген адамдарын өртейтін де салт болған. Суранжабты өртемей көмуге өзгелерінен қорыққан жақындары, таудың ішіне, жан көрмейтін жерге апарып өртемек болды. Өртелетін өліктің үстіне, ең жақын адамдарының май құйып тұратын әдеті болады. Кедей туыстары ондай майды таба алмайтын болған соң мен бір семіз ешкімді сойдым да, майын қуырып, досымның денесін өртеуге бердім...

— Өзіңіз де болдыңыз ба қасында?

— Болдым. Тасқа қойып, астына арша жағып өртейді екен де, тез жану үшін, үстіне май құяды екен. Мен ешкімнің майын ожаумен өз қолымнан құйдым. Сондықтан да туыстары менімен өле-өлгенше дос боп кетті. Жақсылығымды бір рет алдыма келтірді де олар.

— Ия?..

— Шэн Ши-цай кезінде, «үш аймақ көтерілісіне сен де қатынасыпсың» деп, оның жендеттері үйде отырған мені және тағы да бірнеше адамды ұстап, қараңғы машинамен Құлжаға алып кеткен. Менен бұрын әкеткен адамдарын азаптап өлтіріп жатқанын естіп жүргем. Сондықтан үйден туыстарға бақылдасып аттандым. Енді өлдім деп келе жатқанда, «Талқы асуы» аталатын тар, қиын жолдың түсе берісінде, машинаны әлдекімдер

тоқтатып, бізді шығарып алды. Түн. Қарулы адамдар. Кім екені белгісіз. Олар жендеттердің қаруын сыпырып, бәрімізді тау арасына алып кетті де, былай шыға жендеттерді өлтіріп, жан білмейтін сайға құлатып көміп кетті. Сонда ғана білсек, құтқарып алғандар — Шэн Шицайға қарсы боп тауда тығылып жүрген қазақтар мен қалмақтар екен, ішінде Суранжабтың екі баласы бар. Олар бізді жендеттер алып кеткенін біліп қап, алдымызды тосыпты. Содан кейін, қашан азаттық болғанша мен солардың арасында болдым, шырағым; сөйтіп ажалдан аман қалдым.

— Қалмақтардың сол әдеті әлі де бар ма? — деп сұрадық біз.

— Қайдан болады ол? Халықтық өкімет халыққа залалды істердің бәрін де тиып жатқан жоқ па? Жаңа жолмен, социализм жолымен өркендей бастаған жоқпыз ба енді?

— Дұрыс, ақсақал!

Сол кезде шатырға қырбық қара мұрты бар, ақ киіз қалпағы ғана қазақша, өзге сәнді киімі европаша, биік денелі, көркем кескінді қазақ жігіті кіріп келді.

— Ә, Әділхан, жоғары шық! — десті оған үйдегілердің кейбіреуі. Амандасып төрге отырған оны ауыл адамының біреуі:

— Шыңжаңда «Монғол автономиялы облысы» деген бар, орталығы осы арадан алпыс километрдегі Бұратала қаласында. Облыста қалмақтар мен қазақтар аралас. Мына Әділхан Мәзжанов деген жігіт сол облыстағы саяси комитет председателінің орынбасары,— деді.

Әділхан «Ақбайталда» ашылып жатқан жәрмеңкенің басқарушысы екен. Ол бізді базаршылар атынан қонаққа шақыра келіпті. Онсыз да барғалы отырған біз, екіүш машинаға тиелдік те тартып отырдық.

Базар аса қалың екен: жан-жақты қоршаған жасыл таулардың сол бір тұсындағы, көлемі он-он бес шаршы километрдегі жазыққа адам мен олардың жайылған көліктері симайды.

Әділхан Ыртай аулының адамдарына «сіздер қонақтарды ала келерсіздер» деген де, өзі бізден озып кеткен. Оның ізін шала қалың топқа біз де таяна берген шақта, әртүрлі құралдан тартылған музыка даусы естілді. Бері қарай жапырылып келе жатқан қалың топ, біз шетіне кіре қақ жарылып жол берді. Алдымызға қарасақ, көп-



Үрімші маңындағы қазақ жайлауы.

шіліктің орындауында оркестр ойнап тұр. Біз оларға жақындай машинадан түстік те, қарсы жүрдік. Манағы Әділхан солардың ішіне қосылып қалған екен. Осы бір тұсқа көлденең арба тартылып, үстіне кілем жабылыпты.

— Бұл не? — дегенде,

— Аздап митинг жасағымыз келді,— деді Әділхан.

— Неге?

— «Үгіт-насихат» деген де ісіміз бар емес пе? Бүгін базар ашылатын күн. Әлі ашылған жоқ.

— Неге? Мезгіл түске тармасып қалды ғой.

— Бола берсін. Біз — қытай халқы совет халқын аға тұтамыз. Сіз совет халқының уәкілісіз. Сондықтан базар қақпасының қызыл жібін сізге қидыруды ұйғардық. Оның алдында, мына арба үстіне шығамыз да, базарға жиналған халыққа аздап сөз айтамыз. Жүріңіз!

— Мақұл.

Арбаға шықсақ, айналамызда әртүрлі киімді, әртүрлі халық екен. Киімдеріне қарағанда, оркестр адамдары да әр ұлттан құралған.

Әділхан шешен екен. Даусы да қоңыр, ашық. Әуелі қазақша, одан кейін қалмақша қызына айтқан сөзінде ол қытайдағы халықтардың достығына, Совет пен Қытай достығына бірталай тоқталып, соңғы сөзін: «Жасасын, ұлы Қытай халқы мен ұлы Совет халқының мәңгі-

ге мызғымас достығы!» деп бітірді. Шапалақ ду ете түсті!..

Бірер күн бай базарды да, Сайрам маңындағы қазақ пен қалмақ ауылдарын да аралап, қызық-қызметін көргеннен кейін, біз Құлжаға жүріп кеттік. Сайрамды қоршаған таудың Құлжаға түсер асуын «Талқы» дейді екен. Өзі биіктен төменге құлдырай түседі екен. Жол беретін жыраның аты — «Кең сай». Оның өнбойы қалың орман. Талқы асуының қыр арқасынан түсерде Бұқара машинаны тоқтатты да маған:

— Егер рұқсат етсеңіз, Таңжарықтың Шэн Ши-цай азабынан құтылып келе жатып, осы Талқы асуын көргенде жазған өлеңін оқып берейін,— деді.

— Хұп,— дедім мен. Ол оқи жөнелді.

Көп заман көкірекке шер байланып,
Еріксіз елден алыс жерді айланып,
Адасқан туған жерден шерлі Тәкең,
Сәләмат жеті жылда келді айланып.
Оң қолын қолтығына тығып тұрып,
Көз жасын тамшылатып сығып тұрып,
Елімен амандасқан сөзі мынау,
Талқының кезеңіне шығып тұрып:
— Аман ба, туған жерім еліменен,
Жолдасым, қимас тату құрбыменен,
Өзбек, қазақ, қырғыз, ұйғыр, татар
Орыс, дүнген, сібе һәм моңғолменен.
Ақсақал, амансыз ба, аталарым,
Бар болса кешіріңіз хаталарым.
Алдыңа қол қусырып келді балаң.
Қабыл боп қалыс дұға-баталарың.
Барсыз ба дұға-тәйім шешелерім,
Қамығып қалып едің нешелерің,
Ағызып ақ сүтіңді емізумен
Өсірген аналарым кеше менің.
Жүрсіз бе сау-саламат ағаларым,
Жарасқан етек-жеңге жағаларым,
Мәлім боп жеті жылда қалған шығар,
Қаншалық арзан, қымбат бағаларым.
Барсыз ба махаббатты жеңгелерім,
Естіліп қуантты ма, мен келерім,
Алысқан аймалақтап мазаңды алып,
Айналып тағы келді делбелерің.
Барсыз ба қимас тату құрдастарым,
Екі күн көре алмасам тұрмастарым,
Секілді тай мен құлын арпалысқан,
Жаны бір, қаны аралас сырластарым.
Барсыз ба жал-құйрығым інілерім,
Кім білсін басқа пәле ілінерін,
Ұшсам қанат, ұстасам қолым сендер,—

Байқадым осындайда білінерін.
Сүйікті, амансыз ба, келіндерім,
Иілген бетін басып керімдерім.
Елестеп кеп алдыма тұрғандайсың,
Сәлем ғып күбірлеген еріндерін.
Сәлемат ержеттің бе балаларым,
Ой тоқтап, орнықты ма саналарың.
Есімнен ертелі-кеш қалмаушы едің
Уалиқан, Шапай менен Сараларым.
Бір күңгірт еді маған қалың бүркеу,
Ел-жұртты тірі көріп араларым,
Бас нем тағзым етіп барлығыңа,
Жазылды, аман көріп, жараларым.
Көрсем деп, ұмыт болды, шөлдеген күн,
Серпіліп баста тұрған қараңғы түн,
Ал хайыр, үлкен-кіші ыриза бол,
Қайырлы, құтты болсын көрмеген күн.
Жазылмай жеті жылдай шырмалған тор,
Хасірет қазанында қараңғы ор,
Есіме елден бұрын сен түсуші ең,
Сондықтан туған жерім қымбатың зор.
Қанбаған қызық күлкі ойыныңа,
Еркелеп қолды салып мойныңа,
Сағынып ақ сүтіңді ана сенің,
Тентегің тағы кірді қойныңа.
Құтылдым өлмей улы үш ағымнан,
Бауызда енді өзің пышағыңмен,
Бер шетін сырмағыңның, аш қойнынды,
Шығарма мұнан былай құшағыңнан.

Бұқараның әйелі Сара — Таңжарықтың туған қызы екені есімізде. Ол бұдан тоғыз жыл бұрын опат болған әкесінің абақтыда жатқан ауыр халін де, одан құтылған қуанышын да есіне түсіргендей, жылап тұрды...

Құлжа Сайрамнан тоқсан километр екен. Батысқа беттеп аққан тас жол, 45 километрде Лаусоғұн аталатын ұйғыр изасынан айырылады екен де, оңы — батысқа, біздің шектегі Қорғасқа, солы —шығысқа, Құлжаға тартады екен.

Түсте келіп, мейманханаға орналасқаннан кейін Құлжа қаласын аралап көрсек, ұйғырдың басқа қалаларынан айырмасы азғантай. Әдеп-ғұрпы да сондай. Құлжада бұдан жүз жыл бұрын болған Шоқан Уәлиханов: «Көшеде жұмыссыз шұбырғандар көп,.. аштан өліп жататындар да аз емес... әсіресе қытай жұмыссыздары... Басқа ермегі жоқ ұйғырлар, күн-ұзын шайханада отырып, ағашқа байлаған аш аты қабық кеміреді... Шайханаларда жезөкше әйелдер көп...» деп жазса, кәзіргі Құлжада ондай сорақылықтың бірі де кездеспейді.



Құлжа қаласындағы Исхақбек атындағы клуб.

Бүкіл Қытай мемлекетінің адамдары сияқты, бұндағы халық та түгелімен еңбек атқару ісінде. Қаланың ескі, азиялық үйлерінің арасына азаттықтан кейін зәулім сұлу үйлер өсіп қалған, бұрынғы шаң көшелердің орталық тұстары кәзір асфальттана бастап, жүруге болмастай ыбырсып жатыр. Енді бірер жылда мұздай жылтыраған тамаша көшеге айналатын түрі бар. Азаттықтан кейін кейде аспанда әлдеқалай болған апаттан Шыңжаңның Ахмеджан Қасыми, Исхақбек Мони, Әбдікәрім Аббаси, Дәлелхан Сүгірбаев, тағы-тағы бірнеше елеулі қызметкерлері (барлығы 26 адам) апатқа ұшыраған екен. Олардың қабырына Халықтық өкімет қалалық бақша ішінде там соқтырып, аттарын тасқа алтынмен жаздырған.

Қала сыртынан біз, «Жоңғар хандығының астанасы болған қала» деген Күрені көрдік. Айналасы сепілмен (қорған) қоршалған, тозығы жеткен азиялық қала екен; Сүйдің атты, көп үйі қираған ескі қала, ұйғырдың атақты халық батыры Садыр-палуан 1864 жылы манчжурлардың қысымына қарсы көтеріліс жасағанда, төрт-бес жыл көтерілісшілердің қолында болғанға ұқсайды. Қала сонда, қорғану кезінде қираған. Көтеріліс қан-жоса

боп басылғанда, колға түскен көтерілісшілерді де, олардың бастығы Садыр-палуанды да манчжурлар осы Сүйдіннің қамалына жапқан. Ол жайда, әсіресе Садыр-палуанның хикая сияқты ерлік істері жайында, тұрғын, ел аса көп қызғылықты әңгіме айтады. Қаланың терiскей жақ шетінде «Айранбағ» аталатын кең көлемді жеміс бақшасы бар екен. Бұл — фарсылардың ертегіде «Иран-бағ» аталатын сөзінен шыққан. Кейін, қырқыншы жылдардың орта кезінде, «Үш аймақ» аталатын қазақ өлкелері Шэн Ши-цайға қарсы көтеріліс жасағанда, оның қазақтардан жеңіліп қоршауда қалған әскері осы Айранбағқа паналап, алты ай бойына берiспей тұрған.

Құлжалық достармен, әсіресе жазушылар, артистер, мұғалімдер, баспасөз қызметкерлері сияқты адамдармен бірнеше рет мәжіліс құрғаннан кейін, бізді қаланың солтүстігіндегі таудың «Көккамыр» аталатын жайлауында отырған қазақ ауылдары қонаққа шақырды. Оған біз екі машинамен аттандық. «Жоғарғы Пәжін», «Төменгі Пәжін» аталатын ұйғыр изаларын баса жүрген біз (әрқайсысында әлденеше мың үй бар үлкен, орманға, бақшаға бөленген салтанатты изалар екен), олардан әрі тауға киліктік те, «Шапқан жота», «Тура су», Ламбура», «Қайшы» аталатын аса қиын және биік асулардан мықшия өрлеп әрең өтіп, тау жотасындағы жазықта отырған қалың ауылдың ішінен Сұлтан Күшікбай ұлы деген дөңгелек дәулетті, бірақ «жер қарып, көпті көрген» адамның үйіне түстік. Бұнда да қалың адам жиналып, мәжіліс көңілді болды.

Өткен-кеткен әңгімелерге бұл арада ең жүйрік адам — Әсейін Жақсылық ұлы деген қарт мұғалім екен. Ол қызғылықты түрде айтып отырған әңгімелердің ішінен, қазақтың атақты әншілері мен ақындарының бірі Әсет келіп шықты.

Сөзі «Әсеттей сал, ән салсаң» деп басталатын тамаша әнді бүкіл қазақ халқында білмейтін жан жоқ десек, артық айтпаған болар ек. «Әсет» аталатын аса биік, аса назды ән, өзінің тамаша көркемдігімен қазақ халқын ұйытуымен қатар, «Ер Тарғын» операсында да халық айтатын хор ретінде кірді, Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» атты пьесасының соңғы вариантында Кебек пен Еңлік өлер алдында, хоштасу ариясы есебінде айтады.

ған Әсет, туысы Россияда (Семейде) болғанымен, өсе келе Қытайдағы қазақтар арасына кетті деп есітетінбіз. Міне, енді сол Әсет алдымнан шықты, бірақ тірі шықпай, өлі шықты!..

Бұл уақиғаны баяндардан бұрын, оның өмір-баянын қысқаша шолып өтейік.

Әсет Наймантай ұлы кәзіргі Семей облысының Қаркаралы ауданында 1864 жылы туады. Руы Қаракесек, оның ішінде Майқы. Әкесі Наймантай шағын шаруалы, белгісіз адам екен. Бала шағында Әсет Семейдегі дін медіресесіне оқуға беріледі де, қаражаты жоқтықтан, он бес жасында медіреседен шығады. Ол жас күнінде «әнші бала» атанған екен дейді. Медіреседен шыға, осы өнердің соңынан түскен ол, елде атақты әншілердің бірі бола бастаған соң, сол кездің «игі-жақсысы» аталатын адамдары үйіне шақырып, мәжілістерін көркейттіретін көрінеді. Осы шақта Әсет Абайдың қолында да біраз уақыт тұрып ән салған. Абайдың жақсы ән мен жақсы әнші туралы жазған өлеңдеріне Әсет те ортақ деген сөз бар.

Осындай атақты әнші және ақын боп жүрген Әсет, 1916 жылдың дүрбелеңі кезінде Қытай жеріне ауып кеткен ауылдармен бірге кетеді де, сонда тұрақтаған елмен бірге, өмірінің аяғына дейін қалып қояды. Қытай жерінде де Әсет ән мен өлеңді күйттеп, шаруа бақпайды, әйелі мен балалары азғантай ғана малмен күн көріп, өзі қай жерде ойын, той болса, сонда өлең, ән айтып сауық құрумен болады.

Ән үлгісі жағынан Әсет атақты Біржан-салдың шәкірттерінің бірі еді деседі. Онысы рас та сияқты. Егер Біржан:

Аққумен аспандағы ән қосамын,
Шығарсам ащы күйді түптен тартып,—

десе Әсет те:

Аспанның аясында ән шалқытқан,
Бұлбұлмын дауысым көкте дамылдаған,—

дейді. Біржанның әндері сияқты, Әсеттің әндері де аса биік, аса ырғақты, қайырымы қиын болған. Сондықтан оның әндерін үйрену де қиын еді дейді. Оған Әсеттің өлер алдында айтқан өлеңінің мына бір жолдары да куа:

Бозбала осы әнімді үйренерсін,
Ырғаққа келтіре алмай күйзелерсін,
Асау ән жетегіне жүрмеген соң,
Біріңнен бірің көріп сүйрелерсін.

Әсеттің «Әсет» аталатын атақты әнінің сөзін әдетте біз Илияс Жансүгіровтікі деп ойлаушы едік. Илияс осы әнді өте жақсы көретін еді, сондықтан мәжіліс болған жерде өлең айтуға тура келсе, алдымен «Әсетті» айтатын еді және барлық ықыласын сала, барлық сезімін жұмсай айтатын еді. Сонда:

— Сөзі кімдікі? — десек,

— Негізі Әсеттің өзінікі, мен тек біраз өңдедім,— дер еді. Онысы рас екен. Илияс айтатын өлең:

Әсеттей сал, ән салсаң, әсерлетіп,
Делебені қоздырып дәсерлетіп,
Даусым дауыл, сөзім жел, үнім ескек,
Басылайын ойнақтап, аз желдетіп,—

деп келсе, Әсеттің өз қолынан жазылып, ол өлгеннен кейін, 1945 жылы Сарсүмбе қаласында (қытайлық) басылған кітапшасына кірген бұл өлеңнің сөздері төмендегідей екен.

Арғынмын, атым Әсет, арындаған,
Арындап ән сала ма дарымаған,
Аспанның аясында ән шалқытқан,
Бұлбұлмын дауысым көкте дамылдаған,
Көмекей көк қапысын әнмен ашса,
Төгіліп меруерт, маржан сауылдаған,
Тұлпармын топтан озған, тосырқаман,
Шаршы топ, қарыс жерім жоқ шабылмаған,
Жорғамын, жортарманмын жұрттан озған,
Майдамын майда желіс мамырлаған,
Жұртымның аса қызу жиынында,
Бұл кезде ән алдыма салынбаған.
Ән салсаң өзімдей сал аңыратып,
Жайлантып, мамырлатып, қоңырлатып,
Аққудай аспандағы әнді өрлетіп,
Қондырып қоңыр қаздай мамырлатып.
Боздатып саулы інгендей, күңіреттіп,
Нөсердей көпір төккен жауындатып,
Қазандай қарсы соққан дауылдатып,
Қамыстай дауыл жыққан сауылдатып,
Соқтырып ай астынан алтын күрек,
Қақтырып бұрқақтатып, қағылдатып,
Жүйткітіп, сонарлатып, саяттатып,
Қырандай қыр жонында шаңқылдатып,
Жүгіртіп жүрдектетіп, жорғалатып,
Аңқытып аңқылдатып, ағындатып,

Қаусырып қағып түйіп, төгіп әнді,
Қайырып қалтылдатып, қалтыратып
Ән салсаң әсеттей сал әсемдетіп,
Қоздырып делебені дәстерлетіп,
Шырқатып шығандатып, шалықтатып,
Шапшытып шүмектетіп, нөсерлетіп.
Талдырып талықсытып, тамылжытып,
Орғытып орағытып, баса өрлетіп,
Самғатып саңқылдатып, зар жылатып,
Ұрынтып өршелентіп, бәсеңдетіп,
Серпілтіп сумаңдатып, сексең ырғап,
Қырық қарпып, тоқсан толғап, бес өрлетіп.
Қарқынды ән қан қайнатып, жүрек жұлып
Жан жалмап, көңіл тербеп әсерлетіп,
Сүйріктей сурылтамын ән сұлуын,
Тілін бал, сілекейін шекерлетіп,
Сарайым сабам,— қоям пісіп-пісіп,
Құйдырған ән қымызын ой кернетіп,
Сөз — жаңбыр, даусым-дауыл, әнім-ескек,
Ойнақтап басылайын аз желдетіп.

Бұл өлеңдерден, оған қосып айтатын әннің де қандай екендігі айқын сезіліп тұр. Әсет шығарған ән өте көп көрінеді, қытай қазақтарының әншілері оларды түгел білетін көрінеді және «үйренуі қиын» дегенмен, жақсы орындайтындар да аз емес көрінеді. Қазір ол әндер нотаға түсе бастапты.

Әсет, әншілігінің үстіне, ірі ақын да болған. Ол ауызша суырып та салады екен, қағазға да жазады екен. Оның «Сәлима — Сәмен», «Ағаш ат — қызыл табан» атты поэмаларын, Ырысжан қызбен, Қәрібай ақынмен айтыстарын, Ақет, Дәуіт деген адамдарды мысқылдап шығарған өлеңдерін, тағы басқа шығармаларын жатқа білетін адамдар қытай қазағында көп екен.

Ақындығымен, әншілігімен халыққа осынша мәлім Әсет, бертін кезде суық тигізіп тамағын ауыртып алады да, сонысы ұстамалы боп, салқын нәрсе ішсе даусы қарлыға қалатын болады. Медицина тілімен айтқанда, бұл үзілмейтін ангина болу керек. Даусына сондай дақ түскенмен, халық алдында ән салмауға мүмкін емесін көрген ол, қарлыққан дауысын мүсәтір ішіп ашады екен.

Бір сәтте, яғни 1923 жылдың жазында, ел аралап жүрген Әсет, біз жоғарыда атаған «Көккамыр» жайлауына барады да қазақы боп кеткен татар байы Апари хажы дегеннің үйінде қонақта болады. Сол арада уақтүйекпен сауда қылатын бір адам жүреді. Ол дәрі-дәрмек те сатады екен, соларының ішінде Әсет ішетін мүсә-

тір де, піштірген малға қолданатын алмас та болады екен. Әсет содан мүсәтір сатып алғанда, әдейі ме, әлде жаңсақ па (жұрт екеуіне де жориды, «Әсетке ептеп қасастығы да болған еді» дейді), мүсәтір порошоктарының арасына алмастың да бірер порошогін қосып жібереді. Соны абайсыз ішіп қойған Әсет, өтіп кеткен соң ғана біледі де, сүт ішкенмен айықпай, маңайда жәрдемші дәрігер болмай, удан өледі. Халық оны қатты қайғырып, жаназасына қалың ел түгел қатынасады да, «Көкқамырдың» «Жалғыз қарағай» аталатын жеріне көмеді.

Уланғанын, одан жазылмасын білген Әсеттің өлер алдында жұртпен қоштасып жазған өлеңі төмендегі екен:

Болжаусыз осы екен ғой өлім деген,
Күн бұрын көзге келіп көрінбеген.
Артыма сөз қалдырмай ала кеттім,
Айғайға қайран даусым ерінбеген.
Абайдай арт жағына сөз қалдырып
Жақсы еді-ау, әттегене-ай, өлу деген.
Ертең жазып, бүрсігүн бітірем деп,
Баянсыз тіршілікке сенуменен,
Қатын, бала асырау амалында
Кеттім-ау үнемі көңіл бөлуменен.
Менен сорлы ақында өтті ме екен?
Бір сөзі баспа орнына берілмеген?!
Осымен өмір бітті, дәм таусылды,
Ішімде көп сөз кетті-ау терілмеген.
Тіршілікте әрекет етпеген соң,
Сүйектен не шығады кебіндеген?
Жолықтым дәм таусылар уақтысына,
Өлімнің мейірімсіз қаттысына.
Ажалды ақша беріп сатып алып,
Кездестім надан елдің бақсысына.
Ажал ма, арманда ма,— қалайша өлем?
Білетін дәргердің жоқ жақсысы да,
Алмасты мүсәтір деп татып алдым,
Дерт шалды өне-бойды, жатып алдым.
Құдайдан тура келсе арманым не,
Ажалды ақша беріп сатып алдым.
Алашқа атым шыққан Әсет ақын,
Өлеңім — жан жолдасым маған жақын.
Аңыраған аспан-көкке асқақ әнім,
Саған да уақыт жетті қарлығатын.
Бозбала осы әнімді үйренерсің,
Ырғаққа келтіре алмай күйзелерсің,
Асау ән жетегіне жүрмеген соң,
Біріңнен біріп көріп сүйрелерсің.
Ішінде өсіп-өндім қызай елдің,
Жерлерін Көнес, Текес мекендедім.
Дүниенің қызығына тоямын деп,

Көз жұмдың бақыр Әсет, бітті демің.
Өлеңмен атақ жайдым оң мен солға,
Бір алла сапарымды өзің оңда,
Дертке дәрмен, көңілімнің гүлі болған,
Осы өлең адастырды-ау ақтық жолда.
Ел-жұртым, аға-іні, көңіл қосым,
Бәрібір мейлі дүспан, мейлі досым,
Артымда тірі қалған үлкен-кіші
Бәріне ақтық рет айтқан қошым.

Осы қайғылы оқиғаны естігеннен кейін мен жергілікті адамдардан, Әсеттің қабырына апаруды өтіндім.

— Мақұл! — десті олар.

«Құрбан айыты» болып жатқан күн еді. Дінге сенетін ол араның халқы лек-легімен ауыл-ауылды аралап айттап жүрген. Көпшілігі — салт. Сұлтан Күшікбаев пен Әсейін Жақсылықов бастаған біз, салт атпен Әсеттің қабырына жөнеле беріп ек, көпшілігі бізбен кешеден бері амандасып шыққан айтқаушылар, жан-жақтағы ауылдардан қаптай ерді. Бұл қалың топтың ішінде, тайға мінген балалардан бастап қарт адамдарға дейін, әр жасты, әр жыныстағы адамдар түгел деуге болады. Кеше осы маңда Пекиннен келген, жалпы саны жүзден астам туристер жүрген, бәрі де жастар және Қытай мемлекетіндегі әр ұлттан құралған ұлдар мен қыздар. Бізге жолдан олар да қосылды.

«Жалғыз қарағай» дөңестеу жазық жерде екен. Ол арада жалғыз жуан қарағай өскен екен. Бұрын да осы қарағайдың төңірегіне әлдекімдер көмілген. «Белгілі орын» деп жұрт Әсетті де сол араға жерлепті де үстіне оба ғып тас үйіпті.

Күн-бұрын әдейі келісіп қойған ба, әлде өз беттерімен келді ме — халық «Жалғыз қарағай» төңірегіне өте көп жиналды. Әсейін сол арада биікке шығып, халыққа қысқаша сөз сөйледі.

— Чан Кай-шидің гоменданы билеп тұрған кезде,— деді ол,— мұншама қалың топ боп жиналмақ түгіл, екі адамның басы қосылса, «Чан Кай-ши адамдары келіп қалмасын» деп үшінші адамды қарауыл қоюшы еді, жиналудан, ойын-күлкі дегеннен айырылған ек. Енді, міне, Қытай Коммунист партиясының, председатель Мао Цзэ-дунның бастауымен құрылған Халықтық өкіметтің тұсында жиналатын да болдық, ойнайтын да, күлетін де болдық...

— Біз,— деді ол қызына сөйлеп,— кәзір «әні аспан-

да дамылдаған» асқақ әнші, халықтың қадырлы ұлы — Әсеттің қабырының басында тұрмыз. Азын-аулақ қонақтар болмаса, өзгеміз осы маңда туып-өскен жұртпыз. Адалдықтарыңды айтыңдаршы, осы араға осынша көп жиналған халықты көргендерің бар ма?

— Жоқ! — деп жұрт ду ете түсті.

— Ендеше, мұншама халықтың жиналуы да азаттықтың жемісі!

— Рас!..

— Дін салтын құрсақ, Әсеттің қабырына аят оқуымыз керек еді. Мен аят орнына, екінші ұсыныс айтқалы тұрмын. (Халық елендей қалды). Әсет әнін бірен-саран әнші болмаса, аздаған топ болмаса, қалың ел қосылып айтып көрген емес. Жоқшылық пен надандықтың шырмауында өлген ақынды еске түсіріп, оның бір әнін қосыла айтсақ қайтеді?..

— Айтамыз! — деп ду етті халық.

— Қайсысын?

— «Әсетті!»..


— Дұрыс!.. Болсын!..

— Менің әнші емесімді өздерің де білесіңдер,— деді Әсейін қалың жұртқа,— сонда да осы әнді жаман дауысыммен өзім бастағалы тұрмын.

— Мақұл!..

Әсейін «Әсеттей сал, ән салсаң...» деп бастай жөнелгенде, қалың жұрт дауыстарын қоса, қостай, жөнелді. Мен де қосылып кеттім. Туристерге қарасам, әнді біліп тұр ма, әлде ән айтушылардың ыңғайына қарап дауыс қосып тұр ма,— олар да ауыздарын кең аша, қалың көпке үн қосады. Бұл тұтаса шыққан қалың және күшті үн маған, кәзіргі азат Қытайдағы азат ұлттардың тұтасқан шаттық үні сияқтанып кетті. Шат халық қызынған сайын, ән күшейе түсті!..

Жаса, достық жайлауы!





БАЙ ХУА ЦИФАҢ

[ЭПИЛОГ ОРНЫНА]

Құлжадан мен өз Отаным — Совет жеріне беттеп, июль айының 21-і күні түсте аттандым. Қытай мемлекетінің шегіне мен өткен май айының 22-сі күні Иркут жағынан кіргем, енді Шыңжаңдағы біздің консулдың[1] визасы[2] бойынша, ертең Жәркент жақ шегінен өз отаныма шығуға тиістімін, сонда мен Қытай жерінің топырағын алпыс күн, яғни дәл екі ай басқан болам.

Қытайдың біздің шекараға ең таяу қаласы — Қорғасқа (орысша — Хоргос, қытайша — Чипанзе) біз тез жетіп қалдық, өйткені, біріншіден, Құлжа мен оның екі арасы тоқсан-ақ километр жер екен, екіншіден, тас төселген жол өте тегіс екен.

Егер еркіме салса мен Қорғасқа тоқтамай-ақ, «ол арадан бес-ақ километр» деген өз жеріме ағып өтіп кетер едім. «Неге?» дейсіз ғой, құрметті оқушы. Оған жауап: сүйген қызының аулына жақын кеп қалған жігіт, сүйген жарының аулына жақын кеп қалған ер, сүйген балаларының аулына жақын кеп қалған әке я шеше, сүйген немерелерінің аулына жақын кеп қалған ата я әже, егер жетуге мүмкіндігі болса, алдында магниттей тартқан ауылға жетіп қонбай тіріде шыдар ма?..

---

[1] Елшінің.
[2] Рұқсаты.

Туған жер ше? Туған ел ше? Оның қымбаттығы мен ыстықтығын жырламаған ақын бар ма? Оны сағынбайтын жан бар ма?!

Құлжадан өз жеріме, өз еліме қарай беттеген сағаттан бастап менің бойыма оралған осы сезімді, визада қойылған «22» номерлі цифр еріксіз тұсап, көңіл ілгері сүйреп лепіргенмен, Қорғасқа амалсыз қонуға тура келді. Көшелерін аралай жүріп кеп мейманханасына түскен Қорғас, азиялық үлкен деревнялардың бірі екен. Оны аралауға менде ықылас болған жоқ. Бірақ күн әлі ерте. Ендеше не істеу керек?

Жергілікті адамдардың айтуынша, Қорғастың теріскей жақ бетінде төрт- бес километр ғана жерде, Ақсақ-Темір Көрегеннің ұрпағынан шығып, «Ақ-орда» аталатын хандықтың он төртінші ғасырдың аяғында, он бесінші ғасырдың басында әмірі болған атақты Құтлуг-Темірдің «Алтындық» аталатын бір ордасы болған. Құтлуг-Темір сол ордада өліп, туыстары оны Алтындық қасына көмген де, кейін оған және оның қайтыс болған сүйікті ұлына қатар екі мазар тұрғызған. Орданы кейін, жауласқан елдер қиратып, орнында тек үйіндісі ғана қалған, оның қасына орнаған изаның аты да Алтындық; мазарларға жау тимеген, сондықтан, жауыншашын сияқты табиғат құбылысы біраз мүжігенмен, қаласы әлі күнге дейін ескі күйінде сақтаулы.

Бұл әңгімеге мен елігер ме едім, жоқ па еді, (өйткені, арғы қалың хансудың ішінде де, бергі — Шыңжаңда да талай түрлі мазарларды көрдім ғой, бұл да, азар болса, солардың бірі сияқты шығар), егер Құтлуг-Темірдің мазарына байланысты тағы да бір қызық оқиғаны естімесем.

Чан Кай-ши өкіметінің әл ауқаты нашар болғаны, империалистерге сатылып күн көргені, қаражаттан қысылып бара жатқан шағында халықтың қымбат мүлкіне қол салып талағаны есімізде. Мәселен, «Қытайдың қымбаттары» деген тараудың «Жаннан да қымбат мүлік» атты тармағында, Чан Кай-ши өкіметінің қытай шеберлері пілдің жалғыз азуынан ойып жасаған аса өрнекті тоғыз қабат храмды Америкаға сатпақ болғаны — осыған байланысты қайғылы оқиға.

Чан Кай-ши осы талағыштық салтын Құтлуг-Темірдің моласына да қолданып, «оның қабырында алтын-

күміс сияқты қымбат металдар, қымбат тастар көп» дегенді естігеннен кейін, көрді ашпақ, ақтармақ болады. Бұл істі Чан Кай-шидің жергілікті әкімі генерал Я У-синь басқарады да, мылтықтың күшімен, тұрғын ұйғырлар мен қазақтарды мазарға айдап апарып, моланы қаздырады.

Мазар ішіне күйген кірпіштен томпайта жасаған моланың іргесі жердің тереңіне төрт-бес метрдей сіңіп, жалпы түрі киіз үй зәлтті боп жасалған екен дейді. Соның бір жақ қабырғасын сындырып көрсе, іші де кигіз үй зәлтті қуыс. Қуыстың ішін электр фонарының жарығымен байқаса, қоңыр түсті үлкен табыт тұр!..

Қуыстың ішіне кіріп осы табытты ашуға мола қазушылардың ешқайсысының батылы жетпейді. Я У-синь оларды ұрғанымен, «атамын, асамын» деп қорқытқанымен жұрт «не қылсаң да түспейміз» деп қасарып тұрып алады. Я У-синь одан да қатайып, бірер адамды жұрт көзінше өлтіртеді. Сонда да көрге ешкім түспейтін болғасын, «табылған қымбаттан мол сыбаға берем» деп дәмелендіреді.

Мола қазушылардың ішінде, Галиаскар есімді, жасы жиырмаға шыққан, делқұлылау қазақ жігіті бар екен. «Сыбағаға» сол ғана қызығады да, мылтық күшімен әлдекімдер көрдің ішіне электр фонарының жарығын түсіріп тұрғанда, табытты балталап бұза бастайды.

Биік, кең табыт емен ағашынан жасалып, сырты күміспен қапталған екен, күмісінің қалыңдығы екі елідей екен, бірақ ағашқа шегеленбей, бос қапталған екен.

Қаптаулы күмістің бір қабырғасын сөгіп алғаннан кейін, әміршінің бұйрығымен, Ғалиаскар табыттың ағаш қабырғасын бұзады да, қанша есер болғанмен, табыт ішіне кіре алмайды. Сөзбен қорқытудан іс шықпауын көрген жендеттер, Ғалиаскардың денесіне найза шаншы бастағанда, жаны ышқынған бейбақ, табыт ішіне сұп беріп кіріп кетеді.

Жарықпен байқаса, табыт ішінде сары-тап боп кеуіп қалған екі адамның денесі жатыр екен дейді, бірі — сақалды еркек, бірі — әйел; үсті-бастары қымбат металдармен, тастармен безенген.

Ғалиаскар жанталасып жүріп, сүрленген өліктерді табыт ішінен суырып шығарады да, үстіндегі қымбаттарын түгел сыпырады. Содан кейін табытты қаптаған

күмісті сыпырады. Жаланаш өліктер қабыр ішінде қалып қазып кірген үңгір бітеледі. Тысқа шыға Ғалиасқар табан аузында жынданып кетеді де, жалғыз шешесінің үйінде екі-үш ай байлауда жатып өледі. Оның құны қымбатқа түседі: Я У-синьнің қолына берілген, табытты қаптаған күмістің салмағы 22 килограмм, өліктердің денесінен тонаған алтын мен қымбат тастар бес килограмм болады...

Осы оқиғаны естігеннен кейін, әрі уақыт бар болғандықтан, әрі іш пысқандықтан, Құтлуг-Темірдің мазарына барып қайттық. Ол қалың бақшаның ішінде екен. Архитектуралық жағынан, Орта Азияда кездесетін өзге мазарлардың көшірмесі. Жоғарғы жабықтарын жаңбыр шайып саңлау түсіргенмен, қатар тұрған екі **мазарда әлі де жүздеген жылдарға шыдайтын берік.** Құтлуг-Темірдің Чан Қай-ши бұлдірген мазар ішіндегі моласын азаттықтан кейін тұрғын халық түзеп, бұрынғы қалпына келтірген. Оның үстіне жаугершілік заманның мұсылманша жазуы бар ала-құла тозған тулары жабылып, сойылдың басына қодастың қыл құйрығынан қадаған жалаулар[1] сүйелген. Тегі, тұрғын елдің діншілдері Құтлуг-Темірді әулие санайтын болу керек,— мазар ішінің әр жеріне байлаған әлем-жәлем шүберектер, садақаға тастаған ақшалар бар.

Мазар қасында естіген тағы бір әңгіміміз: бұрын «Алтындық» аталған, жаулар қиратып кеткен орданың ортасын жара кең арық ағады екен. Жағасын жыл сайын су кеміріп, арнасы өзгеріп отыратын осы арықтың жағасында 1948 жылдың жазында «Алтындық» изасының диқандары егін шаруасымен кетпен шауып жүрсе, Ибраһим есімді кісінің Исрафил атты он үш жасар баласы, су опырған бір жардың етегінен тот басқан үлкен күзе (құмырша) тауып алады. Баласы әрең көтеріп әкелген ауыр күзені әкесі серіктерінің көзінше ашса, іші лық толған алтын ділдә!

Ұзын сөздің қысқасы, осы көп алтынды диқандар өзара бөлісіп ала алмай дауласады да, ақыры, «итке

[1] Қазіргі индиялықтар сияқты, ерте заманда қазақ та сиыр тұқымдас жануарларға табынған ба деп ойлаймын, өйткені жаугершілік кезде, жауға қарсы аттанған олар, жалауын сиыр тұқымдас қодастың құйрығынан жасаған ғой.

жем боп» дегендей, Шэн Ши-цайдың жергілікті әкімі біліп қалып, ол алтынды сыпырады да алады. Өлшеп көрсе, сап алтыннан соққан, жазуы арабша ділдә — ақшаның салмағы бір пұт екен дейді!

«Алтындық» изасының адамдары бізді «дәм татыңыз» деп жібермей, әлдекімнің үйіне апарып қонағасы берді де, ымырт жабыла әрең босатты. Мейманханамызға келсек,жергілікті интеллигенция жиналып күтіп отыр екен. Олар түн ортасы ауа тарады да, менің тынығуыма оңаша бөлме берілді. Өткен таңда жол жабдығына әзірленіп ерте тұрғандықтан мана іңірде есінеп маужырай бастап ем, оңаша бөлмеге кіріп, төсегіме жата, сағынған жер, ел, үй есіме тағы да түсіп, ұйқым шайдай ашылды да кетті. Енді не істеу керек? Қанша асыққанмен таң атқанға дейін жол тұйық!

«Оразаға көшкен ермек» дегендей, ұйқысыз бақырайып жата беруге зеріккен мен, ұйқы келгенше алданатын ермек іздедім. Сонда есіме түскені — Қытай мемлекетін аралап жүрген күндерде жазған қойын дәптерлерім.

Орнымнан тұрып ақтарып көрсем, көрген-білген жайлардан алған әсерді қарындаш, қаламмен қысқаша түртіп алғанның өзінде ғана қап-қалың әлденеше дәптерді толтырып тастаппын. Соларға қарап жатып көрген-білгенімді еске түсірсем,— ұлан-байтақ дүние сияқты. Оның бәрін қорытуға, әрине, ұзақ уақыт керек.

Дегенмен, көрген-білген көп дүние туралы «қысқаша қайырма» деген болмай ма? «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» демей ме атам қазақ? Ендеше, мына дәптерлерге түртілген көп сөздің түйіні не?..

Ол түйін қойын дәптердің біреуінің 192-бетінен табыла кетті. Осы бетте қытай иероглифымен және орыс әрпімен: — «Бай Хуа Цифаң» деген сөз жазылыпты. Ол не сөз?

Қытайдағы социализм құрылысының жолдарында, мәселен, біздің Совет Одағындағы социализм құрылысының жолдарымен салыстырғанда, бірталай өзгешелігі барлығы жоғарыда толып жатқан дәлелдермен көрсетілді.

Совет Одағымен және социализм жолына түскен басқа мемлекеттермен тығыз достық қарым-қатынас

жасап, соларға арқа сүйеген Халықтық Қытай, ішкі өмірінде, егер қарсылық я қастық қылықтар көрсетпесе, социализм ісіне араласуға ықылас білдірсе, қанаушы таптардың адамын да пайдаланатыны бізге мәлім. Социализм құрылысына қатынасатын адамдарға Қытай Коммунист партиясының ұраны — «Бай Хуа Цифаң!»

Бұл сөздердің тура мағынасы: Жүз түсті гүлдің бәрі де шешек атсын!», ал кең мағынасы: «Әр гүл өз түсінде шешек атсын, әр құс өз үнімен сайрасын!». Бұның мағынасы не?

Халықтық Қытайда екі нәрсені істеу ғана заңмен қатты жазаланады, бірі — социализмге қарсы үгіт тарату, екіншісі — Халықтық өкіметке қарсы көтеріліс ұйымдастыру. Осы екеуінен басқа мәселе жайында ашық түрде пікір таластыруға бола береді. Қытай Коммунист партиясының осы мемлекетке бағынышты азаматқа айтары: «Сен пікір таластыра бер, бірақ не деп талассаң да шешімі тек қана социализмнің пайдасына асатын болсын!»

«Бай Хуа Цифаң» ұраны осыдан келіп шығады. Оның кең мағынасы «әр гүл өз түсінде шешек атсын, әр құс өз үнімен сайрасын» болса, оның мағнасы — сен социализмге өз бойыңдағы бар қасиетпен, яғни өз қолыңнан келетін іспен пайда келтір; осы істе іркіп қалатын іштенең болмасын, яғни бойыңда барыңша гүлден, дауысың жеткенше сайра!..

Бұл, әрине, тамаша ұран! Менімше, бұл ұранды Қытай мемлекетінің ішіндегі социалистік жарыс ісіне ғана емес, социализм жолына түскен мемлекеттердің, ол құрылысты тез аяқтап, коммунизм құрылысымен жалғастырып әкетудегі ісіне де, коммунизм құрылысын тездету ісіне де қолайлы ұран.


Осы ойлардың ішінде құлаштай, шаттана жүзумен таңның қалай атқанын да білмей қаппын.

Серіктерім оянып, сәскелікпен қаужалып алғаннан кейін, мені шекараға дейін шығарып салуға төрт-бес машинамен келген қытайлық достардың қоршауында, Отаныма беттеп аттандым.

Шекаралық қақпаның арғы бетінде, мені өзіміздің елдің біраз адамы тосып тұр екен, ішінде өз үйімнің де адамдары бар.

Біздер шекара қақпаның астында тұрып хоштастық. Сонда біздің де оларға айтқан соңғы сөзіміз, олардың да бізге айтқан сөзі,

— Бай Хуа Цифаң!..



16 февраль, 1959 жыл.
Алматы

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ ТАРАУ

ҚЫТАЙҒА САЯХАТ

I. Қытайға құмарту себебім 5
II. Туған жердің тұлғасынан 10
III. Монғол аспанында 17
IV. Алып астана 19
V. Алғашқы көпір 26
VI. Қытайды қыдыру 32

ЕКІНШІ ТАРАУ

I. Қытайдың ұлы қамалы 39
II. Миннің моласы қайда? 50
III. Тиыштық көшелерінде 56
IV. Қытайдың кейбір кереметтері 77
V. Цюй Юань кім? 81
VI. Тілсіз түсініктер 88
VII. Жаннанда қымбат мүлік 93
VIII. Қытайдың ойын-сауықтары 95

ҮШІНШІ ТАРАУ

БІРЛІКТІҢ БИІГІНДЕ

I. Суды жеңетін Қытай 114
II. Жерді жеңетін Қытай 143
III. Үш жауын жеңген Қытай 165
IV. Бүкіл Қытай шығыруда 166
V. Қытайдағы тәрбие туралы 170
VI. Достық жолы 200

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

ШЫҢЖАҢ

I. Нысаналы бала 214
II. Шыңжаң тарихынан 222
Қашқарға сапар 235
Тін дәстүрлерінен 252

V. Ыпарханы 273
VI. Халықтың ойын-сауықтары 281
VII. Жаңа өмірдің бейнесі 289
VIII. Хотан жолында 297
IX. Бақытты сапар 306
X. Достық жалауы 327
Бай Хуа Цыфан (Эпилог орнына) 357

Сабит Муканов

ШАГИ ВЕЛИКАНА

(на казахском языке)

Редактор *К. Молдакашев.* Худ. редактор *П. Дубров.*
Тех. редактор *А. Кузембаева* Корректор *Р. Кереева*

Сдано в набор 13/V-1959 г. Подписано к печати 23/ VII 1959 г.
Формат 84×108 1/32—11,375=18,6+1 вклейка п. л. (2I, 4 уч.-изд. л.).
Тираж 10 000. УГ02358. Изд. № 114.
Казгосиздат, г. Алма-Ата, ул. Панфилова, 143.
Цена 6 р. 80 коп.

из № 981. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР.
г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.